ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATIVE INSTITUTE NAMED AFTER SHERKHAN MURTAZA

International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



# «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

24-25 қараша, 2023 ж.

# МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ, ТЕОРИЯ, ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ»

24-25 ноября, 2023 г.

# MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE NAMED «CURRENT PROBLEMS OF TRANSLATION STUDIES IN THE ERA OF NEW KAZAKHSTAN: HISTORY OF RESEARCH, THEORY, FORMATION AND DEVELOPMENT»

24-25 November, 2023

II-ТОМ

Тараз, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**
**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ**
**INTERNATIONAL TARAZ INNOVATIVE INSTITUTE NAMED AFTER SHERKHAN MURTAZA**



# «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

**24-25қараша, 2023 ж.**

# МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции**

# «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ, ТЕОРИЯ, ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ»

**24-25 ноября, 2023 г.**

# MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE NAMED «CURRENT PROBLEMS OF TRANSLATION STUDIES IN THE ERA OF NEW KAZAKHSTAN: HISTORY OF RESEARCH, THEORY, FORMATION AND DEVELOPMENT»

**24-25 November, 2023**

**Тараз- 2023**

**УДК 811.512 .122 (075.8)**
**ББК 81.2 Каз-923**
**Қ56**

**«Жаңа Қазақстан дәуіріндегі аудармматанудың өзекті мәселелері: зерттелу тарихы, теориясы, қалыптасуы мен дамуы»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 24-25 қараша, 2023. – 288б.

**«Актуальные проблемы переводоведения в эпоху нового Казахстана: история исследований, теория, формирование и развитие»** – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 24-25 ноября, 2023. – с.288.

**ISBN 978-601-7325-00-8**

Жинаққа аудармматану саласының білікті маманы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қожаева Маржан Төреғұлқызының мерейтойына орай Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың қараша айының 24-25-ші қараша аралығында өткізілген «Жаңа Қазақстан дәуіріндегі аудармматанудың өзекті мәселелері: зерттелу тарихы, теориясы, қалыптасуы мен дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Қожаева Маржан Төреғұлқызының аударма саласына қатысты ғылыми зерттеулері мен филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «Аудармматану саласы және терминжасамның қалыптасуы мен дамуы», «Филология ғылымы: кеше, бүгін, ертең», «Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

**Редакция алқасы:**

**Редакционная коллегия:**

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент, Алламбергенова П.К. –доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М.. – ф.ғ.к., доцент, Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

**ISBN 978-601-7325-00-8**

## ҮЛГІ ТҰТАР ҰСТАЗЫМ

**КЕНЕСАРИЕВ САБИТ НАСИРОВИЧ**
Ғани Мұратбаев №17 орта мектептің директоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Бұл өмірде жаны жайсаң жақсы адамдардың көптігіне сүйсінесің. Үлкенді сыйлап, кішіні қамқорлығына алып, адами қасиеттерді бойына дарыта білген Маржан Төреғұлқызының маған жасаған жақсылығын ұмыта алмаспын. Ақыл-кеңесін беріп,ретті сөздерімен жаныңды баурап алатын.

Алғашқы таныстығымыз 2011жылы кешкі жастар мектебінде еді. Қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беремін.Әр түрлі тақырыпта іс-шаралар, оқушыларға тәрбие мен білім беріп, жұмысқа деген құлшынысым артып келе жатқан кезім.

Сол жылы президент сайлауы өтті. Маржан Төреғұлқызы қалалық білім бөлімінің басшысы.Сол мекеменің № 89 сайлау участкесі етіп, кешкі мектепті берген. Сайлауда сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары болып қызмет атқардым.Бір күні Маржан Төреғұлқызы сайлау учаскелерін аралап жүріп, біздің мектепке келді. Сайлау учаскесін тексеріп жүріп, бір қолайлы сәтте менің кім екенімді,қайдан келгенімді сұрады. Бүкпесіз нақты жауабымды бердім.Бір кезде қанша сайлаушың бар?- деп сұрады. Мен үш мың дедім. Мектепте қанша адам жұмыс істейді? деген сұрағына, он жеті мұғалім деп жауап қайтардым. Қанша сайлаушыны сайлауға қатыстыра аласың?-деді. Сайлауға 97% дауыс береді деп уәде бердім.Содан намысқа тырысып, сөзімде тұрайын деп күні-түні жұмыс істедім. Сайлауға 95% халық қатысып президентке 92 % дауыс берді. Сайлау күні үй аралап кетсем Маржан Төреғұлқызы келіп, «Сабитке айтыңдар, пысықсымай жұмыс атқарсын» дегені әлі есімде.

Сайлау ойдағыдай өткен соң, маған қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен мадақталдым. Кейін менімектепке тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары етіп тағайындады. Көп өтпей-ақ мені кешкі мектепте жүргенің жарамас деп, №9 орта мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп бекітті.

Арада бір жыл өткеннен кейін,мектеп директорының босануға байланысты, директор міндетін уақытша атқарушы болып бекітілдім.

Менің жоғары лауазымдарды атқаруыма осы кісінің тікелей ықпалы болды. Маржан Төреғұлқызы адам тани білетін, әділ нағыз қызметінің жанкүйер басшысы болды. Бұл кісі мектепке келгенде қызығып тұрушы едік. Себебі, мектептің ішкі, сыртқы көрінісі мен тазалығын бес саусағындай білетін.

Маржан Төреқұлқызы өзге басшылардан артықшылығы ер азаматтарды қолдады. Ол кісі басшы болған кезде мектеп директорлары мен директордың құқықтық орынбасарларын тек қана ер жігіттерден тағайындады.

Бұл кісінің ерекшелігі қолынан іс келетін басшылар мен ұстаздарды өзіне жақын тартты, ер азаматтарды қолдап, өсіру болды.

Маржан Төреғұлқызы 2011 жылы жазда балаларға арнап «Рауан» лагерін ашып берді. Оған көп күш-жігер жұмсау керек болды. Кеңес үкімет кезінде жабылып қалған, тоз-тозы шыққан орынды қалпына келтіру оңай емес еді. Әрі бұл қазақ-қырғыз шекарасында орналасқан лагерь болатын,әрі қалаға 30-40 шақырым қашықтықта орналасқанына қарамай, балалар игілігіне пайдалануға күш салды.

Облыстағы әкім-қараларға кіріп, қай елді мекенде мектеп, балабақша салу керектігін айтып, айтқанын орындатты.

Үнемі көңілді жүреді. Бір тапсырма берсе, соның нәтижесін күтіп, қадағалап отырады. Ұмытпайды. Қаладағы мектеп басшылары мен орынбасарларының және мектептердегі құқықбұзушының, жақсы оқитын оқушылардың аты-жөндерін жатқа біледі. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша ай сайын мектеп басшылары мен орынбасарларын жинап, ұсыныс жасатып, ой бөлісіп қаладағы құқықбұзушылықты кемітті.

Балаларға арналған шығармашылық орталық ашып, үйірмелер түрін көбейтуге үлкен үлес қосты. Мектептерге тәрбие жұмысын дамыту бойынша пилоттық жоба енгізді. Тәрбие және құқықтық жұмыстарын бір жүйеге салды.

Маржан Төреғұлқызы үй шаруасына келгенде де бес аспап екенін Наурыз мерекесінен және қаланың іс-шараларынан білетінбіз. Сонымен қатар, отбасында қадірлі ана.

Абыройыңыз асқақтап, денсаулығыңыз мықты болып, жүре беруіңізге тілектеспін.

УДК 81. 344.75

## КЫРГЫЗ ТИЛИНДЕГИ “КӨК” ЛЕКСЕМАСЫНЫН ЭСТЕТИКАЛЫК-СИМВОЛИКАЛЫК МААНИДЕ КОЛОДОНУЛУШУ

**МУРЗАЛИЕВА А.Ш.**
Баткен университетинин доценті, ф.и.к., Бишкек шаары

**Резюме.** В статье рассмотрена семантико-функциональная природа слова көк (синий) которое относится к колоративной лексике кыргызского языка. Данная лексическая единица имеет высокой семантический и коммуникативный потенциал. Поскольку в разныхконтекстах слово көк (синий) обозначает совершенно разные значения. В частности, оно может подвергаться субстантивации и переходить в разряд имен существительных обретая предметное, символическое значение. Например, слово көк (синий) в кыргызском языке может обозначать “небо” или “весеннюю траву”. Помимо этого оно имеет лингвокультурное, эстетико-символическое значение, которое было рассмотрено на примере конкретныхязыковых иллюстраций.

**Ключевые слова.** эстетическая функция, эстетика языковой, речевой и художественной речи, категория эстетики, эстетическая возможность имени прилагательного, эстетическое значение, категория оценивания, семантическое значение, художественный образ, языковые средства, художественное произведение.

**Summary.** The article examines the semantic and functional nature of the word kok (blue), which refers to the colorative vocabulary of the Kyrgyz language.This lexical unit has a high semantic and communicative potential. Because in different contexts, the word kok (blue) means completely different meanings.In particular, it can be subjected to substantiation and pass into the category of nouns acquiring a substantive, symbolic meaning. For example, the word kok (blue) in the Kyrgyz language can mean “sky” or “spring grass". In addition, it has a linguocultural, aesthetic and symbolic meaning, which was considered on the example of specific language illustrations.

Key words: aesthetic function, an aesthetics of language and literary speech, categories of aesthetics, an aesthetic opportunity of an adjective,aesthetic application, aesthetic value, assessment category, semantic meaning, literary image.

Жазуучу көркөм чыгарманы жаратууда вербалдык каражат катары троптун түрлөрүн пайдаланат. Профессор Т. Аширбаев: “Троптор көркөм, сүйлөшүү стилдеринде жана расмий эмес публистикалык жанрларда кеңири колдонулган тилдик стилистикалык каражат болуп саналат. Көркөмдүк касиет троптун өзгөчөлүгү катары каралат. Анын негизинде тексттин эстетикалык таасир этүү мүмкүнчүлүгү күчөтүлөт” [Т. Аширбаев, 2001] – деп баса белгилейт. Троптун бир түрү катарында пайдаланылган символдун көркөм стилде эстетикалык таасири күчтүү. Символ (гр.-шарттуу белги) – бир көрүнүштүн, окуянын, нерсенин шарттуу белгисин билдирээри баарыбызга маалым. Символдор жазуучулардын чыгармаларында байыртадан бери эле колдонулуп келе жатат. Алсак, Т.Сыдыкбековдун “Көк асаба” тарыхый-романында “көк”, Т.Касымбековдун “Сынган кылыч” романында “кара”, Ч.Айтматовдун “Ак кеме” повестинде “ак”, М.Гапаровдун “Кызыл беде” повестинде “кызыл” түстөрүнүн ар түрдүү символикалык маанилерде колдонулгандыгы. Анын ичинен Т.Сыдыкбековдун “Көк асаба” тарыхый романындагы “көк” лексикасынын эстетикалык-символикалык маанисине анализ жүргүзүүгө аракеттендик. Арийне, “көк” сөзүнүн лексикалык-семантикалык маанисин бир топ окумуштуулар ар тараптан изилдешкен [Саматов, 2003]. Окумуштуу К.Саматов түстүк маанисин иликтеген. Биздин макалабызда лингвопоэтикалык багытта талдоого алдык. Кыргыз фольклорунда: “Желин жарылып ак чыкты, жер жарылып көк чыкты” деген саптар кездешет. Мында “көк” лексикасы түстүк маанини камтыбастан, затташып “чөп” деген маанини туюнтту.

Т.Сыдыкбековдун “Көк асаба” тарыхый-романында “көк” лексикасы сын атоочтордун түз жана кыйыр маанилеринин кагылышы аркылуу түзүлөт. Бул кагылышуу семантикалык логика жагынан алып караганда кадимкидей карама-каршы келген (антонимдик) маанилерди колдонууну

пайда кылат: *Ордого жакындап, або, бий, кол башчылардын ортосунда **көк** чапан жамынып, жаман белги менен олтурган ажону көргөндө Эрдене алп шердене түштү. 2) “Арага түш. **Көк** болоту кындан чыкпасын! Кызыл акпасын. Ачуу чыксын!”-дегендей белги.* Контекстти терең талдай турган болсок “*көк чапан”, “көк болот”* сөз айкашы алдыда коогаландуу окуя болорунан кабар берип, ошол учурда гана *“көк чапан*” кийилери, адресаттын ички терс эмоциясын да чагылдырат. Ал эми чыгарманын сюжетине көңүл бурсак, төмөнкү мисалдарда таптакыр башка семантикалык маанилер камтылган. Алсак, 1*) Ал темгил чаар **көк** атка минип, **көк** соот, **көк** туулга кийип локуюп бастырды. 2) **Көк**, ак, жашыл асабалар желбиреди. Каскакка байланган асабалар **көк**, ак, жашыл, кызыл уруу асабалары. 3) О, Эр-Кишибарда **көк**асаба урааны, бийик деп туюнган кишилердеишеним бар. Ал жадаса, дал ушул чаанын менсинген кишилеринин да ишеними болучу. 4) **Көк** асаба астына баш коштуруу максатын көздөдү. **Көк** асабасын ордонун түндүгүнөн чыгарды. 5)алардын бир жылда бир нече майрамдары болот. Жашаанасы белгиси **көк**..* Чыгармадагы бул атоолор каармандардын келечектеги жакшы ой-максаттарына умтулусу жөнүндө символикалык белги иретинде колдонулган. Мына ушундай көрүнүштөр семантикалык логикадагы карама-каршылыкты пайда кылат. Ар бир жазуучу чыгарманыжаратууда образдарды түзгөн контексттеги күтүлбөгөн маанилик же эмоционалдык-баалоочулук тараптарын ачып көрсөтөт. Алсак, 1) *Ошентсе да анын **көктүгү**, кайраттуулугу ажону көргөндө намысын козгоду.*

2) Эрдин ак өлүмүн мойнуна алды кайран сырттан! Кайран бөрү, кайран **көк жал**, кайран кайсар, кайран тайбас!

3) Эр атын жоого мингизип, асыл жаркын жарды, ыйык ата-энени, уул-кыздарды күң, кул ордуна мататып кордолгончо өлүү, кырылуу алда канча жеңил деген анык **көк мелтей** тукум ушул – чаа уругу.

4) Экинчи,үчүнчү түн оор. Андан өтсө жоокер өзү **көк** болур. Киши **көк** болсо, бет алганын кесер.

5) “Кыргыздын темир **көк** кылычы курч” деген даңаза табгачтын тынчын алып,алар кыргыз ажосу, абосу, бийи менен эсептешет.

Жогоруда келтирилген мисалдарда *“көктүгү”, “көк жал” “көк*” деген сөздөр аркылуу каармандын образынын табиятынан чечкиндүү, эрктүү, өткүр, баатыр, көздөгөнүнөн кайтпаган, керемет күч-кудуретке ээ болуп эмоционалдык оң маанини жаратса, ал эми “көк мелтей” сөз айкашы табиятынан өзүнүн оюн бербеген семасын камтып, эмоционалдык терс маанини туюнтту. Башкача айтканда 1-2-4-сүйлөмдөрдө оң эмоционалдык баа берилсе, 3-сүйлөмдө терс эмоционалдык-баалоо маанисинин бар экендигин байкоого болот.

Составына сын атоочтор кирген фразеологизмдердин эстетикалык катарлаш алмашуусу аң-сезимде түз жана кыйыр, андан кийин жалпыланган маанилердин өзгөрүү элесин ойготуп, эмоционалдык-контрасттык маанилердин кайталангыс эстетикалык образын жаратат. Т. Сыдыкбековдун чыгармасындагы *“көк жал”, “көк моюн”, “көк мелтей”, “көк өгүздүн күчү”, “көк кашка булак”, “көк төр”, “көк туяк кулан”* фразеологизмдердин поэтикалык түшүнүгүнүн көп маанилүүлүгү жалгыз гана контрасттык түрдө ойлонулган. Аталган туруктуу тизмектер – айтканынан кайтпаган, күчтүү маанилерин гана жаратпастан, жаңы, автордук-индивидуалдык туруктуу сөз айкаштардын пайда болушуна шарт түзөт.

Маселен, а) *Ат үстүндө, жоо бетинде **көк талкандай** тийипкойгон.* (жадаткан, көңүлүнө тийген деген маанилери) б) *Ар бир жоокерге **көк өгүздүнкүчү** берилсин деген*ырым. (ырым-жырым, ишеним түшүнүгү) в) *Керегедей кыркар таштын түбүнөн кайнап чыккан **көккашкабулактын** башатына келгенде, дайым ушул жерге токтоп жүрүп көнүккөн кишиче Эр-Киши атынан түштү. Өзөн-өзөндө **көк кашка** суу тунук* (таза, муздак, тунук мааниси). *г) Ат минип келген кол башчысын чөлгө жазгырды, биздин бабалар. Чөлдө өздөрү **көк туяк кулан** болуп чаң көтөрдү. д) Такта тарткан арпа кер жаак болоюн деп, **көк –жашыл буудай** арпага караганда агыш тартып кылканын жаңы сайган (быша элек деген мааниде).* Мисалдардын баардыгында **көк** лексикасынын түстүк мааниси туюнтулган эмес. Бирок, келтирилген беш сүйлөмдө, беш түрлүү, бири-бирине таптакыр жакындашпаган эстетикалык сын атоочтук маанилер камтылган. Тилдик өзгөчөлүккө карата түзүлгөн: жаныбарга тиешелүү сыпат (көк жал – бөрүнүн кыраны) адамга карата берилген. Сөз айкашына кирген сөздөрдүн семантикаларын жакындаткан семаларды бөлүп алууга болгон түздөн-түз аракет эч кандай жыйынтык бербейт. “Көк” сын атоочунун мааниси сөздүктө төмөнкүдөй берилген: булутсуз асман өңдүү түс. Көк жал - гиена; өтмө мааниси мыкты, азамат. Көк бөрү – улак тартуу мелдеши. Көк мелтей – көшөрмө, көк бет деген мааниде [Карасаев,1986] (бирок, окумуштуу К. Карасаевдин “көк жал” сөзүн “гиена” деп түшүндүргөн оюна кошулууга болбойт. Анткени гиена – бул чөл же жарым чөлдүү жерлерде

жашоочу, көбүнчө тарп менен азыктануучу жырткыч[Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү]. Так ушул жана башка маанилер **көк**сөзүнүн түздөн-түз түстүк мазмундук чөйрөсүнө кирбейт. Жалгыз гана идеоконтекст жана сөздөрдүн бир сөз айкашка бириктиргенге жөндөмдүү ассоциативдик-маанилик өзгөчөлүктөрдүн бири-бирине жакындоосун пайда кылууга мүмкүнчүлүк берет. Бул чыгармадагы көркөм компоненттер "көк" лексикасынын түшүндүрмөсүн колдонууга логикалык шарт түзөт. Жалпыланган символикалык чөйрөдө эстетикалык маанилердин калыптанышы үчүн маданий-социалдык контекстти да эске алуу зарыл.

Жалпыланган эстетикалык маанилер бир караганда сын атоочтордо номинативдик мүнөздөгү айкаштарда, затташкан сын атоочтордо пайда болушу мүмкүн. Мындай учурдагыжалпылоо процесси өзгөчө татаал болот, анын актуалдашуусу экстралингвистиканын терең чөйрөсүндө камтылат. Ушундай жалпылоолорсоңку болуп саналат, ал эми философиялык маңызын автор өзү ачып берет. Аталган чыгармада: Көк теңир, көк арча, көк таш, көк ой сыяктуу сөз айкаштарын так ачылып берилген. Бул сөз айкашы эки сөздүн тең түз жана кыйыр маанисин жакындатып, "жакшы, чыныгы, бийик, түбөлүк, тазалык, быша элек" потенциалдык семада автордун бере турган оюн жалпылайт. Маселен: а) ***Көк теңири*** *өзү ушинтип оош-кыйыш кылып, баарын салмактап теңдештирип туру... б) Майлуу, бүрлүү* ***көк арча*** *бажылдап жанып, жалын тили асманга созулганда бакшылар отту чарк көпөлөк айланды. в) Тоо* ***көкташсыз*** *эмес, тукумум башсыз эмес. г) Тукумум карып болбосун деп, кылычымды****көк ташка*** *кайрадым. д) Тыяк-быягына үн жеткидей тептегерек* ***көк ойду*** *курчай олтурган калайык эми тымтырс.*
Ошондой эле автордун жашоодогу жана искусстводогу дүйнө-таануу индивидуалдуулугунун көп кырдуулугун чагылдырган мүнөзүн жана сезимдердин татаал гаммасын камтыйт.

Т.Сыдыкбековдун "Көк асаба" чыгармасындагы көк, көгүш өңүнүн баштапкы маанисикөк түс лейтмотивдик образдын функциясын аткарып эмоционалдык-маанилик трансформацияга дуушар болот: түстү кадимки боёк катарында кабыл алуу экинчи планда автордун субъективдик, эмоционалдык-психологиялык ассоциациясы менен жалпыланган, салттык символикалык маани келип чыгат: "күчтүү, кол жеткистей бактылуу, чыныгы эмес". Мындай маанини түшүнүү булагы жалгыз гана тилдик материал эмес, жазуучунун чыгармачылыгынын ахлактык жана психологиялык эрежеси менен пайда болгон дүйнө-таанусу орун алган. Автордун аталган тарыхый романында «көк» – тазалыктын, акылдуулуктун, бийиктиктин, күчтүүлүктүн символу болсо, кээде чөйрө менен байланышы жок, керемет күч-кудурет жөнүндө кол жеткис кыялдардын, бакыттын, кубанычтын, жарыктыктын, чыныгы жоокердик сапаттардын символу катарында гана колдонулбастан, тескерисинче, кара өзгөйлүктүн, өжөрлүктүн, бышылып жетиле элек ойдун (*Тыяк-быягына үн жеткидей тептегерек* ***көк ойду*** *курчай олтурган калайык эми тымтырс.*) символу катарында да колдонулат. Бул маанилик трансформацияларды байкоо жазуучунун бүт чыгармачылыгынын контексттин түзүүгө мүмкүнчүлүк берет. Өзгөчө "көк" сын атоочун колдонуу жана анын маанисин өзгөртүүнү эске алуу контекстти түзүүгө өбөлгө болот. Ал гана эмес "сын атоочтор аркылуу бүтүндөй бир доор символдоштурулушу да мүмкүн" – деген Т. Аширбаевдин ою менен ырастайбыз [Аширбаев, 2001].

"Көк" сөзүнүн лексикалык-семантикалык маанилери ар башка колдонулат: Көк асаба, Көк теңир, көк моюн, көк жал, көк темир, көк таш, көк бука, көк өгүз, көк ат, көк болот, көк туулга, көк соот, жылдыздуу көктө, көк суулук, ачык Көк, төбөдө Көк, көктүгү, көк чапан, көк күбө тон, көк чыбык, көк талкандай, көк кашка булак, көк төр, көк жылгаяк таш, көк суу, көк дөө, көк жалындап, көктөгүсү көктө, көк-ашыл буудай, көк жээк, көк мелтей, көк кийиз, көк кылыч, көк көйнөк, сынбас көк, белгиси көк, көк конуш, көккө оронуп, көк жибек, көгүш коңур түс, көк мөлдүр асман, көк арча, көккө боё, көк түрк, көк жал бөрү, көк буу, көк желекче, күңүрт көк боёк, көк кашка суу, көк ой ж.б.

"Көк" сын атоочунун эстетикалык түзүлүшүн конкреттештиргенде анын образы чыныгы өзгөчөлүктөргө ээ болот: мүнөздөмө жоокер эр-азаматтарга тиешелүү сапаттык өзгөчөлүгү менен коштолуп, символдук маанide колдонулат.

Т.Сыдыкбековдун чыгармасындагы "көк" сын атоочунун жалпыланган-эстетикалык мааниси өзгөчө бөлүнүп алынган зат атоочтору бар сөз айкаштарында метафоралык колдонуу менен коштолот. Муну менен бирге эмоционалдык-психологиялык мазмун жоголуп кетет, баалоо аморфтуу болуп калат, бирок кандайдыр бир тазалыктын, күчтүүлүктүн белгиси сакталып калат. Ошол эле маалда түстүк белги кооз, ачык сүрөттүн белгиси менен жуурулушуп жоголуп кетпейт. Контекст жаңы эстетикалык маанилердин актуализатору болуп милдет аткарат.

"Көк" сын атоочу идеомилдетти аткаруу менен, «жарык, кооз» маанилерин калыптандырууга да жөндөмдүү. Бул маанилер – «ыйык максат, жашоонун маңызы» символдоруна айланып

жалпыланат. Бул символ Т.Сыдыкбековдун бүт чыгармачылыгын коштоп жүрөт. Анын чыгармачылыгындагы – «жарык, ыйык» - маанисиндеги «көк» лексикасы ахлактык өзгөчөлүгүн билдирүү менен, идеолейтмотивке айланат. Кооздуктун, жарыктын, ыйыктыктын жалпыланган образынын терең филисофиялык ойлорун“Көк асаба” аттуу китебинде жарататат. Бул ойлор “көк” сын атоочун классикалык кыргыз адабиятынын салтын сактоо менен колдонууда берилет. Түз, кыйыр маани менен айкалышып, анын маанисин тереңдетет. Композициялык кагылышууда эстетикалык контоминация татаал, эмоционалдык жактан жалпыланган образ жаралат.

Түстүк сүрөттөө номинативдик маанинин жалпыланган коомдук баалоочулук символуна өтүшүнө шарт түзүшү мүмкүн. Мындай функцияны жазуучунун аталган чыгармасындагы “көк” сын атоочтук лексема аткарат. Бул түс асабаны сүрөттөөдө колдонулат. Символдор да салыштыруу сыяктуу улуттук белгиге ээ. Т.Сыдыкбеков “Көк асаба” тарыхый романында өзүнүн жазуучулук чеберчилигин, сөздөрдү ар түрдүү маанилерде мыкты пайдалана билүү жөндөмдүүлүгүн, тилдик туюумунун күчтүүлүгүн символдор аркылуу көрсөтө алган.

Символдук-эстетикалык маанидеги колдонуу – чындыкты чагылдырган предметтердин, кубулуштардын, сезүүлөрдүн аң-сезимге таасир берүүсү, каармандардын мүнөзүнүн табыгый өзгөчө белгилери аркылуу түздөн-түз чагылдырылышы. Бул сапаттар сөздүн жалпылоочу өзгөчөлүктөрү аркылуу пайда болот. Алардын жекелик жана жалпы өз ара байланышы – бардык нерсенин өзгөрбөс башталгычы болуп саналып, ал тилдик жана кептик маанилердин өз ара байланышын аныктайт. Алардын кыйыр түрдө болсо да чыгармадагы ыргактуулукту, элестүүлүктү камсыз кылууга үлүш кошкондугун көрөбүз, көркөм стилде тилдик жана кептик кубулуштардын, вербалдык жана вербалдык эмес каражаттардын орду чоң, анткени көркөм чыгармадагы ар бир тыбыш, сөз, сөз айкашы, сүйлөм, текст же текст тутуму, абзац анын көркөмдүүлүгүн, кооздугун, образдуулугун, сезимге эстетикалык таасир этүү кызматын шарттап туруусу абзел.

**Колдонулган адабияттар:**

1.Аширбаев Т. Кыргыз тилинин стилистикасы: морфологиялык жана синтаксистик стилистика: 3-китеп. –Б.,2001.

2.Давлетов С., Кудайбергенов С. Азыркы кыргыз тили: Морфология. Жогорку окуу жайларынын филология фак. студенттери үчүн окуу китеби – Ф.: Мектеп, 1980.

3.Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү. – Фрунзе: Мектеп, 1969.

4.Карасаев Х. К. Өздөштүрүлгөн сөздөр: Сөздүк: 5100 сөз /Башкы ред. Б.Ө.Орузбаева. –Ф.: Кыргыз Совет Энциклопедиясынын Башкы редакциясы, 1986.

5.Саматов К. Кыргыз тилиндеги өң-түс сөздөрүнүн лексика-семантикалык жана стилистикалык мүнөздөмөлөрү (диахрондук синхрондук аспекттер). –Б.: 2003.

UDK.398(091)(575.1)

## SHEROBOD DOSTONCHILIK MAKTABIDA QO’LLANILUVCHI O‘XSHATISHLAR

**DJURAKULOVA GULNOZA SHAVKATOVNA**
O'zbekiston Jurnalistika va ommaviy kommunikatsiyalar universiteti
dotsent v.b., Phd.

**Annotatsiya.** Ushbu maqolada otning ta’rif va tavsifi beriladigan parchalarda o‘xshatishli kichik epik formulalar asosiy yordamchi vosita sifatida baxshining ot portretini to‘laqonli chizishi uchun bosh ko‘makchi vazifasini o‘tashi haqida so‘z boradi. Otning tasvirini mukammal to‘la chizishda, uni tinglovchiga aniq ko‘rinishini yetkazishda otlarni har bir qismiga alohida ta’rif va har birini o‘xshatish asosida ta’riflash baxshi uchun qulay uslub sanaladi va bu uslubdan Sherobod dostonchilik maktabida keng qo’llanilishi ko‘rsatib berilgan.

**Kalit so’zlar.** doston, o‘xshatish, epik formula, Sherobod dostonchilik maktabi, baxshi.

**Аннотация.** В этой статье рассказывается о небольшой эпической формуле, аналогичной той, что используется в отрывках, где дается описание лошади, в качестве основного вспомогательного средства, чтобы Бахши мог полноценно нарисовать портрет лошади. Описывать лошадей на основе индивидуального описания каждой части и сравнения каждой из них, рисуя

изображение лошади идеально полным, передавая его ясный вид слушателю, считается благоприятной техникой для Бахши, и было показано, что эта техника широко используется в шерабадской школе эпоса.
**Ключевые слова:** эпос, аналогия, эпическая формула, школа эпоса Шерабад, Бахши.
**Abstract.** This article talks about a small epic formula, similar to that used in the passages where the description of the horse is given, as a basic aid so that Bakhshi can fully draw a portrait of the horse. Describing horses based on an individual description of each part and comparison of each of them, painting the image of the horse perfectly complete, conveying its clear appearance to the listener, is considered a favorable technique for Bakhshi, and this technique has been shown to be widely used in the Sherabad school of epic.
**Key words:** epic, analogy, epic formula, school of epic Sherabad, Bakhshi.

O‘zbek xalq dostonlarida qo‘llanilgan an’anaviy o‘xshatishlarning barqaror shakl olgan ko‘rinishlari dostonlarda kichik epik formula vazifasini bajaradi. O‘xshatish asosli kichik epik formulalar qo‘llanish doirasi o‘zbek xalq dostonlarida juda keng bo‘lib, ijro davomida tasvirni, angalanishi lozim bo‘lgan tushunchani oson yetkazish usuli sifatida baxshi improvizatsiyasi uchun imkoniyatlar tug‘diradi. Bunday kichik epik formulalar ham nasriy, ham she’riy parchalarda barobar qo‘llanilishi mumkin.

Ot ta’rifi keltirilgan parchalarning to‘laligicha o‘xshatishga asoslangan variantini Sherabod dostonchilik maktabi vakillari kuylagan dostonlarda ko‘rishimiz mumkin. Xususan, “Zaydinoy” dostonining Qodir baxshi Rahim o‘g‘li variantida:

Sovrisiga qarasang,
Sakson uyni tikkanday.
Iyig‘iga qarasang,
Qirqta kampir yotguday.

deb boshlanuvchi ot ta’rifi keltirilgan katta epik formulaning yetmish ikki misrasi otning tasviriga bag‘ishlanib, shu o‘rinda o‘ttiz olti o‘xshatish berilganki, har ikkinchi misrada birinchi misradagi o‘xshagan detalni o‘xshatuvchisi ko‘rsatiladi. Baxshi otning tashqi ko‘rinishi va harakatlarini o‘xshatishli epik formulalar asosida har misrada shunday uyg‘un tizgan va bu so‘z munchog‘ida tekis terilgan marjon kabi o‘z o‘rnini topgan.

Bunday otning tavsifini to‘laligicha o‘xshatishlar asosida keltirilganda barcha baxshi maktablarda qo‘llaniladigan kichik epik formulalardan tashqari, Sherobod dostonchilik maktablari vakillarigagina xos bo‘lgan kichik epik formulalarni ham ko‘rishimiz mumkin. Masalan, Qodir baxshi kuylagan “Zaydinoy” dostonida o‘xshatishli kichik epik formulalar asosida ifodalangan ot ta’rifini Chori baxshi Umirov kuylagan “Tarkibadaxshon”, Chorshanbi baxshi Rahmatullaev, Shoberdi baxshi Boltaev, Abdunazar Poyonov kuylagan “Malla savdogar”, Abdunazar Poyonov kuylagan “Oltin qoboq” dostonlaridagi ot ta’rifi keltirilgan katta epik formulalarda ham ayni yoki ayrim o‘zgarish bilan qo‘llanilganligini ko‘rishimiz mumkin. Fikrimiz tasdig‘i sifatida Abdunazar Poyonov kuylagan “Oltin qoboq” dostonidagi kuylangan “otga mamiz berish”(otni maqtash, ta’rif berish)o‘rnini ko‘rib chiqamiz:

To‘bangdagi ikki ko‘z,
Ajdarhoning ko‘ziday,
Gijing-gijing o‘ynaysan,
Jo‘gining erka qiziday,
Sovringdagi go‘shtlaring
Laylimkonning tuziday,
Badaning yuqaligi
Xitoyning qog‘oziday.

O‘zbek xalq dostonlarida qahramon va ot obrazini ajdarhoga qiyoslanishi epik formulaga aylanib juda ko‘p o‘rinlarda qo‘llanadi. Bu ilonsifat xayoliy mavjudot xalq og‘zaki ijodining afsonaviy, mifologik obrazlaridan biri sanaladi. Bu o‘rinda otning o‘zi emas, ko‘zi ajdarhoning ko‘ziga qiyoslangan. Keyingi misralarda otning o‘yinga tushishi jo‘gi, ya’ni raqsga tushib, tomosha ko‘rsatib yuruvchi ko‘chmanchi xalq lo‘lilarning qiziga o‘xshatiladi. Keyingi misrada Sovrisidagi go‘shtlari Laylimkonning tuziga qiyoslanadi. Laylimkon Surxondaryo viloyati Sherobod tumanida joylashgan tuz koni hisoblanib, xalq orasida Xo‘jaykon deb ham yuritiladi. U shifobaxsh kon bo‘lib uning tuzlari kristall kabi yaltillab turadi. Misra orqali baxshi katta yaltirab turuvchi ot sovrisini ko‘z oldimizga keltirishimizda yordam beradi.

Keyingi misrada esa eng oliy sifat yupqa qog‘ozlar Xitoyda ishlab chiqarilganini inobatga olsak, badanining yuqaligiga Xitoy qog‘oziga qiyoslanishi go‘zal o‘xshatish xosilasi deyish mumkin. “Tarkibadaxshon” dostonida “Terisining yupqaligi, Ko‘k choyning qog‘oziday” deb ifodalanadi. Ko‘k

choyning vatani Xitoy ekanligini fahm etsak, bu ikki formula mazmunan bir faqat shaklan tafovutga egaligi ma'lum bo'ladi.

"Tarkibadaxshon" dostonida esa ot ta'rifi Avazxonning Tarkibadaxshonning uzoq yo'liga chiqishida otga qayta-qayta qamchini urishi bilan qamchining zarbidan yashin tezligida yo'lga tushgan, achchig'i kelgan G'irot tasviri chiziladi.

Ikki quloq tikka bo'lgan,
Keng adirning andiziday,
Bo'ktirchi gushi bilqillar,
To'ngnagan to'qson muziday.

Biz ko'rayotgan misralarda otning jahldagi tasvirini quloqlarining tik bo'lishi vositasida ifodalash bilan birga uni adir, kengliklarda o'suvchi o'simlik – andizga qiyolanadi. Chunki "Andiz–(Inula) qoqidoshlar oilasiga mansub ko'p yillik o'tlar turkumi. ...O'zbekistonda bo'ydor turlari ko'proq tarqalgan". Andiz adirdagi o'simliklar orasida balandroq ko'rinib turishi bilan esga olinadi. Demak, quloqlarning tik turishi andizga qiyoslanishi, nafaqat ohang jihatdan, balki mazmunan ham o'rinlidir. Keyingi qatorda esa ot go'shtlarining to'ngnagan(qotgan) muzga qiyoslanishi ham o'ziga xos o'xshatishli epik formula sanaladi. Abdunazar baxshi muz detalidan go'shtga emas ko'zlarga nisbatan foydalanadi:

Joltillaydi ko'zlaring
Chillada qishning muziday.
Tog'dan o'ynab tashlashing
Jaylovdan qaytgan qo'ziday,
Tikka-tikka qochishing
Tulkini quvgan toziday.
Gohida yurmay qolishing
Abdunazarning soziday.

Yuqoridagi bandda keltirilgan o'xshatishlarning barchasi epik formula shakligi kirgan bo'lib, ba'zan kichik o'zgarishlar bilan ham takrorlanadi. Masalan, "Chillada qishning muziday" yuqoridagi misrada ko'zning yaltillashiga nisbatan ishlatilsa, Qodir baxshi muzning qattiqlik xususiyatini nazarda tutib, "Badanning qattiqligi, Har chillaning muziday" deb badanning qattiqligiga qiyoslaydi. "Jaylovdan qaytgan qo'ziday" kichik epik formulasi esa "Zaydinoy", "Oltin qoboq" dostonlarida ham "Yaylovdan qaytgan qo'ziday" shaklida qo'llanadi. "Tarkibadaxshon" dostonida "Sutga to'ygan qo'ziday" shaklida, "Malla savdogar" dostonida uch o'rinda "Jaylovdan qaytgan qo'ziday" shaklida, bir o'rinda esa "Ko'katga to'ygan qo'ziday" shaklida kuylanadi. Shu o'rinda biz tadqiq qilayotgan "Malla savdogar" dostonida to'rt o'rinda otning ta'rifi keltirilishini, bu dostonning biz tadqiq qilayotgan 2018 yilgi nashri uch baxshi – Chorshanbi baxshi Rahmatullaev, Shoberdi baxshi Boltaev, Abdunazar baxshi Poyonovlardan yozib olinganligini inobatga olib, Uxov ilgari surgan fikrlarga tayansak, har bir ot ta'rifi keltirilgan o'rinni alohida tadqiq qilish, har bir o'rinda qo'llanilgan epik formula orqali qaysi baxshi kuylagani haqida ma'lumot berishi mumkin.

Keyingi misralardagi tikka-tikka qochishi Tulkini quvgan toziga qiyoslansa, bu o'rinni Chori baxshi Umirov "Cho'lda shamolday ketishi, Tulkini ko'rgan toziday", Qodir baxshi esa "Havolanib jo'nashi, Tulki quvgan toziday" deya kuylaydi. "Malla savdogar"da "Qahrlanib yugurishi tulkini quvgan tozi"ga o'xshatiladi. Bunda mazmunan ham o'xshagan harakat, ham o'xshatilgan narsa aynan takrorlanadi, ya'ni kichik epik formula o'zgarishga uchramaydi. "Malla savdogar" dostonining boshqa bir otning ta'rifi keltirilgan o'rnida esa "Kalla chayqab o'ynashing, Tozidan qochgan tulkiday" misrasi keltiriladi. Bu holatda o'xshatishga asos bo'luvchi obrazlar o'rni almashadi, ammo mazmun o'zgarmaydi. Bu kichik epik formula ot ta'rifidan boshqa o'rinlarda ham qo'llanilgan. Xususan, Fozil Yo'ldosh o'g'li kuylagan "Alpomish" dostonida to'lg'oq vaqtidagi kampirlarning shoshib, besaranjom qilgan harakatlari haqida aytilganda bu o'xshatishni ko'rishimiz mumkin. "Boybichalarga shunda to'lg'oq vaqti yaqin yetdi; ne kampirlar kelib, boybichani aylanib, tulkini inlatgan toziday bo'lib, boybichalarni angnib, o'rtaga olib turibdi" . Ushbu holat bu kichik epik formulaning qadimiyligini, ma'lum bir obrazga bog'lanmagan holatda faqatgina ayrim o'xshash holat, vaziyatlar tasvirida kelishini, barqaror shaklda baxshi xotirasida saqlanishini va baxshining epik formuladan tayyor vosita sifatida doimiy qo'llash imkoni mavjudligini isbot etadi.

Doston matnidagi keyingi "Gohida yurmay qolishing, Abdunazarning soziday" o'xshatishini O'zbekiston xalq baxshisi Abdunazar baxshi bilan suhbat qurganimizda kamtarinlik bilan aytgan bir fikri orqali izohlamoqchimiz: "Baxshilarda dostonni go'zal kuylash uchun Alloh bergan ovoz, kuchli xotira va soz chertish qobiliyati yuksak darajada bo'lishi lozim. Ba'zi baxshilarda shulardan qaysidiri yuqoriroq, qaysidir sal quyiroq bo'ladi. Ayniqsa bizda (Sherobod baxshilari (ta'kid muallifniki)) sozni zo'r

chertadilar. Masalan, Shoberdi baxshi Boltaev sozni qoyillatib chertadi, meni esa ba'zida soz qiynaydi" . Qodir baxshi kuylagan "Zaydinoy" dostonida ham, Chori baxshi Umirov kuylagan "Tarkibadaxshon"da ham bu o'xshatish qo'llanmagan, "Malla savdogar" dostonida esa "Jomon baxshining soziday", "Bir xil baxshining soziday" shaklida keladi. Bu holatni epik formulaning keyingi davrda barqaror shakl ola boshlaganligi bilan izohlashimiz mumkin.

Biz ko'rib chiqayotgan dostonlarda otni tasvirini berishda ot va uning tana a'zolarini qiz, bibi (eshon quchgan bibi), qozi(pora yegan qozi), qo'zi, tozi, kiyik, ayiq (ayiqning bolasi), qa'la, jala (chillaning jalasi), tuz, muz(chillaning muzi), yulduz, lola, ko'rpa, supra, sep (Kelining pichgan sepi), kubi (Boybichcha pishgan kubi), qozon, azon (Mulla aytgan azon) kabi kishi, hayvon, tabiat hodisalari, narsa-buyum kabi elementlarga qiyoslash barqaror shakl olgan bo'lib, ular aloxida so'z yoki kengaygan birikma shaklida epik formulaga aylangan.

Demak, otning ta'rif va tavsifi beriladigan parchalarda o'xshatishli kichik epik formulalar asosiy yordamchi vosita sifatida baxshining ot portretini to'laqonli chizishi uchun bosh ko'makchi vazifasini o'taydi. Otning tasvirini mukammal to'la chizishda, uni tinglovchiga aniq ko'rinishini yetkazishda otlarni har bir qismiga alohida ta'rif va har birini o'xshatish asosida ta'riflash baxshi uchun qulay uslub sanaladi. Har bir o'xshatishning takrorlanmasligi, obrazliligi, mubolag'adorligi bunday parchalarni yanada ohangdor va jozibali bo'lishini ta'min

ӘОЖ 821.512. 122./075/.

## КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ

**МЕҢДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
доценті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Писменность на серебряной чашке, найденная в Иссике рядом с Золотым человеком, оценивается в статье как начало казахской писменной литературы.

**Summary.** Writing on the silver plate, found in Yessik, near the Golden Man, is estimated as the beginning of the Kazakh literature.

Ғалымдар Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаевалар қазақ мемлекеттілігінің қайнар көзі сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар туралы жазылған қытай деректері туралы былай деп жазады: "Ерте мемлекеттік бірлестіктер мен түркі кезеңіне байланысты, әсіресе қытай деректері мол мәлімет береді. Бұл деректер бойынша қазақ мемлекеттілігінің қайнар көздері: сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Бұл туралы ежелгі қытай деректерінде ***"түркілер ғұндардың бір тармағы... Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты... Күмбез пішінді киіз үйде тұрады..."*** делінген...." [1].

Қазақ әдебиеттану ғылымы үнемі дамып отырады. Оны дамытып отырғандар қазақтың әдебиетші-тілші ғалымдары. Соңғы жылдары ежелгі сақ дәуіріндегі әдеби жәдігерліктердің там-тұмдап табылуы қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін ежелгі сақ дәуірінен бастау қажеттігін алға тартты. Сақ дәуірінен жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі "Алып Ер Тоңғаны жоқтау" жыры ежелгі сақ дәуірінің ауыз әдебиетін толықтырды.

Ал ежелгі ғұн дәуіріне жататын ауыз әдебиеті үлгілері- "Алты жасар Алпамыс" қиссасы, "Алаңқай батыр" *[Өмірзақ жырау нұсқасы],* "Он үш жасар Алаңқай батыр қиссасы" *[Теңізбай жырау нұсқасы],* осы жәдігерліктер туралы ғылыми еңбектер қазақ басылымдарына жарияланды. Ғылымда ежелгі үйсіндер мен қаңлылар дәуіріне жататын әдеби жәдігерліктер туралы ғылыми тұжырымдар да қалыптаса бастады. Ендігі әңгіме-қазақтың жазба әдебиеті туралы.

Қазақтың көне жазба әдебиеті Есіктен табылған күміс тостағандағы жазудан басталады: ***"Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)"***. Ұлы Дала Елінен табылған күміс тостағандағы жазу біздің бабаларымыздан жеткен әдеби мұра. Ерекшелігі- бұл әдеби жәдігерлік қазақ әдебиеттану ғылымына тосын жаңалық әкеліп отыр. Олай дейтін себебіміз - Есіктен табылған күміс тостағандағы жазу қазақ жазба әдебиетінің бастау көзі.

Есік жазбасы үш сөйлемнен тұрады. Сананы ізгілікке, терең ойға, ұлтжандылыққа тартатын үш сөйлем үш әңгімеге татиды. ***"Аға саған (бұл) ошақ!"***. Төрт сөзден тұратын бұл сөйлем терең оймен жазылған. Оқыған саналы адамды өмірдің терең тұңғиық қатпарларына жетелейді. Ошақ-

отбасы, ошақ-шағын мемлекеттің қазығы, ошақ - бүкіл салт-дәстүр, тәрбие арнасы**...** Мұнан біз ошақ басындағы - отбасылық әдебиетті сеземіз. Бұл төрт сөз түтін түтететін, ас пісіретін ошақтың аса киелі екенін аңғартады. Қазақта: "Түтінің түзу ұшсын" деген аталы сөз бар. Немесе: "Баяғы Ыбырай атамыздан жеті бала бар, жетеуі жеті ошақтың түтінін түтетіп отыр..."-деген сөз тіркестері кездеседі. Сонан соң ошақ - отбасының алтын қазығы. Ошақ - отбасы мүшелерінің сиынар тірегі. Сақ бабаларымыз ошақты қадірлей отырып, онан шыққан отқа табынған. "Арман-мақсаттарымыз осы ошақтан аспанға ұшып шыққан от пен түтін арқылы Тәңіріге жетсін..."-деген тілек айтқан. Ошақ- кішкене мемлекеттің тірегі. Сол мемлекетті сыртқы дұшпандардан қорғау парызымыз. Ошақ бүтін болуы шарт. Төзімділік те, адалдық та, еңбеккерлік те, қажырлылық та, ұлтжандылық та, отаншылдық та, бауырмалдық та ошақ басынан басталады.

***"Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк!"*** Бұл сөйлем жас ұрпақтарды патриоттық рухта тәрбиелеудің терең арнасы. Ошақ-шағын мемлекет болса, тірегі-жер. Бұл сөйлемде жерді, атамекенді жатжұрттықтардан қорғау идеясы жатыр. Бұл да әдеби мұра. Сөйлемнің мағынасы өте кең: жатжұрттықтар деп сыртқы жауларды айтып отыр. Жерімді аламын, елімді жаулаймын деп келген жат ел адамы арам ойын іске асыра алмай тізе бүгуі қажет. Хассақ даласы ұлан-байтақ, бірақ ұлтарақтай жер де жауға берілмейді. Сақ жауынгерлерінің сол ұлтарақтай жер үшін бір қасық қаны қалғанша жауларымен шайқасқаны әлемге әйгілі: ұлан-байтақ сақ жерін жаулап аламын деп келген пиғылы бұзық парсы патшасы Даридың басы осы сақ даласында кесілді, Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайын) тізесіне найза осы сақ даласында қадалды. Бұл сөйлем әрбір сақ ұланын ерлікке, өрлікке тәрбиелеген. Өскелең ұрпақтарды ұлтжандылыққа баулыған.

***"Халықта азық-түлік (мол болғай)".*** Бұл сөйлемде мемлекеттің экономикасын көтеру, елді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, елдің табиғи ресурстарына көңіл бөлу, жерден өнімді пайдалану т.б. идеясы жатыр.

Мемлекеттің қорғаныс қуатын арттыру үшін халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет. Молшылық елдің экономикасын көтеріп, қорғаныс қуатын арттырады. Молшылық елдегі демографиялық жағдайға да оң әсер етпек. Бабаларымыз елдегі бірлік пен ынтымақтықты сақтауға, елде азық-түлік молшылығын жасауға, халықтың демографиялық аухалын жақсылауға құлшынған.

Бұл сөйлем Күлтегін мен Білге қағанға арналған көне түркі жазба ескерткіштерінің авторы Иоллықтегіннің Күлтегін ескерткішіндегі Кіші жазуындағы: ***"Қаған болып, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым"*** деген жазуымен үндеседі.

Үш әңгімеге татитын бір-бірімен тығыз байланыса өрбіген үш сөйлемде осындай игі мақсаттар жатыр.

Қазақтың жазба әдебиетін осы үш сөйлемнен бастау елдігімізді білдіреді. Жазба әдебиетіміздің тереңдігін білдіреді. Біздің жазба әдебиетіміз осы тереңдік арқылы бүкіл дүние жүзіне танылады. "Күлтегін", "Тонықөк", "Білге" жазба ескерткіштері де жазба әдебиетімізді толықтыра түсетіні анық. Күміс тостағандағы жазу- Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің де бастау көзі екені белгілі болып отыр. Себебі ежелгі сақтар заманында сақтардың жазу альфавиті болғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ендеше күміс тостағандағы жазу біз үшін таңсық емес. Назар аударатын мәселе, жоғарыда айтқанымыздай күміс тостағандағы үш сөйлем - біздің жазба әдебиетіміздің бастау көзі.

Белгілі ғалым Н. Келімбетов "Қазақ әдебиеті бастаулары" деп аталатын ғылыми еңбегінде қазақ әдебиеті тарихын арғы ататегіміз сақтар мен ғұндардан бастау қажеттігін алға тартады: "...қазақ жазба әдебиетінің бастаулары Түрік қағанаты тұсында, яғни VIII ғасырда жазылған "Күлтегін" жырында жатыр дейік. Ал, қазақтың батырлар жыры негізінен Жоңғар шапқыншылығы тұсында, яғни XVII-XVIII ғасырларда пайда болды деп жүрміз. Сонда қалай, алдымен жазба әдебиеті, сосын ерлік эпосы өмірге келді ме?

Әрине, бұл арада "қазақ" деген этноним сөздің пайда болуына ерекше мән беріп, қазақ халқының тарихын XV ғасырдан бастап жүрміз. Дегенмен біз француз, неміс, ағылшын сияқты халықтар өздерінің ауыз әдебиеті тарихын біздің жыл санауымыздан бұрынғы көне дәуірден, яғни "француз", "неміс", "ағылшын" деген сөздердің жоқ кезінен бастайтынын ескергеніміз жөн. Тіпті басқаларды есепке алмағанның өзінде өзбек, әзірбайжан, армян, грузин халықтары өз ауыз әдебиеті тарихын қадым замандардан бастайды.

Міне, осы жоғарыда айтылған ой-пікірлерді ескере отырып, біз қазақ ауыз әдебиетінің бастауларын өзіміздің арғы ататегіміз сақтар мен ғұндар дәуірінің батырлық дастандарынан бастағанымыз жөн деп білеміз..." [2].

Күміс тостағандағы жазу халық мұрасына жатады. Жазудан басқа ауыз әдебиеті үлгілерінде, ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан халық мәдениетінде қанша мұраларымыз бар? Бұл жөнінде белгілі ғалым Х. Сүйінішәлиев "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері" атты еңбегінде былай деп жазады: "Қазақ мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап, сақтап келген халықтық туындылары аз емес. Сан-салалы өлең-жыр, асыл сөз үлгілері, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй-көркем өнер саласындағы халық мұрасының куәсі..." [3].

Ежелгі сақтардың жазба мәдениеті туралы ғалым Б. Тоекина салмақты пікір айтады: "...Көшпелі өмір салтымен отырықшылықты, яғни қос мәдениетті қатар ұстанған арғы ата-бабаларымыздың төл жазба мәдениеті сонау ықылым заманнан, біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде қалыптасты деуге негіз де, дәлел де бар. Отандық түркітанушылардың "VI-VIII ғасырлардағы құлпытастарға тіл бітіп, тастар сөйлей бастады" деп бөркін аспанға атқанына жарты ғасыр өтпей жатып, Алматыдан 50 шақырым жердегі Есік өзені бойындағы көне қорымнан алтын киімді сақ жауынгері мен жазуы бар күміс тостағанның табылғаны белгілі. Ыдыстағы 26 таңбадан тұратын екі жол жазу түркі жазбасының тамыры тым тереңде екенін нақты айғақтап берді. Демек, сақтардың төл жазуы б.д.д. V-IV ғасырларда -ақ қалыптасып үлгерген..." [4].

Халық ауыз әдебиеті үлгілері, халық мәдениеті мұралары өскелең ұрпақтарға қызмет ететіні сөзсіз. Ал күміс тостағандағы жазу қазақ әдебиеттану ғылымында, соның ішінде қазақтың жазба әдебиетінің олқы тұстарын толықтырады.

Сақтардың 26 әріптен тұратын альфавиті бар екенін, олардың жазба әдебиеті болғанын белгілі ғалым Қ. Сартқожаұлы былай деп жазады: "...Сақтар өздерінің дүниетанымын, ой-арманын тас бетіне қашап, сызып қалдырған.

Қиял-ғажайып ертегілерін, жырларын алып-алып ұстындар бетіне бейнелеген..." [5].

Қазақ әдебиеттану ғылымының келелі мәселелерін көтеруде ғылыми конференциялар мен ғылыми тақырыптарды қамтитын дөңгелек үстелдерді жиі өткізудің пайдалы тұстары аз емес. Осындай ғылыми басқосуларда күрделі тақырыптарды талқылап, ғалымдар өз ойларында жүрген ұсыныстарын ортаға салып, әдебиетіміздің болашағына өз пікірлерімен үлес қосып жатса әдебиет туралы ойларымызды бір арнаға тоғыстырар едік.

Белгілі ғалым Х. Сүйінішәлиев 1959-жылы Алматыда өткізілген ғылыми-теориялық конференция туралы, конференцияда көтерілген мәселелердің маңызы мен осы басқосудың жемісті болғанын былайша білдіреді: "Әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда ғылыми талқылаулар ұйымдастырып отырудың да маңызы жоқ емес. Мұндай жемісті пікір алысудың бірі 1959-жылы осы Институтта өткізілген ғылыми-теориялық конференция болатын. Бұл конференцияда қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстар әдебиет тарихын тану ісіне пайдасын тигізіп келеді.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихы өзінің зерттеуі жағынан әлдеқайда ілгері басты. Жеке авторлардың монографияларынан басқа академиялық коллективтік зерттеулер жарық көрді. Әдебиет тарихын жасау ісі жаңа сатыға көтерілді.

Бұл жерде, осы күнге дейінгі әдебиет тарихы туралы зерттеулерде қазақ әдебиетінің көне дәуіріне онша көңіл бөлінбей келгенін айта кеткен орынды..." [6].

Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы Х. Сүйінішәлиев былайша пікір өрбітеді: "Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..." [7].

Қазақ әдебиетінің көне дәуіріне дәлел бола алатын жәдігерліктер табылды. Ол күміс тостағандағы жазу. Ендігі міндетіміз- осы жәдігерліктерді қазақ жазба әдебиетінің көне дәуіріне жатқызып, жазба әдебиетімізді ежелгі сақ дәуірінен бастау қажеттігін алға тарту. Сонда ғана қазақ әдебиетінің тарихының олқы тұстары толықтырылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Төлеубаев Ә, Қасымбаев Ж, Қойгелдиев М, Қалиева Е, Далаева Т. "Қазақстан тарихы".- Алматы: Мектеп. 2014.

2.Келімбетов Н, "Қазақ әдебиетінің бастаулары".- Алматы: Ана тілі. 1998. 5-6, 13-б.

3.Сүйінішәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.4-б.

4.Тоекина Б. "Алып Ер Тоңға"-сақтардың ерлік жырының символы іспеттес", сұқбатты жүргізген: М. Серікқызы. Аңыз адам журналы. №20. 2013. 42-43-бб.

5.Сартқожаұлы Қ. "Бабалар қалдырған өсиет". - Алматы: Ұлан газеті. №50. 2013.

6.Сүйіншәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.9-б.

7.Сүйіншәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.10б.

ӘОЖ 82.371.05

## ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК СИПАТТАРЫ

**АШЕНОВА А.Д., КОЖАКУЛОВА Л.К.**
Бурыл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы, Бурыл ауылы

**Резюме.** В статье рассмотрены художественно-стилевые характеристики казахских загадок.
**Summary.** The article considers the artistic and stylistic characteristics of Kazakh riddles.

Фольклордың әрбір жанрының көркемдік-поэтикалық ерекшелігін жеке-жеке зерттеу зәру мәселе болып табылады. Жұмбақтың өзіндік белгілері бар ма, басқа түрлерден айырым жерлері неде деген сұрауларға жауап іздеу ділгірлік. Әрбір жанрды оқшаулайтын қыры алдымен поэтикалық амал-тәсілдерді екшеп, талғап қолданудан байқалады. Бұл пікір әр жанр басқа жанрда кездеспейтін тәсілдерді ғана қолданады дегенді аңғартпайды. Мәселен, қайталау, ырғақ, айқындау, әсерлеу фольклордың көпшілік жанрларына еншілі, бірақ олардың ешқайсысы осы компоненттерді мақсаты мен мүддесіне орайластырып, әртүрлі дәрежеде кәдеге жаратады. Жұмбақтың жасалу, суреттеудегі әдіс-тәсілі басқалау екендігін аңдау қиынға соқпайды. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін жұмбақтың поэзиялық құрылымы мен образдық көркемдік кестесін айналып өте алмаймыз. Жұмбақтың поэтикалық болмысын екі бағытта қарастырамыз:

1. Өлеңдік-ырғақтық жүйесі;
2. Образдық-бейнелеу тәсілдері.

Осы екі қыры жұмбақтың төл бойында шебер жымдасып, бір жұдырықтай жұмылып, мазмұнды көркемдік-эстетикалық тұрғыдан уытты етуде бірін-бірі толықтырады.

Аталған жанрда белгілі бір өлеңдік қалып сақталмайды. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан түрлі өрнектеледі. Олардың ішінде төрт аяғын тең басқан өлең түріндегі үлгілермен қатар қарапайым қара сөзбен келетіндері аз емес. Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік–көлемі шағын, құрылым жағынан жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айтуға бейімділігі. Жұмбақтың синтаксисі де осымен байланысты, бөлек ештеңе байқалмайды. Ол көбіне қысқа, жақты сөйлемдерден етек-жеңі жинақы пішіледі. Осы жағынан алып қарағанда, мақал-мәтелге қатты ұқсайды. Академик Зәки Ахметовтің: «Мақал-мәтелде басқа поэтикалық формалардың үлгілері тәрізді кейде шағын сөйлемдерден тұрады. Мұндай жағдайда ол қарапайым ғана ырғақты-құрылымдық түрге иеленеді, әдетте аяқталған ырғақтық түрге иеленбесе де, түрлі дыбыстық қайталаулар арқылы бірігеді», – деген пікірінің жұмбаққа да қатысы бар [1, 212б]. Жұмбақтың жоғарыда бір ғана жолдан тұратындығын айттық. Мысалы:

1.Үйдің іші толған мыс кене (Керегенің көзі).
2. Қырық қой қырқылдақтан су ішіп жатыр (Уық, шаңырақ).
3. Таудан тас құлады (Көздің жасы).
4.Үй айнала қан төктім (Басқұр).
5. Бір ұяда – жеті жұмыртқа (Апта).

Мысалдар–синтаксистік тұрғыдан қарағанда жай сөйлем үлгілері. Біреулері толымды болса, екіншілерінің бастауыш, не баяндауышы түсіріліп, толымсыз сөйлемге айналған. Жұмбақ–үнемшіл, бас артық, орынсыз тұрған сөзді көтермейді. Егер айтудан ұғымға ауырлық келтірсе, эллипсис тәсілмен әдейі қалдырып кетеді. Бірінші жұмбақта «толған» етістігі «мыс кене» сөзінің алдында шығарылып, саналы түрде инверсияға барған. Бұлайша сөздердің дағдылы орын тәртібін бұзу мағыналық реңк дарытқан. Жұмбақтардың бәрі қара сөзбен келуіне қарамастан образды, айшықты. Тек екінші, үшінші жұмбақтарда ғана аллитерациялық үндестік, буын сәйкестігі сақталған. Қара сөз жұмбақтарда ішкі ұйқас, дыбыс қайталаушылықтың болуы шарт емес. Бірақ жұмбақты тыңдаған, не оқыған кезде жай ғана хабарлы сөйлемдей қабылдаймыз. Мұның сыры бейнелі ауыстырумен келуінде.

Сонымен, қазақ жұмбағы қара сөз және өлең түрінде болады. Өлең түріндегісі екі жолдан асуы қажеттілік.
Екі жолды:

Мекеде бір ағаш бар түбі жуан,

Он екі ұл, алпыс қызы бір күн туған (Адамның он екі мүшесі, *алпыс тамыры).*

Сырты– қылшық,

Іші–былшық (Кірпік пен көз).

Үш жолды:

Таңертең төрт аяқты,

Түсте екі аяқты,

Кешке қарай үш аяқты (Адамның балалық, есі кірген, қартайған *кезі).*

Төрт лаулау,

Екі дің-дің,

Бір шібжің (Түйенің төрт аяғы, екі өркеші, құйрығы).

Әрбір фольклорлық жанрдың поэтикалық, стильдік қас белгілері құбылтудың /троп/ түрлерін қолданудан байқалады. Бір жанр құбылтудың бір түріне көбірек жүгінсе, ал екінші жанрларда басқалау. Мысалы, махаббатты, жеке сезімді жылауға айрықша ден қоятын қара өлеңнің сүйікті машығы–емеурін, егіздеу (параллелизм), символдар, ал ерлікті, соғыс көріністерін кең тыныста сипаттауға ұмтылатын батырлар жырында әсірелеуге басқа жанрлармен салыстырғанда жиі бой ұрады.

Жұмбақтың көркемдігі жайында сөз қозғаған ғалымдардың дені ең басты поэтикалық құралы–ауыстыру /метафора/ деп түйеді. Осыған орайлас пікірді ежелгі дүние философы Аристотельдің әйгілі еңбегі «Поэтикадан» оқимыз. Сонымен бірге орыс фольклорының көркемдік қасиетін үңіле тексерген зерттеуші С.Г.Лазутиннің былай деуінде де үлкен мағына бар: «Ауыстыру жұмбақтың мазмұны мен түр ерекшелігін сипаттайды. Оның негізінде стилистикалық және композициялық құрылым жатыр, сонымен бірге шындықты көркем бейнелеудің шығармашылық ұстанымын айқындайды. Ауыстыруды түсіну–жұмбақты түсіну, оның мәнін, жанрлық ерекшелігін айқындаумен барабар». Айтылмыш поэтикалық құралға кеңінен тоқталмас бұрын ауыстырудың белгілері туралы еске сала кетпекпіз. Ауыстыру–құбылтудың бір түрі. Ауыстыру бір затты, не құбылысты тура түрінде емес, басқа ұқсас, не құбылысқа айналдырып, ауыстырып береді. Осы жағынан алғанда ол теңеуге ұқсас, алайда теңеуде ұқсастырған нәрсе тепе-тең күйінде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсе қабаттаса жүрсе, ал ауыстыруда оның сипаттап отырған заты кейде көрінбей тұруы мүмкін. Бірақ оны ой-сезім арқылы аңғарамыз. Ол поэзияда ойды бейнелі, кестелі түрде жеткізудің әдісі ретінде жұмсалады. Өлең ішінде ауыстыру образды ойды айшықтай түсуге көмектесе, жұмбақта негізінен астарлы, бүкпелі ойды тұспалдап көрсетуге жәрдемдеседі. Сондықтан ауыстыруды табу–жұмбақты табумен тепе-тең. Мұнда меңзеліп отырған нәрсенің аты аталмай, соған ұқсайтын, оның сипатын астарлап жеткізе алатындай нысанамен салыстырылады.

«Қазақ жұмбақтарында ат–ең көп қолданылатын ауыстырулардың бірі. Мәселен, ат, құмырсқа, өрмек, көз, арықтың суы, қасқыр т.б. көптеген жануарлар мен құбылыстарға балама түрінде жұмсалады. Жылқы түрлері: боз жорға –<u>шана</u>, жирен тұлпар–<u>қалам</u>, қара арғымақ–<u>бүркіт,</u> қара тай–<u>қазан,</u> қара бие–<u>ошақ,</u> қысырақ–<u>үркер,</u> сәурік–<u>ай,</u> көк қасқа–<u>қайық,</u> қара арғымақ–<u>ұстара,</u> бие–<u>балық</u>, құнан–<u>сәукеле</u>, құнажын–<u>тышқан,</u> айғыр–<u>самауыр</u>, күннің күркіреуі, бие–<u>бұлт</u>, құлын–<u>бидай</u> орнына жүреді» [2, 111б].

Жұмбақта құбылтудың бір түрі әсірелеу, яки гиперболаны кездестіреміз. Әсірелеу дегеніміз–ойды көркем, бейнелі жеткізу үшін бір затты немесе құбылысты әдеттегісінен гөрі үлкейтіп, асқақтата, әсерлеп беру тәсілі:

Алып соғып арс етті,

Дауысы Самарқанға жетті,–

дегендегі «алып»–мылтық, оның дауысының құлақ жарардай қаттылығымен бір қиырдағы Самарқанға жетеді деу адам сенгісіз, тек әсерлік үшін алынған. Екінші бір жұмбақта мылтықтың даусын былайша ұлғайтып суреттейді:

Қара күшігім қаңқ етті,

Дауысы Бұқараға жетті.

немесе:

Шешесі мәсісін кигенше,

Қызы Мәскеуге барып қалды, –

деген жұмбақта түтіннің жылдам қозғалысы ақылға сыймайтын шамада бейнеленген. Осылайша ұлғайту арқылы тыңдаушыны оқыс сурет, образбен елең еткізуді, көңілін аудартуды мақсат етеді. Төмендегі жұмбақта нысана ерекше үлкен жануарға ұқсатылады:

Көк өгізім жүреген,
Мүйізін көкке тіреген.

Көк өгіз–ескі мифтік түсініктің, халықтың байырғы діни нанымының негізінде пайда болған образ. Бұрынырақта хақ тәңірінің өмірімен ең әуелі жер жаралды, одан соң көк жаратылды, жер мен көкті мүйізімен көтеріп тұрған бір алып көк мүйіз бар, ол өзіндей бір үлкен балықтың үстінде тұрады деген сенім болған. Көк өгіз шаршаған кезде жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырғанда жер сілкіну болады, екі мүйізі сынса, ақыр заман болады деп иланған. Сол сенім «Қыз Болық пен Елентайдың» жұмбақ айтысындағы сауалдардың арқауына айналған. М.Бекимов мұндай нанымның татар, сарт сияқты мұсылмандар арасында таралғандығын жазса, В.В.Евсюков Еділ, Кавказ, Қырымға дейінгі халықтарының көпшілігінің арасынан хатқа түсірілгендігін айтады. Ежелгі дүниетанымдық миф әлем халықтарының біразында сақталған, тек жерді көтеретін хауан әр түрлі: кит, балық, тасбақа сықылды болып келеді.

Жоғарғы айтылғандардан мынадай екі түрлі түйін жасауға болады: біріншіден, бір байламды бірнеше образды ауыстырумен береді. Ол таным процесімен кіндіктес, себебі, бір заттың, не құбылыстың шаш етек қасиеттері болуымен бірге оны көретін көз де түрлі-түрлі, әрі көркемдік ойлаудың дәрежесі, кең құлашы атойлайды, бір нысананы мың құбылған бояумен айшықтайтын ауыстыру тәсілі қарпынының кеңдігіне, қолдану аясының шексіздігіне тәнті боламыз. Екіншіден, бірнеше байламды бір ауыстырумен, яки тұрақты образбен суреттеу бел алған.

Қазақ жұмбағының шабыттана, кең қамтып кестелеген тақырыбы–аспан әлемі, күн, ай, жұлдыз, найзағай т.б. әсіресе, ай бейнесі жан-жақтан, әр тараптан жарқырай ашылып, алуан ауыстырулардың өзегіне айналған. Нақтылай айтсақ: жарты күлше, ақ тоқым, ақ үйрек, түйір қалам, кепкен бауыр, жарты нан, дуадақ, тайдың ізі, бір қалаш т.б.

Жұмбақтың айды «күндіз жатып, түнде шығар айдаһардай» деп бедерлеуі де әсерлі, бағалы айқындауларға артылар жүк тұспалды нысананың ішкі-сыртқы көріністерін тыңдарманның көз алдына елестетумен шектелмейді, әрі селт еткізер, қиял қозғар, ойды оятардай тегеурінді образ сомдау қоса жүктеледі. Айдаһар тұрақты ауыстыруы жұмбақ байламдары турасында мәлімет жеткізіп қана қоймай, оны бейнелі, ғажайып суретті етіп кескіндейді. Жұмбақтағы хайуанаттар дүниесінен алынған үйреншікті образ–құс.

Сонымен қазақ жұмбақтарының поэтикасына тән қас ерекшеліктер бар екеніне көз жеткіздік. Оларда дыбыстық қайталаулар, ассонанс, аллитерация, буын, сөз қайталау мол. Жұмбақтардың ішінде өлең түрінде келетіні де аз емес. Образдық жүйесінде ең көп қолданылатын поэтикалық құрал–ауыстыру. Бұл жанрда тұрақты формулаға айналған образдар, сөз тіркестері баршылық.

Қорыта айтқанда, жұмбақ еркін көсіліп жайылуды сүймейді, көп сөзділікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Ол бір затты не құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы тұспал бейнені тыңдаушыға табуды артады. Жұмбақта байламының қасиеттері, қимылы, жеке бөліктері басқа бір құбылыспен салыстыра отырып сипатталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметов З. Казахское стихосложение. –А., 1999.–с.460.
2.Марғұлан Ә. Қазақ жұмбақтары. –А., 1993. –112б.

УДК 81 25(574)

## ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНА

**МАНТЕЕВА Ф.С.**
Преподаватель русского языка и литературы Жамбылского гуманитарного
высшего колледжа имени Абая, Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме.** Мақалада болашақ лингвистикалық емес маманның кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында кәсіби-бағытталған мәтіндерді оқу мен аударуды үйренудің ерекшеліктері қарастырылады.

**Summary.** The article discusses the features of learning to read and translate professionally oriented texts with the aim of developing the professional communicative competence of a future non-linguistic specialist.

Обучение профессионально ориентированному чтению является основой формирования профессиональной коммуникативной компетенции будущего специалиста, т. к. именно работа с текстами по специальности составляет важную часть его деятельности в любой сфере производства. Чтение и глубокое понимание профессионально ориентированных текстов обусловливается потребностями личности в получении новой профессиональной информации, потребностями в самообразовании и обучении, а также познавательными потребностями [1, с. 78]. Невозможно представить современного специалиста, не владеющего навыками чтения и глубокого понимания профессионально ориентированных текстов.

Тексты, предназначенные для будущих воспитателей дошкольного учреждения  отличаются от публицистических и художественных тем, что в них широко используется специальная терминология, научные факты, теории, и т. д., требующие значительного умственного труда, навыков логических рассуждений, вычленения и компрессии информации, умения делать выводы на основе прочитанного.

Основной целью обучения профессионально ориентированному иностранному языку , в частности русскому языку  является формирование иноязычной профессиональной коммуникативной компетенции и подготовка студентов к будущей профессиональной деятельности с активным использованием иностранного языка. В процессе работы с текстами по специальности студенты часто сталкиваются со следующими проблемами: непонимание текста в полном объеме, неумение извлечь важную информацию, сложность с переводом специальных терминов. Поэтому необходимо сформировать у студентов навыки перевода профессионально-ориентированных текстов, что будет способствовать их успешной профессиональной деятельности в будущем, а также правильному пониманию и составлению документации на русском  языке.

В исследованиях отечественных лингвистов перевод рассматривается как «порождение речевого произведения, в процессе которого интенциональный смысл не переносится из исходного текста в текст перевода, а создается как новое единство формы и содержания в новых коммуникативных, культурологических и языковых условиях» [4, с. 41]. На основе произведенных исследований были разработаны некоторые подходы к обучению переводу текстов по специальности, в которых особое внимание обращается как на понимание и интерпретацию смысла иноязычного высказывания, так и на создание самого текста перевода, предназначенного новому адресату в новой коммуникативной ситуации.

Одной из технологий обучения переводу является интегративный подход, который, на наш взгляд, позволяет осуществлять всестороннюю и гармоничную подготовку будущих специалистов неязыкового профиля с опорой на полученные профессиональные знания по основной специальности. Следовательно, главная задача, стоящая перед преподавателем русского языка, – научить студентов использовать знания по специальности в процессе обучения русскому языку, чтобы далее применять их в своей профессиональной деятельности при переводе профессионально ориентированных текстов.

В.А. Иовенко дает следующее определение термину «профессионально ориентированных текстов»: «это такой вид переводческой деятельности, который выполняется непрофессиональным переводчиком и объектами которой (деятельности) оказываются тексты, связанные с его профессиональной специальностью» [2, с. 48].

Считаеся, что в процессе обучения профессионально ориентированному переводу студентов нелингвистических специальностей кроме интегративного необходимо также использовать личностный, социокультурный и дискурсивный подходы.

Личностный подход способствует формирование языковой личности обучающегося в рамках определенной профессиональной сферы деятельности. Иными словами, будущий специалист должен обладать профессиональной компетентностью в сфере письменного перевода профессионально ориентированных текстов с иностранного языка на родной.

В контексте социокультурного подхода переводческая компетентность включает в себя ряд субкомпетенций: межкультурная коммуникативная, специальная, социальная и личностная [5, с. 22].

Что касается дискурсного подхода, то в его рамках обучение осуществляется на основе профессионального дискурса, различных его видов и жанров, типичных для определенной специальности.

Важно отметить, что процесс обучения профессионально ориентированному переводу базируется на определенных дидактических и методических принципах. Нам представляется особенно важным частно-дидактический принцип, имеющий целью сохранение культурных особенностей и национальной самобытности русского языка при переводе текстов по специальности. Объясняется это тем, что каждая научная или профессиональная область имеет свою, так называемую, субкультуру, включающую специальный язык, трансформирующий привычные значения слов в специальную терминологию. И лексический выбор – это процесс, дающий возможность переводчику «управлять оттенками значения и их изменениями, чтобы создать текст на языке перевода, адекватно отображающий смысл оригинала» [3, с. 114].

По моему мнению, при обучении профессионально ориентированному переводу необходимо также учитывать особенности родного и иноязычного текстов по специальности.

В процессе обучения переводу текстов по специальности и формировании профессиональной коммуникативной компетентности будущего специалиста неязыкового профиля мы выделяем несколько этапов.

В ходе первого, вводного этапа преподаватель кратко знакомит обучающихся с разного рода переводческими трансформациями, языковыми трудностями, которые неизбежно возникают при переводе специальных текстов, понятием языковой избыточности, стилистическими особенностями построения текста на иностранном и родном языках, редактированием текста и т. д. Иными словами, студенты получают знания по теории перевода, необходимые им для дальнейшей работы с профессиональными текстами.

На втором этапе преподаватель знакомит студентов с понятием дискурса и его жанров применительно к профессионально ориентированным текстам. Далее студенты учатся понимать и анализировать иноязычный текст по специальности в рамках дискурсного подхода. Кроме того, на данном этапе обучающиеся должны сформировать навыки информационно-справочного поиска и работы с электронными словарями. На наш взгляд, на данном этапе также следует уделить особое внимание уровню языковой подготовки студентов путем выполнения разнообразных упражнений по работе со специальной терминологией, устойчивыми выражениями, синонимами и антонимами и т. д.

Наконец, на третьем этапе студенты учатся созданию стилистически грамотного текста перевода на родном языке на основе глубоко понятого ими иноязычного специального текста с сохранением его основной информации, с учетом его особенностей, «преодолевая с помощью переводческих приемов различия между прагматическим, предметным, социокультурным потенциалом отправителя иностранного текста и получателя текста перевода как представителей определенной профессиональной сферы общения» [4, с. 42].

Разумеется перевод профессионально ориентированных текстов неизменно сопровождается определенными трудностями лексического выбора. Поэтому на третьем этапе студенты должны активно использовать имеющиеся у них знания по специальным предметам и навыки информационно-справочного поиска.

Посчитаем, что для эффективной организации завершающего этапа обучения переводу, этапа контроля, преподавателю необходимо разработать критерии оценки уровня сформированности переводческой компетентности и ознакомить студентов с этими критериями, чтобы обучающиеся могли ориентироваться на них для самооценки в процессе обучения.

Таким образом, обучение студентов неязыкового профиля профессионально ориентированному переводу имеет огромное значение для осуществления ими успешной межкультурной коммуникации в избранной профессиональной сфере. Благодаря переводу специальных текстов происходит обмен знаниями и технологиям специалистами разных сфер деятельности, организуются совместные международные проекты, которые способствуют росту научно-технического прогресса человечества в целом.

**Список использованной литературы:**

1. Бейсенова, М.К. Работа с профессионально-ориентированными текстами / М.К. Бейсенова, М.П. Вайцель // Вестник Карагандинского университета, Серия «Филология». – 2016. – № 1(81)/2016. – С. 77–83.
2. Иовенко, В.А. Практический курс перевода / В.А. Иовенко. – М. : Междунар. отношения, 2012. – 408 с.
3. Комиссаров, В.Н. Теория перевода / В.Н. Комиссаров. – М. : Высш. шк., 1990. – 253 с.
4. Конышева, А.В. Обучение профессионально ориентированному переводу студентов неязыковых специальностей / А.В. Конышева // Вестник Полоцкого государственного университета, Педагогические науки. Методика. – 2015. – № 15. – С. 39–43.

УДК 82. 351.03

# ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ДЕТСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

**ЗУЛПУХАРОВА А.М.**
Учитель русского языка и литературы, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз
**СЫРГАБАЕВА С.**
Ученица 6 класса, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме**. Балаларға арналған көркем шығарманың аударма барысында туындауы мүмкін түрлі мәселелер жан-жақты қарастырылады.

**Summary.** The translation of a children's work of fiction will be considered comprehensively from the point of view of various possible problems that may be encountered during the translation process.

Одним из видов искусства, который использует в качестве выразительных средств слова и словесные конструкции языка, является художественная литература. Она предлагает читателю образно осмыслить действительность, а также авторским взглядом посмотреть на происходящее и вымысел.

Детская литература, являясь отдельным аспектом художественной литературы, дает возможность формировать личность ребенка,осознать чувство прекрасного, расширяет кругозор ивпечатления об окружающем мире, культуре других стран и народов. Кроме того, она вырабатывает в ребёнке качества для благополучного вхождения в социум. Несмотря на сходство с художественной литературой, детская литература намного отличается своей аудиторией: тексты ориентированы на интересы детей и соответствуют их психологии[1]. Согласно энциклопедическому словарю Брокгауза и Ефрона, детская литература – это такие произведения, которые созданы с учетом психических и физиологических особенностей детей и учитывают их интересы и увлечения[2]/ Книги для детей - равноправные граждане «огромной державы», как называл детскую литературу А.М. Горький. Похожее определение дается и в учебном пособии «Русская литература для детей»: это часть общей литературы, которая функционирует в детской среде в виде специальных изданий, является доступной для самостоятельного восприятия и нацелена на формирование ребенка и развитие его личности [3].

В связи с этим перевод детской литературы имеет свои особенности, которые требуют исключительного внимания:

- передача жанрово-стилистической специфики. Слова в прямом и переносном значении, языковые и стилистические тропы изображают все описания более эмоционально, что ставит перед переводчиком задачу максимально ярко выразить идейный смысл, события, описать героев. Для наилучшей интерпретации своего героя, автор может отойти от литературной нормы и преднамеренно добавить в речь какие-либо недочеты. Показателем принадлежности к определенному жанру будет совпадение текста и языковой нормы. Кроме того, в тексте, особенно художественном, для создания образа, описания или других различных целей могут использоваться разные жанры, которые могут переходить из одного к другому. «Для создания полноценного перевода переводчик должен принимать вовнимание характерные особенности

автора сообщения и тех получателей информации, для которых предназначалось этосообщение, их знания и опыт, отражаемую в сообщении реальность, характер иособенности восприятия людей, которым адресуется перевод, и все прочиеаспекты межъязыковой коммуникации, влияющие на ход и результатпереводческого процесса»,–утверждает В.Н.Комиссаров.Следственно, при переводе детской художественной литературы, стоит задача передать индивидуальный художественный стиль автора. Переводная литература для детей должна иметь свою художественную уникальность, поскольку одной из задач детской литературы является формирование чувства прекрасного у ребёнка, выработка навыков эстетического вкуса. А также, важно учитывать специфику развития и восприятия информации той читательской аудитории, для которой предназначается тот или иной перевод. Дети считаются главными читателями, их мировоззрение и базовые знания следует всегда учитывать. Особенно оптимистический настрой , позитивное мышление свойственно детям младшего школьного возраста и дошкольникам.

- подлинное изображение образа персонажа. Одной из наиболее важных задач, стоящих перед переводчиком детской художественной литературы, является подлинное изображение образа персонажа, правильная интерпретация его поступков и реплик, поскольку именно на основании этого у ребёнка складывается отношение к герою и к произведению в целом. Для создания и раскрытия образа героя в рамках художественного текста особое внимание необходимо уделить навыкам персонажа. По мнению В.Н.Комиссарова:«Степень и особенности знания и владения языком отдельного
человека характеризуют его идиолект»[4]. Каждому персонажу свойственен определенный стиль выражения своих мыслей и чувств, по которым складывается мнение о нем в мышлении читателя,а также раскрытие смысла авторского текста.

- художественное описание. При чтении книги у детей должны появляться в воображении яркие эмоциональные картинки, являющиеся важным атрибутом художественного описания в детской литературе. При переводе важно передать это описание. Считается излишним перегружать текст произведения для маленьких читателей
художественно-выразительными средствами, которые для них ещё непонятны. Дети хотят видеть в тексте что-то родственное, интересное, понятное им. Некорректными могут оказаться и сравнения, непонятные юному читателю. Однако анимистические моменты дети любят- это их особенность детского мышления: приписывание неодушевленным предметам моральных чувств, переживаний, сознания.

- сохранение эмоционального компонента.Эмоциональное своеобразие текста особо заметно рассматривается в детской литературе, чтобы сделать ее более увлекательной и захватывающей для читателя. Данная окраска может быть положительнойи отрицательной. Таким образом, при переводе считается важнымдостоверно передать это своеобразие, ведь детям необходимо испытывать эмоции в процессе чтения. Также именно этот компонент позволяет сформировать отношение к героям и событиям, которые вкладываются автором в произведение. Для формирования эмоционального окрашивания используются языковые единицы с экспрессивно-стилистической окраской: синтаксические приемы, а также восклицательные предложения. Сохранение подлинного текста не является приоритетом переводной литературы.Эмоциональная речь героев в произведениях детской художественной литературы позволяет завлечь и удержать внимание ребёнка. Но при этом в переводе должны отражаться интонация, стилистические оттенки высказываний героев, присутствующие в оригинале. Так как через эмоциональное состояние ребёнок понимает истинный смысл происходящего, горе одного из героев непременно вызывает сочувствиеу ребёнка, учит его сострадать другим.

- сохранение элементов комического и эксцентрического. Эксцентрический икомический эффекты в произведениях детской литературы могут достигаться при помощи игры слов, гиперболы, оксюморона, перифраза, авторских неологизмов и т.д..Эксцентрическое в тексте –это необычное, нестандартное поведение или реакция на что-либо,нарушение логических связей. Юмор в произведениях литературы для детей имеет огромное значение, он не только притягивает интересребёнка, но и серьёзно настраивает на глубокое осмысление предмета смеха. «В детской литературе эксцентрическое, которое иногда тесно переплетается с комическим, помогает ребёнку самостоятельно различить сказочное от реального и получить от этого удовлетворение». –утверждает

С.Ю.Капкова [5] главной составляющей комического в произведении может стать подражание фонетике маленьких детей, которые искажают звуки и слова при произношении.

При переводе очень редко удаётся передать такое неправильное произношение слов, не изменив содержания, поскольку фонетика языка оригинала и языка перевода могут заметно различаться, а значит и искажение слов детьми происходит неодинаково. Комический эффект часто достигается за счет игры слов.Автор обыгрывает в одном предложении несколько значений одного слова.Творческий подход при переводе позволяет преодолеть трудности, заключающиеся в том, что в языке перевода это слово может иметь другие значения, отличные от значений в языке оригинала. «Главнымкритерием адекватности перевода игры слов в художественномтексте выступает сохранение функций оригинального игрового приёма», – считает П.А.Колосова[6]. При этом, огромное значение представляет предварительный переводческий анализ текста, который позволяет избежать ошибок при передаче игры слов.

-передача в тексте речи ребёнка. Одной из актуальных проблем перевода детской художественной литературы считается трудностьпередачи в тексте речи ребёнка. Речь идёт уже не об особенностях фонетического произношения слов и звуков маленькими детьми, а об особенностях их образного мышления. Ребёнок показывает свое понимание действительности на основе практических словообразовательных навыков, при этом не зная лексического значения слов. Задачей же переводаявляется донести особенности речи детей на языке перевода, создать то же впечатление, что возникает при прочтении оригинала.

Подводя итог, мы можем отметить, что процесс перевода художественной детской литературы является разносторонним и может сопровождаться большим количеством трудностей. Мы отметили для себя следующие особенности:

1) детская художественная литература имеет воспитательные функции, которые прививают ребенку образовательные и духовные ценности, а в случае с переводной литературой – любовь к чужой культуре и ее осмысление;

2) особое отношение к переводу детских произведений вызывает некоторые сложности перевода. Юный возраст читателя обуславливает возможное упрощение текста перевода в ряде случаев.

3) в процессе перевода применяются различные уровни идентичности в зависимости от ситуации, вследствие чего текст перевода может как дословно соответствовать подлиннику, так и передавать только главную мысль;

4) для многих особенностей, встречающихся в процессе перевода, существует возможность использования ряда преобразований, которые позволяют применять сложные элементы на языке перевода;

5) среди трудностей, которые могут встретиться в процессе перевода детской художественной литературы, возможно выделить следующие:передача жанрово-стилистической специфики, сохранение эмоционального компонента, передача элементов комического и эксцентрического, подлинное изображение образа персонажа,передача в тексте речи ребёнка, художественное описание.

Таким образом, переводы детской художественной литературыдолжны неразрывно быть связаны с творческим подходом и лингвистической креативностью авторов. Важно максимально использовать общеупотребительную лексику, разговорный стиль, в художественной литературе даже уместен современный сленг. Но в то же время следует избегать и излишнего упрощения синтаксиса. То, что ребенок или подросток читает, должно соответствовать возрасту. Тогда юный читатель в легкой, доступной форме закрепляет свои знания и с радостью получает новые.

**Список использованной литературы:**

1.Бартель В. В. Текст детского художественного произведения как культурологический портрет эпохи: диссертация ... д-ра культурологии / В. В. Бартель. – Саратов, 2002. – 163 с.

2.Брокгауз Ф. А. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 томах (82 т. и 4 доп.) / Ф. А. Брокгауз, И. А. Ефрон [Электронный ресурс]. – СПб., 1890–1907. – URL: http://gatchina3000.ru/brockhaus-and-efronencyclopedic-dictionary/index.htm

3.Русская литература для детей: учеб.пособие / Т. Д. Полозова, Г. П. Туюкина, Т. А. Полозова, М. П. Бархота / Под ред. Т. Д. Полозовой. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 512 с.

4.Комиссаров В. Н. Лингвистика перевода / В. Н. Комиссаров. – М.: Едиториал УРСС, 2019. – 176 с.

5.Капкова С. Ю. Лингвостилистические средства выражения комического и эксцентрического в языке современной детской английской литературы и специфика их перевода

на русский язык: на материале произведений С. Миллигана и Дж. К. Роулинг: автореферат диссертации ... д-ра филологических наук / С. Ю. Капкова. – Воронеж, 2005. – 24 с.

6.Колосова П. А. Ошибки и неудачные решения при переводе игры слов в художественном тексте / П. А. Колосова // Вестник ТвГУ. Серия «Филология». – 2015. – № 4. – С. 247-251.

ӘОЖ 81'1:81'32

# ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН КЕЙІПКЕР БІРТҰТАСТЫҒЫ

**ЖУРКАБАЕВА С.Б.**
№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**Түйіндеме.** В этой статье говорится об единстве природы и человека в произведениях Оралхана Бокей. Рассказывается о мастерстве передачи автора созвучии природы и человека через образы героев. Сообщается, что экологическая проблема, которая поднимал Бокей, до сих пор остается актуальным в обществе.

**Summary.** This article tells about the unity of human nature in the works of the writer OralkhanBokey. It was about the autor`s skill to reveal the image of the hero through harmony, harmony of nature and man. On the relevance of environmental problems raised by OralkhanBokey in modern society.

Оралхан Бөкей қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынада өзіндік өрнек, қолтаңбасымен келген жазушы. Оның тілдік қоры аса бай, көтерген тақырыптары ауқымды. Оралхан Бөкей кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне, табиғат пен адамның үйлесімділігіне үңіліп, жұмыр басты пенденің тіршіліктегі қым-қуыт өмірі жайлы қалам тербеген жазушы. Жазушының барлық шығармаларына ортақ тақырып, желі – ол адам мен табиғаттың тұтастығы, олардың әлімсақтан туыстығы, бір-бірімен етене жақындығы. Міне, осы табиғат туралы концепцияны жазушы адамның іс-әрекетімен ашқысы келеді.

Оралхан Бөкейдің көптеген шығармаларында табиғат оқиға желісіне үнемі араласып отырады. Автор: «Аспан жер үшін, жер су үшін, су жан-жануар, құрт-құмырсқа үшін, тіпті тоғай екеш тоғай да бармақтай торғай үшін жаратылған. Біріншсіз екіншісінің тіршілігі тоқталады», - деп айта келіп, «Табиғат адамсыз тіршілік құра алады, ал адам табиғаттан тысқары өмір сүре алмайтыны рас болса, неге ғана мына қар астындағы қара жер, анау жұлдызды аспан адам баласына табыну керек?»[1] деген үлкен ғаламдық шеңбердегі ой қозғайды.

Оралхан Бөкей шығармаларында өмір сүру мәселесіне байланысты екі тенденция бар. Бірі – табиғатпен біте қайнасып кету, адамдар қоғамынан тыс өмір сүру. Бұған «Атау кере», «Жасын», «Қар қызы», «Мұзтау» , «Кербұғы» шығармалары жатады. Екіншісі – табиғатқа қамқор бола отырып, адамдар қоғамында өмір сүру. Бұл тенденцияға сай келетін шығармалар «Қайдасың, қасқа құлыным», «Өз отыңды өшірме», «Сайтан көпір» т.б.

«Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде, тіпті кейіпкерлерімен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Бөкеев - туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы» [2], - деп бағалайды зерттеуші ғалым Р.Сыздықова. Жазушының шығармаларында кейіпкерлердің ішкі толқынысы, сезім-күйі, көңіліндегі буырқаныс осы тау табиғатымен астаса суреттеледі.

Жазушы өзінің «Атау кере» романында туып-өскен туған жерінің табиғатын, Алтай тауының әсемдігін ерекше ыждаһатпен суреттеп, барлық адамзат үшін туған жердің қадыр-қасиетін танытқандай болады. Туған жердің бар тыныс-тіршілігін сезініп, оны көркем тілмен оқырманға жеткізе білу де қаламгердің шеберлігін көрсетеді. Шығармада жазушы аспан әлемі, таң келбеті, кешкі сұлулық, күн мен ай сипаты, қараңғылық бояуы мен түн сипаты, бұлт сипаты, жаңбыр мен бұршақ сипаты, өзен үні, тау суретінің әрқайсының сұлулығына үңіледі.

Таң суретін: «Онда да таңның алғашқы хабаршы сәулелері тарап, елең – алаң шақ туа атқа мінбесең, қонаға жете алмай қаласың» [3] – эпитет арқылы бейнелейді.

«Сонау Алтайдың күміс шашбауындай ирелеңдей аққан Бұқтырма өзені» [3] – теңеу арқылы өзеннің сұлулығын күміс шашбауға теңеп тұр. Ал «Көптен бері жаңбыр жаумаған, әмбесінде

Мұзтаудың қаспақ қары, салқын түссе, жылбысқылана ерімей қайта қатып, Қатын өзені қорынан айрылған соң ба, қорылын азайтып, қорлана ағады» [3] деген сөйлемде кейіптеу әдісін қолданып, жансыз табиғатқа «жан бітіреді».

«Ұшар басында жаулықтай байланып, төбесін перделеп тұрар бұлт жоқ, қыркүйектің таза аспанына сұғынып кірген аппақ алып найза жарықтық Мұзтаудың дәл өзі еді» [3] – метафора қолдану арқылы Мұзтаудың асқақтығын суреттейді.

Табиғаттың да тірі жан секілді өзіндік үні, даусы бар. Көріктеу құралдарын осылайша құбылта пайдалану арқылы жазушы сол табиғаттың үніне құлақ түріп, таудың да, бұлттың да, өзеннің де сұлулығын ашады. Табиғат құбылыстарын ашу арқылы жазушы кейіпкердің характерін, оның өмір шындығын, қоғам бітімін алға тартады.

Жалпы «Атау кере» романында жазушы табиғатты екі бағытта суреттейді. Біріншісі, табиғаттың бояуы бұзылмаған өз суреті болса, екіншісі, ішімдікке салынған кейіпкер Тағанның табиғатпен үндескен жан даусы, ішкі толқынысы. «Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... өрге қарай жүргендіктен ентігіп, шаршау тартқанын сезді. Ал дегенде көзі шағылысып жасқанып қалған Таған көз үйрете келе сілейе қарады. Ол Мұзтаудың нақ қазіргідей тыр-жалаңаш, асқақ та асау, сұлу, бар бітімін жоғалтпай, тұтас тұлғасын жарқырата ашқан күйінде тұңғыш көруі. «Айналайын, табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді» деп, көзі жасаурап отыра кетті. Ол шын шаттана қуанған, шалқып тебіренеген, мынау дүниеге жаңа келгендей, немесе әлемдегі ең асылын тапқандай, бала көңіл, сәби жүрек, сабырлы ақылмен туған жерінің көркемдігін сонырқаған; саумал ауа, таза көріністің бәр-бәрін жұтына жұтып, ішіп тауысардай таусаған... [3]» Міне табиғатпен бетпе-бет келгенде ғана Таған өзін тауып, қайта түлеген күйде. Кейіпкер болмысын табиғатпен астастыра суреттеу жазушының тағы бір шеберлігі деуге болады.

Жазушы «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде де туған жер табиғатын айрықша махаббатпен суреттейді. Туған жердің әр тау-тасы, өзен-көлі жазушы жанына жақын. «Тау алып ұйқысынан енді-енді ғана серпіліп, ал далакеудесін дүбірлетіп, алғаш қытықтаған біздерге жүз жасар ғұмыр тілегендей еді;өзіне деген айнымас махаббатын сыйлағандай еді [4]» дейді жазушы. Алып тауды ақ баталы ақсақал қарияға теңегендей, жазушы туған жерін қалай сүйсе, табиғат та оны солай мәпелейтіндей.

Шығармадағы тау арасында өмір сүретін үш кейіпкерді автор нағыз табиағаттың бел баласындай суреттейді. Қоғамда болып жатқан сан қилы жамандықтан аулақ өмір сүріп жатқан бұл үш адам нағыз табиғатпен үйлесімде өмір сүріп жатқандай. Жаужүрек жігіт Қаршыға, ертегілер елінен келгендей сұлу Аналық, қартайса да көкірегі сайрап тұрған Сарқынды шал.

«Кербұғының мүйізінен қан шапшығанда көзімді баса қойдым. Бірақ бәрі бір судай аққан қып-қызыл қанды көрдім. Көзімді қайта аштым, бәрі бір жанар тау боп атылып жатқан қып-қызыл қанды көрдім. Өне бойым мұздап, арқамнан сұп-суық тер шықты» [4] деген жолдар арқылы жазушының табиғаттың бір бөлшегі жан-жануарларға деген махаббатын, қамқорлығын көреміз.

Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық қара көзінен –аналықтың көзі іспетті өте әдемі жанарынан жас ағып тұр; және меносынау жасқа толған аяулы да ардақты көздің аясынан өзімді, әкемді, Қаршығаны көрдім; үшеуіміздің де сүлдеміз жанарға түсіп, әмбе осынау жанардағы көріністенген орман, тоғай, тау-тас, мөлдір аспан кербұғы көзін жұмып қалса, мәңгіге ғайып болатындай қорқыныш биледі бойымды»...[4] Демек, адам-табиғат-өмір біртұтас әлем. Табиғаттың бір бөлшегіне келген зақым адамзат ұрпағына да зиянын тигізбей қоймайды. Кербұғының өлімі орман, тоғай, тау-тастың, тіпті айналасындағы адамдардың да ғайып болуына әкелетінін түйсінеді кейіпкер-автор.

Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» шығармасында оқиғалар желісі айды қасиет тұтқан мифтік сарын негізінде орын алады. Автор «Ай астында» деген тіркесті шығарманың басында және соңында қайталап келтіреді. Садақбай қамшегердің жан күйзелісі, тағдыр жолы, өмірі «Ай астында» бейнеленеді. Ай бейнесі қазақ әдебиетінде жағымды детальдардың бірі болып саналады. Шерхан Мұртазаның «Ай мен айша» повесі, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» повесінде де Ай адамның сырласы, досы болып суреттелген. «Қамшыгер» повесінде де жазушы Айды табиғаттың ажырамас бөлігі етіп бейнелеген.

Оралхан Бөкей шығармаларының барлығында табиғатпен байланыс, адам мен туған жер арасындағы біртұтастық суреттелген. Бұл тақырып бір мақаланың жүгі емес, алдағы уақытта да зерттелуі тиіс терең тақырып. Өйткені, Оралхан айтқан, көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Оралхан Бөкей Таңдамалы I том О.Кенжебеков,Т.Мәмесейітов. - Алматы: Жазушы,1994 ж.

2.Сыздықова Р. Сәйкестік. //Уақыт және қаламгер. 10 кітап. -Алматы: Жазушы, I984. - 160-177 бб.

3.Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том. -Алматы: Жазушы, 1996.-494 б.

4.Бөкеев О. Қайдасың, қасқа құлыным. -Алматы: Жазушы,1973.-200 б.

ӘОЖ 811.512.122:37.02

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

**РУСТЕМОВА Ш.К., СЕЙДУАЛИЕВА Ә.М.**

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

*Сұрақ қойған бес минут қана ақымақ болса,*
*Оны қоймаған өмір бойы ақымақ боп өтеді.*
***Қытай даналығы***

**Резюме.** Обновленные программы в современной сфере образования-залог повышения качества образования. Его использование в своей степени имеет огромное влияние на творчество учащихся. Для повышения эффективности обучения мы, Педагогическое сообщество, должны использовать диалогическое обучение на каждом уроке. Это связано с тем, что особенностью диалектного обучения является его всестороннее влияние на учащегося.

**Summary.** Updated programs in the modern field of education are the key to improving the quality of education. Its use to its extent has a huge impact on the creativity of students. In order to increase the effectiveness of teaching, we, the Pedagogical Community, should use dialogic learning in every lesson. This is due to the fact that the peculiarity of dialect learning is its comprehensive influence on the student.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай қазіргі таңда еліміздебілім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлінуде. Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсары дәл айтқан екен. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек.

Қазіргі білім саласындағы жаңартылған бағдарламалар -білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдаланудың студентті шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін біз, мұғалімдер қауымы әр сабақта диалогтік оқытуды қолдануымыз қажет. Себебі диалгтік оқытудың ерекшелігі-оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі дамыту, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді.

Колледжде өткізгеніс-тәжірибеміздегі тізбектелген төрт сабақтарымызды жоспарлау барысында бағдарлама идеясында айтылған барлық модульдерді кіріктіруге көңіл бөлдік. Ал енді осы модульдердің ішіндегі диалогты оқыту модулін барлық тізбектелген сабақтарға енгізу туралы өзіндік рефлексия жасасақ, бірінші бетпе-бет кезеңінде теориядан алған білімді бағдарламаға сай, сабақ барысында «диалогтік оқыту» тәсілі басшылыққа алынды.

Оқытудың жаңа тәсілдерінің бірі әңгімелеу, қарым-қатынас, яғни сұхбат арқылы сабақ мазмұнын ашуға болады. Диалог екі адамның бір-бірімен сұрақ-жауап арқылы сұхбаттасуы. Олай болса, біздің күнделікті сабағымыздың өзі осы тәсілмен өтілетіні анық. Біз көбіне студенттерге жаппай сұрақтар қоя отырып сабағымызды дәстүрлі жүйе бойынша өтетініміз белгілі болды. Яғни, дәстүрлі жүйе бойынша мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды емес сұрақтар қойып, студенттердің берген жауаптарын қайталап отырғандықтан бұл әңгіме стилі студенттің ойлау деңгейін, сөйлеу дағдыларын дамытпайтынын түсіндік.

Сабақ өту барысында «Джиксо», «Ойлаудың алты қалпағы», «Ойлан, бірік, бөліс», «Айналмалы бекет», постер қорғау, «Миға шабуыл», «Ыстық орындық», «Қар кесегі», «Ойды жалға», «Т» кестесі, «Еркін ойлау» стратегиялары мен әдістерін қолдану диалогтік қатынастың оқудағы ең тиімді тәсілдердің бірі.

Выготский кіші жастағы балаларды танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъекті ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. (САН. 35-бет).

Александер (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. (САН. 35-бет) білім берудегі әңгімелесудің өзі екі жақты бағытта, мұғалім мен оқушы арасында жүреді, ал осының нәтижесінде оқушының білім алуы алға жылжитындығын айтып тұжырымдаған. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым - қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнативті дамуына әсер ететіндігі айтылған. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестерге айналады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады. (САН, 35-36 беттер). Сыныптағы диалогтік әңгімені дамытудың Мерсердің (2000) зертттеуі бойынша 3 түрі бар:

- Әңгіме-дебат
- Кумулятивтік әңгіме
- Зерттеушілік әңгіме

Мұндай тәсіл барысында мұғалім сұрақты нақты әрі студенттен дұрыс жауап алатындай түсінікті, әрі жинақы беруі тиіс. Бұл жағдайда біз - мұғалімдер теориялық білімі терең, білім, білік, дағдыны жақсы меңгерген тұлға болуымыз абзал.

Содан біз өзіміздің алдымызға қойған «Сыни тұрғыдан ойлауға және еркін ойын айтуға дағдыландыру» тақырыбы бойынша іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарымызға белсене ат салыстық.

Топтағы студенттердің бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсетті. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Диалогтік оқыту студенттердің білім деңгейлерін анық көрсетуге көмектеседі. Диалогтік тәсіл студенттердің ашылуына, ойын ашық жеткізуіне, сөздік қорының молаюына септігін тигізеді. Бұл іс-әрекеттер колледждегі тәжірибе барысында 2-курс студенттеріне өткізген сабақтарымызда көрініс тапты. Қысқа мерзімді жоспарды жасағанда студенттердің сөйлеу мәдениетін, еркін ойларын айту дағдыларын жетілдіретін тиімді әдістер

қолдану керек. Жоспар құрғанда жоспарлаған әдістердің барлығы студенттерді сөйлетеді, іздендіреді.

«Әдебиеттік оқу және тіл дамыту әдістемесі» мен «Оқулыққа енген материалдар және оларды оқыту туралы» тақырыптарындағы сабақтарымызда қолданған әдістеріміз «Джиксо» және «Ойлан, бірік, бөліс» болды. Осы сабақта, біздің пікірімізше, диалогтік оқытуды жүзеге асыру сәтсіз шықты деген ой туындады.

Тапсырма берілісімен студенттер қысқа ғана, шапшаң бір ойға келді де, өз жұмыстарын жасай бастады. Осының салдарынан топта диалог, пікір алмасу толыққанды болмады. Мұның себебі студенттерге мұғалім тарапымнан дұрыс бағыттың берілмеуі және уақытты тиімді пайдалана алмауы кедергі болды. Жалпы студенттерге әңгіменің үш түрін де (зерттеушілік, кумулятивтік, дебат) орындатуға жағдай жасалу керек. Сабақта кумулятивтік әңгімеден гөрі студенттерге дебат әңгіме немесе зерттеушілік әңгіме жасауға жетелейтін әдісті қолданған жөн.«Джигсо» әдісін қолданғанда негізгі ресурс материалмен бірге қосымша тапсырмалар беріп отыру мүмкіндігін жасау керек. Содан кейін дұрыс немес бұрыс нәтиже беретіндігі байқалады.

Диалогтік оқытудың әдістерінен «Ыстық орындық», «Ойлаудың алты қалпағы», «Миға шабуыл», «Айналмалы бекет», «Төрт адамдық сұхбат», «Қар кесегі», ««Т» кестесі стратегиларын пайдаланғанда оқыту нәтижесі сәтті шығады. Бұл стратегияларды қолдану барысында студенттер сабаққа қызығушылықпен қатысады. Еркін ойлау стратегиясын қолдануда өз ойларын еркін жеткізеді., сабақта «Ыстық орындық» әдісін қолданғанда диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгіме түрі тәжірибе барысында анық нәтижесін беріп, жұмысжүзеге асырылды. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі «Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар» тақырыбында өткен сабақта қорытындылауда пайдаландым. Осы әдіс барысында студенттер алты түрлі пікір айта білді. Барнс (1976) пен Мерсердің(2000) айтуынша, зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әгіменің түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар топтастарымен шағын топта жұмыс істейді. Оларда ортақ проблеме болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырылады, идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. (САН. 36-бет). Бұл жұмыс барысында әсіресе қосалқы топтағы зерттеушілерге берілген тақырып бойынша әр алуан ресурстардан (газет-журнал, оқулық) ақпарат жинақтап, онымен өзара бөлісті.

Топтағы бірлескен сұхбаттың пайдасы өте көп. Топта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де студенттердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Студенттердің тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі - төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар қолданылады. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Сұрақты студенттердің білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Топпен, жұппен, ұжымдық жұмыс кездерінде байқағаным диалогтік қарым-қатынас арқылы бала:

- өз ойын ашық айта алады;
- ойлаған идеясын дәлелдеуге үйренеді;
- серіктесінің пікірін қабылдауға немесе оған кері уәж айтуға үйренеді;

Студенттер осы тәжірибеде қолданылған әдіс-тәсілдерді түртіп жазып алып, өздері мектепке өндірістік іс-тәжірибеге барған кезде қолданады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында диалогтік оқытуды енгізудің тиімділігі студнттердің қызығушылығын арттырып, өз білімдерін дамытуға көмек береді.

Өткізілген сабақтарымызды талдай тырып, диалогтік оқыту мәселесіне байланысты қорытынды жасаған сүзгі:

Сабақтарда әдіс-тәсілдерді қолданғанда диалогтік оқыту мәселесі үнемі назарда болу керектігі;

Студенттерге төмен және жоғары дәрежелі сұрақтарды меңгерту (Блумның сұрақ қою өлшемі);

Қорытындылай келе, егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Баланы ізденушілікке баулу оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Бұл жобаның басты идеясы «Үйренуді үйрету» білім беру жүйесі үшін өте маңыздысы. Жеті модульді басшылыққа ала отырып, болашаққа нық сеніммен алға қадам басу біздің ендігі міндетіміз. Яғни үйренген әдіс-тәсілдерімізді жарты жолда қалдырмай оны жетілдіру, дамыту қажет деп ойлаймыз.

Диалогтік оқыту болашақ мұғалімдерді дайындауда тиімді әдіс деген тұжырым жасадық.Егер осы жаңа көзқарас пен жаңа ізденіс жалғасын тапса, студенттер өздерінің еңбек жолдарында жетістікке жететіндеріне сенім артамыз.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей жас ұрпаққа сапалы да өнегелі тәрбие беру, баланың қалыптасқан даралығын анықтап, жігер-қайратын ескеріп, ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі мұғалімдердің басты мақсаты мен тікелей міндеті деп саналады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тренерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 ж.
2.Студентке арналға нұсқаулық, НЗМ, 2015 ж.
3.Үйлестірме материалдар, НЗМ, 2015 ж.
4.Б.К.Умиралиева, З.А.Сапарбаева. Сабақтың тиімділігін арттыратын 370 әдіс + саралаудың 100 тәсілі. Шымкент: «Нұрдана-LTD» баспасы, 2018 ж.

ӘОЖ 82.085.

## «КҮЛТЕГІН» ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

**АБДЕНКУЛОВА Т.Л.**
№32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается связь, сходство текста, написанного на памятнике «Культегин» с эпическим жыром.

**Summary.** The article examines the connection, similarity of the text written on the monument "Kultegin" with the epic zhyr.

Көне түркілердің тілдік, тарихи деректері өте бай. Қазіргі уақытта оларды әлі де жинақтап, зерттей түсудің маңызы зор. Ұзақ жылдар бойы қазақ эпостары мен көне түркі ескерткіштері арасындағы рухани, тілдік дәстүрлердің ортақтығын зерттеген ғалым, профессор М.Жолдасбеков Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Астанаға келуіне орай сөйлеген сөзінде: «ең басты міндеттердің бірі – дүниежүзінің әр мемлекетінің мұражайлары мен кітапханаларында сақтаулы тұрған 15 мыңға жуық түркі ескерткішінің әрқайсысын есепке алу, ғылыми сипаттама жасау және оларды жүйелеу болып табылады. Кейінгі жылдары жаңадан оқылған жазбаларды да ғылыми айналымға түсіретін кез жетті» [1] - деген еді.

Күлтегін жазба ескерткіші − бабаларымыз көне түркілерден қалған даналық мұралардың бірі. Бұл жазба ескерткіш түркі империясын орнатуда даңқы шыққан атақты қолбасшы Күлтегіннің ерен ерлігін шынайы қалпында баяндайды. Осы жазба ескерткіште түркі мемлекетін орнатудағы ұлы жорықтардың көшбасшысы атанған қағандар: Бумын мен Істемі, Елтеріс пен Қапаған, дара туған дана Білге қағандардың ел басқарудағы таланты айшықталып, олардың

образдары сомдалған. Сондықтан Күлтегін жазба ескерткішін бірнеше жыр-дастаннан құралған эпопеялық шығарма деуге негіз бар.

Сол қаһармандық жорықтардың бәрін қабырға тас бетіне тор көз дәптерге жазғандай етіп сығылыстырып түсірген Күлтегіннің немере інісі, Білге қағанның баласы, ақын, қаған Иоллығ тегін еді. Бұған оның осы тасқа түсірілген жазбасының соңында: «Осыншама жазбаларды тасқа түсірген Күлтегін тұқымы Иоллығ тегін мен жаздым, жиырма күн отырып...» [2] деген сөзі негіз.

Күлтегін жазуы көркем әдеби туынды екендігі қазіргі кезде әбден айқындалған. Оның жанрлық ерекшелігі туралы көптеген ғалымдардың айтқан ой-пікірлері әртүрлі сипатта болған. Терең тамырлы тарихы бар эпикалық дәстүрдің эпикалық үлгіде жазылған көркем әдеби сипаттағы Күлтегін жыры сияқты туындыларды да ізін қалдыруы табиғи заңды құбылыс. Күлтегін жырында тарихи жағдайлардың баяндалып, үндеу және арнау түрінде келуі, жоқтаумен аяқталуы, сол сияқты ортақ композициялық құрылымның болуы да ол жазбалар авторларының эпикалық дәстүрді, белгілі бір стильді, тәсілді ұстанғанын байқауға болады. Күлтегін жазбасынан оның авторының сөз шебері ретіндегі өзіндік ақындық, жазушылық деңгейі, фольклорлық дәстүрлерді пайдаланы отырып жазудағы мақсаты «...өмір құбылыстарын таңдап-талғауында, сараптап-саралауында шығармашылық талап жатқаны..., сөз иесінің өмір шындығынан өнер туындысын жасау туралы жатқаны..., әдеби ескерткіш авторының өмір шындықтарын, тарихи оқиғаларды жинақтау, суреттеу даралығы, образ жасау, мінез даралау шеберлігі» [3, 10] аңғарылады.

Жанрлық жақындығы тұрғысынан Күлтегін жырын қазақтың батырлық жырларымен салыстыра қарастырсақ, ондағы идеялар ұқсастығымен қатар бас кейіпкердің аса дәріптелуі, батыр мен тұлпар бейнесінің қатар келуі, батырдың алғашқы ерлік жасап көзге түсуі, қайталаулардың жиі ұшырасуы, сондай-ақ, шешендік сөз, арнау, толғау, жоқтау, мақал-мәтелдер сияқты фольклор жанрларының эпикалық туынды бойында кездесуі, сонымен қатар эпикалық баяндаулардың ортақтығы байқалады.

М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбековтердің жазғандарындай, Орхон жырларының кейбір үлгілерінің кезінде ел ішінде кеңінен жайылған ұзақ жыр нұсқалары болуы мүмкін. М.Жолдасбеков көрсеткендей «соншалықты қырғын жасап, қырғидай тиіп жүрген Күлтегіннің айқас үстіндегі сұсты кейпін, қайтпас қаһарын, үрдіс қимылдарын бір ғана жолға сыйғызу мүмкін бе?» [4, 243]. Осы орайда «Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұсқасы болмауы мүмкін бе?» [5, 94] деген М.Әуезовтің сөзін де еске алуымыз жөн. Ғалым Ә.Қоңыратбаев та кезінде: «Күлтегін жырын Иолығ тегін ғана емес, тайпа ақындары жырласа да ғажап емес», - дей келе, қағандар жанында қобызшы ұстағандығы, көшпелілердің халық поэзиясы тайпалық шаруалар ортасында туғандығы жөнінде, «...оның басы – Түрік қағанатының дәуірі» деген пікірлер айтқан болатын[6, 78].

Күлтегін жыры мен қазақтың батырлық жырларының өзара байланысы олардың идеясы мен тақырыбынан, қаһармандар образдарының жасалу ерекшелігінен, сондай-ақ композициясы мен стилінен, поэтикалық көріністерінен, дәстүрлі ортақ қолданыстарынан байқалады. «Күлтегін жыры да өз заманының белгілі бір әдеби талаптарына, сол дәуірдің әдеби дәстүріне орай жазылғандықтан композициялық құрылысының да өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жазбаларының сюжеттеріне тән ортақ белгі – түркі тайпаларының өзара тартысына, түрлі қақтығыстарына құрылумен, тайпа тарихымен қатар батырдың өмір жолына негізделуінде» [7, 54].

Қазақтың батырлық жырларының біразында сюжеттің басталуына себепші болатын жағдаят бірден көріне қоймайтыны сияқты Күлтегін жырында да батырдың іс-әрекет, жорықтарын бейнелеуден бұрын түркілердің жай-күйіне, тегіне, мекеніне қатысты жайттарға, тарихи жағдайларына тоқталады. Бұдан батырлық жырлардағы қаһарманның тууын, шыққан ортанықбейнелейтін суреттермен салыстыра қарастырсақ, оларда ортақ ұқсастықтың бар екендігін байқаймыз.

«Күлтегін» жырында классикалық эпостардағыдай кейіпкердің ғажайып тууынан өлуіне дейінгі өмірін түгел қамтитын белгілер бар. «Күлтегін» жыры фольклорлану процесіне толық түспегендіктен, оның өмірбаянының берілуінде өмір шындығы болмысына жақындығы мол.

Чача-Сангун әскерімен Күлтегін жиырма бір жасқа келгенде өзі басқарған түркі жауынгерлері соғысады. Осы шайқастағы Күлтегіннің жаумен соғысқан көрінісін жай баяндау түрінде емес, кәдімгідей өлім мен өмір алыс-жұлысқа түскен қанды қырғын оқиға үстінде шынайылықпен суреттеген. Сөзіміз дәлелді болу үшін Күлтегін ескерткішіндегі екінші бөлімнің 32-33 реттегі жыр шумақтарынан мысал келтірейік:

«Шайқастың ең басында Күлтегін

Талдықын Чордың боз атына мініп,
Шабуылға шықты.
Бұл ат сонда өлді.
Екінші шайқаста ол
Ышбара-Ямтардың
Боз атына мінді,
Бұл ат та сонда өлді.
Үшінші ретте ол Иегін-Сілк бектің
Ерттеулі торы атына мініп,
Шабуылға шықты.
Ол ат та сонда мерт болды.
Оның қаруына және сауытына
Жүзден астам оқ тиді.
Бірақ оның қолы-басына
Бір оқ дарымапты» [8, 228], - деп жазылған. Осы өлең тармақтарынан Күлтегіннің қайсар батыр, көреген қолбасшы болғанын көруге болады. Сонымен қатар Күлтегіннің өлімнен қорықпайтын жаужүрек батыр екені байқалады. Күлтегіннің мақсаты түркі халқын азаттыққа жеткізу үшін жорықта қайткенмен жауын жеңу және әкесі орнатқан қағандықты сақтап, оның ісін одан ары жалғастыру болды.

Күлтегіннің қырғыздармен шайқасы туралы баяндайтын 36 реттегі жазбада:
«Ол бір жауынгерін жебемен жайратты.
Екі ерін бірінен соң бірін
Найзамен түйреп жайратты.
Осы шайқаста Күлтегін мінген
Байырқудың ақ айғырының
Белі сынып, мертікті.
Қырғыз қағанын өлтірдік.
Оның жері мен елін алдық.
Сол жылы біз Түргешке қарсы аттандық
Алтун орманын айналып өтіп» [8, 228], - деген жыр жолдарын кездестіруге болады. Осы айқаста Күлтегін мінген ең мықты деген ақ айғырдың белі төтеп бере алмай мерт болды. Ал Күлтегін болса қарсыласқан жауын құтқармай біртіндеп жайратып тастауда. Қысқасы, арнайы таңдап мінген ең жарамды айғыр да шыдамай опат болып жатқан қырғын соғыста Күлтегін одан сайын қаһарын күшейтіп, алға ұмтылып, қарсылас елдің батырларын өлтірді. Күлтегін жасаған мұндай жанқиярлық арпалыстарқол бастаған дара батырдың сом бейнесін бұрыңғыдан да биіктете түседі, бұл әлемдік және қазақ халқының батырлар жырына тән ортақ сарын.

Бұл шығарманың тағы бір ерекшелігі, Күлгетін ескерткішіндегі жыр-дастанға арқау болған ерлік жорықтарының мақсаты А.Македонский, Шыңғыс хан жорықтарындай өзге елді, жерді жаулап алуды басты нысана еткен жойқын шабуыл емес, көрші империяның езгісінде болып, жүздеген жылдар күң болған түрткі жұртын жинастырып тайпаларын біріктіріп, азаттықты орнықтыратын қағандықты құру болды.

Дәлел ретінде оған ақпарат берсек, түркілерді бодандықта ұстап езгі көрсеткен жужандарға қарсы шығып, жеңіске жеткен Бумынға түркілердің басын қосып ел еткені үшін Елхан деген лауазым берілді. Одан кейін аты шыққан батыр тұлғаға Істемі қаған – «есті, ақылды қаған» деген атау берілді. Сонымен қатар Құтлығ – Елтеріс қаған деген лауазымға ие болды. Осыдан Күлтегін ескерткішіндегі жыр-дастандарға азаттыққа жеткізетін мемлекет орнатудағы оқиғалар өзек болғанын айқындалады.

Осыдан байқағанымыз Күлтегін ескерткішіндегі жазба жыр мазмұнының көлемі, оқиғалардың сюжеті үлкендігі жағынан әлемдегі ең көлемді деп саналатын эпостық шығармалардан ешқандай кем емес, себебі көне түркі руна жазбасының бір жолы біткен бір оқиғаны баяндайды.

Батырлар жырының негізгі мақсаты – халықтың намысын қорғау. Өз халқының бостандығы үшін, өз елі үшін, өз жері үшін оларды басқалардың езгісінен, қорлауынан құтқарып, еркін өмір сүруі үшін адал туған аршыл азамат, батыр қаһарлы жауға қарсы шықты. Қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан батырлар жырында елі үшін туған қас батыр «жау көп пе, аз ба?» деп сұрамайды, «жау қайда?» деп сұрап, соған қарсы қол бастап, қаһарлана шабады. Өйткені батырды

бораған оққа қарсы ұмтылдырған, өлімді ойлаттырмай тұрған – ел азаттығы, ол халқын құлдыққа, күндікке бермеуі керек.

Ел намысын қорғау, жерін жауға таптатпау, халқын басқаларға тәуелді етпеу, яғни азаттық үшін күрес – батырлар жырының негізгі идеясы. Күлтегін жазба ескерткішінде батырлар жырындағы осы аталған басты мақсаттар тұтастай сақталынған. Аштық, жалаңаштыққа ұрнығып, тоз-ттоз болып тентіреген түркілерді біріктіріп, ел етіп, азаттыққа жеткізу үшін қағандық құрып, түркі империясын орнатуды көздеген түркі хандары мен батырларының басты мақсаттары Күлтегін жырында айқын жазылған.

Батырлар жырының негізгі өзгермейтін шарты бұл жұлыны тарихи оқиға. Көне заманнан бері батырлар жыры өмірде болған ірі оқиғаларға, елін, отанын, жерін жаудан қорғаған батырларға арналып шығарылады. Дәл солай Күлтегін жыры да жазылған. Біздің заманымыздағы VI-VIII ғасырлардағы түркі қағандығын орнатудағы Бумын, Істемі, Қапаған, Білге қаған, Күлтегіннің әскер жасақтау, қол бастау, жаумен шайқастағы асқан ерлік істері жеке-жеке кейде қос қабат баяндалып, бұл жазбаға бірнеше жыр-дастан болып жазылған.

Мысалы, Күлтегін жырына түркі қағандығын орнатудағы тарихи ұлы жорықтардың бірсыпырасы желі болса, Бумын мен Істемінің батырлық жеңістері, қаһармандық істері арнайы арқау болды. Даңқы жер жарған алып ерлердің бүкіл ғұмыры елін, жерін жаудан қорғап, ат үстінде батырлар жырында жаумен шайқас үстінде өтеді. Күлтегін ескерткішіндегі түркі қағандығын орнату үшін ұлы жорық жасаған Бумын мен Істемі, Елтеріс пен Қапаған, Білге мен Күлтегіндерге арналған жыр-дастандарда сондай, олардың бар өмірі халқының азаттығы жолында жаумен арпалыста өтеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерін зерттеудің кейбір мәселелері // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, –Алматы: Білім, 2001. – 62-66 бб.

2.Еңсегенұлы Т. Күлтегін жазба ескерткіші – авторы бар эпопеялық шығарма. Монография. –Алматы: Толғанай Т, 2012. –252 б.

3.Дәдебаев Ж. Ежелгі әдебиет және халық танымы // Қазақ әдебиеті: ежелгі дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 211 бб.

4.Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 351 б.

5.Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркем әдебиет баспасы, 1962. – 426 б.

6.Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1997. – 368 б.

7.Қоңыратбай Т. Түркі қағанаты кезіндегі фольклор (VI-VIIIғғ.) // Түркология, 2004. – № 4. – 44-46 бб.

8.Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. –Алматы: Білім, 2008.–409 б.

ӘОЖ 82.321.12

## МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК АЙШЫҚТАРЫ

**ШАПАЙ Б.А.**
№ 32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены художественные особенности стихов Махамбета
**Summary.** The article discusses the artistic features of Makhambet's poems

Махамбет өлеңдері – шындық. Өлең шығару, данышпандық ой айту бар да, оны ажарлау, құбылту, айшықтау бар. Ақын дыбыстардың үніне зейін салмаса, бояу – суреттер тағдырына жіті үңілмесе, өлең өрімдей сұлу болып шықпақ емес. Ақын жырларының тартымды да әсерлі болуы ақындық тілдің көркем стилистикасына байланысты. Жыраулар поэзиясында осы стилистикалық ажарлау, құбылту, айшықтау жиі ұшырасады:

Мәселен, XV ғасыр өкілі Асан қайғы:
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,

Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге.

Бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы (ассонанс) жырға көрік беріп, әсемдей, әсерлеп тұр. XVI ғасыр поэзиясының өкілі Шалкиіз:

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па,
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басың қалмас па,
Жат туғанды өз еткен
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па, –

десе бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы (аллитерация) да жырға ерекше ажар береді. Бірақ дыбыс қуалап айтайын деген ол ақындарда ой да болмағаны сөзсіз. Өлеңнің теориясына қарап жатқан, әрине, олар жоқ.

Бұл өзі құйылып жатқан табиғи талант қой. Бұлақтың өздігінен ағып жатқаны сияқты жыр дариясы да өздігінше ағып жатады. Біздер ғой, қазір, олардың шеберлігін тану үшін теорияға салып өлшейтін.

Махамбеттің осындай асыл да әсем бай тіл, ажарлау тәсілдері жырларында жиі қолданылады:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай ...
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей ...

Махамбеттің «Тарланым» толғауында:

Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым …

Махамбеттің «Жақия» толғауында:

Арыстанымның баласы
Алдағанда ел таппай,
Адасқанда жөн таппай,
Арманда қалды жас болып.

Тізе берсек, ажарлау Махамбет өлеңдерінің барлығына тән десек те қателеспейміз.

Сөздің реңін әдеби тілмен ажарлаудың тағы бір түрлі – айқындау (эпитет). Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын.

Махамбеттің «Жалған дүние» толғауында айқындау (эпитет) жиі ұшырасады:

Қоғалы көлдер, құм сулар,
Кімдерге қоныс болмаған?
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?!

Осы сияқты «Арқаның қызыл изені», «Көкше мұзынан таяр ма?», «Асыл ерге», «Күнқақты ер», «Көн садақтың ішінде», «Алтын тақты», «Ханның кірген ақ орда», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Еңсесі биік боз орда» және т.б. жолдар да айқындау әдемі қолданылған.

Махамбет бұрынғы ақын-жыраулар қолданған эпитеттерді қайталамай, өзінше нұсқалы түр туғызды.

Ақын-жыраулар айтар ойын тереңдетіп, құлаққа жағымды, әсерлі етіп жеткізу жағын үнемі ойластырып отырған. Сөзді ықпалды, пәрменді етіп жеткізудің тағы бір жолы – құбылту (Троп). Құбылту – айтайын деген сөзді өзінің тура мағынасында емес, ауыспалы мағынасында қолдану, тұспалдап, астарлап, бейнелеп, түрлендіріп жеткізу. Осы құбылтудың (троптың) бір түрі – ауыстыру (метафора). «Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы, не ішкі белгілі бір ұқсастық белгілеріне қарай сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуын метафора дейміз. Тіл білімінде бұл заңдылықты кейде ұқсату заңы деп те атайды». Ақтамберді жырау:

Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін,

Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен.
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман!

Тәтіқара:

Кебеже қарын, кең құрсақ,
Артық туған Абылай.

Махамбет:

Мен – қарақұстан туған қалықпан ...
Мен тауда ойнаған қарт марал ...

Ат – жігіттің майданы.
Қылыш – жігіттің дәрмені,
Өлім – хақтың пәрмені.

Еменнің түбі – сары бал, –

десе, метафоралық тіркестер өлеңнің әсерін күшейтіп, отты сөзге айналдырып, ажарын кіргізіп, айтпақ ойының экспрессиясын арттыра түскен. Әр жолда өрлік, өршіл мінез бар.

Махамбет өлеңдерінің ауыз әдебиетімен және жыраулар поэзиясымен үндестігінің тағы бірі – оның жоғары да мысалға келтірілген қарамен жазылған жолдарындағы лирикалық «мені».

«Қазақтың ілгері дәуіріндегі ерлік-азаматтық жырлары негізінен «Менге» құрылған. «Тоқтамыс пен Едіге жыры» да, «Орақ-Мамай жыры» да, «Әділ жыры» да, Қазтуған, Доспамбет өлеңдері де – «Мен» поэзиясы. «Батыр меннің поэзиясы» [1, 74 б.] – дейді ғалым Қ.Өмірәлиев.

Махамбет те өзіндік тұлғасын «Мен» түрінде айқындай, көркем бейнелермен салыстыра жырлаған.

Мұндай метафоралар «Ер Тарғын» жырында да («Мен кетемін, кетемін», «Мен аңқау туған бөрімін», ауыз әдебиетінде де («Мен тауда ұялар сұңқармын», «Мен қарағайдан биік біткен терекпін», хандық дәуір әдебиетінде де («Мен бір шапқан жүйрік ат» (Шал ақын) кездеседі.

Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде жиі ұшырасатынын айтып, сөзін дәйекті мысалдармен дәлелдеп, талдап көрсеткен. «Ақындық тілдің өте бір толық түрі – дейді ғұлама ғалым, – ақынның шеберлігін керек ететін (өз орнына қолдана алса), суреттейін деген өмір құбылысын айтып беру үшін мәні күшті ауыстырып айтатын өлеңдердің бір түрі – метонимия (алмастыру).

Махамбеттің:
Қой мойынды, көк жұлын...
Көк жұлынды, жетелеп, –

деген екі жолындағы метонимия әрі сынды, әрі шебер болып шыққан. Бұл сықылды метонимиялар Махамбетте көп» [17, 356 б.]. Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерінде ауыстырудың да, фигураның да түрлері өте көп кездесетінін айтады:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Көл қорыған сен едің –
Сенде айрылдың көліңнен.
Ел қорғаған мен едім –
Мен де айрылдым елімнен –

деген параллелизм, немесе:

Борай да, борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптап соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлығы жоқ тұл үйге
Ту байласаң тұрар ма?!–

деген риторика сұраулар фигураға жатады.

Фигураларды қолданысы да оның негізгі тілегімен байланысты. Бұл риторикалық сұрауларға берілетін жауаптың бәрі де қарындас үшін, қатын бала үшін, екінші сөзбен айтқанда, ел үшін, отан үшін жауға шап деген оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр. Махамбет өлеңдеріндегі көркем тілдердің жеке-жеке барлық түрлері де кездеседі» [2, 357 б.].

Қорыта айтқанда, Махамбеттің өлең құпиясы–оның қазақ өлеңін алабөтен түлетіп, жұтындырып шығарған шығармашылық қуаты, уақыт, заманалар көшінде құнын түсірмейтін ұлы поэзиясы жайлы сөз, ой тасқыны Махамбеттің тыншымайтын, тоқтамайтын ақындық галактикасымен, қазақ халқының құдіреттен дарыған ғажайып сөз өнерімен тұтасып, кірігіп кеткен сарқылмайтын ағым.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі үлгілерімен байланысы // Қазақстан мектебі №6, 2004. – 75 б.

2.Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1970. – 170 б.

ӘОЖ 82.085.

## «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНЫҢ» ЗЕРТТЕЛУІ

**ҚАЗАҚБАЕВА З.Ә.**
№32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрена мысль об изучении литературного памятника «книга Коркыт ата».

**Summary.** The article considers the idea of studying the literary monument "the book of Korkyt ata".

Қорқыт ата кітабы – барлық түркі елдерінің ортақ әдеби жәдігерлерінің бірі, барлық адамзаттың мәдени мұрасы негізіндегі әлемдік деңгейдегі қарастырылып, зерттелген туынды.

«Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткішінен (IX-Xғ) Қорқыт атаның Оғыз мемлекетінде билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Әдеби ескерткіш туралы қарастырмастан бұрын, сол кітаптың кіріспесінде сөз етілетін, барлық түркі халықтарына мәшһүр Қорқыт ата туралы қысқаша тоқталып өткім келеді. Оны Ш.Уәлиханов қазақтың алғашқы шаманы, алғашқы ақыны деп атайды. Қорқыт ата – VIII ғасырда Сырдария өзенінің бойында өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші, көріпкел, жыршы, ел басқарған көрнекті қайраткер болған. Ол туралы көптеген аңыздар сақталған. Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін күрескер ретінде баяндалады. Бірақ ол өмірінің соңында өлмейтін нәрсе жоқ екен деген пікірге келеді. Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздеген. Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде сияқты көрінеді. Ол күйлерін толассыз тартып, дүниеден өтеді. Қорқыт – түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыраулық өнердің атасы. Қобыз аспабын алғаш жасап, тартқан адам дейді. Жиырма жасқа келгенде, түс көріп, түсіндегі ақ киімді кісі: «Қырықтан артық өмір сүрмейсің», - деген соң, нағашылары сыйлаған желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздейді. Қайда барса да алдынан жер қазып жатқан адамдар шығады. «Бұл не?» - деп сұраса, олар: «Бұл Қорқыттың көрі», - деп жауап береді. Жан сақтауға жер қалмаған соң, Сыр суының үстіне кілемін төсеп, аңыратып қобыз тартады. Оның жанын алуға келген ажал күйдің әсерінен неге келгенін ұмытып, тұрып қалады. Қорқыт қалғып кеткен кезде ғана қайрақ жылан болып келіп шығады. Қорқыт бабаның «Ұшардың ұлуы», «Аққу», «Кілем жайған», «Желмая», «Башпай», тағы басқа он шақты күйін қобызшылар сақтап қалған. Қорқытты ажалдан құтқарған қобызы болғандықтан, кейінгі бақсылар ауруды қобызбен емдейтін болған. Аңыздар желісінен осы сынды Қорқыт туралы қысқаша аңыз деректерге куә болуға болады.

«Қорқыт ата кітабы» - түркі халықтарының болашақ үшін қалай күрескендігін, елін, жерін қорғаған ерлердің ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп жырлаған, көрінгенге жем болмай, қайтсе бақытты өмір сүруге болады деген сауалдарға біршама жауаптар берген. Бұл шығарма қоғамдық өмірдің аса маңызды жерлері туралы философиялық ойлар түйіндеген, жоғары бағаланар эпикалық туынды. «Қорқыт ата кітабында» сөз етілген мәселелер, ондағы айтылып кеткен ойлар мен ережелер қазіргі таңға дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Мысалы: «Ақ сақалы жарасқан шал көрікті,

инабатты болса, әйел көрікті, сыйлас болса, ағайын көрікті, үлкен шаңырақтың қасында отау көрікті, жібек шатырдың жібі көрікті, өнегелі болса, бала көрікті», «Көп қорқытады, терең батырады», «Қиып түсер қылышты мұқалтқанша, шаппаған жақсы», «Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне алмас», «Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық», «Шіріген мақтадан мата шықпайды, нағыз жаудан дос шықпайды», «Өтірік сөз өрге баспас», «Қара таудың басындай байлық жиса да, бұйырғаннан артық ешкім ештеңе жей алмайды», «Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі, жалған сөздің болғанынан болмағаны игі», «Ескі киімнің биті ащы, жетім баланың тілі ащы», «Қанша тасып тулағанмен өзен суы теңізді толтыра алмайды, қанша қалың жауғанмен қар көктемнен қалмайды», «Ажал жетпей, өлмек жоқ, өлген қайтып тірілмес, шыққан жан кері оралмас», тағы басқа. Өмірдің мәнін осындай деңгейде терең толғаған, қиындықтары көп бұл дүниеде адам баласының түзу жолда жүріп, бақытты өмір сүруіне көмегін тигізетін осы сияқты қанатты сөз тіркестерін кітапта молынан кездестірдім. Осы секілді терең ойлы сөздер түркі халықтарының түркілік болмысын, өмірдің даму заңдылықтарына сәйкес өмір сүруін анықтаумен қатар, онан бөлек адамдардың жер бетінде тыныш та бақытты ғұмыр кешуге үндеуімен де аса бағалы еңбек болып табылады.[1,310б.]. Мұнан бөлек өзге де нақыл сөздеріне төменде тоқталып өтетін боламыз.

Қорқыт ата кітабының жиналып зерттелу тарихының өзі - жеке тақырып. Көне түркілердің бұл эпостық жыры «Қорқыт ата кітабын» зертетумен шын мәнісіне келгенде жер бетіндегі көптеген ғалымдар айналысқандығы анық. Соның нәтижесінде «Қорқыт ата кітабы» әр түрлі деңгейде біршама шет елдерге де аударылды.

Қорқыт Ата кітабы (“Китаб-и дәдем Коркут ғали лисан таифа оғузан”) мұндағы «дада» (деде) – ата, «лисан» – тіл немесе диалект, «ғали» – ұлы, биік деген сөздерден құралған. Осыларды қысқарта келе біз оны Қорқат ата кітабы деп атаймыз. «Қорқыт ата кітабы» қаһармандық эпостың үлгісі және оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы екендегі көпке мәлім. Қазіргі таңда кітаптың бізге екі нұсқасы мәлім: Дрезденде (12 нұсқа) және Ватиканда (6 нұсқа) сақталған.Кейбір деректерде кітаптың үшінші нұсұасы да атап өтіледі. Дегенммен, бұл нұсқасы көптеп танымал емес. Бұл нұсқа – Берлин нұсқасы. Берлин карольдік кітапханасында сақтаулы тұрған бұл нұсқа, негізінен алғанда Дрезден қолжазбасының көшірмесі болып табылады. Небәрі 34 қана парақтан тұратын бұл нұсқаны берлин кітапханасына тапсырған ол Г.Ф. Диц болуы мүмкін дейді кейбір пікірлерде. Десекте, кітаптың көптеген тілдерге аударылып, анағұрлым көбірек зерттелгені – Дрезден нұсқасы ғана. Бұл еңбектегі жырлар жер жүзіндегі барлық түркінатанушыларға мәлім. Осы бір еңбек жөнінде бүгінгі күні 314 зерттеу және, 462 еңбек жазылған. XIX ғасырда бұл жазба ескерткішті зерттеп, аудару ісімен академик В.В. Бартольд айналысып, жеке тармақтарын жариялаған болатын. Кейінбұлаудармa 1950 жылы әзірбайжан тілінде “Деде Горгуд” (Баку, 1950), орыс тілінде “Книга моего деда Коркута” (М.–Л., 1962) дегенатпенжарыққашыққанеді. [2,291б.] Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен қазақ тілінде 1986 жылы тұңғыш рет басылып шықты. Мұнымен қоса еңбек Қазақстанда М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбай, тағы басқа авторлардың еңбектерінде зерттелген.

Қазіргі уақытты алатын болсақ, Қорқыт ата кітабын зерттеу 21-ғасырда жаңа биіктерге көтерлді және көптеген жоғары деңгейдегі зерттеулер санымен толықтырылды деп айтуымызға толықтай негіз бар. Себебі, жазба жәдігердің ішіндегі толық зерделенбеген транскрипциялар мен дұрыс оқылмаған, осы кезге дейін түсініксіз болып келген тұстарына қатысы бар жаңаша зерттеу еңбектері жарық көріп, зерттеу еңбектерінің қатарына қосылды.

Ендігі кітаптың өзіне қысқаша тоқталып, қарастырсақ. «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасы, жоғарыда айтып кеткеніміздей оғыз батырларының қаһармандығын суреттейтін он екі жырдан тұрады. Атап айтсақ:

1. Дерсе хан ұлы Бұқаш хан жыры.
2. Салор Казанның үйінің шабылғаны туралы жыр.
3. Кам Берінің ұлы Бамсы Бейрек туралы жыр.
4. Қазан бектің ұлы Ораз бектің тұтқын болғаны туралы жыр.
5. Дука Кожа улы Делі Домрұл туралы жыр.
6. Қаңлы Қожа ұлы Қан Туралы туралы жыр.
7. Қазылық Қожа ұлы Йегенек туралы жыр.
8. Бисаттың төбекөзді өлтіргені туралы жыр.
9. Бегіл ұлы Әмірен туралы жыр.
10. Үшун Қожа ұлы Секрек туралы жыр.
11. Салор Казанның тұтқын болып, оны ұлы Ораздың құтқарып алғаны

туралы жыр.

12. Іш Оғыздың Сырт Оғызға жау болып, Бейректің өлгені туралы жыр.[3,4б.] Бұл жырларды оғыз батырларымен қатар, ондағы тайпалардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, діни сенімдері және тағы басқалары туралы да көптеген мағлұматтар беріледе деуге болады.

«Қорқыт ата кітабында» жазылған кіріспеге қарайтын болсақ, Қорқыт жырларындағы шежіреге сай негізгі үш кезеңді көрсетуге болады.

Алғашқы кезең: Оғыз-қыпшақ тайпасының ұйымдасу яки бірігу кезеңін сипаттайтын жырлар. Бұған; «Бәмсі-байрақ», «Дерсехан баласы-Бұрқаш батыр», «Бұрқаш батыр», «Қан Төрәлі», «Домрул», «Бисат» жырын жатқызуға болады.

Екінші кезеңі: Түркімендер және пешене ұлыстарының арасындағы 34 жылға дейін жалғасқан араздықты суреттейтін жырлар. Бұған «Қазан, оның баласы Ораз жайындағы» жырларын жатқызады.

Соңғы кезеңі: Оғыз-қыпшақ тайпаларының ыдырауын білдіретін жырлар. Бұған көбіне ішкі оғыздарға қарсы бас көтерген, Қазанның қырдағы қыпшақтарынан аманатқа алған өгей баласы Аруз жыры жатады. Мінекей кітапты алып қарағанда жырлардың өзін шежіреге сай осылай топтастырып, бөліп қарастырған екен.

Әдеби, әрі тарихи халықтық жәдігер ретіндегі «Қорқыт Ата кітабында» қазақ эпосына тиісті көркемдік кестелермен қатар қазақтың тарихы мен мәдениетіне де қосатын мәліметтер де молырақ. Сондай-ақ жазба еңбекте оғыз тайпаларының этникалық тегі, этнографиясы, мекен еткен жерлері, әлеуметтік жағдайлары тағы басқа да мәліметтер көптеп сақталған. Жырдағы қаһармандық, батырлық сарындары асаназар аударарлық. Жырлардағы кейіпкерлерге назар аударатын болсақ, «Қорқыт» жырындағы жойқын алыптардың ұлы ағасы Қазанбек, Қазан алып - «Қорқыт» хикаясы мен «Оғызнаме» дастанының жарқын бейнесі, онын қасына ерген алып достары - Байбөрініңұлы Бамсы. Бұйрық (Берік), өз інісі Қара-Көне, оның баласы Қара- Бодау, баласы Ораз алып, Әзірейілмен алысатын жойқын алып Домрул (Домбауыл), Тебекөзді өлтіретін асқан ер Бисат, Қазылық қожа ұлы - ер Жүгнек, Қаңлы Қожаұлы Туралы (Тураналы), Үйсін -Кожа балалары Екрек, Секрек, Құртқа үлгі беріп, нақыл сөз айткан атақты жырау Қорқыт ата, ұйытқы болган кемеңгер ойшылдар - Баяндір хан, онын, ер ұлы Букаш. «Қорқыт» дастанына негізгі кейіпкерлер болған тарихи адамдар осылар.[1,296б.]

Тарихи тұрғыда мойындалған тұлға - Қорқыт атаның айтқан, бізге жетті деген нақыл сөздері, Қорқыт есімімен байланысты аңыз-әфсаналар мен жырлары еш уақытта маңызын жойған емес. VII - VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, өмір сүрген, мәңгілік өмірді аңсап, халқына бақытты ғұмыр іздеп, дүниені шарлаған, артында мәңгі өшпес орасан бай мұра қалдырған және осындай аңыз кейіпкері һәм тарихи тұлға, әлемге әйгілі болған Қорқытты зерттеу ісімен Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Ысқақов, М.Байділдаев, Ш.Ыбыраевтар, т.б. болды. Бұлардың ішінде, әсіресе, қорқыттануға айрықша зор үлес қосқан өзі археолог, өзі этнограф, өзі мәдениеттанушы және әдебиеттанушы ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның болжамды пікірлері, дәйекті тұжырымдары мәдениеттану, өнертану, әдебиеттану сынды ғылым салалары үшін бірден бір қажетті, маңызды еңбектер. Себебі, ғалым Қорқыт есімімен байланысты жинаған аңыздарды, Қорқыт айтты деген тәрбиелік-философиялық мәні терең нақыл сөздерді, Қорқыт тартқан күйлерді, «Қорқыт ата кітабындағы» ерлік жырларды жан-жақты талдай келе: «Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған [4.24-25б.]» - деп баға береді.

Қорқытқа қатысты аңыздардың дені «Қорқыт ата кітабында» сақталған. Түркі халықтарына ортақ «Қорқыт ата кітабы» көне оғыз тайпасының эпикалық жазба ескерткіші. Кітап оғыздардың өмірін баяндайды. Оғыз, қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған. Бізге жақсы мәлім аталмыш кітапты оғыз, қыпшақ әдеби ескерткіші деп атауымыздың да өзіндік себептері бар. Себебі, жырда кездесетін көптеген оғыз тайпасының жер-су, тайпа атауларының барлығы дерлік осы жырларда кездеседі. Десекте, Қазақстанның жер аттары да Қорқыт ата кітабында аз кездеспейді. Яғни, ішінара байланыстары бар. Мысалы: Онда жиі айтылатын Арку (Арқа) белі жырда «Арқа белі Ала тағдан асыңыз», «Ала тағлы оғыз», «Кокчетау», Ортау-қыры (Ортау қыры), Кокче-теңіз (Балқаш көлінің ескі аты, Арал теңізі), Сыр суы, Яик (Жайык), тағы басқалар.Бір ғажайып жері Қазақстан даласының көп жеріндегі ескі Қорқыт дәуіріндегі оғыз тайпаларының аттары бүгінге дейін сақталып келген. Солардың бірі тарихи заманнан айтылатын Бұзақ тайпасы - Сырдарияның сол жақ бетінде. Артық ата қаласына таяу тұрған ескі каланың аты: екінші төбе Бұзақ қаласының төбесі,

Бөген өзенінің бойында тағы бір қорым Сыр суының төменгі жағында, Жеті асар қаласының орнына таяу жерде.[1,325б.] Осы секілді кейбір деректер көптеп кездеседі.

Көшпелі өмір салттағы бабаларымыздың табынары Тәңірі, сыйынары аруақ, тілдесері табиғат болса, осылардың бәрімен байланысып, дәнекер болатын тұлға бақсы еді. Білектің күшімен енген мұсылмандылыққа ең ұзақ қарсыласқан сол даланың өмір салтына айналып кеткен Тәңірлік нанымсенім еді. Оның бас тұлғасы бақсы мен құдіретті қара қобызы болатын. «Қорқыт – Шығыстың ең алғашқы бақсысы» [5.67б.]. – дейді Шоқан Уәлиханов. Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі Сыр бойында сақталған. Барлық жыраулардың және күйшілердің атасы – Қорқыт туған жерде жыршы-жыраулардың ежелден қанат жайғаны шүбәсіз. Араға сан ғасырларды салса да Қорқыт күйлері мен жырлары бүгінгі күнмен өзектес, сарындас десек қателеспейміз. Кез келген өнер туындысы әбден екшеліп, уақыт елегінен өткен маңызы мен мәйегі ғана елдің есінде сақталатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Осы орайда Қорқыт күйлері мен жырларының бүгінгі күнге жетуі баға жетпес байлық екенін айта кеткеніміз жөн болар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Марғұлан Ә.. Шығармалары. 1 том. – Алматы: Алатау, 2007.– 609 б.
2 Қоңыратбаев Ә.. Шығармалары. 2 том. – Астана: Фолиант, 2008. – 479 б.
3 Қорқыт ата кітабы. – Нұр- сұлтан: Күлтегін, 2019. – 686 б.
4.Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, Білім, 1994. 334 б.
5 Қоңыратбаев Ә.. Қазақ фолклорының тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

ӘОЖ 81'1:81'32

## ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**АБДИКЕРИМОВА А.Ж.**
№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье говорится о национальных ценностях в произведении Оралхана Бокей. Сообщается о том, как писатель раскрыл казахскую идентичность через персонажи, какими методами передал забывающиеся ценности народа. Для прояснения данных мыслей приводится примеры-отрывки из произведения писателя.

**Summary.**This article is about national values in OralkhanBokei`s works. It is narrated how the author revealed the Kazakh existence through characters` nature and the ways in which he provided our vanishing values. The author`s excerpts of works were given to concretize spoken thoughts.

Ұлттық құндылық – әр халықтың болмысында ғасырлар бойы қалыптасып, тарих көшімен бірге атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани қазынасы, байлығы. Төлтума мәдениет, өнер, әдебиет, тіл мен діл, салт-дәстүр – мұның бәрі де ұлттық құндылықтың ажырамас бөліктері.

Ұлттық құндылықтарды насихаттаған шығармалар көптеп жазылған, әлі де жазылып келеді. Сондай жазушылардың бірі – Оралхан Бөкей. Қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында өзіндік өрнегімен келген жазушы 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында туылған [1].

Оралхан Бөкейдің қаламынан туған «Қайдасың, қасқа құлыным», «Бәрі де майдан», «Өліара», «Құм мінез», «Қар қызы», «Сайтан көпір» сынды роман, повестері және көптеген әңгімелері қазақ әдебиетіне жаңа серпін әкелді, төл әдебиетімізді түрлендіре түсті. Өйткені Оралхан шығармаларында романтизм де, реализм де, философия да, миф те бар.

Жазушының әр шығармасынан туған жерге деген махаббат, құрмет мен мұңдалап тұрады. Оның кейіпкерлері де туған жеріндегі қарапайым адамдар. Сол қарапайым адамдардың ішкі толғанысы мен сыртқы бейнесін ұштастырып суреттеу арқылы үлкен тақырыптарды сөз етеді автор. Қазаққа ғана тән мінездерді, құндылықтарды да Оралхан шығармаларынан көреміз.

Қазақ халқына тән құнды қасиет, мінездің бірі – обал-сауапты білуі. Осы мінездің жойылып бара жатқаны жайлы мәселені Оралхан Бөкей «Мұзтау» повесінде қозғайды.

«- Ей, қызыл құм, неге баяғыдай көшпейсің?

Көше бергеннен көрген пәтуам кәне?

Адамдар үшін бір тамшы суыңды қимай, қазған сайын неге қаша бересің?

Қазір адамдардан су ғана емес, табиғаттың орман, тоғай, аң-құсы бәрі қашып барады»... деген жолдар бар [2].

Автор үшін Алтай тауы тек географиялық нүкте емес, оның әр бөлшегі құнды. Табиғатқа зиян тигізу арқылы адамдар өздеріне де, болашағына қиянат жасауда. Адамдар тарапынан аяушылық көрмеген қоршаған орта уақыт өте келе жойылып, тозып бетеді. Міне, автор осы ойлар арқылы обал, сауап, аманатқа қиянат жасамау сынды құндылықтарды көрсеткісі келеді.

«Мұзтау» шығармасындағы құндылықтардың жойылуы мәселесі мұнымен бітпейді. Ақтанның «ертек адамның ең соңғысы болуы», Асан шалдан кейін «ауылдың бар әңгімесінің, карттығының мәңгі келмеске кетуі», «ширек ғасырдан бері жақ ашпаған» [2], туғалы сөйлегенін көрмеген шешесінің кенеттен сөйлеп кетуі – Кеңес тұсында айтуға тыйым салынған шындықты автордың астарлап жеткізуі. Жазушы әруақ пен Асан шалды айтыстыру арқылы «уақыт пен кеңістікке» сапар шегіп, туған жердің тарихын да баяндайды.

Жазушының көпшілікке таныс 1973 жылы жазылған «Қайдасың, қасқа құлыным» атты повесі бар. Бұл шығарма ұлттық құндылықтарымыз туралы, олардың жойылып бара жатқандығы жайында автордың күңірене жазған туындысы болды. Повесть әке мен баланың таң бозымен жолға шығуынан басталады. «Дүниедегі ең мықты, әрі ақылды, әрі мың жасайтын тек қана менің әкем екенін, менің әкемнен асқан адамды осы жасыма дейін көрмегенімді, талай ауылды, талай қаланы аралап сандалсам да таппағанымды, тіпті енді мың жылдан соң да таба алмайтынымды, өйткені әкем мені дүниеге әкелгенін, өйткені менің әкем...» [3] дейді кейіпкер-автор. Бұл жолдарда қазақтың Әкеге деген құрметі, махаббаты, сыйластығы жатыр. Үлкенді сыйлау, ата-ананы қадірлеу сынды қасиеттерді жастарға үлгі етеді жазушы.

«Өз отыңды өшірме» дейді қазақ. Бұл тәмсілді жазушы шығармада былайша береді: «Сонсоң өзі жаққан отқа өзі су құймас болар. Сонсоң, – деді сәл ойланып, бұл ретте жалт етіп шапшаң бұрылды. – Сонсоң... әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар, қарт бабадан қалған талай салттың бықсып өшіп қалғаны, тапалап, таптап кеткені бір бұл емес шығар, ербимей, шаужайлай түс биені» [3]. Жазушы жоғалып бара жатқан қандай салт-дәстүрді айтқысы келді, бұл жайында шығарманың өн бойында сөз болады.

Шығарманың барысында бұғының мүйізін кесетін оқиға бар. «Кербұғының мүйізінен қан шапшығанда көзімді баса қойдым. Бірақ бәрі бір судай аққан қып-қызыл қанды көрдім. Көзімді қайта аштым, бәрі бір жанар тау боп атылып жатқан қып-қызыл қанды көрдім» [3] деп баяндалатын жолдарда мүйіз кесу арқылы келелі мәселені қозғайды автор. Қазақта баяғыдан келе жатқан «мүйізі қарағайдай» деген тіркес бар. Бұл мүйіз қазақтың қайсарлығын, батылдығын, ержүректігін білдіретін символ сөз еді. Міне, осы оқиғада, мүйізді орыс кейіпкер Матвейге кестіру арқылы жазушы халқының талай рет қан-жоса боп қырылып, азаматтарының қаны судай ағып, батылдығынан айрылып, ақыры мүйізсіз қалған бұғыдай ұлттық құндылықтарынан да айрылып жатқанын суреттейді.

Шығарма соңында Сарқынды шал өзімен бірге домбырасы мен сыбызғысын көмдіртуі де кеңестік замандағы тіліміз, ділміз, төл мәденеитімізден айрылудың белгісі еді.

Повесте Аналық есімді кейіпкер бар. «Бала кезде байқамаппын, Аналық ертектер мен халық жырларында суреттелетін қазақ қыздарының ең ақырғы, ең аяулы сарқыншағы секілді, осы әзірде ғана эпостарды бұзып шығып, бүгінгі өмірімізге, бүгінгі ұрпаққа жалт етіп бір көрінгелі, көңілдеріне қаяу салғалы, қазақ қыздарының ең асыл қылық мінездерін көрсеткелі келген сықылданды» деген жолдар арқылы Аналықтың бейнесін суреттейді автор. Бұл жолдарда жазушы қазақ әйелінің нағыз бейнесін көрсетіп, енді мұндай сұлу әйелдің бейнесін көре алмайтынын, Аналықпен бірге небір көркем мінездер, асыл қылықтар келмеске кететінін жазады. «Әйелдерге теңдік» деген ұранның қазақ әйелінің нағыз болмысын бұзғанын, мұндай сұлу әйелдерді енді тек ертегілер мен эпостардан ғана кездестіретінімізге күйінеді жазушы. Қазақы әйел болмысы, асыл қылықты дана әйелдер бейнесі – бұл да бір ұлтымызға тән құндылық екенін жазушы осылайша шығармасында оқырманға жеткізеді.

Жазушының бір алуан шығармалары «Ауыл хикаялары» деген атпен жарық көрген. Ауыл хикаясына енген әр кейіпкер өзінше бір әлем. Бұл қарапайым ғана кейіпкерлер бейнесі арқылы жазушы нағыз қазақы болмысты, қазақы мінезді көрсетеді. Мәселен, әңгімедегі мына жолдарға назар аударайық:«Қорықпа, ұлым, – деді Апам. – Әйел адам мал бауыздамайды. Сен – азаматсың! Кәне, мықтап ұста» [3]. Қазақ халқы ұл баланы елдің ертеңгі қорғаны, азаматы деп тәрбиелеген. Кішкентайынан-ақ ұл баланың өмірдегі, қоғамдағы, отбасындағы орнын, жауапкершілігін

нақтылап көрсеткен. Шаңырақтың басшысы ер адам екенін, жүктің ауыры да ер адамдарға артылатынын осы бір-екі ауыз сөзбен-ақ айтып ұғындырған.

«Апамның астауы» шығармасы арқылы жазушы көшпенділер цивилизациясындағы қазақ әйелінің ең ізгі мінез, бейнесін көрсетеді.

Ал «Тортай мінер ақ боз ат» повесінде бас кейіпкердің ақ боз атқа мініп алысқа сапар шегуді армандауы фольклорлық шығармалармен үндес келеді. Жылқы – жеті қазынаның бірі, қазақтың рухы. Тортай арманын жүйрік атпен байланыстыру да жазушының ұлтық құндылықтарды дәріптеуінің бір көрінісі болса керек.

Оралхан Бөкей барлық туындыларында тарихи, саяси оқиғаларды емес, өз дәуірінде өмір сүрген қарапайым адамдардың қым-қуыт мінездері мен олардың сезім-күйлерін, адами асыл мұраттарын сөз етеді. Сол арқылы халықтың болмысын ашып, құндылықтарды дәріптейді. Оралхан шығармаларының оқырманға берері көп, салар ойы да мол. Сондықтан да жазушының туындылары әлі де терең зерттеліп, оқырманға жол тартуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.https://adebiportal.kz/kz/authors/view/846
2.Бөкеев О. Мұзтау. – Алматы: «Жазушы», 1974. - 256 б.
3.Бөкей О. Қайдасың, қасқа құлыным. – Астана: «Елорда», 1999. -328 бет

ӘОЖ 82.085.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ДИУАНИ ХИКМЕТІ, МАЗМҰНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

**ТЮМЕБАЕВА Л.С.**
№32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье проанализировано содержание «Дивани Хикмет» Ходжи Ахмеда Яссауи и проанализировано значение

**Summary.** The article analyzes the content of "Divani Hikmet" by Khoja Ahmed Yasawi and analyzes the meaning.

Ахмет Яссауи Даналық кітабын Орталық Азия мен қыпшақ жерінің түркілеріне сол уақытта түсінікті болған шағатай тілінде жазған. Осының арқасында терең ой жүгірту арқылы түсінілетін арабша жазылған қасиетті Құран Кәрім, көптеген хадистер мен тәпсірлердің қағидаларын жергілікті халықтар түсініп оқуға мүмкіншілік алды. Диуани Хикмет жазыларда түркі тайпаларының ауыз әдебиеті мысалдарына негізделген. Көшпенділердің мәдениетіндегі тілдік-көркемдік тәсілдер, мәнер-модельдік амалдар асқан бір шеберлікпен қолданыла отырып дүниге келген көркем туынды.Талай ғасырлар өтіп, қолдан-қолға тиіп ақырында түпнұсқасы жоғалған. Ең ескі деген көшірмесі араб әрпімен XV-ғасырдың орта шенінде жазылған.

Сөз басында өзінің сопылық жолға түсуін Алла Тағаланың пәрменімен, күшімен Алланың бұйрығымен болғандығыменен байлайды. Тоғыз жастан он беске дейінгі хал-жағдайының ең негізгі көріністері баяндалады:

«Адамдарға сөз айттым талап етсін деп,
Жарқын сөйлеп қасымдағыны жаным деп
Дімкәс, пақыр, жетімдер басын сипап,
Міне, діні қатты халықтан қаштым» [1, 27 б.]

Өзінің ең бірінші хикметін Ахмет Яссауи мінездің жұмсақ болуымен, мүсәпір, әлсіз адамдарға қол ұшын беріп көмек көрсетумен бастайды.Бұлай өзінің шығармасын халыққа таныстыруында да мән бар.Енді ғана ислам діні түркілердің арасына жайылып, қанат жаю кезі. Халықтың бәрі бірдей бола бермейді. Біреулері өздерінің ежелден ұстанып келе жатқан қағидаларымен, өмірге деген көзқарастарымен сәйкес келгені үшін ислам дінін қабылдауларында еш қиындық болмады. Ал ендігі біреулері ата-баба заманынан келе жатқан діндерінде болған соң (заратуштра діні) Қожа Ахметтің айтқанын бірден ала кеткен жоқ. Сол үшін де Ахмет Яссауи

барлық діндер бір Алладан келгенін, оны жеткізген барлық пайғамбарлар да бір Тәңірден келгендігін, бәрі бір нәрсені жеткізгісі келгенін айтты.

«Қайда жүрсең де көңлің жұмсақ, сыпайы бол,
Көре қалсаң міскінді дәмдес бол.
Қайта тірілгенде құзырына жақын бол,
Міне, менменсінген халықтан қаштым.»
«Үммет болсаң, әлсіздерге жақын бол,
Аят, хадис сөздерін тыңдап ал.
Рызық берсе, тағдырға қанағат қыл,
Міне қанағат етіп сауық шарабын іштім» [1, 27 б.]

Яғни, ислам дінін таныстыруда оның құнды қасиеттерін айтып бастайды. Сыпайылық, қайырымдылық, мейірімділікті насихаттайды. Ислам діні дүниеқоңыздықты, пасықтықты қатаң сынға алады, олардың адам өміріне тигізетін зияны қоғамды бұзатынын айтып,таныстырады:

«Ақылға ерсең әлсіздерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кез де, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Міне бойым тыйылып дариядай тасыдым» [1, 28б.]

Енді бұл заманға сай болғаны, бұған дейінгі діндердің мәйегі болған, ең кемел болғаны-ислам діні екенін айтады. Осылайша өзінің өлең жолдарын қайырымдылықпен бастайды.

Алла Тағала адамдарды әртүрлі етіп жаратты. Біреуі бай болса біреуі кедей, дені сау мен дімкәс т.с.с. Адамзат талай ғасырлар бойы қауымдасып, бірге өмір сүріп келе жатыр. Адамдар әртүрлі болғандықтан бірінде жоғын екіншіден тауып бақытты өмір сүреді. Мұқтаждықтарын қанағаттандырып кем-кетігін толтырып үйлесімдікте өмір сүру керектігін ислам діні талап етеді. Жер бетіндегі пенделер азғындап, адам деген аттан айырылуға кішкене қалған кезде Алла Тағала ізгілікті үстем ету үшін өзінің сүйікті пайғамбары мен оның сахабалары тарих бетіне шығады. Ислам дінінде жақсылық жасап жарысқаннан артық нәрсе жоқ, жақсы адамдардың қасиеттері олардың жақсы, ізгі іс жасауда екенін түсіндіреді. «Ғәріп, пақыр, жетімдердің басын сипап» деген жолдарында жетімдерге мейірлене қарау керектігін айтады. Құран кәрімде жетімдерге қарайласып жүруге,әкесінен қалған малын асырап беруге,титімдей де ақысын жемеуге шақырады.Ол заман-соғыс заманы. Бір мемлекет аяққа тұрып өрістеп келе жатса енді біреуі жойылып қирап-күйреу үстінде. Сондай аласапыранда, әркім өз жағдайымен әлек болып жүргенде байғұс ата-анасынан айрылған, көзімен көмек күтіп тұрған жетімдерге кім көмек береді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): « Жетімді өз қолына алған адам, мына екеуі сияқты жәннатта жақын (аға - іні) боламыз», - деп нұсқаушы және орта саусақтарын көрсеткен. Жетімді жебеп тойдырған адам жаннатта сыйлы болады, ал оларға қыспақ көрсеткен қайғылы жағдайға душар болады деп ескертеді. Ол жетімнің әке-шешесі соғыстата не қапияда қайтыс болған шейіттер. Олар біреудің аға-інісі, әпке-қарындасы. Сөйтіп халық арасында босып, қарайласатын адам таппған жетім болмаған. Қазақ халқы жетімді бөтен көрмеген. Өзінің бауыры туысы руласы одан ары кетсе бір Адам атаның баласы деп құшағын жайған.

«Нәпсім мені көп жүгіртті хаққа бақпай,
Күндіз-түні бейғам жүрдім жасым ақпай.
Нәпсім мен менмендікті отқа жақпай,
Қайғы жұтып жер астына кірдім, міне» [1, 50 б.]

Қожа Ахмет Яссауи нәпсім мен менмендігімді жоймай, олардан айырылмасаң бейғамдықта, Алланың назарына ілікпей жүресің дейді. Менмен деген кім? Менмен деген пенде, ол өзін ғана жақсы көретін, әрі өз қамын ғана ойлайтын, әрі өзімшіл де уайымшыл пенде. Менмендердің ұраны «өмірде барлық нәрсені көріп қал, барлық нәрсені сезініп қал. Бір рет қана өмір сүреміз. Барынша ләззат алып қалуымыз қажет. Өмір деген қатал. Өмірде қасқыр болу керек. Өйткені сен біреуді жемесең сені біреу жейді». Осылайша олар әлемді осылай талқандайды. Ондай адамдар ойларына не келеді соны істейді. Нәпсілерінің құлдарына айналады. Мұндай ұранды өміріне негіз етіп алғандардан патриоттық, отансүйгіштік, мейірімділік, қамқорлық, жанқиярлық, қайырымдылық секілді қасиеттерді көре алмайсың. Олар ойлаған мақсатына жету үшін оп-оңай пара бере салады. Өзіне лайық болмаған орынға отырып одан әлдеқайда лайықты, білімді азаматтардың жолын байлайды. Сол салада жүріп ештеңені қарықта қылмайды. Не үшін? Өйткені оған халықтың жағдайы қызық емес. Өзінің міндетін толық орындамаса соның кесірінен халық қиналатыны маңызды емес. Өйткені халықтың жағдайын жасау өзінің ұранына, ұстанатын принципіне қарама-қайшы келеді. Елдің мұң-мұқтажын өтеп, көңілдерінен шығып жүруі оған рахат бермейді. Одан да

оның орнына істі тез-тез, қалай болса солай бітіріп рахаттанып ішіп-жеп жатқаны артық. Бұл кесел қоғамның әрбір мүшесінде бар, жайылып кеткен ауру. Оқушы мұғалімді тыңдағанда да, мұғалім балаға сабақ үйреткенде де, ата-ана мен бала арасында, мемлекеттік қызметте де көрініс тауып отыр.Тіпті дәрігерлер де келген емделушіні емделуге келген адам ретінде қарамайды, ақша табудың көзі ретінде ғана көруі көңіл көншітер жай емес.

Алланы тану арқылы дүниенің құпия-сырлары ашылады. Жауабы қиын тылсым-жұмбақтарды шешіп қоймай, менмендіктің өзі таңғажайып құпия. Менмендік деген кілт адамның қолына аманат ретінде берілген. Осы кілт арқылы ғаламның бүткіл қақпаларын, құпияларын ашуға болады.

Алла өзінің істерін және оның шындық тұсын көрсететін яки оларды таныстыратын белгілер мен мысалдарды өзіне жинап тұрған менмендікті адамзатқа аманат ретінде берген. Менмендік салыстыру аспабының жұмысын істейді.Оны тек салыстыратын аспап деп білу қажет. Ол мәлім бір болмыс емес. Адамның ойындағы затты әрі жоқ нәрсені бар деп салыстыратын геометрияның шартты сызығы ретінде,аспап деп қолдану қажет.

Егерде не үшін Алланың есімдерін тану менмендікке байланысты делінсе, онда оның жауабы былай:

Абсолютті, шамасы шексіз әрі кең бірдеңенің шегі болмағаны үшін, оны суреттеу, пішіндеу тіпті елестету қиын нәрсе. Оның не нәрсе екендігі аңғарылмайды.

Мысалы, түнекті жоқ қылатын қатты бір жарықтың бар болуы, жарықтың бар екендігін байқатпайды. Ал жанына бір ойша қараңғылықты қойсақ, олардың арасындағы шекара белігілі болады.

«Алланың Құдірет, Хаким, Ілім және Рахим секілді сипаттарының аумағы шексіз, кең, ауқымды болғаны үшін бір кесімді ой байлау, қандай екендігін аңғару, сезу қиын.»[2,15 б.]. Сондықтан шартты ой-қиял арқылы шекараны сызамыз. Ал, бұл нәрсені тек менмендік қана істей алады. Өз бойында құдірет, ілім, басқару бар деп шамалай алады. Осылайша ауқымы кең сиаттарға оймен шекара сыза алады. Кішкене сәл-пәл өлшемдер мен олардың мағынасын түсіне бастайды. Өзінде бар кішкене иелігі арқылы Алланың әлемге иелік ететіндігін түсінеді. «Мына үйдің иесі мен болған сияқты, мына алып әлемнің де иесі,жаратушсысы бар» дейді. Өзіндегі білімі арқылы Оның асқан ілімділігін,үйренген өнері арқылы Оның асқан өнер шеберлігін түсінеді. «Мен кішкене бір үйді тұрғызсам, Ол ғаламды ретке кетіріп тәртіппен жаратқан» деп пікірлей береді.

«Менмендіктің бойына Алланың бүкіл есім-сипаттарын, әмірлерін түсіндіретін қабілет, қасиет, сезімдер қойылған» [3,13б.]. Ендеше менмендік бір айна секілді әрі салыстырушы аспап. Өлшейтін құрал сияқты өзіне емес біреуге қызмет жасайды. Менмендік адам бойындағы сансыз сезімдер қабілеттер арасындағы бір кішкентай бөлік. Адам бір арқан болса менмендік бір қылы. Адамды тұтастай кітапқа теңесек, ол оның бір әрібі.Менмендіктің екі жағы болады. Бірі жақсылыққа, бірі жамандыққа қаратылған. Құдіреті тек ойында, Қолынан түк келмейді, өздігінше әсер ете алмайды. Бір нәрсені өлшейтін,түр-түсін анықтайтын, өлшеуіш құралдар барометр, термометр секілді аспап. Алланың аманатына қиянат жасамай менмендікті қолдану арқылы әлемге қарайды. Қандай міндет астында екендігін аңғарады. Бұндай нәпсіге келген ақпараттар менмендікпен өңделіп келген ақиқаттар хикметті нұрға айналып ұлғаяды.

Борышым Жаратушының сипаттары мен есімдеріне өлшеуші аспап болып ақылмен қызмет ету дейді. Осылайша пайғамбарлар мен әулиелер менге осы тараптан қарап ақиқат-шындықты түсінген.Табиғат болса ол тек дүниеге қойылған заң-ережелердің жинағы деп тұжырымдаған. Философияның қағидасына сәйкес күш-қуатты негізгі тірек ретінде алады да «Кім мықты болса соніңкі дұрыс», «Хақ күште жатыр» дейді. Ал оны «Хақ күште емес, күш хақта» деген дұрыс болар.

Мысалы өзара жәрдемдесу заңдылығын айталық. Оған бүкіл жаратылыс ай мен күн, жануарлар мен өсімдіктер әлемі толықтай бойсұнады. Өсімдіктер жануарларға, жануарлар адамдарға жәрдемдеседі. Тіпті желінген тамақ нәрі бойдағы жасушаларға медет беріп, көмекке асығады. Ақылдары теріс қалыптасқандар бұл заңдылықты басқаша ойлап «өмір-соғыс» деп тұжырым жасады. Өйткені олардың көретіні сол. Осылайша Қожа Ахмет Яссауи жіптің бір ұшын бізге ұстата салып ары қарай тарқата жөнелесің. Құндылығы алмаз сияқты болған ақиқаттармен кездесесің.

Үммет болсаң, әлсіздерге жақын бол,
Аят, хадис сөздерін тыңдап ал.
Рызық берсе, тағдырға қанағат қыл,
Міне қанағат етіп сауық шарабын іштім[1,57 б.]

Қожа Ахмет Яссауи сопылық жолының яғни тариқаттың көшбастаушы кемеңгер, көсемі. Тариқат жолындағы мүридтер (шәкірттер) біз жейтін тағамдарды бір айға дейін жеткізеді. Берілген нығметтерді өте үнемді түрде пайдаланады. Өйткені «Рызық берсе, тағдырға қанағат қыл, Қанағат етіп сауық шарабын іштім.» деп Қожа Ахмет Яссауи айтқандай осы ережені өмірлік ұстаным ретінде алған. Енді бұл заңдылықтың сыры неде? Неге Қожа Ахмет Яссауи шарап ішеді соны тарқатайық.

Алла Тағала адамдардан өзінің берген нығметтерінің орнына шүкіршілікті қалайды. Ал ысырап болса шүкіршілікке теріс ұғым және нығметті менсінбеушілік. Үнемділік пен қанағат берілген нығметтерді құрметеу болып табылады. «Үнемділік пен қанағат өте пайдалы әрі диета сияқты денсаулық үшін маңызы зор»[4,20 б.]. Ар-ұятты сақтауменен қатар берілген нығметтердің ішіндегі ләззатты сезуге әрі ләззаты жоқ болып көрінетін нығметтерден ләззат алуға болады. Ысырапшылдық адамды ашкөздікке апарады. Ал ашкөздіктің үш нәтижесі болады.

Біріншісі: Қанағат етпеу. Қанағат етпеу адамның еңбек етуге деген ықыласын кетіреді. Шағым айтқызып шүкір еткізбейді. Жалқаулыққа себеп болады. Аз болса да адал әрі орынды пайданы тастатып, оңай орынсыз пайда табуға итермелейді. «Үнемділікті сақтамаудың кесірінен тұтынушылар көбейеді де өндірушілер болса азайып кетеді екен»[4,31б.]. Халықтың жағдайы үкіметке ғана қарайтын дәрежеге келеді. Осылайша халықтың тұрмысының негізі сауда, ауылшаруашылық, өнеркәсіп салалары құлдырап кетеді. Ондай мемлекет тоқыраудың жолына түседі.

Екіншісі: Зиянға батады. Мұратына қол жеткізе алмай оңайлық пен көмектен айрылады. Тіптен «жол болмау мен зиянға ұшыраудың себебі ол-ашкөздік» деген де нықыл сөз қалған. Қанағат пен ашкөздікті табиғаттан да заңдылық ретінде көруге болады. Атап айтар болсақ, қорекке мұқтаж ағаштар қанағат ету арқылы өзіне тиесілі азығын бойына тартады. Ал, хайуандардың ашкөздікпен жемтігіне жүгірулерінен арық, жарымай жүрулері әрдайым машақаттануы ашкөздіктің нендей зиян, ал қанағат зор пайда көзі екенін көрсетеді.

Сондай-ақ әлсіз сәбилердің де жағдайы мысал болады. Нәрестелер қанағат еткендіктен оларға теңдесі жоқ құнарлы сүт нәсіп болады. Ал жан-жануарлар ашкөз болғандықтан таза емес, лас азық бұйырылады. Әрі суда жүзген балықтар да қанағат етеді. Арық біреуі де жоқ. Олардың бұл күйлері өте жақсы ырзықтануына себеп екен. Ал, маймыл, түлкі секілді қу жануарлар ашкөздікпен азық іздесе де еш тойып жемейді әрі жүдеу болады

Қоғамымызда сан түрлі адамдар өмір сүріп жатыр. Пайданы ашкөздікпен, қулықпен, өсімқорлықпен іздейді. Қорлықпен,тіленші болып әрі заңды аттап өтіп жүр. Ал, өткенімізге көз салсақ аталарымыз өте қанағатшыл болған. Қолында барына шүкір еткен. Нәтижесінде абыроймен өмір сүріп жеткілікті рызықтарын тапты. Жақсы өмір сүрудің кепілі ол-қанағат. Кедейлік пен машақаттың есігі ол-ашкөздік.

Үшіншісі: Ашкөздік болған жерде ықылас толық болмайды. Адам қайырлы іс істерде Алланың ризалығы емес елдің қошеметін күтетін болады. Адам көңілі үшін істеген амал оңбас. Ысырап жасау арқылы қанағатсыздық туады. Қанағатсыздыққа бой алдырған адам жалқау болады әрі еңбек етпейді. Әрдайым жағдайына разы болмай, шағым айтып жүреді.

Кез-келген ысырапты жасап жүрген адам шағымданып жүреді. Тіпті жағдайы жақсы,бай болса да шағымдануын тастамайды. Ал қанағатшыл адаммен сөйлессең құдайға шүкір дейді. Тіпті кедей, пақыр болса да. «Адамда шын ықылас болмаған соң екіжүзді болады. Тіленшілікке апарып абыройсыз етеді»[4, 46б.].

Ал, үнемділікті сақтаудың арқасында қанағат пайда болады. Абырой тілесең қанағат жетеді. Еңбекке деген ынтаңды оятып, жұмыс істегенге баулиды. Мысалы, қанағатқа үйренген адам күн ұзаққа жұмыс істейді. Бүгінгі тапқан кішкене ақшасына қанағат етіп, келер күні қайтадан жұмыс істеуге шығады. Ал, ысырып жасап жүрген адамның қанағаты болмағандықтан ертесіне жұмысқа бармайды, барса да жұмысты ықылассыз,сапасыз істейді. Қанағат адамды тұрмысына разы еткізеді,елден қол жайып сұрамайды,абыройын сақтайды. Кез-келген істі ықыласпен істеп екіжүзділіктен құтылады.

Ысырап пен үнемділікті сақтамаудың салдарынан бір кездері бүкіл қала халқы пақырлыққа түседі. Ол жердің адамдары да өздерінің кедей,пақыр екенін айтып арызанып жүретін. Бір уақытта сол жайды естіген бір адам сол қалаға барып жағдайларын көрмекші болады. Жол-жөнекей қараса қала сырты толған бақ. Жеміс-жидектері де баршылық. Бау-бақшадан шыққан өнім қала халқының мұқтаждығын толық өтейтіндігін көреді. Яғни ысыраптың кесірінен әрі үнемді пайдаланбаудан елден берекет кеткен екен.

Адамдар ысырапшылдыққа салынып үнемділік,қанағат-шүкірді ұмытса Алла Тағала оларды мәжбүрлеп істеткізеді. Тарихтан белгілі оқиға-дүние жүзілік соғыс.Адамдар амалсыздан үнемділікті сақтау мәжбүр болды. Өйткені адамзатқа ашаршылық,қирау қырғидай тиді.

Қожа Ахмет Яссауи тариқатындағы сопылардың ең құрмет етіп қадірлейтін қасиет ол-үнемділік.Үнемділік ислам әлемінің ең негізгі құндылықтарының бірі. Қожа Ахмет Яссауи айтқандай тариқатта өзіңді, нәпсіңді тәрбилеу үшін дүниені аз пайдаланып үйрену керек. Тіпті өмірдің негізгі тірегі болған ұйқы, тамақ сияқты аса қажет нәрселерді де тәрк етеді. Бұл дүниеде екі ризық болады

Біріншісі**:** Шын ризық. Бұл адам өмір сүруі үшін ең қажет нәрселер. Алла Тағала да құранда бұл ризық өзінің қолында екенін айтады. Егер де арам пиғылды адамдар араласпайтын болса, мұндай рызықтарды кез-келген жерде, кез-келген жағдайда табуға болатындығын айтады.

Екіншісі**:** Жалған рызық. Бұл нәрсе қажет болмаса да негізсіз пайдалана берудің кесірінен қатты керек болып кетеді. Бұл рызықты Алла Тағала кепілдігіне алмайды. Сол үшін де мына заманда ол нәрселерді қолды ету қымбат тұрады. Ең бірінші абырой, намыс кетеді, содан қорлыққа көнесің. Жаңағы берекесі жоқ керек емес нәрсені алу үшін тіпті жексұрын адамдардың табанын жалардай моральді тіленші күйге түсесің.

Айбынды түркі халқына ислам дінін жеткізуде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметінің» маңызы зор болды. Ол бір Тәңірге табынып жүрген түркілерге ислам дінін соның ішінде сопылықты тарату арқылы түркілердің танымын жаңа сатыға көтерді. Алланы яғни Тәңірлерін ислам діні арқылы одан бетер жақсы тануға жол ашты. Халық арасындағы құндылықтар ислам дінімен ұштасып,сабақтасып өте керемет құндылықтар жүйесі қалыптасты. Ал ,біз қазіргі уақытта сол өмір шамшырағы болған құндылықтарды сақтай алып жүрміз бе?! Жүз жылда бір келетін ғалым, әулие, данышпан адамдардың Құраннан алып, тәпсірлеп жеткізген шығармалары баға жетпес мұра. Рухани құндылықтар құлдыраған мына заманда бұл кітаптарды оқу тым керек нәрсе.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Яссауи. Диуани хикмет. – Алматы: Отбасы,2009. – 312б.

2.Керімбай С, М.Төлеген. Ә.Нәби. Яссауи Феномені. – Алматы:Орхон, 2017. – 456б.

3.Кенжетай.Д. Т. Көңілдің айнасы (Миратул Қулуб). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 112б.

4.Саид Нұрси.Қанағат сыры. – Алматы: Нур Фейз, 2016. – 102б.

ӘОЖ: 94(574)

## ҚАРА ӨЛЕҢДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕН ӘДЕП МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖАЙЫНДА

**БЕЛБОТАЕВ А.Б.**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,

А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, ф.ғ.к.,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**КАДИРГАЛИЕВА А.Т.**

Шымкент университетінің магистрі, аға оқытушы,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

**Резюме**. В статье речь пойдет о национальном воспитании, воспитании человеческой личности, важности вопросов воспитания и этики в казахских стихах назидания.

Особое место в воспитании человеческого капитала занимают творческие работы литературно-культурного содержания. Так, в развитии казахской нации, в развитии ее культуры большое воспитательное значение имеют казахские стихи назидания.

Основная суть воспитания потомков в стихах назидания казахского народа сводится к вопросам, связанным с нравственным, умственным, трудовым, этическим, физическим и семейным воспитанием. Народ воспитывал свое потомство в стихах и песнях с самого рождения, еще находясь в колыбели.

Казахский народ учил “начало воспитания – язык ", обучалэтике и нравственности. Родители требовали чтобы ребенок «был вежливым». Таким образом, ребенка учили быть добрым, верным, честным. Слушая слова нравственного учителя и многих видевших стариков, они постепенно впитывали в себя «быть внимательным».

**Summary.** The article will talk about the importance of national education, human personality education, education and Ethics in Kazakh verses of wisdom.
Creative works of literary and cultural content occupy a special place in the education of human capital. For example, in the development of the Kazakh nation and the development of its culture, Kazakh verses of wisdom are of great educational importance. Main point of the education of the generation in the verses of wisdom of the Kazakh people comes down to issues related to moral, mental, labor, ethical, physical and family education. The people brought up their descendants with songs from birth, from the time they were in the cradle by means of poems.

The Kazakh people taught “the beginning of education is the language”, taught ethics and morality. Parents demanded the child “to be polite.” Thus, the child was taught to be kind, faithful, honest. Listening to the verses of wisdom from teachers and many other old people, they gradually absorbed “ to be careful".

Біздің қоғам қай кезде де өз ұрпағына үлкен-кішіні, ата-ананы сыйлап, құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Қазақ халқы ұлттық тәлім-тәрбиеде кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат болуды, ғаріп-кемшіндердің табиғи кемдігін елемеуді, ел қорғаны - батыр болып өсіп халық алдында қызмет етуді, сөйтіп бар өнерін осыған жұмсауды өлеңдік мысалдармен айтып қана коймай, оны жеке өз өнегесі арқылы да көрсетіп отырған[1].

Халық адамның жеке басының қалыптасып, саналы еңбек ететін азамат болып өсуі үшін жан мен тән тәрбиесінің қатар жүргізіліп отырылуына айырықша мән берген. Жан тәрбиесінің өзі тән тәрбиесінен туындайтын мәдени үдеріс болғандықтан, ата-бабамыз «тәні саудың-жаны сау», - деп, қоғамдағы рухани байлықты игеру үшін тән тәрбиесінің дұрыс болуына қатты көңіл бөлген.

Қазақ халқының көшпелі өмірінде еңбек - өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі болды.Еңбексіз өмір жоқтығын, қоғамдағы байлықтың бәрі де адам еңбегімен жасалатынын жас ұрпаққа халық қара өлең үлгілері арқылы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің мәнісін ашып көрсете білген. Сондай-ақ адамның бойында бар еріншектік, жалқаулық сипаттардың – кісінің соры болатынын, жаман әдет, жат мінез екендігін тәптіштеп түсіндірген.Айталық:

«Адал еңбек еткенге дәулет келер,
Көңілі өсіп, көркі де сәулеттенер.
Бақыт құсы басыңа қонған күні
Дос, дұшпаның бірлесіп соңыңа ерер» – деген.

Осы жайды терең түйсініп, еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді ертеректе отбасынан бастаған.Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесіне ерекше назар аударып, өзара бөлісіп алған. Мәселен ұл баланы – мал бағуға, отын шабуға, аң аулауға, мылтық атып, мергендік қылуға, сондай-ақ қол өнер шеберлігіне, мал тауып, отбасын асырауға әкелері мен аталары үйретсе, ал қыз балаға – үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шәй құю, кесте тігу, тон пішу, өрмек тоқу, оған ою-өрнек салу сияқты отбасының ішкі жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне қалдырған. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, отбасы ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі, әдепті, инабатты болып өсуіне ерекше мән берген.

Жас ұрпаққа еңбекті дәріптеу, еңбек амалын үлгі-өнеге етіп ұсыну – қазақ халқының қара өлең үлгілерінде қарапайым еңбек адамының бейнелері арқылы беріліп отырады. Халық мал баққан, еңбек сүйген, қару-жарақ асынып, ел-жұртын мергендікпен асырап-сақтаған қарапайым шаруа адамдарының адал еңбегі арқасында қиындықты жеңіп, мақсат-мұратына жетуін баяндау арқылы оларды жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынады [2].

Әлеуметтік мәдениеттану саласында бұл туралы Б.Ерасов адамгершілік-ізгіліктік бағытта басты орында көрінетін «моральдық құндылықтарға: жақсылық, игілік, сүйіспеншілік, борыш, намыс, шыншылдық, әділеттілік, ақ ниеттілік, парасаттылық, рақымдылық, мейірімділік, үлкенге ізеттілік және жастарға деген ілтипаттылық, ар-ұят, бақыт, және т.б. ұғымдар мен соларға қатысты іс-әрекеттер кіреді», – деп тұжырамдайды. Бұлар қазақтың қара өлеңінде рухани тұрғыда көрініс беретіндіктен, әдептілік қатынасында құндылық үлгісінде мән-мағынаға да ие болады.

Құндылық – мәдениеттің негізгі қағидасы. Гуманизм және руханилық оның негізгі құндылықтық негіздемелері болып табылады. Этикалық-әдептілік құндылықтардың мазмұны адамның қоршаған ортасының және эмоционалдық танымының нәтижесі тұрғысында көрініс береді. Мұнда адамгершілікпен қатар яғни мінез көркемдігі орын алып, күйініш-сүйініш, толғаныстар қызықтырады да, тебірентеді. Көркемдік тәлім-тәрбие беретін тағы бір мәдени ерекшеліктің түрі– фольклорлық шығармалардың бейнелеуі тартымды, композициясы әсерлі болып келеді, тыңдаушы өлең сөзіне еріп, рухани ынтықтығын туындатады.

Тәрбиенің адамгершілік, этикалық, еңбек, ұжымдық тәрбие түрлері жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, қоғамның мәдени өркендеуіне ерекше әсер етеді. Тәрбие, яғни адамның іс-әрекеті, атадан балаға әлеуметтік орта арқылы беріледі және әлеуметтік орта ықпалында қоғамға қажетті моральды бойына сіңіріп өседі.Қара өлең үлгілерінде халық тазалық пен асыл тектілікке көп мән береді. Ел сыйлаған «нұсқа көрген» адам баласы қашанда естілік танытады. Ел сыйлар ер-азаматтың жетелі, ақылды, байыпты, арлы, кісілік қасиетке толы, мол болып келетінін халық өз ойын шынайылықпен тереңдете түседі. Өйткені бекзаттыққа, тектілікке еліктеген ерсі емес. Осындай тұжырымдар өмір тәжірбиесінен үйренуге шақырады.

Ұрпақ тәрбиесі дегеніміз – келешек қоғам мүшелерін тәрбиелеу ісі. Ол маңызды да аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген, сегіз қырлы, бір сырлы абзал азамат өсіру ісі қазақ халқының 15-18 ғасырлар бойғы ой-арманы болып келді. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, кәсіптік және эстетикалық тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа замандар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, сіңіріліп, жүзеге асырылып отырды.

Мәдениет пен тәрбиелеу және мәдени-рухани тәрбие – қоғамды гуманизациялаудың бірыңғай өзара байланысты жақтары. Өйткені мәдениет нормасы іс-әрекеттің қандай да болсын түрінің және оның нәтижелерінің әмбебап өлшемі, яғни рухани саланың қандай да бір мәдени сапасының бағалау өлшемі болып табылады. Өсіп келе жатқан жеткіншек жастарды ізгіліктік-рухани тәрбиелеу ісінде рухани мәдениеттің толық пайдалану мүмкіндігі үшін көркем шығармаларда, әсіресе қара өлең үлгілерін басып шығаруда мәнді тәрбиелік дәстүрді қайта құрып, жастарға өнер шығармаларында көрсетілетін ізгіліктік-этикалық ықпалға қол жеткізеді. Әлемдік мәдениеттің рухани құндылықтарын насихаттауды табысты түрде ұйымдастыру керек. Сөйтіп жастардың көркемдік, тәрбиелік, адамгершілік талғамдарын дамытып, жоғарғы идеялық-ізгіліктік және тәлімдік өлшемдермен өнер шығармаларын бағалау мәселесідамытылады. Бұл мәселені Әбу-Нәсір Әл-Фараби бабамыздың сөзімен айтсақ: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту деген сөз». Бұл тұжырымдағы мазмұнды қазақтың қара өлеңі де өз мойнына алған. Сондықтан халық пен «екінші ұстаздың» ой-пікірлерінің бір жерден шығуы заңды да. Демек, қара өлең өз үлгілерімен халықтың бойына білімге, тәрбиеге, өнегелілікке негізделген ізгіліктік қасиеттерді дарытуды негізгі мақсаттарының бірі ретінде қалыптастырады. Осыдан келіп көркем сөз өнерінің орны мен рөлі де айқындалып шығады[3].

Біздің білуімізде, қара өлең үлгілерімен тәлім-тәрбие беру мәселесі –мәдениеттің рухани сипаттағы іс-әрекетінің өзекті саласы. Баланы рухани адамгершілікке тәрбиелеу өте қиын үрдіс. Себебі, бүгінгі таңда рухани адамгершілік қасиеттердің құндылығы төмендеп, озбырлық, арсыздық, ұятсыздық, көргенсіздік, мейірімсіздік, қатігездік т.б белең алып тұрған кезеңде осындай мінезі бар адамдардың жағдайы керісінше, ұяты, ары бар адамдарға қарағанда тәуір сияқты болып көрінеді. Сондықтан да қара өлең үлгілері арқылы халық жастарды жаман әдеттерден сақтанып жүруге, жақсы әдеттерге жақын болуға шақырады.

Қысқасы, рухани адамгершілікке тәрбиелеу біртұтас рухани құндылықтық үрдіс ретінде танымдық, жастық қарым-қатынастарға қарай, нормаларға сай жүзеге асырылуы керек. Өйткені, адамның танымындағы тұлғаның ар-ожданы, сезімі, жігері, дағдысы, әдеті, қоғамдық бағалы мінезінің қалыптасуының біртұтас нәтижесі болып табылады.

Қара өлеңдерде бұл туралы нақтылы салыстырмалы көріністе айтыла-ды. Онда рухани адамгершілікке тәрбиелеу, эмоциялық сезімдер, уайым, шынайы адамгершілік қатынастар мен олардың бір-бірімен байланысы және барлық адамгершілік сезімдердің тұтас түсінігі тәлімдік, тағылымдық сипат-та нақтылы бейнеленеді[4].

Қорыта айтқанда, қазақ қара өлеңінің өн бойы адамгершілік тәрбие аясымен қамтылып, өзінің өміршең де шынайы, нақтылы және ақиқат сенім сипатындағы рухани-құндылықтық дәрежедегі тағылымдардан тұратындық-тан да ол қазақ халқымен бірге жасасып, өткеннен бүгінге, бүгіннен болашақ-қа өзінің мәңгілік таусылмас қазынасымен жалғаса беретініне сеніміміз

мол. Қазақ қара өлеңінің рухани құндылықтық мән-мағынасы мен адамгершілік-ізгіліктік сипаты да осында. Ол қазақ халқы бар кезде оның ұрпағымен бірге жасайды. Олардың рухани тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып мәңгілік үлгі-өнеге куәсі болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 255 б.

2.Рахметұлы Е. Өзіңді таны немесе рухани жорық//Жас қазақ. № 40(92). 13 қазан, 2006 ж. – 8б.

3.Қара өлең (толықтырылып басылуы). Ел аузынан жазып алып құрастыр-ған О.Асқар. – Алматы: Жалын, 1997. – 640 б.

4.Валиханов Ч. Собр. Соч. Т-І. – Алма-Ата: Наука. 1961. – 432 с.

ӘОЖ 81'1:81'32

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

**КОБЛАНДИНА М.И.**
№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Респауబликасы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье говорится о переводческой деятельности первого педагога. Рассказывается о мастерстве и цели переводческой деятельности педагога. Исследована особенности перевода Алтынсарина. Сделано заключение о пользе работы педагога для сегодняшнего общества.

**Summary.** This article describes the translation activities of the first teacher IbrayAltynsarin. It was about the goal, the Enlightener`s skill in translation. A study of the specifics of Altynsarin`s translations was conducted and a conclusion was made about the benefits for modern society.

Ыбырай Алтынсарин – қазақтан шыққан тұңғыш педагог, аса көрнекті ағартушы, тағылымы мол әңгімелер жазған жазушы, ақын, аудармашы. Оның қазақ халқының білім, мәдениеті үшін жасаған еңбегі орасан зор. 1864 жылы Торғай даласында мектеп ашуы, мектеп оқушылары үшін алғашқы оқулықтардың бірі «Қазақ хрестоматиясын» жазуы ағартушының үлкен еңбектерінің бірі. Ыбырай Алтынсарин «Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық» деп қазақ жастарын оқу-білімге шақырып, халқының болашағы білім-ғылымда екенін үлгі еткен. Осы жолда түрлі өлеңдер, әңгімелер жазған. Сонымен бірге орыс әдебиеті өкілдерінен аударма жасап, қазақ жазба әдебиеті үшін деқұнды еңбек жасаған.

Аударма – әдебиеттің бір бөлігі ғана емес, халық пен халықты қауыштыратын дәнекер. Ал аудармашылар өзге ұлт мәдениетін, әдебиетін өз жұртына таныстырушылар. Сондай-ақ, аударма үлкен өнер, оған қойылатын талап пен талғам да зор. XIX ғасырдың екінші жартысында Абай, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп сынды қазақ зиялылары орыс әдебиетінен аудармалар жасап, халыққа таныстыра бастады.

Зерттеушілер Ыбырай Алтынсаринді көркем аударманың алғашқы бастау бұлағы деп баға береді. «Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырай аудармалары сол кездегі шәкірттер үшін де, қазіргі оқырман үшін де бағалы. Өйткені, бұл аудармалар алғашында оқулық үшін аударылғанмен, кейіннен қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Аудармашылар әдетте өзінің эстетикалық талап-тілегіне сай келетін шығармаларды ғана тәржімалайтынын ескерсек, Ыбырай орыстың классикалық көлемді шығармаларын аудармағанын көреміз. Ол өзінің ағартушылық миссиясына байланысты дидактикалық мәндегі,оқушы түсінігіне ауыр келмейтін шағын әңгімелерді аударды. Бұл шағын әңгімелердің әрқайсысы тәрбиенің жеке мәселелерін көтеріп, жастардың санасына қонымды тұжырымдармен аяқталып отырады. Осы шағын аударма әңгімелер арқылы Ыбырай Алтынсарин шәкірттерінің бойына адемгершілік, әділдік, мейірімділік, еңбекқорлық, адалдық, тапқырлық, талаптылық сынды көптеген игі қасиеттерді сіңіруге мүмкіндік алды.

Ыбырай Алтынсарин Л. Толстойдан «Силинчи ханым», «Жамандыққа жақсылық», «Мұңсыз адам», «Данышпан қазы», «Үш ұры», И. Крыловтан «Қарға мен түлкі», «Ақымақ дос», К. Ушинскийден «Үндік, түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», И. Паульсоннан «Бір уыс

мақта», «Алтыншеттеуік», «Аурудан аяған күштірек», «Тәкаппаршылық», «Әдеп», «Дүние қалай етсең табылады», «Тышқанның өсиеті» әңгімелерін аударды [1]. Ғалым Әнуар Дербісәлин өзінің зерттеу еңбектерінің бірінде: «Ыбырай аудармаларында басқа тілдегі шығармаларды бұрмаламай қазақыландыру принципі атымен жоқ. Ол орыс жазушылары әңгімелерінің мазмұны мен рухын толық сақтай отырып, қазақ оқушысына түсінікті, тартымды туынды етіп шығаруды көздеді және осы мақсатына толық жетті де» [2] деп Ыбырай аудармаларына зор баға береді.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» енген шағын аударма әңгімелері туралы кітаптың алғысөзінде былай дейді: «Кітапқа енгізілетін әңгімелердің басым көпшілігі қазақтар рухында болуын көздедім. Сондықтан да ол үшін әңгімелерді таңдап алу аз қиындық келтірген жоқ. Әрбір жеке шығарма туралы жан-жақты ойлап қорытынды жасау қажет болды» [1]. Жазушы тәржіма жасайтын шығармаларды таңдауда олардың қазақ балаларының таным-түсінігіне сай келуін, қай жағынан да айрықша қиындық туғызбауын ескергені анық.

Ыбырай Алтынсарин тәржімалаған шығармалардың тақырыптарына қарап, олардың түпнұсқасын табу қиын. Себебі, ағартушы өзі аударған шығармалардың тақырыптарын оқушы назарын бірден аударатындай етіп өзгертіп берген. Сонымен бірге тақырып арқылы әңгіме мазмұнынан хабар беруін де қадағалаған. Мәселен, И.И.Паульсонның кітабынан тәржімалаған «Вежливость украшает всякое состояние» деген әңгімені «Әдеп», «Первый русский гоф – малер»» әңгімесін «Талаптың пайдасы», «Сапожные гвозди» әңгімесін «Білгеннің пайдасы», «Два друга и медведь» әңгімесін «Ақымақ дос» деп атайды[1]. Аталған түпнұсқадағы атаулар мен аудармалардың тақырыптарын салыстырып қарайтын болсақ, Алтынсарин ұсынған тақырыптар оқушыға әлдеқайда жеңіл әрі назарды бірден тартарлықтай. Атап айтар болсақ, «Вежливость украшает всякое состояние» деген әңгіменің тақырыбы ұзақ, ал аудармада қысқа әрі түсінікті. Екінші әңгімеде әңгіменің түпнұсқасы кейіпкердің атымен аталса, ал аудармада шығарманың идеясына байланысты алынған. Өйткені, Ыбырай Алтынсариннің мақсаты –орыс суретшісінің өмірін оқушыларға үлгі тұту емес, оның таудай талабы арқылы үлкен жетістікке жеткенін түсіндіру, сол арқылы қазақ балаларын талаптанып білім алуға шақыру.

XIX ғасырдағы қазақ руханиятында Шоқан, Абай, Ыбырай – осы үш тұлғаның еңбегі зор болды. Халықтың жарқын болашағы біліммен келетінін түсінген олар орыс әдебиеті арқылы әлемдік әдебиет пен мәдениетке жол ашты. Жоғарыда сөз еткеніміздей Ыбырай Алтынсарин қазақ аударма жанрының негізін қалаушылардың бірі болса, Абай Құнанбайұлы да шет ел әдебиетінен аударма жасап, қазақ жұртшылығына таныстырушылардың бірі.

Крыловтың «Ворона и лисица» деген мысалын Ыбырай да Абай да аударған. Алайда, Абайдың 1945 жылы шыққан жинағына екі ақынның да аудармасы бірге басылып кетеді. Сөйтіп, Абай Крыловтың бір мысалын екі рет аударған сияқты болып оқырманға таралып кеткен [3]. Абай да Ыбырай да «Қарға мен түлкіні» өлең етіп аударады. Ал асылында орыс әдебиетінде мысал (басня) өлең емес. Ол өзінше бір жанр. Қос ақын да Крылов мысалын қазақ өлең өлшеміне лайықтап береді. Крыловта 26 жолды құраса, қазақ ақындарында елуден аса жолмен берілген.

Крылов мысалында:

Вороне где-то бог послал кусочек сыру;  
На ель Ворона взгромоздясь,  
Позавтракать было совсем уж собралась,  
Да позадумалась, а сыр во рту держала, -

деп келетін жолдар Ыбырай Алтынсаринде:

Қарға ағаштың басында мұны көрді.  
Тістегені аузында тәтті ірімшік,  
Оны көріп түлкі - екең сөйлей берді [1].

Көріп тұрғанымыздай, Ыбырай Алтынсарин аударма жасауда, қазақ әдеби тілінің лексика-фразеологиялық құрамын молынан пайдаланған. Аудармаларының барлығы да әрі қысқа, әрі оқушылардың жас ерекшелігіне сай, түсінуге жеңіл әрі тәрбиелік мәні жағынан да шебер құрылған шығармалар.

Ыбырай Алтынсариннің аудармаларының жалпы саны – 35. Олардың ішінде И.И. Паульсоннан – 20, Л.Толстойдан – 6, К.Д. Ушинскийден – 3, қалғандары Крыловтан, Шмидтен, В.Дальдан 3-4 шығармадан аударған. Атап айтар болсақ, К.Д. Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия», «Родной язык», Л.Толстойдың «Первая русская книга для чтения», «Вторая книга для чтения», «Четвертая книга для чтения», «Новая азбука», И.И.Паульсонның «Книга для чтения

и практических упражнений в русском языке» оқу кітаптарына педагог ретінде көбірек назар салған.

Ыбырайдың аудармалары жайлы айтқанда, оның қазақ тілінің лексикасына әкелген өзгерісі туралы да айта кету керек. Өйткені, ағартушының орыс тіліне көзқарасы, әрине, айрықша болды. Ол ең алдымен, сөйлеу тілінде бұрыннан орныққан орыс сөздерін пайдаланумен қатар, көптеген сөздерді өзі енгізді. *Купец, приказчик, фабрика, конфета, мужик, фонарь, ящик* сияқты сөздер – қазақ өміріне таныс бола бастаған нақты зат атаулары болса, Ыбырай тілінде кездесетін *князь, граф, франк, университет, портрет, награда* деген орыс сөздері – ауызекі тілге бейтаныс жаңа кірмелер. Осылайша жаңа сөздерді тілге енгізу арқылы, қазақ қоғамында жаңаша ұғымдардың пайда болуына ықпал етті.

Ыбырай Алтынсариннің аудармаларының тәрбиелік мәні әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан да ақынның аудармалары әлі де зерттеліп, оқырманға насихатталуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақ хрестоматиясы / Ы. Алтынсарин. Жалпы ред. басқарған С.Садырбаев. – 2-бас. – Алматы: Білім, 2007. - 112 б.

2.Дербісәлин Әнуар.Ыбырай Алтынсарин: Деректі ғұмырбаяндық эссе-хикаят және ғылыми зерттеулер. Үш томдық шығармалар жинағы: 1-том. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015. – 632 бет.

3.Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы / Абай (Ибраһим) Құнанбай. – Алматы: Қазбірмембас., 1945. – 503 б.

ӘОЖ 82.323.13

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

**БЕЛБОТАЕВ А.Б.**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**КАЗЖАНОВ Г.Т.**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, педагогка ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Республика Казахстан – многоэтничное государство. Государственный язык республики – КАЗАХСКИЙ. Это предусмотрено ОСНОВНЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ Республики. Поэтому знать ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК, говорить и общаться на нем – долг и гражданский долг каждого гражданина Казахстана. Ведь государственный язык – одна из гордых и почитаемых драгоценных ценностей казахского народа.

В своей работе автор статьи рассказывает о содержании предметных учебников для обучения государственному языку – казахскому языку педагогов русскоязычных групп. В то же время он продвигает и подает пример эффективных образовательных инструментов.

**Summary.** The Republic of Kazakhstan is a multinational state. The state language of the republic is KAZAKH. This is provided for by the BASIC LEGISLATION of the Republic. Therefore, knowing the STATE LANGUAGE, speaking and communicating in it is the duty and civic duty of every citizen of Kazakhstan. After all, the state language is one of the proud and revered precious values of the Kazakh people.

In his work, the author of the article talks about the content of subject textbooks for teaching the state language - the Kazakh language to teachers of Russian-speaking groups. At the same time, it promotes and sets an example for effective educational tools.

Тіл – ұлттың ең басты байлығы, тәуелсіздігіміздің тұмары, азаттығымыздың айғағы. Бұл турасында ел басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатындамемлекеттік тілдің дамуы мен келешегі жөнінде айтқан пікірлері үлкен маңызға ие. Мемлекет басшысы бұл кезеңді аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ екенін де ескертті [1].

Рас, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халық дүр сілкініп, тілдің дамуында едәуір қозғалыстар болды: мемлекеттік тіл – қазақ тіліне байланысты қоғамдар құрылды, жер-жерлерде мемлекеттік тілдіоқытып- үйрететін орталықтар ашылып, шағын-шағын тіл үйрету үйірмелері жұмыс істей бастады. Халықтың көңіл-жігері көтеріліп, болашаққа үмітпен қарай бастады. Бірақ соңғы жылдары мемлекеттік тілдің даму жағдайында тоқыраушылық байқалып, алғашқы кезеңдегідей елеулі ілгерілеушілік ерекше байқалмады. Бұған не себеп? Оқытудан ба? Тілдік тәрбиенің кемдігінен бе? Әлде болмаса тілдік саясатымыздың дұрыс жүргізімей жатқандығынан ба? Болмаса Тіл Заңымызда кемшін тұстары бар ма? Қалай болғанда да мемлекеттік тіліміздің бүгінгідаму ахуалы ұлт патриоттары мен тіл жанашырларының ұйқысын қашырып, қазақ халқының көңілін алаңдатуда екендігі тағы рас. Ендеше не істемек керек?

Біз бұл шағын мақаламыздағы зерттеуімізде ана тіліміз – қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілімізді оқыту, үйрету және насихаттау турасында жазылған әдебиеттерге қысқаша шолу жасап, олардың бағыт-бағдарларын, тіл үйретудегі қаншалықты тиімділік мазмұндарын байқауды мақсат тұттық.

Бастапқы жұмысымыз - қазақ тілін оқытып үйретуге қатысы бар-ау дейтінқолда бар әдебиеттерді жиыстырып тізімге алу болды. Көп десек күпірлік болар, аз десек тағы болмас, сонда да *қолда бар әдебиеттердің*барын жинап қарастырдық.

Мәселен, мұнда салалық әртүрлі мамандықтарға арналған *қазақ тілі* оқулықтары да,*қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген үйренушілерге бағытталған*әдебиеттер де, *қазақ тілін ересектерді оқытуға* арналып жазылған әдебиеттер, сондай-ақ *орысша-қазақша сөздіктер*мен*қазақша-орысша сөздіктер* әдебиеттері т.б. осы сияқтытоптарға арналып жазылған еңбектердің қаншалықты екендігін байқаймыз.

Тағы бір айта кетерлік мәселе –мемлекеттік тілді оқытып үйретуге арналған оқулық, оқу құралдарының: оқулықтардың да, көмекші оқу құралдарының да, қос тілді сөздіктердің де, тілашарлардың да, екі тілді аударма сөздіктердің де барын көреміз. Десек те, осындағы жоғарыда қарастырылған жүзден аса әдебиеттердің ішінен бір топ еңбек иелерінің қазақ тілін оқытып-үйрету жөніндегі еңбектерін көпшілік қауымға үлгі-өнеге ретінде ұсынғанды жөн көрдік.

«Суретті сөздік» кітапшасын жасаушылар білікті тіл мамандығы иелері екендігін, тәжірибелерінің де мол екендігін көрсеткен. Суретті кітапша негізінен орыс тілінде жұмыс істейтін балабақша бүлдіршіндеріне арналған. Кітапша тек суреттен тұрғанымен, онымен жұмыс істейтін оқытушы-тәрбиешіге арналған сөздік материалы соңында берілген. Онда: Балабақша, Біздің ойыншықтарымыз, Адам, Отбасы, Киім және аяқ киім, Ыдыс-аяқтар және тағамдар, Жыл мезгілдері, Санау, Менің отаным, Менің Республикамдеген сияқты тақырыптар қамтылған [2]. – Қараңыз, қандай тамаша! Осындай дамытыла дайындалған бірнеше суретті кітапша болса, бір мектеп емес пе?! Тек оқытушы-тәрбиеші нәтижелі жұмыс істеуі тиіс.

Мемлекеттік тілді студенттерге, жоғары сынып оқушыларына және тіл үйренуші көпшілік қауымды оқытып-үйренуде енді бір үлгі тұтарлық еңбек – көп жылдық ұстаздық әрі ғалымдық еңбек тәжірибесі мол Шәбікен Бектұровтың әріптесімен бірге дайындаған бір топ оқулық, оқу құралдары.[3; 4].

Біз білетін ғалым – тіл білімінің маманы Аяпова Таңат Тәңірбердіқызының үш кітаптан тұратын, «Қазақ тілі» деп аталынатын бір топ еңбегі заман талабының үдесіне сай жазылған, тіл үйретуде – екінші тіл және шетел тілі ретінде терендетіп оқытуға арналған оқу құралдарының топтамасы. Өзіндік іс-тәжірибе негізінде жаңаша әдістермен жазылған оқу құралдарыныңтерендетіп оқытуда пайдалануға болатын әрі үлгі тұтатын жақтары баршылық [5; 6].

З.С.Күзекованың бір кітабы («Қазақ тілі» - 2005) тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған болса, енді бір кітабы («Қазақ тілі» - 2003, Практикалық курсы) жоғары оқу орындарының экономика факультеттеріне, қаржы институттарының қызметкерлеріне арналған. Тіл үйренушілерге практикалық жағынан көмектесері мол жұмыс болған [7; 8].

З.С.Күзекова, Б.Ақбұзауова және Ж.Д.Байтелиевалар дайындаған «Қазақ тілі» оқулықтары қазіргі кезеңдегі заманауи талаптарға сай қазақ тілін кешенді оқытып-үйретудің В1, В2 деңгейлерінде оқытуға арналған оқу құралы. Тіл үйретудің халықаралық стандарттарына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама» бойынша дайындалған [9; 10].

Жаңаша талаптардан шығатын, көпшілікке үлгі ретінде ұсынатын оқулықтардың тағы бірі – профессорЗ.С.Күзекованың әріптестері Ш.Құрманбайұлы мен С.Жусанбаевтармен бірлесіп

орындаған «Қазақ тілі» оқулығы жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар факультетіне арналған. Ондағы орташа және тереңдете оқитын топтар үшін дайындалып жазылған [11].

Жоғары оқу орындарының орыс тілді топтарында бұл айтылғандардан тыс, қазіргі кезде де, алдағы уақытта да мемлекеттік тілді оқытуда – «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу», «Ресми іс қағаздары», «Іскерлік қазақ тілі» және «Ресми-іскери қазақ тілі» және «Кәсіби қазақ тілі» деген сияқты пәндердің де оқытылу қажеттілігі бар, әрі ол маңызды да. Бұл пәндер жайында, бұлар жөніндегі әдебиеттер жайлы сөзді келесі кезектегі жазылар зерттеу жұмыстарының еншісіне қалдырдық.

Демек,бұл айтылып-жазылғандардан шығатын қорытынды, біріншіден, мемлекеттік тілді оқытып үйретуге арналған әдебиеттердің мазмұндық сипаттарының әртүрлі екендігін байқаймыз. Екіншіден, бізді қуантарлық бір жай – орындалып, кітап боп шыққан дүниелердің қай-қайсысыда жұмыс иесінің (авторлардың - иелерінің) жүрегінің әмірімен орындалған туындылар екендігі. Сапалы ма, сапасыз ба, мәселе онда да емес, ең маңыздысы – өз алдарынақойған мақсаттарына жеткендігі, «халқыма, ана тілім – қазақ тіліне кішкентайда болса көмегім тисе екен»деген ақ ниеттерінің дұрыстығы. Сырттай алып қарап, шолу жасағанымызда танып-біліп, негізгі мазмұнының азды-көпті болсада пайдаға асатын бұл дүниелер – жүректі жылытып, қуантатындығы рас.

Үшіншіден, бір өкінішті жай – тілді оқытып-үйрету жағдайындағы кейбір мәселелердің – оқулықтар, оқу құралдары мен әдістемеліктер, сөздіктер, «өзара сөйлесу» (разговорник) құралдары т.б. жазылуындағы жүйеліліктің, бірізділіктің болмауы, сондай-ақ олардың жазылуының және іс жүзінде орындалу (практикалық) сипатының ереже-жүйелік (теориялық) тұрғысынан негізделмеуінен десек дұрыс болар ма еді. – Әрине, бұлардың бәрі арнайы мамандандырылған топтың (білікті ұстаздар, әдіскерлер, ғалымдар, әдістемелік құралдар иелері) бірлесе, ақылдаса отырып дайындаған оқу жоспары, бағдарламасы т.б. негізінде жасалса керек-ті.

Міне, бұл айтылғандар – біздің ой-пікірлеріміз, осы саладағы іс-тәжірибемізден жасаған қорытынды тұжырымдарымыз. Ал Сіз не дейсіз, құрметті қауым?

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Тоқаев Қ.-Ж. «Ана тілі» газеті. 25 маусым, 2020. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газеті журналисіне берген сұхбаты.

2.Баймұратова Б., Дүкенбаева Г. Суретті сөздік. Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақша--ларға арналған қазақ тілі. – Оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 48

3.Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақша-орысша сөздік. Мектеп оқушыларына және қазақ тілін үйренушілеріне арналған. – Алматы: Рауан, 1993. – 160 бет.

4.Бектұров Ш.К.., Бектұрова А.Ш. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336 бет.

5.Аяпова Т. Қазақ тілі (Казахский язык для начинающих). Алматы: Ана тілі, 1999. – Тіл үйренуші «бастауыш» тобына арналған.

6.Аяпова Т. Қазақ тілі (негізгі оқулық). Қазақ тілін екінші тіл ретінде тереңдетіп оқытуға арналған оқу құралы. Алматы: Ғылым, 1998.

7.Күзекова З. Қазақ тілі. Практикалық курсы. Орыс бөлімі үшін – 2-ші басылымы. Тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған оқу құралы (жаттығулар). – – Алматы: Издательская компания «Раритет», 2003. – 152 бет.

8.Күзекова З. Қазақ тілі. Тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған оқу құралы (жаттығулар). – Алматы: Издательская компания «Раритет», 2005. – 168 бет.

9.Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі. Ортадан жоғары В1 деңгей. – Астана: Жасыл Орда, 2016. – 102 бет.

10.Күзекова З., Байтелиева Ж.Д., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі. Ортадан жоғары В2 деңгей. – Астана: Жасыл Орда, 2016. – 112 бет.

11.Күзекова З., Құрманбайұлы Ш., Жусанбаев С. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар факультетіне арналған (Орташа және тереңдете оқитын топтар үшін). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 160 бет.

ӘОЖ. 82.341

# МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖӘДИДШІЛДІК ТҮЙІНДЕР

**МАНАПОВА Г.Е., АБИТАЕВА Д.К.**
№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы джадидизма в творчестве Машхура Жусупа Копеевича

**Summaru.** The article deals with the issues of Jadidism in the work of Mashhur Zhusup Kopeevich

Мәшһүрдің ағартушылық көзқарастарының құндылығы білім мен ғылымды адам мен қоғамның үйлесімді дамуы мақсатында қолдану – үлгісін жарқын болашағының кепілі ретінде қарауынан көрінеді. Ақын мектеп пен медреседегі оқу бағдарламасы мен оқыту әдісі шәкірттердің ой-өрісінің жан-жақты дамуына және ұлттық психологиясына сай жасалынуы тиіс деп ой түйіндейді. Мектеп пен медреселерде жүргізілетін оқу бағдарламасына ислам діні мен шариғат заңдары туралы пәндерімен қатар, жаратылыстану ғылымына байланысты пәндерді енгізу қажет екендігін атап көрсетеді. Ойшылдың ағартушылық ойларынан жәдидшілік (жаңашылдық) идеясының әсерін байқаймыз. Жәдидизм өткен ғасырдың сексенінші жылдарында пайда болған прогресшіл және жаңашылдық мұраттарын насихаттаған қозғалыс еді. Патшалық Ресейдегі жәдидизмнің көсемі И.Гаспринскийдің исі түркі халықтарын бірлік пен ынтымаққа, ғылым мен білімге шақырған мақалалары «Тәржіман» газетінде жарияланып тұрды. Ресейдің территориясын мекендеген түркі халықтарын алдыңғы қатарлы озық мәдениетті елдермен терезесі тең дәрежеге жеткізетін жол – білім мен ғылым, сондықтан да оларды үйрену ең бірінші міндет екендігін жәдидизм көсемдері ерекше атап көрсетті. «Жәдидшілер қоғамдық прогресті исламның ролін біржақты ұлығылап жіберген жоқ. Жәдидтер прогресс жолы ғылым-білім мен озық мәдениетте деп білді, һәм қозғалыс міндеттерін осы тұрғыдан келіп айқындап отырды» [1, 76б.].

Жәдидшілер қозғалысының қазақ ағартушысының дүниетанымына тигізген әсері туралы ғылыми ізденістер жүргізу халқымыздың ардақты азаматының дүниетанымдық бағыт-бағдары мен философиясын толық деңгейде түсініп саралауға мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіптің оқу орындарын уақыт талабына сай құру, мектеп пен медреселерде қыздарды ер балалармен бірге оқытуды және әйелдерге білім берудің қоғам мен ұлт үшін маңыздылығын атап көрсеткені белгілі ғалым, философ Қ.Бейсенбиевтің «Очерки истории общественно-политической и философский мысли Казахстана» атты еңбегінде баяндалған. Ақын әйелдердің жанұя мен бала тәрбиесіндегі алатын орнын әділ бағалап, білім алуына жағдайлар жасау қажеттігіне де назар аударады. Бүгінгі сауатты білімді әйел – келешек ғылым биігінен көрінер салауатты жас ұрпақ. Ойшыл әйел теңдігіне шынайы мән бере отырып, оның бақытты өмірі мен қоғамдағы алатын орнына құрметпен қарады.

Нақты бір қоғамдағы білім беру жүйесі мәдени-әлеуметтік тұрғыдан айқындалған, сондықтан білім беру жүйесін реформалау қоғамның әлеуметтік құрылысы мен халықтың салт-дәстүрімен, олардың мұрат тұтқан құндылықтарымен өзара байланыста жүзеге асырылу тиіс. Оқу орындарын реформалау қоғамның экономикалық және әлеуметтік қатынастарына әр түрлі әсер етеді, сонымен бірге өзгерістер тудырады. Патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігі қазақ даласындағы мектептер үшін жасалған оқыту бағдарламасында жергілікті халықтың рухани дәстүрі мен наным-сенімін есепке алмады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер халықтың руханиятына және тәлім-тәрбиелік құндылықтарына залалын тигізбеуі шарт:

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын.

Ислам діні – халықтың рухани әлемінің бір бөлшегі. Ислам діні мен мәдениетінің адамзат өркениетінің дамуына қосқан үлесі өте зор. Ислам діні басқа діндер тәрізді ізгілік, имандылық, достық, жан мен тән тазалығы идеяларын насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп орыс миссионерлерінің қазақ балаларын шоқындыру мен орыстандыру сияқты арсыз әрекеттеріне батыл түрде қарсы шықты. Оқу орындарында дінге қысым көрсету, зорлықпен күштеу әдістерін қолдану халық арасында сенімсіздік пен наразылығын тудыратынын ескертеді. Патшалық отаршыл, зорлықшыл жүйенің озбыр саясаты ең алдымен халықтың рухани тамырынан ділі мен дінінен айыруға бағытталған еді. Халықтың ұлттық рухы мен сенім-нанымын құрту, ұлтты бодандықтың, құлдықтың темір торында ұстаудың алғашқы нысаналарының бірі екендігін Мәшһүр Жүсіп Көпеев көрегендікпен болжай білді.

«Ақынның ұлттың қамы үшін өз өмірін құрбан етер азаматтарды ертеңгі бақытты болашақ ұрпақ үшін жан аямай күресер ерлерді ең биік адамдық дәрежеге теңеген ойлары оның өлеңдерінен айқын көрінеді: Ойлаған халықтың қамын білімді сол, Қамы үшін ел жұртының отқа кірген» [2, 42б.].

Ұлттың бостандығы, тәуелсіздігі, бірлігі мен ынтымағы – ақын философиясының негізгі арқауы. Қоғамдағы білім мен ғылымның дамуы елдің тәуелсіздігіне қол жеткізудің бірінші алғышарты деген ой тұжырымдайды. Адам білімділігі оның халқына тигізген пайдалы іс-әрекеті арқылы көрінеді. Ақынның гуманистік бағыт-бағдарының ерекшелігі өнер-білім мен ғылымды адам мен қоғам игілігі үшін және адамның өзін болмыстың ең жоғары құндылығы мен ғаламның түпқазығы ретінде бекітуінен көрінеді. Ғылым мен білім – адамзаттың табиғи күштері мен қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күресіндегі арқа сүйер тірегі. Ғылымның дамуы мен жаңа білімдер адамзат қоғамының гүлденіп өркендеу жолында зор рөл атқарады.

Әр түрлі қылып пікір, ойла сана,
Ғылым, білім іздесең болдың дана [3, 23б.] –

деп, Мәшһүр ғылым мен білім адамның ой-өрісі мен жан-жақты үйлесімді дамуының қайнар бастауы деп болжайды. Ғылым тек білімділік белгісі ғана емес, сонымен бірге адамды тәрбиелеудің құралы. Ғылым мен білім адамның ақыл-парасатын, ойлауын, танымдық қабілетін жетілдірумен қатар, адамның ынталы, жігерлі болып, алдына қойған мақсатқа жетуіне деген сенімін нығайтады.

Білімділік – ақиқатты тануға жетелейтін анық жол. Ғылым – білім мен еңбекке құштарлық адамның мінез-құлқындағы жағымды жақсы қасиеттерді қалыптастырып, дамытуға жәрдемдеседі. Білімді, ғылым жетістіктерінен сусындаған саналы жастар – халықтың болашағы үшін күресер ер азаматтар. Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде ғылым мен білімнің қоғам мен адам өміріндегі атқаратын жасампаздық ролі туралы баяндалды. Ғылыми білімнің шаруашылықты дұрыс ұйымдастырып жүргізудегі орнына әділ баға береді: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым, білімге сарып қалсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады», – дейді [4, 49б.].

Бұл терең философиялық пайымдауға мән бере санамызбен саралсақ, ғылым-білім мәңгі өлмес жанның қорегі, ғылым-білім адам жанының жетілуі мен кемелденуінің өзегі, ғылым-білім адам танымының тірегі. Өз ғұмырын білім-ғылым іздеуге арнаған жан ақынның мұраты. Мәшһүр ғылым-білім қоғамдық прогреске жеткізетін, қоғам мен адамның өскелең қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, қоғамды жаңа белестерге жеткізетін күш деп түсінді:

«Жастықта ұмтылып бақ ілгері, өтіп Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп. Қолыңа қарманғанмен түк түспейді, Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп» [5, 41б.] – деп жастарды жастық шақтың әрбір сәтін өзінің рухани өсуі үшін пайдалануға шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамдағы білім беру жүйесі мен оқу орындарын жаңашылдық (жәдидшілік) бағытта қайта құру қоғам мен ұлт мүддесі үшін қажет деп санады.

Ол жас ұрпақты тәрбиелеуге ұлттық мүдде тұрғысынан қарады. Жастарды өз ұлтын шынайы сүюге, қасиетті қазақ жерін қастерлеуге, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім беру мәселесі туралы ой-толғауларының гуманистік сипаты білім мен ғылымның жетістіктерін қоғам мен ұлт мүддесі үшін тиімді және үйлесімді қолдану қазақ қоғамын алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең болар күнге жеткізетінін және қазақ халқының болашағына деген сенімінен көрінеді. Мәшһүрдің ағартушылық идеясының ерекшелігі оның азаттық, теңдік-бостандық идеяларымен өзара байланысты және өзара үндестікте көрінуінде: Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан, Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан. Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып, Айдалып атылсаң да арман бар ма? [32, 48б.]. Ұлт мүддесі және елдің азаттығы үшін жан аямай күресу елі үшін туған ердің азаматтық парызы. Осындай қажымас қайратты ер жүрек азаматтар халықтың азаттығы мен тәуелсіздігінің баянды болуының

кепілі. Ұлттық сананы ояту арқылы халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының ұйытқысы қазақ оқығандары алдарына халықты сауаттандыру, білім мен ғылымды насихаттау міндеттерін қойды.

Бүгінде ойшыл ғұламаның шығармашылық мұрасын насихаттау бағытында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Заманында қатарынан озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себептерге байланысты сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл айтып, ол жылдары қазақтың жаппай аштыққа ұшырайтынын біліп, бір жыл бұрын өзінің асын бергізіп кетуі дәлел. Халқымыздың рухани және материалды мәдениетінің өзіндік ұлттық ерекшелігімен дараланған, тарихы, адамзат өркениеті мен мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Өткенімізді ой таразысына салып, парқылау, ұлттық рухани қазынамызды зерттеу, ұлттық сананы және тарихи жадымызды жандандыру бүгінгі күннің жүрек жарды, көкейкесті мәселелерінің бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі («Сарыарқа кімдікі екендігі» кітабынан) // XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия.– Алматы: Руханият, 1983. – 251 б.

2.Адам һәм оның ғұмыры. Қарға мен Лашын // Әдеби нұсқалар. Алматы: Білім, 1989. – 1 кітап. –289 б.

3.Көпеев Мәшһүр Жүсіп, ол туралы Шарапиев Төлеубай. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атайдан есімде қалғанын ескерткіш өлең етіп жаздым: Өлең. – Баянауыл, 1980. – 176б.

4.Көпеев Мәшһүр Жүсіп: Қысқаша өмірбаяны (1858– 1931) / Жинаушы немересі Төлеубай Шарапиев, Ахметов Нағи. – Баянауыл, 1980. – 178б.

5. Көпеев М.Ж. // Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет.– Алматы: Ғылым,2001.– 358 б.

ӘОЖ. 82.540

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

**МАМБЕТИЯРОВА С.А.**
Н.Данаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассматриваются элементы новой технологии в обучении творчеству Шакарима

**Summaru.** The article discusses in detail the elements of a new technology in teaching Shakarim's creativity

Тәуелсіз ел болып, өткен тарихымызға қайтадан үңіліп, көне мұраларымызды түгендеп, өшкенімізді жандырып, халық арасына шығармаларын зерттеп насихаттауға қол жеткізген уақытта, ақын мұрасына ғылыми негізде талдау қажеттілігі туындады. Ш.Құдайбердіұлы мұрасын жинауға, баспаға дайындауға, ғылыми-зерттеуге негіз жасаған Ы.Дүйсенбаевтың мақаласы әдеби энциклопедияға жарияланды Ақынның асыл мұрасын халқына табыстауда А.Шәкәрімұлының еңбегі ұшан теңіз. З.Ахметов: «Шәкәрім ұлы гуманистік, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі», –деп ақынға баға бере отырып, «Өлең өрнектері», «Дәстүр жалғастығы» «Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінде алатын орны» деген мақалаларында ақынның қазақ әдебиетінде алатын орнын айқындап берді.

Ш.Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінің тарихында алатын орны ерекше. Ақынның есімі халқына қайта оралғаннан бастап, 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде ақынның бір топ өлеңдерінің алғы сөзін атақты ақын Ә.Тәжібаев жазды. Шәкәрім шығармаларын танытуда көп еңбек сіңірген ғалым-жазушы – М.Мағауин. Шәкәрім есімі жаладан арылмай, қасиетті қазынасы қыл бұғауда байлаулы жатқанда Ленинградтан «Поэты Казахстана» атты жинақ шығарып, оған

Р.Рождественскийдің аудармасы мен Шәкәрімнің он төрт өлеңін енгізіп, ондағы мақаласында ғалым оның ұлттық әдебиетіміздегі салмағын саралап берді.

Осы қатарда абайтану мен шәкәрімтануда қомақты үлес қосқан белгілі филолог – ғалым Қ.Мұхамедханов болды. Әсіресе, ақын өлеңдерінің текстологиясын, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы дәстүр жалғастығы проблемасын зерттеуде, поэмаларын зерделеуде Қ.Мұхамедханов көп еңбектенді. Ол сонымен қатар, Шәкәрім кейіпкерлерінің образдық, психологиялық ерекшеліктері, қоғам мен адам туралы пікірлері жайында көптеген құнды пікірлер айтты. Ғалым Шәкәрім еңбектерін бағалауда ірі қадам жасай отырып, мұндай шығармаларға нақты талдаулар бере білді.

Шәкәрімнің шығармашылық жолы – XIX ғасыр мен XX ғасыр арасында қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан ғалым этнограф Ш.Уәлихановтың, балалар әдебиетінің атасы, педагог Ы. Алтынсариннің, хакім Абайдың көзқарастарын, шығармаларының идеялық тақырыптарын С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Торайғыров, тағы басқа қазақ зиялыларының еңбектерімен байланыстырған «рухани алтын діңгек». Шәкәрімнің ақындық тұлғасын бізге алғаш рет таныткан ақын – С.Торайғыров. Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармаларында әр қырынан ашылатын тақырыптар, әсіресе, оқу-білімді насихаттау, адалдықты паш ету сияқты ұлттық рух тұнып тұр. «Қазақтың екі ұлы перзентінің сырттай танысуы «Айқап» журналымен тікелей байланысты. Ұлт қамын ойлаған Ш.Құдайбердіұлы мен С. Торайғыров «Қазақ» газеті арқылы түйдектелген түйінді ойларын оқырманмен бөлісіп, келелі проблемаларды бүкпесіз батыл талқыға, көптің назарына дер кезінде ұсынып, қалың жұртшылықтың үнемі ілтипатында болды», – деген зерттеуші ғалым А.Еспембетовтың пікірінен қос классиктің баспасөз арқылы бірін-бірі тануы, қазақ ұлтының аласапыран уақытта мұң-мұқтажын, отарлық езгіден құтқару керектігін сезініп, олардың жүзбе-жүз танысып, араларында үзілмеген сыйластық, қаяусыз достық, шексіз сүйіспеншілік болғандығын аңғарамыз.

XX ғасырдың басында Шәкәрімнің жарыққа шыққан шығармаларына айырықша назар аударып, баспа бетінде пікір білдіріп отырған Әлихан Бөкейханов екендігі еңбекте нақты көрсетілді. Ш.Құдайбердіұлы мен Ә.Бөкейхановтың бір-бірімен таныстығы 1900 жылдан басталса керек. Олардың рухани қарым-қатынаста болғандығын Семей қаласында кездесіп тұрғандықтарын кейбір саяси мәселелерге байланысты хат жазысып, пікір алысып отырғандықтары жайлы ғалымдардың дәлелді дәйектері бар. «Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі» жайында жазған мақаласына пікірін айтып жазған мақаласында Ә.Бөкейханов Шәкәрім мұрасын бүкіл халықтың тануы керектігіне мән бере отырып, оны насихаттау керектігін жете түсінген. Демек, аталған халық зиялыларынан басқа елге қамқор, зерек ойлы азаматтар да Шәкәрім шығармаларына дер кезінде үн қосып, өз ойларын білдіріп, құнды еңбектер екендігін бағалап отырған.

Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға жетелейтін, адалдылық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтылыққа үндейтін Шәкәрім шығармаларын оқытуда әдебиет пәнінің атқарар рөлі де айырықша. Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығын журнал-газет беттеріндегі мақалалар болмаса, оларды оқыту мәселелелері арнайы зерттеу нысаны болмады. Уақыт сұранысына сай ұлттық құндылықтарымызға терең үңіліп, қазақ әдебиетін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру – бүгінде көкейкесті, аса өзекті мәселелеріміздің бірі.

Білім беру саясатының тұжырымдамасына сай шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген, интеллектуалдық өрісі жоғары,өзін-өзі үнемі дамыта алатын белсенді,қабілетті жастарды тәрбиелеуде қазақ әдебиеті пәнінің рөлі ерекше екені сөзсіз. Бүгінде студенттердің теориялық білімін, тәржірибелік іскерлігін өз бетімен ізденіп, үнемі толықтырып отыру мақсатында білім беру жүйесін модернизациялау (жаңа технологиямен оқыту) мәселесі назарға алынуда. Әдебиеттен берілетін базалық білім мазмұны нақты, тиімді, түсінікті белгілі бір жүйемен берілуі қажет. Ең бастысы, оқушының көркем шығармаға деген қызығуын туғызу, олардың әдебиеттің өнер табиғатына сай оқи білуін, оның идеялық –эстетикалық мән –мағынасына терең бойлай, тебірене қабылдануына мүмкіндік жасау, оқу үрісінде нақты көздеген нәтижеге жетудің бір жолы әдеби туындыларды модул-блок жүйесі арқылы оқыту болып табылады. Модулдік оқытудағы ең маңызды нәрсе: қажеттілік туғызу, мотив, әрекет,нақты мақсатты айқындау болып табылады.

Шәкәрім философиясы, адам бақытының негізін анықтауы. (Шәкәрімнің философиялық лирикасы ғылымда мәселе ретінде қойылып, зерттеле бастады. Шәкәрім шығармашылығы аясында айтар болсақ, З.Ахметов, Р.Бердібай, М.Базарбаев, Ш.Елеукенов, Ш.Сәтбаева, М.Мырзахметұлы, Т.Шапай, Ғ.Досқенов арнайы зерттемегенімен философиялық лириканың қазақ сөз өнерінде барлығына әр кез жанама түрде болса да, тоқталып, атап өткен. Соның біразына шолу

ретінде тоқталып өткенді ретті санаймыз: «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларның басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты», «Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті», «Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. «Шәкәрім лириканың түрлік, мазмұндық сан –сала жаңалығын сөз ету арнаулы зерттеулер сыбағасы болмақ. «Шәкәрім Құдайбердиев табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс-тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған». Шәкәрімнің бұл өлеңінде мейірім, ынсап, әділет, ақ ниет сияқты сапалық қасиеттерді уағыздау басым. Адами қаситеттердің түп қазығын ол адалдық пен ақ ниетке келіп тірейді.

Шәкәрім қалдырған мол мұра қазақ әдебиетінің тарихына қосылған үлкен қазына т.б. «Қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен Шәкәрім –әрі ақын, әрі тарихшы, философ» деген М.Мағауин сөзінің мәні ерекшелене түсері хақ. Бүгінгі ұрпақтың, келер ұрпақтың жан дүниесіне Шәкәрім сөзінің мән- мағынасын ұғындыру қажеттілігі туындайды. Модульдік оқытуды материалдың мазмұнына қарай блоктарға бөліп қарастыра отырып, белгілі бір мақсатқа бағыттай отырып оқытушы мен әр студенттің әс –әрекетін нақтылай түсуге мүмкіндіктер туады.

Шәкәрім тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түркітану, салаларындағы ғылыми еңбектерді көп жылдар оқып,мәліметтер жинауы ақынның адамның ой, ақыл, парасатына ерекше мін беруіне бірден –бір себеп болды. Ол «Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау» деп түйіндей келе, не нәрсені болсын ақылға салу керектігін айтып, ақылдың керемет күшін жақсы істерге пайдалана білуге үндейді. «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» деген өлеңінде осы жарық нұрды кейбіреулер күнкөріс үшін пайдасыз іске, зұлымдыққа барып, біреуді алдауға қолданып жүр деген ой тастайды. Ақын жастарды таза, адал еңбекке шақырады. Ол үшін ақ көңіл, таза пейіл, ықылас керектігін жан-жақты ашып айтады. Сондай–ақ, ақын үнемі жастарды ойлау, ойлануға жетелейді. Осыған өзі де үлкен мән береді. Дүние сырын түсінуде ақылмен сынаудың мәнін ашады.

Ақын өлеңдерінде әсерлі, көркем, бейнелі сөздер, бейнелі теңеу, эпитет, сан құбылған ауыстырулар, орынымен пайдаланған мақал –мәтелдер көптеп кездеседі. Ең бастысы, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өмірмен байланысты күшейтеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамдық борышың» өлеңінде борыштың сан түрлі екенін айта келе, халына еңбек ету ерекше борыш деп тұжырымдайды. Ақыл, адал еңбек жайында өз қарасын білдіре отырып,халқың үшін еңбек етуге, халқын сүюге үндейді.

Қазіргі заман талаптарына сай Шәкәрім шығармаларын оқытудың жаңа инновациялық технологияларын танытуға соңғы кездерде ғалымдар тарапынан қызығушылық арта түсіп, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқу үрдісіне пайдалануға байланысты көптеген зерттеу еңбектері жүзеге аса бастады. Білім мазмұнын жаңарту қажеттігіне сай ең озық технологияларды жүйелі түрде қолдану – өркениетті елдер қатарына енудің бірден-бір жолы болмақ. Ресейлік және қазақстандық ғалымдар ғылым мен тәжірибені ұштастыра зерттеп, жаңа педогогикалық технология үлгілерін тиімді қолданудың жолдарын барынша нақты түрде көрсетті. Әсіресе, жоғарғы оқу орындарында оқытудың әр түрлі жаңа технологиялары пайдаланылып, сабақ үрдісінде қолданылудың ерекшеліктерін проблемалық оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, бүгінгі таңда ұстаздар қауымының жас ұрпақты біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық, ізденімпаздық қабілетін дамыту барысында қазақ әдіскерлері Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатовтың «Проблемалық оқытуы», М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Білім беру жүйесінің ақпараттандыру технологиясы», «Қазақстан қайырымдылық қорының оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы», Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін қалыптастыру, тұлғасын дамыту бағытында тағы басқа озық оқыту технологиялары қарқындап келуде. Егеменді еліміздің дамушы елу мемлекет қатарында болудың негізгі бір талабы – мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін жаңа технология элементтерін сабақта қолдануды талап етіп отыр. Қазіргі жаһандану заманында жаңа технологияның басты мүддесі – оқушыны жай білімнен шығармашылыққа дейін көтермелеу. Қазіргі заманда жаңа технологиямен қаруланған ұстаздардың жеке тұлғаны қалыптастыруда көп ұтары сөзсіз.

Шәкәрім шығармаларын оқытуда жаңа технология элементтерін тиімді қолданудың негізгі мақсаты – оқушыға берілетін білімнің ғылыми жүйелілігі және білімді белсенділікпен саналы меңгере отырып, білімнің тиянақтылығына ерекше мән беру. Шәкәрімнің ақындық жолының бір арнасы – поэмалары. Жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет пәнін оқыту бағдарламасына

енген Шәкәрім өлеңдерін оқыту барысында байқалатын басты ерекшелік, ақынның, ең алдымен, сыршылдығы, өсиетшілдігі, қатал сыншылдығы, өлең тақырыптарын уақыт талабы, заман көшіне қарай асқақтата жырлай отырып, соның бәрінде де мәңгілік жолдарын негізгі нысана ету белгілері болса, ал поэмаларында осы жанрдың негізгі қасиеттері – мазмұны мен көркемдіктің бірлігін, оқиғамен өрілген образдылық пен идеяның ұштасатынын оқушының тануына және де әр поэманың мазмұндық желісі, көркемдік шешімі, образдар әрекеті сол оқиға болған тұстың шындығымен жырланатынына көңіл аударылуы қажеттігі зерттеу жұмысында талдап көрсетілген.

Шәкәрім шығармаларындағы ізгілік, шапағат, мейірімділік, т.б. қасиеттерді бойына сіңіре отырып, қатігездік, заманның ескі ойларынан шыға алмайтын мінездерден, қайырымсыздық қасиеттерінен өздерін аулақ ұстау жөнінде тағлым алады. Әр түрлі әдістер қолдану негізінде оқушылардың сабаққа деген ынтасы оянып, қызығушылығы артады. Дәстүрден тыс сабақ түрлері оқушының тілін дамытып, ойын ұштап, өзі талдап дәлелдеу арқылы өз пікірін ашып айтуға дағдыланады. Осы арқылы өз еңбегінің жемісін басқалармен бөлісіп, алған білімін жетілдіре, дамыта түседі. Әдебиет сабақтарында оқушыларға талдау жасауды үйретудің маңызы зор және осы тұрғыда пән мұғалімінен үлкен шеберлікті қажет ететіні белгілі. Әсіресе, әдебиетіміздің алыптары Абай мен Шәкәрім шығармаларын оқытуда барынша мұқияттылық танытқан дұрыс болмақ. Шығарманы кейіпкерге талдап үйретуге байланысты жұмысын әдетте кейіпкерге мінездеме жасатудан басталады десек, оның да өзіндік ішкі құрылымы болатындығы байқаймыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. –Алматы: «Жазушы», 1993

2.Шәкәрім лирикасының көркемдік ерекшелігі // Ұлт тағылымы (Ғылыми педагогикалық басылым). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 2007. №1.

3. Шәкәрім шығармаларын оқыту (Оқу-әдістемелік құрал). –Семей. Үшбиік, 2009.

ӘОЖ 82.325.07

## ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

**САКЫБАЕВА Р.И., ЖЕТПИСБАЕВА Ж.Н.**

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены художественно-эстетические поиски в творчестве казахских писателей

**Summaru.** The article considers artistic and aesthetic searches in the works of Kazakh writers

Қазіргі адам мәселесін қарама-қайшылықты дүниетанымдар қақтығысында бейнелеу кейінгі уақыттағы әңгімелердің дамуын айқындайтын маңызды бір мәселе. Қаламгерлер көзқарастары мен шығармаларында ұстанған басты бағыт аясында бойкүйездік шешімнің басымдығы, қайғылы ахуалдың үстемдігі көрінгенімен, жамандық атаулыны барынша шынайы көрсете отырып, оның түпкі себептерін ашып көрсетуге тырысады.

Тура жолға бастар ар жолы мен адасушылықтың, басқа қонған бақ пен сорға бастаған бақытсыздықтың итжығыс түсіп жататын мәңгілік майданындағы адамгершілік тақырыбын шығармаларына өзек еткен жазушының бірі – Талаптан Ахметжан. Зерттеуші Қайрат Раев «Құндылықтар анатомиясы» атты жазушы Талаптан Ахметжан шығармашылығы хақында» атты мақаласында: «Бүгінгі замандас жазушы Талаптан Ахметжанның шығармашылық әлемінің өзіне тән ерекшелігі – жазушының өмiртанымдық диапазонының кеңдігімен қатар, тосын, ерекше жағдаяттар негізінде оқырманын тың ойларға, жаңа шешімдерге жетелейтін түйіндерді өзара тоғыстыра отырып, интеллектуалдық биіктікке ұмтылдыра алуы» деп жазады [1, 10 б.].

Талаптан Ахметжанның «О дүниенің қонағы» атты әңгімесінің қызықты оқиғаға құрылғандығын тақырыбынан-ақ байқауға болады. Айғайлап тұрған әңгіме атын естігенде о дүниеге де қонаққа барып келуге бола ма деп таң қаларыңыз сөзсіз. О дүниелік болып қайта оралған әңгіме кейіпкері

Қияқ – жекеменшік фирманың иегері, бұрынғы біртоға мінезінен өзгерген, думаншыл, жалғанды жалпағынан басқан қалталы жігіт. Қаладағы ең ірі базарды өз меншігіне алған туған ағасы Мияттың арқасында алшаң басып, ақшаның буына масаттанған жігіттің қысқаша өмір жолы әңгімеде әдемі суреттеледі. Бүгінгі күннен алынған мәселелер әңгімеге негіз болған. Жазушы бүгінгі күн мәселесін көтере келе, нарық заманындағы астамсыған ақшалылардың ойсыз-мұңсыз өмірінен сыр шертеді. «Талаптан бұл әңгімесінде үлкен ой айтқысы келгенге ұқсайды. Және айта да алған. Өйткені Жан мен Тән туралы әңгіме халқымыздың санасында ертеден бар. Тән өледі, жан мәңгілік. Тән топырақтан жаралып, қайтадан топыраққа сіңбек. Яғни тәннің мәңгілік тұрағы – қасиетті қара жер. Ал жан өлмейді, адамның денесінен ұшып шығып, басқа бір жанды денеге қонады деген де діни түсінік бар» дейді бұл жайында өзі де әңгіме жазудың шебері саналатын замандас қаламдасы Думан Рамазан [2, 12-13 б].

Әңгіме кейіпкері Қияқтың ««Ақша – қолдың кірі» деген кісі қатты қателеседі, ақша қолдың кірі емес, ақша – тамыр қуалай бүлкілдеп ағатын ыстық қан. Ол үнемі айналып тұрмаса еселеніп өспейді. Өзінше кейде сараңдығы ұстап, алақаныңды ашқың келмей қысып отырып алсаң, қан жүретін тамырларың біртіндеп тартыла бастағанын сезесің. Шығын шықпаған жерге кіріс кірмейді» деген сөздерінен саудамен айналысып байыған жанның психологиясын тануға болады. Материалдық байлықтан мәртебе көріп, жан байлығын көзге ілмеген жан-тәнімен ақшаны жақтаған кейіпкер бейнесінен бүгінгі күннің бай-манаптарының шын бейнесін көре аламыз.

Әңгіме сюжеті «жаңа қазақ» – Қияқтың су жаңа қаракөк джипіне мініп, масаттана мәшинесімен ызғытып келе жатқанынан басталады. Басталаса сала масаттанған Қияқ жолда қол көтерген ақ киімді әйелді қағып кетеді. Мұның себебі «түнгі іс еді» көңіліне желік кіргізген «түнгі істің» жайын қаламгер «Бір емес, уызы шайқалмаған екі бірдей елікті торына түсіріп, қанын сорғалатқан күйі қанжығасына байлаған әккі аңшы мұндайда қалай тасыса, бұл да солай желігіп отыр, өз қайратына өзі таң қалып отыр» деп жұмбақтайды. Жұмбақтың шешімін оқырманына түсіндіру мақсатында қаламгер әңгіменің сюжет желісін шегініспен толықтырады. Шегіністің берілу тәсілі де қызық, ғаламгер Қияқтың өткен өмірін сұп-суық сұлумен арадағы әңгіме – дүкен, яғни диалог арқылы көрсетеді. Әңгімеде қолданылған әрбір әдіс-тәсіл негізсіз емес. Айталық, көлік апатына түсіп, ес-түссіз жатқан Қиякты «о дүниенің қонағы» атаған жазушы Әңкір-Мүңкірдің есеп алуы сияқты сюжеті сенімді әрі ұтымды пайдаланылған. Ал тозақ отының берілу формасы да тартымды шыққан: өртенген мәшиненің отынан о дүниенің жанды қинаған жалынына автор оп-оңай-ақ көшіп алады: «...Қып-қызыл оттың ортасы... Жан-жағының бәрі лапылдаған, ұйтқыған жалын... Қияқ өзін өртенген мәшиненің ішінде жатқан шығармын деп топшылаған. Бірақ олай емес сияқты. Мынауың шеті-шегі көрінбейтін қалың от... Жер де өрт, көк те өрт...».

Өзегін от қызуынан да ыстық жалынның шыжғырып, өкініш өртінің қуырып бара жатуының басты себебін қаламгер кейіпкерінің өткен өмірінен іздейді. Өз ісіне мығым, сауда жасаудың әдіс-тәсілдерін мықты меңгерген, адамдарды сөзбен алдап, сеніміне кіре білуде алдына жан салмайтын, ақшаны жанынан артық көретін, Қияқтың өзі «Шоколадқара» деп ат қойып алған, саудагер әйел мен Қияқтың тірлігі әңгіме арқауы. Ақшаға арын да барын да сатқан «Шоколадқара» туған қызының өзін қала орталығындағы үлкен дүкенге айырбастап жібереді. Әңгімеде баяндалатын сұлу әйел мен оның үріп ауызға салғандай сымбатты, әдемі бітім мен әсем бет-пішіннің иегерлері Саида, Аяжан есімді әдемі қыздарының тәлкекке түскен тағдырлары үшін бас кейіпкер – Қияқ жауапты. Ия, бәріне де кінәлі – Қияқ. Күйеуі жоқ Шоколадқараны айналдырып, көңілдесі еткенімен қоймай, оның үлкен қызы Саиданың балғын денесіне саяжайында тояттаған Қияқ, шын мәнісінде, мұнымен де тоят таппаған еді. Арақтың уытына мастанған ақшаның буы қысқан Қияқ, өзінің алдауына, арақтың арбауына түсіп, былқ-сылқ етіп буынына ие бола алмай мас болып қалған Саиданы түн қараңғылығында үйіне әкеп тұрып, қыздың шешесін бір сылтаумен Шымкентке жіберген, ол оның екінші қызы Аяжанның әлі балалығы басылмаған бойжеткенге тарпа бас салып, балғын тәнін тегеуріндi құшағымен тұншықтырып, ардан аттаған еді. Бір түнде екі бірдей арудың обалын арқалаған Қияқтың ары мазалады ма, әлде тылсым күштің тұңғыйығы шығармады ма әйтеуір мұншалық ауыртпалықты көтере алмай, ақырында аяғы аспаннан келіп көлік апатына ұшырады.

Жалпы, Талаптан Ахметжан әңгімелерінің басты тақырыбы – адамгершілік мәселесі болып келеді. Ар-ұятты басты ұстаным тұтқан кейіпкерлер көзімен танылатын өмір шындығы, өзіміз күнбе-күн бетпе-бет кездесіп жүрген, қазіргі қоғамда қалыпты жағдайға айналған жайттар жазушы қиялымен астаса келе шебер жазылған шығармаға айналады. Олар алғашқыда таныс көрінгенімен, кейде сенің әлемінен бөлек бейтаныс суреттер тізбегі секілді әсер қалдырады. Бірақ Талаптан әңгімелерінің тереңіне бойлай келе жалған дүниенің бетпердесін ашатын ақиқатқа қаныға түсесің.

Талаптан Ахметжанның келесі бір әңгімесі «Күнәһар» деп аталады. Ар ілімі, адамдық әліппесі саналатын дінге деген көзқарас Талаптан әңгімелерінің атауынан-ақ көрініп тұр. «О дүниенің қонағы», «Күнәһар» деген атаулар сөзіміздің дәлелі. Мұнда да өмірден өз жолын дұрыс таңдай алмай ар жолында адасқан кейіпкер өмірі сөз болады. Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Бұл әңгімінің бір ерекшелігі – шығармада қысқа-қысқа атаулы сөйлемдер жиі кездесіп отырады. «О дүниенің қонағы» әңгімесіне тақырыптарының діни сипат алуымен ғана емес, кейбір сөз тіркестерінің екі әңгімеде де қатар келуімен ұқсайды. Мәселен, «өрсерпіген омырау», «естанды хәл» деген тіркестердің Талаптан Ахметжанның сөздік қорына ғана тән екендігін байқадық. Мүмкін қателесетін де шығармыз, бірақ қазақта бұрыннан бар сөздерді біріккен сөз үлгісінде анықтауыштың орнында беруі бізге қаламгердің өзіндік жаңалығы болып көрінді.

Ал «Күнәһар» әңгімесінің сюжеттік желісінде кездесіп отыратын кей эпизодтар, мәселен, жаңадан үйленген жігіттің сәбилі болған күні әскерге аттанып кетуі, сондай-ақ Ауғаныстан соғысының құрбаны болған жан жайында әңгімелеу сияқты жайттар алдында біз талдап өткен «Мұң» әңгімесінде де көрініс тапқан еді. Бұл қайталаулар сөзбе-сөз емес және шығарманың идеясы мен мазмұнына көлеңкесін еш түсіріп тұрған жоқ. Мән-мағынасы мүлдем бөлек, тақырыбында да әжептеуір айырмашылық болғандықтан, әңгімелердегі айтылар ой, тақырыпты ашудағы идея өзгеше көрінгендіктен, шығармаға елеусіз түрде қосылып отыратын мұндай эпизодтар маңызды рөл атқармайды, әңгіменің көркемдік деңгейіне әсері болмайды, әр әңгіменің өзіндік шындығын ашуда қаламгер шеберлігі байқалады.

Әңгімедегі біздер үшін ұтымды көрінген нәрсе жазушы пенде ғұмырын, оның іс-әрекетін, жасы ұлғайған сайынғы ой-топшылауларын дәлме-дәл бере білген. Әскерге кеткен досының әйелі Әсемгүл бала-шағасы бар оқытушымен бірге түнегенін көрген Жарқын оны жар алдындағы адалдығын сақтамағаны үшін жазғырып, өзінің жаны жараланады. Рухани күйзелістен, жанының жабырқау тартуынан ызғарлы жел мен суық жаңбырға тәнін тосқан адал жігіт бұрынғы өкпе ауруын қоздырып алып, мұрттай ұшады, ауруханадан бір-ақ шығады. Өзін-өзі аямай, денсаулығының нашарлауынан, бір жарым ай бойы ауруханада жатқан Жарқын әңгіме соңында сол досының баяғы жары Әсемгүлмен өзі төсектес болады. Әйел опасыздығына бір кездерде жаны күйзелген жас жігіттің жан дүниесінің тазалығынан із де қалмаған. Досы үшін соншалық күңіренген таза көңіл он жылдан соң дәл сол әйелмен өзі бірге боламын деп ойлаған да жоқ еді. Бір сәттік өкініш кеудесін кернегенімен, бұрынғыдай жан жүрегін кеулемейді, ол екі жақты болған күнәлі істің ауыр жүгін әйелдің иығына арта салған-ды. Кейіпкердің жан дүниесіндегі өзгерісті қаламгер былай суреттейді:

Адам баласының жаны мен жүрегін жаулаған тасбауырлыққа қарсы тұра алатындай адам мен құстан жаратылған, мына әлемге аспаннан түскендей әсер тудыратын періште бейнесін Айгүл Кемелбаева өзінің «Қоңыр қаз» әңгімесінде суреттеген. Нұрғали Ораздың кейінгі жылдары жарық көрген әңгімелерінің бірі - «Оңаша арал» атты әңгіме (2006 ж.). Бұл туынды Нұрғалидың басқа жинағында «Ешкім мекен етпейтін арал» деген атпен жарияланса, соңғы шыққан «Даладан қалаға келгендер» атты кітабында «Оңаша арал» деп берілген. Бұл да жалғызбасты сұлу әйелдің жүрек түбіндегі мұңы сөз болады. Әңгімеде кафеде болған отырыстан кейін оңаша қалған орта жастағы, жанұясы бар еркек пен басы бос жас әйел арасындағы бір кештің әңгімесі өрістей келе үлкен пайымдауларға ұласады. Күнделікті күйкі тірліктен қажыған еркек сырлы түнде жанында келе жатқан көрікті әйелдің сұлулығына, қылығына елтіп, біртіндеп ішіндегі шерін тарқатады. Жаңа танысқан екі адам ақылсыз да емес, бір бастарына жететін кісілігі де бар. Әңгімені оқып отырып, екі адамның арасында жақсы жарасымдылық орнайтын секілді болып көрінеді. Алайда әңгіменің орта тұсына келгенде оқиға оқырман ойлағаннан басқаша сипат алады. Еркек жүрек жарды сырын айтқанымен, кімге де болса күнделікті айтыла бермейтін етене сыр әйелге мүлдем кері әсер етеді. Осы тұста Нұрғали Ораздың кейіпкер таңдаудағы шеберлігі айқын көрініс тапқан. Ер адам әңгіменің орта тұсында өзінің математик екендігін айтқан болатын. Яғни, сөзге онша бейім емес, логикаға бейім жан. Әңгіме соңында, жалғыздықтың зардабын тартып жүрген, бірақ «оңаша аралды» уақытша ғана мекен етуді қалайтын еркекті, жас сұлу салқын ғана шығарып салады.
Әңгіме бүгінгі жалғызілікті әйелдер мәселесін көтерген, тілі жеңіл, тез оқылады. Математик жігіттің айтқан философиялық ой-толғаныстары оқырманға ой тастайды. Шығарма соңында өмірлік серігін таба алмаған әйелдің түні бойы көз ілмей, өмір бойы жиналған өзіне деген ашу-ызасын екі жанарынан алуы, оқырманның сезімін туындатады.

Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» (2007 ж.) атты әңгімесінің көтерген тақырыбы – Семей полигоны. Қазіргі қазақ қаламгерлері арасында осы полигон тақырыбына, экологиялық қасіретке соқпай өткені кемде-кем. Біздер қарастырып отырған, әдебиетке тәуелсіздіктен кейін

келіп, өндірте жазған қаламгерлер қатарында саналатын Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», «Қаралы төбе», Думан Рамазанның «Соңғы дем», т.б. шығармалар осы тақырыпқа жазылған.

Нұрғали Ораз «Жылқының көз жасы» әңгімесінде полигон зардабын тартып отырған Семей өңірін – «Жын жайлаған меңіреу өлке» [3, 5 б.] деп береді. «Жынның дертінен жынды су ғана құтқара алады» деп еді-ау сонда бір сәуегей. Дегенмен, «жынның дертінен» құтылудың бірден-бір жолын «жынды судан» таба қосқан ешкім жоқ оның даусын қасқа биенің саумалы мен қымызынан тапқан қазақи мінезді Абаттың өлім аузындағы қасқа биесімен қоштасуы әңгімеге арқау болған.

Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесі түс көруден бастау алады. Түсінде күн батысқа қарай шауып бара жатқан қасқа бие, қызара батқан күннің қып-қызыл өртке айналған сағымына сіңіп жоқ болып кетеді. Алладан берілген аян болса керек, бұл түстегі оқиғаның ізі өмірде қайталанады.

Қорыта айтқанда, Нұрғали Ораз шығармашылығында, шынында да, оқырманы іздеп жүріп оқитын әңгімелер көптеп саналады. Ол әңгімелерінде бүгінгі күннің басты мәселелерін дәл мерзімінде көтере біледі, көркем тілмен айшықты жеткізе де алады. Нұрғали Ораз туындыларының басты құндылығы осынысында жатса керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Раев Қ. Құндылықтар анатомиясы. Жазушы Талаптан Ахметжан шығармашылығы хақында // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 11 сәуір. – №15

2.Рамазан Д. Әңгіме туралы әңгіме // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 19 сәуір.

3.Нұрғали Ораз. Жылқының көз жасы // Егемен Қазақстан. – 2007 – 25 желтоқсан.– №393-394.– 5 б.

ӘОЖ 81'1:81'32

# АКАДЕМИЯЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ КУРС ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

**БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д.**
Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, фил.ғыл.кандидаты,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

**Резюме**. В данном докладе будут рассмотрены методы создания курсов академического контента, предлагаемых в студентам, овладевшим казахским языком на высоком уровне в высших учебных заведениях. Также будут рассмотрены трудности, возникающие в этом процессе, и пути их решения. Точнее, наше выступление будет обсуждаться на основе результатов и опыта курсов академического контента, предлагаемых в Назарбаев Университете с целью освоение казахского языка.

**Summaru.** This paper will discuss ways to create courses of academic content offered in higher education institutions to students who have mastered the Kazakh language at a high level, the difficulties encountered in this process, and ways to solve them. To be more specific, our presentation will be discussed based on the results and experiences of academic content courses offered at Nazarbayev University with the goal of developing the Kazakh language.

Ұлттық келбетімізді сақтаудың басты бағыттарының бірі – мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейту. Елімізде жүргізілген Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан соң 2020 жылы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [1].

Бағдарламаның мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу. Осы мақсатқа сай әр салада мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, сапасын арттыру жұмыстары әр ұйымда ұйымдастырылып жатыр деп үміттенеміз. Бұл үлкен миссияны жүзеге асыруда жоғары оқу орындарының алатын үлесі аса үлкен, атқаратын рөлі өте маңызды.

Қазіргі таңда елімізде оқу тілі ағылшын тілі боп саналатын жоғары оқу орындарының жұмыс істеп жатқаны белгілі. Мұндай оқу орындарының нәтижесінде бірнеше тілді жетік білетін көптілді жастарымыздың қатары көбейіп келеді. Бұл үдерістің жағымды да, жағымсыз әсері бар [2]. Көп тіл қолданыла бастаған ортада әр тілдің мәртебесін, міндетін, қолданысын қадағалау да қиындай түседі. Сондықтан оны бақылайтын, бағыт көрсететін нақты мемлекеттік деңгейдегі бағдарлама, жобалар жұмыс істеуі керектігі анық.

Республикада тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [3] жүзеге асыру үшін оқу тілі – қазақ, орыс тілдерімен бірге ағылшын тілі болатын және ағылшын тілі негізгі оқу тілі болатын мекемелердің жұмыс істеп жатқандығы туралы жоғарыда атап өттік.

Жалпы, елімізде 7 429 мектеп бар. Оқушы саны - 3,4 млн. Ал жоғары оқу орындар саны – 129. Ондағы студент саны – 605 798 [4]. Осы оқу орындарының оқу тілі қай тіл деген сауалға жауап алу үшін ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайтынан мынадай мәліметтерді алдық [5].

Қазақ тіліндегі мектеп саны: 3792, оқушылар саны: 1 458 433.

Орыс тіліндегі мектеп саны: 1305, оқушылар саны: 403 927.

Өзбек тіліндегі мектеп саны: 12, оқушылар саны: 8 333

Ұйғыр тіліндегі мектеп саны: 11, оқушылар саны: 6 223

Аралас мектеп саны: 2271, оның қазақ тілінде оқитын оқушылар саны: 724 735; орыс тілінде: 644 106; өзбек тілінде: 76 166; ұйғыр тілінде: 9 740; тәжік тілінде: 3 731; ағылшын тілінде: 853; француз тілінде: 10.

Басқа тілде: 4, оқушылар саны: 1 526. Бұлардың барлығы 2019 жылғы мәліметтер. Өкінішке қарай, ЖОО-лардағы оқу тіліне қатысты мұндай статистикалық мәліметтер бұл сайтта берілмеген. Сонымен қатар жоғарыдағы статистикалық мәліметтерді алу барысында оқушылардың ұлты сұралмағанын ескеру қажет.

Сонымен, қазіргі таңда қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында оқитын жастар саны көп болғанымен жастардың, әсіресе қала жастарының сөйлеу тілі негізінен орысша, өзара орыс тілінде сөйлеседі немесе орыс тілін қосып, шұбарлап сөйлейді. Ал ауылда тұратын жастар көбіне орыс тілінде сөйлей алмайды. Қате жазады. Қазақ тілін біршама жақсы біледі. Бірақ жастардың көбі ауылдан қалаға оқуға не жұмыс іздеп келіп, тұрақтап қалады. Сөйтіп, олар да қала жастарының шұбарланған тілін үйрене бастайды. Сонымен бұл бізге қазақ тілінің қазіргі таңдағы жайынан ақпарат береді, мәселені көрсетеді. Осындай мәселелерді қалай шешуге болады?

Кез келген мәселені зерттеп, талдау жүргізу арқылы шешу жолдарын да табуға болады. Сонда қазақ тілін жақсы білетін, бірақ оны қолданғанда сапасына мән бермей, шұбарлап не калька аудармалармен қолданып жүрген білім алушыларға түрлі контенттегі курстарды ұсыну – бұл мәселені шешудің бір жолы. Дегенмен бұл әрбір жоғары оқу орнының біім алушыларға ұсынған бағдарламаларына, мәртебесіне байланысты түрліше қарастырылуы мүмкін. Автономды университеттер үшін бағдарламалар енгізу, соған асй курстар құрастыру жоғары оқу орнының ішінде шешіле беретін болса, министрлік қарамағындағы университеттерде бекітілген бағдарламалардың үлесіне қарай қосымша курстарды ұсыну жағы шешімін табады. Десек те қай жағдайда да академиялық мазмұндағы курстарды ұсынудың мүмкіндіктері қарастырылған.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында орыс топтары не оқыту тілі ағылшын тілі жоғары оқу орындары оқытады. Бұл салада көп айтылатын мәселелерге оқулықтар, әдістеме, деңгейлеп оқыту т.б. жатқызамыз.

Университетке орыс мектебін бітіріп келген студенттер 11 жыл бойы мектепте қазақ тілін аптасына 2 не 3 сағат оқып келсе де, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлерінде айтарлықтай айырмашылықтар кездесіп жатады. Осыған орай бүгінгі таңда қазақ тілін үйрету технологиясына қатысты педагог-ғалымдарымыз ізденіп, әлемдік тәжірибеден көптеген тілді үйретудің тәсілдерін бізге әкеліп ендіріп жатыр. Мәселен, мұндай ғылыми зерттеулер жүргізген жұмыстар қатарына Ф.Оразбаеваның коммуникативтік технологиясын, М.Жанпейісованың интерактивтік модульдік оқыту технологиясын, Қ.Қадашеваның жаңғырта оқыту технологиясын, Р.Шаханованың мамандыққа бейімдеп оқыту технологиясын, З.Бейсембаева мен К.Жақсылықованың модульдік технологияларын, Н.Құрманованың дамыта оқыту технологиясын, Н.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын, белсенді оқыту әдістерін зерттеген Ж.Сүлейменова мен Ә.Әлметованың сұхбаттық оқыту технологиясын, А.Сәтбекованың жобалай оқыту технологиясын, З.Күзекованың тілді функционалды грамматика тұрғысынан оқыту, Р.Омарованың білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын

қалыптастырудың дидактикалық негіздері, А.Жапбаровтың, А.Қыдыршаевтың, Ж.Дәулетбекованың сөз мәдениетін меңгертумен, шешендікті қалыптастырумен байланысты жаңа технологияларға қатысты қағидалары көрсетілген еңбектерін жатқызуға болады [1]. Қандай технология болмасын, оны оқытушы сабақтың жоспары арқылы іске асырады.

Осылардың ішінде деңгейлік оқытудың басты ерекшелігі ретінде тіл үйренушінің тілдік деңгейі мен бейіміне қарай топтау, белгілі бір деңгейді аяқтаған соң келесі деңгейге өту, яғни, оқу материалдарын «қарапайым тіл үйренуден бастап, күрделіге дейін (жоғары деңгей) сатылап меңгертуді көздейтіндігі мәлім.

Қазақ тілін деңгейлік оқыту тіл үйретудің нәтижелі болуына бағытталған, яғни, әр деңгейді аяқтаған тіл үйренушіні белгілі бір құзыреттілікке дағдыландыратын оқыту технологиясы.

ЖОО-да жылына 6 кредиттен сағат бөлінген. Сол бойынша студенттер өз деңгейлеріне қарай мемлекеттік тілді оқиды. Ал дипломға сол баланың деңгейі көрсетілмейді, тек қаншаға бағаланғаны көрсетіледі. Бұл деген –жалғастырушы деңгейде жүрген студент пен жетілдіруші деңгейде жүрген студенттің алған жақсы бағасының айырмашылығы анық көрінбейді деген сөз. Сондықтан бұл мәселені дипломға әр студенттің алдымен мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін көрсетіп, сосын сол деңгей бойынша алған балы көрсетілсе, ол студентке ой салар еді деп ойлаймыз. Тіпті, түйіндеме жазғанның өзінде тілді меңгеру деңгейі көрсетіледі емес пе? Тілді еркін меңгергені не «сөздік арқылы» т.б. жазылады.

Келесі мәселе – деңгейлік оқыту үшін керекті оқу құралдары. Басқа шет ел тілдерін үйренгіңіз келсе, түрлі оқу құралдарын тез табуыңызға болады. Яғни, топтама (цикл) болып шыққан оқу құралдарын пайдалана отырып, тіл үйренуге болады. Осы жерде әр деңгейге сай жазылған қазақ тілін үйрететін оқу құралдарының қажеттілігі айқын көрінеді және деңгейлік оқытудың басты мәселесі осы деп айтуға да болады.

Мәселен, ағылшын тілінде «New English», «Total English» т.б. сериямен шыққан оқу құралдары жетіп жатыр. Әрине, ағылшын тілі әдістемесінің қаншама жылдық тарихы бар. Десек те біз де қазақ тілін үйретудің осындай сериялы кітаптарын шығаруды қолға алуымыз керек. Себебі көптеген ересек тіл үйренушілердің айтуынша, қазақ тілін үйретудің әдістемесі жоқ. Қазақ тілі үйренгім келіп бастадым, сосын әдістеме ұнамағандықтан тастап кеттім дегенді жиі естиміз. Тілді үйрену сол үшін де оларға қиындық туғызады. Жарық көрген оқулықтармен тіл үйренуді бастайды да, нәтиже көрінбеген соң, жарты жолдан тастап кетеді. Осы жерде әрі қызығып отырып оқитын, әрі нәтиже беретін оқу құралдарын көбейту керектігіне көзіміз жетеді. Әрине, бүкіл оқу құралдарының барлығында тіл үйрету жоқ деуден аулақпыз. Біздің айтқалы отырғанымыз – сериялы, бір-бірімен байланысты, әр деңгейге арналған оқу құралдарының тапшылығы. Мысалы, «Сұхбат» (қазақ тілін коммуникативтік жүйемен үйренуге арналған оқу-әдістемелік кешен) атты оқу құралы [2, 3] осы талаптарға жауап бере алады, біздіңше. «Сұхбат» оқу құралы А1, А2, В1, В2, С1, С2 деңгейлері бойынша жеке-жеке болып жарық көрген. Мектеп оқу құралдарын да осылай жасау керек. Әйтпесе ЖОО-на мектепте 11 жыл бойы қазақ тілін оқып, А2 деңгейінен аса алмайтын студенттер саны азаймайды.

Әр тіл үйренушінің жеке ерекшеліктері де болатыны белгілі. Оқу құралдары соларды да ескере отырып жазылса, қазақ тілін үйренемін деген талаптанушыларға үлкен көмек болатыны рас. Сол үшін Ф.Оразбаеваның [4] ұсынған сөйлесім әрекеттерінің барлығын (жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым) осы оқу құралдарында пайдалана отырып жазуымыз керек. Тіл үйренуші қабілеттілігіне қарай сол әрекеттердің ішінде біреуі арқылы жақсы меңгермесе де, екіншісі арқылы тақырыпты меңгеруге тырысады. «Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс. Сондықтан тілдік қатынасқа байланысты құбылыстардың теориялық негіздерін анықтау; айтылған, берілген, жазылған хабарды қабылдаудың әдіс-тәсілдерін айқындау; сол сияқты қарым-қатынас құралдары мен тұлғаларын, олардың қолданылу жолдарын белгілеу қазір өзекті мәселелер қатарына жатады. Осы мәселелерді жан-жақты оқыту мен үйрету олардың ғылымда өзіндік анықтамасын беруді, тілдік қатынас құбылысын теориялық және әдістемелік жақтан арнайы зерттеуді қажет етеді» - деп тілдік қатынастың ғылымдағы мәселесін анықтап береді ғалым Ф.Оразбаева.

Жоғары оқу орындарының филологиядан басқа бөлімдерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі студент ертеңгі маман. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру мақсаты басым болып тұр. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру.

Осы тұрғыда академиялық мазмұндағы курстар ұсыну – мәселені шешудің бір жолы дер едік. Мұндай курстарды ұсынардан бұрын сауалнама алу арқылы студенттердің қажеттілігін біліп алу ең ұтымды жол болар еді. Сонда студенттерге қай сала, тақырып қызық екенін анықтап алуға болады, содан кейін түрлі курстарды құрастыруға болады. Мысалы, Назарбаев университетінде осындай курстардың біршамасы бар. Өзіміз жүргізіп келе жатқан «Тіл және этнос», «Қазақ мифологиясы» және осы жылы ұсынылған жаңа «Кәсіби академиялық коммуникация» курстарға білім алушылардың қызығушылығы өте жоғары. Сонымен қатар бұл курстарды алған әр студенттен әр семестрде кері байланыс үшін сауалнама алып отырады. Бұл оқытушыға курсты тағы да жетілдіріп отыруына өте жақсы көмек береді.

Әрине, академиялық мазмұндағы курстарды ұсыну оңай шаруа емес, оған, ең алдымен, ресурс қажет. Оларды жинастыру, сұрыптау деген үлкен ыждағаттылықты қажет ететін шаруа. Жаңа курс ұсынуда кездесетін қиындық ретінде сапалы дереккөздерді, әдебиеттерді табуды атап өтуге болады. Бұл жердегі сапа деген ұғымға әдебиеттің академиялық сипаты негіз боп тұр. Өте сенімді, дәлелдері шынайы және сауатты құрастырылған мәтіндерден тұратын әдебиеттерді ұсынбасақ, студенттердің талабына жауап бере алмаймыз.

Қорыта айтқанда, университеттерде білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін тақырыптар, соның ішінде жоспарлау мәселесі, ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс. Білім беруде жаңа технологиялардың пайда болуы оқытушыдан әдістемелік – технологиялық біліктілікті талап етеді. Себебі мұғалім өз қызметінің негізгі субъектісі студенттің жеке басымен жұмыс істейді. Студенттердің мүмкіншілігіне, қажеттілігіне, білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделмеген оқыту нәтиже бермейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Сілтемесі: https: // primeminister. kz/kz/gosprogrammy/ kazakstan-respublikasyndagy-til-sayasatyn-iske-asyrudyn-2020-2025-zhyldarga-arnalgan-memlekettik-bagdarlamasy-9111857

2.Күдеринова Қ, Байтелиева Ж., Дүйсебекова Ж. Көптілді қазақ жастары және мемлекеттік тіл. Қарағанды хабаршысы, №1, 2022.

3.Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме: https:// online.zakon.kz / Document / doc_id=30929724#pos=4;-106

4.Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Сілтеме: http: //adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128

5.Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. –А., 2016.

6.Бизақов С. "Қазақ тілі қандай тіл". – Алматы, 2010.

7.Манкеева Ж. Тәуелсіз Қазақстан: қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі. –Алматы, 2011.

8. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама, - Астана, 2012.

ӘОЖ. 82.590.111

# ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІНІҢ САРАЛАНУЫ

**АБДРАСИЛОВА Г.А.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены исследования А.Байтурсынова по теории литературы
**Summaru.** The article discusses A.Baitursynov's research on the theory of literature

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің саналы ғұмырын XX ғасыр басында қазақ қоғамында ғылым-білімнің жоғары бағаланып, ағартушылық бағыттың қалыптасқан кезінде бастады. Ғалым қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен дәстүріне, ғылымы мен білімне өте мол үлес қосты. Сонымен бірге осы ғылым салаларын зерттеуді қолға алған қазақ ғалымдарының ішіндегі ең

алғашқыларының бірі. А.Байтұрсынұлы әдеби, мәдени мұрамызды жазуда, зерттеуде және оны насихаттауда сол уақыттағы айтулы шығыстанушы ғалымдардың алдыңғы сапында тұрады. Көп халықтарда енді ғана қолға алына бастаған жәйттерге ғалым сонау ХХ ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтып, өз бағасын береді. Жалпы А.Байтұрсынұлы жазба әдебиеттің тарихи жүйесін – діндәр дәуір және ділмәр дәуір деп екіге бөліп қарағанда тек хронологиялық шартты дәуірлеу тұрғысынан келмеген де болса керек. Бұл жөнінде А.Ісімақова «Ахмет Байтұрсынұлы үшін қазақ әдебиетінің хронологиялық шеңбері ғана емес, сөйлеу жүйесіндегі әуезе, толғау, айтыстың орнын айқындау маңызды болды» [1, 109 б.], – деп жазады.

Қалай болғанда да, егер әдебиеттің тарихын қоғамдық сананың тарихы деп ұқсақ, ғалымның ұсынған бұл екі атауы да жалпылай алғанда өздерінің ішкі мазмұнын дөп басып ашып тұр. Діндәр дәуірдің мақсаты діни-танымдық үлгіге құрылса, ділмәр дәуірде ділмәрлық та, шеберлік те, көркемдік мақсат та қатар келеді. Осы мән-мағыналық тұрғыдан алғанда бертінгі әдебиет тарихын діндәр, ділмәр деп бөлу сәтті шыққан. Бірақ, жалпылай мағыналық жүйелеу бір басқа да тарихи жүйелеу бір басқа болатыны белгілі. «Әдебиет танытқышта» осы тұсы да ескеріліп, әдебиет дамуынадағы Абайдан кейінгі кезең «Сындар дәуір» делініп, оның да жеке жүйесі беріледі. Сонымен ішкі мазмұндық талап тұрғысын алып қарағанда А.Байтұрсынұлы жүйесінде ділмәр дәуір мен сындар дәуірдің алаңы бір болып шығады да, діндәр дәуірдің қазақ әдебиетіне қатынасатын жерін бөлек алып тарихи түсіндірме ретінде беріледі

«Әдебиет танытқыштың» көлемді тарауы – «*Қара сөз*» бен «*Дарынды сөз*» жүйесі деп аталады. Ғалым осы бөлімде қазақтың қара сөзі мен дарынды сөзінің табиғатын жан-жақты аша талдап, құнды пікірлер айтады. Өз сөзімен жазар болсақ, « ... жалаң лебізбен айтылған сөздерді қара сөз, көрнекі лебізбен айтылған сөздерді дарынды сөз» [2, 252 б.] және жалаң лебізбен айтылған сөз «*Сөйлеу*» орнына, көрнекі лебізбен айтылған сөз «*Толғау*» орнына жүреді деп пікір түйеді. Адам бір нәрсе туралы сөйлегенде «я тиіс жағынан алып, я түйіс жағынан алып түрін, түсін, тұрпатын, ісін алып сөйлейді». «Көркем сөз – көңіл тілі, дүниеде болуға ықтимал деген нәрселерді сөз етеді, ал жалаң сөз – зейін тілі, дүниеде шын болған нәрсені тұрған қалпында алып айтады» [2, 253 б.], – дейді. Жалаң сөздің «*Қара сөз*» ал, көркем сөздің «*Дарынды сөз»* делінуінің мәнісін осылай дәлелді, нақты түсіндіреді.

Қазақтың қара сөзі мен көркем сөзінің арасында болатын ең басты айырмашылықты А.Байтұрсынұлы «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қарасөзден адам тек ұғым алады. Арабша айтқанда қара сөзді «насыр» деп, дарынды сөзді «назым», ал қазақша айтқанда «қара сөз, дарынды сөз» [2, 255 б.] немесе « ... қара сөз ғалымдардың, шешендердің сөзі. Дарынды сөз ақындардың, арқалылардың сөзі» [2, 272 б.] деп, «сөйлеу жанрларының» арақатынасын нақтылайды. Ғалым қазақ сөз өнерінің эстетикалық мәні мен құндылығын осылай түсіндіреді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқышта» тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, көркем сөздің басты-басты мәселелерін бір арнада, бір-бірімен қатар тереңдей зерттеп, жүйелеп берген. Осы мәселелерді яғни көркем сөз, көркем әдебиеттегі стиль, жазушы стилі туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 30-жылдары ғана орыс әдебиеттану ғылымында Г.О.Винокур («Критика поэтического текста», 1927), В.В.Виноградов («Эволюция русского натурализма», 1929; «О художественной прозе», 1930, «Теория художественной речи» 1934), В.Б.Шкловский («О теории прозы», 1929), Л.И.Тимофеев («Теория литературы», 1934; «О теории поэтической речи», 1934) және И.А.Виноградов («Теория литературы», 1936) еңбектерін атауға болады.

Сонымен, қара сөз нәрсенің тиіс жағы яғни объективті ғалам, ал дарынды сөз нәрсенің түйіс жағы яғни субъективті ғалам екен. Объективті түрде ойлағанда ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді:

1. *Ғалам тарапына* (жаратылыс) яғни адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі нәрсенің бар-жоғын танып, одан *даналық ұғым* (философия) алады. Оның мақсаты бүтін ғаламды танып, дүниенің жұмбағын шешпек, даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – *сап даналық* (метафизика), ал іс ұғымына тиісті жағы – *салт даналық* болады;

2. *Құдай тарапына(уағыз)* яғни адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалады. Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда *дінжүйесі* яғни адамның діни және адамгершілік санасын тәрбиелеу пайда болады. Бұны «ғақаид» деп атаймыз;

3. *Әлеумет тарапына* яғни адамның зейіні әлеумет мәселесіне (қоғам өміріндегі сот, есеп-қисап, ауыл шаруашылығы, мектеп, мемлекеттік құрылымдар туралы ой-пікірлер) жұмсалса, *көсемдік ұғым жүйесі* (публицистика) пайда болады;

4. *Ғылым тарапына* (наука) тарабы яғни адамның зейіні табиғат құбылысын тану (мысалы: физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстардың және психологиялық, экономикалық, техникалық, медициналық даму заңдылықтар, оның қасиеттерін ұғып, білу жағына жұмсалып, одан *ғылым жүйесі* пайда болады;

5. *Үгіт-тәрбие* (идеология) яғни зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсаса, *үгіт-тәрбие жүйесі* (педагогика – бала тәрбиесі немесе дидактика яғни жас өспірімдер тәрбиесі мен психология) пайда болады;

6. *Сын тарапына* (критика) яғни зейін басқаның ісін таразылап, ұнамды, ұнамсызын тексергенде *сын жүйесі* пайда болады.

Сынның ғылыми, философиялық, публицистикалық түрлерінен басқа теориялық және қосалқы мәндері болуы да мүмкін. Өнер туындыларын сынағанда (поэзия, проза, кескін, мүсін, сәулет т.б. болсын) оның маңызы мен мәнділігі қатар түсіндіріледі. Кәсіби әдеби сынның орны тіпті бөлек.

Қара сөзді ғалым былай нақтылайды: «Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді. ... Қара сөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелер» [2, 257-б.]. Қара сөздің *табынантүрін* айырғанда «көптен бері көп жұртта қалыптанған: *1.Әуезе (повествование); 2.Әліптеме (описание); 3. Байымдама (рассуждение)* деп үш салаға бөліп, ара жігін ажыратып, нақтылап береді. Ғалым қара сөздің стильдік түрлерін айтылу қызметіне қарай айқындайды. Ғалым шығарманың тілінің ғылымын, шығарманың түрінің ғылымын жеке ғылым дәрежесіне көтере білді. Шығарманың мазмұнында кездесетін негізі үш түр яғни әуезе, әліптеме, байымдама – баяндаудың тәсілі болып табылады.

*3. «Көсемсөз»* (публицистика) – «әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылған сөз, жазбаша айтылады. Шешен сөз бен көсемсөздің айырылатын жері – «шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады» [2, 271 б.].

Әлеумет, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық, сондай-ақ қоғам істерін түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезде халықты көсем сөз арқылы ұйытып, көптің миына қондырып, көңіліне сендіреді. Сонымен бірге көсем сөз күнделікті мәселелерді қозғайтын болған соң, баспасөзде жариялайды яғни газет, журнал арқылы да түсіндіріп береді.

Қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы мен орыс ғалымы Д.М.Овсянико-Куликовскийдің көсем сөз туралы айтқан ғылыми ой-тұжырымдары бір арнаға тоғысқандай. Мысалы, Овсянико-Куликовский былай: «Когда мысль обращается к рассмотрению текущих вопросов общественной жизни и не задаваясь ни философскими, ни научными целями, стремится показать необходимость тех или других преобразований или же ставить себе задачею воздействовать на общественное мнение, тогда развивается умственная деятельность, известная под именем *публицистики*» [9, с.99], – дейді

4. *«Шешен сөз»* – «қара сөз шығармаларының бөлекей бір түрі емес, бұл байымдама болады. Шешен сөзде айтушының мақсаты өз пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру» [2, 270 б.] болып табылады. Оны істеу үшін шешендердің жай байымдауларша айтқан сөздері адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып билеп алып кетуге ыждаһат етеді. Сондықтан шешендік сөздердің айрықша «қыздырма» яки «қоздырма» бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйке-жүйесін босатып, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру, құйқасын шымырлату.

Шешендік сөздер туралы орыс ғалымы А.А.Потебня (1905) былай ой түйеді: « …Ораторская речь прежде всего орудие мысли для самого оратора. Она во время произнесения впервые объективирует, создает эту мысль в ее окончательной форме. В слушателе она одновременно с пониманием, усвоением является пружиною настроения, которое может иметь последствием другие действия» [3, с.288].

Қазақтың шешендік сөздерінің қағазға түскен алғашқы нұсқаларын Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ә.Диваевтің т.б. қолжазбаларынан, сол кездегі кейбір мерзімді баспасөз беттерінен ұшырастырамыз. Қазан төңкерісіне дейін шешендік сөздер арнайы жиналған да, зерттелген де емес. Қазақ халқының бүкіл ауыз әдебиетін Қазан төңкерісіне дейін үстем таптың мұрасы деп, соның ішінде шешендік сөздерді қанаушы таптың сойылын соққан феодалдардың, билердің ғана сөзі деп теріс қорытынды жасаған. Қазақтың ғұрып сөздерін саралауға қатысты еңбектерде бұл жүйенің басында А.Байтұрсынұлы тұрғандығы айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы – әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде, насихаттауда да ұлт мүддесі тұрғысынан және тіл тағдырын ұлт тағдырымен біртұтас қарастырған. Ғалым тіл мен әдебиетті ұлт болмысына осылай тірек етті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы.– Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 б.

2.Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығ.жин. /Құраст., А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. І-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

3.Потебня А.А. Эстетика и поэтика (Из записок по теории словесности, 1905). – Москва: Искусство, 1976. – 614 с.

ӘОЖ 82 – 821

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

**СЕМБИНА А.Б.**

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, білім магистрі, педагог-модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается, как поэт М. Жумабаев в стихах изложил социально-политические проблемы своего времени.

**Summaru.** The article examines how the poet M. Zhumabaev presented the socio-political problems of his time in verse.

М.Жұмабаев өзі өмір сүрген қоғамның бар мәселесін өлеңдерінде жыр қылып, шешу жолын мұраларының басты тақырыбы еткен. Орыс отаршылдарының әрекетін сынап, қазақтың бай-манаптарының тойымсыздығы мен әділетсіздігін әшкерелеп, ұлт болашағына алаңдайды, халқының өзге елдер секілді рухани бай болып, бар салада дамығанын қалайды. Заман шындығын шығармаларында ашына жазады.

«Қойшы бала мен күшік» мысал өлеңінде бір бағыланды сойғызып, мол дастарқан басында отырған болысты суреттейді. Уайым-қайғысы жоқ болыстың бар білгені қарнының тоқтығы екенін, не істесе де сол қарын қамын ойлайтынын айтпақ. Ал елдегі әлеуметтік теңсіздікті алысқа бармай-ақ сол болыстың есігін жағалап, қызмет етіп жүрген қойшы баланың әрекетімен көрсетеді:

Бір бала отыр анадай,
Беті-қолы қара май,
Кезі болыс көзінде.
Катқан тоңы қаудырап,
Табаққа көзі жаудырап,
Отыр бала есікте[1,183-б.]-

Хатшы Иванның аш баланың көзінше, алдымен, күшікке сүйек лақтырғаны баланың көңілін босатып, көзіне жас үйіреді.Қауқарсыз баланың бар көрсеткен қарсылығы – сол күшікті тебуі. Ал бәйбіше баланың бұл қылығына жекірсе:

Сонда болыс ыңқ етіп,
Үйдің ішін мүңкітіп,

«Өһ!» деп бір кекірді. Баланың ішіндегі алай-дүлей арпалыс пен халық жағдайына деген қатынасын ақын осы жолдар арқылы білдірген. Байқағанымыздай, болыстың бар ойы – өз құлқыны. Өзгенің қиналғанын көрмек тұрмақ, ол жайдың бары ойына кіріп шықпайды.

«Бір биге» өлеңінде өз заманындағы ел билегендердің халқының қамын емес, өз жай-күйін жақсартуды ойлап, сый-сыяпат алатыны, әділдікті емес, дүниені жаны сүйетінін ашына сипаттайды. Ар заңына қарама-қайшы әрекеттерінің зардабын о дүниеде тартатынын сендіре жеткізеді:

Ә, биіміз, биіміз,
Түрленіп қапты үйіңіз,
Тым-ақ тәуір күйіңіз.
Байқаймын, мол ғой, тегінде,

Алатын елден сыйыңыз.
«Сен» деп сізге не дейін,
Тамұқта мәңгі күйіңіз!

Ал «Тілегім» өлеңінде сол кезеңдегі өрімдей жас қыздарды теңіне бермей, малға сататынына қарсылығын қыз тілегі сыңайында білдіреді:

«Берсін атам, малға сатпай, теңіме,
Маған жолдас ол мал болмас, ер болар!
Құр қызықсаң ата заты, тегіне,
Кезің нұры балаң өмірі шер болар.
Мейірімді Ием, таза, нәзік әйелді
Қара жүрек қазаққа неге жараттың?»,[1,30-б.]-

деп өзіне мал емес, ердің жолдас болатынын, атағы мен мансабына қызығып бере салса, өмірі мұң мен шерге айналатынын айтып, қазақ ұлтына қыз қылып жаратқаны үшін Құдайға налиды.
Ақын:

«Білімнен ат-тонымен қашқан қазақ
Сайлауға таласуға қандай ұста.
Баласын оқытумен жоқ жұмысы,
Ел бұзу, малын шашу - барлық ісі»,- [1, 31-б.]деп, «Күз» өлеңінде

халықтың баласын оқуға беруден гөрі жиған-тергенін болыстыққа шашуды жөн көретінін сынайды.

М.Жұмабаев «Жатыр» өлеңінде басқа жұртты:

«Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рахметіне қанып жатыр»,-

деп сипаттаса, өз халқының өзге жұрттан өнер-білім жағынан қалыс қалып, бар оқығаны – медреседегі ескілік екені, пайдасыз соқыр ілім алып жатқанын тілге тиек етеді:

Шәкірттер медреседе шіріп жатыр,
Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр.
Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт
Жемтікші құзғын болып кіріп жатыр [2, 78-б.].

Ақын өлеңдерін өз заманының шындығын айту үшін ғана емес, ұлтының өнер-білімге ұмтылып, ғылым игеріп, оның игілігін елінің пайдасына жаратқанын қалады, сол ізгі арманын оқырманына жеткізіп, ой салмақ мақсатта жазды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

2.Жұмабаев Мағжан.Батыр Баян: дастандар, хикаят, өлеңдер – Астана:Фолиант, 2012.–272 б.

ӘОЖ 82.049.72

## ESSAY WRITING IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE

**ДЖЕЕНКУЛОВА Г.Д.**
Т.Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Түйіндеме.** Берілген мақалада эссе жазудың құрылымы мен оны жазудың ережелері қарастырылады.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются структуры и правила написании Эссе в обучении иностранному языку.

Writing is an art, which you develop over a period of time. This practice will make you more mature as a writer, because you gradually start putting yourself into the shoes of the reader and express

accordingly. Also, the more you write, the more flexible your vision and thought process become towards the requirements and demands of the readers.

Essay writing involves presenting an argument and communicating. It can be easily imagined that this covers a vast variety of scenarios in which you need to be clear and persuasive: arguing that you should be given the job you are applying for, selling the outline of a film script you have written, writing articles for publication, preparing reports, writing lectures and class plans for your future students. The list is endless, and it is obvious that the way you present your arguments in written form can make the difference between success and failure.

The focus here is primarily on writing essays concerning literature. You may have many great ideas and be a very intuitive and fine reader of literature, but no-one will ever know if you cannot express your ideas properly and your communicative skills are not developed. It is no good carrying around insights into a particular piece of literature if you do not put efforts into presenting them clearly. Some of the following may be obvious, but the points need to be emphasized and consulted each time you are preparing an essay.

The aim of research is to study main types and structures of essay and to offer exercises and activities in teaching essay writing in a foreign language which can be useful for students to teach how to write an essay and be able to express their thoughts clearly.

We consider that in teaching a foreign language first we should develop students' writing skills by using different activities to write essays. If we start to develop students' writing skills from the beginning of teaching a foreign language and use activities in order to write essays. It would be easier students to express their thoughts and develop students' writing, analytical, critical, and creative thinking.

We described the importance of the role of essay writing in teaching process, presented some of the most common types and structures of essay. The role and place of the essay in the teaching of foreign languages is determined by the specific conditions and objectives of instruction.

Interest in the peculiarities of the methodology of teaching a letter in a foreign language is caused by the growing role of foreign languages in the implementation of intercultural interaction of people. This interaction is carried out either verbally or in writing. One cannot underestimate the practical importance of written speech communication in the light of the development of modern means of communication, such as e-mail, the Internet, etc.

In the opinion of the outstanding Russian teacher E. Passova, the letter in the methodical plan for a long time was almost completely eliminated from the learning process, which was a strategic miscalculation. A lot of attention in the practice of teaching foreign languages is given to the teaching of oral speech, which, of course, is necessary. At the same time, insufficient attention is paid to the teaching of written language [1.45].

In recent years, the role of the letter in learning a foreign language is gradually increasing, and the letter is beginning to be regarded as a reserve in improving the effectiveness of teaching a foreign language. However, at present the problem of teaching a letter cannot be considered solved.

According to P. Dahlgren the purpose of teaching a letter in a foreign language is to teach to write in a foreign language the same texts that an educated person can write in his native language, and any text written by the author is an expression of thoughts in a graphic form.

There are many ways that you can approach the task of teaching essay writing. The main thing that you should do is keep an open mind. While you should not ignore the basic rules of essay writing, you should also come up with your own approach to making the teaching process and the simultaneous learning process productive for both you and the students in your class.

Usually high school English classes require a basic five paragraph essay as the standard for testing a student's writing ability. The best way for you as an educator to convey this is by breaking the paragraphs up into smaller parts. Students will better be able to digest the brunt of the lesson when you break each paragraph up. In doing this you can actually put together a mini outline as a means of illustrating to your secondary students how to effectively write an essay.

Dubois Ellen claims that essential features of written speech are the absence of a direct recipient and an intermediate feedback, the writer can only anticipate the reaction of the person to whom he addresses, so his speech is more substantiated, deployed.

For the teaching of written speech used for academic purposes, the following types of written communications are widely used to obtain information either verbally or in writing, by processing it and shortened in writing:

- Detailedpresentation;
- Summary;

- Review;
- Annotation;
- Writtenreport;
- Abstracts;
- Abstract (notes);
- Essays.

The essay can be represented by the following types: narrative, descriptive, evidential. But this division is considered to be conditional, since most essays combine characteristic features of different types. The effectiveness of writing essays depends on the ability of the author to express his opinion.

According to Thomas Edison Using arguments, humor, and exaggeration in the essay, the author convinces the reader to support his opinion. ‘Everything that affects students’ emotions can be a good topic for writing essays, starting with topics such as “Consumer society: problems and solutions”, before “What if money grew on trees”. Proverbs, statements of great people can also serve as a topic for written work. For example, “To speak kindly does not hurt the tongue.” - English proverb, “Genius is 1 percent inspiration, 99 percent perspiration” [2,78].

The most basic skill that is needed in academic life is that of writing a good essay and a fundamental part of that is essay structure.

Writing an academic essay means fashioning a coherent set of ideas into an argument. Because essays are essentially linear - they offer one idea at a time - they must present their ideas in the order that makes most sense to a reader. Successfully structuring an essay means attending to a reader's logic. The focus of such an essay predicts its structure. It dictates the information readers need to know and the order in which they need to receive it.

A thesis statement is the most important sentence in the introduction of an essay because it clearly states what the essay will be about. There are many ways of creating a thesis statement, but for beginning or struggling essay writers turning the essay question into a statement is probably the most straight-forward. In addition to stating what your essay will be about, the thesis statement is used to restrict the scope of the essay and signal the writer’s position. There are no wrong examples, although the essays will be significantly different.

Most essays have the basic structure of introduction, main body and conclusion.

Introduction:

The introduction should cover two main themes:

1.Any background information the reader will need to make sense of your essay

2.A road-map of how you are going to answer the question, with your main points and basic conclusion included.

You should also include something about the method you are going to use. Most academic essays are written in the third person, by the way, so write, ‘it will be suggested’ rather than ‘I think’ unless you are specifically asked to give your opinion.

Main Body:

This can be anything upwards of three paragraphs depending on how many words you have been asked to write and how many points you want to make. Ensure that each of the paragraphs is linked and that they each connect with the central argument. Ideally, whoever is reading your essay should be able to tell from each individual paragraph exactly what the question is and how you are structuring your argument.

The paragraph should start with a topic sentence which states the point of the paragraph clearly. Usually this is the first sentence in the paragraph. A good way to plan an essay is to write out a list of your topic sentences. This will enable you to see how the argument develops and where extra ones are needed etc. The topic sentence should be followed by sentences containing evidence to back the point up. You cannot just say that something is true without any supporting information. Remember that as an undergraduate, you are not the expert; your word is not enough. Evidence will usually be in the form of information from other sources like books, academic journals or reputable websites. This could be a direct quotation but is usually best written in your own words. When providing information from other sources, you must provide in-text citations that link to your bibliography. Evidence could also be your own data or your own experiences. The last section of the paragraph should be your own analysis of why the point is relevant to the essay. How does it help you answer the question? How does it develop your argument? It is here that you develop criticality and your own academic voice. It may be useful to use a sentence at the end or your paragraph to link to the next one.

According to Fussel Paul there is nothing worse than an essay that veers from the point so keep checking back to ensure that you are sticking to the point all the way through. Remember, too, that you need to support your points with evidence, either from a primary source or a scholarly text. A point made without evidentiary support is incomplete. Reference according to the style your university has requested [3,112].

Conclusion:

This should summarize the main points made in the essay, synthesize your thinking and show evidence that you have proved the thesis that you set out in your opening paragraph. The conclusion should bring everything together. It should never be a surprise. Moreover, it should be clear from the arguments of your main body what your conclusion is going to be. There should be no new evidence in your conclusion.

However, rest assured, this number is more manageable. In fact, there are four basic types of essays, with variations being the remainder [4,98].

The four main types of essays address these goals:

**Narrative Essays: Telling a Story**

In the narrative essay the author tells a story about real experience. When telling a story, it can sound, easy to make, the narrative problems of an essay. When writing a narrative essay, the authors should try to attract the reader, making the story as vivid as possible. The fact that narrative essays are usually written first, helps attract the reader. Sentences give readers the feeling that they are part of the story. A well thought out narrative essay will also build a drawing on a personal statement. A narrative essay usually involves the telling of some kind of story. There are two common types of narrative essays – short stories and book reports. There are some guidelines that should be followed no matter what type of narrative essay you're writing.

- If it will be in store format, include all the parts of story. This includes characters, plot, setting, etc.

- If you're going to be writing a book report, it should be an informative narrative about the book and not a retelling of the entire book.

- Even narrative essays should have a point, just like the thesis statement of expository essays.

- Choose a point of view for your essay and stick with it. The common point of view is first person, from the standpoint of the writer.

**Descriptive Essays: Painting a Picture**

A cousin of the narrative essay, a descriptive essay paints a picture with words. A writer might describe a person, place, object, or even memory of special significance. However, this type of essay is not description for description's sake. The descriptive essay strives to communicate a deeper meaning through the description. In a descriptive essay, the writer should show, not tell, through the use of colorful words and sensory details. The best descriptive essays appeal to the reader's emotions, with a result that is highly evocative. In this type of essay, you will be asked to describe something. Unlike the expository essay, this type of essay allows for much more artistic freedom as the main idea is to create an image in the reader's mind.

Emotions and feelings play a key role in description. However, it's important that you don't write a sentence that says, "I was sad." Again, this kind of language does not paint pictures in reader's minds. Rather, describe it for them – "My shoulders drooped, and my chin trembled. Tears flooded my eyes." A sentence like that will show your reader that you were sad and paint the picture in their mind. In fact, they will likely connect with you on an emotional level as they read.

Descriptive essays are common in elementary school and are usually used as warm-up journal prompts at the beginning of a language arts lesson. These kinds of essays are also very common in creative writing classes as they are used to build your descriptive skills.

In our work we suggested examples of thesis statement and summary statement to write a better conclusion.

Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy, and high resale value.

Summary Statement: Reasonable pricing, low fuel consumption and an attractive resale value have all contributed to the popularity of Volvo in today's market.

For making better conclusion students have to write final thoughts. In this part, you may write your comments on the subjects of your essay. This is the place where students can express their opinion, make a judgment or give a recommendation. However, they should not add any new ideas in the conclusion because it is the end of the essay. For example:

Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy and high resale value.

Final Thoughts: Because of these features, Volvo is the type of car many people prefer to have. We will have to wait and see to what extent the popularity of Volvo will increase in the near future [5, 86].

Using a provoking question in the concluding paragraph is optional, but you have to summarize the main points discussed in the body parts and add a final thought. A question like in the introductory paragraph grabs reader's attention. The question should be related to the points you have made in the essay.

-Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy, and high resale value.

- Question: Wouldn't it be great for you to have one?

In this part of our work we suggest activities that focus on making conclusions which are often the most difficult part of an essay to write, and many writers feel that they have nothing left to say after having written the paper. They were designed to motivate students to summarize the concluding part of essays. The activities will help the students to summarize the main points discussed in the body parts and add a final thought.

Activity: Read the introductory paragraph below and write related concluding paragraphs by summarizing the main points or paraphrasing thesis statement and adding your own comment as a final message to the reader. You can also ask a provoking question

Introductory paragraph: Most kids plug into the world of television long before they enter school. According to a recent research, two-thirds of kids watch television an average of 2 hours a day. No doubt that television can be an excellent educator and entertainer, but despite its advantages, too much television can be harmful because it creates passivity, discourages communication and presents a false picture of reality [6, 122].

Having investigated teaching essay writing through using different types of exercises and activities we came to conclusion that in teaching a foreign language it is more modern method as this method is based mostly on development of writing skills and their simple approaches to help student to express their thoughts clearly and feel more confident and relaxed at the lesson. In writing Essay, the students can show creativity in each stage of the process of writing an essay. It is an opportunity for them to use their imagination, produce words out of the pictures they have had in their minds and pen them down in a creative fashion.

Having analyzed we came into conclusion that by writing Essay the students can show creativity in each stage of the process of writing an essay. It is an opportunity for them to use their imagination, produce words out of the pictures they have had in their minds and pen them down in a creative fashion. Also, we presented several types of essay and pointed out the main structures of essay such as Introduction, body paragraphs and conclusion part.

We consider that in teaching a foreign language first we should develop students' writing skills by using different activities to write essays. If we start to develop students' writing skills from the beginning of teaching a foreign language and use activities in order to write essays. It would be easier students to express their thoughts and develop students' writing, analytical, critical, and creative thinking.

**The list of the used literature:**

1. Passova E.I. Fundamentals of methodology for teaching foreign language. – M., 1989.

2. Dahlgren P. Television and the Public Sphere. – London: Sage Publishers, 1995.

3.Dubois Ellen Antipodean Feminism. –New Left Review, 1994.

4. Thomas A. Edison "Methods of teaching writing". –New York, 1989.

5. N. Rolls and P. Wignell "Communicating at University, Skills for success", –Charles Darwin University Press, 2013.

6. Fussel Paul "The Great War and Modern Memory". – Oxford: Oxford University Press, 1975.

ӘОЖ 82.378.05

# ТІЛ– ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ, ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ!

**БАЙЫРОВА Ш.Р.**
М.Әуезов атындағы №33орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В статье говорится о значании казахского языка. Язык - это инструмент человеческого общения, мышления, мировозрение, духовной культуры. Воспитание молодого поколения является актуальной проблемой. Судьба языка находится в руках каждого из нас.

**Summary**.The article talks about the meaning of the Kazakh language. Language is an instrument of human communication, thinking, outlook, and spiritual culture. Education of the young generation is an actual problem. Destiny is in the hands of everyone.

Тіл – халықтың басты қарым-қатынас құралы. «Балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» деген Қадыр Мырза атамыздың нақылындағыдай, тілсіз халық түгіл жеке тұлға өмірін елестету қиын. Толыққанды адам ретінде өмір сүрудің негізгі кілті – қоршаған ортамен байланыс болса, бұл байланысты қамтамасыз ететін басты элемент – тіл.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық.

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, тәрбие тілден басталады дейді. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде».

«Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жайт. Ендеше, тілімізді ұлтымызды, отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт деп ойлаймын.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық.

Ал ұлттық тілдің құндылығын жоғалту ел келешегі үшін үлкен кесел. Кесел демекші, елімізде ұлттық тілдің мәселесі сан жылдар бойы кезек күттірмейтін, кеселі көп мәселе болып келеді. Кезек күттірмейтін дейтін себебіміз,бүгінде, қазақ тілінің хал-ахуалы бірқалыпты жағдайда емес. Мемлекеттік статусы болғанымен, көп жағдайда қолданылу аясының тарылып бара жатқаны да байқалады. Қоғамда ана тілім- қазақ тілі деп айта алғанымен, ана тілінде сөйлеуге шорқақ немесе тіпті де сөйлеу білмейтін қазақ азаматтары бар.

Қазақ тілінің адамдар арасында тар қолданысқа ие екенін рас. Еліміздің басым тұрғындары қазақ тілінің қолданысына кері әрекеттер жасауда, сондағы ана тілден безіп, тілге тиек ететіндері орыс тілі. Біршама алпауыт компаниялар мен мекемелерге жұмысқа алу кезінде алдымен орыс және ағылшын тілдерін білуі талап етіледі. Мемлекеттік қызмет аясында да қойылатын басты талап осылар.

Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл ақылдың – өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы,

қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі.

Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда,үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тама-тама тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын. Елбасымыз айтқандай «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі».

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» деп, халық даналары айтқандай, ұлтымызды сақтайық. Ана тіліміздің айбынын асқақтатып, қасиетті қазақ жерінде қаазқ тілінің мәртебесін көтерейік! Төл тілімізден қашпай керісінше төрге сүйрейік сонда ғана Қазақстан түндігі берік ел болмақ.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбиев Ж. «Педагогика». – Дарын, Алматы. – 2004.
2. Еденбаева З. «Баланы адамгершілікке тәрбиелеу», «Семья және балабақша» №8 1991. 10-11 б.
3. Қалиев С. «Қазақэтнопедагогикасыныңтарихы» Алматы, «Білім» 1999. 108, 134-135 б.

ӘОЖ. 82.789.045

## МЕТАФОРАЛАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ, СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

**КУАТБЕКОВА К.А., МУСАЕВА Г.К.**
Үлгілі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается мотивированность и способы передачи метафор словообразовательными способами.

**Summaru.** The article examines the motivation and ways of conveying metaphors in word-formation ways.

Тіл білімі мен семантика мәселелерінің бірі – сөздің уәжділігі әрі қызықты да, күрделі. Уәж, уәжділік – лексикологияның бір тармағы, тіл білімінің бұрынкөп зерттелмеген саласы, бірақ уәжділік теориясына үлес қосқан ғалымдар баршылық. Уәж, уәжділік туралы зерттеулер қазақ тіл білімінде Ә.Қайдаров, Ұ.Әділбаева т.б. сияқты ғалымдардың еңбегінде кездеседі. Уәж мәселесі этимология, топономастика, фразеология, сөзжасам мен лексикология обьектісі. Уәжділік – атау сөз бен сөз белгілеп тұрған реальды заттар арасындағы мағыналық байланыс. Атау – затқа ілінген құлаққағаз емес, ол заттың шын мәніндегі уәжін тауып қойылған ат.Атаудың туралығы, дұрыстығы – заттың сапасын көрсетеді.

Уәж, уәжділік терминдері көне грек философиясының өкілдерінен бастау алады да, табиғаттағы заттар мен олардың атауы арасындағы байланыстытексеретін ілім ретінде қалыптасқан. Бұл мәселе екі философиялық мектеп арасындағықарам-қарсы даулы сұрақты тудырды: «атау» мен «зат» арасында табиғи байланыс бар ма немесе ат, атау еріксіз ешнәрсемен

байланыссыз жасалған ба? – деген мәселеге тіркелген. Философтар сөздің алғашқы мағынасы оның сыртқыформасына байланысты екендігін анықтаған. Кейінгі кезең философтары арасында бұл мәселеге байланысты «атау – топтың ойымен қойылады» – деген көзқарас орын алған.

Жалпы тіл білімінде Ф.ДеСоссюрдің тілдік таңбаның еркінділігі туралы постулаты кең өріс алған. Ол ғылымға сөздің уәжділігі мен уәжсіздігітуралы түсінікті алып келді. Сондай-ақ сөздің, «туынды және шартты» қасиеттері мен оның «қатысты уәжін» құрастырды. Тілдік таңбаның уәжділік қасиетін қуаттай отырып тілдегі сөздердің бәрі дерлік уәжделенген деуге болмайды. Тілде уәжделемеген құрылымдар бар. Тілдік таңбаның уәжділік қасиетін қолдаушы ғалымдар тілдегі еркіндік қасиетті де жоққа шығармайды. Тілдік таңбаның екі жақтық сипатына байланысты ол уәжділік қасиетін жоғалту мүмкін. Екі жақтылықтың біріншісі – бастапқыда тілдік таңба «бейнелеуден» пайда болғанмен, оның негізгі қызметі қарым-қатынас құралы болуында. Көп жағдайда ол өзінің бұл сипатын жоғалтты да, коммуникативтік категория ретінде дамиды.

Сөзге қатысты заттың, ал түсінуге қатысты сөздердің жәрдемімен ойдыбілдіру – алғашқы болатыны сияқты, белгі де өзінің барлық көріністеріндемәнге қатысты алғашқы болады. Белгіні зерттеу оның «көлеңкесін» зерттеуден басталуы тиіс. Бұларда «белгі» деп нақтылық процесі мен атаудың негізіне жататын зат белгісі ретінде түсіндіріледі. Жалпы тіл білімі туралы еңбектерде қазіргі кезде түсіндірілген тілдік белгі теориясы Ф. Де Соссюрден бастау алды. Оның «тілдік белгі – еркін» деген тұжырымы кеңінен мойындалады. Белгіленетін мен белгіленбейтіннің арасындағыбайланыс еркін. «Еркін» сөзі белгілеуші субьектінің белгіліні «еркін таңдауына тәуелді» деген мағынада түсінілуі тиіс. Біз оның уәжсіз яғни іс жүзінде ешбір табиғи байланысы жоқ белгілейтінге қатысты еркін екендігін айтамыз. «Біршама уәжделген» деп Ф. де Соссюр екі еркін белгінің қисындасуының нәтижесі болып табылатын белгіні атаған. Уәж, сөздің уәжі ұзақ уақыт арасында қызықты болып танылғанымен бұл сала толық зерттелінбеді. Тілдің сөзжасам жүйесінің қалыптасқан заңдылығы туынды сөз жасау лексикалық мағыналы сөздер негізінде ғана жүзеге асады. Ол ғылымда уәждеме делініп жүр. Уәждеме сөз тек лексикалық мағыналы сөздерден ғана тұрмайды. Себепсіз салдар жоқ демекші кез-келген атау ерекше мәнге ие, белгілі бір уәжге негізделген. Осы уәждер атауды беруші адамның тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық әлуметтік өмірінің көрінісі ретінде танылады. Таңба мен таңбалаушы арасындағы осы уәжделердің төркіні тілдік емес, яғни экстралингвистикалық негіздерге барып тіреледі.

Сөздің ұғымдық, символдық, белгілік ерекшеліктеріне А.А. Потебня көңіл бөлген. Сөз құрылымдық және әлуметтік уәжділігі жағынан белгінің ғана материалдық шарты екенін білдіреді. А.А.Потебня «Слово и миф»(1988) еңбегінде ішкі форма деп сөздегі қандай да бір ескі атаудың жаңа бір атауға негіз болуын айтады.

Табиғи тілдерде ішкі форма ұзақ өмір сүрмейді, оның ұмытылуы мүмкін. Бұлай болу себебі, сөздің жүйелілік байланысының маңыздылығымен айқындалады. Сөзжасамдық мағына ерекше мағыналардың негізінде жүзеге асырылады, сондықтан ол сөзаралық уәжділікпен тығыз байланысты болады да, «мағына уәжділігінің» туу мүмкіншілігіне жәрдем тигізеді.

Ғалым В.В.Виноградов өз зерттеуінде В.Ф.Гумбольть пен А.А.Потебняның уәжділік жөніндегі ойларын одан әрі дамытты. В.В.Виноградов сөздің ішкі формасын лексика тұрғысынан қарастырып, оны уәжділікпен байланыстырады. Оны 3 фактор арқылы негіздейді:

1) құрылымдық фактор;
2) жүйелік фактор;
3) тілдік фактор.

Сөз мағынасының уәжділігі оның құрылымымен, тілдік жүйедегі сөз элементтерінің танымымен байланыстылығын дәлелдейді. Ол сөздің ішкі формасындағы уәжділік сөздің морфосемантикалық құрылысын, оның дыбысталуы мен мағынасы арасындағы қатынастарын анықтайтындығын сөз етеді. В.В.Виноградов уәжділік пен уәжсіздік арасында лексико-семантикалық ерекшелік барлығын ескертеді.

Г.Н. Зайсанбаеваның «Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі» атты зерттеу жұмысында тілдік белгілердің уәждемелік белгілері нысандар арасындағы ұқсастықтарға байланысты таңдалатыны көрсетілген. Автор ұқсастықәрекетінің негізінде туындайтын сөздердің бейнелілік қасиеті олардың ішкі мағыналық құрылымында сақталатынын тұжырымдайды [1].

Уәжділік – ішкі форма мен мағына арақатынасының нәтижесі. Уәж негізінен ішкі формаға бағытталған. Сөздің ішкі формасы тілдік бірліктердің этимологиясын ашуға көмектесуі мүмкін. Уәждік дәрежесі сөз мағынасы дамуымен байланысты өзгереді. Сөздің ішкі формасы оған қарағанда тұрақты. Уәжділік пен ішкі форманы өздерінде бар информациясына байланысты

ажыратуға болады. Уәж, уәжділік жөніндегі тұжырым мынаған келіптоқталады: Уәжділік – атау сөз бен сол сөз белгілеп тұрған зат арасындағы мағыналық және формалық байланыс.

Салт-дәстүрге байланысты ырымдар мен тыйымдардың негізінде адамға атқою тек қазақ халқына ғана емес, барлық түркі халқына тән екені белгілі жайт.Адамға ат қоюдағы ырымдардың негізінен о баста наным-сенімге байланысты туындағаны, оның артында шындықтың тұрғаны ақиқат. Кез-келген атау туындау үшін, аталатын денотаттың ұғымыменуәжділік қатынас орнауы шарт. Атау уәжсіз болмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, кез келген нәрсенің себепсіз болмайтыны, оған белгілі дәрежеде әсер етуші, себеп болушы негіз болады.

Сөздің мағынасын анықтау үшін, уәжділігін тану үшін, біз сөздің әуелгі табиғатын ашуымыз керек. Бірақ уәжділікті анықтау деген сөздің тарихи этимологиясын ашу емес. М.М.Копыленконың пікірінше, мотиволог үшін еңбасты нәрсе халықтың тіл арқылы көрінетін рухани өмірі, психологиясы мен көзқарсы. Уәжделенген сөздерді белгілеу және оның қызметіне байланыстыфункционалдысұрақтарға метафоралық жауаптар жиі табылатыны кездейсоқ емес.

Уәжділік – сөзжасаммен тығыз қарым-қатынаста қарастырылады. Сөзжасам: 1. Белгілі бір тілге тән үлгілер мен мелодиялар бойынша қолданыстағы сөздер негізінде жаңа сөздердің жасалуы. 2. Туынды, дәлелді сөздің жасалуы, құрылу аспектілерін зерттейтін тіл білімінің тарауы. Сөзжасам тілдің сөздік құрамын байланыстыратын негізгі амалдардың бірі болып қызмет атқарылады. Сөзжасам теориясының негізгі ұғымдары: уәждену, сөз тудыру өнімділігі т.б. Сөзжасамның зерттелу жұмысы синтаксистік, ономасиологиялық, функциялық-семантикалық бағыттарда жүргізіледі.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (1989) атты ұжымдық еңбекте қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің жалпы теориялық мәселелері, сөзжасамдық уәждік, сөзжасам тәсілдері жеке-жеке кең түрде қарастырылған.

С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздің грамматикалық сипаты» (1995) атты еңбегінде сөзжасамның марфологиялық жеке сала екендігін, сөзжасам – сөз таптарын жасау, тудыру емес, жаңа мағыналы сөз тудыру, содан кейін ғана жаңа жасалған сөздің морфологиялық сипаттары арқылы ол белгілі бір сөз табына енетіндігін айтады [2].

Қорыта айтқанда, сөзжасамның негізгі нысаны – туынды сөз жасау, белгілі бір затқа ат беру, жаңа сөз жасау. Сөзжасам сөз жасау тәсілдері арқылы іске асатындықтан атқарушы ұғымды белгілеу үшін қолданылады. Сөзжасам жаңа ұғымды айтатын туынды сөздердің семантикалық топтасуын, даму жүйесін, жасалу жолын зерттейді. Белгілі бір зат пен құбылыс алдымен жалпы қасиеттері арқылы танылып, бірте-бірте жеке қасиеттеріне, сапасына, мөлшеріне, белгісіне назар аударылады. Танылған сапалық белгісіне атау беру қажеттігі туындаған тұста екіншілік номинация негізінде метафоралар жасалады. Тілдегі екіншілік мағынасындағы бірліктің негіздемелік қатынасының мәні мен ерекшелігін анықтау сөзжасамдық талдаудың маңызды бөлігі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Зайсанбаева Г.Н.Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі. –Алматы, 2004. –265б.
2.Исаев С.Қазіргі қазақ тіліндегі сөздің грамматикалық сипаты. –Алматы, 1995. –243б.


ӘОЖ 82.111.63

## ЗЕЙІН ШАШКИННІҢ ПРОЗАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ


**БАЙГЕЛОВА Г.А., АУЕСБЕКОВА М.О.**
Үлгілі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы



**Резюме.** В статье рассматриваются прозаические произведения Зейна Шашкина.
**Summary.**The article examines the prose works of Zane Shashkin.


Қазақ әдебиетінің тарихындағы ең бір күрделі, әрі даулы кезең біздіңше – ХХ ғасыр.

ХХ ғасыр әдебиеттің түйін боп тұрған жерлері көп, бұл әсіресе кеңестік идеологиялық зардаптарға қатысты болып келеді. Алаш Ордалық әдебиеттің де қазіргі заман көлемінде идеялық және көркемдік тұрғыдан саралайтын тұстары баршылық. Алайда, осы бір көркемдік ізденістер

көп уақыттар бойы руханият әлемінен тыс қалып келеді. Ұлттық әдебиетте азаттық-ағартушылық идеяны арқау еткен ардагерлердің шығармашылығын зерттеуге тыйым салудың қазақ әдебиеттануына көп зиянын тигізгені тарихи шындық.

Жазушы Зейін Шашкин шығармашылығы белгілі дәрежеде күрделі құбылыс болып табылады. Қаламгер тек әдеби тұлға емес, ұлттық рухани болмысында үлкен өзіндік орыны бар дарынды, ойшыл тұлға.

Жазушы Зейін Шашкиннің шағын жанр–әңгімеден бастап, повесть, романдарына дейінгі көркемдік ізденістерінің де оны осы себептерге орай ғылыми тұрғыдан талданбаған. Суреткер қаламынан туған шығармалардың мазмұны мен құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін шеберлік сырларын зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымы үшін аса маңызды істердің бірі болып табылары сөзсіз. Сондықтан да біз аталған жазушы шығармашылығындағы көркемдік ізденістер сырын ашуға тырыстық.

Қаламгер Зейін Шашкин шығармаларының дені прозалық туындылар. Оның суреткер ретінде өнімді еңбек еткен саласы да, қол жеткен табыстары да осы проза саласында. Сондықтан зерттеушінің туындыларын алғанда жазушының прозалық туындылары әсіресе әңгімелерін талдай отырып, оның жаңа адамның қалыптасуы проблемасы шешу жөніндегі суреткерлік ізденістеріне баса назар аударамыз.

З.Шашкин шығармашылығында әңгіме жанрының алатын орны зор. Ол заман жайлы, замандастар көзқарасын, тебіренген ойларын әдебиеттің осынау шағында оңтайлы жанры арқылы білдіріп отырды. Оның «Ақбота», «Қойшы серігі», «Дәрігердің қатесі», «Сүйкімді дауыс», «Әкесі» сияқты әңгімелері – жазушының айналасындағы өмірден көрген-түйгендері. Жазушы бірде өзіне үйреншікті дәрігерлер өмірін сөз етсе, бірде малды ауылдың тірлігін тілге тиек етеді. Енді бірде әртіс, жазушы өмірінен суреттеулер береді. Тақырыптары әр алуан болғанмен, бұл әңгімелердің барлығына ортақ бір қасиет бар, ол – бүгінгі өмір шындығын замандастар өмірін жырлау.

«Сүйкімді дауыс» дейтін әңгімесінде жазушы ән құдіреті, дәрігер қызметінің ізгілігі жайлы пікір қозғаса, «Әкесі» дейтін новеллада ананың ардақ образын жасайды, өмір жайлы кесек ойлар толғайды. Сабыр Ахановтың образы, тағдыры арқылы жазушы өмірге, әсіресе ер мен әйелдің арасындағы махаббат мәселесіне жеңіл-желпі қарамау керек, жеңсік-қойлық опа бермейді деп ескерту жасағандай болады. Бақыт деген атақ, абырой, дәрежеде ғана емес, бала сүю, азамат өсіру бақыты да – зор бақыт деген түйін айтады. Қаламгер өз әңгімесінде жазушының көзімен көрген, сол уақыттың тынысы мен тіршілік қоғамдағы адамзат істейтін, онымен өмір сүретін уақыт мәңгі жасайтын проблемалар жайлы айтылады. Шығарма арқауы ұлт өресінде ойлау демекші «жердің ауыратынын» мал екеш малға жайылым қалдырмай аяусыздар жыртылған даламыздың сырқатқа тап болғанын жазушылар арасынан алдымен шырыға шымырқана аңғарған осы жазушы суреткер Зейін Шашкин болатын. Қаламгердің қазақ жерінің құнарлығын мәңгі сақтау жолындағы ойлары даламызың ата-бабадан біздерге жеткен сұлу сымбатын сүю сезімдеріне ұласады. Жазушы шеберлігі сол – ол әр адамға тән жеке тағдырды көпшілікпен ұштастыра алған әңгімелерінің тілі, сөйлем құрылысы жеңіл, автордың айтайын деген ойы мақсаты кейіпкердің өмірде прототипі бар.

Қазақ әңгімелері замананың үлкен шындығы, терең астарлы алуан құбылысын кеңінен суреттеп, халыққа эстетикалық тәлім, идеялық тәрбие таратуда бағалы қызмет атқарып келеді. Оларда халқымыз бастан кешірген ірі оқиғалардың, өмір мен істегі сана мен мінездегі түбірлі өзгерістердің, сілкініп жаңарулардың, өктем өрлеулердің ұзақ шежіресі шертілген.Жазушының өміріндегі оқиғалар сабақтасып жатады. Ол халқы үшін, елі үшін ертеңгі ұрпақтары үшін көпшілік халыққа елең еткізу үшін тікелей экологиялық тақырыбы қаламгер Зейін үшін жаңа тақырып емес, адам тағдырына, ауылға әсері зияны көп екендігі барынша қайшылықтарын көрсетуге тырысты. Қазіргі заман үрдісіне қатысты көзқарасын адамдардың бүгінгі рухани кейпін бейнелеудегі автордың жаңа қадамы екендігі байқалады.Адам тұлғасынсыз көркем әдебиет жасалмайтынын ескерсек, қандай да бір өмір құбылыстарының адамдарға әкелетін ықпалы тұрмысында ғана емес, оның дүниетанымы мейлінше ескеру керек. Жазушы әңгімелерінде әдебиеттің өзекті тақырыбы жер мәселесі дәуір ақиқаты маңызды болып табылады. Бірсыпыра сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Зейін Шашкиннің сюжет құруға шеберлігін, сондықтан да оның шығармалары тартымды, ширақ келетінін атап айтады. «Зейін Шашкин өзі жете зерттеп, оның таныған материалдан сюжетке арқау боларлық оқиғалар желісін тартымды, қызық жазушы, ол оқиғаны ширақ, жеті дамытады» – деп көрсетеді, белгілі әдебиеттанушы, жазушы З.Қабдолов [ 1, 183б.].

Қазақ халқы – көшпелі тұрмыс кешкен халық. Сол себепті де болар, олар табиғатты ерекше жақсы көрді. Табиғаттай табиғи, таза дүние танымы жаңа қоғам, жаңа өмір – отырықшылық келіп орнағанда да осы қасиетін жоғалтпаған еді. Алайда техниканың өркендеуі, ғылымның жетілуі

адам санасына да көп өзгерістер алып келді. Нақтырақ айтатын болсақ, адам өз қолымен жасаған істің зардабын – табиғат пен адам тартатындығы белгілі. Оның нәтижесі – экологиялық жағдайдың ушығуынан т.б. айқын көрінеді. Яғни, табиғаттың қыр сырын жетік білмесең, әйтеуір қолдан жасаған кеселді аяғы адам кінәлі болатындығы белгілі. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Сондықтан, адам табиғатпен бірге өмір бойы сүретіндігі, яғни жер анағада мейіріммен қарау қажет. Әйтпесе, табиғаттың құдіретті тепе-теңдігі бұзылып тіршілігімізге мол қауіптер төнеді.

Міне, Зейін Шашкин пейзажды, әдетте осы тұрғыда береді. Бұдан байқалатыны ол табиғат көріністерін сипаттағанда тау-тасын, сай-саласын, ұзақ-түйегімен түгендеп, теңеулер іздестіріп жатпайды. Дымқыл тартып бусанған жер ...жылымшылап аққан қар суы... бірлі- жарым қылтиған қазғалдақ... секілді елеулі сыпаттарына зер салады. Соның өзінен-ақ көктемгі дала иесін оқушы көз алдына келтіре біледі.

Ол әдебиетке жастай араласқанымен ұзақ уақыт, творчестводан қол үзуге мәжбүр болды, туған халқының, ана тілінің ортасынан шалғайда жүрді, сондықтан да үлкен прозаға келердегі алғашқы шығармасын орыс тілінде жазды, содан соң бірте-бірте барып, ана тілінде жазуға көшті. Сондықтан, оның өте-мөте алғашқы шығармаларында орысша құрылған сөйлемдердің және басқа олақтылықтың көріністеріне таңдануға болмайды. Оның үстінде оның өмірден көргені-түйгені, айтары көп еді. Сондықтан қомағайлана, асығыс жазуға тиіс болды. Зейін Шашкиннің осындай ерекшелік сипаттарын сұңғыла дана Мұхтар Әуезов дәл байқаған. Белгілі жазушы Тахауи Ахтановқа жазған хатында ол былай дейді: «Екінші бір өнім топ – Мұхаммеджан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласаңдар әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған, жігерлі талант. Өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармашылық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі. Сендердей, осылардай адамдарға байланысты болашақты үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ, кім боламыз? »... Зейін творчествосын дұрыс түсініп, лайықты бағалау үшін кемеңгер Мұханның бұл пікірін есте ұстаған мақұл – дейді ғалым әдебиетші Сапар Байжанов [2, 214 б.].

«Ақтұяқ» дейтін әңгімесінде жазушы Дәулет дейтін шопанның өр тұлғасын, ащы да аянышты тағдырын суреттейді. Дәулет образы З.Шашкин шығармасында ғана емес, соңғы жылдардағы көптеген әңгімелер ішіндегі есте қаларлық кесек тұлға деуге болады. Жазушының бұл әңгімесі сезім көрігіне бөленіп отырып жазылған, шынайы суреткерлік өнер туындысы қатарына қосылады. Даланың жұпар желі, ащы жусанды шөбі, жұлдызды түні, асыр салып ойнақтаған қозы-лақ, көл жағасында жарбиған қараша киіз үй, маңыраған қой, шықылықтаған құс үніне құлақ түріп, дала күйіне жаны елтіген ақтұяқты шопан, қысқасы, малды ауыл өмірінің жанды суреті елес береді. Аңдамай бассаң, дала жидегі мен тау бүлдіргенін жаншып кететіндей нәзік сырлы әсем ауызды дала көркі мен күйін шырқын бұзып алатындай ұлпа сезімге бөленесің... Әнекей ұзақты күн жел қағып, күнге күйіп, шаршап келген шопан ата қараша киіз үйдің іргесіне таяғын сүйеп, «уһ» деп отыра кетті. Оның осынау бір кейпінде кейістің емес, сүйеніштің, өз ісіне, өз еңбегіне, мәртебеленудің нышаны бар. Жазушы Дәулет шопанның бойындағы осы бір қасиетті ұсақ детальдар арқылы там-тұмдап отырып, оқырман зердесіне ұялатады. Оқырман көңілінде шопан туысқан еңбегіне ризалық мақтаныш сезімі алаулайды. «Ақтұяқ» әңгімесі – шын мәніндегі азаматтық туынды, З.Шашкиннің әңгіме жанрындағы сәтті табысы.

Жазушы шығармаларында өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын, замандастарының бейнесін бедерлеу керек дейтін талап бар. Көңілге әбден қонымды, заңды талап. Өйткені шын мәнінде көркем шығарма тудыру үшін суреткер сол жазып отырған тақырыбын, өмірдің қат-қабат құбылыстарын жетік білуі керек. Ал, адам өзі өмір сүрген заманды, өзінің өскен ортасын, өзінің күнде көрісіп, дәйім араласып жүрген замандастарын жақсырақ білетіні, ол жайында еркін де батыл жазуына болатыны даусыз ақиқат. Жазушының өз заманын бейнелеу жөніндегі талабы жемісті де, игі нәтижесін беретінін ғасырлардан келе жатқан әдебиет тарихы да дәлелдеп отыр.

Соған қарамастан кейбір жазушылар қазіргі заман тақырыбына бара бермейді. Көркем шығарма, айталық повесть, роман дегендер газет мақаласы емес, бүгін көргенді бүгін суреттеп жаза салуды көтермейді, өмір фактілерін талғап, екшеу керек, ойлап, толғау керек, уақыт ерекшелігін, замандас тұлғасын дәл беретін, ең мәнді мағыналы оқиғалар мен құбылыстарды ғана бедерлеу керек, бұл үшін уақыт керек, араға уақыт салу керек дейтін пікірге сүйенеді.

Ал, екінші бір жазушылар олай етпейді. Ешқандай уақыт салмай-ақ, бүгінгі өмір, айналасындағы замандастары жайында көлемді де, көркем шығармалар жасай біледі. Жазушы Зейін Шашкин осы соңғы топқа қосылады. Ол өмірді біліп, жақсы жазу үшін бір колхозға, не бір өндіріске барып ұзақ жыл тұру керек, болашақ қаһармандарының ішінде жүру керек дейтін пікірді де, осы заманды жазу үшін араға уақыт салмай болмайды дейтін «дистанция теориясын» да

қостамаған. Бір жерде ұзақ тұрғанда жазушының сезім-санасы, көз-құлағы сол айналасындағы өмірге әбден үйренісіп, оның мәнді-мәнсізін екшей алмайтындай күйге келетінін айтады. Осы заманды, бүгінгі өмірді жазу үшін өндіріс орталығына, колхоз-совхоздарға әлденеше рет барып, араласып, көрген-білгеніңнің ізін суытпай, сұрыптап жазу оңды болатынын айтады. «Бейтаныс өмірмен араласқанда жазушы көзі көрген, жіті келеді, сол өмірдің ерекше сипаттарын, өзіне тән елеулі, мәнді оқиғалары мен құбылыстарын байқағыш көреді», – дейді жазушы. Сонан соң ол алған әсерлерін жедел қағазға түсіру қажет деп біледі, анағұрлым уақыт озған сайын, жазушы алған әсерінен айрылып қалуы мүмкін дейтін тұжырымды басшылыққа алады.

З.Шашкин шығармаларына тән ерекшеліктің бірі, әрі жазушының халық өмірінің даму белестерін тұтастай көрсету, сондай-ақ шығарманың шыншылдық қасиетін күшейтуге қолданған ұтымды тәсілі.

З.Шашкин шығармашылығының идеялық ерекшеліктері жөнінде сөз еткенде, оның шығармаларында халықтар достығы идеялары кең орын алатынын айтпай өтуге болмайды. З.Шашкиннің көптеген шығармаларына тән бір қасиет – онда әр түрлі ұлттың өкілдері: қазақ, орыс, өзбек, татар, ұйғыр, еврей, дұңған сияқты алуан ұлттың адамдары аралас жүреді.

Қорыта келгенде, З. Шашкин бүгінгі прозалардың ішінде тек өзіндік тіл байлығы, шешендігі, мәнер-машығы бар биік дәрежеге ие тұлғалардың бірі. Зейін Шашкиннің жазушы есебінде дереу ауызға ілінуі оның жазған шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналғандығы. Ол әдебиетімізге көптен қалыптасқан сүрлеуді қайталамай, өзінше көркемдік тәсілдер қолдануға әрекет жасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары 2 том –Алматы: Жазушы 1983-456

2.Байжанов С. Замандас туралы толғау – Алматы: жазушы 1973-183 б.

ӘОЖ. 81.233

# ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҒЫНЫҢ СТИЛЬДІК, ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

**САРТБАЕВА А.С.**

М.Әуезов атындағы №33 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются о прагматической деятельности многозначных фразеологизмов. В частности, речь идет о том, что фразеологизмы имеют специфику не только с количественной точки зрения, но и с смысловой точки зрения.

**Summary.** This article deals with the pragmatic activity of polysemantic phraseological units. In particular, we are writing about the fact that phraseological units are specific not only from a quantitative point of view, but also from a semantic point of view.

«Прагматика» (грек. прагматос – іс-әрекет) – семиотика мен лингвистиканың саласы, яғни тілдегі белгілер қызметін зерттейді. Прагмалингвистика «прагматика» ұғымының тіл біліміне енуімен байланысты қалыптасты. «Прагматика» терминін таңбалардың жалпы теориясы – семиотиканың негізін салушы Ч. Моррис енгізді. Семиотика ғылымы үш саладан тұрады. Олар: семантика, синтактика және прагматика. Үш саланың объектісі – таңба. Бірақ олар таңбаның үш жақты қарым-қатынасын зерттейді. Семантика – таңба мен сол арқылы белгіленетін зат арасындағы, синтактика – таңба мен таңба арасындағы, ал прагматика – таңба мен оны қолданушы арасындағы қарым-қатынасты зерттейді.

Г.Клаустың пікірінше, прагматикалық жағынан дұрыс ойластырылған сөйлесім семантикалық және синтаксистік тұрғыдан да дұрыс болып шығады. Прагматика – семантика – синтаксис арасында бірін-бірі анықтаушы байланыстың бар екенін көрсетеді [1, с.165]. Бұл тұрғыдан алғанда көпмағыналы фразеологизмдердің ойды дәл жеткізуі, жүйелі ойға құрылуы көрініс табады.

Сөз түрін таңдауда, онымен байланысты сөйлесім мазмұнын анықтауда сөздің лексика-семантикалық мәні ғана емес, сөз белгілейтін ұғыммен байланысты сөйлеушінің білімі де, оның

ықпал туғызушы күші де ескеріледі. Сондықтан сөйлеу әрекетінің пайда болуы, мазмұнды сөйлесім түрінде сыртқа шығуында прагматикалық мінберлер жетекші қызмет атқарады.

Адам тілдік таңбаны өзара түсінісу үшін ғана емес, қарсы жақ тыңдаушының қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін де қолданады. Яғни хабарды жай жеткізу ғана емес, белгілі бір түрде тыңдаушыны қабылдауға итеретін құралдарды пайдалана отырып жеткізу көзделеді. Прагматиканы түсінуді қабылдаумен ғана шектеу, тілдің негізгі ықпал тудырушы, әсер етуші қызметін назардан тыс қалдырады.

Адамның тілді өз ыңғайына қарай пайдалануы тіл құрылысында соған жауап беретін бейімділіктің бар екенін байқатады. Бұл бейімділікті немесе қасиетті анықтайтын, қалыптастыратын экстралингвистикалық және тілдік мінберлер. Тілдің негізгі коммуникативті қызметі үстінде әсер етуші, ықпал етуші қызметті жүзеге асыруы оның ішкі мүмкіндігіне негізделеді. Бұл туралы Т.В. Булыгина: «Прагматика – это далеко не аспект лингвистического исследования, это самая его сущность» – деп тұжырымдайды [2, с. 33].

И.П. Сусов: «Прагмалингвистика арнайы ережелер, қағидалар мен стратегиялардың жүйесі негізінде накты сөйлеу жағдайларында адамға тән табиғи тілді әлеуметтік әрекет пен өзара әрекеттің құралы түрінде адамдардың қолдануын зерттейтін тіл білімінің жеке саласы ретінде анықталады» [3, с. 124].

Қазіргі тіл білімінде де прагмалингвистика қарқынды дамуда. Мәселен, З.К. Темиргазина «Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике» атты зерттеу еңбегінде прагматиканың лингвофилологиялық негіздері мен міндеттерін ғылыми негізде айқын түрде сөз етеді. З.Ерназарованың «Сөйлеу тілінің синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі», Д.Әлкебаеваның «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» атты монографияларын қазақ тіл білімінің прагматика саласына қосылған үлес деп танимыз.

Сондай-ақ Ф.З. Жақсыбаева, Н.Е. Савчиц, Д.Б. Бекзат т.б. ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерін прагматика мәселелеріне арнаған. Жалпы прагматика терминін түсінуде ғалымдар Людвиг Витгенштейннің философиялық таным қағидасын ұстанады. Прагматиканың басты өзегі – баяншы (субъект) мен тыңдаушы (оқырман) арақатынасы, өзара байланысы. Сонымен қатар, бұған прагматикалық пресуппозициялар, яғни тыңдаушының жалпы білімін, оның зейінін, көзқарасын, түсіну қабілетін, психологиялық ерекшелігін, тағы басқа деңгейлерін айтушының ескеруі, бағалауы кіреді. Прагматиканың басты мақсаты – сөздің қолданыс ерекшелігіндегі өзіндік ережелерді ұғындыру.

Дж. Серль: «Тіл арқылы қарым-қатынас жасаудың бірлігі ретінде сөзді, сөйлемді де алмаймыз, оның ең басты бірлігі – сөйлеу актісі ретінде дүниеге келетін ықпал етуші (иллокутивті) белгі болып табылады» [4, 152 б.], – деп көрсетсе, Н.Д.Арутюнова: «Адресант қарым-қатынас арқылы өз ойын білдіру үшін, ақыл-кеңес беру, біреуді сендіру мақсатында және бір нәрсені талап етумен түсіндіруі үшін екінші адаммен қарым-қатынасқа түсетіндігін айтып өтеді [5, 35 б.].

Сонымен қазіргі тіл біліміндегі ғалымдардың тілдік бірліктерді прагматикалық тұрғыдан қараған көзқарастары мынадай:

- прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу контексін;
- прагматикалық лингвистика коммуниканттардың сөйлеу әрекетін;
-прагматика тілдік қатысымның заңдылықтарын, сөйлесімнің мақсаттық бағамын, сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын, сөйлеу актілерінің функционалды типтерін;
-прагматика сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды тыңдау мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ой мен тіл арқылы берген бағаны дұрыс түсінуін анықтайтын накты қатысым жағдаятын зерттейді;
-адресанттан алынған ақпараттан кейінгі адресаттың белгілі пікірге келіп, қайтадан қандай әрекет жасайтынын прагматика зерттейді. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Аталған пікірлердің бәрі де тілдік таңбалардың өзара қатысын емес, адамдардың сөйлеу қарым-қатынасынан туындап, прагматика арқылы зерттелетіндігін байқатады. Сондай-ақ аталған көзқарастар тіл білімінің түрлі салаларын зерттеуде анықталған.

Прагматика – тілдің коммуникативті қызметін жүзеге асырушы құрамдас бөлігі. Тіл сыртқы дүниені бейнелеуші таңба ғана емес, сыртқы дүниенің өзі көптеген тілдік құбылыстардың табиғатын ашуға көмектеседі. Бұл тілдің грамматикалық құбылысымен де, сөздің лексика-семантикалық аспектісімен де байланысты. Бұл көпмағыналы фразеологизмдерде айқын көрінеді. Мысалы, *ат салысу* тіркесінің негізгі қолданыстағы мағынасы – *көмектесті, жәрдемдесті, қол*

*ұшын берді.* «Өлімінде оқшау қап ек, енді тым құрымаса мынау асына атсалысайық! – деді *(М.Әуезов, Абай жолы, І-т., 248 б.).* Бөженің асына ағайын боп атсалысайық! *(М.Әуезов, Абай жолы, І-т., 250 б.).* Кейін *белсене қатысты* деген мағынаға ие. Әрі бұл тіркес саяси лексика түрінде қолданысқа ие болған. Мысалы, барлық азаматтар қазақ елінің дамуына белсене атсалысу қажет *(«Ана тілі» газетінен).* Аталған тіркестің прагматикалық мәні фразеологиялық тіркестің қажеттілік мәніне қарай өзгерген.

Қазіргі лингвистикадағы прагматикалық бағыттың қарқынды дамуы фразеологияны «адамның қандай жағдайда және қай мақсатпен сөйлеп тұрғанын ашуға талпынатын» прагматика терминімен сипаттай отырып, зерттеу үрдісінің пайда болуына себеп болады. Фразеологиялық тұлғалар тілге ерекше экспрессия, бояу, образдылық беретін, әдебиеттегі кейіпкерді сипаттаудың бірден-бір бейнелі құралы, сондай-ақ сөйлеушінің ойын көркем әрі бейнелі білдіруге мүмкіндік беретін айқын стилистикалық тәсілдердің бірі болып табылады.

Фразеологиялық тұлғалар, тұрақты тіркестер «сөйлеушінің сөз болып отырған объектіге қатынасын сипаттап, оны анықтайтын» болғандықтан, бұл бірліктердің прагматикалық қасиеттері туралы кеңінен сөз етуге негіз бар. Лингвопрагматиканың зерттеу көздері лингвистиканың антропоморфты саласында жатыр. Өйткені қазіргі заман лингвистикасы екі парадигмада зерттелуде, оның бірі құрылымдық парадигма болса, екіншісі, антропоцентристік парадигма. Соңғы кезде тіл білімінде антропоцентристік парадигмаға көп көңіл бөлінуде. Себебі, тіл біліміндегі антропоцентризм бірінші орынға тілді тұтынушыны – адамды қояды.

Антропоцентристік парадигманың негізінде лингвопсихология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика сияқты ғылымның жаңа салаларына жол ашылды. Сонымен қатар тіл біліміндегі антропоцентристік фактор тілді талдау жүйесі аспектілерін, тілдік және сөйлеу категориялары арақатынасын, қызметін т.б. көріністерін түбегейлі өзгертіп отыр. Фразеологизмдердегі көпмағыналылықтың мәтін ішінде қызмет етіп қосалқы мағыналары ие болуы осындай мәселелерден туындайды.

Барынша прагматикалық әсерге қол жеткізу үшін, автор шығарма жанрына сай әңгімелеудің белгілі бір тәсілін таңдап алады. Бұл оқырманның және тыңдаушының ойын жаулап алып, белгілі бір мақсатқа жету үшін, фразеологизмдерді, олардың әртүрлі варианттарын қолдану, белгілі фразеологиялық тіркестер негізінде жаңа тіркестер жасау немесе фразеологиялық тіркестердің перифериялық мазмұнын көпмағыналылыққа ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Белгілі фразеологиялық тұлғаларды өзгерте отырып, оның құрамын өзгерту арқылы автор фразеологизмдер мағынасына тың мазмұн береді. Фразеологиялық тіркестердің прагматикасы экспрессивтілікпен, эмотивтілікпен, бағалауыштықпен сипатталатындықтан, біздің ойымызша, бұл олардың «тілдің экспрессивтілік дайын қызметін» қажет ететін иронилық және сықақ мазмұнды мәтіндерде жиі қолданылатындығымен түсіндіріледі. Зерттеушілердің көпшілігі «экспрессивті-стилистикалық бояу» мен «мәдени-ұлттық специфика» көзін фразеологизмнің ішкі формасынан көреді.

Осылайша, көпмағыналы фразеологиялық тұлғалардың прагматикалық әлеуетін зерттеу қазіргі кезде өзекті болып отыр, себебі фразеологиялық тіркестердің окказионалды өзектілігінің сөйлеуде, көркем мәтіндерде болуы автордың прагматикалық мақсатымен негізделеді, демек, фразеологиялық тіркестердің көпмағыналы танылуы үлкен прагматикалық әлеуетке ие.

Зерттеушілер фразеологиялық тіркестерді сөйлеу актісінде қолданғанда үлкен өзгеріске түсіріліп айтылатындығын байқап, осы өзгерістердің стилистикалық әсерін анықтады. Мысалы: *жаны шығып кете жаздады* тіркесінің беретін мағынасы ауруы жанына қатты батқандықтан «жаны шығып кете жаздады», біреуге жақтасып, жаны ашығандықтан «жаны шығып кете жаздады», белгілі бір бағытқа асыққанда үлгере алмағандықтан «жаны шығып кете жаздады» деген сияқты қосалқы мағыналарда жұмсалады. Әрине, осы мысалдан сөйлеу барысында айтылып тұрған ой өте әсерлі болып жететініне көз жеткізу қиын емес.

Фразеологизмдердің көпмағыналылығының стильдік, прагматикалық көрінісін біз фразеологизмдердің мынадай өзгерістерінен анықтаймыз деген тұжырым жасаймыз:

– тұлға мағынасында семантикалық өзгерістерге әкеледі;

– оған қандай да бір мағыналық реңк береді;

– өзгерген фразеологиялық тіркестердің прагматикалық әлеуетін жоғарылатады;

– мағынаның эмотивті немесе жеке тұрған мағынаның эмоционалды-бағалау компонентіне қатысы бар екендігін айқындайды.

Осы тілдік топта эмоционалды-бағалаудың шындыққа қатынасын білдіретін өзгерістер жиі кездеседі. Мұндай құбылыстар баға белгісінің ауысуымен байланысты денотативті мазмұнның өзгерісіне себепші болады. Мысалы,

Тау көрмедім Көкшенің биігіндей,
Бауырында ойнап ем киігіндей.
*Кіндік кесіп, кір жуған* қайран жердің,
Болмайды екен еш қайғы күйігіндей *(С. Мұқанов).*

Мысалдағы *кіндік кесіп, кір жуған* тіркесі «кіндік кесіп, қан тамған» фразеологизмнің негізінде туған жер мағынасынан кеңейіп, туған Отан мағынасына алмастырудың нәтижесінде ФТ-ның прагматикалық әлеуетін көтеріп отыр.

Көпмағыналы фразеологизмдердің белгілеріне: экспрессивті қасиетінің жоғарылығы, тек сөйлеу кезінде және белгілі бір кезеңде жеке индивидтің бір қолдануынан пайда болатындығы жатады.

*Қабағымен қар жаудырып, тілімен мұз тоңдыратын* бейбақ, бетпақ жаулықтастарына мүлде ұқсамайтын ол – Бәтиқа *(Ш. Құмарова).*

*Қабағынан қар жауып, кірпігінен мұз тоңдыратын* батырлар қайда? *(Қ. Жұмаділов).*

Ақарлы-шақарлы, бір шаңырақ иесі, қолы алтын десе де болғандай үй де салады, пеш те қалайды, *ағаштан түйін түйіп, темірден ою ояды* дейтіндей *(Ш. Құмарова).*

Осы мысалдардағы *қабағымен қар жаудырып, тілімен мұз тоңдыру* (бетпақ, нашар мінезді), *қабағынан қар жауып, кірпігінен мұз тоңдыру* (сұсты, айбарлы) тіркестерінің алдыңғы компоненттері белгілі, күнделікті қолданылып жүрген қалыпты (узуаль) фразеологизмдер, бұлардың соңғы компоненттерін жазушылар өз стильдеріне лайық, семантикалық мағыналары бір-бірінен алшақ көпмағыналы фразеологизмдер жасаған, ал *ағаштан түйін түйіп, темірден ою ою* тіркесі шебер және пысық мағынасында – жеке қолданыстағы автордың енгізген шығармашылық жаңалығы. Кез келген көпмағыналы фразеологизмдердің функциясы контексте ғана көрінеді, олар контекстен тыс қалыптаса алмайды.

Ақын-жазушылар өз ойларын нақышына келтіре жеткізу үшін тілдегі барлық мүмкіндіктерді: фразеологиялық бірліктерді, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді мейлінше пайдаланады және оларды мақсатына қарай өзгертіп, мағынасын жаңғыртып, түрлендіріп қолданады.

Сонымен, қорыта келе, көпмағыналы тіркестер мағына көбейту құралының бірі ретінде қаралса, «мағына тұтастығы; тіркес тиянақтылығы; қолдану тиянақтылығы» [6, 590 б.] арқылы стильдік қабаты мен прагматикалық бағыты анықталады. Зерттеушілердің пайымдауынша сөйлеуде, ойды жеткізуде көпмағыналы фразеологизмдердің соншалықты эмотивті күші болмаса да, фразеологизм ретінде белгілі стильдік қабатта қызмет атқарады. Ал оның прагматикалық қызметі бір фразеологизмнің накты негізгі мағынасынан бөлек өзге мағыналарының дұрыс қабылдануына, түсінуіне тікелей ықпал етеді. Өйткені, сөздіктерде көрсетілгендей кейбір тіркестердің мәнішілік айқындалатын мағынасы анықталмай қалған. Ол мағыналарды түсіну үшін адресаттан белгілі бір білім деңгейі, этностық бейнесі, ой-дәрежесі талап етіледі. Кез келген бір тұрақты тіркестің сөздікте көрсетіліп, анықталған негізгі мағынасы адресатқа белгілі болғанмен, көркем шығарма оқу барысында немесе ауызекі сөйлеуде дұрыс қабылданбауы мүмкін. Осы жағдайда бір фразеологизмнің прагматикалық ықпалын анықтау қажеттілік тудырады. Осы орайда, біздің ойымызша жекеше көпмағыналы фразеологизмдер сөздігін жасау да артық етпес еді. Бұл әр тұрақты тіркестің мәнмәтін арқылы қолданудағы стильдік деңгейі мен прагматикалық әрекетін анктауға үлкен үлес қосады. Әрі сөздік қордағы фразеологизмдердің мағыналық жағынан қаншалықты деңгейге жеткендігіне арналған статистикалық көрсеткіш крийтериі болып табылады. Бұл – сөздік жасауда орасан еңбекті қажет ететін болашақ мәселесі.

Көпмағыналылық құбылысының қолданысы қоғамдық ортада, қазіргі тілдік әлеуетімізде белгілі бір міндет атқаратындығы көркем мәтіндерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған фразеологизмдер арқылы талданып, көпмағыналы фразеологизмдердің стильдік және прагматикалық қызметі сараланды. Бұл арқылы белгілі бір мақсатта мағына санын көбейту емес, стильдік бейне түзуде прагматикалық мән үстеу үшін қажеттілік тудырғандығын байқауға болады.

Сонымен біз осы мақаламызда қазіргі қазақ тілінің лексикология саласы аясында қарастырылатын, бірақ зерттеу ауқымы кең фразеологизмдердің көпмағыналылық бейнесін қарастырдық. Фразеологизмдердің сандық тұрғыдан ғана емес, мағыналық тұрғыдан да өзіндік ерекшелігі бар сала екендігіне көз жеткіздік.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Клаус Г. Сила слова. – М.: Советский писатель, 1985. – С. 220.

2.Булыгина С.А. Самовнушение. – М.: Мысль, 1994. – С. 250.

3.Сусов И.П. К предмету прагмалингвистики // Содержательные аспекты предложения и текста. – Калинин, 1983. – С. 145.

4.Серль Дж. Что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1986. Вып. 17. – С. 422.

5. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. – М.: Наука, 1976. – 383 с.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 т., – Алматы: Ғылым, 1974-1986.

ӘОЖ 82.778.23

## АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ТУРАЛЫ ІЛІМІ

**САРТБАЕВА А.С.**

Ә.Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінің директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены мнения Абая о полном человеке

**Summary.** The article examines Abai's opinions about a complete man

Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қорлана, күрлене түсетіні бар. Гуманист атаулы ғалымдардың бәрі де бұл дүниедегі асылдың асылы, ең бағалысы адам деп қарайды. Сол адамның бойында қалыптасатын мінез-құлықтың басты сипаты неден тұрмақ деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған. Бұл өзекті мәселеге исламият әлемінде, әсіресе Түркістан өлкесінде, әл-Фараби бастаған ХІ ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, ХІІ-ХІІІ ғасырдағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуәнмәртлік, хал ілімі, камили инсани жайындағы ой-толғаныстары мен танымдары өз үлестерін қосып жатты. Ал ХІХ ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айрықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастыра дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін салса, ХХ ғасыр басында осы ілімді өз шәкірті Шәкәрім ар ғылым арқылы жалғастыра дамытты.

Адам болу туралы ой-танымына орай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті, М.Әуезов ол өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі»,–деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Абайдың:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,–

деп адам бойындағы, мінез-құлқындағы қарама-қарсы ұғымдардың сырын 7-қарасөзінде айтылатын «жанның тамағы» дейтін пәлсапалық мағынасы бар ұғыммен салыстыра отырып сырын ашсақ, көп мәселенің тамырын дөп басамыз. Осы өлеңде ерекше мән бере алатын Шығыстың озық ойлысы Ғұламаһи Дауанидің (ХYғ.) атақты шәкірті Жүсіп Қарабағидың (ХYІІІ ғ.) «Рисаласында» «жанның азығы» деген ұғымды еске (память) байланысты қарап талдайтыны бар. Автор «жанның азығы» (духовная пища) деген ұғымды екіге бөліп: біріншісі–жанның пайдалы азығы (шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік), екіншісі–жанның зиянды азығы (күншілдік, жалған сенім) деп атайды.

Абай танымындағы «жанның тамағы» да жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені Абай «...құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана толық адам жолына түсе алмақ, болмаса жоқ деп көрсетеді.

Ақынның «бес нәрседен қашық бол» деп таңбалап отырғаны адамды аздыратын жанның зиянды тамақтары болып шығады. Адам болу туралы ойлар, әсіресе ақынның қарасөздерінде молырақ таратылған. Ондағы «адам болу, адам, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылық, адамшылығының кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы » т.б. терминдік мәні бар сөздердің бәрі де толық адам жайлы пікірлерімен сабақтасып жатады.

Мұсылмандық шығыс поэзиясында құстың қос қанатындай қанат қағып келе жатқан жүректі мадақтау (жүрек культі) мен ақылдың культін дәріптеу көрінісі айқын аңғарылып тұрады. Осы тұрғыдан келіп классикалық сопылық поэзияда имани ақыл (ибн Сина) мен иманигүл (Абайда) танымы ғасырлар бойы жырланып үзеңгі қағысып келеді.

Абайдың жүрек туралы танымы бізде поэтикалық тіл тұрғысынан зерттелсе де, гуманистік болмысына мән берілмей келгенін Абай «...Біздің қазақтың жүректі кісі дегені–батыр кісі дегені. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды»– деп тыңдаушыларының жүрек табиғатын тану өрісі төмендегіне реніш білдіретіні бар.

Абай жүректі–рахым, шафағаттың қайнар көзінің баламасы ретінде қарайды. 1886 жылдан бастап жүректің сырына үңіліп, ол жайлы таным-түсініктерін жыл өткен сайын тереңдетіп, шығармаларында жүйелі түрде насихаттап таратып отырады. Осы ерекшелікті сезген М.Әуезов абайтанудан 1943 жылы оқыған дәрісінде: «17 сөзі Адамның адамгершілігі неден құралады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Бірінші жүректің сезгіштігі». Мұның өзі көрегендік. Олай болса ақыл байқағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қарасөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті»–деп Абайдағы жүрек мәселесіне ерекше мән бере қараған.

Абай жүректің орны жайлы ой толғаныстарын «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» (1884), «Кейде есер көңіл құрғырың» (1890), «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896), «Алла деген сөз жеңіл» (1896) деген өлеңдері мен «Менің сырым, жігіттер емес оңай» (1897), «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (1899) деген аудармаларын тұжырымдап берген болатын.

Абайдың ақыл, қайрат, жүректің бірлігі мен жүректің шешуші орнына мән бере қарап:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,–

деп ғылымға сілтеуінің өзіндік мәні бар нәрсе. Өйткені өз ортасының надандық жат қылықтарын қатты сынға алған ақын оларды адамзат баласының бойындағы үш асыл қасиетті меңгеруге үндеп:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,–

деп ой байлам жасағанда, анықтауыш сөз ретіндегі үш сөзге (ыстық, нұрлы, жылы) ерекше мән-мағына беруінде терең таным іздері жатыр.

Өлең жолындағы жүрекке орай айтылатын «жылы жүрек» сөзі терең гуманистік ұғымның салмағын арқалап тұр. Бұлардың түп төркіні көне заманнан келе жатқан мешаюндық (перепатетиктік) пәлсапаның танымдарынан нәр алған дерек көздеріне саяды. Мысалы, әл-Фараби бабамыздың: «...жүрек–ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады» [1, 13б.]–дегені Абай айтып отырған «жылы жүректің» мағыналық төркінін көрсетіп тұр.

17-қарасөзінде жүректі адам денесінің патшасы ретінде көрсете отырып, оны бүкіл әділет, рахым, шафағат, ар-ұяттың қайнар көзі, ұлы мекені деген танымда ұқтырады. Осы ойын тереңірек ұғындыруға ұмытылған Абай «осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым... деп кітаптың айтқаны осы...»,–деп ғылым атынан көрсеткені мен жүрек жайлы ой-танымы ақынның тума өз пікірі екендігін оның барлық туындыларының рухы айғақтайды. Мысалы «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде хауасты түсіндіріп танытуда мұтакәаллимин, тантикиндердің өзі жауап бере алмауы себепті, Абай оларды «Бекер басқа езедур»,–деп қарап, оған дұрыс жауапты жүрек қана бере алады деп өзіндік ой байламын жасаған. Мұндағы Абай ой танымының нәр тартатын түп төркіні әл-Фараби мен ибн Сина еңбектерінде жатқанын әл-Фарабидің «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді»–деген сөзі айғақтап тұр [2, 36б.].

Өз шығармаларында Абай жан сыры, оны танып білу жөнінде өзіне дейінгі көне деректер мен өз тұсындағы ой-танымдарды сыншыл ой елегінен өткізеді. Осы арқылы өзіндік қайталанбас ой-танымдарын уақыт талабына байланысты соны таным тұрғысынан қалыптастырады. Абайда іргелі түрде сөз болатын *жантану ілімі* туралы көзқарасы Шәкәрім шығармаларында жалғасын тауып, ұстаз дәстүрін дамыта білді.

Абайда желілі түрде таратып сөз ететін иманигүл (үш сүю), жауанмәртлік, толық адам сияқты аса күрделі ой желілері тәңір, оның сипаттары мен өзі таратуды мақсат тұтқан адамгершіліктің негіздері туралы ой-толғаныстары М.Әуезов тұжырымының ең өзекті де, елеулі желілерін қамтитын басты ұғымдарға жатады. М.Әуезов Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі мораль философиясына соғатын үш сүю (иманигүл) деп аталатын ақын танымының мағынасы терең өзекті желілеріне айрықша назар аударады. Абай айтқан үш сүю жайлы ой байламдарын анықтау арқылы ішкі

нанымы, адамшылық жолындағы насихаты мен мораль философиясы жөніндегі танымы түгелге жуық ашылып, өз көрінісін бере алған деп қарайды. Себебі, осы өлеңдегі үш сүюде алға қойылған бастапқы пікір:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті,–

деп жаратушы түп иесін жаралған пендесінің махаббатпен сүюі қажет дейтін бірінші сүюді көреміз.

Екінші сүю–ақын шығармаларында желілі түрде таратылатын басты ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айдар тағып, ерекше бөліп көрсетуінде жатыр.

Үшінші сүю–«Және сүй хақ жолы әділетті» деп 38-қарасөзінде Алланың бойындағы 8 сипаттан құдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) Абай нақылия, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын *__ғәділетке (әділетке)__* ерекше мән беретін үшінші сүюді көреміз. Абай танымындағы әділетті, яғни үшінші сүюді М.Әуезовтің мұсылмандық танымындағы әділеттен өзгешелеу жатады деп ескертуі көп нәрсені аңғартады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіне дейін-ақ үш сүю мәселесі жанама әрі тікелей аталып сөз етілген болатын. Бірінші, екінші сүю 27-қарасөз бен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде нақтырақ әрі жанама түрде таратылады. Бірінші сүю Абайға дейін көне дәуір ойшылдары мен сопылық поэзияда молынан қамтылып жырланған көпшілікке танымалы ұғым еді. Абай «Алла деген сөз жеңіл» (1896) өлеңінде нақтырақ әрі тереңірек мән беріп махаббатпен жаратқан түп иеге жауап ретінде пенделері де махаббатпен сүю керектігін:

Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін,–

деп бірінші сүю туралы ойларын осымен шегереді, одан әрі бұл мәселе туралы тоқталмайды. Бірақ екінші, үшінші сүю туралы өз ой-пікірлерін өлеңдері мен қарасөздерінде желілеп, үздіксіз насихаттаумен болады:

Осы үш сүю болады иманигүл,
Иманның асыл үш деп сен тақиқ біл.
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл,–

деп Абай қазақ қауымының рухани жағынан іштей тазарып ұстанар рухани жолының сенімді бағыт-бағдарын нұсқайды. Өйткені, абайтанудың бірегей білгірі М.Әуезов «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде ақынның ішкі нанымы, дүниетанымы, адамшылық жолындағы үгіті мен мораль философиясы жайлы танымы толық түрде ашылған деп біледі.

Қорыта айтқанда, Абайдың толық адам ілімін мектепте жан-жақты жаппай оқыту, арнайы курс, арнайы семинар сабақтары арқылы жастар санасына сіңіру–бүгінгі тәрбие жұмысының мақсатына айналуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –Алматы: Жалын, 1973. –200 б.

2.Ахметов З. Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері. / Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. –274б.

ӘОЖ 82 – 312.6

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ШЫНШЫЛ СЫНШЫ

**БАЙБОЛОВА Ж.К.**

Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассказывается о критике А. Бокейхана книг, изданных на казахском языке.

**Summary.**The article describes A. Bokeikhan's criticism of books published in the Kazakh language.

Өнердің қай түрін алсақ та, ол сын арқылы ғана дамудың дара жолына түсетіні мәлім. Жазу өнері де сондай. Сыншысы шыншыл болса, шыншылдығына қоса сауатты, білімді болса құба-құп. Алаш зиялысы Ә.Бөкейханның әдеби шығармалар, кітаптар мен баспасөз беттеріне жарияланған мақалаларды сынап, қазақ жазу өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқаны аян. Ол қандай сын еді?!

Ә.Бөкейхан оқырманына сынның мәнін қалай ұқтырады?Ғалым «Жаңа мектеп» журналында 1926 жылы жарияланған мақаласында былай дейді: «Сын деген нәрсені бізде аздап теріс ұғынатындар да болады. Біреу бір кітапқа сын жазыпты десе, біреулер «оның несін сынап отыр екен» деп наразылық білдіріп отырады. Атбегі ат сынғанда, құсбегі құс сынағанда, аттың, құстың бойындағы жақсылығын да, мінін де сипаттайды. Кітап сынаушы кітаптың жақсы жағын, жаман жағын айқындап оқушыға көрсетеді». Сыншы ретінде өзі айтқан ұстанымды басты қағида етеді. Сынайтын туындының ұтымды, ұтымсыз тұстарын тосырқамай талдайды. Мәселен, М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» оқулығы туралы: «Қағазы жақсы, ақ, қаріп басқан бояуы анық; қаріптері түйедей, оқуға аса қадірлі. Ішінде 11 сурет, 2 диаграммы бар. Бұдан бұрын қазақша кітаптарда болмаған қымбат нәрсе», деп жақсы жақтарын айта келе, кемшін тұстарына келгенде былай деп жазады: «Аздап қате басылған жерлері бар. Бұларды екінші басқанда, түзеп жіберу керек болады». Бір еңбектің құнын бағалау үшін оны басқа еңбектермен салыстыру – заңдылық. Бұл ретте ғалым мынадай салыстыру жасайды: «Ахметтің сауат ашқышының иә әліпбиінің кемдігі – үстіміздегі дәуірден, болып жатқан саясаттан мағлұмат аз [1, 353б.].

М.Жұмабаевтың бұл оқулығы қазақ тілінде жазылған санаулы туындының бірі болғандықтан, әрі бұл бағытта оқу құралдары бұрын соңды көп жазыла қоймағандықтан түзетерлік, ескерерлік кемшіліктері болғаны айып емес. Алайда Ә.Бөкейхан болашақта ізбасар педагог ғалымдарға бағыттаушы оқулық екенін білгендіктен әр деталіне мән бере сын айтады. Мысалы: «Осы күнгі мектептің, мектепте оқытылатын сабақтың «жаны» – аймақтану материалдары. «Сауатты бол»-да аймақтану материалдары жоқтың қасында. Екінші, оқыту әдісінің заңы «оңайдан қиынға», «жақыннан алысқа» бет алып оқыту. Мағжан тізген саясат мәселелері СССР-ден алынған, ҚССР-ден түк әңгіме жоқ. Кітаптың аяғындағы «Жылқышы» деген өлең Лермонтовтың «Үш ағаш» («Три пальмы») деген өлеңімен салмағы тең кестелі өлең. Хат танымайтын, жаңа хат таныған қазақтың ішіне жаға қоя ма? [1,354-б.]»,- деуі оқулық жазғанда оқырман деңгейін ескере, әрі оқыту заңдылықтарына бағына білу керегін түсіндіреді.

Жүсіпұлы Сапаның 1925 жылы«Еңбекшілерге кооперация не үшін керек?» деп аталатын аударма кітабына:«Кітап қазаққа түсінікті тілмен жазылған. Орыс кітабына қазақ тымағы киілген. (қазақи танымға сай аударылған деген мағынада). Кітап бағасы тым қымбат (23 тиын) екенін, 5 тиын болса да жарар еді», – деп пікірін білдіріп, ондағы сөз қолданыстарын сынайды:«Еті ыстыққа шыдамай жарылып, қаны шып-шып шығып тұрады»,-депті. Жарылатын ет емес,тері ғой.«Тауар сатып алады», – депті. Тауар – орыстың сөзі. Орыс, онда да орыстың қалада өскендері «тауар, тауар» деп келеді. Қазақ «пұл» сатып алады, малын «пұл» дейді [1,323-б.]. Сапа жолдас «буаз» әйел деп келеді, әйел «екіқабат», сиыр, бие,түйе «буаз» болса қайтеді?»

1925 жылы «Еңбекші қазақ» -та «М.Томский. Ресейде кәсіпшілер қозғалысын» қазақшаға аударушы – Ешмағамбетұлы [2,200-б.] деп сипаттаған кітапшаның қазақшасын өте түсінікті екенін жазады. Бірақ кемшілік деп мынаны көрсетеді: кітапшада толып жатқан кесте, сифырлар бар (цифрлар). Бұлар бұтасыз далада, кітапсыз қырда өскен қазақтың көзін адастырып, кітапшаны оқуды қиындатуы мүмкін. Томскийдің кітабын қысқартып, негізін қолданып, Ресейде кәсіпшілдер қозғалысының қысқаша тарихымен таныстыру керек еді»,-деп,кітапшаның бағасы көрсетілмей (тегін таратылатынын), аз ғана (1500) данамен шыққанын құп көрмейді, дұрыс кітапты көбірек шығарып, ақшаға сату керегін айтады.

Әуезұлы Мұқтардың 1925 жылы «Жердің жаратылысы жайында әңгімелер» деген аудармасына мынадай сын айтады:«Ізбес» деп жазыпты. «Ізбесті» біздің қазақ «тас кендір» дейді. Ізбестен гөрі тас кендір қазаққа ұғымды емес пе?». Сонымен қатар жақсы пікірін де ұмыт қалдырмайды: «Жолдас Мұқтар орыс кітабын қазақшалауға мерген, жазуы артықша қазақша, қазаққа ұғымды. Бұл кітаптыоқыған адамның көзі ашылады, білім соқпағына түседі [1,199-б.]».

«Еңбекші қазақ» газетіне шыққан мақаласында Абдолла Байтасұлының аударған «Жануарлар туралы әңгімелер» кітабын сынайды.

Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшалауға шебер, кітаптың қазақшасы хат білетін қазаққа түсінікті дей келе, мынадай кемшіліктерді атап көрсетеді:

«Мысал үшін» дейді. Бұл орыстың «для примерасы» ғой. Бұл қаламның тас басып, тасырқағанына куә.Мұнан жазушы қазақ құтылу керек.

«Яғни», «яки», «егер» дейді. Қазақ «яғни», «яки», «егер» деп сөйлей ме? Бұ да сөзге олақтылықтың, қаламның шабандығының қамшы тілегені ғой!

Кеңірдекті «труба» деп, суретте өзі де «кеңірдек» депті. «Труба» деп бекер-ақ жазылған ғой [2, 197-б.].

Бағамдасақ, Ә.Бөкейханның сонау ХХ ғасырда айтқан сындары қазіргі кезде де өзекті. Себебі кітаптардың ішіндегі орфографиялық, стилистикалық қателер көп кездеседі. Ол кезде кітап қарпі, мұқабасы да сыналса, бүгін технологияның дамыған заманында ол кемшіліктер жоқ десе де болады. Ал ішкі мазмұны сын көтермей жатады. Мұндайда Ә.Бөкейхандай шыншыл сыншы болса екен деген арман қылаң береді...

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары : мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілері, әдеби аудармалар, хаттар. – Астана: Сарыарқа. – 2016. - 2-т. – 564 б.

2.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары : мақалалар, ғылыми очерктер, әдеби-сын, фольклорлық зерттеулер, көркем әңгімелер, көркем аудармалар, хаттамалар, хаттар. – Астана: СарыарҚа. - 2016. - 8-т. толықт., 2-бас. – 595 б.



ӘОЖ:82-312.2.


## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИСТИКАЛЫҚ ПРОЗА


**ИСАБЕКОВА А.Д.**

Н.Данаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.**The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.


Соңғы жиырма жыл ішінде жазылған прозалық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады.Қазақтың қазіргі мистикалық прозасы өзінің арнау-бастауларын фольклордан алғаны бәрімізге мәлім, Осы фольклордағы мистикалық аңыз-әңгімелер қайта түлеп, реминесценция үлгісінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Тұрсынжан Шапайдың «Жазуы» – мистикалық әңгіме. Себебі, онда діни кітаптарда айтылатын, адам өмірінің құпиясын жазған жазмыш тақтасы елес түрінде беріледі. Автор қарапайым ситуацияны трагедиялық биікке көтеріп жібереді. Кейіпкердің қыр соңынан қалмайтын, жел ұшыратын бір жапырақ қағаз − қазақ дүниетанымындағы маңдайдағы жазу. Автор ұлттық танымды мұсылмандық түсінікпен астастырып жіберген. Автордың бұл тұжырымдамасының бесенеден белгілі бұйрық, жазмыш, тағдыр дейтін танымдар ерекше пафоспен берілгендіктен, авторлық таным мен діни таным ара жігін ажырату қиынға соғады. Яғни, мистикалық тебіреніс арқылы автор әсер етудің көркемдік амалын тапқан. Ал, М.Мағауиннің «Тағдыр жазуы» да мистикалық әңгіме болғанымен, берілу пішіні бөлек.

Тұрсынжан Шапайдың «Жазуында» – жалпы адамзаттың тағдыры жатыр. Ал, М.Мағауиннің «Тағдыр жазуы» – бұл жалқы тағдыр. Жазушының жеке тағдыры. Оның «мені». Расында, «Мен» атты өз романының мистикалық нұсқасы. Жазушы Гораций, Пушкиндерден үлкен әдебиетте мирасқа қалған тұлғалық «менді» айтып тұр. Бұл оның өзіне деген анық сүйіспеншілігі, сол себепті асылық та танылмай қалмайды. Алғашқы әңгімеде (Т.Шапайда) Құдайға құлшылық идеясы астарлай білдіріліп тұр. Екіншісінде құдай идеясы жоқ. Балалық шақтың баянынан автор 60-тан асқан шағына бір-ақ тоқталады. Мұнда да өң мен түс. Жазушы фәни дүниедегі өз биігіне жеткен. Жазушылық болмысты ол Тәңірі құты деп таниды. Жазушы мұны зор мәртебемен айтса керек. Тағдыр мен шығармашылық тұтасып кеткен. Бұл − шығарма әңгіме осынысымен құнды. Өз тағдырына ерен разы тәрізденеді. Өйткені өлмейтін сөз ғана. Рух мәңгі жасайды. Көк тастағы жазу − сол рухтың бұйрығы. Соған бағынып жазушы жыраулар поэзиясын қайта жаңғыртты. Қазақты ұлтсызданудан сақтауға аянбай қызмет қылған, Абай жолын жалғаған Мұхтар Мағауин «Тағдыр Жазуын» осылай ұғады. Өз жолын қоса саралайды. Мұнда

шынайы өмір мен мистика аралас. Автор мұның ара жігін білдірмей жібереді. Бұл әңгімеде «Болмасаң да ұқсап бақ» дейтін ұлы философия сарыны бар. Мистикалық сарын толыққанды көрінбегенімен, бір тақырыпты қаузаған екі ұрпақ өкілі (аға, орта буын) М.Мағауин мен Т.Шапай екі түрлі жол тапқан. Ортақ белгі – тағдыр, өлім болмысының ортақ ұқсастығынан туындайды.

Мистикалық сарын Т.Шапайдың «Көл» әңгімесіне де тән. Шағын әңгімедегі көл сипаты Өлі көл. Сұмдық тылсым. Мифтегі о дүниенің суы сияқты. «Здесь же сочетание деструктивных тем черного цвета включает хронические, животные и другие образы в контексты, повествующие о смерти и разрушении. «Черное черво» земли – чрево ада. Черная река – зеркало в инфернальный мир» [1.]. Қара тылсым көл бейнесінің астарында о дүниенің, белгісіздіктің, тылсымның құпиясы жатыр. Ажалдың нақтылы су түрінде тұлғалануы. Ажал «тумақ бар да, өлмек бар», «өзекті жанға бір өлім» дейтін философияны қозғайды. Ажалдың белгісіз, беймәлім сыры тіршілік атаулыға мейірімсіз, қатыгездігі мен салқындығы су символикасына сыйғызылған сыңайлы. Өйткені, көне фольклорлық ұғымда «су аяғы – құрдым» – су – о дүние мен осы дүниенің аралық шекарасы.

Қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық сипатты айқындайдын мотивтің бірі – Айна. Айна – философиялық-эстетикалық феномен. Мифологиялық таным бойынша айна екі әлем арасындағы шекара ретінде, өлімнің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған. М.М.Бахтин айна феноменін «басқалардың» категориясымен тікелей байналыстыра қарастырады. «Айнаның алдындағы адам» жағдайы М.М.Бахтиннің тәлімдік-тәрбиелік философиясына айналады. Бахтин философиялық мәселелерді шегінен шығара отырып, «айна алдындағы» адамның бейнесін бір қатар келесі құрамдас бөліктері – айнаға қарап тұрған адамның өзінің сыртқы бейнесін тануының қарапайым әдісі және «басқалар» ұстанымы тұрғысынан өзін-өзі тануы арқылы ашады. М.Бахтиннің байқауынша, айна кейіпкердің өзін-өзі тануына ықпалын тигізеді. Бұл жерде кейіпкер автордың көмегінсіз айна арқылы өзінің ішкі әлемін және сыртқы сипатын тануға мүмкіндік алады. Бұл жағдайда М.М.Бахтиннің айнасы тұрмыс құралы ғана емес, сондай-ақ, адамның өзін сыртынан көруі, өзін-өзі тануы мен бағалауы қызметін атқарады. Бахтиннің пікірінше: «...Функцию зеркала выполняет и постоянная мучительная рефлексия героев над своей наружностью, а для Голядкина – его двойник» [2, 39 б.].

Т.Шапайдың «Айна сарай» әңгімесінде де мистикалық қуат басым. Елес, қиял, аңсар шегіне жеткізіле әсіреленеді. Айна мифологемі арқылы уақыт пен Кеңістік сығымдалып, жинақталады. Бұл туынды арқылы сана дағдарысы. Экзистенциальдық әдебиет еске түседі. Бұл айна сарай – адамның жады. Автордың классикалық проза дәстүрінен үйренгені айқын. Бальзактың «Шегірен былғары» атты романындағы шал сияқты кейіпкерді айна сарайға ертіп баратын шал да − сайтан. Ес пен жад осылай таңбаланады. «Амфитеатр толған, менің бейнем» дейді жазушының кейіпкері. Ол адамның мың құбылған мінезін бедерлейді. Зенон, Шопенгауер аттары аталады. Автор кейіпкері сайтанмен дауласады. Бұл − Гетенің «Фауст» атты туындысын еріксіз еске түсіреді алынған. Автор өз танымын нанымды жеткізу үшін, түрлі айна мотивін ұсынады. «Өлі, безбүйрек айна», «қара айналар» мен «аңғал айналар» деп кейіпкерін өзін-өзі тануға ұмтылысын бейнелейді. Санасын құлазу меңдеген автордың танымында ақыл-ес ақыры салтанат құрады. Әңгімеде тылсым қабаттар мол. Трактат тәрізденеді. Кейіпкер атсыз, себебі ол сіз бен біз. Автор өмірдің мағынасы туралы толғанады да, мұның ұшығына жетпей, жаны қиналады. Қазақ прозасында мұндай сипаттағы әңгіме некен-саяқ.

Қаламгердің «Әулие» атты әңгімесінде де автор өзі сүйетін айна мотивін көркемдік тәсіл етеді. Мұнда айна адамның өзіне, өз ішіне үңілуінің символы ретінде алынады. Кейіпкер өзін көріп, былай мойындауға мәжбүр: «Кеспірі мына сықпытты кісіден өз басым аулағырақ жүрер едім». Әңгіменің өн бойында кейіпкер айнаға бірнеше мәрте қарайды. А.П.Чеховтың хамелеонындай құбылады. Әңгімеде кітапшылдық сарын белең алған, кейіпкер Абай мен Монтеньді айтады, цитата алады. Тіпті жасырын текстпен «Этнографиялық әңгіме» де (Ғ.Мүсірепов) тұр. Әріптесі, оқымысты, жаттанды апасы ғалым аталған. «Ол өзінің оймақтай қол айнасына қарап, өзін солай тану арқылы дүниені таниды», − деп тұжырымдайды автор. «Содан бері мұның девизі – Апекем дұрыс айтады». «Этнографиялық әңгімеде» «Атекем дұрыс айтады» деген фраза болатын. Бұл хас надандық пен ой мешеулігін бейнелейтін шығарма.

Әңгіме кейіпкері жұрттың бәріне жағу үшін өмір сүріп байқаса, өзін жоғалтып алады. Айнада бейнесі жоқ. Бұл − қоғамдағы салтанат құрған екіжүзділікті, өтірік пен дақпырт, жалған мақтауды бейнелегені.

Т.Нұрмағамбетовтің «Кене» атты туындысында нысанға алып отырғаны тірі адамзат атаулыға бәймәлім, жұмбақ өлгеннен кейінгі әлемі, өмірі десек, болғандай. Әу бастан бірінші жақтан кененің көзімен, кененің танымымен, қабылдауымен баяндалатын бұл әңгіменің

психологиялық салмағы өте ауыр. Т.Нұрмағамбетов кейіпкерін, біріншіден, кеше ғана тірі пенде болып, жер басып жүрген адамының өлгеннен кейінгі өмірін тілге тиек қылып, барлық оқиға желісін жоғарыда түнгі көбелектей қабалақтап ұшып жүрген Бименнің ЖАНЫНЫҢ көзімен көргенін, сезінген ойлау жүйесімен береді. Екіншіден, не ана дүниеде, не мына дүниеде жаны тыным таппай, жалғызсыраған кейіпкерін Кенеге айналдырады, яғни автордың айтпақ ойы, танымы енді КЕНЕ-нің болмысынан шығарылып өрбітіліп отырады. Қазіргі қазақ әңгімесінің мистикалық сипатын сөз еткенде, фольклорлық үлгідегі аңыз-әңгімелер желісінде қайта жаңғырып, интерпретация үлгісімен жазылған Қ.Мүбарак шығармашылығын атап өтпеске болмайды. Жас жазушы Қ.Мүбарактың [3.]«Жетінші көр» атты әңгімесіндегі мистикалық сарын халық нанымындағы және классикалық әдебиеттегі киелі һәм қатерлі сандардың идеялық жүгін аңдату үшін жазылған. Идеясы: «Жазмыштан озмыш жоқ. Маңдайға не жазылса, соны көресің». Әлемдік әдебиетте А.Блокта «Двенадцатый» атты поэма бар, ол христиан дініндегі 12 апостол деген ойға құрылған, 1917 жылғы революцияны тақырып қылған. Ш.Айтматовта, М.Горькийде осындай санмен таңбаланған әңгімелер бар. Автор қазақтын пәлсафалық дүниетанымына тән қорқытшылдық идеясын – тумақ бар да, өлмек бар, ажалды пенде туралы әр санасын хал-қадерінше ойнатуға тырысқан. Автордың сөйлемдерді құрудағы олқылықтары көзге ұрып тұрады. Мысалы, «Пәтерде» ол «ары қарай» деген сөзді бір сөйлемде екі мәрте қолданады. Ал, мына әңгімедегі сөйлемде де осындай олақтық, сөйлемнің сингармониялық жігін сезінбеу көзге ұрады.

Өң мен түс қосылуы − мистикалық мезеттің жұмбақ жаратылысы, бұл − енді авторлық түпкі ой, мистиканың өзінше бір құпиясы. Автор мистиканы құлай сүйетіні сонша: ұсақ-түйек санайтын тұстарға сүріне береді, малтығып, шыға алмай қалады.

«Жат құшақ» атты әңгімесінде қалыптасқан – қазақтың Едіге туралы аңызынан алынған сюжетті көркемдей түрлендіріп береді. Мұнда да өң мен түс бірігіп, астастып кетеді. Бұл әңгімеде жас жазушы «талығып», «талықсып», «талмаурап» деген көсемшелерді эмоциональдық реңкте қолданады, себебі, өң мен түстің арасы бұл халді тудырады. Автор негізінен өзі де бұлдыр, елес құсап тұратын кейіпкерлеріне ат қоймайды: «әнші», «жігіт», «әйел», «ол» болып келеді. Дерегі жоққа тән. Таңғы шық сияқты тез кеуіп кетуге бейім. Қ.Мүбарак көп әңгімесінің сарынында «тылсым күш» деген сөзді қолдануға үйір. Сосын кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі күйді «шыңғырып жіберді» деген сөзбен жиі жеткізуге құштар. Бұл − көбіне ессіздіктің яки ажалдың алдында кейіпкер бастан кешетін хал. «От аруы» қазақ мифологиясынан гөрі, жапон, поляк мифтерінде бар сарынға ұқсайды. «Би» атты әңгімесі де осы бір сарынға икем.

Мистика − тым тартымды құбылыс, бірақ автордың шалағайлығы тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Бір әңгімесі екіншісіне ұқсайды, сырты әр қилы сезілгенмен бір ядродан тұрады. Табиғаттан тыс мистиканы өзі қолдан жасайды. Даяр үлгі, халықтың жадындағы көркемдігі таңғажайып аңыздарды шебер пайдалана алмай қалады. Автордың тағы бір кемшілігі − «ол» деген дерексіз ұғымға үнемі әуес бола бергені. Мысалы, әнші мен от аруын Сұлушаш, Қарашаш, Жанар тәрізді етіп алса еш ұтылмас еді. Бет бедері айқын емес кескіннен арылар еді.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әңгімесіндегі мистикалық сипат тамырын сонау фольклордан алып, бүгінгі күні өз арнасын кеңейтіп отыр. Ғасырлар бойына өзінің тылсым құпиялылығымен, селк еткізер сесімен жұмбақ болып келген мистикалық аңыз-әңгімелер қазірде қайта жаңғырып, жаңаша түрге енді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бахтин М.Эстетика словесного творчества. М: Искусство, 1979. – 124 с.
2. Қойшыбек М. От ару. - Алматы: 2009. – 120 б.
3. Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

ӘОЖ 82.720.12

## А. БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫ

**АБИЛДАЕВА А.К., МЫРЗАБЕКОВА Г.Р.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются направления А.Байтурсынова в области терминологии

**Summary.** The article discusses the directions of A.Baitursynov in the field of terminology

Тілге айырықша көңіл бөлінген алғашқы жылдары жалпы қазақ терминологиясы, соның әр түрлі салалар терминологиясы жапа- тармағай аударылып жатты. Терминдердің жаппай аудару негізінде керегін де, емесін де аударуға тырысып баққандар болды. Енді қарасаң, қоржынымыз қордаланып қалғандай. Сол терминдерді желіге байлап, жүйеге салып, керегін алып, керек емесін тастайтын кезіміз де келген сыңайлы.

«Заявление» терминінің әр түрлі мағынасына сай аударуға болады. Айталық, өтініш, арыз, мәлімдеме тәрізді. Бір атауды түрліше аударудың да орны, реті бар. Мысалы «оригинал» сөзін алайық. Айталық «Абай жолы» романының оригиналы. Оны кейбіреулер «тұпнұсқа» десе, кейбіреулер «төлнұсқа» деп аударып жүр. Бұлардың бірі алып, екіншісін ығыстыру шарт емес. Олардың арасынан мағыналық айырмашылық табуға әбден болады. Түпнұсқа «Абай жолының» басқа тілдерге аударылмаған қазақ тіліндегі оригиналы десек, М. Әуезовтің өз қолымен жазған нұсқасын төлнұсқа деп атайық деген ұсыныстар да бар. Бұдан, әрине, қазақ тілінің өрісі кеңімесе, кемімейтін анық. Бірақ, орайы осы екен деп, терминдердің баламаларын жамыратып, жарыстырып қолдана беруге болады. Термин – орнықты атау болуға тиісті. Себебі, термин әрбірі халыққа ұғынылпты, түсінікті болуы шарт.

Кейбіреулердің аудармасын мағыналық қажеліктер кезіп жатса, қайсыбірі ешқандай қажеттіліксіз әр түрлі аталынады. Сондай- ақ терминдердің аудармаларының кейбірі іс жүргізу талаптарының қайшылығын, қолдануға қайштың жақтарына ұшырап жатады. Әр БАҚ оларды әр түрлі қолданады. Кез келген тілдің терминологилық жүйесі – тілге әсер ететін қоғамдық - әлеуметтік факторларға байланысты ұдайы өзгеріп отыратын құбылыс. Сондықтан да терминжасамның теориялық – практикалық мәселелеріә қазақ тілін зерттеушілердің ұдайы зерттеу обектісі болып келеді. Бұған өз кезеңінде белгілі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов айрықша мән берді. А. Байтұрсынов халықтық тіл лексикасының терминдеу үлгісін жасап, терминжасамда тілдің бар амал-тәсілін қолдана білсе, Қ. Жұбанов қазақ терминлогиясының қалыптасуы мен дамуына қатысты теориялық мәселелерді тиянақтап берді.

Қазіргі кезде де қазақ тілінің терминологиялық жүйесін реттеуде көптеген теориялық-практикалық жұмыстар жүргізіліп келеді. Жалпы терминологияны ұлттық ұғымға бірделестіру кезіңінен бері (1989 жылдан бастап) бірқатар теориялық еңбектер (Ә.Т. Қайдров, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Біләлов, А. Алдашев, Ш.Күркебаев) мен практикалық іс-шаралар жүзеге асырылады. Соңғы он жылдық көлемінде ғылымның барлық саласын қамти алатындай секілді, көптілді түсіндірме-салалық терминорлоногиялық сөздіктер шықты. Олардың жалпы саны алпыстан асады. Бұл – Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған мемлекеттік тіл саясатының алғашқы нәтижелері. Қазақ тілінің қолдану аясы кеңіп, тіл саясаты бекемдене түскен мемлекеттік тілдің ресми-іскерлік, ғылыми салаларда игерілу өрісін кеңейту проблемасы байқалуда. Ғылым салаларындағы қазақ тілінің қолданылу функциясын кеңейтулдің және нығайтудың басты жолы – ұлт тіліндегі терминологияны қалаптыстыру. Мемлекеттік деңгейдегі осы мәселе 1998 жылдың 5 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдармасы» деп аталатын құжаттың ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету және терминологиялық, ономастикалық жұмыстар тарауларында атқарылуы тиіс деп көрсетілген іс-шаралар көлемінде нақты белгіленген.

Терминологияның теориялық негіздері үшін қазақ терминжасам жүйесінің тарихы, қайнаркөздері, жасалу жолдары, салалық терминдер жүйесінің динамикасы мен статискасы сияқты күрделі проблемалармен қатар терминжасам ісіне қатысатын тілдік құрылымдарды дербес, әрқайсысы жеке-жеке қарастыру маңызды. әсіресе қазіргі кезде қазақ терминология жүйесінің қалыптасуында осы іске араласатын сөздік қордағы лексикалық элементтердің семантикалық өзгерісі және олардың терминдердің ұғымдық-мазмұндық көлемі үшін балама ретінде пайдаланылуы белсенді сипат алып отыр. Терминдік жүйені ұлттық ұғымға бірдейлестіру бағытында семантикалық тәсіл кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл арқылы мағына жағынан таралып немесе кеңейіп терминделетін сөздік қордағы сөздер, көнерген сөздер, жергілікті тіл ерешеліктері-термин қатарына қосылатын лексика болып табылады. Оларды терминдердің біршама зерттелген. Әр түрлі терминдердің қалыптасуында синонимдердің ролі мен мүмкіндіктері мол. Синонимдердің терминдік ұғымдар мен түсініктерді беруге қатысуы – семантикалық тәсілдің қатысуы – семантикалық тәсілдің көрінісі.

А. Байтұрсынұлы айрықша мән берген мәселесінің бірі — терминология XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өкілі әрі алғашқы оқулықтардың, ғылыми еңбектердің авторы ретінде ғалым мен оның замандастарының терминология мәселелерімен бетпе-бет келуіне тура келді. Бұл мәселені шешуде Ахаң бастаған қазақ зиялыларының өзге туысқан түркі халықтарының білімпаздарынан айырықша бағыт - бағдары болды.

1926 жылы Бакуде өткен «Түркологтардың бүкілодақгық бірінші съезінде» жасалған терминология туралы баяндамасында А. Байтұрсынұлы «Пән сөздері: (терминдер) жағынан басынан - ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер (түркілер) әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты» («А. Байтұрсынов, Тіл тағылымы. А., 1992. 433-б.), десе, ғалымның замандасы өз кезенінің аса ірі тұлғаларының бірі Х. Досмұхамедұлының жат сөздерді қабылдауға байланысты айтқандары Ахаңның пікірімен астасып жатқанын аңғарамыз. Ол «Тілге кірген жат создер де сінту үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді» - дейді. (Х. Досмұхамедұлы. Аламан. А., 1991. 92-б.)

А. Байтұрсынұлы мен онымен пікірлес қазақ. зиялыларының термин жасауға деген көзқарасы қазақ терминологиясының принциптерінің жасалуына негіз болды. 1924 жылдың маусымында Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» қабылданған ол принциттер (қысқартып бергенде) төмеңдегідей еді: а) Пән сөзі ретінде ең алдымен тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін-алу; ә) Қазақ тілінде ондай сөздер болмаған жағдайда туыстас тілдердің бірінен сөз алу; б) Әлемдік (халықаралық) пән сөздерін қазақ тілінің табиатына сәйкес өзгертіп қабылдау; с) Қазақ сөздерінен басқа тілдер сөздерінің бәрін қазақ тілінде айтылуына (дыбыстық жүйесіне) сәйкес өзгертіп алу.

Термин жасау ісінде А. Байтұрсынұлы осы принциптерді басшылыққа алған. Дәлірек айтсақ Ахаңның қаламынан туындаған жүздеген терминдердің негізгі белігі бірінші принцип (термин ретінде қазақтың өз сөзін алу) бойынша жасалған. Мәселен, біз қарастырған соңғы жылдары жарық көрген үш баслымдағы (А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1991., А. Байтұрсынов. Ақ жол. А., 1991. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы А., 1992) төрт жүздей тіл мен әдебиет терминдерінің арасындағы наху, сарф, әріп, харіф, емле, пән, әуезе, әліпби, қағида, пайымдау, нүкте, ноқат сияқты араб сөздерінен өзгелері түгелдей қазақ тілінің өз сөздерінің негізінде жасалған. Аталған терминдердің арасындағы наху, сарф, емле сияқтылары болмаса, қалғандары тілімізге бұрынырақ еніп өз сөздеріміздей болып кеткен, жаттығы білінбейтін жалпыға түсінікті сөздер еді. Бұл атаулардың барлығы да араб тіліндегі қалпын сақтамай соңғы принципке сәйкес қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне орай өзгеріске ұшыраған.

Қазақ тілінің өз мүмкіндігін пайдалана отырып ғылыми термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білген Ахаңның ісі – «Қазақ тілінің ғылыми термин жасауға мүмкіндігі жетіспейді» дейтін ағайындарға сабақ болуға тиіс. Терминолог ғалым Ө. Айтбаев «Тілдің бар қатпар - қыртысын сарқа пайдалана білуде А. Байтұрсынов үлгісі таптырмайтын өнеге» деп орынды айтқан.

А. Байтұрсынұлы өзі ғана термин жасар койған жоқ ол тіл білімпазы ретінде сол дәуірдегі арнаулы лексиканың жасалуына тікелей әсер ете білген айырықша тұлға болды.

А. Байтұрсынұлы термин жасау ісінде тіліміздегі сөзжасам тәсілдерінің барлығын іске қоса білген. Оның еңбектерінде әсіресе синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалған терминдер молынан ұшырасады. Мәселен, сызық-ша, қосым-ша, көсем-ше, есім-ше (-ша/-ше), буын-шы, дәйек-ші (-шы/,ші), есім-дік, етіс-тік, жалғау-лық, (-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік) сияқты терминдер есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған болса, бастама, әліпте-ме, зауықта-ма, сарында-ма, ұсын-ба, қорыт-па, ермекте-ме, мазмұнда-ма, (ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе,) марқай-ыс, сұқтан-ыс, азаптан-ыс, күл-іс, әлектен-іс, әурелен-іс сияқты әдебиеттану (ет-іс тіл білімі) терминдері етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдалану жолымен туындаған. Аныктауыш, бастауыш, баяндау(ыш), пысықтау-ыш, толықтау-ыш сияқты атаулар да қимыл есімге-ыш жұрнағын жалғау арқылы синтетикалык жолмен жасалған терминдер.

Бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің артықшылығы - ықшам әрі бір ғана терминдік мағынаны білдіреді және ана тіліндегі сөздер мен қосымшаларды пайдалану жолымен түзілгендіктен бейтерминденуге бейім. Сондықтан да тек терминологиялық лексиканы ғана емес жалпы лексиканы байытуға да мүмкіндігі мол.

А. Байтұрсынов терминдерді калькалау жолымен де жасаған. Мысалы: зат есім, сан есім, сын есім, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, қаратпа сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, себеп пысықтауыш, сын пысықтауыш, сұрау белгісі, леп белгісі, қос нүкте, жай шырай сияқты көптеген терминдер аналитикалық тәсіл арқылы калькаланған.

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып күні бүгінге дейін өзгеріссіз колданылып әбден қалыптасып кеткендігі – олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде лексика-семантикалық тәсілмен жасалған терминдер де едәуір. Олар: буын, жалғау, жұрнақ, бунақ, үстеу, одағай, тармақ, тасымал, демеу, шумақ т.б.

Бұл көрсетілген терминдер жалпы қолданыстағы сөздерді термин ретінде пайдалану, яғни терминдену тәсілі арқылы жасалған. Терминдердің терминдену тәсілімен туындауына терминделуші ұғым мен терминденуші сөз атау болған тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастығы негіз болады. Мысалы, жалпы қолданыста жалғау деп «бір жіпке септелетін екінші жіптің үзігін» айтса (Қ.т. түсіндірме сөздігі. А., 1978. 3-том). Тіл білімінде «сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, сөз тудырып, сөз өзгертіп тұратын қосымшаны - жалғау» дейді. (І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Тіл білімі терминдерінің орысша - қазақша сөздігі. А., 1966.). Немесе жалпы қолданыста шумақ деп «бір топ нәрсенін жиынтығын, тізбегін, будағын» (ҚТТС. А., 1986. 10 т.) айтса, әдебиет тануда шумақ деп «көбінесе төрт тармақтан тұратын өлең өлшемін» айтады. (Әбетов. Ғ. Әдебиетану терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1962.).

Ол мысалдардан-ақ сөздің бастапқы мағынасын метафоралау арқылы да А.Байтұрсынұлының ғылыми терминтерді (өз сөзімен айтқанда «пән сөздерін») өте сәтті жасай білгендігі көрініп тұр.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыпу, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шеңдестіру сияқты әдебиет тану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау, тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады.

Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мынадай терминдерді жасау Ахаңын бастау алып бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мыс, ауыстыру, теңеу т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мыс: лептеу, ойламалдау. т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне — у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіндеде, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры - оның нағыз терминолог ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А. Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттелінген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетіміз ге жарайтындары аз емес. Шындығыда да, А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді, - дейді Ш. Құрманбайұлы

Белгілі тілші-ғалым Р.Сыздыкованың «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту» , - дейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Байтұрсынов А «Тіл тағылымы» -Алматы: Ана тілі, 1992-425б.

2.Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және термин жасау ісі –«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы -№7-8,1997 жыл, 3-9 б.

3.Жұбанов Қ-Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер А.,1966 ж, 361 б.

4.Қайдари Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас-Алматы:Рауан, 1993,3 б.

5.Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері:-Алматы: Рауан,1997

УДК: 050/070:654.19(063)(575.1)

# ЎЗБЕК ТЕЛЕВИДЕНИЕСИДА ХОРИЖИЙ ТИЛЛАРДАГИ КЎРСАТУВЛАРНИНГ РИВОЖЛАНИШ БОСҚИЧЛАРИ

**НИЛУФАР ИРКАЕВА**
Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар
университети мустақил изланувчиси, Тошкент шаҳар,

**Аннотация:** Мазкур мақолада, асосан ўзбектележурналистикасида хорижий тиллардаги дастурларнинг пайдо бўлиши, такомиллашиш босқичлари ва бугунги ҳолати ҳақида сўз юритилади. Шунингдек, ушбу йўналишдаги жаҳон тажрибасига ҳам тўхталиб ўтилади.

**Калит сўзлар**: телевидение, хорижий тиллар, таълим, телекўрсатув, томошабин, самарадорлик

**Аннотация:** В данной статье в основном говорится о появлении, этапах совершенствования и современном состоянии программ на иностранных языках в узбекский тележурналистике. Кроме того, обсуждается мировой опыт в этом направлении.

**Ключевые слова:** телевидение, иностранные языки, образование, телепередача, аудитория, эффективность

**Annotation.** This article mainly talks about the appearance, the stages of improvement and the current situation of programs in foreign languages in Uzbek Tv journalism. Besides that, the world experience in this direction is also discussed.

**Key words**: television, foreign languages, education, tv programmes, audition, efficiency

Глобаллашув авж олган айни даврда кўп тилларни билиш қатор имкониятлар калити бўлиб хизмат қилмоқда. Бу жараёнда замонавий жамият кишилари, тилларни тез ва осон, шу билан бирга сифатли ўзлаштиришлари учун, қатор медиа воситаларини афзал кўришмоқда. Мутахассисларнинг қайд этишича, янги билимларни ўрганишдаги бу ёндашув, анъанавий усулдан кўра, қулай ва самарали.

Бугун тилларни ўрганишда оммалашган медиа имкониятларидан фойдаланишнинг илк босқичи узоқ тарихга бориб тақалади.

Телевидение орқали инглиз тилини ўрганиш бўйича изланишлар олиб борган тадқиқотчи Жой Ҳамбрукнинг фикрларига кўра, тил ўрганиш ва ўргатиш жараёнида фильмлар ҳамда теледастурлардан фойдаланиш 1930 йиллардан бошланган(3,24). Бироқ, бу жараёнда тақдим этилган телемаҳсулотнинг мақсади ҳозиргилардан бирмунча фарқли бўлган. Телевидение имкониятларидан фойдаланишга асосий сабаб, ҳинд муҳитидаги ёш ўрганувчиларни дўстлари ва ҳамкасблари билан инглиз тилида сўзлашишларини телевизион шоу ва ситкомлар орқали рағбатлантиришдан иборат бўлган. Мазкур йўналишда илк қадамни бошлаб берган ижодий изланишлар бўйича аниқ амалий тақдимотлар ҳақида маълумот деярли йўқ.

Тадқиқотчи Ҳю Ҳоуз эса, ўз илмий мақоласида тилларни ўрганиш билан боғлиқ дастлабки сабоқлар инглиз тили бўйича бўлиб, у кенг тарқалган медиа воситаларидан бири радио орқали иккинчи жаҳон уруши даврида тақдим этилган(4,15) дея таъкидлайди. Ўша вақтдаги мураккаб вазиятда BBC радиосида тил ўрганишни қўллаб-кувватловчи таълимий эшиттиришларни эфирга узатилишига сабаб бўлган аниқ маълумотлар ва радиодастурларнинг номи манбаларда қайд этилмаган. Шуниси аниқки, радио орқали хавола қилинган мазкур биринчи эшиттириш инглиз тилидаги хатосиз талаффуз қилинган бир нечта гаплардан иборат бўлган ҳамда унинг маъноси ўқувчиларга тушунарли тилда изоҳлаб берилган. Вақт ўтган сайин радиоэшиттириш педагогик, услубий ва йўналиш жиҳатдан янада такомиллаштириб борилди. Бу эса, ўз навбатида қизиқувчиларнинг сонини сезиларли даражада ошишига таъсир кўрсатди.

Кейинчалик радио орқали пухта ишланган икки тилли туркум дастурлар, махсус курслар тақдим этилди. 1950 йилларда телевидение ҳам тобора оммалашаётган бир вақтда, мутахассислар, энди инглиз тили бўйича радиодаги туркум курсларни телемаҳсулот сифатида эфирга узатиш

бўйича бош қотира бошлашди. Шундан кейин, BBC, Британия Кенгаши билан ҳамкорликда инглиз тилини бошланғич даражадан ўргатадиган “Ur-Mutter” туркум телемаҳсулотни ишлаб чиқишди. Мазкур кўп қисмли дастурни биринчилардан бўлиб сотиб олган мамлакатлардан бири Германия бўлди. Кўрсатув трансляциясияси 20 миллиондан ортиқ аудиторияни қамраб олди, ярим миллиондан ортиқ талабалар эса мустақил тил ўрганиш жараёнида айнан ушбу курснинг ёзувлари ва китобларидан фойдаланишни афзал кўришди(4,15-16). Манбаларда қайд этилишича, телевизор экранларида ўша даврга нисбатан кенг кўрилган инглиз тилини ўргатувчи таълим дастури 1960 йилларнинг бошида Швецияда ишлаб чиқилган ва намойиш этилган(4,24).

Ўзбекистон телевидениесида эса халқаро таҳририятнинг ташкил этилиши 1990 йилларнинг бошларига тўғри келади. Илгари Совет Иттифоқи таркибида бўлган кўшни қардош халқлар: қозоқ, тожик, қирғиз, туркман тилларидагина кўрсатувлар тайёрланган бўлса, эндиликда журналистлар зиммасига соф халқаро мавзуларда теледастурлар яратиш вазифаси қўйилди. Халқаро шарҳдан ташқари тажрибага эга бўлмаган миллий телевидение тарихида мазкур ўзгариш муҳим даврни бошлаб берди(5).

Ўзбекистон телевидениесида Халқаро кўрсатувлар бош муҳарририяти ташкил этилди ва 1993 йилнинг 2 апрелидан ушбу бўлимга таниқли журналист Ирисмат Абдухолиқов бош муҳаррир этиб тайинланди.

Шундан кейин, янги таҳририят кўрсатувлари учун эфирда бутун бир телевизион канал ажратилди. Тележурналистлар қардош республикалар элчихоналари, улар қаторида Қозоғистон, Тожикистон, Туркманистон, Қирғизистон, Шимолий ва Жанубий Кореялар, Россия, Ўрта Осиё ва Татаристон республикалари элчихоналари билан ҳам ишлай бошладилар. Кўп ўтмай канал ходимлари давлатлараро ижодий сафарларга ташриф буюришни бошлашди. Дунёнинг турли бурчакларидан ўзбекистонлик мухбирлар томонидан тайёрланган телекўрсатувлар эфирга узатилди.

Тажрибали журналист Одил Рўзалиевнинг ташаббуси билан 1993 йилдан бошлаб инглиз тилидаги янгиликлар дастури эфирга узатила бошланди. Қисқа фурсатларда халқаро каналда “Ўзбекистон янгиликлари” инглиз тилида мунтазам бериб бориладиган бўлди. Кетидан ўзбек тилида „Жаҳон янгиликлари“ номли янги ахборот дастури эфирга чиқди. Унда дунёнинг машхур “Worldnet” “CNN” “BBC” телеканалларининг янгиликлари таржима қилиниб, ўзбек томошабинлари эътиборига ҳавола қилинди.

Миллий телевидениеда мазкур йўналишдаги яна бир муҳим қадамнинг амалга оширилиши 2012 йилга тўғри келади. Ўзбекистон Республикасининг биринчи президенти И. Каримовнинг 2012 йил 10 декабрда қабул қилинган “Чет тилларни ўрганиш тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида”ги қарорига мувофиқ барча таълим муассасаларида чет тилини ўрганишнинг янги тизими жорий этилди ҳамда телевидение орқали чет тилларини оммалаштириш ва тарғиб қилиш жараёнлари янги босқичга кўтарилди(2). Хусусан, республикамиздаги давлат ва нодавлат телеканалларда мунтазам равишда асосан, инглиз тилидаги турли илмий-оммабоп ва маърифий кўрсатувлар, бадиий ва мультипликацион фильмлар, янгиликлар мунтазам намойиш этиладиган бўлди.

Жумладан, болалар ва ўсмирлар учун “O’zbekiston” телерадиоканалида намойиш этиладиган “Ўйла, изла, топ” ва “ Болалар дунёси” кўрсатувлари ғоят қизиқарли бўлиб, ушбу кўрсатувларни тайёрлаш учун телерадиокомпания инглиз тили мутахассиларини таклиф этиб, ҳар бири 40 дақиқадан иборат ўқув машғулотлари ишлаб чиқилди. Мазкур дастурлар орқали инглиз тили бўйича дастлабки билимлар турли интерактив усуллар орқали томошабинларга етказиб берилган. “Yoshlar” телерадиоканали орқали ҳам тилларни осон ўзлаштиришга кўмак берувчи қизиқарли телекўрсатувлар эфирга узатила бошланди. Мактабгача ёшдаги болалар учун “Эртакчи болажонлар” кўрсатувида эртак, театрлаштирилган саҳна кўринишлари ва шеър айтиш ёрдамида болаларга инглиз тили алифбоси ўргатилди. Бошланғич ва ўрта синф ўқувчилари учун “Катта танаффус”, “Менинг инглизча луғатим”, “Қувноқ тест”, “Инглиз тили ёшлар учун”, “English club” ва бошқа кўрсатувлар тайёрланди(5).

2013 йил 1 июндан бошлаб эса «Yoshlar» телерадиоканали» ёпиқ акциядорлик жамияти ҳузурида «Bolajon» республика болалар рақамли телеканали ташкил этилди. Болаларга атроф, дунёни идрок қилишни, миллий қаҳрамонлар ҳамда ўзбек халқининг ва жаҳондаги бошқа халқларнинг достонлари, эпослари ва эртаклари, персонажларининг тарихи мисолида бола онгида эзгулик ва адолатни шакллантириб, қарор топтиришга йўналтирилган билим доирасини кенгайтирувчи ва интеллектуал жиҳатдан ривожлантирувчи телевизион дастурларни тайёрлаш ва намойиш этиш «Bolajon» болалар телеканали фаолиятининг асосий вазифаларидан қилиб

белгиланди. Шу кунга қадар, мазкур йўналишда ушбу телеканал орқали болалар учун мўлжалланган қатор телекўрсатувлар эфирга узатилди ва улар орасидан ёш ука-сингилларимизнинг инглиз тили бўйича билимларини шакллантиришга қаратилган дастурлар ҳам ўрин олди. Жумладан, “Инглиз тили сабоқлари”, “Билағон болажон”, “Happy alphabet”, “Bravo English”, “ABC Kids”, “English world” каби телекўрсатувлар турли йўналиш ва услублар орқали кичкинтой томошабинларнинг хорижий тил бўйича кўникмаларини оширишга хизмат қилди, уларнинг айримлари ҳамон телеканал томошабинлари томонидан иштиёқ билан кўриб борилади. Таькидлаш лозимки, “Маьданият ва маьрифат” ҳамда “Дунё бўйлаб” рақамли телеканаллари ҳам хорижий тилларни кенг тарғиб қилишга ўз ҳиссасини қўшган десак хато бўлмайди. “Маьданият ва маьрифат” телеканалида 2013-2014 йилларда “Қувноқ дарс”, “Инглиз тилида гаплашамиз”, “Миллий таьлим”, “Кичкинтойлар” каби телекўрсатувлар эфирга узатилган.Халқаро ҳамжамият ва мамлакат аҳолисини Ўзбекистоннинг ноёб туризм салоҳияти, экотуризм имкониятлари ва унинг жадал ривожланиб бораётгани билан яқиндан таништириш, илмий-оммабоп ва маьрифий дастурларни тайёрлашни ўз олдига асосий мақсад қўйган “Дунё бўйлаб” телеканали орқали эса “Children and nature” (“Болалар ва табиат”), “English for you” (“Инглиз тили сиз учун”) каби бир қатор кўрсатувлар томошабинлар эьтиборига хавола этилган(5).

“Дунё бўйлаб” телеканалидаги хорижий тилларни ўргатишга қаратилган дастурлардан бири бу - “Children and nature” телекўрсатувидир. У мамлакатлар тарихи, халқнинг ҳаёти, хайвонот ва набобот оламига бағишланган. Кўрсатув муаллифи - Гўзал Тошматова, бошловчиси Зумрад Восихонова. Дастур давомийлиги 25-30 дақиқадан иборат бўлиб, аньанавий дарс услубида олиб борилади. Кўрсатувнинг 2016-йил 7-май санасида эфирга узатилган сонини таҳлил қилиб кўрамиз. Дастур аввалида бошловчи саломлашгач, ўтиладиган янги мавзу номини айтиб ўтди яьни бу- ўсимликлар дунёси. Шундан сўнг, уйга вазифа сўралди. Унга кўра, бошловчи кўрсатувнинг олдинги сонида ўтилган “Инсоннинг тана аьзолари” мавзуси юзасидан иштирокчи-ўқувчилар билан савол-жавоб ўтказди.

Бошловчи Зумрад Восихонова ўсимликлар ҳақида қисқача айтиб ўтгач, мавзуга оид янги сўзларни таништирди. Кейин эса, кўрсатув анъанасига кўра, олам ва ундаги нарсаларни яратилишини акс эттирувчи мультпликацион фильм намойиш этилди. Айтиш лозимки, мазкур анимацион роликнинг ғояси тўлиқ очиб берилмаган. Натижада эса, бу нафақат ёши кичкина балки катта ёшдаги баьзи томошабинлар учун ҳам тушунарсиз бўлиб қолган. Қолаверса, кўрсатув мавзусидан анча йироқ(5).

Бугунги тезкор замонда томошабинни, ҳаттоки болаларни ҳам экран қаршисида 30 дақиқа ушлаб туриш ижодкорларга улкан масьулият юклайди. “Children and nature” телекўрсатувини кўриб, шунга гувоҳ бўлдикки, ижодкорлар дастурни тайёрлашда унинг асл мақсадидан бироз четлашгандек. Мавзуга эмас, кўпроқ ижодкорларнинг ўзига аҳамият қаратилгандек гўёки. Кўрсатув давомида бошловчи ҳамда иштирокчиларнинг ноўрин ишлатилган кадрларини кўришимиз мумкин. Қолаверса, бошловчи дарсни жуда ҳам анъанавий тарзда олиб борди. Масалан, у ўтилган дарсни мустаҳкамлаб олиш учун шунчаки “Менга айтингчи, дарахт сўзининг инглизча таржимаси қандай бўлади?” деб сўради. Бу борада, янги ва замонавий педогогик технологиялардан фойдаланган ҳолда интерактив машқларнинг ўтказилиши дарс самарадорлигига анча яхши таьсир кўрсатар эди. Шунингдек, телекўрсатув иштирокчилари ёғочдан ясаладиган буюмларнинг таржимаси билан ҳам танишишди. Ярим соатли дастур давомида болаларга 30 га яқин янги сўзлар айтиб ўтилди. Педагогик таълим қоидаларидан келиб чиққан ҳолда, шуни айтиш керакки, бошланғич мактаб ёшидаги ўқувчиларга бу вақт оралиғида айнан шунча сўзларнинг ёдлатилиши меъёрдан ортиқ саналади.

Кўрсатув якунида эса иштирокчилар ўзларининг дарс ҳақидаги фикрларни билдиришди. Бу дастурнинг жонли тугалланишига хизмат қилди. Мазкур лойиҳада кўзга ташланган айрим камчиликларни янги йўналишда иш бошлаган ижодкорларнинг ўша фурсатдаги бошланиш нуқтада ривожланишга интилиш деб баҳоласа бўлади.

2021 йилга келиб, миллий тележурналистикада мазкур йўналишда муҳим қадам қўйилди. ЎзМТРК тизимида асосий мақсади чет тилларини ўрганишни тарғиб қилиш бўлган “Foreign languages” телеканали ўз иш фаолиятини бошлади. Ихтисослаштирилган телеканал, президент Ш. Мирзиёевнинг “Хорижий тилларни ўрганишни оммалаштириш фаолиятини сифат жиҳатдан янги босқичга олиб чиқиш чора-тадбирлари тўғрисида”ги қарорига кўра ташкил этилди(1). 6 та тилни қамраб олган мазкур лойиҳада рус, инглиз, француз, немис, турк ва корейс тилларида мунтазам теледастурлар намойиш этиб келинмоқда.

Телеканалнинг энг оммабоп дастурларидан бири “Good morning, Uzbekistan” деб номланади. Мазкур лойиҳа жонли равишда ҳар куни эрталаб навбатма-навбат 6та тилда эфирга узатилади. Жонли эфир давомийлиги 2 соатни ташкил қилади. Кўнгилочар форматдаги ушбу лойиҳа маълум тил бўйича мутахассис меҳмонлар билан суҳбат, телетомошабинлар билан қўнғироқлар орқали савол-жавоблар, тил ва ёшларнинг ижтимоий ривожланишларида ас қотадиган мавзулар бўйича ижодкорлар томонидан тайёрланган махсус билимлар ҳамда қизиқарли фактларни қамраб олади. Қолаверса, телеканал орқали инглиз тилида “Our pride”, “Hi nature”, “New generation” каби кўнгилочар-маданий дастурлар, “Ielts secrets” халқаро тест тизимидан юқори натижа олиш бўйича тавсия ва билим бериб борувчи таълим форматидаги кўрсатувлар бериб борилади (6).

“Foreign languages”да, шунингдек, “Tomer”, “Моҳинур билан туркча ўрганинг” каби турк тилидаги, немис тилидаги “Fit zum Zertifikate” номли билим беришни мақсад қилган лойиҳалар ҳам тилга қизиқувчи ҳамюртларимиз эътиборига хавола этиб келинади. Мазкур кўрсатувларда тилшунос-педагоглар томонидан томошабинларга тилнинг грамматик, лексик ва фонетик жиҳатлари бўйича билимлар улашиб келинади. Бундан ташқари, телеканалдаги махсус тил блоглари давомида кетма-кет белгиланган тиллар бўйича гапириш, тинглаб тушуниш, ўқиш ва ёзишга оид кўникмалар билан танишиш мумкин.

Бугунги кунда хорижий тиллардаги кўрсатувлар орасида ахборот-янгилик форматидаги “O’zbekiston 24” телеканалида “News 24”, “Yoshlar” телеканалида “Davr news”, шунингдек “Toshkent” телеканалидаги “Poytaxt” ахборот дастурининг инглиз тилидаги талқини мунтазам намойиш этиб борилади. Мазкур дастурларда телеканал аудиториясидан келиб чиққан ҳолда, ахборотлар турли йўналишлар тайёрланади ва томошабинлар эътиборига тақдим этилади.

Хулоса қилиб айтадиган бўлсак, ўтган асрнинг 40-50 йилларида чет тилларини ўрганиш учун оммавий ахборот воситаларидан фойдаланиш бўйича илк муҳим қадамлар ташланган бўлса, ортда қолган давр оралиғида мазкур йўналиш бўйича нафақат халқаро майдонда балки миллий телевидениеда ҳам катта ўзгаришларга эришилди. Натижада, таълим олиш жараёни енгиллашди, самарадорлик даражаси ошди. Масофадан туриб билимни кенгайтириш имкони пайдо бўлди. Бу эса, ўз навбатида чекка ҳудуддаги фуқаролар учун марказлашган масканлардаги аҳоли билан бир ҳил даражада тил ўрганишлари учун замин яратди.

**Фойдаланилган адабиёт ва манбалар:**

1.“Ўзбекистон Республикасида хорижий тилларни ўрганишни оммалаштириш фаолиятини сифат жиҳатидан янги босқичга олиб чиқиш чора-тадбирлари тўғрисида”ги Ўзбекистон Республикаси Президенти қарори, 2021 йил, май

2.“Чет тилларини ўрганиш тизимини янада такомиллаштириш тўғрисида”ги Ўзбекистон Республикасининг биринчи президенти И.А.Каримов қарори, 2012, 10 декабрь

3.Joe Hambrook, Television materials for ELT 24 (BBC English by Television (on secondment to Children's Television Workshop)

4.The Use of the Media in English Language Teaching (The British Council ENGLISH TEACHING INFORMATION CENTRE), 2015, -Б.117.

5.ЎзМТРК архиви

6.МТРК расмий телеграм канали

ӘОЖ 004.942

## МЕКТЕПТЕ БАҒДАРЛАМАЛАУ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**НИЕТБАЕВА Н.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БАТЫРБЕК А.Б., ДИХАН Ш.Д.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Особое место в преподавании информатики в общеобразовательных школах занимают языки программирования. В данной статье будет показана структура образовательной программы по программированию в школах и решающий факторе еуспеха.

**Summary**. Abstract: Programming languages occupy a special place in the teaching of computer science in secondary schools. This article will show the structure of the educational program on programming in schools and the decisive factor of its success.

Қазіргі уақытта жаңартылған білім мазмұнында «Компьютерлік ойлау» бөлімі, оның ішінде алгоритмдеу және бағдарламалау бөлімшелері басым болып саналады. Тарихи түрде бұл бөлімдер информатикада негізгі болып табылады.Бірақ мектеп информатикасының технологиялық құрамдас бөлігінің көбеюіне байланысты алгоритмдеу және бағдарламалау саласындағы іргелі дайындық қысқарды. Информатика курсы бойынша қазіргі заманғы оқулықтардың көпшілігінде бағдарламалаудың мәні – белгілі бір бағдарламалау тілі мен алгоритмдеу білімімен шектеледі. Белгілі бір бағдарламалау тілінің ережесін бірнеше сағаттың ішінде оқып шығуға болады, ал бағдарламалаудың сәйкес парадигмаларға үйрену және оқу көп уақытты қажет етеді. Алгоритмдеу және бағдарламалау негізінде білім беру үдерісін жетілдіру мәселелері Н.С.Зәуірбеков, Б.Д.Сыдықов, А.Е.Сағымбаева, Ж.К.Нұрбекова, Ш.Т.Шекербекова, Б.Бөрібаев, Н.А.Талпаков, К.Шаяхметова, А.Т.Байбақтина, К.М.Байгушева, Н.К.Токжигитова және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Сонымен қатар, шетелдік авторлар А.С.Лесневский, И.В.Роберт, А.А.Кузнецов, А.И.Бочкин және тағы басқалардың жұмыстарында қарастырылған. Қазіргі таңда оқушыларды бағдарламалау негіздеріне оқыту қажеттілігі туралы мәселе ғылыми және ғылыми әдістемелік әдебиеттерде бірнеше жылдан бері ғалымдар, мұғалімдер және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар арасында талқыланып келеді.

Технологиялық инновациялардың алдыңғы қатарында болуға ұмтылған Қазақстан шешуші кезеңде тұр. Технологияны сыныпқа біріктіру бастамалары болғанымен, бағдарламалау негіздеріне ерекше назар аударуды күшейтуді қажет етеді. Қазақстандағы әрбір оқушы технологияны пассивті тұтынушы ғана емес, цифрлық салада белсенді жасаушы және инноватор болуын қамтамасыз ете отырып, оған сүйенуге мүмкіндік бар.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақстандық мектеп жүйесі іргелі білімге ерекше мән беріп, дәстүрлі пәндерден бастау алған. Дегенмен, бізді қоршаған әлем өзгерген сайын, біздің білімге деген көзқарасымыз да өзгереді. Мектептерде цифрлық сауаттылық пен информатика пәндерінің енгізілуі бұл бағыттағы мақтауға тұрарлық қадам болды. Қазір оқушылар компьютерлік операциялардың негіздерімен танысып, кейбіреулері тіпті бағдарламалау әлеміне еніп жатқанымен, бұл жағдайды барлық мектептерде жан-жақты және дәйекті ету қажет.

Қолданыстағы бағдарламалар мен бастамалар ұлттық және аймақтық деңгейде осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Түрлі мектептерде оқушылар бағдарламалау ғажайыптарымен таныстыратын семинарлар, бағдарламау бойынша тренингтер және технологиялық жәрмеңкелер ұйымдастырылады. Бұл бастамалар мақтауға тұрарлық дегенмен, сыртқы ресурстар мен серіктестіктерге тәуелді.

Қиындықтар сақталуда. Ескірген оқу жоспарлары, мамандандырылған мұғалімдер тапшылығы және қала мен ауыл мектептеріндегі технологиялық ресурстарға қол жеткізудегі теңсіздіктер кездесетін кейбір кедергілер. Сонымен қатар, оқушылардың ойларын бағдарламалауды басқа пән ретінде қарастырудан, оны өз болашағын қалыптастыруға және елдің технологиялық өркендеуіне үлес қосуға мүмкіндік беретін сыни дағды ретінде тануға ауыстыру қажет.

Мектептерде компьютерлік сыныптардың немесе мамандандырылған IT сыныптарының маңыздылығы бағдарламалау тілініңсұранысқа ие болуында. Бұл ойшыл, жаңашыл және проблемаларды шешуші ұрпақ тәрбиелеу туралы. Әлем бұрын-соңды болмаған қиындықтармен күресіп жатқанда, климаттың өзгеруінен жылдам урбанизацияға дейін, шешімдер көбінесе технология мен адам тапқырлығының қиылысында жатыр. Ал бағдарламалау шеберлік ретінде осы қиылыстың өзегінде тұрады.Бағдарламалауды үстіртін ғана меңгерудің өзі «алгоритмдік ойлауға», автоматтандыруға болатын үрдістерді іздеуге, қандай жолмен жүзеге асыруға болатындығы жайлы ой қозғауға мүмкіндік береді. Керек болған жағдайда кез келген мәселені шешуге арналған қарапайым бағдарлама жазуға болады.

Мектептерде бағдарламалаумен ертерек танысу оқушыларды бағдарламалау тілдерімен немесе бағдарламалық жасақтаманы әзірлеумен таныстырып қана қоймайды. Ол ерекше ойлау

тәсілін дамытады. Бұл алгоритмдік ойлау тек STEM салаларында ғана емес, кез келген пәнде немесе мансап жолында баға жетпес құнды болып табылады [1].
Сонымен қатар, цифрландырылған жаһандық экономикада бағдарламалау дағдылары жоғары сұраныста ие. Силикон алқабындағы технологиялық стартаптардан Азиядағы құрылған жұмыс берушілер өздерінің домендерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар инновациялар мен бейімделу үшін техникалық қабілеті бар адамдарды іздейді [2]. Қазақстандық оқушылар үшін бағдарламалауды меңгеру ел ішінде де, халықаралық деңгейде де көптеген мүмкіндіктерге жол ашады.

Бірақ бұл жеке өсу туралы ғана емес. Бағдарламалау тілін үйрену кез келген басқа сөйлеу тілін үйренумен пара пар, өйткені екеуін де тұрақты түрде жаттықтырып, дамытып тұру қажет. Әр түрлі тілдерді үйрену адамдар әлемінде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берсе, бағдарламалау әлемге әсер ететін технологияларды жаратуға мүмкіндік береді.
Мектептердегі бағдарламалау бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы оның жетістігінің шешуші факторы болып табылады. Жақсы ойластырылған құрылым оқушылардың қажетті дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар пәнге деген шынайы қызығушылығын арттыруды қамтамасыз етеді (1 сурет).




1 сурет - Ұсынылған бағдарламау негіздері бойынша бағдарламаның құрылымы

1. Ұзақтығы: Кешенді бағдарлама екі жартыжылдыққа бөлінген бүкіл оқу жылын қамтуы керек. Бұл ұзақтық оқушыларға негізгі ұғымдарды түсінуге және басқа да академиялық міндеттемелерін теңестіре отырып, анағұрлым жетілдірілген тақырыптарды игеруге көп уақыт береді.
2. Оқу жоспарының бөлінуі:

- Негізгі кезең (бірінші жартыжылдық): Бұл кезең оқушыларды бағдарламалау әлемімен таныстыруға бағытталған. Scratch немесе Blockly сияқты платформаларды пайдалана отырып, оқушылар визуалды және интерактивті құралдар арқылы бағдарламалау негіздерін біле алады [3]. Бұл платформалар әсіресе оқушылар үшін тиімді, кодтауды интуитивті және қызықты етеді.
- Жетілдірілген кезең (екінші жартыжылдық): іргелі білімге сүйене отырып, бұл кезең оқушыларды Python немесе JavaScript сияқты күрделі бағдарламалау тілдерімен таныстырады.

Мұнда оқушылар жобаларды жүзеге асыра алады, қарапайым қолданбаларды әзірлей алады және тіпті веб-қолданбаларды зерттей алады.

3. Оқыту әдістері:

● Интерактивті оқыту: Теориялық лекцияларға қарағанда практикалық бағдарламалау жаттығуларына назар аударылады. Бұл тәсіл оқушылардың мазмұнмен белсенді түрде араласуын қамтамасыз етеді.

● Жобаға негізделген оқыту: оқушыларды жобаларды жүзеге асыруға ынталандыру, олардың білімдерін қолдануға және нақты нәтижелерді көруге мүмкіндік береді.

● Бағдарламалау қиындықтары: Үнемі бағдарламалау қиындықтары бәсекелестік рухты дамытып, оқушыларды қораптан тыс ойлауға итермелеуі мүмкіндік береді.

● Хакатондар: Мектеп деңгейіндегі хакатондарды ұйымдастыру оқушыларға бірлесіп жұмыс істеу, инновациялар енгізу және өз дағдыларын көрсету үшін платформа бере алады.

4. Бағалау құрылымы:

● Үздіксіз бағалау: тоқсан соңындағы бір емтиханның орнына үздіксіз бағалау оқушылардың жыл бойы үлгерімін бағалай алады. Бұл тұрақты викториналарды, бағдарламалау тапсырмаларын және жобаны бағалауды қамтуы мүмкін.

● Практикалық емтихандар: практикалық-тәжірибелік емтихан оқушлырадың нақты уақыт кезінде бағдарламалау дағдыларын тексере алады.

● Бір-бірін тексеру: Оқушыларды бір-бірінің кодын қайталауға және сынға алуға ынталандыру қажет. Бұл ынтымақтастықты дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға достарынан үйренуге көмектеседі.

5. Кері байланыс механизмі: оқушылар өз тәжірибелерімен, қиындықтарымен және бағдарлама бойынша ұсыныстарымен бөлісе алатын сенімді кері байланыс механизмін құрған жөн. Бұл кері байланыс уақыт өте келе бағдарламаны нақтылау үшін баға жетпес болуы мүмкін.

Бұл элементтерді бағдарлама құрылымына енгізу білім беруді бағдарламалауға, оқытудың әртүрлі стильдерін қанағаттандыруға және оқушыларға жан-жақты тәжірибені қамтамасыз етуге тұтас көзқарасты қамтамасыз етеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Информатика» (5-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде «Информатика» (10-11- сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 1–3, 11–15-қосымшаларында 1-4-сыныптар, 6–8, 16–20-қосымшаларында 5-9-сыныптар, 21–30,85–90-қосымшаларында 10-11-сыныптар көрсетілген. Келесі тақырыптағы элективті курстарды «Робототехника» 4, 5-11-сыныптар, «3D моделдеу» 8-9-сыныптар, «Python» тілінде бағдарламалау курсы6, 8-11-сыныптарда өткізу ұсынылады.

Төмендегі кестеде орта мектептердегі 6-сынып информатика пәні бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспардабағдарламалау тілінің оқыту уақыты, сағат саны көрсетілген.

| **№р/с** | **Ауыспалы тақырыптар /бөлім** | **Сабақтардың тақырыбы** | **Сағат саны** |
|---|---|---|---|
| **III тоқсан 11 сағат** | | | |
| 1 | III БӨЛІМ PYTHON тілінде бағдарламалау | IDE-мен танысу | 1 |
| 2 | | Тіл әліппесі. Синтаксис | 1 |
| 3 | | Мәліметтер типтері | 1 |
| 4 | | Мәліметтер типтерін жіктеу | 1 |
| 5 | | Арифметикалық амалдардың жазылу ережелері | 1 |
| 6 | | Мәліметтерді енгізу және шығаруды ұйымдастыру. | 1 |
| 7 | | Мәліметтерді енгізу және шығаруды ұйымдастыру.Жоба құру | 1 |
| 8 | | Сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | | Сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау.Жобалық жұмыс. | 1 |
| 10 | | Сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау.Жобалық жұмыс.3-ББЖБ | 1 |
| 11 | | III бөлім бойынша қорытынды тапсырмалар | 1 |

Қорытындылай келе, қазақстандық мектеп бағдарламасына бағдарламалау негіздері бойынша қосымша оқытуды кіріктіру білім беру жүйесін жаңғыртуға жасалған қадам ғана емес, болашаққа серпіліс екені анық. Ерте білім беру құрылымына кодтауды енгізу арқылы біз студенттерімізді ертеңгі жұмысқа ғана емес, технология өмірдің барлық аспектілерімен тоғысқан әлемге дайындаймыз.

Интерактивті оқытуға, жобалық бағалауға және үздіксіз кері байланысқа баса назар аудара отырып, ұсынылып отырған қосымша оқытудың бағдарлама құрылымы оқушыларды дәстүрлі дәрістер жасай алмайтын ерекшеліктерге толы. Ол технология мен инновацияға деген құмарлықты оятуға, проблемаларды шешуші және сыни тұрғыдан ойлайтын ұрпақтың негізін салуға бағытталған.

Қазақстан үшін мұндай бағдарламаның пайдасы көп. Ол елдің жаһандық технологиялық аренадағы беделін көтеруге, экономикалық өсуді ынталандыруға және, ең бастысы, оның жастарына цифрлық кеңістікті шарлау және қалыптастыру дағдыларымен қуаттандыруға уәде береді. Болашағы жарқын, дұрыс білім беру құралдарымен қазақстандық оқушылар алдыңғы қатарда болуға жақсы жабдықталған болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Шәкімов А.М., ДаулетбаеваГ.Б. – STEM-БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРЫНА ЕНГІЗУ 2020.

2. Мадьярова Г.А., Ешенкожаев Н.Ш. – ОРТА МЕКТЕПТЕ БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. *Вестник «Физико-математические науки»*, 2022. *78*(2), 212-219.

3.Ozbekova G. Scratch бағдарламасы алгоритмі шартындағы математика пәнін оқыту әдістемесі. *Scientific Collection «InterConf»*, 2023. (145), 99-114.

4. Кожантова А.У. Мұғалімнің бағдарламалау тілдерін оқытудағы кәсіби шеберлігі – 2014. — № 1.2 (60.2).

5. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы

ӘОЖ 376.1

# ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**АЙТЕХ Г.А.**
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье освящены актуальные проблемы обучения детей с задержкой психического развития (ЗПР) с использованием информационно-компьютерных технологий (ИКТ). Информационные технологии открывают возможности для повышения качества учебного процесса, значительно обогатить учебный процесс в группе, внедрить качественные инновации и повысить его эффективность.

**Ключевые слова:** Инклюзия, информационно-компьютерные технологии (ИКТ) , дети с задержкой психического развития (ЗПР), инновации, образование, помощь.

**Annotation.**The article highlights the topical issue of the use of ICT in the education of children with mental retardation. The possibilities of information technologies are revealed, which contributes to improving the quality of the educational process, makes it possible to significantly enrich, qualitatively update the educational process in the group and increase its effectiveness.

**Keywords:** Inclusion, information and communication technologies (ICT), children with mental retardation (CMR), innovation, education, assistance.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Қазіргі кезде жалпы білім беру мекемелерінде психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларға арналған мамандандырылған сыныптар бар, онда бағдарлама нақты балалардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес реттеледі. Психикалық дамуы тежелген балалар (ПДТ) және олардың сау құрдастары секілді білім алуға бірдей құқықтарға ие, бұл ҚРКонституциясының 30-бабы, ҚР-ның «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарының нормаларына сәйкес реттеледі.

Қазіргі қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы олардың табысты әлеуметтенуінің, қоғам өміріне еркін қатысуының, әртүрлі қызмет түрлерінде өз-өзінекөмек көрсете алу мүмкіндігі басты және міндетті шарттарының бірі болып табылады. Оқуда оң нәтижеге қол жеткізу үшін мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу материалы бейімделеді. Компьютерлік технологиялардың интерактивтілігі мұғалімге материалды мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктеріне сай оңтайлы бейімдеуге мүмкіндік береді.

Психикалық дамуы тежелген балалар-психикалық процестерінің даму қарқыны артта қалған және эмоционалды-ерікті санасы жетілмеген балаларды айтамыз, оны арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеудің көмегімен жеңуге болады.

ПДТ балалардапсихомоторлы тежелу, қозғыштық, гиперактивтілік, импульсивтілік, сондай-ақ алаңдаушылық пен агрессия сезімі байқалады. Мамандар ПДТ балаларды «психикалық дамуының жасына байланысты әлеуеті іске асырылмаған, жалпы психикалық жетілмеген балалар» деп атайды. Бұл ақау олардың одан әрі толық дамуына кедергі келтіруі мүмкін, тек оқуда ғана емес, сонымен қатар құрдастарымен қарым-қатынаста да кедергі келтіреді деп көрсетеді, сондықтан баланы мұқият бақылап, оның бойында жоғарыда аталған белгілерді уақытында анықтап, баланың бұл ерекшелігін жеңіп шығу өте маңызды. Бұл орайда ақпараттық-компьютерлік технологиялары бұл мәселелерді шешуде баға жетпес көмекші бола алады.

Неліктен десеңіз,компьютер күрделі мәселені жеңуге оңай және тез көмектесе алады, жауап мынада: кез келген ойындарда қарапайымнан күрделіге жету үшін балалар саусақтарымен белгілі бір пернелерді басуды үйренуі керек, бұл қолдың ұсақ бұлшықеттерін, балалардың моторикасын дамытады. Ал қол қимылдары компьютер экранындағы бейнелердің әртүрлі қозғалысын тудырады, оны бала өз көзімен қадағалайды. Ойын тапсырмасын шешудің дұрыстығы баланың экрандағы кескінді қалаған бағытқа қозғалту үшін қажетті пернені (яғни қолды) жылжытуды үйренеді. Баланың қарапайым ұсақ қол моторикасының өзінтүзету үшін тіпті тәжірибелі мамандарғада кейде бірнеше ай қажет болады. Ал компьютерлік құралдар арқылы бұндай нәтижеге қол жеткізу уақыты да тез, қолданылатын әдіснамаларда оңай, балаға қиындық туғызбайды.

Соңғы ақпараттық- компьютерлік технологиялар оқытудың барлық кезеңдерінде қолдануға болатын түбегейлі жаңа мүмкіндіктерді ұсынады, олар:

- жаңа материалды енгізу кезінде;
- білімді бақылау кезінде;
- материалды бекіту кезінде;
- материалды жалпылау және жүйелеу кезінде.

Баланың компьютермен жұмыс жасау процесінде жағымды эмоционалдық реакциялар дамиды. Оның үстіне психикалық процестерді түзету және дамыту байқалады. Оқу компьютерлік ойындар балалардың білімді жақсы меңгеруіне көмектеседі және жаңа білімді игеруге ынталандырады.

АКТ ақпаратты сапалы жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді, бұл баланың танымдық белсенділігін айтарлықтай арттырады.

Бала орындаған әрбір тапсырмадан жетістікке жетіп отырғанын сезінуі маңызды, әр уақытта өз жұмысының бағасын көруі қажет. Бұл үшін компьютерлік оқыту құралдары өте қолайлы.

Жаңа компьютерлік технологиялар арнайы білім беруде, ең алдымен, бұзушылықтарды түзету және "ерекше" балалардың жалпы дамуы үшін қолданылатынын атап өту керек, көптеген авторлар компьютерлік бағдарламалардың балаларды логопедиялық сабақтарға ынталандыруға оң әсерін тигізеді деп мәлімдейді.

Компьютерлік тапсырмалар түзету әдістері мен технологияларының мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Логопедиялық жұмыста компьютерлік технологияларды қолдану психикалық дамуы тежелген балалардың оқу мотивациясын жақсартады, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, сондай-ақ, компьютерлік ортаны модельдеу арқылы сабақты қызықты, заманауи, эмоционалды етеді.

Айта кету қажет, ерекше балалармен жұмыс істеуде компьютерлік технологияны қолдану көп функциялы болып табылады.

Бұл дегеніміз, сабақтың мақсатына сәйкес балалардың білімін меңгеру және негізгі қасиеттерін дамыту ғана емес, сонымен қатар зейінін, қол-көзін үйлестіруді, танымдық белсенділікті дамытуды білдіреді. ПДТ балалардың іс-әрекетін ерікті түрде реттеу де дамиды: өз қызметін берілген ережелер мен талаптарға бағындыру, эмоционалды импульстарды тежеу, іс-әрекеттерді жоспарлау және олардың әрекеттерінің нәтижелерін болжай білу. Компьютерді пайдалану балаға белгілі бір дәрежеде тапсырманың дұрыстығын өз бетінше бағалауға мүмкіндік береді, ол өз іс-әрекетінің нәтижесін монитордан көреді.

Компьютерді пайдалану балаға белгілі бір дәрежеде тапсырманың дұрыстығын дербес бағалауға мүмкіндік береді, мониторда ол өз әрекеттерінің нәтижесін көреді.

Ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану кезінде психикалық дамуы тежелген балалар: сенсорлық дамуда – дыбыстарға еліктейді; сурет пен дыбысты салыстыруға үйренеді; психикалық процестерде - олар ақпаратты тезірек және жақсы есте сақтайды; қабылдаудың әртүрлі арналарын қолдануды меңгереді; тәжірибеде - өмірлік жағдайларды үлгілейді, қоғамдық құбылыстармен, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігімен, кәсіптермен және т.б. танымдық дүниелермен танысады.

АКТ-ларды қолдану баланың оқу және даму процесін қарапайым және тиімді етуге мүмкіндік береді, күнделікті қолмен жұмыс жасаудан босатады, арнайы білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Компьютерлік технологиялардың біздің өмірімізге берік орныққаны соншалық, компьютерлерді оқу процесінде пайдалану табиғи болып көрінеді және мотивация деңгейін арттырудың сонымен қатар жеке көзқарасқа қол жеткізудің, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және балалар ұжымында қолайлы эмоционалды фон құрудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Оқу процесінде АКТ-ны қолданудағы беретін мүмкіндіктері:

- оқу процесін жеке және сараланған ету;
- оқу барысында өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, қателер бойынша өз бетінше жұмыс жасай алу;
- берілген ақпаратты визуализациалай алу;
- әртүрлі жағдайларда ең оңтайлы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- оқу мотивациясын арттыру;
- танымдық белсенділік мәдениетін қалыптастыру;

Қазіргі заманғы технологиялар мен оларды көрсету әдістері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. Балалармен сабақ интерактивті түрде өтіледі. Бұл сабақты көрнекі түрде айқындауға мүмкіндік береді, есте сақтаудың бірнеше түріне бірден әсер етеді және балаларды сабақта белсенді жұмыс істеуге ынталандырады.

АКТ-лар оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де жайлылығына бағытталған, арнайы бағдарламалар субъективті бағалауды қоспағанда, баланың іс-әрекетінің нәтижелерін объективті бағалауға көмектеседі.

Қорытындылай айтқанда, жоғарыда айтқандай ПДТ балармен жұмыс жасау барысында оларды өз қатарларымен теңестіру үшін дәстүрлі оқу әдісін қолданғанға қарағанда АКТ-ларды қолданған әлде қайда нәтижелі және баланың құрдастары білетін ақпаратты тезірек меңгеріп, қуып жетіп алуына үлкен үлесін қосатыны сөзсіз.

ПДТ балалардың  қарапайым оқу дағдысынан тез жалығып, оқуға деген қызығушылығын жоғалтады, осы орайда АКТ-лар оқу процессін қызықты, жаңа, көрнекі болуымен ПДТ балаларға өте көп септігін тигізіп, олардың оқуға, танып білуге деген қызығушылықтарын арттыруда.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы // http: //www. akorda. kz/kz/ official_ documents/constitution.

2.Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2019.01.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#pos=0;0

3.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920#pos=1;-99

4.Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II Қазақстан Республикасының Заңы (2018.02.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) //

5.Түзету педагогикасы бойынша мақалалар

ӘОЖ 84.19

# ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МЕН СПОРТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**АЙМУРАТОВ А.С.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Өнер және спорт» факультетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье в современный период физическая культура и спорт в любой форме должны войти в повседневную жизнь людей на основе их творческой деятельности и отвечать их потребностям. С этой точки зрения большое значение имеют национальные формы физического воспитания и спорта. Если обратить внимание на обществознание, интерес людей к национальным видам спорта растет с каждым годом.

**Summary**. In the article, in the modern period, physical culture and sports in any form should enter the everyday life of people based on their creative activity and meet their needs. From this point of view, national forms of physical education and sports are of great importance. If you pay attention to social studies, people's interest in national sports is growing every year.

Дене тәрбиесі мен спорт туралы ғылымның қазіргі деңгейдегі дамуы дене тәрбиесі мен спорттың педагогикалық ұстанымдары ретінде, кей жағдайларда бұрынғы қабылданған педагогикалық ұстанымдарды басқаша қалыптастыруын қабылдауға негіздеме береді. Бұндай жаңадан қабылданып қалыптасқан дене тәрбиесі мен спорттың педагогикалық ұстанымдарына мыналар жатады: 1) оқыту мен дамытудың бірлігі; 2) сабақ құрылымы; 3) сабаққа қатысушылардың жағдайы мен ерекшелік есебі; 4) қозғалыстың анализі мен синтезі; 5) жаттығулар барысында саналылық және сезімталдық бақылау; 6) жүктемені бірте-бірте арттыру және оның белсенділігі; 7) сәйкес жағдайлардың есебі мен реттелуі. Дене тәрбиесінің қазіргі жүйесі біртіндеп дене мәдениеті және сауықтандыру жұмыстарында, дене қимылының дамуында, дене қимылын жетілдіруде ұлттық спорт түрлері мен ұлттық ойындарды және халықтың қолданбалы спорттық жаттығуларының бай мұрасын кеңінен қолдануды бір ізге салып келеді.

Қазіргі кезеңде дене мәдениеті мен спорттың қандайда болмасын пішіндері халықтың шығармашылық әрекеттері негізінде күнделікті тұрмыс-тіршілігіне енуі және олардың қажеттілігіне орай жауап берулері керек. Осы тұрғыдан алғанда, дене тәрбиесі ен спорттың ұлттық пішіндерінің маңызы өте зор. Әлеуметтік зерттеулерге ден салсақ, халықтың ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылығы жылдан жыға артып келеді. Мысалы, қазіргі жиын-тойларда көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу секілді ұлттық ойын түрлерін көптеп, шамасына қарай, ресми жарыстарсыз-ақ өткізуге тырысуда.

Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында сұрақ-жауап бойынша сегіз жүз студенттің жергілікті ұлт өкілдерінің жүз пайызы, ал басқа ұлт өкілдерінің тоқсан алты пайызы ұлттық ойындарды дамыту керек деген ой айтты. Тек төрт пайызы ғана

оларды “қазіргі заманға сай емес”, “ескі үлгіден”, “пайдасы жоқ”, “Олимпиадалық ойындар мен салыстырғанда бұлардың не керегі бар” дегендей ойлар айтты. Сөйтіп сұралған студенттердің басым көпшілігі ұлттық спорт түрлері мен ойындарын ұлт мәдениетін сақтайтын маңызды сала деп есептейді және дене тәрбиесінің ұлттық құндылықтарын салауатты өмір салтымен, бүкіл ұлттық құндылықтарын салауатты өмір салтымен, бүкіл ұлттың денсаулығымен сәйкестендіреді.

Халық ойындары мен жаттығуларын жеке адамның тәрбиесі мен дамуы мақсатында пайдалану ежелден келе жатқан құбылыс. Бұл қазба жұмыстары ежелгі шығыс ғұламаларының қолжазбаларында көрінісін тапқан. Осылардың барлығы халық ойындары мен жаттығуларының халықтың тұрмыс-тіршілігінде үлкен орын алғандығын және оның әскери-патриоттық бағыты болғандықтан емес, сауықтандыру-қолданбалы бағыты да болғандығы дәлелденіп отыр. Бұған Ибн-Сина, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни секілді қайраткерлеріміздің еңбектері, шығармалары арқылы көз жеткізуге болады. Бұл ғұламалардың өз заманының озық ойлары халық ойындары мен жаттығуларын денсаулығы мықты, өмір сүргіш ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты жолы деп санауға болады.

Халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларында да суреттелген. Ол кезде ұлттық қозғалмалы ойындар мен халық спорты қазақ халқы өмірінің айнымас бір бөлігі еді: көктемгі немесе күзгі кештерде, әртүрлі жиын-той, мерекелерде түрлі аттылы-жаяу жарыстар өткізіліп тұратын. Осындай ойындар өткізілуі кезінде жігіттердің барлық керекті дене қуаты қасиеттерін көрсетіп қалуға тырысатын. Егерде ат жарыстары бозбала-жігіттерді ептілік пен икемділікке баулыса, аударыспақ ойындары- күштілік пен төзімділікке, ал жаяу жарыс – жылдамдық қасиеттерін дамытатын. Одан да басқа түрлері зейінділікке, тапқырлыққа, алғырлыққа байланысты қасиеттерін дамытатын еді.

Спорттың ұлттық түрлері мен қозғалмалы ұлттық ойындар қазіргі заманғы ғылым мен мәдениет қайраткерлеріінің де негізгі тақырыптары болып келеді. Оларды әрі қарай дамыту жөнінде Ә. Марғұлан, Қ. Қуанышбаев, М. Ғабдуллин, Б. Момышұлы сияқты қайраткерлер де айтып жүрді.

Ұлттық мәдениетке, оның өзгеше сипаттары мен белгілеріне тән ерекшеліктерді есепке алмай қандай болмасын қоғам мәдениетінің одан әрі дамуына мүмкін емес екендігі жалпыға мәлім. Қазіргі заманғы ұлттық мәдениет бос жерде пайда болған жоқ. Оның қалыптасуының аса маңызды принципі рухани өмірдің дамуында өте зор орын алып отырған сабақтастық принципі болып табылады. Халықтардың бүкіл өткендегі мәдениетін сыншылдық тұрғыдан талдау, сонымен бірге, адамның рухани қалыптасуына жәрдемдесетін оның элементтерін пайдалану мен дамытудың міндетті шарты ретінде қажет етілетін жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке адамды қалыптастыру сабақтастықтың түпкі мақсаты болады. Бұл мына себептен де маңызды бола түседі: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңіндегі мәдениет (оның ішінде, дене мәдениеті) дамудың осы бір бұрылысты дәуірінде осыншалық жауапты, сапалық жаңа мәнге бұрын-соңды ие болып көрген емес.

Дене мәдениеті жалпы алғанда адамзат мәдениеті қоғамдастығының ең бір маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Антикалық уақытта дене мәдениеті өмір салтын, өнерден, тәрбие мен адамның өз-өзін жетілдіріп отыруынан ажырағысыз болды. Дене мәдениетінің ұлттық өзгешелік ерекшеліктері туралы мәселе қарапайым мәселе емес. Ежелгі парсыларда, гректерде, римдіктерде, германдықтарда дене мәдениеті мен күш қуат тәрбиесінің ептілік пен басқа да денені дамытуға байланысты қасиеттердің жас жігіттерде жалпыға бірдей ортақ және өзгешелік белгілері болды. Қандай да болмасын халықтардың спорт пен дене тәрбиесінің негізіне денені жетілдіруге, салауаттылыққа деген ұмтылыс, адамдардың денсаулыққа зиянды дағдылардан назарын басқа жаққа бұру, барлық уақытта да барлық халықтар үшін ортақ болатын көңіл көтеретін сапалық жақтарды бойға сіңіру жетекшілікке алынды. Тұтастай алғанда, өмір сүру салты, географиялық орта, ұлттық дүние танымдық көзқарас өз таңбасын қалдырып отырды.

Сайып келгенде, дене мәдениеті әртүрлі нысандарының ұлттық өзгеше жақтары – бұл өмір сүру жағдайларының, халық психологиясы сипатының көрінісі болып келеді. Сонымен бірге, бұл әрбір халықта өзінің тарихи даму процесінің барысында қалыптасатын еркшеліктердің де көрінісі болмақ.

Спорттың, ойын мен дене қимылы жаттығуларының ұлттық түрлері де, егер олар жалпы адамзаттық дене мәдениетін байытатын болса, интернационалдық түрге айнала алады. Мысалы, кезінде «Самбо», «Дзюдо», «Шахмат» т.б. сияқты спорттың ұлттық түрлері уақыт өте келе жалпы адамзат мәдениетінің игілігіне айналып отыр.

Осы салаларды зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің дамуының проблемаларын зерттей отырып, мынадай тұжырымға келеді: қазіргі жағдайда, ұлттық ерекшеліктер ақталып, ұлттық мәдениеттің дамуы жүріп жатқан кезде халықтардың өзара қарым-қатынастарын, оның ішінде, дене мәдениеті сияқты осындай маңызды саланы жүйелі де, жан-жақты зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі сақталып қалады.

Осындай түрде дене мәдениетінің әралуан ұлттық нысандарының өзара қатынасы және өзара етене бола түсуі олардың өздеріне ғана пайдалы емес, жалпы адамзаттық дене мәдениетін өз жетістіктерімен байыта отырып, адамзатқа қызмет етеді.

Дене тәрбиесімен спорттың педагогикалық ұстанымдары ретінде қабылданған ережелердің барлығы бірлікте және өзара тығыз байланыста болды. Мүмкін оқытушымен оқушының орындайтын кез-келген қызметіне қатысты. Сәйкес дидактикалық ойлау бойынша бұл ұстанымдарды төрт топқа бөлуге болады: оқыту, дамытуды басқару, тәрбиелеу және сабақты құру.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Холодов Ж.К., Кузнеуов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2010 г.

2.Теория и методика физической культуры: Учебник // Под ред. проф. Ю.Ф.Курамшина. – 2-е изд., испр. – М.: Советский спорт. 2014 г.

3. Матвеев Л.И. Теория и методика физической культуры. – М: ФиС, 2013 г.

ӘОЖ 57.29

# СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ

**АДИЛОВА А.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Өнер және спорт» факультетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье проведение тематических родительских собраний в школьной жизни имеет большое воспитательное значение. Цель таких встреч – познакомить родителей с новыми психолого-педагогическими знаниями и опытом, образумить. Основной формой общения школы и семьи является собрание родителей. Оно включает в себя повседневную жизнь, работу, отдых, свободное время детей, профессиональную ориентацию, учебу, воспитательную работу и т.д. будут обсуждены и рассмотрены конкретные пути их дальнейшего совершенствования..

**Summary**. In the article, holding thematic parent meetings in school life is of great educational importance. The purpose of such meetings is to introduce parents to new psychological and pedagogical knowledge and experience and to bring them to their senses. The main form of communication between school and family is the meeting of parents. It includes everyday life, work, leisure, children’s free time, vocational guidance, study, educational work, etc. Specific ways for their further improvement will be discussed and considered

Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, балалардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу, тәрбие жұмысы және т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Сыныптың ата-аналар жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады.

Ата-аналар жиналысы мектеп бойынша жылына екі рет, сыныптар бойынша төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге, ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектеп басшылары сынып жетекшілерімен бірдей жауап береді. Ата-аналар жиналыстарында оқу-тәрбие жұмысы қаралады, оның сапасын жақсартудың негізгі жолдары белгіленеді. Кейбір ата-аналар отбасылық тәрбие жайлы есеп береді. Жиналыстарда сынып

жетекшілері ата-аналарды сынып ұжымының оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылары балалар және ата-аналар комитетінің іс-жоспарларымен таныстырады.

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың тәрбиелік мәні зор. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту.

Ата-аналар қауымының тұрақты органы – ата-аналар комитеті. Ол мектеп ұжымымен бірге, оқу-тәрбие және жұртшылық көмегін пайдалана отырып, оқу-тәрбие және шаруашылық жұмыстарын жақсартудың шараларын жасайды, оларды іске асырудың барлық мүмкіншіліктерін қарастырады. Ата-аналар комитеті айналысатын басты мәселелерге мектеп және сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстары, конференциялар, семинарлар өткізуге көмектесу; үлгермейтін және қиын балаларды назарда ұстау, сынып жетекшілеріне көмектесу; үйірме жұмыстарын басқару; балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; экскурсия, жорықтарды ұйымдастыруға қатысу; мектеп үйін жөндеу және т.б. жұмыстар жатады.

Ата-аналар комитеті мүшелерінен және ата-аналар белсенділерінен комиссия құрылып, мектеп жұмысының кейбір түрлерін педагогикалық ұжым мүшелерімен одақтасып бірге басқарады (оқу-тәрбие жұмысы; педагогикалық насихат; қоғамдық пайдалы еңбек; мәдени көпшілік жұмысы және т.б.).

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік немесе сыныптық жиналыстарда сайланады. Ол 5-6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төрағадан және 4-5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда, ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін. Дұрыс қызмет ететін ата-аналар комитеті– сынып жетекшісінің оң қолы.

Сыныптағы ата-аналар жиналысына дайындалу және өткізудің әртүрлі тиімді әдіс-тәсілдері бар. Осы әдіс-тәсілдер арқылы сынып жетекшілері:

а) ата-аналардың мәдениеттілігін қалыптастыруға;

ә) психология мен педагогиканың түрлі проблемаларына қызығушылығын арттыруға;

б) бала тәрбиелеу барысында түрлі жағдаяттарда шешім жолдарын таба алуға көмектеседі.

Сыныптағы ата-аналар жиналысының басты мақсаты – бүкіл сынып ата-аналар ұжымымен бір уақыт ішіндегі байланыстың зор нәтижелі формасы және сынып жетекшісінің ата-аналар жүрегіне жол табу әдісі болып есептеледі.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының бағыты – жалпымектептік ата-аналар комитеті, сыныптар бойынша ата-аналар комитеті, «Әкелер» мектебі, «Аналар» мектебі.

Ата-аналар жиналысы – мектеп өміріндегі қажетті атрибуттардың бірі. Оны қызықты және тиімді өткізу әсіресе, енді жұмыс бастаған жас сынып жетекшісіне ең пайдалы кеңес болары сөзсіз.

1. Ата-аналар жиналысын өткізу үшін, барынша ыңғайлы күнді және уақытты таңдаған жөн. Осы уақытқа сіздердің балаларыңыздың ата-аналарының да ешқандай істері жоспарланбауы тиіс.

2. Ата-аналарды жиналысқа шақырудың тиімді әдістерінің бірі – шақыру қағаздарын даярлау. Шақыру қағаздарын түрліше безендіруге болады. Мәселен, типографиядан шыққан үлгілі-нұсқауды (балалардың өз қолымен жасалған нұсқасы немесе ата-аналар комитетінің көмегімен). Ең бастысы, бұл шақыру қағаздары ата-ана қолына жиналысқа 2 сағат қалғанда емес, алдын ала жеткізілуі тиіс. Шақыру қағаздарына жиналыстың нақты тақырыбы, күн тәртібіне қойылған мәселелер, байланысу үшін сынып жетекшісінің, сынып ата-аналар комитеті төрағасының (төрайымы) телефон нөмірі жазылғаны жөн. Шақыру қағаздары сынып қорында жиналып, кез келген мейрам, әсіресе оқу жылының аяқталуы немесе мектеппен қоштасу кештерінің көркі болуы мүмкін.

3. Сынып ата-аналар жиналысына «Сіздердің балаларыңызды қызықтыратын маңызды проблеманы таңдаңыз және ата-аналармен бірге шешімін таба білуге әрекеттеніңіз» сияқты мәселелерді шешу үшін «Сіз не дейсіз?» педагогикалық ток-шоуын өткізуге болады.

Сынып жетекшісінің оқушының отбасымен және ата-аналарымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстары: педагогикалық білім университеті, конференция, практикум, дәріс, педагогикалық пікірталас, отбасыларға бару, ата-аналармен хат жазысу және т.б.

Тәрбие – нәрестенің ана құрсағында пайда болған сәтінен басталса, саналы тәртіп – тәрбиенің нәтижесі ретінде бала санаға жүгінген кезден бастап қалыптасады. Балаларды

тәрбиелеуші ортаға – отбасы, балабақша, мектеп және т.б. жатады. Ал, тәрбиелеуші мүшелер (ата-ана, сынып жетекшісі және т.б.) балаларға тәрбие беруде жетекшілік қызметті атқаруы тиіс. Ата-ана өз балаларының жан дүниесін жақсы түсініп, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыруы үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі мен білігін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі қажет.

Балаларды тәрбиелеу, педагогикалық жағдаятты тиімді шешу бойынша ата-аналарда педагогикалық біліктіліктің қалыптасу формасы. Педагогикалық практикум барысында сынып жетекшісі қандай да болмасын қайшылықты жағдаяттан шығу жолдарын ұсынады және жағдаяттағы өзінің ұстанған бағытын түсіндіреді. Қандай да болмасын тәрбиелеу проблемасының мәнін ашатын психологиялық-педагогикалық білім беру формасы. Жақсы лектор – ата-аналардың мүдделерін, проблемаларын, олардың балаларға көрсететін қамқорлықтарының сипатын білетін ұстаз-тәрбиешінің өзі. Дәріс оқудағы басты нәрсе – тәрбиелік оқиғаларға, жағдаяттарға ғылыми талдау жасау. Сондықтан дәрісте оқиғаның пайда болу себептеріне, олардың болу ретіне, балалардың іс-әрекеттерінің тетіктеріне, олардың психикасын дамыту заңдылықтарына, отбасы тәрбиесі ережелеріне жеке тоқталу қажет.

Дәрістің ең қажетті шарттарының бірі – отбасы тәрбиесі бойынша жинақталған тәжірибеге сүйену. Дәріс барысында қарым-қатынас жасау әдісі – еркін әңгімелесу, пікіралмасу, ойлары бір адамдардың диалогы.

Педагогикалық мәдениетті көтерудің қызықты формасы. Оның басты ерекшеліктері– қойылған міндетті шешуге барлық балаларды қатыстыруға, жинақталған дағдылар мен тәжірибелерге сүйене отырып, фактілер мен құбылыстарды жан-жақты талдау біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі. Пікірталастың басты принципі – кез келген қатысушының ұстанған бағыты мен пікіріне деген сыйластық.

Пікірталас тақырыбы мектеп пен отбасы тәрбиесіндегі талас тудыратын кез келген проблема бола алады.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жеке жұмыс жүргізуінің тиімді формасы. Отбасына барғанда сынып жетекшісі баланың өмір сүру жағдайымен танысады. Ата-аналармен баланың мінезі, қызығушылығы, бейімділігі, ата-анаға және мектепке деген қарым-қатынасы жөнінде әңгімелеседі, оларды балаларының жетістіктері жөнінде хабардар етеді, үй тапсырмасын орындауды ұйымдастыру бойынша кеңестер береді және т.б.

Ата-аналармен хат жазысу (электронды пошта арқылы) – ата-аналарға олардың балаларының жетістіктері туралы жазбаша ақпарат беру формасы. Бұл жағдайда ата-аналарды алда бірігіп атқарылатын іс-әрекеттерге тартуға және оларға бала тәрбиесі бойынша ақыл-кеңестер беруге болады. Мұндай хат алысудың басты шарты – көңілді де жақсы қарым-қатынас жасау.

Ата-аналармен хат жазысуға баланың күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшісі оған баланың оқуға, қоғамдық жұмысқа қатысты тәртібі туралы қысқаша жазып отырады.

Олай болса, сынып жетекшісі және ата-аналардың өзара жағымды қарым-қатынасын ұйымдастыруға сай жоғарыда аталған жағдайлардың межеге айналуы, бала тәрбиесіндегі олардың өзара тәрбиелік, ұйымдастырушылық іс-әрекетінің біртіндеп жоғары деңгейде нәтижелі болуына септігін тигізеді.

Отбасы, мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары –бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі: оқулық - Алматы: "ОНОН", 2017 ж.

2.Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі: Оқулық/ С.Әбенбаев. - Астана: Фолиант, 2017 ж.

ӘОЖ 52.87

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТ ФОРМАЛАРЫ

**АБДУЛЛАЕВ Б.Т.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Өнер және спорт» факультетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье воспитание ребенка представляет собой непрерывный процесс, который осуществляется даже в свободное от него время. Роль свободного времени в жизни человека совершенно особенная. Он предназначен не для отдыха, а для удовлетворения духовных потребностей, улучшения способности мыслить, повышения разносторонности. Каждый посвящает свое свободное время чему-то по-своему. Но гораздо эффективнее рационально проводить свободное время. Используя свободное время, общество, коллектив, семья должны приложить усилия для эффективной организации отдыха учащихся. Правильно и эффективно организованное свободное время обеспечивает пополнение их духовной жизни и мировоззрения.

**Summary.** In the article, raising a child is a continuous process that is carried out even in free time. The role of free time in a person’s life is very special. It is not intended for relaxation, but to satisfy spiritual needs, improve the ability to think, and increase versatility. Everyone devotes their free time to something in their own way. But it is much more effective to spend your free time rationally. Using free time, society, the team, and the family must make efforts to effectively organize students’ recreation. Correctly and effectively organized free time ensures the replenishment of their spiritual life and worldview.

Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бос уақытты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамымыздағы әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде.Адам факторының белсенділігін жандандырудың көп шарттарының бірі – бос уақытты тиімді пайдалану. Бос уақыт – бұл жұмыстан немесе оқудан тыс мезгілде өз бетінше білім деңгейі мен мамандығын көтеруге, қоғамдық жұмыстарды атқаруға, дене тәрбиесі мен спортпен айналысуға, шығармашылық еңбек пен бала тәрбиесіне көңіл бөлуге, көркем өнермен айналысуға, көңіл көтеруге бағышталған уақыттың бір бөлігі.

Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше. Балаларды кішкентайынан тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерінің бірі шығармашылыққа жүгіну. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығармалардың маңызы зор. Баланың ой – санасын дамытуға, мінез – құлықтарын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс – әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың балалары өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз әңгімелерді, батырлар туралы жырларды сүйсініп оқиды. Балаларға ертегілер оқып беріп, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Мектептен тыс кездерде де, қыс мезгілінде шаңғы, шана, жарыстар ұйымдастырса, жазда аланқайға волейбол, баскетбол немесе басқа да бірігіп ойналатын ойын түрлерін ұйымдастырып тұрса, музейлерге апарып, табиғатқа саяхатқа шығарып тұрса, балалар бос уақытын тиімді пайдаланған болар еді. Күзгі, қысқы, көктемгі каникул кезеңдерінде баланың икеміне қарай үйге сурет салуға, шығарма жазуға, кітап оқуға, кесте тігуге, тоқыма тоқуға тапсырма беріп жіберсе, бұл да баланың бос уақытын текке өткізбей, пайдалы іспен айналысуға септігін тигізер еді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» —

деп ұлы ғалым – философ Әбу Насыр Әл – Фараби айтқандай балаға жан – жақты тәрбие беру біздің басты парызымыз. Өйткені бала тек ата – ананың баласы емес, ұлттың ертеңі. Мұғалім баланың екінші ата – ансы, өйткені ұстаз баға жетпес тұлға.Кез-келген қоғамда бос уақыт өмір салтының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Өмір тіршілігінің осы саласының әлеуметтік маңыздылығы соңғы онжылдықтарда айтарлықтай өсті. Бүгінгі таңда студент жастардың бос уақытын өткізу саласында шешілетін мәселелер мен міндеттер өзінің әлеуметтік бағыттағы ауқымдылығы, кеңдігі және әр түрлілігі соншалық, бұл қоғамдық дамудың барлық басқа салаларының мазмұны мен сипатын айқындайтын әлеуметтік жүйенің маңызды бөлігі ретінде бос уақытты өткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жастар үшін бос уақыт бірінші дәрежелі құндылықтардың бірі болып табылады, бұл салада жас адамның көптеген әлеуметтік-мәдени қажеттіліктері іске асырылуда. Бос уақытын өткізу кезеңінде адамның жеке бас бостандығы сезіледі, сонымен қатар, адам уақытша кәсіби және отбасылық-тұрмыстық міндеттерден босайды. Демек, бос уақыт қызметі – өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі анықтау саласы, адамның өзіне берілген, яғни демалыс және ойын-сауық үшін немесе даму және өзін-өзі жетілдіруге арналған кезең.

Осы уақытқа дейін зерттеушілер арасындағы «бос уақыт» түсінігін түсінуде бірыңғай пікірлер болған емес. Бос уақыт – бұл әлеуметтік феномен, бұл мәдениеттің бір бөлігі және әлеуметтік жүйенің өнімі. Бос уақыт пен осы уақытты өткізудің артықшылығы тұрақты өзгерістерге ұшыраған көзқарастар мен құндылықтарды көрсетеді.

Бүгінгі күні бос уақыт мәселесі бірнеше жолдармен анықтауға болады. Зерттеушілер бұл терминді әр түрлі бағытта, мағынада анықтайды. Себебі, бос уақыт мәселесін философтар, педагогтар, әлеуметтанушылар, психологтар сияқты әртүрлі бейіндегі мамандармен зерттеліп, зерттеулер жүргізіліп келеді. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын өткізу төмендегі сияқты кейбір оң әсерлерді қамтиды: әлеуметтік-эмоциялық даму және тарту (достық қарым-қатынасты қолдау және рахат алу және қарым-қатынас жасау), кәсіби даму және тарту (жұмысқа орналасу, кәсіби мансапқа түсіну және қол жеткізу үшін қажетті дағдылар), дене дамуы және тарту (денсаулық), когнитивті даму және тарту (сыни ойлау, проблемаларды шешу) және азаматтық даму және тарту (әлеуметтік ортаға жеке әсер ету және басқалардың алдындағы жауапкершілік). Бос уақыт, өмір сүрудің басқада түрлері сияқты, жастардың психикалық және физикалық денсаулығына қатты әсер етеді.

Жасөспірімдердің шамамен уақытысының жартысы бос, сондықтан оны қалай өткізетіні өте маңызды. Себебі бұл олардың дамуының өте маңызды факторы болып есептелінеді. Бос уақытты өткізу дәстүрлі түрде жастар өмірінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Әлемдік қоғам өмірінің барлық жақтарының трансформациялануы демалыс саласындағы әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруіне алып келді. Жастар әлеуметтік-мәдени инновацияларға аса бейім ерекше әлеуметтік топ болып табылады. Ал, осындай инновациялар бағыты жас адам тұлғасының қалыптасуына өз әсер тигізеді.

Қазіргі жастар үшін бос уақыт өткізу бірінші дәрежелі құндылықтардың бірі болып табылатыны жайлы жоғарыда атап өттік. Бұл салада жастардың көптеген әлеуметтік-мәдени қажеттілік-тері іске асырылады. Өмір тіршілігінің бос уақытын өткізу саласы үшін ең жоғары дәрежеде бос уақытты өткізу түрі, орны, уақыт таңдауы жеке тұлғаның еркіндігіне байланысты. Дәл осы бос уақытта жастар өздерін жеке адам ретінде сезінеді. Яғни, демалыс өткізуде адамдар кәсіби және отбасылық-тұрмыстағы міндеттерден еркіндігімен сипатталады. Сондықтан нормативтік-құндылық жүйелерінің тұрақсыздығы байқалатын қазіргі қоғамда жастардың бос уақытын өткізу мәселесі ерекше өзекті сипатқа ие. Студент жастардың негізгі және инструменталды құндылықтарының мазмұнындағы өзгерістер, оның кәсіби қызметтегі табыстарына емес, жеке өмірінің құндылықтарына бағытталуы, тек қана еңбекке бағдардың жоғалуы қазіргі жастар демалысты біліммен ұштастыра бастауына алып келді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мүлдем жаңа үлгідегі қоғамды – ақпараттық қоғамды қалыптастыру үшін негіз болды. Онда бұқаралық коммуникация құралдары қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, оның ішінде оның әрбір мүшесінің бос уақытын өткізуге елеулі әсер етеді. Жастар бүгінде бүкіл әлемде аталған теледидар мен компьютер экрандарының алдында өз бос уақыттарын өткізетін «жаһандық ауылда» өмір сүруде. Жастар арасында әлеуметтік желілерді пайдалану өсіп келе жататындықтан, бұл олардың бос уақытын өткізу мінез-құлқын кең ауқымды қайта құруға алып келеді. Теледидардың бос уақыттағы орны туралы американдық зерттеуші Рассел: теледидарды көрудің жалпы критикасы ретінде – ол белсенді демалыстың орнын ауыстырады деп пайымдайды. Бұл тұжырымды Робинсон растайды, яғни

теледидарға дейін болған бос уақытты өткізудің ерте формалары болған радио тыңдау, достарға бару, үй жұмысын орындау және газеттерді оқу сияқтылардың бүгінгі күні қолдану аясы төмендеп келеді. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын өткізуге арналған іс-шаралардың кең ауқымы бар. Бос уақыт феноменімен айналысатын зерттеушілер түрлі қызмет түрлерін жіктеуді ұсынады.

Жас шағындағы дене белсенділігі ересек жасқа келгенде денсаулық үшін көптеген қауіп-қатер-лерден қорғауға көмектеседі. Л. Чеддок және бір топ зерттеушілер өз зерттеу нәтижелері бойынша,аэробтық жаттығулар сияқты дене жаттығуларымен белсенді айналысатын жастар математикалықдағдыларды, когнитивтік икемділікті, есте сақтау мен шығармашылық қабілеттерін жақсартатынын көрсетті.Бүгінгі күні, бос уақытты өткізу қызметінің қандай да бір түрін, соның ішінде дене шынықтырубелсенділігі сияқты қазіргі заманғы беделді түрлерін таңдау жастардың өзін «элитаға» жатқыза отырып,ерекшеленуге деген ұмтылысының артуын түсіндіреді.

XXI ғасырда фитнес феномені физикалық белсенділіктегі халықтың түрлі жіктерінің қажеттілігін қанағаттандыру ретінде пайда болды.Әсіресе, бұл бос уақыт өткізу түрі қыз балалар арасында кеңінен таралған. Қазіргі уақытта фитнес-мәдениет құрылымына аэробты және анаэробты жаттығу әсерінің әртүрлі нысандары бар түрлі тренажер залдары, фитнес-клубтар кіретін көп өлшемді әлеуметтік-мәдени феномен болып табылады.Келесі, қазіргі жастардың бос уақыт өткізу құрылымында әлеуметтік желілерде үлкен рөл алады.

Сонымен қатар, жастардың бос уақытынқанағаттандыру үшін әлеуметтік желілерді пайдаланудың әсері бойынша да сұрақтар қойылды, яғнижастардың бос уақытын қанағаттандыру үшін әлеуметтік желілерді пайдалануды анықтау мақсатындазерттеу жүргізілді.

Бос уақытты өткізуде жастар арасында волонтерлік қызметтің де рөлі артып келеді. Бос уақыттарын адамгершілік құндылықтарды жаңғыруға бағытталған бағыттарының бірі волонтерлік қызмет деп есептейміз. Себебі, ол агрессивтілікті және жастардықоғамға қарсы әрекеттерге тарту тәуекелдерін азайтуға, жастарды қоғамның, бұқаралық ақпарат құрал-дарының және т.б. зиянды ықпалынан қорғауға қабілетті. Бүгінгі күні көп жағдайда волонтерлік қызметтүрлі салаларда жүзеге асырылатын және бос уақытында пайдалы іспен айналысуға ұмтылатын әлеуметтік белсенді жастарды тартады. Жастар үшін волонтерлік – бұл ең алдымен, сүйікті іс, студенттікжастардың өмір салтына айналған бос уақыт түрі деп айтуға болады.Жастар үшін бос уақытты өткізу мен өткізетін орынды таңдаужеке тұлғаны қалыптастырудың басты құралдарының бірі болып табылады. Бұл ретте жастарға босуақытты өткізу үшін қаржы ресурстары, сондай-ақ ол үшін маңызды мақсаттарға қол жеткізуге негізболған мүдделер, артықшылық пен ұстанымдардың да рөлі ерекше екенін ескерген жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Мазаев Ю. Н. (2015) Жизненные стратегии молодежи – разнообразие выбора // Материалы Афанасьевскихчтений. Т. 1. No 13.

2.Халық тағылымы. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбиесі.-Алматы қазақ университеті, 2015 ж.

ӘОЖ 46.85

# ОҚУШЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ СТИЛІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ

**ҚЫРҒЫЗБАЙ А.Н.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Өнер және спорт» факультетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье формирование культуры здорового образа жизни школьников – это: формирование способности личности находить всестороннюю гармонию с окружающей его неживой и живой природной средой, проводить свою жизнь наиболее полезным для себя образом. Родина, страна, семья и он сам; Здоровый образ жизни – это осуществление деятельности,

направленной на укрепление здоровья в целях обеспечения гармоничного развития, сохранения и стабилизации здоровья. Основной целью сохранения и формирования здоровья учащегося в школе является разъяснение понятий гигиены, мотивации к здоровому образу жизни, чистоте личности с учетом возможностей психологической, физической и двигательной активности человека и возрастных особенностей.

**Summary.** In the article, the formation of a culture of a healthy lifestyle for schoolchildren is: the formation of an individual's ability to find comprehensive harmony with the surrounding inanimate and living natural environment, to spend his life in the most useful way for himself. Homeland, country, family and himself; A healthy lifestyle is the implementation of activities aimed at improving health in order to ensure harmonious development, preservation and stabilization of health. The main goal of preserving and developing student health at school is to explain the concepts of hygiene, motivation for a healthy lifestyle, personal purity, taking into account the possibilities of psychological.

Психология ғылымы – салауаттылыққа жан-дүниенің қалыптасу ерекшеліктерін зерттесе, философия ғылымы - өмір сүру дүниетанымын, медицина ғылымы – денсаулықты сақтау, валеология ғылымы - салауатты өмір сүру салтты қалыптастыруды зерттейді. Тұңғыш рет «салауаттылық» деген ұғымды психолог И.И.Брехман енгізді. Психолог И.И.Брехман «Салалауатты өмір салты - мінез-құлық пен дағдыны ретке келтіріп, өзін-өзі түсіне білу» - дейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Салауатты» сөзінің мәні - парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді және сабырлы - деген мағынаны білдірсе, қазақша-орысша аударма сөздікте: «салауатты» - сәлеметтік, амандық, салауаттылық мағынаны білдіреді. Бұл түсіндірмелер өз кезегінде салауаттылық сипаттамасын, оны қалыптастыру жөніндегі ұстанымның ауқымын кеңейтеді. Ал, «өмір салты», «өмір сүру» - әлеуметтік категория. Өмір салты - қоғамдық болмыстың, аумағындағы адамдардың іс-әрекеті, маңызды жақтарының жүйесі, жиынтығы. «Өмір сүру» - адамдардың табиғаттағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас жүйесі, яғни ұзақ өмір сүруге талпындыратын іс-әрекет. «Өмір салты» – адамның денелік, интеллектуалдық және еңбек әрекетін; тұрмыстық өзара қарым-қатынасын дағдысын, орныққан мінез-құлық тәртібін, өмір сүру қарқынын; бірсарынды жұмысы, демалысы және қарым-қатынас ерекшелігін жатқызуға болады. Олай болса, «өмір салты» – деннің саулылығына нәтижелі ықпал ететін «салауатты өмір сүру» ұғымын білдіреді.

Баланың денсаулығының басты негізі оның рухани және тәндік жағдайы болып табылады. Әлеуметтік көздерін құрайтындар әлеуметтік байланыстар мен жеке қарым-қатынастары және рухани саулығының ажырамас бөлігі болып табылады. Жан саулығы- бұл біздің ақыл-ойдың, тәніміздің, жанымыздың саулығы. Жан саулығы — ойлау жүйесімен, қоршаған ортаны танумен және оған бейімделуді қамтамасыз етеді, бұл арқылы біз қоршаған ортаға, затқа, білім саласына, ұстанымға қатысты өз орнымызды анықтаймыз немесе сезінеміз.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл: жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру; салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу. Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру. Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне — өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой,танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді.

Денсаулықты сақтау – денсаулық, сымбаттылық және сергектік-адам баласының ежелгі заманнан бергі арманы. Адам әр уақытта ұзақ өмір сүргісі, бақытты болғысы және жастыққа тән күш-қуатын сақтағысы келеді. Бұл жүйе жаратылыстану пәні арқылы жүзеге асады. Денсаулықты

қалыптастыру жүйесіне дене шынықтыру пәні жатады. Дене тәрбиесі сабағының міндеті – оқушылардың денсаулығын нығайту, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап спорт түрлерімен шұғылдану. Жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесіне гуманитарлық сабақтар жатады. Бұл-баланың рухани ой-өрісін, қасиетін жан-жақты дамытуға бағытталған. Денсаулығы жақсы бала оқыту процесінің барлық түрлеріне қуана араласады, әрдайым жайдары, өмірсүйгіш қалпынан таңбай, құрбыларымен де еркін араласып, ұстаздарына да жылы қабақ танытады. Бұл тұлғаның барлық қырының танылуының негізгі шарты. Демек, баланың бойында денсаулық мәдениетінің қалыптасуына басты мән беру керек. Бала кезінен денсаулықтың заңдылықтары мен қарапайым қағидаларын бойына сіңіріп өскен бала өскенде де осы бағыттағы ізденісін жалғастыратына сөзсіз. Оларды денсаулыққа деген жауапкершілік көзқарасты, дене мәдениетін қалыптастыру, әр сабақта осы жайларды еске салып отыру, оқытушының бағытталған жұмысы – балада өзге адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыру, өз бетімен, өздігінен өмірлік процестерге жауап таба білу сияқты қасиеттерді қалыптастырады.Бала қоғамның ең жоғарғы құндылығы, одан жоғары тұрған ештеңе болмауы керек. Бала денсаулығын сақтау мектебіміздің негізгі принципі — әр баланың бойындағы өмір резервін, өмірге құштарлық пен бейімділікті бірте-бірте, өте сақтықпен оята білу. Ол құштарлық пен бейімділік, өмір резерві бала бойында дайын күйінде тұрған жоқ. Олар жаңа өсіп келе жатқан көшет тәріздес, тәрбие мен оқыту барысында пайда болады, қалыптасады, дамиды. Бала бойында рухани беріктікті нығайту үшін балаға сенімділікті, өзін бағалауды үйрету қажет. Бұл мақсаттарды іске асыру үшін оқушылар ең бастысы, адам өз денін сауықтырып, денсаулығын қалпына келтіре алады деген қағидаға сену керек. Осыны жүзеге асыра отырып, әр оқушының денсаулығын қалпына келтіріп, оны жақсарта түсуге арналған бағдарлама жасауға болады.

Егер болашақ ұрпақтың денсаулығын ойласақ, парасаттылыққа, адамгершілікке, сауаттылыққа осындай сана арқылы тәрбиелеген озық ойлы үлгілерді қазіргі кездегі мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану өмірдің өзекті мәселесі болуы тиіс. Әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау- әр мектептің, әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың парызы деп білуге болады.
Салауатты өмір салты дегеніміз — әрбір жеке адамның өнімді еңбек етіп, тұрмыс құруы, бос уақытында дем ала білуі, қысқасы, адамның күнделікті дұрыс қалыптасқан өмір тіршілігі. Сонымен еліміздің кез-келген азаматысалауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі, білімді, салауатты болуы маңыздылық танытады.«Сіздердің табыстарыңыз-ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы». («Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты) «Он екі мүшең сау болса-жарлымын деме», - деп халқымыз денсаулықты адам өміріндегі орнын, тән сұлулығын,жан тазалығын еш нәрсемен айырбастауға, теңестіруге болмайтынын ұрпақтарына ескертіп отырған. Шәкәрім атамыз «адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек»,- деген еді. Көзге көрінбейтін нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу шебер тәлімгердің ғана қолынан келеді. Біздің тәрбие бастамамыздың негізі салауатты өмірге жас жеткіншектерді баулу, оны қалыптастыру. Жастарымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен жалын, саналы сезім төгілсе онда ұрпағымыздың денінің саулығы. Еңселі егеменді еліміздің ертеңінен үлкен үміт күтеміз. Жастардың денсаулығы, жігері, қайраты, білімі егемендігіміздің беделі, еліміздің мақтанышы болмақ.

Салауатты өмір салты жеке адамның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті. Салауатты өмір салты - белгілі популяцияның денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлқы, тәрбиесі. Салауатты өмір салты - тек медициналық емес, сонымен қатар өндіріс пен өндірістік қатынастардың дамуына байланысты болып келетін әлеуметтік-экономикалық категория. Организмнің қорғаныш қабілетін жоғарылатуға жағдай жасайтын тәртіптер және организмге зиянын тигізетін әдеттерге қарсы тәртіптер - гигиеналық дұрыс тәртіп болып саналады. Организмнің қорғаныш қабілетін жоғарылатуға әр түрлі іс-әрекеттер мен демалысты дұрыс пайдалану, рационалды тамақтану, жақсы қимыл-қозғалыс белсенділігі, денешынықтыру, шынығу, жеке бас гигиенасын сақтау, өзінің денсаулық жағдайына ерекше көңіл бөлу, жақсы экологиялық жағдай т.с.с. әсер етеді.Бұл жағдайда балалардың өзіне қажетті тіршілік ортасын қалыптастыра алмайтындығын ескеру керек. Сондықтан бұндай жағдайларды қалыптастыру негізінен ата-аналарға, ағарту жұмыстарын ұйымдастырушыларға, педагогтарға байланыстыі. Яғни, баланың болашақтағы мінез-құлқы оның сәби кезінен бастап тіршілік ортасына байланысты болады.

Қазіргі кезде, жоғарғы сынып оқушыларына жүргізілген эпидемиологиялық тексерулер шылым шегу, шарап ішу, анаша пайдалану жастардың арасында кеңірек таралып бара жатқанын көрсетеді. Әсіресе маскүнемдік бірінші орынға шығады екен.Маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең - жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жатады. Біріншіден, организмнің психо-эндокриндік қайта құрылуы қалыптасады, екіншіден жаңа көзқарас, қажеттіліктер қалыптаса бастайды. Психологиялық қайта құрылу дискамфорттық жағдайлардың пайда болуының себебінен қиын қалыптасады. Жасөспірімдердің мінез-құлқы тұрақсыздықпен, жылдам жәбірленгіш, өкпешілдікпен сипатталады. Осы кезеңде жолдастар тауып, топ құрып жүру қажеттілігі жоғары болады. Сонымен қатар, жасөспірімдер тобында өздерінің бағалайтын бағыт, пікірлері, демалыс уақыттарын өткізу, көптеген қиын жағдайларды шешу тәсілдері қалыптасады. Сондықтан бұл кезеңде топтармен бірге арақ-шарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтардың ескертпелері оның еркіндігіне, құқығына қарсылық көрсету сияқты қабылданып, көбінесе олардың мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, оларды бір жақты тыңдауға мәжбүр ету олардың қарсылығын туғызып, өз бетімен кетуіне әкеліп соғады.

“Тәннен жан артық еді, - дейді Абай атамыз - тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ біз олай қылмады, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүрген еді. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік, жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргеннен-ақ тойдық…” . Тәннен жан артық… Билік жанда ғой. Бірақ ғұмырымыз аз ба, көп пе… кеше, бүгін, шамасы ертең де билік жанда емес тәнде Пендешіліктен тәнді тоғайтып, сөйтіп аурулар қатарын молайтып жүрген жай бар. Тым болмаса, жан мен тән бірлігін, ара қатынасындағы бірлікті неге сақтамасқа? Біреу үшін емес, өзің үшін, отбасың, өзіңсіз толайым болмайтын көкірегің үшін.
Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік - экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

“Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған. Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім–жітім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда. Сонымен қатар денсаулық қатерінің негізгі факторларына мыналар да енеді: қозғалыс күшінің кему салдарынан қимылдың кемуі (гиподинамия) дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің – шылым шегу, алкоголь пайдалану, нашақорлық көп таралуы.

Қорыта келгенде, салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан - жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі - дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тәнікеев М.Т., Асарбаев А.Қ. Қазақстандағы дене шынықтыру спорт тарихы // Оқу құралы - Алматы, 2012 ж.

2.Ленченков И.С. Физкультурно- оздоровительная и спортивно-массовая работа в образовательных учреждениях./ И.С. Ленченков. Усть-Каменогорск: из-во ВКГУ, 2015 г.

ӘОЖ 86.15

# ӘСКЕРИ - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**НАУШАРБАН И.Н.**
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» факультетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРДАБАЕВА Р.Б.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к..,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье начальная военная подготовка направлена на воспитание молодежи в духе патриотизма и интернационализма, демократического общества и безусловной преданности ему, любви к Родине и Вооруженным Силам, готовности к исполнению воинского долга Защита Родины – долг каждого гражданина. Следует отметить, что в нашей стране получают образование юноши и девушки, мечтающие стать защитниками Родины.

**Summary.** In the article, initial military training is aimed at educating young people in the spirit of patriotism and internationalism, a democratic society and unconditional devotion to it, love for the Motherland and the Armed Forces, readiness to perform military duty. Defense of the Motherland is the duty of every citizen. It should be noted that in our country young men and women who dream of becoming defenders of the Motherland are receiving education.

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі - жеткіншектерді Қазақстандық елжандылық пен Қазақстанда тұратын халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынанда артып отыр. Жеткіншектердің адамзаттық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан Үкіметі құжаттарында және Елбасы Жолдауларында аса үлкен мән берілген. «Жастарға айтатыным: бақытты өмірді басқа жақтан іздемеңдер. Ата бабаларымыздың айтып кеткен асыл сөздері есте болуы керек». «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген өсиет қалдырған. Өз Отанының бұл дүниедегі жәннәтің мен шуағың. Сондықтан да білімдерің мен қайрат-жігерлеріңді өз елдеріңнің мүддесіне жұмсандар. Туған елің дәулетті, туған жерің сәулетті болса, сендер де әулетті де дәулетті боласыңдар... Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып аялай алады. Осыны ұмытпандар!. Мұның өзі Елбасының келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңдіріп, осынау баға жетпес құндылыққа баулуға жіті көңіл қоятындығын тағы да дәйектеді. Шын мәнінде отансүйгіштік, елжандылық қасиеттер адами қасиеттердің ең биігі, ең асылы екендігі дау тудырмаса керек.

Қазіргі уақытта армия мен флоттың жаңа қару мен және техникамен жарақтануына байланысты жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделенді, қысқа мерзім ішінде қазіргі қаруды меңгеру, өзінің тәуелсіз демократиялық Отанының лайықты қорғаушысы болу - жауапты іс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны – Тәуелсіз Қазақстан халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынуға тиіс. Орта оқу орындарында бастауыш әскери дайындық курсын меңгеру - жастарға ҚР ҚК қатарында қызмет етуге дайындалуына көмектеседі. Оның бағдарламасы шақырылған жастарды ҚР ҚК-де қазіргі заманғы қару мен әскери техниканы қысқа мерзімде меңгере алуы үшін жас сарбазды дайындау көлемінде әскери істі оқып-үйренуін көздейді.

Алғашқы әскери дайындық жастарды патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам және оған шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Отанды қорғау әрбір азаматтың парызы. Елімізде Отанның қорғаушысы болуды армандайтын ұлдар мен қыздар білім алуда екендігін айта кету керек. Олар Қазақстан тарихын терендетіп оқиды, алғашқы әскери дайындық сабағына аса бір ынтамен қатысып, болашақта тәуелсіз еліміздің мақтан тұтар аяулы ұлдары - Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Тоқтар Әубәкіров сынды халқының құрметті азаматы болуды армандайды.

Алғашқы әскери дайындық мектептерде 1996 жылдан бастап ҚР Үкіметінің, арнайы қаулысымен енгізілді. Осы қаулыға сәйкес бастапқы әскери білім беру еліміздің барлық орта білім

беретін оқу орындарында жүргізіледі. Ал, 2006 жылдан бастап жаңа қаулы қабылданып, әскери дайындықтың деңгейі жоғарылай түсті. Бастапқы әскери дайындық пәні көптеген пәндермен жанама байланыста, ал, дене тәрбиесі сабағына тікелей байланысты.

Алғашқы әскери дайындық - Қазақстан Республикасының азаматтарын жастарын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерімен әскери құрамаларында әскери қызмет етуге даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі, иелігі мен меншік нысандарына қарамастан жалпы білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептерде, арнаулы орта оқу орындарында міндетті мемлекеттік пән болып табылады.

Алғашқы әскери дайындық пәнін оқу барысында оқушылар азаматтардың, Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі Конституциялық құқықтарын ұғынуға, ҚР Қарулы Күштерінің сипаты мен мақсатын, әскери іс пен азаматтық қорғаныстың негіздерін анықтап түсінуге тиіс, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мерзімді әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметті өткерудің жағдайларына қысқа мерзімде бейімделіп, өздеріне сеніп тапсырылған қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы меңгеру үшін жас сарбазды дайындау көлемінде қажетті білім, практикалық машықтанушылық, мінез-құлық орнықтылығын қалыптастыруы тиіс.

Әскери патриоттық тәрбие - жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдық және дене бітімі жағынан даярлау болып табылады. Әрбір жасөспірім жасынан «Қазақстан - менің Отаным», «Ол мен үшін жауапты болғаны сияқты, мен де ол үшін жауаптымын», - деген қарапайым ойды меңгеруі керек.

Әскери патриоттық-тәрбиелік іс шаралар алдын ала жоспарлануы тиіс. Жоспарда тек қана оқытушы-ұйымдастырушының ой-пікірі емес, сол оқу мекемесінің әрбір мұғалімінің ой үлесі болуы тиісті қандай да болмасын әскери патриоттық іс шараны өткізу салтанатында Мемлекеттік Туды алып келу және алып кету. Мемлекеттік Әнұранмен ашу және жабу мәселелерін жоғары ұстау керек. Мемлекеттік Туды салтанатты түрде алып жүру үшін ең жақсы оқитын оқушылардан тағайындау керек.

Жастарға әскери патриоттық тәрбиені тереңдету үшін әр аудандағы, әр қаладағы әскери бөлімдер мектеппен байланысты үзбеуі керек. Мектептерде оқушылардың әскери киім киюі әскери патриоттық тәрбиелеудің негізгі кілті. Мүмкіншілік болып жатса, оқушыларға әскери киім тіктіріп, оны дұрыс киюін қадағалау қажет.

Алғашқы әскери дайындық пәні - Қазақстан Республикасыныың азаматтарын Қарулы Күштерде, басқа да әскер және әскери құрамаларда қызмет етуге дайындайтын мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады. Алғашқы әскери дайындық пәнімен әскери-патриоттық тәрбие тығыз ұштастырыла отырып, жастардың әскери істі жақсы меңгеруіне, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуіне ықпал етеді.

Алғашқы әскери дайындық бөлімінің кіріспе бөлімінен бастап, әрбір тақырыптары жастардың бойында терең патриоттық сезім қалыптастырады деп айтсақ болады. Оқытушы кіріспе сабақты өткізуде оқушыларды әскери қызметке және Қазақстан Республикасын қорғауға дайындаудың маңызына, алғашқы әскери дайындық курсының оқу міндеттерін орындауға байланысты моральдық-психологиялық және дене күшті шоғырландырудың қажеттілігіне ерекше көңіл бөледі. «Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының егемендігі күзетінде» тарауындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және әскери бөлімнің жауынгерлік туы» тақырыбында мемлекеттік нышандарды зерделеуге ерекше мән беріледі. Республика нышандарының саяси және рухани мәнін пайымдау арқылы жастардың азаматтық міндеттері туралы дүниетанымы кеңейеді және тереңдей түседі. Нышандарды оқи отыра жастар ел тарихының маңызын, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сияқты жалпы адамгершілік нормаларды бойларында қалыптастырады. Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандар: туға, елтаңбаға, әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған елдер аз емес. Көптеген елдер мемлекеттік нышандарды мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізгі, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. «Сабақтан тыс әскери-патриоттық тәрбие ретінде нышандар» такырыбында деректі фильмдер, конференциялар, ашық сабақтар өткізіп кеңінен насихаттауға болады.

Әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін оқыту арқылы жастарға Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын қатаң сақтауға және әскери жарғылардың талаптарын орындау, әскери антқа адал болу, өз халқына жанқиярлықпен қызмет ету, өз елін қасық қаны қалғанша қорғау, өз Отанының патриоты болу, адал, тәртіпті болу, кәсіп білікті ұдайы

меңгеру, өз жолдасын бағалау, киімді ұқыпты кию деген секілді көптеген жақсы қасиеттер түсіндіріліп, оларды бойларында қалыптастырады.

Әскери қызметтің қиындықтарын табанды өткеруге алғашқы әскери дайындық сабақтарының тақырыптарынан басқа әскери патриоттық тәрбиенің алар орны ерекше деген болсақ қателеспеген болар едім. Әскери істі жіті меңгеруге дайын болу үшін сабақтан тыс Ұлы Отан және Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер, әскери-спорттық ойындар мен эстафеталық жарыстар, әскер тақырыбындағы ерлік сабақтар, қалалық, облыстық слеттерге қатысу, мұражайларға, ескерткіштерге, мәңгілік алау аллеясына бару, әскери әндер сайыстарын өткізу секілді іс-шаралар өте маңызды рөл атқарады.

Патриоттық сезімді жастарға мәнді және мағыналы сусындату үшін алғашқы әскери дайындық пәні жетекшісінің білім, тәжірибесі мол және жоғары болуы тиіс. Ізденіс үстіндегі әскери жетекші қай кезде де болсын жастарға үйретуден жалықпайды. Жеткіншек Отан алдындағы борышын өтеуге барғанда осы мектеп қабырғасында, дәлірек айтсақ алғашкы әскери дайындық сабағында алған теория және практикасы толық және мәнді болса әскери істің қиындығына төзуге, тез үйреніп кетуге көп көмегін тигізеді.

Жастарды әскери патриоттыққа тәрбиелеу - орта білім беру оқу орындарынан, яғни мектептерден басталады. Мектеп – мұғалімнің басшылығымен жас ұрпаққа білім беру, тәжірибе мәселелері жүзеге асырылатын оқу-тәрбие мекемесі, халық ағарту жүйесінің негізгі буыны. Мектептерде жастарды жасына және сыныбына сәйкес үшке бөледі: бастауыш сынып оқушылары, орта сынып оқушылары және жоғарғы сынып оқушылары.

Кеңестер Одағы тараған соң, орта оқу орындарынан алғашқы әскери дайындық пәнін алып тастау - жастарға әскери патриоттық тәрбие беру, оларды армия қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізді, оның әсері жалпы білім беру деңгейінде де, Қарулы күштерінің жеке құрамының моральдық адамгершілік сипатында да көрініс тапты.

Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Бала әрдайым өмірге қызыға қарайды, бәрін үйренгісі келеді, еліне керекті азамат болып өскісі келеді.

Патриоттар даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да, шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдеріне үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу жеткілісіз, сонымен қатар білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің манызды бөлігі Отанды қорғаудағы даярлық болып табылады. Жас ұрпақтын әскери-патриоттық тәрбиесіне де Қазақстанның Қарулы Күштері аса назар аударады. Олар білім мекемелерімен бірлесе отырып, Отанды қорғаушы жас жеткіншектердің әскери тәрбиесінің бағдарламасы мен тұжырымдамалары жасайды. Әйткенмен, соңғы уақытта жергілікті халықтың Қарулы Күштерге деген көз қарастары жағымды деп айта алмаймыз. Егер бұрын, 70-80 жылдарда әскери қызметті өтеу бозбалалар өмірінің қажетті кезеңінің бірі болып табылса, ал қазір әскерге шақырылушылар әскери қызметті өтеуден бас тартады, ата-аналары оларды жібермеуге тырысады. Мұның себептерін ішкі саясаттың тұрақсыздығынан, жауынгерлер арасында үлкендердің кішілерге күш көрсету фактілерінің орын алуынан іздеген жөн.

Қазақстанда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің арнайы формалары мен әдістері қалыптасуда. Олар жеткіншек бойында жоғары деңгейдегі азаматтық сезім мен Отанын қорғауға дайындық үрдісін мақсатты түрде жүйелі қалыптастырады, дара тұлғаға Қазақстан халқының және оның Қарулы Күштерінің дәстүрін бойына сіңірген тәрбие береді.

Халықаралық жағдайларды бағалау көзқарастардың өзгеруі, шет елдермен қарым-қатынастарда майдандасудан саяси және экономикалық диалогқа көшу жас ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне жаңа талаптар кояды. Әскери күштердің қысқартылуы, кәсіби әскерилікке көшу, сондай-ақ әскери борышын өтеуден бас тартып отырған жастардың көбеюіне бір себеп болған әскердегі қазіргі проблемалар жастардың әскери борышын өтеуіне жауапкершілігін талап етеді. Ол үшін әскери-патриотты тәрбиелілік жұмысты жоғары денгейге көтерудің қажеттілігі арта түседі.

Әскери-патриоттық тәрбиенің ерекшелігі болып оның шешімін табуға арнайы даярланған адамдардың педагогтардың ғана емес, қоғамның толық қамтылуы саналады. Осыған орай әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмыстарды міндетті білім мекемелері қызметкерлерінен басқа, отбасы, мемлекеттік және қоғамдық органдар мен ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары,

телеарналар, радио мен баспасөздер үлкен рөлге ие болады. Ал бұл жастарды оқудан тыс уақытта ықпал ететін отбасының, әр түрлі мекемелер мен ұйымдардың, телеарналар, радио мен баспасөздердің тәрбиелік мүмкіндіктерін оқытушының пайдаланылуы тиіс дегенді білдіреді.

Патриоттық тәрбие тәрбиенің барлық бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің соңғы нәтижесі ретінде патриоттық сана өз Отанын өркендету жолындағы күресте, оны нығайту мен қорғау жолындағы іс-әрекетте көрініп, бағаланады, сөйтіп сол арқылы тиісті ерлік жауынгерлік және ұлттық дәстүрлерді түзе отырып, кейіннен тәрбиелеуші факторға айналады. Әскери жетекшілерді де жай қалдырмай оларды марапаттау, құрметтеу жақтарын қарастыру қажет Алғашқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларға арнайы мерекелік күн тағайындап, ол күні жастармен әскери патриоттық тәрбиелік іс шаралары ұйымдастырылуы қажет. Әскери дайындық енді дамып келе жатқанда қолдау көрсетіп, жастардың еліміздің лайықты азаматы болып өсуіне ат салысуымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.«Әскери міндеттілік және әскери қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8-шілдедегі Заңы

2.«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпан №561-IV Заңы.

ӘОЖ 37.013.75

## ГЕЙМИФИКАЦИЯ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**НИЕТБАЕВА Н.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ӨЗБЕК Қ.Ж., ТАИРБЕКОВА Г.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Геймификация образования способствует совершенствованию отдельных видов деятельности учащихся и повышает эффективность обучения. В данной статье представлены понятие и история геймификации, а также анализируются методы в различных образовательных средах, которые позволяют повысить активность, интерес и уровень образованности учащихся за счет эффективного использования геймификации в образовании.

**Summary.** Gamification of education promotes the improvement of certain activities of learners and increases the effectiveness of teaching. This article introduces the concept and history of gamification, and analyzes methods in various educational environments that can increase the activity, interest, and level of education of students by effectively using gamification in education.

«Геймификация» терминін Ник Пеллинг 2003 жылы енгізген. Геймификация (ағылш. gamification) - аудиторияны тарту және қойылған міндеттерді шешу үшін ойын ойлау мен ойын динамикасын пайдалану үдерісі.

Геймификация - ойын элементтері мен ойын ережелерін ойын емес контексте қолдану.

Білім берудегі геймификация - оқу пәнін оқыту курсының нақты білім беру мақсаттарына қол жеткізу және білім алушыларды ынталандыру мақсатында қазіргі заманғы онлайн ойындарда қолданылатын ойын ережелерін қолдану.

Қазіргі уақытта геймификация цифрлық ұрпақтың мінез-құлқының нақты модельдерін көтермелеу мен ынталандырудың танымал тактикасы болып табылады. Көптеген білім беру бағдарламаларында мұғалімдерге оқу мақсаттарына жетуге және күн сайын өсіп келе жатқан білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі [1].

Геймификацияның мақсаты – білім алушыларға пәнге деген қызығушылық тудырып, оқуға шабыттандыру. Геймификация білім алушылармен қарым-қатынасты жақсартуда, оқытуды ұйымдастырудың өнімділігі мен оқытудың тиімділігін арттыруда қолданылады. Геймификация

білім алушыларның пәннің мазмұнын түсіну қабілетін жақсартады және белгілі бір зерттеу саласын түсінуге көмектеседі.

Геймификация әдетте қажетті нәтижеге жету үшін мотивацияға, қажеттіліктерді қанағаттандыруға, сондай-ақ ойын теориясына қатысты психологиялық принциптерді пайдаланады. Бұл тәсіл әр түрлі салаларда және қызмет салаларында танымал бола бастады [2].

Геймификацияның тарихы зерттеген бірқатар авторлардың еңбектері бар.

Бірнеше ғалымдар мен зерттеушілер геймификацияны әртүрлі қырынан зерттеді, соның ішінде оның мотивацияға, мінез-құлыққа және білім алуға әсері. Геймификацияны зерттеуге үлес қосқан атақты тұлғалар:

Джейн МакГонигал - ойын дизайнері және авторы, ойынның әл-ауқатқа оң әсерін зерттеген. Оның «Шындық бұзылған» кітабында ойын элементтерін әлемдегі мәселелерді шешу және адамдардың өмірін жақсарту үшін қалай пайдалануға болатыны туралы айтқан.

Ричард Бартл – британдық компьютер ғалымы және ойын дизайнері, ол бірінші мультипликаторлық онлайн ойын MUD (Multi-User Dungeon) бірігіп жасаған. Ол геймификацияны түсінуге қатысы бар ойыншы түрлері мен ойындағы мотивациялары туралы айтқан.

Себастьян Детердинг - ойын дизайндағы жұмысымен танымал зерттеуші және дизайнер. Ол геймификация, ойын дизайны және ойын элементтерін ойыннан тыс контексттерде пайдалану этикасы туралы көптеген мақалаларды жариялады.

Кевин Вербах - Пенсильвания университетінің Уортон мектебінде сабақ беретін заңгер және геймификация талдаушысы. Ол геймификацияның принциптері мен қолданылуы туралы жазған және оның «Гамификация» курсы кеңінен танылған.

Дафна Бавелиер – экшн-видео ойындарының когнитивті қабілеттерге және көрнекі қабылдауға әсері туралы зерттеулерімен танымал нейробиолог. Оның жұмысы ойынның когнитивтік әсерлерін және геймификацияланған тәжірибелерді түсінуге бағытталған.

Джесси Шелл - ойын дизайны және әртүрлі контексттерде ойын механикасын қолдану туралы зерттеген, ойын дизайнері және авторы. Оның «Ойын дизайны өнері» атты кітабы осы салада кеңінен келтірілген ресурс болып табылады.

Ю-Кай Чоу - геймификация бойынша кеңесші және геймификацияланған тәжірибелерді жобалауға жан-жақты тәсілді ұсынатын Октализ негізімен танымал автор. Ол геймификация стратегияларын жүзеге асыру үшін компаниялармен бірігіп жұмыс істеді.

Габе Зичерманн – геймификация бойынша сарапшы және осы тақырып бойынша кітаптар жазған және әртүрлі конференцияларда сөз сөйлеген автор. Ол бизнес пен маркетингте геймификацияның танымал болуына үлес қосты.

Эми Джо Ким - әртүрлі цифрлық өнімдер мен қызметтерді геймификациялаумен жұмыс істеген ойын дизайнері және бас кеңесшісі. Ол ойын дизайн принциптері және оларды ойын емес контексттерде қолдану туралы жазды

Бұл зерттеушілер мен практиктер білім, бизнес, денсаулық сақтау және т.б. салаларда геймификацияны түсінуге және қолдануға үлес қосты. Олардың жұмысы геймификацияның пән ретінде дамуы мен этикалық ойларын қалыптастыруға көмектесті.

Білім беру жүйесіндегі геймификация бағдарламалары білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру, оларды ынталандыру және олардың білім беру тәжірибесі үшін оқу процесіне ойын элементтері мен принциптерін біріктіруді жүзеге асырады [3].

Төменде білім берудегі геймификацияның кейбір түрлеріне мысалдар келтірілген:

***Сертификаттар:*** Нұсқаушылар білім алушыларға белгілі бір белестерге қол жеткізгені, тапсырмаларды орындағаны немесе белгілі бір дағдыны меңгергенін көрсеткені үшін цифрлық белгі немесе сертификаттар береді. Студенттер бұл белгілерді алып, көрсете алады, бұл оларды көбірек жетістіктерге жетулеріне ынталандырады.

***Көшбасшылар тақтасы***: Көшбасшылар тақтасы білім алушыларға викториналар немесе тапсырмалар сияқты әртүрлі білім беру тапсырмаларындағы көрсеткіштеріне қарай бағалайды. Бұл бәсекелестік сезімін оятады және білім алушыларға жоғары және олардың жағдайын жақсартуға ынталандырады.

***Ұпайлар мен марапаттар:*** Білім алушыларға тапсырмаларды орындау, сабақтарға қатысу немесе талқылауларға қатысу үшін ұпай жинай алады. Бұл ұпайларды қосымша несие, эксклюзивті мазмұнға қол жеткізу немесе тапсырмаларды өткізіп жіберу мүмкіндігі сияқты сыйақылар үшін өтеуге болады [4].



1-сурет. Ұпайлар мен марапаттар

***Квесттер мен қиындықтар:*** Педагогтар білім алушыларлардан мәселелерді шешуді, тапсырмаларды орындауды немесе белгілі бір тақырыптарды зерттеуді талап ететін квесттер немесе қиындықтарды ұсынады. Бұл оқуды неғұрлым тартымды және интерактивті ете алады.



2-сурет. Квесттер мен қиындықтар

***Модельдеу ойындары:*** симуляциялық ойындар нақты дүниедегі ұғымдар мен дағдыларды үйрету үшін пайдаланады. Мысалы, бизнес мектептері бизнесті модельдеу ойындарын пайдалана алады, ал жаратылыстану сабақтары виртуалды зертханаларды пайдалана алады.

***Әңгімелеу және әңгімелесу:*** әңгімелер мен әңгімелеу элементтерін сабақтарға енгізу анағұрлым әсерлі және тиімді оқу тәжірибесін жасай алады. Білім алушылар оқиғаның немесе шытырман жағдайдың бір бөлігі бола алады, мәселелерді шеше алады және жолда шешім қабылдай алады.

***Интерактивті викториналар мен сауалнамалар:*** Онлайн платформаларда білім алушыларға дереу кері байланыс беретін интерактивті викториналар мен сауалнамалар жиі кездеседі. Бұл дереу кері байланыс ынталандырады және білім алушыларларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге көмек береді.

***Рөлдік ойын:*** Рөлдік ойындар білім алушыларға тарихи тұлғалардың, кәсіпқойлардың немесе кейіпкерлердің орнына түсуге көмектесіп, олардың әртүрлі тақырыптарды түсінуін арттырады[5].

***Бәсекелестік және ынтымақтастық:*** геймификация бәсекеге де, ынтымақтастыққа да ықпал ете алады. Білім алушылар жеке немесе командада жарыса алады, бұл командалық жұмысты және достық бәсекені ынталандырады.

***Прогресcті бақылау:*** үлгерім жолақтары, деңгейлер немесе басқа көрнекі белгілер арқылы прогресті визуализациялау білім алушыларды ілгерілеуді жалғастыруға ынталандыруы мүмкін.

***Кері байланыс:*** Ойындық жүйелер білім алушыларды жақсартуға көмектесу үшін жекелендірілген кері байланыс пен ұсыныстар ұсына алады.

Ойынға айналдырылғангеймификация элементтерін қамтитын әртүрлі оқытуды басқару жүйелері мен білім беру қолданбалары бар [6].

Білім берудегі табысты геймификацияның кілті ойын элементтерін теңестіру болып табылады.

Білім берудегі геймификация – оқу процесінде ойын элементтері мен принциптерін қолдану, оны қызықтырақ, ынталандыру және тиімді ету. Бұл тәсіл білім алушылардың оқуға қызығушылығы мен қатысуын ынталандыру үшін тапсырмалар, ұпайлар, қиындық деңгейлері, жарыстар, марапаттар және жетістіктер сияқты ойын механикасын қолданады.

Геймификация технологиясы басқа типтегі модельдерден ерекшелігі, ойын өткізу үшін арнайы ойын - ойын - рөлдерді орындайтын, яғни өзінің мінез-құлқымен жүйенің кейбір компоненттері-прототиптің іс-әрекеті қажет. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында және біліктілікті арттыру курстарында оқыту практикасына берік кірді. Жалпы, ойынның нақты анықтамасы жоқ. Әдебиеттерде бұл әдістің көптеген анықтамалары бар, бірақ олардың барлығы басты ерекшелікті атап өтеді: кез-келген жұмысты өндіру технологиясы болып табылатын жағдайдың немесе модельдеу моделінің болуы (келісімшарттар жасау, жұмыс жоспарын құру және т.б.) [7].

Адамдардың ойын іс-әрекетінің заңдылықтары, балалар шығармашылығы мен бәсекелестігінің сипаты мен ерекшеліктері туралы білім мұғалімдерге өздерінің педагогикалық практикасына оқыту мен тәрбиелеудің ойын формаларын дайындау, тестілеу және енгізу кезінде қажетті негіз бола алады [8].

Мектепте геймификация білім алушылардың өз бетінше қалыптасуына, сыни ойлау, шешім қабылдау қабілеті, командада жұмыс істей білу, ынтымақтастыққа дайын болу сияқты белсенді ұмтылысына ықпал ететін ақпараттық-оқыту ортасын құруға бағытталған. Осылайша, геймификация шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі және жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуін ынталандырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Орлова О.В., Титова В.Н. Геймификация как способ организации обучения //Вестник Томского государственного педагогического университета. 2015.

2.Ница А.Л. Геймофикация в образовании [Электронный ресурс] /А.Л. Ница // Теплица социальных технологий. Режим доступа: http://test.ru/2012/12/21/gamification-education/.

3.Варенина Л.П. Геймификация в образовании /Л.П. Варенина // Историческая и социально-образовательная мысль. —2014. —Т.6.—№6.—Ч.2.—С.314–317.

4.БахметьеваИ.А.Игрофикация в бразовании /И.А.Бахметьева,Р.Н.Яйлаева//PedagogicalSciences/«Colloquium-journal». — 2019.—№21(45).— С.10–12.

5.КараваевН.Л.Анализпрограммныхсервисовиплатформ,обладающих потенциалом для геймификации обучения. /Н.Л.Караваев,Е.В.Соболева//Науч.-метод.электрон.журн.«Концепт».—2017.—№8.—2017.—С.14–25.

6.Олейник Ю.П. Игрофикация в образовании: к вопросу об определении понятия / Ю.П. Олейник // Современные про-блемынаукии образования. —№3.— 2015.—С.476.

7.Орлова О.В. Геймификация как способ организации обучения / О.В. Орлова, В.Н. Титова // Вестн. Том.гос. пед. ун-та. — 2015.—№9(162).——С.60–64.

8.Певзнер В.В., Погорелов В.И., Шуклин Д.А., Некоторые особенности применения геймификации в процессе обучения // Проблемы современного образования. 2016. № 2. С. 98–101.

9.Сағымбаева А.Е., Әбибулла Ж.Ғ. Оқытуда геймификация элементтерін қолданудың мүмкіндіктері //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Жаратылыстану-ғылыми білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнының мақсатын жүзеге асырудың теориясы мен практикасы». –Алматы. -2019. –Б. 206-210.

ӘОЖ 37.456.02

# БІЛІМГЕРЛЕРДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ БАУЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**МАТКАРИМОВА Б.Е.**
№36 орта мектебінің директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются творческие технологии в процессе приобщения студентов к педагогической практике.

**Summary.** The article discusses creative technologies in the process of introducing students to teaching practice.

Жаңаша білім беру - бұл үнемі алға қарай ұмытылу мен даму үрдісі.Бүгінде біз ақпараттық қоғамда өмір сүрудеміз. Қазіргі дәуірдің әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктерінің бірі ретінде автоматтандырылған және ақпарат технологиялардың тегеурінін атауға болады. Жаңа педагогикалық технологиялардың, ғылыми-теориялық мазмұны оқушылардың білімдерін жетілдіріп қана қоймайды, кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың жетекші құралы болып табылады. Жаңа технология: ол оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырып, білікті, шығармашыл,белсенді оқытушыларды жетілдіруге септігін тигізеді.

Кәсіби білікті,озат тәжірибелі,шығармашыл ұстаз шәкірттерінің белсенділігін арттыра да біледі. Педагогикалық озат тәжірибенің мағынасы:шығармашыл ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі.Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды.Себебі ол мектеп тәжірибе өте құнды.Себебі ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді.Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп-үйрететін орта, оның жүрегі-мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп,тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.Ұстаз атана білу,оны қадір тұту,қастерлеу,арындай таза ұстау-әр мұғалімнің борышы.Ол өз кәсібін,өз пәнін,барлық шәкіртін,мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген,тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,рухани дамыған,толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы,біліктері арқылы қалыптасады,дамиды.Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар:бәсекеге қабілеттілігі,білім беру сапасының жоғары болуы,кәсіби шеберлігі,әдістемелік жұмыстағы шеберлігі Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парагдимасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге,соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.

Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктерімен келеді.Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін,қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет.Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту,ғылым,білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру.Қазіргі білім беру парагдимасы «білікті адамға»бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді.Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр [1].

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе,12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.Арнайы құзыреттілік-өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.Әлеуметтік құзыреттілік-кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.Білім беру құзіреттілігі-педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге

болады.Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілген тапсырмалардан бастау қажет екендігін айқын көрсетілген.Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Демек,болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай:жедел ойлаушы:жедел шешім қабылдаушы:ерекше ұйымдастырушылық қабілетті:нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы-бұл қазіргі заманның талабы.Міне,құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім-қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың,интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу,жаңаны түсіне білуге,білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда,білім беруде,тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастырудағы талап етеді.Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік,саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық,т.б); мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу,өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар,әлем мәдениетін салыстыру,саралай білу қабілеті); оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу,жоспарлай білу,ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру,талдау, қорытынды жасай білу); коммуникативтік құзіреттілік(адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде,халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы); ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен,техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу,өз бетінше іздей білу,таңдай, талдай білу,өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу,шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті) тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі(отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар, саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті). Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі.Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып,өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады.Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген,алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. Барлығымызға белгілі 2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда "Интеллектуалды ұлт - 2020"мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оның негізгі мақсаты – қазақстандықтарды, әсіресе жастарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай, талғамы мен болашағы зор елге айналдыру.

Бұл мемлекеттік бағдарлама өз алдына негізгі үш басым бағытта жүзеге асырылуы тиіс екендігі көрсетілді. Бірінші басым бағыты – білім беру жүйесін инновациялық бағытта дамуы.

Бүгінгі таңда жастар тек өз мамандықтарына сай білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне бағытталуы қажет. Бүгінгі білім алудағы басты құндылықтардың көзі ретінде, шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тиянақты шешім қабылдау, технологиялық және инновациялық бағыттағы жобалар болып табылады.

Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау жоғары мектеп жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бойынша, көбінесе әр түрлі кезеңдерде бұл құбылысты қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін арнайы зерттеуді талап етеді. Осы бағытта білім алып жатқан студенттерінің интеллектуалдылық тұлғасын қалыптастырудағы мамандықтың алатын ролі ерекше деп есептейміз. Әр бір болашақ маман бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген; жоғарғы руханиатты, халықтың бірлігін, мемлекетің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын; интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға ретінде қалыптастырып шығару болып отыр.

Болашақ мамандардың бойында ұйымдастырушылық қызметі, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, қызмет орнында, ұжымда адамгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі. Мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің сапасын арттыру болса, қазіргі кезде оқу орындарында кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай мамандар даярлаудың үлгісі жүзеге асырылатын болады. Оқытудың технологиясын

жетілдірудің педагогикалық бағыты негізгі ой-тұжырымдары бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу, білім алушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту болып табылады. [4.]

Мамандар даярлау бағытында білім беру инновациялық технологиялардың түрлеріне тоқталатын болсақ олар: жобалау, пікірсайыс, мәселелік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және т.б. Бұл әдістердің нәтижесі ізденіс, зерттеу, мәселелік жұмыстар, шығармашылық ізденістерге алып келеді. Қазіргі ақпараттық заман талап ететін жобалау әдісін қолданудың негізгі талаптары талқыланып, оқытушылар жоба әдісін қолдану барысында жобалардың түрлерін анықтайды. Жобалау ұғымы негізінде – мәселесінің нәтижесіне болжау бағыттылығы жатыр. Нәтижесінде тәжірибелік және теориялық шешімі арқылы қалыптасады . Білім - ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Болашақ маман иелерінің алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір оқытушы - өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, білім алушылардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет. [5]

Педагогикалық үдерістің теориялық, әдістемелік және технологиялық стратегиясы алдымен инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтікті қалыптастыру жағдайындағы мамандықты меңгеруде кәсіби құзыреттік жүйесіне бағытталған тұлғалық-әрекеттік тұрғыларды жүзеге асыруға бағдарланған абзал. Мамандардың кәсіби дайындығы инновациялық білім беру үдерісі ретінде құрылуы қажет: рефлексивтік, креативтік және технологиялық деңгейде кәсіби іс-әрекет құрылымын жүйеленуін қамтамасыз ету, құзыреттілік жүйесі мен іс-әрекеттің пәндік қызметтік

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің білімгерлері №36 орта мектебінде педагогикалық практикаға келіп тәжірибеден өтті. Білімгерлерге мектеп ұстаздары болашақ ұстаздарға оқушылармен қалай сабақ өту тәсілдерін және әдістемелік көмек көрсете білді. Білімгерлер келген күннен бастап,жалпы білім беру мазмұнының өзгермелігімен,ерекшелігімен танысты. Мектептегі бастауыш сынып мұғалімдері осы оқу барысында қазақ тілін жаңа мазмұнда оқыту бойынша дәріс-тренингтер тыңдап,жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерін түсініп,осыған сәйкес педагогикалық тәсілдерді,білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуде критериалды бағалау жүйесін қолдануды пайдаланууда.Білімгерлермен сабақ беру үрдісінде негізге алатын құжатпен – Оқу бағдарламасы, оқу жоспары және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағымен танысып, жұмыс жасадық.

Педагогикалық практикаға келген білімгерлерге мұғалімдер «Жаңартылған білім беру» аясында көмектерін беруде. Яғни ҚМЖ-құрудың жаңартылған түрін, ОМЖ-нің тиімділігін көрсете білді. Жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойынша қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «ДЖИГСО», «Мозайка», «Ыстық орындық», «Галереяда ой шарлау», «Ақпараттар алаңы»,« Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Домино - 2», «5қадам», «Драма әдісі», «Әдебиеттік үйірме», «Жариялау»,«Қос диаграмма», «Оқиға тауы» т.б. Мұғалімнің тәжірибесі жаңалық болуы мүмкін,бірақ ол ғылымда белгілі принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып,басқа мұғалімдерге үлгі болып,озат тәжиібесі басқа мектептерге таратылады. Жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін жан-жақты талдап,қорытындылап тарату керек деп ойлаймын. Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін ұстаздар, сіздер, ізденіс пен ілгерілеуден жалықпаңыздар .Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс» деген сөзімен ойымды түйіндегім келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру.-Алматы,РБК,1995.54-55 б.

2.Оқу үрдісіндегі дамыта оқытудың мәселелері /Психологиялық ғылым және білім беру .

3.Балкенов Ж. Студенттерді шығармашылық іс-әрекетке оқытудың ғылыми-дидактикалық негіздері. Қарағанды, 2005 ж.

4.Заманауи педагог Республикалық журнал № 02.2019ж

5.Педагог мәртебесі Жамбыл облыстық ақпараттық-әдістемелік журнал №1 2022ж

ӘОЖ:801.311:37

# БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**СУПАБЕКОВА А.Б., ЕРЕЖЕПОВ Ф.У.**
№32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, педагог-зерттеушілер
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Новые педагогические технологии играют ключевую роль в развитии творческой игры учащегося, повышая его личностную силу. Освоение новых технологий благотворно влияет на формирование интеллектуального, профессионального, нравственного, духовного, гражданского и многих других человеческого облика учителя, способствует саморазвитию и эффективной организации учебно-воспитательного процесса.

**Summary.** New pedagogical technologies play a key role in the development of a student's creative play, increasing his personal strength. The development of new technologies has a beneficial effect on the formation of the intellectual, professional, moral, spiritual, civil and many other human appearance of the teacher, promotes self–development and effective organization of the educational process.

Бүгінгі таңда оқыту үрдісінде экономиканың жедел қарқынымен дамуына байланысты білім беру жүйесінде оқытудың құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологиясы түбегейлі өзгерді. Білім, білік дағдыны механикалық түрде емес, танымдық қабілеті дамыған және өзін - өзі көрсете алатын жеке тұлғаның ақыл-ойын дамытуда интелектін байытуда оқыту технологияларының маңызы зор.

Жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл –ойы дамыған азаматын даярлау – бүгінгі күн талабы. Мемлекетіміздің білім беру жүйесіне ерекше назар аударып отыруы оқыту мазмұнына жаңа бағыт әкелді. Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан педогогикалық технологиялар жаңаша сипат алды. Жаңашыл педагог ғалымдар: Ш. А. Амонашвили білім беруді ізгілендіру технологиясында баланың жанымен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру, дамыту, білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасау мақсатын көздейді. В.Ф.Шаталовтың белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясының ерекшелігі: материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде тірек сызбалар арқылы беріледі. С. Н. Лысенкованың тірек сигналдарын пайдалана отырып, қарқынды жеделдете оқыту технологиясында оқу материалдарының мазмұнының жүйелігін сақтау, саралау , тапсырманың әр оқушыға жеткізілуі талап етіледі. Бұл еңбектер 1980 жылдан бері оқу үрдісінде қолданылуымен бірге әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Керісінше, заман талабына сай қайта түрленіп, жанданып , жарқырай түскенін тәжірибе көрсетіп отыр. Білікті, білімді мамандар жаңалықты теориялық жағынан меңгерумен қатар , тұлғаны дамытуға бағытталған әдістері білім беру үрдісіне енгізе отырып, тәжірибе жинақтағанда оң нәтиже беретініне көз жеткізуде. [1, 21б] « Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал , оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның ұстаздық еңбегінің жемісі болмайды», - деп К.Д.Ушинский айтқандай, оқытушылыр заман көшінен қалмай, жаңалықтың жарсышы болуы керек.

Белгілі ғалым А. Маслоу тұлғаның:

- қиындыққа дайын болу;
- қарым- қатынас;
- таным, сыйластық;
- қауіпсіздік;
- шығармашылық;
- өзін- өзі өзектілендіру;
- өзін- өзі бекіту; т.б. қажеттілік жүзеге асса, тұлғаның танымдық құрылымының қызығушылығының қалыптасатындығын ескертеді. Егер осы қажеттілік қанағаттандырылса, тұлғаның қызығушылығы оянып, белсенділігі артатыны белгілі. Танымдық үрдісті дамытуда жүйелі білім берудің маңызы зор. Модуль – жүйелілік деген ұғымды білдіреді. Оқу үрдісі құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Оқу модулі- оқыту

жүйесінің бір бөлігі. Оқыту әдістемесінде, күнделікті сабақ жоспарында мұғалімнің өтілетін сабаққа қойған мақсатын білімгерлерге жеткізу талап етілмейді.

Ал, модульдік оқыту технологиясына сүйенсек, оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін ғылыми негізделген теорияға сүйене отырып жобалау, сұлбалау тыңдаушылырға, білім алушыларға оқу үрдісінде хабарланады. Дәстүрлі оқуда «жекеден жалпыға», ал модульдік жүйеде «жалпыдан жекеге» қағидасы жүзеге асатынындығын ескеру қажет.

В. Ф. Шаталов технологиясында материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде берілуі модульдік оқыту технологиясына құрылымы мен мазмұны жағынан жақындау. Оқу модулінде оқу бағдарламасы бойынша тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санын жүйелеу көзделеді. Оқу модулі үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу, қорытынды бөлімнен тұрады. Психолог Л.М.Фридман тақырыпты оқып үйрену: кіріспе- қызықтырушылық, операционалдық-танымдық, рефлекциалық- бағалау кезеңдерінен тұруы тиіс деп есептейді. Демек, кіріспе – қызықтырушылық кезеңде неге, не үшін оқып үйренуі керек, нені меңгеріп, үйретуі тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екені түсінуге назар аударылады. В. Ф. Шаталов технологиясындағы тірек сызба және белгілік үлгілерді оқу модулінің кіріспе бөліміндегі визуалдық лекцияда пайдалану обьектілерідің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастырады.[2, 15 б]

**Қазақ тілін оқыту технологиясы**

«Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиісті»,- деп педагог жазушы Ы. Алтынсарин айтқандай, бүгінгі таңда мұғалімдердің шығармашылық ізденіспен жұмыс жүргізуіне тура келеді. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болып, ұлттық мектептердің көбейе түсуі – мұғалімдерге үлкен міндет жүктеп отыр. Соның бірі – оқытуды жаңаша ұйымдастыру, сабақтың ғылымилығына көңіл бөліп, білім сапасын арттыру. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде кеңінен қолданысқа ие болуы- оқушылардың ой- өрісінің, ойлау қабілетінің жоғарылап келе жатқанын байқатады. Педогогикалық жаңа технологиялар тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға бағыт беріп, өз бетінше қорытынды жасап, жүйелі білім алуына негіз болады. Оқытудың жаңа мазмұны дамытушы, тәрбиелеуші мұғалімдердің әдістемелік тәжірибесін жинақтап, шығармашылықпен жұмыс жүргізуіне, оқушылардың жауаптарын тежемей, «екілік» қоймай, «ұпаймен» есептеп, сенім артып, белсенділігін арттыруға негізделеді. Мұғалімнің айтқанын бұлжытпай қайталаудан гөрі оқушыларды іздендіре отырып, ой- пікірін тайсалмай айтуға ұмтылдыру- баланың ойлау қабілетін дамытады. Тұлғаның санасына сәуле себер түсінік пен күрделі ұғымды жеткізуде, танымдық қабілетін дамытуда М. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын Ж.А.Қараевтың саралап оқыту технологиясын сабақта қолданудың білім деңгейін көтерудегі маңызы зор. Оқу модулінің бөлімінде оқытудың белсенді түрлерін қолдану- пәнге деген қызығушылығын арттырады. «Баланың қиялы ойында жарыққа шығады»,- деп халқымыздың кемеңгер ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, сабақтың тақырыбына сай ойынды қолдана білген мұғалім тұлғаның санасына , сезіміне, ерік- жігеріне, мінез- құлқына ықпал етеді. [3, 12б]

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу үрдісіне енгізуде қазақстандық ғалым Ж. Қараевтың саралап оқыту технологиаясына сүйенсек, тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға, байқампаздыққа жетелеуге ерекше көңіл бөлінеді. Деңгейлік тапсырмалар барлық оқушыларға жеңілден ауырға , білгеннен білмегенге қағидасы бойынша әзірленеді. Ұжымдық жұмыста өзі оқи отырып, өзгені оқыту жүзеге асырылады. Талантты балалар қабілетін, икемділігін арттырып, әлсіздер сенімсіздіктен арылады. Олардың оқуға деген ынтасының артуы білім дәрежесінің жоғарылауына әсер етеді. Деңгейлері бірдей оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қиындық кездеспейді.

**Модульдік технология негізіндегі зерттеу пәні - әдебиет**

«Адам ұрпағымен мың жасайды»,- дейді қазақ мәтелі. Иә, ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Және ол сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік дамуының бағбаншысы –тәрбие. Демек, ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болмасын көкейтесті мәселесі болып, келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Педагогикалық технология деп- мақсаттар қою, оқу, жоспары мен бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогиклық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі жаңа ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үрдісін

айтамыз. Педагогикалық технологиялар- модульдік оқыту, деңгейлеп –саралап оқыту, ұжымдық ойлау технологиялары.

**Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту**

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстан Республикасын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру- Қазақстан Республикасының әрбір азаматының басты парызы»,- деп айтқандай мемлекеттік тілді дамытуда, қоғамдық ортада әлеуметтік қолдану аясын кеңейтуде біраз шаралар іске асырылады.[4, 4б]

1990 жылы «Тіл туралы» Заң қабылданған соң ғана қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту мәселесіне көңіл бөлініп, оны өрістетуге жол әкелді. Осы кезден бастап қоғамымыздың барлық саласында мемлекеттік тілді қолдану қажеттігі туды. Тілді үйрену балабақшадан бастау алатыны бегілі. Орыс балалары қазақ тілін екінші тіл ретінде оқып, үйренеді.

Технология- жеке тұлғаны дамытуда негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология – оқытудың , білім берудің жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа ізденістерін талап етеді. Баланың білім алу, даму, іс- әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау-технологияның басты белгілері болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әдезұлы Қ, Г. Д. Рыскелдиева Г. Д. С. Ч. Тұрсынғалиева С. Ч. Қазақ әдебиеті.Әдістемелік нұсқау. Астана: «Арман- ПВ», 2011

2.Бітібаева Қ. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары».- Алматы 1980.

3.Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002.

4.Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу. Алматы, 2002.

ӘОЖ 37.431.22

# ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР – БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

**БАЯЛИЕВА А.Ж., АБЖАПАРОВА Б.К.**
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушылары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В этой статье делается акцент на то, что будущее Казахстана - это большая задача, возложенная на педагогов для повышения качества образования молодежи, а также большое значение имеют инновационные подходы в повышении эффективности урока и активности учащихся. В этой статье речь идет о важности интерактивных методов в формировании и развитии личности через педагогическое общение и диалог.

**Summary.** This article points out that the future of Kazakhstan is a great task for teachers to improve the quality of young people's education, and emphasizes the importance of innovative methods in increasing the effectiveness of lessons and student activities . In this regard, the importance of interactive methods in the formation and development of personality through pedagogical communication and dialogue is discussed.

Жаһандану заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілет-қарымын, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр.

Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ [1]

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі-«интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интербелсенді әдістерде басты назарды "процеске", яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың "қалай" және "қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне" аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады.

Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Қытайдың бір нақыл сөзінде: "Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін" делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде білім алушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

-тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;

-тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;

-педагогикалық қолдау көрсету;

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (білім алушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);

2. Студенттермен (жұптасып жұмыс істеу барысында);

4. Шағын топтармен (3-4 студентпен);

5. Студенттердің үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат топ болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

6.АКТ құралдарымен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтамен);

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде.

Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б.

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчартттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
-оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
-мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі;

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы. - Өскемен, 2005ж.

2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар.- Алматы, 2006 ж.

3.Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. -Алматы, 2008ж.

ӘОЖ 37.151.881

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

**БЕРКЕН Ж.Қ.**

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ-классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**АҒАБЕК А.Қ.**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесінің білім беру бағдарламасының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.** The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.

Бастауыш мектеп жасы - бұл олардың білімді сіңіру, игеру, жинақтау кезеңі. Бұған ересек адамның, яғни мұғалімнің беделіне бағыну, жоғары зеректік, зейінділік, аңғалдық сияқты қаситтер қолайлы. Бұл жас үшін сезімталдықпен әсерлілік, барлық жаңа нәрселерге шұғыл реакция береді. Баланың әрекет қабілеттілігі өте жоғары болғандықтан, әрекетке үнемі дайын болуына байланысты шыдамсыздық, жылдам жауап беруге ұмтылумен қатар жүруі мүмкін [1, 16б.].

Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттауы – баланың бойында күрделі сезімдер бой алады. Бұл бастауыш сынып балалары арасындағы, әрі үйдегі, әрі мектептегі жаңа, түсініксіз талаптарға негізделеді. Кіші мектеп жастағы балалардың негізгі әрекеті – ойын болып табылады,

ал мектеп табалдырығын аттағаннан кейін оқу әрекеті психикалық дамуын билейтін болады. Осыған байланысты, баланың психикасы қаптты өзгереді. Мұның себептерінің бірі, ойынға қарағанда оқу, білім алу, тапсырмаларды орындау бала үшін көп қиындық туғызатындығында. Алғашқы кезде мектепте адаптациядан өту, жаңа жағдайға бейімделе алмауға байланысты, бала оқу кезінде төмендегідей қиындықтарға кездеседі:

1-ші: баланың мектепке бейімделуі;

2-ші: мұғалім және сыныптастармен қарым-қатынас орнату;

3-ші: 1-сыныпта оқушыларға берілген тапсырмалар тым жеңіл болып, бала оқуға деген қызығушылығын жойып алуы мүмкін. Бірақ, барлық қиындықтар баланың психикасының дамуына байланысты шешіледі, ол жаман мен жақсыны ажырата бастайды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың негізгі таным процестері мектепте оқи бастағған кезден бастап едәуір өзгеріске ұшырайды. Осы кезде балаға мұғалім және ата-ана тарапынан көп көмек қажет болады [2.].

Өкінішке орай, жақсы оқи алатын оқушыны, оның кейбір психологиялық ерекшеліктеріне, мысалы енжарлығына қарап, қабілеті төмен деп есептейтін жайттар да кездеседі. Бұл баланың оқуға қызығушылығының жоқтығынан, ойланудан қашу ниетінен, онда қалыптасқан сенімнен, яғни білім – баланың қабілеті жетпейтін, өте қиын деп түйсінуден пайда болады. Осындай балаларға қозғау салып, оның белсенділігін арттырып, бейімділігін анықтап қызықтыру қажет. Сонымен бірге, баланы қызықтыру үшін қосымша материалдар дайындап беріп, білім алуға, оқуға қызығатындай (мысалы, бұрын оған қиын болған есепті дұрыс шығару кезі) жағдай жасаған пайдалы. Бұл кіші мектеп оқушысының өз күшіне деген сенімділігін оятады, сөйтіп басқа оқушылардан қалысмай жақсы оқи алатындығына көзі жетеді [3, 23б.].

Мұғалімнің ойлы, қабілетті балаларға төнген қауіпті де ұмытпауы керек. Олар оқуды жеңіл меңгереді, сондықтан да олар еңбектенуге дағдыланбаған және қажетті ықыласы жоқ болуы мүмкін. Ақыл-ой күшінің жетіспеушілігі мұндай жағдайға әкелуі мүмкін: мұндай балалар біртіндеп қабілеттерін жоғалтады, олар дарынды оқушыдан қабілеті орташа, тіпті нашар жұмысшыға айналуы әбден мүмкін.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы орындаудың тәсілдерін түсінбей жатады. Олар берілген тапсырманы механикалық түрде жаттап алғысы келіп тұрады. Бұлай болуы бстауыш сынып оқушыларының жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М.М.Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетіндігін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі. Мысалы: тақпақты жаттау үшін соның тексті беріледі [3,28б.].

Қазіргі балалар психологиясы мен бастауыш сынып оқушыларының психикасын дамытудың негізгі мәселелерінің бірі. Баланың психикасының дамуын зерттеудің міндеттері келесідей:

- Проблемалық жағдайларды шешуді қажет ететін тапсырмалар жасаңыз.
- Алдын ала дайындық принципіне сәйкестік деңгейін анықтау.
- Көрнекті бейнелеу алдында объектілерді бағалау мен ауызша пайымдау арасындағы байланысты зерттеу.Әл-Фараби өз еңбектерінде осы пікірді былай деп қолдайды. «Қандайда бір ғылым болмасын көңілге дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды. Бізге осы ерекше мәндердің кейбіреулерін ғана жеткілікті, ал қалған көпшілігін сезінудің өзі тиімді». Осы жағдайда біздің сезіміміз қабылдап, ұғынуымыз жинақталғаннан кейін ғана барып, біздің санамыз өзіне тән рольді атқара бастайды. Бастауыш мектептегі оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлауы күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып шоғырланады [4,14б]. К.Д.Ушинский: «... ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», -деп жазған. Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білімнің ролы, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі [4,15б]. Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф.Талызина, В.В.Давыдов, П.Я.Галперин, Ю.К.Бабанский, А.В.Усова, Д.Б.Эльконин, Л.Е.Шубина, Б.П.Есипов, М.А. Данилов, И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И. Махмудов, А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылған [5, 25б.].

Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалыптастырылады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты оқуын қамтамасыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготский дамуды өзекті және іргелі деп екіге бөлді. Өзекті дамуда – оқушы мұғалімнің түсіндірегенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда – оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды.

Психологтардың, педагогтардың (Н.Лейтес, А.Люблинская, Я.Пономарев, Ж.Пиаже, А.Зак т.б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашылық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т.б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі – олардың эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі [6, 101б.].

Ш.А.Амонашвили мен педагог Ю.К.Бабанский былай дейді, педагогика бағаны оқушының білім көлемі мен тәртібіне қойылатын тұрақты өлшем деп түсінеді. Баға туралы психологиядағы мынандай жағдайларды анықтайды:

-біріншіден, психикалық дамуды басқару механизмі және адамның өзін-өзі басқарумен бірге бейнелеудің түрлері мен әдістері теориялық тұрғыдан нендей екендігі анықталады;

-екіншіден, баға шәкірттердің арнаулы пәндерді меңгеру дәрежесіне сәйкес қойылады;

-үшіншіден, бағалау техникасын оқып-үйренукезінде тәжірибелік міндеттерді қалай алу мәселесі іздестіріліп, оның мән-жайы анықталады;

-төртіншіден, психология ғылымының өзіндік әдістемелік сұрақтарына жауап беруде айтарлықтай кедергілерге ұшырайды [7, 11б.].

Қорыта келгенде, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогыЫ.Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйітті мықтап шегелейді: «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын еш уақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбаған жөн болады», - дейді [8, 10б.].

Бастауыш сынып мұғалімінің басты мақсаты-оқушылардың басына білім салу емес, оларды өз бетінше оқуға үйрету. Бала оқу процесі өте маңызды екенін түсінуі керек. Тәжірибеден жаңа фактілерді зерттеу, теориядан нәтижелер алу кез-келген адамның тәжірибесінің бөлігі болып табылады.

Мұғалім үшін оқушылардың мектеп қоршаған әлемді тануға жаңа мүмкіндіктер ашатын мекеме ретінде қабылдауын қалыптастыру маңызды. 6-7 жасында барлық балалар мектепке барады, бұл олар үшін дамудың әлеуметтік жағдайын анықтайды. Сонымен қатар, балалардың көпшілігі мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне бармай келеді, сондықтан олар үшін мектеп бейтаныс әлеуметтенудің алғашқы институты болып табылады. Мектепке бару жағдайы жаңа әлеуметтік институтқа қосылуды ғана емес, сонымен қатар «бала-мұғалім» қарым-қатынасы баланың ата-анасымен және басқа балалармен қарым-қатынасын анықтай бастағанда қарым-қатынастың өзгеруін білдіретінін атап өткен жөн.Психологтардың көпшілігі бірінші сынып оқушыларын оқуға дайын деп санайды, оған баланың жалпы физикалық жағдайы, жеткілікті білім, өзіне-өзі қызмет көрсету, қарым-қатынас, мәдени мінез-құлық дағдылары, сөйлеу және негізгі танымдық дағдыларды меңгеру, жазуды меңгерудің алғышарттары (қолдың ұсақ моторикасын дамыту), оқуға деген қызығушылық кіреді. Жоғарыда аталған қасиеттердің қалыптасу деңгейі көбінесе баланың мектеп өміріне енуіне, оның мектепке деген қарым-қатынасына және білім беру қызметіне қосылуына байланысты. Сонымен қатар, баланың мектепке сәтті бейімделуінің кілті мектеп жағдайына тән мотивациялық жанжалды шешу болып табылады. Бұл барлық «Мен қалаймын» ойынға оңай енген мектеп жасына дейінгі балаларға тән тілек мотиві мен мектеп өзінің нормаларымен, ережелерімен, режимімен, міндетті оқу бағдарламасымен қалыптастыратын міндет мотивтері («керек») арасындағы қайшылық. И.Никольская мен Г.А.Бардиердің пікірінше барлық балалар бұл қақтығысты жағдайды өзгертуге немесе қабылдамауға бағытталған рационализация, күмән немесе тәжірибе арқылы шешеді – жаңа жағдайда оларды қабылдамауға немесе өзгертуге бағытталған жарқын эмоциялар мен сезімдердің болуы. Сонымен қатар, балалардың аз ғана бөлігі оқу жағдайын толығымен елемеуге және мектеп жасына дейінгі баланың жағдайына оралуға тырысады [9, 22б.].

Кіші жастағы оқушылар үшін білім беру қызметі негізгі болып табылады. Бұл жаңа білім алуды, әртүрлі мәселелерді шешуде дағдыларды, мұғалімнің беделін қабылдауды, оқу

ынтымақтастығын дамытуды қамтиды. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушысы білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде дамиды және қалыптасады, талдаудың (синтездің), жалпылаудың, жіктеудің жаңа әдістерін, сондай-ақ бақылаудың, бағалаудың және жобаның шарттарын білудің оқу әрекеттерін игереді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Батюта М.Б., Князева Т.Н. Возрастная психология. Учебное пособие. – М.: Деком, 2018. 240 с.

2.Степанов В.Нейропедагогика. Мозг и эффективное развитие детей и взрослых. Учебное пособие. – М.: Академический Проект. 2020. 346 с.

3.Қыдыршаев А. Балалардық жас ерекшеліктерін ескеру. «Ұлағат», 2000

4.Құдайқұлов М., Жексембекова Б. Оқушыларды аналитикалық ойлауға үйретудің жаңаша тәсілдері // Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт- 2005 -№3 –Б.14-15.

5.Неумоева-Колчеданцева Е.В. Возрастная психология и педагогика, семьеведение. Возрастное консультирование. Учебное пособие для СПО. – М.: Юрайт. 2019. 307 с.

6.Склярова Т.В., Носкова Н.В. Общая, возрастная и педагогическая психология. Учебник и практикум для академического бакалавриата. – М.: Юрайт. 2019. 236 с.

7.Толстых Н.Н., Кулагина И.Ю., АпасоваЕ.В.Социальная возрастная психология. Учебное пособие. – М.: Академический Проект, 2019. –346 с.

8.Шапошникова Т.Е., Шапошников В. А., Корчуганов В.А. Возрастная психология и педагогика. Учебник и практикум для СПО. – М.: Юрайт, 2018. –218 с.

9.Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру //оқу әдістемелік құрал. –Алматы: Қазақ университеті, 2003- 61б. К 74-200 Б.30.

ӘОЖ 378.147:51

# ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**АЙТБЕКОВА Э.Т.**

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің
Төле би атындағы №8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің география пәнінің
мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Значительно повысить эффективность обучения и воспитания подрастающего поколения при систематическом использовании информационно-коммуникационных технологий на уроках географии в сочетании с традиционными методами обучения.

**Summary.** Significantly increase the efficiency of training and education of the younger generation through the systematic use of information and communication technologies in geography lessons in combination with traditional teaching methods.

Жоғары педагогикалық білім берудің барлық заманауи реформаларының негізгі қозғаушы күші мұғалімнің зияткерлік, рухани-адамгершілік даму деңгейіне, оның психологиялық-педагогикалық, тәрбиелік, әдістемелік және пәндік даярлығына қойылатын талаптарды арттыру болып табылады. Даму өзгермелі және күрделі әлем және бұл құбылыс 21 ғасырдағы мұғалімдердің кәсіби дайындығына жаңа талаптарды белгілейтін білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен байланысты.

Заманауи экономикалық жағдайда, тез өзгеретін білім беру жағдайында бастамашыл, шығармашыл, мәдениеті жоғары, бәсекеге қабілетті, құзіретті, өз ісінен тысқары, күрделі әлеуметтік ортада бағдарлай алатын, кәсіби деңгейге ұмтылатын жеке тұлғаны дайындау мәселесі өзекті болып отыр. Өсу, кәсіби ұтқырлық және өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту,заманауи

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру бұрынғыдан да өзекті мәселе болып табылады.[1, 33 б.]

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – оқу-әдістемелік материалдардың, компьютерлік технологияның оқу процесіндегі техникалық және аспаптық құралдарының, білім беру ұйымдарындағы мамандардың (басшылық, тәрбиешілер, мамандар) қызметін жетілдіру мақсатында ғана емес, сондай-ақ, балаларды тәрбиелеу (дамыту, диагностика, түзету) үшін, оларды қолданудың нысандары мен әдістерінің кешені. [2. 56 б.]

География оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) сәнге деген құрмет емес, орта және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі география білімінің сапасын арттыру мүмкіндігі.

Ақпараттық технологиялар география сабақтарында мәтіндік, дыбыстық, графикалық және бейне ақпаратты жаңаша қолдануға, әртүрлі дереккөздерді кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.[1, 34 б.]

Жалпы және білім беру бағдарламалары: Microsoft Word, Microsoft Excel, Microsoft PowerPoint, Microsoft Publisher, MyTest, TestEdu (html тест генераторы), CorelDRAW, Windows Live киностудиясын география пәнінің мұғалімі оқу іс-әрекетінде сәтті пайдалана алады. Бұл бағдарламаларды оқу процесінде қолдану ауқымы айтарлықтай кең.

Оларды география пәні мұғалімі оқу сабақтарында (мультимедиялық проектор арқылы географиялық карталар, сызбалар, кестелер, интерактивті сөзжұмбақтар, танымдық бейнероликтер көрсетілген презентацияны экранда көрсету; интерактивті ойындар өткізу); интернет-ресурстармен, электронды оқу материалдарымен жұмыс, компьютерлік тестілеу арқылы оқушылардың білім деңгейін диагностикалау және т.б.) және сабақтан тыс уақытта пайдалана алады .[2, 34 б.]

АКТ-ны география пәні мұғалімі сабақтың барлық түрлерінде және оның барлық кезеңдерінде тиімді пайдалана алады, өйткені іс-әрекеттің әр түрін өзгерту оқушылардың оқу пәніне деген зейінін арттырады және тұрақты қызығушылықты сақтайды, табысқа жету жағдайын жасайды.

Бүгінгі күні Интернетте оқу материалын бекітуге арналған тренажер ретінде немесе оқушылардың пән бойынша білімдері мен дағдыларының деңгейін диагностикалау үшін қызықты тест тапсырмаларын жасауға болатын бағдарламалардың жеткілікті кең спектрі ұсынылған. MyTest – «компьютерлік тестілеуді құруға және өткізуге, нәтижелерді жинауға және талдауға және тестте көрсетілген шкала бойынша баға қоюға арналған білім алушыны тестілеу бағдарламасы, тест редакторы және нәтижелер журналы»Бұл бағдарлама қолданушыға тапсырманың жеті түрін жасауға мүмкіндік береді:

- жалғыз таңдау тапсырмасы;
- бірнеше таңдау жауаптары бар тапсырма;
- реттілік орнату тапсырмасы;
- сәйкестікті орнатуға тапсырма;
-санды қолмен енгізетін тапсырма;
- мәтінді қолмен енгізетін тапсырма;
- суреттегі орынды көрсету тапсырмасы.

Әрбір тапсырма үшін өзіңіздің қиындық деңгейіңізді және аяқтау уақытыңызды орнатуға болады. Тестілеуді аяқтағаннан кейін бағдарлама бес балдық шкала бойынша баға қояды, бұл мұғалім үшін өте ыңғайлы, өйткені ол өзінің құнды уақытын тест тапсырмаларын тексеруге жұмсамайды, бағдарлама бірден баға береді және қайта қарауға мүмкіндік береді. [3, 22 б.]

Сонымен, география сабақтарында АКТ-ны қолдану мыналарға мүмкіндік береді:

- сабақты заманауи ету, яғни. көрнекі, түрлі-түсті, ақпараттық, интерактивті және уақытты үнемдейтін (түстерді, графиканы, дыбысты және барлық заманауи бейне жабдықтарды пайдалану нақты уақыт ортасын қайта құруға мүмкіндік береді);
- мектеп курстарының мазмұнын жаңарту, тереңдету және жүйелеу, оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдануды белсендіру, сабақтың ақпараттық байлығын арттыру, оны серпінді ету ;
- оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ақыл-ой әрекетін белсендіру;
- оқушыға бағдарланған тәсілді жүзеге асыру және оқытудың дифференциациясының жоғары дәрежесін қамтамасыз ету (оқу қарқынының дифференциациясы, оқу тапсырмаларының қиындықтары және т.б.);

- география сабағында және сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің әртүрлі формаларын пайдалану, пәнаралық байланысты жүзеге асыру (жеке, топтық және т.б.);

- білімді бақылауды, оқушыларға баға қоюдағы объективтілікті жақсарту, «оқу нәтижелерін бақылау мен бағалаудың тиімділігі мен объективтілігін» арттыру;

- әртүрлі ақпараттық ресурстарға (анықтамалық жүйелер, электронды кітапханалар және т.б.) қол жеткізуді қамтамасыз ету және ақпаратты алу және пайдалану процесін жеделдету;

- мұғалімнің беделін арттыру, географиядан алшақ, бірақ компьютерге құмар оқушылармен қарым-қатынасын жақсартуға өзгерту;

- оқушылар арасында рефлексияны қалыптастыру (оқыту бағдарламасы студентке өз іс-әрекетінің нәтижесін көрнекі түрде көрсетуге, қате жіберілген мәселені шешудің кезеңін анықтауға және оны түзетуге мүмкіндік береді);

- мұғалімдер мен оқушылардың сабақтағы өнімділігін арттыру;

- мектептегі білім беру процесінде оқушыларға өз оқу траекториясын еркін таңдауға кең мүмкіндіктер беру. Демек, білім алушының рөлі өзгереді, ол пассивті тыңдаушының орнына өзін-өзі басқаратын, оған қолжетімді ақпарат құралдарын пайдалана алатын тұлғаға айналады.[4, 10 б.]

География сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың келешегі сан алуан және шексіз, оларды оқу процесінде тиімді пайдалану көп жағдайда мұғалімнің компьютерлік сауаттылық саласындағы құзыреттілігіне және компьютерлік сабақты өткізу әдістемесін меңгеруіне байланысты.

География сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен ұштастыра отырып жүйелі түрде пайдаланған жағдайда өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін айтарлықтай арттыруға болады.

Дегенмен, оқушылардың денсаулығын сақтайтын оқу жағдайларын ескеру және мектеп оқушыларының психикалық және физикалық денсаулығына пайда әкелетін және зиян келтірмейтіндей АКТ-ны оқу және сабақтан тыс жұмыстарда ұтымды пайдалану қажет.[5, 48 б.] Географияны оқытуда АКТ-ны қолданудың негізгі міндеті – оның іргелі сипатын сақтауға және тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қазіргі және болашақ қажеттіліктеріне сәйкестігіне негізделген білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз ету.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-комуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі. «География журналы», 2007 ж. 33-34 б.

2.Айсина М. Дамыта оқыту білім мен тәрбие өзегі //Қазақстан мектебі №2 2006 ж. -56 б.

3.«География және Табиғат» №5, 2012ж. -22 б.

4.Оқу үрдісінде интерактивті тәсілдерді пайдалану тиімділігі «Қазақстан мектебі» №3, 2012 жыл. -10 б.

5.«Ақпараттық технология – нәтижелі білім» «Қазақстан мектебі» №6, 2012 жыл -48 б.

ӘОЖ 37.456.23

# САБАҚТА ОЙЫН ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**НУРАЛИЕВА М.Б., ЖАКСЫМБЕТОВА Н.А.**
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушылары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены эффективные интерактивные методы, применяемые для формирования творческих навыков и создания среды для саморазвития студентов. Авторы рассмотрели некоторые вебприложения более детально.

**Summary.** The article focuses on how to use effectively interactive games in the teaching process to involve students in creative works and inspire them to self-development. The authors aim to prove that using web applications in the teaching process is a modern approach that offers many benefits for all involved and guarantees the quality of teaching in general.

Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі жастар. Оларға бірдей талап қойып, олардың қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан да мұғалімдердің бүгінігі мақсаты – әрбір білімгерге түбегейлі білім мен олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Мектептің тірегі де, тіреуі де – оқыта білеті мұғалім», - деп А. Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес. Жан-жақты білім бермейінше, дарынды тұлға тәрбиелеу де мүмкін емес.

Дарында тұлға – өз ортасынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін адамдар [1] екенін ескерер болсақ, дарынды тұлғаның қабілетін ашуда ақпараттық-инновациялық технологиялардың маңызы зор.

Қоғамның барлық саласында орын алып жатқан өзгерістер қазіргі білім беру жүйесіне де жаңа, әртүрлі көзқарастар қалыптастыруда. Осының салдарынан оқытуға жаңа талап қойылуда: ол – қарқынды дамып жатқан заманда балаларды «еркін жүзуге», қайталанбас жеке тұлға қалыптастыру.

«Инновация» түсінігі латын тілінен аударғанда «жаңару, тапсырма, жаңашылдық пен өзгеру» дегенді білдіреді. Педагогика саласына келер болсақ «оқу ісіндегі тәрбиелеу мен оқытудың жаңашылдығы» деуімізге болады.

Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласына енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып отыр. Ақпарттық техниканы үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпарттық технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясының туындауына себеп болды.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабаққа қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1.Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;

2.Тіл байлығын дамытады;

3.Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

4.Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;

5.Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады;

Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор.

Бүгінгі күні ақпараттық және бағдарламалық білім беруді қамтамасыз ету жетістіктері негізінде білім алудың ауқымды мүмкіндіктері туып отыр. Кез-келген адам білім алу барысында білімнің сапалы болғанын қалайды. Бұл кезекте ақпараттық технологияның атқарар рөлі ерекше.

Қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникациялар әр деңгейдегі оқу ақпаратын алу және білім беруде дәстүрлі оқыту әдістерімен бірдей, кейде одан да тиімді түрде жүзеге асырады. Адамның компьютер көмегімен атқаратын оқу іс-әрекеттері өте күрделі және алдуан түрлі. Оларды төменде атай отырып, біз бұр іс-әрекеттің негізінде оқушыларда шығармашылық ойлау пайда болатынына көз жеткіземіз:

- игерілетін теориялық білімдер жүйесінің негізінде жаьқан жалпы қатынастарды табу мақсаты бойынша оқу міндеттерінің шарттарын қайта құру;
- аталған қатынастарды графикалық және белгі түрінде модельдеу;
- жалпы әдіс негізінде нақты практикалық міндеттерді бөліп алып, шешу;
- алдыңғы іс-әрекеттің орындалуын бақылау;

көрнекі құралдың жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиялық энциклопедия, электрондық оқулықтар мен дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда балалардың қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай туғызар еді. [3]

Осындай АКТ- ның бір мүмкіндігі ретінде **«kahut»**, **«quizizz»**, **«umaigra»**, **«joyteka»**, **«learningapps»**, **«flippity»**, **«educandy»**, **«wordwall»** онлайн ойын – тест платформаларын айтуға болады. Мұндай платформалар уақытты үнемдеуге, балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, интернеттің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға өз септігін тигізеді.

Ойын платформалары айқын қойылған мақсатпен, оған сәйкес педагогикалық нәтижесімен, оқу-танымдық бағытпен ерекшеленеді. Ойын арқылы оқыту – кәсіби қызметін, адамгершілік қарым-қатынастармен және жеке қиындықтармен сабақтас мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Оқу үрдісінде ойын технологияларын енгізу барысында құндылық бағыттар мен

кәсіби қызметтің негіздері қалыптасып, әлеуметтік өзара әрекеттесу сәті іске қосылады. Ойын функциялары: үйлесімділік, болжамдылық, әлеуметтік түзету(коррекция). Қызықты фактілерді, қосымша ақпараттарды өз бетінше іздеуге бағытталған қызметтің белсенді, шығармашылық түрі; Жарысу, бәсекелестік, жеңіске жету талабы мен нәтижені жақсартуға деген талпыныс, эмоционалды қызмет; Педагогикалық қызметте ойын технологияларын қолдану – құзыреттіліктер негіздерін қалыптастырудың жолдары. Мысалы педагог компьютері арқылы бір мезетте бір тесті әртүрлі гаджеттермен қатыстыра аласыз. Ең маңыздысы білімді тексеруді ыңғайлы қызықты ресурс болып саналады. LearningApps.org интерактивті модульдерді қолдану арқылы оқыту мен оқыту үдерісін қолдау үшін Web 2.0 бағдарламасы. Қолданыстағы модульдер жаттығу мазмұнын тікелей қамтуы мүмкін және олар он-лайн режимінде өзгертілуі немесе жасалуы мүмкін. Мақсат - бұл бірлескен бірлестік және оларды жалпыға қол жетімді ету мүмкіндігі. Бүгінгі таңда көптеген компьютерлік мультимедиалық программалар, компьютерлік дидактикалық ойындар мен оларды құрудың тәсілдері бар. Мұндай ойындар оқу материалдардың есте сақталуы мен ұғынылуына жақсы ықпал етеді. Осындай түрлі ойындар оқушы қиялын ғана дамытпай, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқушы өз мүмкіндіктерін ашып, жаңалыққа, бәсекелестікке ұмтылады. Ойын бағдарламаларының сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды.

Қазіргі заманғы web-қосымшалардың кейбіреуіне тоқталсақ:

**Aurasma**– мобильдік қосымшасы, жарнамалық мақсатта суреттерді, журнал беттерін, жарқағаздарды және көпшілік қолданатын объектілерді жандандыруға арналған қосымша. Оқу үдісінде студенттерге арналған интерактивті силлабустарды табысты құрастыруға мүмкіндік береді;

**Triventy** –оқытушы тестке немесе викторинаны өз компьютерінде жасай алады, ал оқушылар өздерінің мобильді құрылғыларына немесе ноутбукке арналған сұрақтарға жауап бере алады;

**Socrative** – оқу үрдісінде мобилді технологияны қолдану. Socrative сервисі. http://www.socrative.com/Socrative сервисі оқытушыға сабақ барысында студенттердің білімін тексеруге мүмкіндік беретін онлайн дауыс беру жүйесі. Socrative қосымшасы қолданыста өте қарапайым. Тестілеу немесе статистикалық сауалнама Интернетке қосылған кез келген құрылғы арқылы жүзеге асады. Тапсырма студенттерге үш түрлі нұсқада беріледі: тест түрінде, дұрыс/дұрыс емес нұсқасы және қысқаша жазбаша жауап түрінде.Оқытушы әрекеттерінің алгоритмі:1. Жұмысты бастау үшін оқытушыға тіркелу қажет, ол үшін t.socrative.com сайтына кіріп логин мен парольді енгізесіз 2. Бірнеше сауалнама сұрақтарын құрыңыз. Manage Quizzes батырмасын басыңыз. 3. Жұмысты бастамас бұрын студенттерге өз виртуалды бөлмеңіздің нөмірін айтыңыз. Студенттердің саны 50-ден аспауы қажет. Студент ресурсқа кіріп оқытушы айтқан нөмірді, аты-жөнін, фамилиясын енгізеді.4. Тест қорытындысын Google кестесі түрінде берілген интерактивті есеп арқылы немесе Excel файлын электронды поштасынан көре алады. Socrative.com ЦББР-да студенттер тестілеуден өтеді. Ол үшін ғаламторға қосылған гаджеттерді немесе компьютерлерді қолдануға болады (смартфондарда, айфондарда, айпадтарда Socrative Student бағдарламасы орнатылуы тиіс).

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі – ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпарттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) мұғалім қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеістігін заманға сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Білімді ақпарттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге сауы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпарттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен компьютер саласы мамандарының күш-жігерін жан-жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді.

Ақпарттық технология – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде талаптарға сай қолдану керек. Негізгі субьект – мұғалім. Компьютерді мұғалім қоысмша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Ол ақпарттанушы емес, оқушының жектұлғалық жіне интеллектуалды дамуын жобалаушы. ал, бұл дегеніміз, мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық

қабілеттілікті, балаларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерісіне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Білім әлемінде. - №4, 2016 ж.
2.Білім технологиялары. - №2,4,6, 2013 ж
3.Техникалық және кәсіптік білім. - №1,2016ж
4.Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы. -Астана. Ақорда. 2018ж.
5.Юлдашева М. У. Педагогические инновации в методологии преподавания языков.
6.Ярочкина Е. В., Джаикова М. К., Использование критического мышления на уроке.
7.Яхновец В. Н. Опыт применения инновационных технологий и методов в практике современного образования.

ӘОЖ. 784. 01

## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУ ТАНЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**АЛИЕВА П.С.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье, по данным педагогической науки, формирование гуманистического отношения к детям основано на принципах признания человека личностью, его права на свободное развитие и признания его способностей, возможностей и основных принципов. ценности.

**Summary.** In the article, according to pedagogical science, the formation of a humanistic attitude towards children is based on the principles of recognition of a person as an individual, his right to free development and recognition of his abilities, capabilities and basic principles. values.

Педагогика ғылымының мәліметтері бойынша балаларға деген гуманистік көзқарасты қалыптастыру адамның тұлға ретінде танылуы, оның еркін даму құқығын және оның қабілеттерін, мүмкіндіктерін таныту, негізгі құндылықтарды тану туралы ережелерге негізделген. Мектепте – оқушылар мен мұғалімдер, олардың бірлескен жұмысы. Осыған байланысты, оқу үрдісінде мұғалімнің жеке тұлғаға бағдарланған позицияны жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға назар аударылады. Білім беру жүйесін дамытудың негізгі стратегиялық бағыты, Ш.А. Амонашвили: «Тұлғаға бағытталған білім беру мәселесін шешу жолымен жүреді – бұл білім алушының, оқушының жеке басының назарында болатын білім»-деді [1].

Оқытудағы кәсіби бағдарланған тәсілдің педагогикалық шарттары: балалардың жеке қабілеттерін дамытуды іске асыру жолдары; және баланың маңызды күштерін ашу және дамыту; қызығушылықтарын ескере отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бейімділік, ойлау түрі; оқушылардың өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыруға бағдарлау. Педагогикалық көшбасшылықтың тұлғалық-бағдарланған стилі авторитарлыққа қарсы. Мұғалім міндеті оқушылардың білімді меңгерудегі табыстылығын, интеллектісін болжау. Әдептілікпен, балалармен қарым -қатынас жасауға, жанмен сөйлесуге, олардың психикалық жағдайын басқаруға қызығушылықпен; оқушылардың қарым-қатынас диалог, кәсіби элементтерді, мектеп оқушыларына қарым -қатынас ережелерін түсіндіру танымал және қызықты қатынасқа тарту, олармен қызығушылық танытқан адамды жетелеу және оларды өмірде қолдану, балалардың өзіндік қасиеттерін бақылау арқылы талабын аша білу болып табылады.

Әлеуметтену (лат. Socialis - қоғамдық). Тұлғаның әлеуметтену жүйесі- бұл индивидтің әлеуметтік жеке нормаларын, ережелер, тәжіриебе, жеке тұлғаның қасиеттерін меңгеру процесі: отансүйгіштік, азаматтық, әлеуметтік интеллект, әлеуметтік белсенділік, әділдік, руханилық, еңбек мәдениеті, еңбексүйгіштік, көпшілдік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік. Қоғамда белсенді

адам әлеуметтік, қажеттіліктерге сай интенсивті, тиімді, шығармашылық танымдылықты түрлендіру қабілеті адами ретінде түсіндіріледі және жеке мүдделер есепке алынады [2].

Әлеуметтену - бұл әр түрлі қызметте жүзеге асатын ажырамас қасиет: танымдық, әлеуметтік пайдалы, еңбек, моральдық, көркемдік -эстетикалық, дене шынықтыру, спорт және т.б.
ғау туралы.

Кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтеуге негізделген: **проблемалық оқыту** – оқытудың бір түрі, оның мәні проблемалық жағдай туғызу және білім беру міндеттерін өз бетінше шешу үшін оқушылардың іс-әрекетін бақылау болып табылады. Мәселені оқушылардан белгілі бір әрекеттерді меңгеруді талап ететін тапсырмаларды теориялық және немесе практикалық тапсырмалардың жиынтығы деп түсінуге болады. Проблемалық оқытудың ерекшелігі мұғалім білімін дайын түрде көрсетпейді, оқушыларға есептер шығару беріледі. Проблемалық оқыту бірнеше кезеңнен тұрады: мәселені шешу, жағдайды талдау негізінде проблеманы қою, мәселені шешу, оның ішінде гипотеза ұсыну, оларды ауыстыру және тексеру, шешімді тексеру. Бұл процесс проблемалық жағдайда туындайтын және мәселені түсінуді, оны шешуді және соңғы қорытындыны қамтитын ойлау әрекетінің үш фазасына ұқсастық бойынша дамиды (С.Л.Рубинштейн бойынша)-проблемалық оқыту қандай әрекеттерге және мәселені шешу үшін қанша әрекет жасалатынына байланысты оқушылар үшін күрделілігімен ерекшеленуі мүмкін. В.А. Крутецкий оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін ажыратуға негізделген дәстүрлі оқытумен салыстыра отырып, проблемалық оқыту деңгейінің диаграммасын ұсынды [3].

**Бағдарламалық оқыту** – оқушыларға әртүрлі категориялар бойынша білім мен дағдыларды өз бетінше меңгеруге мүмкіндік беретін теориялық түсініктер мен ұйымдастыру формаларының жүйесі. Қазіргі таңда бағдарламаланған оқыту оқушының өзіндік жұмысының құралы ретінде қарастырылады. Бағдарламаланған оқыту әр оқушының жеке ерекшеліктеріне, даму деңгейіне, оқудың жеке қарқынына байланысты оқу үдерісін барынша даралау қажеттілігіне байланысты. Бағдарламалық нұсқауларға негізделген қатаң жүйеленген оқу жоспары:

-Оқу материалдары;

-Оқушының оның дамуы үшін әрекеті;

-Ассимиляциялық бақылау нысандары.

Бағдарлап оқытудың негізгі принциптері мен артықшылықтарын бөліп көрсетуге болады:

-Оқу материалын мөлшерлеу;

- Белсенді өзіндік жұмысы;

-Ассимиляцияны үнемі бақылау;

-Жеке оқыту курстары;

-Ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндігі;

**Дамыта оқыту** – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл оқушылардың білімге деген құштарлығының төмендеуінен, оқуға құлықсыздығынан, танымдық қызығушылықтарының даму деңгейінің төмендігінен. Мұғалім өз ісіне кіріскенде, табысқа жету үшін тек білім мен дағдының жеткіліксіз екенін тез түсінеді. Дамыта оқыту әдістемесі – консервативті педагогикалық санада түбегейлі төңкеріс ұсынатын сапалы жаңа білімдер жүйесі және негізгі есте сақтау, қайта жаңғырту және оқу әрекетіне еш қатысы жоқ білім.

Дамыта оқыту тұжырымдамасында оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін баланың жан-жақты дамуына тікелей бейімделген форма, әдіс және мазмұн деп түсінеміз. Дамыта оқыту технологиясының мақсаты – оқушылардың оқу іс-әрекетінің психологиялық негіздерін қарастыру, мектепте дамыта оқытудың әдіс-тәсілдерін көрсету. Дамыта оқытудың негізі – белсенді оқыту әдісі. Белсенді оқыту дидактикалық процесті ұйымдастыру әдісінен дамытушылық, проблемалық, зерттеушілік ізденіске көшуімен белгілі, оқуда шығармашылыққа жағдай жасайды, танымдық үрдісті белсендіреді.

**М.Новиков белсенді оқытудың келесі айырмашылықтарын атап өтеді:**

1) Психикалық белсенділікті арттыру. Мұнда оқушы өзінің қалауына қарамастан белсенді болуы керек;

2) Оқуға ынталану кезеңі айтарлықтай ұзақ;

3) Шығармашылық шешімдерді өз бетінше қабылдау, оқушылардың жоғары эмоционалдық және мотивациялық деңгейі [4].

Қазіргі таңда дамыта оқытудың бірнеше теориялары анықталып, жүзеге асырылуда. Онда балаға қоршаған ортамен әрекеттесетін жеке тұлға рөлі тағайындалады. Мұның бәрі мұқият зерттеуді қажет етеді. Мұғалім дамыта оқытудың принциптерін меңгеріп қана қоймай, оны оқу процесінде шығармашылықпен пайдалану үшін сабақты ұйымдастыруға деген көзқарасын өзгертіп,

игеріліп жатқан технологияға толық енуі қажет. Технология келесі өзара байланысты принциптерден тұрады. Дамыта оқыту технологияларымен жұмыс істеу үшін мұғалімге не қажет? Бұл технологияның өзі дамып келе жатқан білім беру кеңістігінде ерекше ұйымды ұсынады. Әдіскердің міндеті – әртүрлі бағыттарды зерттеуге жағдай жасау, мұғалімдерді әдістемелік әдебиеттердің алуан түріне бейімдеу. Оқыту жүйесін әзірлеуде ерекше тәжірибесі бар мұғалімдер жиі бірқатар сұрақтарға тап болады:

-Көп жағдайда жоғары білімді көрсету үшін мұғалімдердің білімі жеткіліксіз, өйткені сабақтан алшақтау байқалады: материалдың көптігі, оның жан-жақтылығы, пәнаралық байланыс [5].

-Дамыта оқыту бойынша мұғалім жұмыс ортасын құра алмайды. Сабақ мазмұнындағы тапсырмалардың құнды әлеуетін көрмейді, шындықты анықтауға және талқылауға сыныпты жұмылдырмайды.

-Оқыту мазмұнының мән-мағынасын толық түсінбеу, оқушылардың өз ойын жеткізе алатын эмоционалды ортасына қол жеткізбеу салдарынан сабақтың кіріспе бөлімі жиі үзіліп қалады.

Кейде мұғалімдер оқулықтар мен бағдарламаларға сәйкес емес, көбінесе өзінің кәсіби шеберлегіне, алған тәжірибесіне, дәстүрлі әдістерді жаңаша бағытта жандандыру, өз жұмыстарының ерекше түрін ұсынуға тырысады.

Жаңа білімді, іс-әрекет әдістерін жасаумен, меңгерумен байланысты; қызығушылығымен, болжамдығымен, тапқырлығымен; икемді ойлаумен, тамаша есте сақтау қабілетімен, кез -келген әрекетке ынтасы бар. Оқу әрекеттері нұсқауларға, ережелерге сәйкес стереотипті түрде орындалады; материал оқулықтағыдай, мұғалімнің түсіндірмесіндегідей көлемде, ретпен ассимиляцияланады; білім іздестіру әрекетінсіз есте қалады; тәрбиелік тапсырмалар еліктеу, көшіру деңгейінде орындалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Сейтжанов Қ. Педагогика тарихы. –Алматы «Білім», 2012 ж.

2.Джуринский А.Н. Зарубежная школа: история и современность. – М., 2004

3.Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана. Алматы-2011

4.Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед.соч в 6 т

5.Бержанов К.Б., Мусин С.М., Педагогика тарихы. –Алматы, 2004.


ӘОЖ:159.9

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ


**МАМБЕТОВА А.М.**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы, психология магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**МАРКАБЕК М.Е.**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье на тему «Влияние семейных расстройств на формирование девиантного поведения», расматриваеться актуальность исследования, обусловленнная необходимостью своевременно определить состояние личности, которая провляеться в несформированности свойств субьекта деятельности общения, самосознание и концентрированно выражается в нарушенном образе «Я».

В работе расмотрены труды, а также концепций психологических особенности подростков (С.Холл,З.Фрейд) на теоретической основе рассмотрена развитие личности и причины возникновения трудности в становление личности. Общее развитие личности описывается в соответствий систематичного влияния семьи, социума.

В работе описывается комплексные и системные диагностические работы, а так же профилактика и коррекция девиантного поведения прдростков.

**Summary.** In the article on "The Influence of Family Disorders on the Formation of Deviant Behavior," consider the relevance of the study, due to the need to determine the state of the person in a

timely manner, which is carried out in the non-formation of the properties of the subentity of the activity of communication, self-awareness and is concentrated in the disturbed image "I."

The work examines the works, as well as the concepts of psychological characteristics of adolescents (S. Khall, Z. Frade) on a theoretical basis, the development of personality and the causes of difficulty in the formation of personality are considered. The general development of personality is described in accordance with the systematic influence of the family, society.

The work describes comprehensive and systemic diagnostic work, as well as the prevention and correction of deviant behavior of the offspring.

«Девиантты мінез-құлық» терминін психологияда көбіне жастық категориямен, яғни жеткіншектік кезеңмен байланыстырады. Бұның себебі жасөспірімдік кезең әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және әлеуметтік жағдайлардың дамуына жоғары сензитивтілікпен ерекшеленеді. Дәл осы жаста баланың мінез-құлық девиациясы отбасы, мектеп ұжымы шекарасынан шығып, қиын мәселені туындатып, қоғамға, өзіне қауіп төндіре бастайды. Девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен салдары оның тұлға ретінде дамуына қатты әсер етуі мүмкін.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды [1]. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» терминінің қолданылуы жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады. Қиын бала туралы ұғымда қай терминді алсақ та қателеспейміз.

Негізінен, ғылыми бірлестікте девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері туралы пікрлестік жоқ. XX ғасырдың басында девиацияның себептері туралы биололгиялық және психологиялық тұжырымдар кең тарады. Италияндық дәрігер Ч.Ломброзо адамның асоциалды мінез-құлқы мен биологиялық ерекшеліктерінің арасында тікелей байланыс бар деп есептеген. Ол атап көреткен «туа біткен қылмыскер» типі астыңғы жақ сүйегі шығыңқы, бір жерінің ауырғанына сезімталдығы төмен және т.б. азып бара жатқан индивидті көрсетеді. Американдық психолог У.Х.Шелтон адамның дене бітімі оның мінез-құлқын анықтайды деп есептеген. Оңалту орталығында 200 ұл балаға жүргізілген зерттеуге сүйеніп, Шелтон девиацияға атлеттік дене бітімі бар адамдар анағұрлым бейім деген қорытынды жасайды. Кейіннен психологиядық тұжырымды қолдаушылар девиацияны психикалық ерекшеліктермен (психиканың тұрақсыздығымен, эмоционалды ерікті саланың дамымауымен) байланыстырады.

Жеткіншектің даму кезеңдеріне назар аударған ғалым Ж.Ж.Руссо болды. Ол өзінің «Эмиль» атты романында осы кезеңнің адам өміріндегі психологиялық маңызын атап көрсеткен. Жеткіншектік шақты «екінші рет дүниеге келу» ретінде сипаттап, аталмыш кезеңнің мына ерекшелігін - өзіндік сана – сезімнің өсуін атап көрсетті. Бірақ жасөспірімдік кезең идеясының ғылыми тұжырымдамасын С.Холл 1904 жылы жарық көрген «Есею: оның психологиясы, сонымен қатар физиологиясымен, анторпологиямен, әлеуметтанумен, жыныстық қатынаспен, дінмен және білім берумен байланысы» атты еңбегінде берген.

Холлды жеткіншектік жас психологиясының «атасы» деп әділ атаған, себебі ол аталған құбылысты түсіндіретін тұжырымды ғана ұсынып қоймады, сонымен қатар, әдетте жасөспірімдік кезеңмен байланыстыратын мәселелер шеңберін анықтады. Неміс романтизмі философиясының ізімен Холл жасөспірімдік кезеңнің мазмұнын сананың дағдарысы («құйын мен басымдылық») деп көрсетті, бұл дағдарыстан өткеннен кейін адам «жеке тұлғалқ сезіміне» ие болады деген пікір айтады. Холл өз үлгісін адамзат тарихындағы романтизм дәуіріне сәйкес тұжырымдайды, яғни жасөспірімдік кезең – балалық шақ пен ересектік күйдің арасындағы аралық кезең.

Жеткіншектік жастың теориялық үлгісі батыс психологиясының басты бағыттарының бәрінде көрсетілген. З.Фрейд пен А.Фрейдтің (психологиялық сараптама), К.Левиннің (гештальтпсихология) және Р.Бенедиктің (бихевиоризм) теорияларының бір-бірінен айырмашылқтары болғанымен, бұл теориялардың барлығы онтогенетикалық дамудың жалпы үлгісінен бастау алатындығы оларды біріктіреді. Жеткіншектік кезеңнің мазмұндық жағынан өзгеше батыс теориялары дәл осы жерде, жалғыз тармақта психикалық даму үдерісін болмысынан бейімдегіш ретінде түсінуде тоғысады, себебі эволюциялық үлгіде даму ағзаның ортаға (қоғамға) бейімделуінің шартты қажеттілігі ретінде қарастырылады[1]. Алайда «әлеуметтік ортаның» факторларына бихевиоризмге, гештальтпсихологияға, психологиялық сараптамаға және басқаларға батыс теориялары әр түрлі түсінік береді.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттеліп жаңа сипатқа ие болуда және әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық (М.А.Алемаскин, А.С.Белкин, Л.М.Зюбин, Д.В.Колесов, Г.П.Медведев, М.Ф.Мягков, Д.И.Фельдштейн және т.б.); клиникалық (Г.А.Власова, В.Я.Гиндикин, О.В.Кербиков, В.В.Ковалев, М.З.Певзнер, Г.Е.Сухарев және т.б.); криминологиялық (М.М.Бабаев, К.Е.Легошев, Г.М.Миньковский және т.б.) аспектіде қарастырылуда.

Қазақстандағы девиантты балалар мәселесі В.Г.Баженов, В.П.Баженова еңбектерінде сипатталса, Ж.Қайырова, Р.Қойлыбаева, Г.Қалиева, Қ.Серікбаев, А.Аңламасова т.б. мақалалары түрлі педагогикалық-психологиялық журналдарда жариялануда.

Сонымен қатар, өзіміздің Тараз мемлекеттік педагогикалық институтымыздың профессорлары, оқытушылыры, магистранттары осы мәселеге байланысты көптеген ғылыми мақалалар, еңбектер жазған. Атап айтсақ: Т.Қ.Бөлеев, Д.А.Сабекова, А.Ш.Стыбаева, Ж.А.Өскенбаева т.б. көптеген педагогтарымызды айтуға болады. Сонымен осы заманға дейінгі ғалымдардың енбектеріндегі ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын талдай келе, біз мынадай қорытында жасай аламыз: девиантты мінез-құлық - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейде бір әдебиеттерде «антидисциплиналық» деп те атайды.

Девиация бірнеше типтен тұрады:

- Девиантты
- Делинквентті
- Криминалды мінез-құлық

1.Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

2. Девиацияның екінші түрі – делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшеленеді. Оның мынадай типтері бар:

- Агрессивті – зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерден көрініс береді.
- Ашкөздік мінез-құлық: ұсақ ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.
- Наша сату және тарату.

3. Криминалды мінез-құлық – заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады [2,3].

Зерттеу объектісі ретінде девиантты мінез-құлықты ғылыми білімдердің түрлі сфералары зерттейді: психология, (тұлға психологиясы, әлеуметтік психология), медицина, юриспруденция, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасының профилактикалық, яғни алдын-алу жұмыстары – бұл жағдайы нашар отбасы және олардың әлеуметік-психологиялық белгілеріне негізделген жұмыстар есебінде жүргізілінеді. Мұндағы ескерілінетін жайт: жағдайы нашар отбасы - девиантты баланың пайда болуының ең басты себебі. Сондықтан да, мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының түрлерін алдын-алу – бұл отбасында оқушылар мен ата-аналардың, ал мектепте оқушылар мен мұғалімдердің белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеті және өсіп келе жатқан жас ұрпақтың салауатты өмір салтына тікелей әсер ететін биологиялық, адамгершілік, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мақсаттарға бағытталған нақты шарттарының қалыптастырылу негізі.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының әлеуметтік белгілеріндегі алдын-алу жұмыстары оқыту мен тәрбиелеу процессінде өте жоғары әсерлілікпен жүзеге асырылынатын жүйе. Мұндай жүйе оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын байланыстыратын психоәлеуметтік, педагогикалық және профилактикалық міндземелерінің арақатынасын, оқу мазмұнымен, оқытудың әдістері және құралдарымен, онымен қоса оқыту формаларын ұйымдастыру жүйесімен және оқудан тыс жұмыстары арылы көрініс табады.

Әлеуметтік ортадағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасын алдын-алу жүйесінің арақатынастары бір-бірімен байланысуы келесідей компоненттерді құрайды:

1.Аутоагрессияның формалары мен зиянды әрекет етуі туралы білімдерді оқыту мен тәрбиелеу процессінде тек сабақта ғана емес, сонымен қоса сабақтан тыс жұмыстарда да жүйелі хабарлап отыру;

2.Болашақ мұғалімдерді оқушылардың мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының алдын-алу жұмыстарына әлеуметтік, яғни қоғамдық ортадағы белгілерді ескере отырып даярлау;

3.Отбасы жағдайындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарының ерекшеліктері;

4.Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарына бағытталған мерекелік іс-шараларға қатысушыларды белсенді араластыру[1,4].

Зерттеу процесінде, біз осы берілен жүйелердің компоненттерінің қайсысын көбірек қолданыла алатынымызды жан-жақты қарастырдық.

Берілген жүйеде, тек отбасында және мектепте барлық қажетті шарттар сақталынып, орындалып жатқан жағдайларда ғана, қатысушылардың барлық жастарында салауатты өмір сүру салты дұрыс деңгейде қалыптастырылатындығы анықталынды.

Сондай-ақ девиантты бала бойындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу, бір жағынан, мектеп пен обасы ынтымақтастығынан, ал екінші жағынан, мектептегі мұғалімдердің, сынып жетекшілер мен дәрігер қызметкерлердің бірлескен іс-әрекетінің сапалылығы мен әсерлілігіне тәуелі болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Кравцова Т.М. Психологические аспекты изучения проблемы девиантного поведения // ҚазҰУ хабаршысы.

2.Тесленко А.Н, Керимбаева М.С, Джакупова Г.А. Профилактика подростковый девиации: теория и практика. Астана, 2005. – 320с.

3.Психология және социология сериясы. №3/4 (18/19), - С. 33-3.Формирование личности в переходный период: от подросткового к юношескому возрасту. – М.: Педагогика, 1987. – 486 с.

4.Психология: словарь. – М.: Политиздат, 2004. – 389с.



ӘОЖ 821.512.


## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛДІ ТОПТАР БІЛІМГЕРЛЕРІНЕ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ


**АРХАБАЕВА Г.Е., ИГИЛИКОВА Э.С., САРСЕНБАЕВА М.Б.**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушылары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме**. 11 июля 1997 года был принят Закон «О языке в Республике Казахстан». В его четвертой статье говорится: «Государственным языком Республики Казахстан является казахский язык». В статье рассматривается место преподавания предмета «Казахский язык» в русскоязычных группах в высших учебных заведениях и практическая работа в них.

**Summary.** On July 11, 1997, the Law "On Language in the Republic of Kazakhstan" was adopted. Its fourth article states: "The state language of the Republic of Kazakhstan is the Kazakh language."The article discusses the place of teaching the subject "Kazakh language" in Russian-speaking groups in higher educational institutions and practical work in them.


Қазіргі кезде елімізде түрлі экономикалық-әлеуметтік реформалар жүріп жатыр. Өмір өзен толқынында ғылымда жаңалықтар ашылып, экономикамыздың дамуы қарқын алып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттың жақсара түсетініне үміт артып, алдағы уақыттан тек жақсылықтар күтілуде. Мұндай оңды, жаңа өзгерістерден жастарға білім беретін білім ошақтары да тыс қалмады. Айталық, ұстаз-педагогтар қауымынан ертеңгі күннің жарқын болашағы – жас ұрпақты, әдепті, білімді, саналы, тәрбиелі, ұлттық мәдениетті меңгерген, шығармашыл ойлай алатын жастарды даярлау ісі талап етілуде. Осыған орай, Қазақстан жұртшылығы мемлекет тарапынан қамқорлықтың қажеттігін қатты сезінуде. Мұның нәтижесінде «Тіл туралы заң» жарияланды (22.09.1989). Оның бірінші бабы – «Қазақ тілі – Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі болып табылады», – деген сөздермен басталды. Мемлекетіміз өз егемендігін алған соң Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) қабылданды, жоғарыда аталған «Тіл туралы Заң» – «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң» болып, (11.07.1997) қайта өзгеріп, жаңаша қабылданды. Жаңа

Заңның 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» деп нақты атап көрсетілді. Сондай-ақ «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (1998) т.б. республикадағы тіл мәселелерін реформалауды жүзеге асыруға негіз болатын, басқаша айтқанда еліміздегі тіл саясатын іске асырудың басқа да негізгі құжаттары дүниеге келіп, оларда айтылған мәселелер мүмкіндігінше әрқалай атқарылып отырды.

Қазақ ұлтының ұлттық ана тілі – қазақ тілінің «мемлекеттік тіл» мәртебесін алғанына дақазіргі кезде отыз төрт жылдан асты. Десек те, мемлекеттік тілдің тұрмыстың барлық салаларында жан-жақты бірдей дамуына, қолданылуына әлі де толық қол жеткізе алмай келе жатқан жайымыз бар. Әрине, оның әр түрлі себептерінің де, салдарының да бары рас. Ол жайлы республикалық басылым беттерінде, радио-теледидарларда көп айтылып та, жазылып та жатқан жайы бар.

Тіл білімі жайлы әдебиеттердің бірінде «мемлекеттік тіл» сөзіне мына төмендегіше: «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ (орыс. государственный язык) – бүкіл мемлекет аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», - деп анықтама берілген [1, 211-б.]. Ия, таратып айтар болсақ, біздің білуімізде бүкіл еліміздің аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында, анықтамада айтылғандай – **мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу** және **іс қағаздарын жүргізу, ғылым, білім, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия** т.б. сияқты салаларда мүмкіндігінше толыққанды қолданылуы үшін қоғамымызда қажеттілік жағдайын тудыру керек еді. Бірақ ол болмады, қоғам оны тудыра алмады. Осы себептен де келіп, оның қолданылу өрісі де болмады. Заң баптарының, оның тармақтарының орындалуын – іс жүзінде іске асырылуын тиісті органдар қатаң бақылауда ұстауы керек еді, бірақ бұл мәселеге де қажетті қосымша құжаттар дер кезінде жасалмады. Нәтижеде – өзі **қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуы тиіс, соның негізінде дамитын мемлекеттік тіл – *қазақ тілі*** қолданылатын өрісі болатұра оның орындалуын қамтамасыз ететін тиісті заң тетіктерінің болмауынан да ана тіліміз дамусыз тоқырауға ұшырады, сөйтіп өзіндік дамуы жағынан тұйыққа келіп тірелді. Бұл – біздің елдің мемлекеттік тілімізді дамыту саясатындағы үлкен кемшілігіміз болды. Осындай себептерден де тілдерді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламалары іс жүзінде орындалмай қалды.

Біздің бір білетініміз, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің тұрмысымыздың қай саласында болмасын қолданылуы үшін оны еліміздің жастарына оқытып үйрету, бұл жайда білім беру мәселесіқай кезде де бар болатын, өзекті болатын, қазірде де солай. Оған үкімет тарапынан бұрында да көп көңіл бөлінетін, қазірде де солай, бүгінде де солай сөз болып, көңіл бөлінуде. БұғанҚазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын танымал мақаласында айтқан сөзі нақты дәлел бола алады. Онда былай деген: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», - дейді [2].

Рас, ашығын айту керек, мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде бұл өте орынды айтылған сөз. Біз Президент сөзін толығымен шын жүректен қолдаймыз: ол – ашық айтты: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», – деді; ашып айтты: «Міндеті деп те айтуға болады», – деді; жақауратып та айтты: «Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді» [2], – деді. Басқаша не деуге болады? Айтыңыздаршы.

Біздің Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында оқитын барша білімгерлер білімді, негізінен, қазақ және орыс тілдерінде алады.Өзге тілді білімгерлер институтымызда оқытылатын қанша мамандық бар болса, соның нешеуінде орыс тілді топтар болған жағдайда, сол орыс тілді топтардың бәрінде де«Қазақ тілі» пәні оқытылады, яғни алғашқы бір жыл бойында(1-ші және 2-ші семестрлерде) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – ҚАЗАҚ ТІЛІ институтымызда жеке пән («Қазақ тілі») ретінде жүргізіледі.Бұл пән бізде бұрында да оқытылып келген. Ал енді осы оқыту жағдайындағы біздегі білімгерлердің білім алу сипаты қандай? Бұл туралы бірнеше жылдық іс-тәжірибеміз не дейді. Соны тарқата айтып көрейік.

Біріншіден, айту керек, өзге тілді топтар білімгерлерінің өзара қарым-қатынас тілі – орыс тілі екендігі белгілі.Екіншіден – он бір жыл бойы орыс сыныптарында қазақ тілін мектептің оқу бағдарламасы бойынша пән ретінде оқыған. Сонымен бірге олардың этникалық құрамдары да әр

түрлі. Олардың ішінде – орыс та, өзбек те, кәріс те, дүнген де т.б. бар. Әрі алған білімдері бірдей болғанмен, біліктілігі, сөйлеудегі сөздік қоры жағынанәрқайсысының білімі әртүрлі болатындығы тағы бар. Міне, осындай жағдайда, байқап отырғанымыздай, алдымыздағы білімгерлерімізді қалай оқытсақ болады?

Біздіңше, бірінші кезекте – пән оқытушысы тарапынан алғашқы білім жолына келген бірінші курс білімгерлерінің қазақ тілі жөніндегі білімдерін, түсініктерін біліп, байқау үшін сабақ барысында алдынала бірер зерттеулік байқау, бақылау жұмыстары жүргізілуі керек. Ол – «ауызша бақылау» және «жазбаша бақылау» түрлерінде сабақ үстінде барлық білімгерлердің қатысуымен өтеді, әрі сұрақ-жауап, әңгімелесу сипатында болады.

«Ауызша бақылау» жұмысында – білімгердің қойылған сұрақты ұғыну, оған жауап беру сипаты, дауысы мен сөйлеу мәнері сияқты жайлар бақыланады, ал «жазбаша бақылау» жұмысында білімгерлердің жазуға деген сауаттылығы тексеріледі. Мұндай жағдайда, біріншіден, оқытушы ұстаз білімгер шәкірттерінің білім-біліктерін ой сүзгісінен өткізіп, ғылыми іс-тәжірибе тұрғысынан ойша сараптайтын болса, екіншіден, білімгер шәкірттер алғашқы жылғы бірге оқитын курстастарының білім-білігін байқасады әрі бір-бірлерімен танысып, достаса бастауға жол ашады.

Негізі біздің оқытатын шәкірттеріміздің бәрі университетіміздің қазақ тілді емес орыс тілді аудиторияларында оқиды. Сондықтан да оларға «Қазақ тілі» пәнін оқыту университет кафедраларының оқу бағдарламаларында көрсетілген. Себебі қазақ тілі, біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, екіншіден – Республиканың тұрғылықты халқы – қазақ ұлтының АНА ТІЛІ. Осы себепті де мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу -еліміздің әрбір азаматының құрметті міндеті. Сонымен бірге біздің де, біздің шәкірт-білімгерлердің де міндеті болып табылады.

Сонымен, бақылау-байқау жұмысынан байқағанымыз – оның қорытынды нәтижесі біз ойлағандай болмай шықты. Бастапқыда ойлағанбыз, бұған дейін олар қазақ тілін өздері оқыған мектеп қабырғасында оқу бағдарламасы бойынша он бір жыл бойында оқып шыққандықтан оның грамматикасы ғана қиындық тудырар, ал ауызекі сөйлеу, жауаптасып әңгімелесу жағынан бір кісідей-ақбіліп, сөйлеп қалған шығар деп. Бірақ олай болмай шықты, олай емес екен.

Бірінші курс білімгерлерінің қазақ тілі жөніндегі білімдерін, түсініктерін біліп, байқау үшін жасаған шағын бақылау-зерттеуіміз білімгер шәкірттеріміздің білімінің әр түрлі топтық жағдайларға бөліп қарайтындай жағдайларда екенін байқатты, байқатты да басымызды шайқатты.Мәселен, талдап көрер болсақ:

1.Бір топ бар – қазақ отбасынан. Олардың ата-анасы да, туыс-жақындары да, өзі де қазақ тілінде сөйлейді, тек түскен мамандық тобы орыс тілді топ;

2.Бір топ бар – бауырлас, туыстас тілдер отбасынан (өзбек, ұйғыр, түрік); Бұлар қазақ тілін толық түсінеді, бірақ дұрыс сөйлейтіні де, шала сөйлейтіні де, бірер ауыз сөзден әрі апайтыны да, яғни аса сөйлей алмайтыны да бар;

3.Бір топ бар – тілді біршама ұғатын, аздап сөйлейтін, жазулары – сауатты,таңғаларлық-ақ жай! – орыс, кәріс, күрді т.б.;

4.Енді бір топ бар –бұлар оқығысы келіп келгендей сабаққа келеді: кейде кешігіп келеді,кейде бір сабақтыжіберіп, екінші сабаққа келеді, бір-екі сөзді аузынан әрең сұрап аласың, екі сөздің басын құрай алмайды. Қысқасы, сөйлей алмайды. Бұлар – саны аз болса да орыс ұлтынан.

Міне, осындай әртүрлі мазмұндық сипаттағы бірнеше шағын топшалардан тұратын бірінші курс білімгерлері бір аудиторияда дәріс тыңдауы және оқу орны белгілеген бір бағдарламамен оқуы дұрыс па? Әрине, бұл жерде білімгерлерге қазақ тілінен білім берудің бар ауыртпалығы мен қиындығы пән оқытушысына түсетіндігі белгілі. Ол болса да жағдайдан шығудың жолын қарастырары анық. Бірақ дәл осындай жағдайда аталып көрсетілген білімгерлер топтарының бәріне бірдей оқу жайындағы сабақ кестесінде көрсетілген бір аудиторияда білім беру практикалық жағынан да, теориялық жағынан да қаншалықты дұрыс болған болар еді?

Біздің ойымызша, біріншіден, заманауи талап тұрғысынан әрине дұрыс емес. Екіншіден, уақытша, жағдайдан шығудың амалын іздестірген жағдайда жоғарыда аталған төрт топты шартты түрде үш топқа бөліп оқытқанды дұрыс болады деп ойладық та олардың аттарын мына төмендегіше атадық:

1.«Бастауыш курсы» – «Начальный курс»,

2.«Негіздеуші курсы»– «Основывающий курс»,

3. «Тиянақтаушы курс» – «Усовершенствующий курс».

Бұл жағдайда аталған курстардың оқу мерзімдерінің ұзақтығы әртүрлі болады. Айталық, бірінші – «Бастауыш» курстағы білімгерлер – үш семестр оқуы керек; екінші –«Негіздеуші»

курстағы білімгерлер – екі семестр оқуы керек, ал үшінші – «Тиянақтаушы» топ білімгерлеріне қазақ тілі пәнін бір семестр оқытса да жеткілікті болады деп есептейміз. Әрине, бұл жерде бір ескеретін жай– курс білімгерлерімен жұмыс істейтін пән оқытушысы білікті, тәжірибелі болуы керек-ақ.

Енді, бұл оқыту үдерісінде шешімі күрделіболып келетін бірер жай бар. Оның біріншісі, егер естеріңізде болса, о баста біз біліктілік мазмұнына қарай әр топтағы (турасы – үш топтағы) білімгерлерді институттағы әртүрлі мамандықтардың (мысалы, бізде – 17 мамандық) ішінен іріктеп алған болатынбыз. Сондықтанда бұл пәннің оқу орнындағы сабақ кестесіне қойылуында аздап мәселе туындауы мүмкін.Екіншіден, әдеттегі Оқу бағдарламасы бойынша «Қазақ тілі» екі семестр(бір жыл)оқылуы тиіс. Ал біз ұсынып отырған жоба жағдайында – үш семестр (бір жарым жыл) оқылуы керек.  Десек те, біздің ойымызша, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ тұрғысынан негіздейтін болсақ, бұл мәселелердің де шешімін табуға әбден болады деп ойлаймыз.

Қысқасы, жоғары оқу орнындағы өзге тілді топтар білімгерлеріне қазақ тілінен сабақ берудегі іс-тәжірибеміз бізге мына төмендегідей жайларды түйіндеп беруімізге мүмкіндік берді. Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тілін білу, ол тілде сөйлеу – бүгінгі күннің талабы. Президент сөзімен айтқанда: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы!». Бүгінгі күннің заманауи талабына сай әрі білімгерлер ұғымына жақын, мазмұны мен идеясы ұлттық құндылықтарды сыйлайтын, отаншылдыққа үндейтін қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарын көптеп жазу – оқытушы-педагогтарымыз бен  ғалымдарымыздың асыл міндеті.Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің тұрмысымыздың қай саласында болмасын қолданылуы үшін оны еліміздің жастарына оқытып үйрету, бұл жайында білім беру мәселесі қай кезде де өзекті. Сондықтанда оның тиімді жолдарын іздестіру, оны шығармашылық жігермен орындау – біздің азаматтық әрі патриоттық борышымыз. Қазақ тілін (кезкелген қай тіл болсада) үйренуге де, үйретуге де қолмен, іспен  орындап жаттығып отыру (практика жасап отыру) керек. Басқаша айтқанда, екінші бір адаммен дауыстап – амандасуыңыз, сөйлесуіңіз, не әңгімелесуіңіз, не пікірлесуіңіз, ...  соңында қоштасуды ұмытпай қоштасып, сөйлесіп отыруыңыз керек. Бұл мүмкіндігінше күнделікті болып отырғаны жөн.

Әрине, бәрі қазақ тілінде болуы тиіс, серігіңіздің тек қазақ болуы міндетті (досыңыз, жолдасыңыз, жақсы көретін адамыңыз т.б.). Бұл жерде (оқу не тәрбие орны жағдайында) оқытушы үшін ең тиімдісі – *тілашар кітапшаларды* пайдаланғаны дұрыс: алғашында (*бастапқыда)* бірдей екі кітапшаны екі шәкірттің не білімгердің қолына ұстатып қойып –алма-кезек (кезек-кезек) ЖАУАПТАСТЫРУ; ал кейінірек біраз үйреніп, жаттыққан соң өзді-өздерін жауаптастырып – сөйлестіру керек.Сонда ғана сөйлесуді, әңгімелесуді жылдам үйренесіз. Бұл – қазақша ауызекі (ауызша) сөйлеу тілін тез әрі оңай үйренудің ең төте (қысқа) жолы. Қазақ тілін үйренуде әр шәкірттің (білімгердің) қарым-қабілеті әртүрлі болады. Бұл жерде оқытушы қанша жерден мықты, әдістеме мінсіз болғанымен, білімгердің қабілеті төмен болса, нәтиже де жақсы шықпайды. Мұндай жағдайда не істеу керек? Біздіңше, мұндай жағдайда оқуға талпындыратын *қажеттілік* тудыру қажет. Мысалы, қазір екі баланың бірі ағылшын тілін үйреніп алып жүр. Себебі үйде ата-аналары «бұл – жаһандық тіл, мұны үйренуің керек, ағылшынша білсең, шетелге барасың» деген сияқты идеологияны санасына сіңіреді, одан қалды ақылы курстарға береді. Ал «қазақша білсең керемет боласың, онсыз қиын тиеді» дейтіндер аз. Сонда сіз қалай ойлайсыз? Бұл –«мемлекеттік тілге қажеттілік тудыру мүмкіндігі жоқ» дегенді білдірмек пе? Жоқ, мүлде олай емес.

Бұл – қазіргі қоғамымызда өзге тілділердің біздің мемлекеттік тілімізді үйренуі үшін кереққажеттіліктердің тудырылмай отырғандығынан болып отыр деп ойлаймыз. Егер алдағы кезде «Мемлекеттік тіл туралы заң» қабылданып, оның ішінде: «мемлекеттік қызметтегілер мемлекеттік тілді  жақсы білуі тиіс»; «жоғарыға сайланатын халық қалаулыларының мемлекеттік тілде сөйлеуі және сауатты жаза алуы керектігі»; «ауыл, село, аудан, қала, облыс әкімдері, бұлардың қызметкерлері»; «шаруашылық, мекеме, бөлім басшылары т.б. мемлекеттік тілді  жақсы білуі тиіс»; «Алтын белгі»алғысы келгендердің», «Болашақ» бағдарламасымен оқығысы келетіндердің мемлекеттік тілді білуі және білімдік бағаларының «өте жақсы» болуы керектігі» т.б. атап көрсетілгенболса, мемлекеттік тілге деген қажеттілік туып, тіпті ұстаз да, маман да жетіспей қалған болар еді-ау.

Шыны керек, әр пәнді, әрбір жаңа нәрсені білімгерге үйретуде педагогтың атқарар рөлі зор. Қазіргі таңда жаңа технология, заманауи әдістер туралы жиі айтылып та, жазылып та жүргенін жақсы білеміз. Ол дұрыс та шығар. Себебі жаңа заман жастары оқу-білімдегі соңғы тиімді әдіс-тәсілдерді, технологияларды жылдам әрі тез меңгереді. Бірақ оның қорытынды-нәтижелері қандай болады: дұрыс па, бұрыс па, жоқ әлде тиімді ме? Мұны білу үшін біраз уақыт керек болады. Десек

те бұрынғы әдістемеміз де дұрыс еді-ау деп те ойлайсың. Өйткені, бір кездегі *шығарма, диктант* дегендер бүгінде қайда қалды? Ондағы оқу, жазу, сөйлеу, сондай-ақ сауаттылықты игерту талабы дегендер қандай еді!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, «Сөздік-Словарь», – 2005. – 440 б.

2.Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». – 5 қаңтар, – 2021.

ӘОЖ 37.026.811

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**ДАУЛЕТБАЕВА Г.А., ТАЖИБАЕВА Н.Ш.**
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушылары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В докладе рассматриваются вопросы уровня знаний учащихсяи умения использовать полученные знания и навыки в жизни. А также,значение интегрированных уроков в формировании функциональной грамотности обучающихся и выполнение интегрированных заданий по математике и информатике с целью повышения функциональной грамотности.

**Summary.** The report is considered the issues of students' knowledge level and the ability to use the acquired knowledge and skills in life. And also, the importance of integrated lessons in the formation of functional literacy of students and the implementation of integrated tasks in mathematics and computer science in order to improve functional literacy.

Қазіргі білім беру үрдісін қоғамдағыболып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.Адам өмір бойы білім ала отырып, тез өзгеретін қазіргі заманда жұмыс істей білуі - оның функционалдық сауаттылық деңгейіне байланысты деп қарастыра аламыз.Бүгінгі таңда біздің білім беру жүйеміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оны қалыптасып келе жатқан өмірлік шындыққа бейімдеу проблемасы тұр.Себебі қазіргі қоғамда адам әртүрлі өмірлік жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдау үшін білікті және кәсіби күш-жігерді талап ететін жағдайларда өмір сүреді және әрекет етеді.Функционалдық сауаттылық білім алушының сұранысқа ие құзыреті болып табылады. Осыған байланысты, қазақстандық білім балаларда әртүрлі оқу және өмірлік жағдайларда, әлеуметтік қатынастарда білімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Білім беру сапасын бағалаудағы халықаралық үрдістерді талдау, оқыту нәтижелерін мониторингтеу жүйелерін зерделеу ерекше қызығушылық тудырады. PISA (Programme for International Student assessment) - 15 жастағы білім алушылардың математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылық деңгейін бағалауды халықаралық зерттеу. Зерттеудің мақсаты: жалпы міндетті білім алған білім алушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті білімі мен дағдылары бар-жоғын бағалау (функционалдық сауаттылық). Көптеген елдерде білім беру бағдарламалары ортақ бағыттарға ие болғандықтан, осы жасқа қарай мектепте міндетті оқыту аяқталады, дәл осы білім беру кезеңінде білім алушыларға болашақта пайдалы болуы мүмкін білім мен дағдылардың жай-күйін анықтау маңызды. Зерттеуді білім беру саласындағы жетекші халықаралық ұйымдардың қатысуымен Консорциум жүзеге асырады. PISA жобасы әртүрлі білім беру жүйелерін салыстыруға және ұлттық білім беру стратегияларын әзірлеу кезінде экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) жетекші елдерінің тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде цифрлық технологиялар дәуірінде функционалдық сауаттылық ақпараттық құзыреттілікті дамытумен қатар келеді. Сондықтан ақпараттық құзыреттілікті қатар дамыту қажеттілігі көрінеді. Әр пәннің жеке оқытылуы білімнің алшақтығын тудырды. Осыған байланысты пәндердің өзара әрекеттесуі маңызды рөл атқарады. Білім беру нәтижелерін оңтайлы өзгерту үшін пәнаралық байланыстарды пайдаланған жөн. Атап айтқанда функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік көп. Білім алушылардың қазіргі кезде өз білімдері мен өмірлік қажеттіліктерінің өзара байланысын көрмейді. Функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін педагогикалық шешімдерді белсенді іздеу бағыттарының бірі-мектептегі пәндерді біріктіру.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру педагогикадағы жаңа құбылыс емес. Білім алушы алған пәндік білімдерін байланыстыра алмайтындықтан,кіріктірілген сабақтарды өткізу цифрлық технологиялар мен жаратылыстану-математикалық білімнің жетістіктерін бірыңғай функционалдық жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді.

Пәндерді кіріктіру бойынша оқу бағдарламаларын үйлестіру, жалпы ұғымдарды талқылау және тұжырымдау, оларды оқу уақытын үйлестіру болып табылады. Әр түрлі пәндерді оқыту курстарынан кіріктірілген оқыту тақырыптары анықталады.Содан кейін оқу пәндерінің әртүрлі курстарындағы теориялардың бірдей процестерін зерттеуге қалай жақындау керектігін қарастыру қажет. Мысалы, математика сабақтарында цифрлық технологиялардың заңдылықтарын және сонымен бірге информатика негіздерін игеру кезінде математикалық формулаларды қолдану болып табылады.Кіріктірілген сабақтардың тақырыптарын жоспарлау.Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау бойынша жұмыс барысында кіріктірілген сабақтардың саны, олардың тақырыбы мен мерзімі анықталады. Бұл олардың сабақ жүйесіндегі рөлі мен орнын нақты анықтауға мүмкіндік береді, кіріктірілген сабаққа дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуге көмектеседі. Бұл кезеңде кіріктірілген сабақтардың қажетті санын анықтау керек. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы әдеттегі сабақтардан оқу материалының логикалық өзара тәуелділігі, сабақтың әр кезеңінде кіріктірілетін пәндер материалының өзара байланысымен ерекшеленеді.

Математика мен информатика пәндерін кіріктіріп оқытуда бағдарламалау пәні мен математика пәнін кіріктіріп оқыту тиімді болып табылады. Мысалы функция және оның берілу тәсілдері, функциялардың графиктерін түрлендіру тақырыптары өтілгенде программалау тілдері бойынша графикамен жұмыс, сызықтық программалау тақырыптарын кіріктіріп өткен тиімді. Программа құрастыру барысында қажетті математикалық формуланы пайдалану және математика пәнінде программалау арқылы қажетті функцияның графигін тұрғызып түрлендіруге болады. Сонымен қатар кейбір тақырыптар бойынша Ms Exsel электрондық кестесін қолдану ыңғайлы.Мәселен, $x \in (-7;\ 7)$ аралығында $y = 3x^2 + 2x - 5$ функциясының графигін тұрғызу үшін Ms Excel электрондық кестесінде пайдаланған ыңғайлы:




Келесі тапсырмада математика және информатика пәндерін кіріктіре отырып шешу ыңғайлы. Мысалы, жол ережелеріндегі «тік өрлеу» белгісі, жүргізушіге пайызбен көрсетілген көтерілуге жақындау және көтерілудің тіктігі туралы хабарлайды (сан – жолдың әрбір 100 м үшін орта есеппен қанша метрге тіке көтерілетіндігі туралы хабарлайды). Көтерілудің шамамен градуспен бейнеленген бұрышын кесте арқылы көрсету керек.Ms Excel электрондық кестесінде кесте тұрғызып синус функциясын пайдалана отырып жолдың биіктігін анықтайды және мәнін табады. Графигін тұрғызып көрнекі түрде бейнелейды.




| бұрыш | радиан | бұрыштың синусы |
|---|---|---|
| 1 | 0,0174533 | 0,02 |
| 2 | 0,0349066 | 0,03 |
| 3 | 0,0523599 | 0,05 |
| 4 | 0,0698132 | 0,07 |
| 5 | 0,0872665 | 0,09 |
| 6 | 0,1047198 | 0,10 |
| 7 | 0,122173 | 0,12 |
| 8 | 0,1396263 | 0,14 |
| 9 | 0,1570796 | 0,16 |
| 10 | 0,1745329 | 0,17 |
| 11 | 0,1919862 | 0,19 |
| 12 | 0,2094395 | 0,21 |
| 13 | 0,2268928 | 0,22 |
| 14 | 0,2443461 | 0,24 |
| 15 | 0,2617994 | 0,26 |




Қорыта келгенде қазіргі кезде еліміздің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 27 қаңтарда «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындааайтып өткендей«оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс»[1]. Білім алушылардың бойында сапалы білім, саналы тәрбие, алынған білімді өмірде қолдана білетін өмірдегі өз орнын нақты таба білетін жан-жақты жетілген құзыретті тұлғақалыптастыру қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев.2012 жыл 27 қаңтар.

2.Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина. – М.: Академия, 2007.

3.Воронова, Е. В. Интегрированные уроки как средство формирования функциональной грамотности школьников / Е. В. Воронова. / Молодой ученый. – 2016. – № 7.3

ӘОЖ 37.02

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ

**БАҚТЫБАЕВА К.С.**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, п.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**АБАЕВА А.К.**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье представлена общая характеристика основных принципов интерактивного обучения, обозначена их роль в современном образовании.

**Summary.** The article presents a general description of the basic principles of interactive learning, their role in modern education is outlined.

Қазіргі кезде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Осыған байланысты оқыту процесін жетілдіруге, оқушылардың белсенділігін арттыруға қол жеткізуге ықпал ететін оқытудың белсенді әдістері мен түрлерінқарастыруға бағытталған оқытудың инновациялық әдістері мен формаларының рөлі мен маңыздылығы артып келеді. Оқу орындарында сабақтарды ұйымдастыру мен өткізудің дәстүрлі қалыптасқан әдістері мен формаларына психологиялық-педагогикалық шолу оқу процесінде оқу материалын қабылдау және игеру кезінде репродуктивтілік басым болатындығын көрсетеді. Оқытудың қолданылатын

формалары, әдістері мен құралдары негізінен қажетті білімді беру процесінде оқытушының белсенді қызметін қамтиды.

Оқытудың қазіргі теориясы мен практикасының міндеті – оқушылар өз бетінше жаңа білім алуға ұмтылатын және болашақта оларды тәжірибеде сәтті қолдана алатын оқу іс-әрекетіне жағдай жасау. Өкінішке орай, бүгінде сабақтарда интерактивті әдістерді қолдану мүмкіндігі жеткіліксіз деп айтуға болады. Тәжірибе көрсеткендей, оқытушылар дәстүрлі әдістеме бойынша практикалық сабақтар өткізеді, онда олар басты кейіпкер болып табылады, ал оқушылар оқу процесінің пассивті қатысушылары болып табылады, олар кейде өз білімдерін ауызша айтуға мүмкіндік алады, ал оқу материалын игерудің жетістігі оқушының ақыл-ой қызметіне байланысты. Оқушылардың белсенділігін арттыру әрекеттері, айталық, проблемалық оқытудың көмегімен, көбінесе мұғалімнің белгілі бір тапсырманы тұжырымдауымен және оған қарастырылып отырған мәселені түсіндірумен шектеледі.

Оқытушы мен оқушы арасындағы субъективті қарым-қатынас көрінетін интерактивті оқыту әдістерін қолдану кезінде оқушылар мүлдем қарама-қарсы позицияны ұстанады. Дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, интерактивті әдістер оқушылардың оқытушымен де, бір-бірімен де кеңірек өзара әрекеттесуіне, оқу процесінде білім алушылардың белсенділігінің үстемдігіне бағытталған.

Оқу процесінде интерактивті әдістерді қолдану үшін интерактивті оқыту ұғымының мәнін қарастыру қажет.

Оқытудың интерактивті әдістері мен формаларының теориясы Г.П.Звенигородская, Н.Г.Григорьева, М.В. Кларин және басқалардың еңбектерінде баяндалған. Педагогикалық ғылым интеракцияда әлеуметтік практика феномені ретінде «адамдардың бірлескен интеллектуалды-рухани-практикалық әрекетімен сипатталатын тұлғааралық байланысты атап өтеді, яғни бұл әлеуметтік байланысқа түскен өзара әрекеттесу актілерінің жиынтығы қатысушылардың әрқайсысының ішкі күштері жұмылдырылған және келісілген жұмыс істеген кезде олардың субъективті ұстанымдары іске асырылады» [1, 27б.]

Интерактивті оқыту-бұл оқытушы мен оқушылардың олардың дамуына оңтайлы жағдай жасау бойынша өзара іс-қимылын мақсатты түрде күшейту [2, 71б.]

Интерактивті оқыту-бұл оқушының оқу ортасымен, өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту, ол игерілетін тәжірибе саласы ретінде қызмет етеді және оның барысында оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттесуі жүзеге асырылады [3,58б.].

Интерактивті оқыту-бұл оқу процесінің барлық қатысушылары қатысатын, оқуға қолайлы жағдайлар жасалған танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы түрі [4,135б.].

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интерактивті оқыту-бұл оқушылардың мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуын қамтитын адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу психологиясына негізделген оқыту түрі.

Оқу процесінде интерактивті әдістерді қолдану білім алушының дамуына белгілі бір әсер етеді: оқу мотивациясын күшейтеді, құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, өмірлік тәжірибені байытады, өзін-өзі дамытуды белсендіреді. Адам мұндай қарым-қатынас кезінде - өзара әрекеттесу қажеттілігін түсінеді. Қазіргі педагогикада тәрбиенің, оқытудың интерактивті әдістері маңызды категориялардың бірі болып табылады, өйткені бұл әдістер "оқушыны білім беру өзара әрекеттесуіне мақсатты түрде интенсивті түрде енгізу тәсілі, оның басты мақсаты рухани-адамгершілік өзара түсіністік пен қабылдау негізінде нақты білім беру міндеттерін шешу болып табылады, бұл өзара әрекеттесуге қатысушылардың жеке өсу мүмкіндіктерін ашады" [1, 39б.].

Интерактивті оқыту төмендегі принциптерге негізделген:

- диалогтық өзара әрекеттесу-сұхбаттасушының визуалды қабылдауын, оның бет-әлпеті мен қимылдарын, сондай-ақ сөйлеудің бүкіл интонациялық жағын акустикалық қабылдауды қамтитын тікелей сөйлеу байланысы [5, 44б.];

- кооперация және ынтымақтастық негізінде шағын топтардағы жұмыстар. Оқушылар жеке жұмыс істегенде, олар жеке мақсаттарға және өз табыстарына жетуге тырысады; басқалардың жетістіктері мен сәтсіздіктері олар үшін маңызды емес.Интерактивті оқыту-бұл ортақ мақсаттарға жетуге бағытталған бірнеше адамның бірлескен жұмысы. Жұмыстың бұл түрі ортақ мақсатқа жету процесінде оқушылар арасындағы оң қарым-қатынас үшін жағдай жасайды: әркім топтың қалған мүшелері өз мақсаттарына жеткен жағдайда ғана табысқа жете алатынын (яғни белгілі бір білімді игере алатынын) түсінеді [6, 45б.];

- оқытуды белсенді-рөлдік ұйымдастыру. Рөлдік ойын-бұл іс-әрекеттерді ұйымдастырудың интерактивті түрі, ол арнайы ұйымдастырылған рөлдік ойын сценарийлері арқылы тәжірибеден

өтуге мүмкіндік береді, іс жүзінде қатысушыларға басқа стратегияларды сынап көруге, түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді;

- оқу процесін тренингтік ұйымдастыру. Тренинг-оқытуда қолданылатын практикалық психология әдістерінің бірі. Рухани жалпыадамзаттық құндылықтарға баулудың бұл нысаны білім беру процесіне қатысушылардың серіктестік қарым-қатынас пенқолайлы жағдайлар арқылы жаңа білім мен жеке тұлғааралық қатынастар деңгейіне бірлесіп ілгерілеуді көздейді.

Топтардағы оқушылардың өзара әрекеттесуі басым болатын оқыту бастапқыда ұйымдастыру және психологиялық қабылдау тұрғысынан қиындықтар туғызады, бірақ болашақта мұндай оқытудың артықшылықтары айқын болады:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірыңғай мақсат пен ортақ уәждемеге негізделген белсенділігі;

- ыңғайлылық: шағын топта жұмыс істей отырып, оқушылар өздерін еркін, сенімді сезінеді, әркімнің пікірін бүкіл топ қабылдайды;

- жеке қасиеттерді дамыту және өзін-өзі бағалауды арттыру: әркімнің жетекші рөлді де, топтық шешімнің қарапайым қатысушысының рөлін де үйренуге, сындарлы коммуникация құруға мүмкіндігі бар;

- білім беру процесіне қатысушылардың сөйлеуін, коммуникативтік дағдыларын дамыту;

- алған білімдерін қайталау және қолдану, мәселені әртүрлі көзқарастардан қарау есебінен қатысушылардың материалды тереңірек пысықтауы.

Демек, тұлғааралық қарым-қатынасқа, арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас жағдайларына негізделген интерактивті оқыту сабақтарда оқу процесіне қызығушылықтың пайда болуына, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің мотиві мен іске асырылуына ықпал ететін жағдайлар туғызады деп болжауға болады, онда оқушы өзінің жетістігін, интеллектуалды құндылығын сезінеді, бұл оқу процесінің өзін нәтижелі етеді [7, 113б].

Интерактивті оқыту идеясын дамытуда қарым-қатынас ерекше рөл атқарады.

Интерактивті оқыту-бұл қарым-қатынасқа кіріктіру арқылы оқыту, өйткені ол өзара түсіністік пен өзара әрекеттесуге негізделген ақпаратпен бөлісуді қамтиды.

Қарым-қатынас-бұл «жеке адамдардың өзара әрекеттесу процесі ретінде де, ақпараттық процесс ретінде де, адамдардың бір-біріне қатынасы ретінде де, бір-бірін өзара түсіну процесі ретінде де бір уақытта әрекет ете алатын күрделі және көп қырлы процесс» [8, 29 б.].

Қарым-қатынас – «адамнан адамға ақпарат беру», бірлескен іс-әрекеттің қажеттіліктерінен туындайтын және кем дегенде үш түрлі процесті қамтитын адамдар мен топтар арасындағы байланыстарды құру мен дамытудың күрделі көп қырлы процесі: Байланыс (ақпарат алмасу), интеракция (іс-әрекеттермен алмасу) және әлеуметтік қабылдау (серіктесті қабылдау және түсіну) [2, 5б].

Қарым-қатынас - екі (немесе одан да көп) адамның ортақ нәтижеге жету үшін олардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған өзара әрекеті. Қарым-қатынас бұл жай ғана әрекет емес, өзара әрекеттесу: ол қатысушылар арасында жүзеге асырылады, олардың әрқайсысы белсенділіктің тасымалдаушысы болып табылады және ол белсенділікті серіктестерінен деталап етеді [9,29б.]

Жалпы қарым қатынастың үш жағы бар:

- Ақпараттық (ақпарат алмасу);

-интерактивті (стратегияны әзірлеу және жеке тұлғалардың бірлескен әрекеттерін үйлестіру);

- перцептивті (бір-бірін адекватты қабылдау және түсіну) [10,32б.].

Барлық үш тарап болған кезде байланыс толық болады.Психологтар оқу қарым-қатынасы жағдайында қабылдау, есте сақтау қабілетінің жоғарылауы, зейіннің тұрақтылығы, оны шоғырландыру қабілеті сияқты интеллектуалды және эмоционалды жеке қасиеттердің; қабылдау кезінде байқампаздық; серіктестің іс-әрекетін талдау, оның мотивтерін, мақсаттарын көру қабілеті; қиялдың қарқынды дамуын анықтаған. Сонымен қатар қарым-қатынас процесінде сезімдер мен эмоциялар мәдениетін тәрбиелеу, эмпатия, мінез-құлықты басқару, өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту жүреді.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың топтық формасы күрделі құрылымға ие. Мұнда оқу өзара әрекеттесу процесінде мұғалім мен оқушылар арасында ғана емес, сонымен қатар оқушылар ұжымында да нәтижелі байланыс орнатылады. Осылайша, топтық жұмыс оқу процесінің тиімділігіне әр түрлі әсер етуіне қарамастанинтерактивтілік тұрғысынан тиімді және мазмұнды форма.

Топтық жұмыс, ұжымдық оқу іс-әрекетінің нысаны ретінде, қойылған оқу-танымдық міндетті шешу үшін оқушылардың бірлескен күш-жігерін ұйымдастыру тәсілі болып табылады. Топтық оқыту формасы бір уақытта үш негізгі мәселені шешуі керек:

- танымдық,тікелей оқу жағдайымен байланысты;

- коммуникативті-дамытушылық, оның барысында топ ішінде және одан тыс қарым-қатынастың негізгі дағдыларын дамыту;

- әлеуметтік-бағдарлық,қоғамда оқушыларды әлеуметтендіру үшін қажетті азаматтық қасиеттерді тәрбиелеу.

Білім беру, оқу материалын игеру процесінде бірлескен іс-әрекет білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасу үшін әркім осы процеске өзінің ерекше, жеке үлесін қосатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Сонымен қатар, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекеттің дамуына ықпал етуге, оны ынтымақтастықтың жоғары формаларына аударуға мүмкіндік беретін ізгі ниет пен өзара қолдау атмосферасында болуы керек.

Интерактивті оқыту бір пікірдің екіншісіне басым болуды жоққа шығарады. Диалогтық оқыту барысында оқушылар сыни тұрғыдан ойлауды, мән-жайларды және тиісті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама пікірлерді таразылауды, ойластырылған шешімдер қабылдауды, пікірталастарға қатысуды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақтарда жеке, жұптық және топтық жұмыс, ғылыми жобалар, рөлдік ойындар, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, суреттер және т. б. ұйымдастырылады.

Осылайша, біз интерактивті оқыту бір уақытта бірнеше тапсырмаларды шешетінін көреміз [11, 58б.]. Біріншіден, интерактивті әдістер оқушылардың оқу ортасымен тікелей өзара әрекеттесуіне негізделген, яғни олар игерілген тәжірибе саласын ашатын шындық. Бұл бұрыннан бар тәжірибені қайта қарау қажеттілігін талап ететін жағдай туғызады, онсыз белгісіз аймақты бөліп көрсету және проблемалау мүмкін емес. Екіншіден, интерактивті оқытуда оқушының субъективті тәжірибесі білім берудің негізгі мазмұнына көмекші материал және иллюстрация ғана емес, сонымен қатар «аксиоматикалық», объективті және «субъективті», жеке білімнің арақатынасын анықтау бағытында өзін-өзі актуализациялау процестерін белсендіретін оқу танымының орталық көзі болып табылады. Үшіншіден, интерактивті оқытуда мұғалімнің белсенділігі оқушының белсенділігіне жол ашады, бұл маңызды қолданбалы мәселелерді шешу бойынша жұмысты ұйымдастырудың қолма-қол тәсілдерін тексеру тұрғысынан өзін-өзі тануды ынталандырады. Төртіншіден, жобалық, коммуникативтік, ойын технологияларын, яғни студенттердің танымдық, әлеуметтік және физикалық белсенділігін талап ететін жағдайларды тудыратын технологияларды пайдаланған жағдайда антропоорталық оқыту интерактивті сипатқа ие болады [12, 19б.]. Бұл өзін-өзі актуализациялау қабілетінің тиімді дамуын қамтамасыз етеді, өйткені барлық қолма-қол потенциалдар тексеріліп, тиісті өзара әрекеттесу кезінде нәтижеге жету үшін оларды құру жолдары белгіленеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Куликова Л.Н. Интерактивные методы в образовании: личноозидающие смыслы // Интерактивные методы в образовании: личносозидающие смыслы: сб. ст. / Хабаровск. гос. пед. ун-т. Хабаровск, 2002. С. 138–141.

2.Жук А.И., Кашель Н.Н. Активные методы обучения в системе повышения квалификации педагогов: учеб.-метод. пособие. Мн.: Аверсэв, 2004. 336 с.

3.Вербицкий, А.А. Активное обучение в высшей школе. М.: Велби, 2007. 58 с.

4.Кашлев С.С. Технология интерактивного обучения: учеб.-метод. пособие. М.: Тетрасистемс, 2005. 35 с.

5.Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Изд-во Москов. ун-та, 1980. 44 с.

6.Васильева И.В. Учебное сотрудничество на уроках // Авантаж. 2013. № 50. С. 18

7.Королева Н.М. Образовательные технологии, обеспечивающие развитие социокультурной компетенции у студентов – экономистов в процессе изучения иностранного языка. Белгород: Изд-во БУКЭП, 2011. 237 с.

8.Парыгин Б.Д. Социальная психология территориального самоуправления. М.: Мысль 1971. 178 с.

9.Королева Н.М., Головин А.А. Принципы активизации учебно-познавательной деятельности студентов. Курск: Курск. гос. техн. ун-т. 2010. С. 111–114.

10.Соколов А.В. Общая теория социальной коммуникации. М.: Издат. В.А. Михайлова, 2002. 122 с.

11.Костерина И.В. Педагогическая сущность личностно-профессиональной самоактуализации студентов. Курск: Курск. гос. мед. ун-т, 2010. 152 с.
12.Костерина И.В. Специфика изучения гуманитарных дисциплин в вузе: аксиологический аспект // Совет ректоров. 2013. №9. С. 33–36

УДК 398.9

# НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

**САНСЫЗБАЕВА Г.К.**
Учитель русского языка и литературы средней школа № 35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз
**САПАР Д.**
Ученик 9 класса средней школа № 35 имени А.Гайдара
Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме**. Мақалада сандық білім беру ресурсын орта мектепте қолдану мәселелері қарастырылады. Сабақ барысында сандық білім беру ресурстарын қолдану оқу материалдарын тиымды меңгеруге, бұл өз кезегінде, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретініне шолу жасалады.

**Summary.** The article discusses the use of digital educational resources in secondary school. An overview is made of the fact that digital educational resources in classrooms contribute to more effective learning of educational material and, accordingly, have a positive effect on the quality of education.

Цифровые образовательные ресурсы - это дидактические материалы на электронных носителях в цифровом формате, обеспечивающие в совокупности создание инфокоммуникационной образовательной средыэлектронного обучения как интерактивного дистанционного взаимодействия субъектов образовательного процесса [1].

Информационная грамотность и культура стали залогом успешной профессиональной деятельности человека. Использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в среднем образовании открывает огромные возможности для создания качественно новых форм и методов подготовки обучающихся к дальнейшему обучению.

Компетентность в области информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) является одной из важных целей образования. Возможность ее формирования напрямую связана с активной деятельностью школьника в информационной компьютерной среде. Навыки работы с ИКТ наиболее эффективно формируются при решении реальных задач. При этом ИКТ должны осваиваться не только на занятиях информатики, но и в процессе изучения некоторых других предметов. Учителя специальных дисциплин должны создать обучающим мотивацию к осознанному использованию ИКТ. Это станет возможным только тогда, когда все учителя будут владеть и активно использовать ИКТ в повседневной деятельности.

В методическом арсенале учителей должны быть такие формы организации учебной деятельности как индивидуальная работа с обучающей системой, создание и использование на уроке презентаций, моделирование, компьютерное тестирование, метод проекта, сбор информации в Internet, разработка Web-страниц. В свою очередь это приведет к совершенствование методик применения ИКТ в преподавании различных дисциплин и во внеклассной деятельности.

Главное, чтобы все это способствовало достижению главной цели - обеспечение современного качества образования. Информационная культура требует, прежде всего, от учителя и от обучающегося новых знаний и умений, особого стиля мышления, обеспечивающего им необходимую социальную адаптацию к переменам и выполняет следующие функции:

- «регулятивную», поскольку оказывает решающее воздействие на всю деятельность, включая информационную;

«познавательную», т.к. непосредственно связана с исследовательской деятельностью учителя и обучающихся и его обучением;

«коммуникативную», поскольку информационная культура является неотъемлемым элементом взаимосвязи людей;

«воспитательную», так как информационная культура активно участвует в освоении человеком всей культуры, овладении всеми накопленными человечеством богатствами, формировании его поведения.

Использование ИКТ в учебном процессе - один из способов повышения мотивации обучения. ИКТ способствуют развитию творческой личности не только школьника, но и учителя. ИКТ помогают реализовать главные человеческие потребности - **общение, образование, самореализацию**. Внедрение ИКТ в образовательный процесс призвано повысить эффективность проведения уроков, освободить преподавателя от рутинной работы, усилить привлекательность подачи материала, осуществить дифференциацию видов заданий, а также разнообразить формы обратной связи. Развивают информационные умения, навыки самостоятельного поиска и обработки информации с применением коммуникативных технологий.

Особое место занимают развитие навыков самостоятельности обучаемых, способствует формированию у школьников интеллектуальных, творческих и коммуникативных умений, а именно: умение работать с текстом (выделять главное, найти необходимую информацию); анализировать информацию; делать выводы; сравнивать и создавать подобное; лаконично излагать свои мысли.

Использование ИКТ открывает дидактические возможности, связанные с визуализацией материала, его «оживлением», возможностью совершать визуальные путешествия, возможностью представить наглядно те явления, которые невозможно продемонстрировать иными способами, позволяют совмещать процедуры контроля и тренинга.

«Золотое правило дидактики – наглядность» (Ян Каменский). Мультимедиа-системы позволяют сделать подачу дидактического материала максимально удобной и наглядной, что стимулирует интерес к обучению и позволяет устранить пробелы в знаниях.

Модель использования ИКТ на уроке:

«Демонстрация компьютерной презентации»;

«Тестирование с выбором ответов»;

«Отработка технических навыков с помощью компьютерного тренажёра»;

« Использование электронных учебников».Это способствует экономии времени и эффективности учебного процесса.

Модель использование ИКТ вне занятия:

«Поиск информации в Интернете и других источниках»;

«Подготовка выступления и само выступление с использованием презентаций».

Обучающего легче заинтересовать и обучить, когда он воспринимает согласованный поток звуковых и зрительных образов, причём на него оказывается не только информационное, но и эмоциональное воздействие. Мультимедиа создаёт мультисенсорное обучающее окружение. Привлечение всех органов чувств ведёт к исключительному росту степени усвоения материала по сравнению с традиционными методами. Обучение с использованием аудиовизуальных средств комплексного предъявления информации является наиболее интенсивной формой обучения.

У родителей, бабушек и дедушек поколений Z и «альфа» не было столько технологий, как у нынешних школьников. Сегодня можно максимально оптимизировать образовательный процесс.

Главная цель использования электронного образовательного ресурса на уроках –вывести образовательный процесс на новый уровень, который так нужен современным школьникам[2].

Большинство школьников пользуются образовательными ресурсами, причем интенсивность использования увеличивается с возрастом[3].

Хотим отметить самые популярные для школьников электронные образовательные ресурсы:

1. «BilimmediaGroup». Огромная база с образовательным контентом, в которой более 40 тыс. материалов Казахстанской компанией, все ресурсы открыты бесплатно.https://bilimland.kz

2. «DarynOnline». Молодые ребята с хорошим образовательным ресурсом обнулили свои тарифы. Весь контент соответствует ГОСО.https://daryn.online

3. Платформа Opiq. Интерактивный ресурс содержит школьные учебники. Большая часть учебников издательства «Алматыкітапбаспасы». Также в платформе имеются тестовые задания для проверки усвоения материала учителем или самопроверки. www.opiq.kz

4. Виртуальный тренажер для подготовки к ЕНТ iTest.www.itest.kz

5. Образовательной портал для школьников и студентов.https://100ballov.kz/

6. NIS Playhttps://play.nis.edu.kz/application/registration

7. Академия STEM. Стоит отметить, что казахстанские ребята хорошо справляются с популяризацией STEM образования.https://stem-academia.com/en/main-page/

8. Программа начальной школы iMektep.www.imektep.kz

9. Платформа для изучения STEM.https://makeathon.kazneuro.kz/

Но есть школьники, которые пользуются сайтами готовых домашних заданий. Эти ресурсы не являются обучающими, так как позволяют просто скачать  домашние задания. В русскоязычном интернете много обучающихся пользуются «ГДЗ» https://goo.edu.kz/.

В связи с появлением и доступностью большого количества гаджетов, современный учащийся живёт в мире электроники и большого потока информации. Интернет стал неотъемлемой частью нашей действительности. Это инициирует учителя на принятие новой роли – он должен стать координатором информационного потока. Как следствие, учителю необходимо владеть современными методиками и образовательными технологиями, чтобы общаться на одном языке с ребёнком информационного века [4].

**Список использованной литературы:**

1.https://goo.edu.kz/.

2.https://rosuchebnik.ru › material › chto-takoe-eo

3.Образовательные онлайн-ресурсы для школьников и цифровой барьер. https://goo.edu.kz/.

4.БарагамянСатеник Юрьевна. Применение электронных образовательных ресурсов в начальной школе.© "Интерактивноеобразование" © 2006 - 2023.

ӘОЖ  652 (325)

## КИІЗ ҮЙДІҢ ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**БАЙТАСОВ М.Е.**
Т.Рысқұлов орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Қордай ауданы

**Резюме.** В данной статье в научно-методическом плане описана технология строительства юрты, использовавшегося в качестве дома у казахского народа с древнейших времен. Также представлены научные выводы о происхождении юрты и ее месте в быту казахского народа. Также выделяются уникальные особенности строительства юрт с сегодняшней точки зрения.

**Summary.** This article describes in scientific and methodological terms the technology of building a yurt, which has been used as a home by the Kazakh people since ancient times. Scientific conclusions about the origin of the yurt and its place in the life of the Kazakh people are also presented. The unique features of yurt construction from today's point of view are also highlighted.

Киіз үй - «Атамыз - Алаш, керегеміз - ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй - тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ – мекені. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен-жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, талғамы еш халықтан кем емес екен. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы - жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII - XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан.

Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы

тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таң қалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін Европаға паш еткен. 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы I Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте риза болған (Ә.Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі мұражайлардың бірінен қазақтың киіз үйін көргендігін жазды. Сондай-ақ Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері бар.

Көкшетаудағы Абылайдың ақ ордасы, Шыңғыс төренің 24 қанат ордасы, Жетісудағы Тезек төренің ордасы, Ырғыздағы Самырат байдың үйі, Ақмоладағы паң Нұрмағамбеттің үйі сияқты елге аңыз болған үйлер көп болған. Киіз үй ішін жабдықтауға қазақ азаматтары байлығын аямаған және сол арқылы қазақ дәулеті мен мәдениетін таныта білген. Байлығымен елге аңыз болған Кіші жүзден шыққан Байсақал қызын ұзатқанда оған арнайы отау әзірлеткен екен.

Қазақтың осындай байлығы мен сән-салтанатының куәсі болған киіз үйлер тәркілеу, соғыс, аштық калхоздастыру сияқты жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Сөйтіп, ХХ ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы - киіз үйдің құны мен маңызы төмендеді. Оның орнына кеңестік тәсілмен қалай болса солай жасалған, бір-екі жылдан артық тігуге келмейтін, қара құрым жабылған сапасыз бірдеңелер көптен шығарылды да, ол киіз үй атты қасиетті, құтты орынның құнын түсірді.

ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орны өз дәрежесінде қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениет рөлінің артуы киіз үйге деген көзқарасты айқындады. Енді той-думан тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен дәрежеленетін болды. Мысалы, тоқсаныншы жылдар басында Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың, Бұхар жыраудың, ұлы Абайдың, Жамбылдың тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Осы тойларда тігілген киіз үйлердің ішінде халықты таңқалдырған Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Көкшедегі 1991 жылы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. Ол 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше рет жүлделі бәйгелерге ие болды. Бұл орданы дайындап, ұмыт болған істі батылдықпен қолға алған Торғай азаматтары сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының жерлестері - Аңсаған Қоңкабаев және Болғанбай Қойшиндер еді [1, 45 б].

Бұл киіз үйді ХХ ғасырдағы қазақ ордасының басы десе де болады. Орданың биіктігі 8 метр, ішіне жүздеген адам еркін сияды. Киіздері ақ тоқтының жүнінен басылған. Іші-сырты тек қана ұлттық бұйымдармен, киімдермен, тұрмандармен жабдықталған. Желбау, басқұр, түскиіз, ыдыс-аяғы, ең ақыры, төсенішіне дейін қолдан шыққан қазақы дүниелер. Осы үйде болған қазақ зиялылары, мемлекет қайраткерлері Халифа Алтай, Е.Әуелбеков, М.Сағдиев, Ө.Жәнібеков, Қ.Сағадиев, М.Қозыбаев, М.Жолдасбеков. Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, С.Жүнісов, Ш.Шаяхметов сынды білімді азаматтар, шетел өкілдері орданың ғажап шеберлікпен жасалып, тігілгеніне риза болды. Бұл жерде осыған өлшеусіз үлес қосқан Ахмет ауылының қыз-келіншектерінің баға жетпес еңбегін айтпай кетуге болмайды. Бұл орда бір ауылдың емес, бүкіл қазақ елі мәдениетінің, өнерінің үлкен табысы деп бағаланды.

Киіз үйдің түрлері мен құрылысы. Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады да, қалмақы түрінің төбесі шошақтау келеді. Қазақы үйлер пайдаланылуына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, қара үй (үш қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретіне бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады. Жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді.

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:

1. Төр. Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл - киіз үйдің жоғары әрі сыйлы орны. Жас келіндер бұл жерде отырмайды.

2. Сол жақ (кіргенде оң жақ) - үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды.

3. Оң жақта (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді.

4. От орны қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылады, қазан асылады. Киіз үй негізгі 3 бөліктен құралады:

1.Үйдің сүйектері (ағаштан тұратын бөліктері).

2. Киіздері (ши де осыған кіреді).

3. Бау-шулары (баулары мен басқұр, арқандары).

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су етпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап, қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан, жел де көп болмайды. Міне, осындай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен батырларымыз туып, өскендігін мақтанышпен айтуға болады [2, 86 б.].

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Кереген кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге құрайтын ағаштарды желі, оның ұзынын ерісі, қысқаларын сағанақ, балашық деп атайды. Желілердің басы мен аяғына әдемілік үшін ойып, сызықтар (ыру) жүргізеді. Желілерді тесіп, түйенің мойын терісі немесе өгіздің бас терісінің сірісі (қайыстары) арқылы көктейді. Керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла, ал ортасы дөңестеу жасалады. Дайын керегені қанат деп атайды, яғни 18 қанат үйде 18 кереге болады. Кереге көзінің үлкен-кішісіне қарап торкөз, жел көз деп бөледі. Торкөзді кереге әдемі әрі берік болады.

Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік - сықырлауық - ағаштан жасалады, екіншісі - киіз есік - киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Киіз есік ашық күндері маңдайшаға дейін шиыршықталып жиналып қойылады, жай күндері күн түспес үшін, оның бір жағы бақан арқылы ашық тұрады. Ағаш есік маңдайша, екі босаға, табалдырық және екі жарма есіктен құралып, керегеге бекітіледі. Керегелер бір-біріне таңғыш құр арқылы жалғасады. Кереге бастары арқылы тартылатын бас арқан маңдайшаның екі жағына мықтап байланады. Үйдің барлық ауырлығын ұстайтын, беріктігін сақтайтын бас арқан. Сәндік үшін бас арқан тұсынан және кереге басы туырлықты қажамас үшін басқұр жүргізіледі.

Уық - кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық алақан, иіні, қары және қаламы деген атаулардан тұрады. Ол иінінен ішке иіле жасалады, яғни үйдің күмбезді үлгісі осы уықтан басталады. Шаңырақ - киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы - деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағын биік болсын» деген тілек бар. Киіз үй шаңырағы: тоғын, күлдіреуіш, кепілдік деген бөліктерден тұрады. Тоғынды, яғни шеңберді, қайыңнан оюлап, өрнектеп жасайды, жиілеп қаламдық ояды. Күлдіреуіш шаңырақ күмбезін жасайды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозғалып кетпеуі үшін қызмет етеді.

Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін, оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды. Егер үй қайыңнан жасалса, оны өсімдік майымен майлайды. Ол ағашқа піл сүйегі түстес өң береді, әрі оған су сіңбейді. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, маңдайшасын оюлайды, өрнектейді. Ауқаттылар күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейлейді [3, 60 б.].

Үй сүйегі әзір болған соң, оның киіздері жасалады. Киіздері кереге бойына туырлық, шаңыраққа дейін үзік, шаңырақты жабатыны түндік және киіз есік деп аталады. Олар қойдың ақ күзем жүнінен басылады. Ертеректе қазақта қой көп. Сондықтан киіз үйге қажетті материал жеткілікті болған. Міне, осы жүннен үй киіздері дайындалады. Қазақ даласында жүннің көптігі сондай. 25 мың қойы бар Қызылжарлық Қосшығұл деген бай қойдың жабағысымен құрт қайнатады екен. (С.Мұқанов «Халық мұрасы», 99-бет. 1974 ж) Оның әзірлеу, дайындау, пішу жолдары ұзақ бір ғылыми этнографиялық шығармаға лайық. Киіздер құр, баулар арқылы тұтылады. Олар туырлық бау, түндік бау, үзік бау, жел бау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін жабық дейді. Туырлық пен үзік баулары кестелі. Оюлы жалпақ құрдан

жасалып, үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі белдеу арқан тартылады. Үйге қолданылатын арқан түрлері де көп.

Шаңырақта желбау деп аталатын ою-өрнекті. 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, көшкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге әсемдік, көрік беріп тұрады. Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін, оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, жылу, суық өтпеуіне едәуір әсер етеді.

Қорыта келгенде талай тарихи кезеңді өткерген ата-бабаларымыз адамзат қоғамының көшінде өзінің шаруашылық негізіне, тұрмыс тәсіліне, ұлттық ерекшелігіне қарай дара ұлттық дәстүрін, салт-санасын қалыптастырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап аса бағалы заттық мәдениеті мен рухани мәдениетін сақтап қалды. Сол қазыналардан көненің көзіндей болып, дәуірімізге жеткен мұраларымыздың бірі – ұлтымыздың дәстүрі, мәдениеті, халық шеберлері. Ұлттық киелі киіз үйдің жасалу технологиясын жоғарыдағы зерттеулерді сараптайтын болсақ, қазақтардың өнері жоғары деңгейде дамып қана қоймай, орта Азия, Сібір орыс Еуропа халықтарына да үлкен мәдени ықпал етті.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бері қайта жаңғырған қолөнерімізде ұлт мүддесіне негізделген серпіліс. Мақсатты, білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды қабілетті азамат етіп өсіруде халық қолөнерінің тәлім тәрбиелік, білім – танымдық рөлі орасан зор. Абай атамыз «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек болар. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» [4, 75 б.] - деген болатын. Қолөнер дегеніміз – кәсіптің бірі. Ал кәсіпшілік ол адамзаттың тіршілік көзі. Мектеп қабырғасында қолөнердің бастауынан нәр алған жастар болса, өмірде өз орнын таба алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. (Ағылшын, қазақ, орыс тілінде). Алматы: Алматы кітап, 2006. – 245 б.

2.Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.

3.Мектептегі технология. Республикалық әдістемелік журнал. №4, Шілде-тамыз, Алматы: 2006. – 105 б.

4.Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтық ою-өрнектері. Алматы: Алматы кітап, 2003. – 198 б.


УДК 325. 215

## THE ROLE OF MULTIMEDIA PRESENTATION IN TEACHING VOCABULARY


**МЕЙМАШЕВА Г.А.**

Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**АЛМЕНОВА К.Р.**

Амангелді атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы



**Түйіндеме.** Бұл мақалада сөздіктерді мультимедиялық құлардарды қолдана отырып оқытудың ғылыми-әдістемелік жолдары жан-жақты баяндалады. Сондай ақ, презентациялар мен мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, сөздіктерді түсіндірудің жаңаша әдістемесі туралы тың тұжырымдар ұсынылады.

**Резюме.** В данной статье подробно описаны научно-методические пути обучения словарям с использованием средств мультимедиа. Также предлагаются новые выводы о новой методике интерпретации словарей с использованием презентаций и мультимедийных средств.


At present, many countries seek to upgrade the education system in the widespread use of information and communication technologies, which today offer new perspectives and amazing opportunities for learning, thus confirming that humanity is on the threshold of an educational revolution.

The use of information technology is particularly relevant today, has a significant influence on the content, forms and methods of teaching. Today's students are actively using information technology; they are brought up on the audio-video products, computer games and other elements of computer culture.

Multimedia - the interaction of visual and audio effects running interactive software using the latest hardware and software, they combine text, sound, graphics, pictures, videos in a single digital representation.

For example, in one container object (English container) can contain text, auditory, graphic and video information, and perhaps a way to interact with her.

The term multimedia is also often used to refer to media, allowing you to store large amounts of data and provide fast enough access to them (the first carrier of this type were CDs). In this case, the term multimedia means that the computer can use these media and to provide information to the user through all the possible types of data, such as audio, video, animation, images, and other in addition to the traditional methods of providing information, such as text.

Multimedia technology allows software to combine slides for text, image, animation character with the simulation results of the studied processes. This gives the opportunity to put on a new higher level of quality classical principle of education - the principle of clarity.

Multimedia training technology - a set of technical training means and didactic tools of learning – multimedia.

Multimedia technologies allow the use of visual tools of different nature and expression in accordance with the content of the subject being studied and the laws of the psychological impact and perception.

The modernization of the education system opens up new horizons and opportunities, but at the same time, placing increased demands on the professional competence of teachers. The task of educating a student, fully developed and prepared for life and interaction in today's information society, can only be solved by a teacher who owns modern pedagogical and information technology.

Modern communication-based learning prepares students to use language in real life. The use of interactive multimedia technology in the communicative foreign language teaching significantly improves the quality of the material and lesson efficiency of absorption of this material by students. The use and application of modern technology, multimedia equipment enriches the content of the educational process, increases the motivation to learn a foreign language on the part of the children and there is close cooperation between the teacher and students [1, 50 p.]

Vocabulary and grammar are closely interrelated in children’s early language learning, both in L1 and in a second or foreign language. Young children initially learn chunks of language, which combine vocabulary and grammatical patterns, in a holistic, unanalyzed way. As they grow older, they develop the ability to relate vocabulary to networks of meanings and to notice and analyse language forms and functions more explicitly. Whether they are learning holistically when younger, or developing more conscious language awareness and powers of analysis as they grow older, it is vital to give children plenty of opportunities to memorize, practice, recycle and extend their vocabulary and grammar in meaningful contexts throughout the primary years [2, 45 p.]

Effective way of leveling vocabulary is the use of multimedia presentations prepared when using screen-board, projector and only one computer for the demonstration. This allows you to focus the attention of all students, to carry out repeated exhibited material. In addition, MP eliminate the negative impact of computers on the health of children. The term "multimedia" means "a lot of environments." Such information media are: text, sound, video. Software products that use these forms of information are called multimedia. Multimedia presentations are actively included in the learning process. What are the strengths of multimedia presentations?

- Computer presentations can make the learning material clear and compelling.
- Facilitates the process of perception and memorization of information through powerful images.
- Presentations much easier to show diagrams and drawings.
- If the organization structure of the class presentations can be used at various stages of the study subjects.
- The use of animation activates the account allows you to transfer the logic of the deployment of thought.
- It is possible to play back audio and video clips.
- Computer files with presentations easily copied and transported.

What makes it difficult to work with multimedia presentations?

- The need for special equipment (computer, projector, whiteboard) and its maintenance.

- The lack of certain skills projection equipment.
- Lack of skills in working with computer software for creating presentations.
- The need for time-consuming to create multimedia resources.
- Lack of skills in a presentation in the classroom: the inability to match the word with the teacher slides (simple reading of the information on the slides, the lack of teacher comments, etc.).

Preliminary work on a presentation

Before you start to create a presentation, answer the following questions:

- Can I do without this presentation? (The presentation is not necessary in every lesson! May work with chalk and a blackboard would be more effective.)
- What is the purpose of training future presentations (post new material, material synthesis, analysis of training tasks, etc.)?
- What will be complemented by the presentation of the material (commentaries teachers work with chalk of a normal board, work with electronic board, etc.)?
- What will be the work of students (copying material in the book, and oral / written execution of tasks, etc.)?
- What equipment will I use? (The bulletin board provides more opportunities to work with the presentation than the projector).
- How can I replace a job with the presentation, if the equipment fails, shut off the lights and the like?

Learning vocabulary. Children often measure their own language learning progress in terms of' how many words they know'. Learning vocabulary can be one of the most significant and satisfying outcomes in the first years of English lessons. It boosts children's confidence and self-esteem. It also lays the foundations for leading children into using grammatical structures, which initially present a greater learning challenge, in more extended and creative ways.

With the help of multimedia technologies may hold different forms of lessons. Multimedia technologies involve the use of audio-visual and interactive learning tools such as:

1) software (multimedia CDs, presentations, video - and audio clips, the resources of the Internet);

2) equipment (PCs, audio and video equipment, multimedia projector, interactive whiteboard).

When conducting lessons with the use of IMF should stick to perform certain health standards: a) the use of screen-board satisfactory zone of perception is at a distance of 2 to 6.5 meters, and b) the lessons in primary school should be used MMP lasting no more than 5-8 minute [3, 40 p.].

MSE lexical effects on primary and secondary levels of education used the following techniques:

1) semantization nouns denoted by showing images of objects on the screen using a computer and projector, multiple repetition of words in isolation and situationally bound proposal;

2) semantization verb with multimedia-based illustrative movements or actions animated pictures and animation;

3) semantization adjectives by showing images of various objects with a pronounced quality (color, shape, pattern, pattern);

4) semantization numerals using multimedia images with different numbers of objects or the objects themselves;

5) semantization dialects using various indicators (hours - early / late; geographic map - close / far, etc.)

6) The introduction of prepositions with the correlation of items.

For the formation of grammatical skills increasingly use MSEs with schemes and structures of various grammatical forms [4, 75 p.].

Vocabulary practice

With younger children, it is most appropriate to teach concrete vocabulary items which relate to the 'here and now' of their immediate environment and personal experience. As children grow older, they gradually become able to deal with more abstract concepts and vocabulary removed from their immediate surroundings. When practicing vocabulary, it is important to provide opportunities to help children:

- Associate words and meaning and develop their recall of vocabulary
- Think about the properties and meanings of words
- Improve their recognition and spelling of vocabulary
- Reinforce connections between words
- Personalize vocabulary learning
- Develop strategies for inferring meaning
- Develop strategies for conveying the meaning of unfamiliar words

- Collaborate and interact with other

Children also need to be encouraged to develop independent and individualized learning skills and strategies that will help them to enrich and extend their vocabulary, to organize and record vocabulary in systematic and logical ways, and to reflect on and evaluate their own learning in an increasingly autonomous way [ 2, 72 p.].

Multimedia presentations can be made by man on the scene, shown through a projector or on another local playback device. Broadcast webcast of the presentation can be both "live" and pre-recorded. Webcasting or recording can be based on analog technology or electronic storage and transmission of information. It should be noted that online media can be either downloaded to your computer and reproduced in any way or reproduced directly from the Internet using streaming technologies.

Using the lessons of programs such as Pinnacle Studio 12(animated notes), Movie Maker Office and Movavi Video Studio allow you to: relieve the teachers to increase students' interest in the subject matter more clearly to submit material through the use of animation, increase the emotional components, increase paced lesson, provide feedback, make a quick search for relevant information.

The use of multimedia technology in the lesson well combined with the technology of developing education, as well as problematic and differentiated learning.

The teacher's role - to adapt the material collected by the studied subject and language level students to apply computer technology with the introduction of a new subject or its completion, control, participation in projects, testing, self-testing, educational games, preparation of teaching materials, extra-curricular activities.

The introduction of MMP in the teaching process increases the authority of the teacher in the school community as well as teaching in a modern, higher level, growing self-confidence of the teachers to develop their professional competence.

Despite the fact that the teacher is still a critical element in the learning process with the two most important functions to support the motivation and interpretation of learning groups or individual students through e-learning environment is formed and the new role of the teacher: the teacher-mentor. In such an environment, the teacher and the student are in accessing information, the creation of learning. The teacher ceases to be a source of information, it becomes an accomplice, assistant.

The advantage of using MP is a shift of focus from verbal methods of teaching methods to search and creative work of the teacher and student.

Information technology can change the organization of the learning process of students to form their systems thinking, to use computers in order to customize the learning process and seek to radically new cognitive tools. With proper organization and the appropriate methodology to use information technologies makes the educational process more open to new ideas and sources of knowledge.

On the video courses, which are perfect complements to the content of the lesson, showing socio-cultural realities: the facial expressions and gestures, clothing, environment. In addition, on the basis of these video courses, the teacher can hold a variety of role-play and organize discussions and debates to repetition of lexical material. Written texts and tasks for listening, songs, rhymes, exercises to work on pronunciation. Entries are made by professional sound engineers with specially invited actor-native speakers [5, 48 p.].

Currently, there are a variety of multimedia training tools, such as online courses «Tell me more», «English path to perfection", children's encyclopedia (for example: «Encyclopedia Britannica»), etc. They are designed for teaching language skills: reading, writing, listening, speaking, explanation and repetition of the different grammatical material with appropriate tasks and exercises for self-study and group work. If the teacher will be able to choose the right material and the right to it to use it in an accessible form for students, it will benefit with the teacher and the students.

The teacher can use the design by him/herself. The benefits of the project work have long been known and used in the methods of teaching the various school subjects, including foreign language. Children with pleasure connected to the creative process of research, because the projects - are student-centered view of work as they write about themselves, their family, home, hobbies. In preparing the draft they study topics of interest to themselves, write, digging in directories, talking with other people, looking for photos and pictures of themselves even make audio and video recordings. Telling and showing with others about yourself and those around the world in a foreign language, students are discovering the value of a foreign language as a language of international communication. Execution and presentation of projects gives children with different levels of language ability to act and speak on a particular topic, which contributes to the development of students' cognitive activity, imagination, self-discipline, skills, joint activity [6, 89 p.].

The concept of creating multimedia presentations allows you to use a wide range of technologies for presenting the information. Presentation wheels - great promotional material for your affiliates. For achieving the goal it actively used by all components of multimedia: video, 3D-animation, process of visualization, graphics, text, sound and voice. Multimedia presentation is successfully combined with the exhibition equipment - multimedia projectors, big screens, monitors.

Multimedia presentations and a foreign language lesson - the actual direction of the methodology, which requires new approaches and innovative solutions. Using multimedia presentation requires a rethinking of forms and methods. New multimedia technologies offer a high effect of learning a foreign language if they are backed by cutting-edge methodological techniques.

So, we have known that Information and Communication Technology and related multimedia applications are a wonder of the age we live in. They are changing a way we think, learn, communicate, access information and use our leisure time in unprecedented ways and at an unparalleled pace. Information and Communication Technology and multimedia also offers possibilities for instant communication and direct publication in a way that is both personalized and shared. This can help to maximize children's interest and involvement, as well as strengthen their sense of identity and commitment to the class and school community to which they belong.

**Bibliography**

1. Butler-Pascoe, M. E. and K. M. Wiburg. (2003) Technology and Teaching English Language Learners. Pearson Education, Inc. pp. 114-137.

2. R.Gower, D.Phillips, S.Walters. Teaching Practice/A handbook for teachers in training,2005,pp.142-152

3. Copyright by Heather J. Lewis. IMPACT/Teacher training program/Innovative Methods and Practical Activities for Creative teaching, Trainee's Manual: Book one,2006. Pp.65-69.

4. Chanier, T. and T. Selva (1998) The ALEXIA System: The Use of Visual Representations to Enhance Vocabulary Learning. Computer Assisted Language Learning, 11 (5), pp. 489-521.

5. Синегубова 2006 - Синегубова Н. М. Информационные технологии на уроках английского языка // Школа, 2006. № 2. С. 43-44.

6. Нелунова 2006 - Нелунова Е.Д. Информационные и коммуникационные технологии в обучении иностранному языку в школе. Якутск: ИПКРО, 2006. С.104

УДК 37.015.3

## РАЗВИТИЕ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ ШКОЛЬНИКОВ

**АДАМБЕКОВА К.Ш.**

Психолог-исследователь средней школы №10 «Асыл-мура», Мактаральский район,
Туркестанская область, Республика Казахстан

**Түйіндеме.** Мақала оқушылардың оқуға деген ынтасын дамытуға арналған. Дағдарыстардың әртүрлі түрлері және оларды қалай жеңуге болатындығы қарастырылады.

**Резюме.** The artiresumecle is devoted to the development of motivation to teach schoolchildren. Different types of crises and ways to overcome them are considered.

Школа как система существует уже давно и на протяжении всего времени существовала проблема с мотивированностью подростков. Каждый период имеет свои кризисы и одним из них может оказаться: нежелание учиться – отсутствие мотивации к обучению [1,534].

Мотивация – (от лат. movere) – побуждение к действию; психофизиологический процесс, управляющий поведением человека, задающий его направленность, организацию, активности, устойчивость; способность человека деятельно удовлетворять свои потребности [4,80].

Рассмотрим понятия «мотивация» в разных психологических школах. В психоанализе Сущность человека определяется психической энергией сексуальной природы и опытом раннего

детства. Основу структуры личности составляют три инстанции: Ид, Эго, Суперэго. Поведение мотивируется агрессивными и сексуальными импульсами [2,17].

У бихевиаристов – это система мотивов, задающая характер деятельности. Мотив психическое явление, становящееся побуждением к действию. В широком смысле к мотивам относятся потребности и инстинкты, влечения и эмоции, установки и идеалы. Мотив, как внутреннее побуждение к действию, связан с внешним побудительным фактором - стимулом и, как правило, отражает его.

Если физиологические потребности выполняются автоматически (без волевых усилий), то установки или следование своим идеалам требуют волевых усилий, что осложняет достижение целей в этой сфере [5,411].

Такое различие мотивов заставляет конфликтовать мотивы между собой. Например: с одной стороны ты чувствуешь физическую усталость, а с другой тебе необходимо развивать интеллект посредством присутствия на уроках, чтобы не опоздать в развитии, и в итоге стать успешным человеком. Мотивирующим фактором при этом выступает подкрепление каждой правильной реакции.

Двойственность лежит в самой основе волевого акта и становится особенно приметной и наглядной тогда, когда в нашем сознании сталкиваются несколько мотивов, несколько противоположных стремлений, и из этих разных стремлений и мотивов сознанию приходится делать выбор.

Исход борьбы всегда заранее предопределен: с одной стороны, сравнительной силой борющихся сторон, а с другой - обстановкой борьбы, которая складывается из общего равновесия сил внутри организма.

При полном и идеальном уравновешении всех мотивов, направленных в противоположные стороны, мы получаем полное бездействие воли, и в данном случае психический механизм будет работать по всем законам точной механики, которые оставляют Савкина Н.Г., Мельников А.О., Пузынина Е.Е., 2017 г. в покое тело, находящееся под действием двух одинаковых сил, направленных в разные стороны.

Получаем волевой кризис, при котором ребенок отказывается от потребности интеллектуального развития в сторону удовлетворения первичных потребностей [6,126]. Кризис этот не всегда плох, как и любой другой он может поднять ребенка, переработав борьбу, например в целеустремленность. Или же наоборот, может привести личность к инфантильности.

Правильно проработать кризис может только сам человек (ребенок) посредством правильного выбора. О.Больнов отстаивал подход к воспитанию, основанный на важности внутренних мотивов человеческого поведения, на формировании свободной от давления социальных институтов личности. Главным условием проявления подлинной сущности человека он считал наличие ситуации выбора. Выбор человека должен быть сознательным, ясным, с тем, чтобы человек мог проявить свою активность в конкретной ситуации, которую он способен изменить.

Необходимо дать ребенку образ нравственного человека. Основой нравственности О.Больнов видит спокойное существование, включающее постоянную готовность к действию, мужество при всех опасностях и никогда не ослабевающую терпимость, способность к благодарности и непоколебимую надежду.

Для частичного снятия перечисленных противоречий также используются методы активного обучения: деловые, инновационные и организационно-деятельностные игры, анализ конкретных ситуаций, ролевые игры, групповые дискуссии и т.д. Опыт их применения показывает, что они обеспечивают решение образовательных задач, труднодостижимых в традиционном обучении, таких как:

- воспитание исследовательского отношения к реальности;
- формирование не только познавательных, но и профессиональных мотивов и интересов;
- воспитание системного мышления специалиста;
- обучение коллективной мыслительной работе, «должностному» взаимодействию и общению, индивидуальному и совместному принятию решений, ответственному отношению к делу и другим людям, творческой инициативе.

Для предотвращения неудачного исхода кризиса нужны специалисты с оптимальным педагогическим общением. Оптимальное педагогическое общение - это такое общение учителя со школьниками, которое создает наилучшие условия для развития мотивации учащихся и творческого характера учебной деятельности, для правильного формирования личности

школьника. Такое общение обеспечивает благоприятный эмоциональный климат, управление социально-психологическими процессами в детском коллективе и позволяет учителю максимально использовать собственные личностные особенности. В этом случае личность учителя становится основным инструментом осуществления педагогической деятельности.

Таким образом, учитель это основа доверия и мотивации для учеников. Он должен обладать такой личностью, что бы на него равнялись. Человек в первую очередь социальное существо и без потребностей в общении и познании прогресс будет стоять на месте, а в худшем случае регресс.

**Список использованной литературы:**

1.Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. - М.:АСТ, 2009. – 671с.

2.Клюева Н.В. Педагогическая психология: учебное пособие / Н.В Клюева– М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2002. – 25с.

3.Словарь психологических терминов [Электронный ресурс], - http://shnurok14.narod.ru – статья в интернете.

4.Савкина Н.Г. Формирование культуры речи учащихся младших классов Савкина Н.Г., Сафонова Т.Н. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2016. №5-4. С. 79-82.

5.Савкина Н.Г. Создание ситуации успеха при обучении детей с правополушарной ориентацией головного мозга/Савкина Н.Г., Белова Н.Ю. Проблемы устойчивого развития российских регионов/материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. ответственный редактор Л. Н. Руднева. 2014. С. 412-413.

6.Савкина Н.Г. Мониторинг универсальных учебных действий учащихся начальных классов Савкина Н.Г., Изох Т.А. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2014. №6-2. С. 125-127.

ӘОЖ 37.431.207

# БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**СЕМБЕКОВА Б.Т.**

Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, магистр,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются языковые особенности учащихся начальных классов.

**Summary.** This article discusses the language characteristics of primary school students.

Адамзат тарихын сонау баяғы заманнан қазіргі күнге дейін бағдарлайтын болса, өшпейтін, өлмейтін әрқашан жетілу үстінде тұрған құбылыстарының бірі ретінде ең алдымен тілді атауға болады. Тіл – адамзат мәдениетінің негізгі тұғыры, ұлттың ұлт болып жасай беруінің басты шарты, қарым-қатынас құралы. Сондай-ақ, тіл адам баласының санасын дамытады. Оның танымын кеңейтеді, жетілдіреді. Қатынас құрал ретінде тіл адамдардың бір-бірімен ой алысуын, пікір алмасуын қамтамасыз етеді. Сондықтан К.Аханов: «Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құрал», – десе, В.М.Солнцев тілдің қасиеттерін білу, оның теориялық жақтарын құру үшін қажет екендігін атап көрсетеді: «Определение языка имеет существенное значение для построения теории языка. В нем функцирует то или иное онтологическое представление о языке, которое во многом определяет понимание обьекта или предмета науки и методы изучение этого обьекта». Сонымен қатар, тілдің мынадай қасиеттерін ажыратып көрсетеді: «Языке как исключительно сложное образование может быть определен с разным точек зрения в зависимости от того, какая сторона языка выделяются. Определения возможны: а) с точки зрения функций языка, и (или функций языка): язык есть соедство общения людей и как таковое, есть средство форматирования, выражения и собщения мысли; б) с точки зррения устройства (механизима) язык: Язык есть набор некоторых единиц и правил использования этих единиц, т.е. комбинирования единиц; эти единицы» «делаются»

говарящими в данный момент; в) с точки зрения существования языка; язык есть результат социального, коллективного навыка «делания» единиц из звуковой материи путем сопряжение некоторых зуков с некоторым смыслом; г) с семиотической с точки зрения; язык есть системы знаков, т.е. материальных предметов (звуков), наделенных свойство обозначать что-то, существующее вне их самих; д) с точки зрения теории информации: языка есть код, с помощью которого кадеруется семантическая информация. Л.А.Киселева тілдің қасиеттерін зерттей келе, оларды деңгейлерге бөліп қарастырады. Жоғары деңгейде тілдің танымдық, ұлттық мәдениет, қоғамдық тәжірибені меңгеру қызметтері орналасса, бірінші деңгейде тілдің ойлау және қарым-қатынастық қызметтері.

Түпнұсқасының ішкі құрылымын зерттеу және анықтау мақсытында, сонымен бірге оның қалыптасуы мен дамуын түсіндіру үшін қолданылады. Зерттеуімізде квантитативті-лингвистикалық модельдеу әдісін қолданамыз. Модельдің түрін анықтау мен оны құру барысында төмендегі жалпы ережелер қатаң сақталуы тиіс: объективті дүниені аналогия жолымен бейнелеудің ерекше түрі болып табылады (модель – зерттелетін нысананың көшірмесі емес, аналогиясы). Түпнұсқаға қарағанда күрделі болмауы, ал оны қолдану нысананы зерттеудің басқа әдіс-тәсілдерімен салыстырғанда уақыт пен күшті үнемдейтіндей болуы қажет. Түрлі нысаналарды бейнелеп, түсіндіруге мүмкіндік беретін жан-жақты әрі жалпылама сипатқа ие болуы тиіс. Жасалынған эксперимент үшін ерекше маңызға ие түпнұсқаның өзіндік белгілері мен қасиеттерін көрсете және түсіндіре алатын болуы тиіс. БСО мәтіндеріне жасалынған статистикалық мәліметтерге сүйенетін боламыз. Ол үшін зерттеуге негіз етіп алынған нысана мен оның моделі арасындағы сәйкестікті, яғни сәйкестілік коэффициентін анықтап алу керек. Мұны лексикалық бірліктердің (белгіленген мәтін көлемінде) жиілік сөздік (ЖС), алфавитті-жиілік сөздік (АЖС) және кері алфавитті-жиілік сөздіктерін (КАЖС) алу жолымен орындауға болады. Бұл сөздіктер зерттеуге негізге алынған 50 ж.

БСО мәтіндері мен онымен салыстырылатын 1970-2000 жылдардағы БСО және БӘ мәтіндерінің квантитативті модель ретінде біздің тікелей бақылауымыздан тысқары түпнұсқаның немесе нысананың орнына қарастырылады. Бұл үшін алдымен зерттеуге қажетті мәтін көлемін анықтап алуымыз керек. Сөздің жиілік тізімін жасауға кіріскен зерттеуші ең алдымен жеткілікті мөшердегі мәтін көлемін анықтап алуы тиіс. Таңдама көлемін анықтау – лингвостатистиканың ең маңызды мәселелерінің бірі. Қажетті, мүмкін болатын бұл мәтін көлемі іске асу мүмкіндіктерін есепке алғандағы статистика теориясының талаптары негізінде анықталады. Таңдама мәтініне жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған заңдылықтардан туындайтын қорытындылар тұтас мәтіннің заңдалықтары жайлы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Лингвостатистикада сенімділіктің белгілі бір шамаларында статистикалық мәндерді бағалауға және жиілік сөздіктің бірліктері үшін қажетті жеткілікті мөлшердегі жиын көлемін анықтауға мүмкіндік беретін мысалдар аз емес. Лингвостатистикалық зерттеулерде қажетті таңдама көлемі анықтау үшін моделі таңдалған мәтіннің статистикалық жағынан сенімді мөлшердегі сөздігін алу қажет болған жағдайда зерттеуге алынған таңдама көлемі жайында алдын-ала мағлұмат алуға, оны бағалауға мүмкіндік беретін қатынасты қателік шамасын анықтау әдісін қолданамыз. Адамның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – тіл. Тіл арқылы әрбір адам өз ойын, пікірін, сезімін жеткізеді. Сондай-ақ тіл – адамды қауымдастыратын, біріктіретін құрал. Адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметін атқаратындықтан, тіл арқылы адамдар бір-бірімен қатынасқа түсіп, пікірлесіп, түсінісе алады. А.Байтұрсынов: «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» - деп, оның тек адамдарға тән құбылыс екендігін көрсетеді. Тіл «адамдық белгісі» болғандықтан, ол арқылы қарым-қатынасқа түсу тек адамдардың меншігі. Сонымен қатар тіл – мәдениеттің негізі. Қандай халық болмасын. өз мәдениетін ана тілінде қалап, дамытады. Ана тілінде жазылған түрлі өнер туындылары, әдебиет мұралары сол халық мәдениетінің жетістігі. Бұл жөнінде Х.Досмұхамедовтың: «Мәдениеттің негізі-білім. Білімге тіл арқылы жетеді.

Білімді жұрттардың тілі бай болады», - деген пікірі бүгінгі күннің шындығына айналып отыр. Мектепте тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Тіл арқылы балаға барлық ғылымның негіздері үйретіледі. Ә.Садуақасовтың: «Адамды бір-бірімен қоғамдастыратын басты құралдың бірі тіл. Оқушылардың білімді болуының басы айтушының сөзін тыңдай білуден, дұрыс сөйлей алудан басталады. Әрбір пәннен тиянақты білім алу да тілге байланысты», - деуі де сондықтан. Тілді оқыту баланың мектепке келген күнінен бастап жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдалықтары үйретіледі. Мұнда қазақ тілін оқытуда мұғалімнің алдында екі міндет тұрады. Бірі –

оқушыға сөздің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуын үйрету, екіншісі – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс тіркестіріп қолдандыра білдіру. Ш.Уақбаев: «Сөздік қорын молайту, сөздерді өз орнына қолдана білуге жаттығу, оларды өзара байланыстырып сөйлем құрастыруға төселдіру, орфографиялық ережелерді меңгеріп, сауатты жазуға төселту – бастауыш кластарда оқытылатын ана тілі және қазақ тілі сабақтарының негізгі мақсаты» - екендігін нақтылай отырып, «Баланың сөз қоры мектепке келісімен-ақ бірден байып, дамып кетпейді. Бұл өте ұзақ, күрделі процесс.

Оқушының неғұрлым сөздік қоры көп болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе білімді терең де тез үйренеді» - деп, осы мақсаттарға жетудің бір жолы балалардың сөздік қорының мол болуына байланысты екендігін шегелеп көрсетеді. Мектепке келген бала тілдің тек фонетикалық, грамматикалық жақтарын ғана білмейді, сонымен қатар ол тілдің сөздің құрамын, сөздердің мағыналарын, яғни лексикасын біледі. Ғалымдардың пікірлері бойынша мектепке алғаш келген баланың сөз қоры 3-7 мың аралығында. Осындай сөздік қормен келген балалардың сөздік қорын одан әрі дамытып, жетілдіретін – мектеп. Бастауыш сыныптарда лексиканы оқытуға арнайы уақыт бөлінбегенімен, балаларға лексикалық ұғымдарды үйрету, сөздік қорын дамыту үнемі жүріп жатады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Люблинская А.А. Детская психология. М.: Просвещение, 1971, -С.284-300.
2. Ядешко В. И. Развитие речи от трех до пяти лет (о формировании предложений в речи детей). М.: Просвещение, 1966, -96 с.
3. Бауэр Т. Психическое развитие младенца. М.: Прогресс, 1979, -319 с.


ӘОЖ 37.451.278

## БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ


**МАМРАИМОВА Д.Н.**

М.Әуезов атындағы №33орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье говорится о том, что семья, школы и дошкольные учреждения, детско-юношеские объединения, улица, средства массовой информации - все они образуют особую группу воспитателей, оказывающих формирующее воздействие на развитие личности.

**Summary**.The article says that the family, schools and preschools, children's and youth associations, the streets, the media - all of them form a special group of educators who have a formative impact on personal development.


Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барысында барлық қатынасқан субьектілері үшін оң жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілік қасиеттерді сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізу бағытында болғанда ғана қарым-қатынас мәдениеті сақталғаны анық байқалады.

Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға етіп, қалыптастыру заманы болып табылады. Жеке тұлға қалыптасуына обьективті және субьективті жағдайлардың ықпалымен әлеуметтік деңгейде қарым-қатынас жасауына макро және микро жағдай себепші болады. Макрожағдай қоғамдағы қарым-қатынас, қоғамдық сана формалары, ал микро жағдай қарым-қатынасқа түсетін ортасына байланысты (отбасы, ұжым, топ, құрбылары, мектеп). Жас ұрпақ тәрбиесі, жастардың рухани дамуына байланысты қамқорлық-қоғамның маңызды мәселелірінің бірі.

Қарым-қатынасты зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін, ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады:

Қарым- қатынас мәдениеті дегеніміз-адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз.

Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше тәрбиешілер тобын құрайды.

Отбасының негізгі міндеті – белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру. Отбасы қоғамдық, топтық және жеке адамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Қоғамның әлеуметтік ұясы бола оытырып, отбасы біраз ең маңызды қажттілікітерді, соның ішінде халықтың санын ұдайы жаңартып отыру қажеттілігін де қанағаттандырады. Сонымен қатар отбасы, әлбетте, өзінің мүшесінің жеке бастық қажеттіліктерін де, сондай-ақ жалпы отбасылық қажеттіліктерді де қанағаттандырып отырады.

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез – құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата –аналар бірлестігінің бір –бірін қолдаушы ата-аналар құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Е.Т.Соколова бала мен ана арасындағы қарым-қатынасқа көңіл аудара отырып, тәрбиелеудің келесі стилдерін бөледі:

1.Қызметтестік: қарым-қатынаста шеттетілгендердің алдындағы қолдаушы тұжырымдар басым болады. Анасы баласын белсенділікке итермелейді;

2.Оқшаулану: отбасында ортақ шешімдер қабылданбайды; бала оқшауланып, ата-анасымен өз ішкі әлемі жайлы бөліскісі келмейді;

3.Бәсекелестік: қарым-қатынас қарсы тұрумен, сыни көзқараспен байқалады;

4.Жасырын қызметтестік: серіктестер эгоцентризм танытады, ортақ шешімдердің мотиві іскерлік емес, ойындық болып табылады.

Сол сияқты, баламен өзара қарым-қатынас стилдерін талдаудағы әртүрлі бағыттарды қарастыра отырып, үш құрамдас бөлікті айтуға болады: эмоциялық, танымдық және мінез-құлықтық.

Танымдық – бала бейнесі мен ерлі-зайыптылардың тәрбиедегі роліне қатысты ата-аналық нұсқаулар мен үміттерге негізделеді.Сонымен қатар бұл құрамдас бөлек ата-аналардың баламен қарым-қатынасқа түсе білу тәсілдері жайлы түсініктерді де қамтиды.

Ата-ананың көңіл – күйі балаға үлкен әсер етеді. Себебі олар балаға дербес еркін адам болып өсуіне, өзін өмірге дұрыс бейімделуіне ата-ана мен бала арасындағы достық қатынастың қалыптасуына кесірін тигізеді. Сондықтан бала өз дербестігі үшін күресуге әрекеттенеді де көптеген ұрыс-керістің, күйзелістің себепкері болады.

Бала тәрбиелеу мен оның мүмкіндігін ұштастыру бір бірінен бөлінбейтін қағидалар. Баланы қандай адам ретінде көргісі келетін ата-аналар мен мұғалімдер тәрбиелеу мен оның қабілетін дұрыс ұштастыра алғанда ғана өз дегеніне жете алады. Бірақ баланың ішкі жан дүниесімен , мүмкіндігімен санаспай, тек өзім қалаған адам жасаймын деп оны жанды қуыршаққа айналдырмау керектігін ұмытпаған жөн.

Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер – бұл өнеге-үлгі, бірлікті іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдау және оны қорғау.

Баланың жан-жақты дамуына отбасы үлкен әсер етеді. Ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, балаларға деген қатынасы, жалпы алғанда отбасы ішілік жағдай – міне осының барлығы өскелең ұрпаққа толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына, әке және ана болу үшін таптырмайтын тәжірбие мектебі болып саналады.

Баланы жеке адам ретінде қалыптастырудың тиімділігі оның әр алуан әәрекет түрлеріне – ойынға, оқуға, еңбекке қарым-қатынас жасауға белсене қатысуына байланысты. Демек, мұндай әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру, оған пайдалы бағыт беру, оған қызықты, шығармашылық сипат беру қажет. Қазіргі уақытта психологтар мен педагогтар баланың жеке басындағы қасиеттерінің негізгі оның алғашқы жылында-ақ қаланады деген пікірді дәлелдеді. Жаңа туған нәрестеде көптеген қабілеттердің нышаны ғана болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында сол нышандарды дамытуға қолайлы жағдайлар болмаса немесе ол үшін әрекет жасалмаса, кейін оларды жүзеге асыру қиынға түседі.

Жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым-қатынас баланың тұлғалық-психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан отбасыда баланы жан-жақты дамытудың тиімді ережелері:

-баланы бар қалпында сүю, құрметтеу қажет;

-балаға әсер ететіні жай ғана сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы маңызды;

-балалармен қарым-қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы маңызды, сонда ғана үлкен мен кіші арасында дау-дамай туындамайды;

-баланың не айтатыныны түсініп алған жөн, асығыс қортынды жасамау қажет;

-жазаны келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланың намысына тиіп, қорламау;

-бала жөнінде басқалар айтқан сын пікірден қортынды жасаудан бұрын, баланың өзімен әңгімелесіп себебін анықтап, кейін шешім қабылдау қажет;

-балаға үйрететінді алдымен өзің үйреніп алу қажет;

-өз балаңызға «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қортынды шығарыңыз;

-бала ата-анасына түгелдей тәуелді. Ата-анасының өз өміріне ықыласпен араласқанын ұнатады;

-балаламен өмір, тұрмыс жөнінде сұхбаттасып тұрған жөн.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым–қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым – қатынас барысында екі немесе бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой – пікір, сана – сезім, мінез – құлық, қылық –жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыстық, талас –тартыс, қарама – қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасы қарым – қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым – қатынасының қазіргі кездегі отбасы ерекшеліктері әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын, ақпарат байлығы болып, өзара қарым – қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар. Отбасы мүшелеріне қарым – қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байла-ныстарын нығайта түсетін аса маңызды саланың мақсаты. Отбасының материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету, нәтижесінде ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым – қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі.

Қарым – қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым – қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой санасына, қылық жорығы, жүріс – тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады. Кішкентай жеткіншекке ұжым өміріне қатысқаны, басқалармен бірге болуы, біртіндеп жасөспірімдік кезеңде құрбы-құрдастарының оны қабылдауы, топқа өзін қажет деп сезінуі, онда бір бедел мен құрметке жетуі аса маңызды. Ұжымда статустың төмен болуы баланы алаңдатады,қобалжу сезімі пайда болып,өз-өзіне сенімсіз,ерік-жігері әлсіз күйде яғни бір сөзбен айтқанда оның топтағы өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында іскерлік қарым-қатынасты (функционалдық-рөлдік) ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-бірімен тіл табысқыш, ұйымшыл, басқалардың пікірімен санасу және сыйлау қабілетін қалыптастырады.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы балып танылады демекпіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы. – Астана, 2006.

2.Әміралиев Ш. «Рухани байлық – өмірден». –Қазақстан мектебі, №11-12. – 1992.

3.Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқуқұралы) Алматы 2001.

4.Т.И.Жүндібаева Отбасыпедагогикасы /оқулық /Алматы: Экономика, 2014.

ӘОЖ 37.879.01

# ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ –ҮЙЛЕСІМДІЛІК БЕСІГІ

**БЕРДЕНОВА А.С.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
педагогика және психология магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ШАБНАБИ НҰРАЙ**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 3 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Методы воспитания детей в семье в статье представляют собой методы целенаправленного педагогического воздействия родителей на психику и поведение детей. Скажу, что способами повышения воспитательного воздействия семьи являются: гуманизация семейных отношений, совместная работа школы, религиозных организаций и семьи.

**Summary.** The methods of raising children in the family in the article are methods of targeted pedagogical influence of parents on the minds and behavior of children. I will say that the ways to increase the educational impact of the family are: the humanization of family relations, the joint work of schools, religious organizations and the family.

Тұлғаны тәрбиелеу, оған кешенді білім беру, машықтануға дағдыландыру және мүмкіндікті дамытудың тарихы әріде жатыр. Адамды тәрбиелеу – тарихи феномен екені айқын. Өйткені, алғашқы құрылған жанұя ондағы бала тәрбиесі бертін келе ашылған мектептер, бұлардың барлығының объектісі ол дара тұлғаны қалыптастыру тәрбиесі. Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде өздігінен пайда болып, жасалмай, тұлғаны қалыптастырып оны өмірге дайындаудың және оған қажетті тәрбие заңдылықтары, оның әдістемелік негіздері тәрбиелік қызметтің өзінде ғана көрінбей, әлеуметтік тұлға сипатына ие, адамның даму және қалыптасу заңдылықтарына негізделеді.

Данышпан Әбу - насыр әл-Фарабидің пікірі бойынша, бір халық екінші халықтан табиғи үш қасиетімен ерекшеленеді: болмысы, мінезі және тілі.

Әл-Фараби өзінің әлеуметтік, этикалық көзқарастарының кіндігіне адамды алады. Тек қана өзіндік еркін әрекеттене алатын белсенді пенде қоғамдық пайдалы қызметін жеке бақытын жасай алады. Музыканы, тіл білімін және логиканы педагогикалық ғылымға біріктіре отырып, осы арқылы Әл-Фараби дара тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуындағы тәрбие мәселесіне айтарлықтай мән берген.

Қазіргі қоғамда тұлғаның дамып қалыптасуы үшін рухани - өнегелі тәрбиенің жетіспеушілік танытып отырғаны айқын. Адамның өзін-өзі тануы деген - өзінің ішкі дүниесін тану, сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеу, өзінің көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі сезіну және өзін-өзі бағалау.

Оқытушы және оқушы арасындағы байланыс кезінде ұстаз баланың ішкі дүниесін көріп және оның ішкі қуатын сезініп, сол арқылы табиғи түрде оны дамыта білуі, жан дүниесінің жалпы ағынымен таныс болу, әр адамның өз жан құбылыстарымен танысып, зерттеуің тигізер пайдасы мол бар.

Адам өзін және өзгелерді дұрыс ұғына алу үшін ғылымнан жол іздеукерек. Отбасы тәрбиесінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Отбасы денелік және психикалық жағынан сау, адамгершілік, интеллектуалдық, дамыған, болашақ еңбектік, қоғамдық және отбасылық өмірге даяр тұлғаны қалыптастыруға міндетті. Отбасы тәрбиесінің мазмұнының құрамдас компоненттері: денелік (салауатты өмір салты, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, спортпен айналысу, организмді шынықтыру), адамгершілік (мәңгі адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу - сүйіспеншілік, адалдық, борыш, әділеттілік т.б.), интеллектуалдық (оқушылардың біліммен сусындауына, оқуға деген сұраныс-ты тәрбиелеуге ата-аналардың қатысуы), эстетикалық (балалардың талантын және дарындылығын, өмірдегі әсемдік туралы білімдерін дамыту), еңбек /болашақ еңбекқор адамның негізін қалыптастырады/ тәрбиесі.

Отбасында ата-аналардың балалардың санасына және мінез-құлығына мақсатты бағытталған,балаларды тәрбиелеудің әдістері педагогикалық әсердің тәсілдері бар. Негізгі ерекшелігі болатын: тұлғаға үйлестірілген, сәйкестендірілген балаға жасалатын жекелік әсер,

әдістерді дұрыс қолана білу, ата- аналардың педагогикалық мәдениетіне байланысты (тәрбиелеу мақсатын түсінуі, ата-аналар рөліне, отбасындағы қатынастар стиліне т. б.).

Отбасы тәрбиесінің әдістері: сендіру (түсіндіру, ақыл-кеңес, иландыру); жеке өнеге; мадақтау (мақтау, сыйлық, балалар үшін қызықты перспектива); жазалау (достықтан бас тарту, рақаттылыққа рұқсат бермеу, денелік жазалау). Кейбір отбасыларында педагогтың кеңесі бойынша тәрбиелеушілік ситуациялар қолданылады.

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер барған сайын отбасы дағдарысы көріне түсуде және одан шығудың жолын іздестіруді қажет етеді. Дағдарыстың бір көрінісіотбасы өзінің басты функциясы, яғни бала тәрбиелеуді нашар жүзеге асыруда.

Дағдарыстың себептеріне келсек: әлеуметтік - экономикалық жағдайдың нашарлауы, мәдениетінің төмендігі, отбасында аналардың шектен тыс міндеттеме алуы, әсіресе жастар арасында ажырасудың жоғары пайызы, ұрпақ арасындағы тартыстың асқынуы, отбасы мен мектептің байланысының нашарлауы т.б.

Отбасыда тәрбие жұмысы әсерін арттырудың жолдары: отбасындағы қатынасты реттеу, мектеп пен отбасының бірлескен қызметі, қоғамдармен жұмысын үйлестіру т.б.

Тартымды тұлға қалыптастырудың, жақсы дағды қалыптастырудың негізі, жалпыланған әдісі - жаттықтыру. Балада қалыптасатын қылық, әрекеттің қай-қайсысы да жаттығып, дағдыланудан. Балаға басқалардың қалай жазатынын әңгімелеп, жазуға, атақты күйші өнерін көрсетіп, домбыра тартуға үйрету мүмкін емес. Тәрбиеленушіні мақсатты бағытталған белсенді әрекетке ынталандырмай, жоспарланған мінез бітісін де орнықтыруға болмайды. Жаттықтыру мәні - талап етілген әрекеттерді көп мәрте қайталаумен автоматты орындалу дәрежесіне жеткізу. Жаттығулар нәтижесі - тұлғаның бекіген сапалары: әдеттер мен дағдылар.

Дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруы қажет болатынын ойластырып алғаны жөн, жаттығулар ең алдымен, өз тәрбиеленушілеріне қандай пайда тигізетінін білу. Жаттығу дұрыс бағытта болса, әдісінен баланың өмірлік қажетті, мәнді және пайдалы дағдылары мен әдеттері қалыптасады. Сондықтан жаттығулар қалай болса, солай ойдан шығарылмай, өмірден алынуы тиіс.

Тұрақты дағдылар мен әдеттер қалыптастыру үшін жаттығуларды мүмкін болғанша ерте жастан қолданған дұрыс. Жас организм қай әсерді де тез қабылдайды. Әдеттенген адам өз сезімін басқара біледі, құмарлықтарына тоқтау береді, өз ниеттерін басқалар мүдделерімен салыстырып, бағалай алады. ұстамдылық, өзіндік бақылау, ұқыптылық, тәртіптілік, қатынас мәдениеті - бәрі де тұрақтанған әдеттер негізінде туындайтын ізгілі адам сапалары.

Жаттықтыру әдістерінің шарттардың бірі-тиімділігіне себепші біртұтас жаттығулар жүйесінің біртіндеп күрделеніп баруы. Бастауыш сынып оқушыларында мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру үшін шамалап түзілген жаттығулар жоспарын ұсынуға болады.

Тәрбие барысындағы талап тәрбиеленуші әрекетінің ынталылығын көтеруге не оны тежеуге қажет талаптар тікелей не жанамалы болып келеді. Тікелей талап - анық, дәл, нақты. Жанамалы талапта әрекетке келтіретін талаптың (кеңес, өтініш, сенім, қолдау, құлақ-қағыс және т.б.) өзі емес, ал сол талаптан туындайтын психологиялық жағдаяттар: толғаныс, күйзеліс, мүдде, ұмтылыс. Жанама талаптар арасында аса көп қолданылатындары:

Тәрбиелік жағдайлар - арнайы жасалған шарттарға орай тәрбиеленуші іс-әрекеті мен мінез-қылығын қалыптастыру әдісі. Тәрбиелік жағдайлар (ситуация) тиімділігін көтерудің екі жолын еске ұстаған жөн:жағдай жалған, жасанды болмай, нақты өмірде кездесетін қарама-қарсылықтары мен күрделіліктерден құралуы тиіс.

Оқушының жасаған күтпеген қылығына ұстаз кеңпейілділік, қайырымдылық танытуы лазым. Бірақ бұл жағдайдағы басты шарт: бала мұғалім әрекетін дұрыс түсініп, оны әлсіздік, сенімсіздік демей, жоғары адамгершілік тұрғысынан қабылдауы тиіс. Қай жағдайда болмасын мұғалім әдістері тиімді пайдаланып, бала тәрбиесіне жауапты тұлға екенін ұмытпаған жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әлеуметтік және өзін – өзі тану педагогикасы. Республикалық педагогикалық – әдістемелік журналы. -2012. -№2.

2.Әміралиев Ш. «Рухани байлық – өмірден». –Қазақстан мектебі, №11-12. – 1992.

ӘОЖ 373.288.799

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**МЕЙІРБЕКОВА Ж.Е.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены эффективные способы формирования навыков чтения у младших школьников

**Summary.** The article discusses effective ways to develop reading skills in younger students

Оқу – өте күрделі психологиялық процесс. Онда көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, түсіну әрекетімен де тығыз байланысты. Сондықтан біздің мақаламызды жазу барысында келесі бір сүйенген ғылымымыз – психология. Көрнекті психологтар өздерінің арнайы жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде оқу дағдысын қалыптастырудың психологиялық жақтарын ашып көрсетті, соған байланысты оқу дағдысын қалыптастырудың сатыланып берілген кезеңдерін де анықтады. Олар: ең бастапқы кезең аналитикалық, яғни талдау кезеңі. Бұл кезеңде оқушыларға әріп танытып, оқу техникасын меңгерту үшін тіліміздің жеке дыбыстардан тұратынын, әріптердің сол дыбыстардың шартты белгілері екенін түсіндіруден басталады. Одан әрі әрбір сөзге дыбыстық талдау жасалып отырудың керектігін айтады. Мұны оқу дағдысын қалыптастырудағы бірінші саты деп атап, екіншісін синтетикалық немесе жинақтау кезеңі деп атаған. Бұл екінші кезеңді басқаша айтқанда, оқу әрекетінің тұтастық құрамға айналу кезеңі деп те атауға болады. Ең соңғы кезең – оқудың автоматизацияға айналған кезеңі делінеді. Алғашқы екі кезең сауат ашу туралы арнайы зерттеу жүргізген М.Жұбанова еңбегінде жақсы айтылған [1].

Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Жалпы тіл дамуының ортақ заңдылықтарымен қатар әрбір тілдің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Оқу сабағында оқушылар өздерінің білім мен тәрбие алуына керекті жұмыс істеудің әр түрлі жолына үйреніп, түрлі дағды қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушыларының қалыптастырылатын түрлі дағдыларының ішінде ең маңыздысы мен күрделісі – оқу дағдысын қалыптастыру Сондықтан бүгінгі таңдағы қазақ әдеби тілінің қалыптасқан әр жақты сипаты, оның өзіндік өзгешеліктеріне арналған зерттеулер нәтижесі мен қазақ тілінің грамматикалары, оқу программалары мен методикалық нұсқаулары біздің жұмысымыздың ғылыми негізін құрайды [2].

Болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуді ғылыми жолмен зерттеп, бұл саладағы жетістіктерді жинақтап, алдағы басты міндеттерді анықтап беріп отырған педагогика ғылымы да оқу методикасында үлкен орын алады. Ол оқудың негізгі принциптерін белгілеп, олардың әрқайсысы бойынша қойылатын талаптарды да ғылыми жолмен анықтап берді. Оқылатын материалға қарай оқудың дидактикалық жолдарын таңдап алу да осында көрсетіледі. Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың өскелең даму дәрежесіне сәйкес қоғамның қажеттерін, оқушылардың қабілеті мен тілектерін есепке ала отырып, ғылым негіздерін тиянақты біліп шығуды, ғылыми көзқарастың принциптерін игеруді, еңбек ету мен политехникалық әзірлікті, сондай-ақ дені сау жас өспірім ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесін беруді қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасына сай жаңа оқу жоспары мен бағдарламаның енгізілуі оқудың мазмұны мен әдістемесінде де көптеген ізденулер, зерттеулер болды. Соның нәтижесінде мұғалім мақұлдауына ие болғандары бүгінгі таңда мектеп өмірінен орын тауып, мұғалімнің жұмысында, оқу сабағында тікелей іске асырылуда [3].

Оқылып отырған шығарманы өмірмен байланыстыру негізінде оқу сабағында оқушының сезімі мен еркіне, ақыл-ойына әсер ету мақсаты көзделеді. Мұның өзі еліміздегі іске асырылмақ ұлы мұрат – халықтық тәрбие мақсатымен ұштасады. Сондықтан жаңа бағдарлама бойынша оқу сабағын жүргізу бағыты мен осы оқу сабағындағы жаңалықтың өзі екендігін жете көрсету мақсатында жазылған. Осындай оқудың маңызды тәрбиелік жағын іске асыру оқушының оқу дағдысын жетілдіру жаңа бағдарламада негізгі талап ретінде қойылады. Оқу дағдысының дұрыс, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқу дегендердің үшеуі де бірімен-бірі біте қайнасқан, өте

тығыз байланыстағы компоненттер. Сондықтан бұл үшеуінің де міндетін орындау, үшеуіне де оқушыны жаттықтыру әр сабақта бірге іске асырылып отыруы керек.

Сабақ сайын оқушы оқу дағдыларының қалыптасуына керекті жұмыс түрін меңгеру арқылы мәтінді қайталап оқи береді, соның нәтижесінде жаттығу пайда болады. Бұл бағытта үнемі үзбей жүйелі жүргізілген әр жұмыс тұтаса келіп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырады. Бала кітап оқу арқылы табиғат құбылыстарының түрлі сырынан хабардар болады.

Оқу бағдарламасының енді бір тақырыбы оның бойында адамның табиғи қасиеті – адалдық, кішіпейілділік, шыншылдық, жолдастық пен достықты қадірлейтін етіп тәрбиелеу мақсатына арналады. Осы мақсатқа арналып оқулықтарда көркем әңгімелер, өлеңдер мен қара сөз мәтіндері және бастауыш сыныптарда жаттауға арналып өлеңдер беріледі. Әсіресе, бала психикасына қатты әсер етіп, оның айналадағы өмірді эмоционалды түрде қабылдауына көбірек жол ашқан көркем шығарма. Ал көркем шығарманың қандай әсер етуі, оқушының оны эмоционалды түрде қабылдауы оның жеке басының қалыптасуына ықпал етіп, оқушының өмір, дүние, құбылыс туралы түсінігін нақтылай түседі, оның жеке адам болып қалыптасуына көмектеседі. Жеке адам болып қалыптасу туралы еңбектерде: «Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны “жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады, бірақ әлі де ол жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер: тәжірибе, білім, іс-әрекет, т.б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүние танымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілеті, қызығуынан жақсы байқалады.

Жеке адам – тарихи-әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі қоғамда, ұжымда) ғана қалыптасады– деп түсіндірсе, осында айтылып отырған тәжірибенің де, білімнің де толығып, оның іс-әрекетіне бағыт сілтеп әсер етуде де көркем әдебиеттің алар орны ерекше.

Сондықтан да оқу сабағының бұл зор мақсатын іске асыру – өте қажет міндет. Ол үшін сабақ үстінде мәтінді қабылдаудан басталатын, мәтінді талдау сияқты күрделі жұмыс айрықша ойланып, толғануды керек етеді. Енді сол мәтінді талдау, онымен жұмыс істеуде оқу сабағының үстіндегі оқушының ойлауы, ойдың жетіле түсуі қандай түрде көрінеді дегенге келейік. Мысалы, мәтінді бөлікке бөлу және әр бөлікке лайықты ат қою жұмысы 1-сыныптан басталады. Бұл талап осы төрт сыныптың бәрінде де орындалуға тиіс болғанымен, бірінші сыныпта бұл жұмыстың ең оңай, қарапайым түрі жүргізіледі. Ал, қалған сыныптарда күрделене түсіп, ол – алғаш жоспар құрумен ұштасады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы тікелей әр сабақ жүйесінің қаншалықты ойланып құрылғанына байланысты, оның әрқайсысында қолданылатын әдіс-тәсілге және оқуды ұйымдастырудың жолына байланысты. Бастауыш мектептегі оқу сабағын жүргізуде және оған лайықты әдіс-тәсіл қолданылуды іздестіру үстінде мыналарды ескерту қажет: біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын жетілдірудің бір бөлігі – оқушының дұрыс және жүргек оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан сабақта қолданылатын әдіс-тәсіл оқудың техникасын жетілдірумен бірге баланың кітапқа, оны оқуға ынтасын арттыратындай, ал көптеген жағдайда бір мәтінді әлденеш рет жалықпай оқуға дағдыландыратындай болуы керек.

Екіншіден, төменгі сынып оқушыларының әсіресе абстрактылы ойлауы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқу сабағында оқушының білімін толықтыра отырып, оның ойлануын, қызығушылығын, бір затты екіншісімен салыстыру, бірін екіншісіне қарама-қарсы қойып байқаушылығын т.б. дүниені материалистік тұрғыдан тануға баулитын әдіс-тәсілдің сабақта көбірек қолданылуы ескерілуі керек.

Үшіншіден, төменгі сынып оқушысының көркем әдеби шығарманы қабылдауға, түсінуге керекті көркем образды түрде ойлануы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқушының творчестволық қиялын, оның қолмен ұстағандай, құлақпен естіп, көзбен көргендей елестете алуына жол ашарлық әдіс-тәсілдің қажетті орында қолданылуы қамтамасыз етілуі керек. Бастауыш сынып оқушысы қандай болмасын мәтінді дұрыс оқуға дағдыланбайынша, оның білімдік және тәрбиелік мәнін де жете меңгере алмайды. Сондықтан мәтінді оқығанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуын, оның дұрыс оқуын мұғалім қадағалап отыру керек.

Оқушылардың оқу дағдыларын байқау жұмысын жүргізген кезде дұрыс оқудың жоғарыда қойылған талаптарының үнемі іске асырыла бермейтіні байқалды. Оның өзінде әр түрлі себептері де бар:

а) оқу сабақтарында негізгі мақсат оқушының мәтінді дұрыс оқуын қадағалап, сол арқылы мәтіннің дұрыс қабылдануын қамтамасыз етуге бағытталмай, сол мәтіннен жалпы ұққанын айтқызуға бағытталатындығы;

ә) көбіне оқушы мәтінді оқып жатқанда мұғалім оқушының жалпы оқу сарынына құлақ тігіп, әр сөзді, әр дыбысты дұрыс оқуына жете зер салмауынан;

б) оқушылардың жеке ерекшеліктерін және оқу қарқынын жете білмей, кейде оны асықтыруынан.

Міне, осы айтылғандардың салдарынан кейбір оқушының жіберген қатесін түзетуде мұғалім тарапынан қайталап оқыту ғана талап етіледі. Оқушының қатесін түзетудің бір жолы – қайталап оқыту екені рас. Бірақ та оқушы жіберген қатенің түріне қарамастан, оны түзетуге болатын бірден бір жол осы деп қарау – қате. Олай болса, баланы дұрыс оқуға үйретуге дағдыландыру үшін, біріншіден, оның жіберген қатесін байқаусыз қалдырмау керек болса, екіншіден, қателерді түзетудің дұрыс жолын білу керек.

Қорытындылай келе, оқушының оқыған мәтінді саналы түрде түсініп оқығанын мына белгілерден білуге болады: егер оқушы дұрыс оқу мен оқылғанның мазмұнын саналы түрде меңгерген болса, соның нәтижесінде оқушыда белгілі бір икемділік, өмір, зат, құбылыс, адам, оның іс-әрекеті жөнінде өзіндік көзқарас пайда болады, сол оқылғанның мазмұнын түгел меңгеріп, ондағы негізгі ой тірегін анықтап алады. Оқылған әңгімедегі болған жағдайды, оның солай болу себебін, ол әңгімеде суреттелген адамдардың іс-әрекетін, сол іс-әрекеттің болу себебін және әңгімеде қатысушы адамдардың өзара қарым-қатынасын анықтай алады. Сол оқылғанның негізінде болашақтың жақсы жақтарын, ескіден жаңаны ажырата алатын болады, балада болашақ қоғам – әділдік қоғамды құруға лайықты іске ұмытылу пайда болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұбанова А. Психология. –А., 1998ж.
2.Ақназаров Б., Шыныбаева Ә. Оқыту процесінде тәрбиелеу.– А., Мектеп, 2018.
3.Қазақстан Республикасының “Білім туралы Заңы”//Қазақстан мұғалімі, 1998, 25 ақпан, 8-б.

УДК 37.223.066

## АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**ЗУБАРЕВА Т.М.**
учитель начальных классов ОШГ № 17 имени Ивана Трубицына
Жамбылская область, Меркенский район, Республика Казахстан

**Түйіндеме.** Бастауыш мектептегі белсенді оқыту әдістерін қалай пайдалану керектігі туралы берілген.

**Summary.** How to use active learning methods in elementary school.

Целью современного начального образования является развитие личности ребенка, выявление его творческих возможностей, сохранение физического и психического здоровья. В современном начальном образовании наметилось немало положительных тенденций: складывается вариативность педагогических подходов в обучении младших школьников; у педагогов появилась свобода для творческого поиска, активно используется зарубежный опыт; родителям предоставлена выбирать педагогическую систему.

Проблема активности личности в обучении – одна из актуальных психологической, педагогической науки, как и в образовательной практике. Известно, до 70% личностных качеств закладывается в начальной школе. И не только базовые навыки, такие, как умение читать, писать, решать, слушать и говорить, нужны ребенку в жизни.

Зачастую активизация сводится либо к усилению контроля за работой учащихся, либо к попыткам интенсифицировать передачу и усвоение все той же информации с помощью технических средств обучения, компьютерных, информационных технологий, резервных возможностей психики.

**Проблемное обучение** – такая форма, в которой процесс познаний учащихся приближается к поисковой, исследовательской деятельности. Успешность проблемного обучения обеспечивается совместными усилиями преподавателя и обучаемых. Основная задача педагога – не столько передать информацию, сколько приобщить слушателя к объективным противоречиям развития научного знания и способам их разрешения. В сотрудничестве с преподавателем учащиеся «открывают» для себя новые знания, постигают теоретические особенности отдельного предмета. Проблемное обучение состоит из двух важнейших элементов:

-отражающих основное содержание темы; Система познавательных задач,

-общение диалогического типа, предметом которого является вводимый учителем материал.

**«Круглый стол»** – это метод активного обучения, одна из организационных форм познавательной деятельности учащихся, позволяющая закрепить полученное раннее знание, восполнить недостающую информацию, сформировать умение решать проблему, укрепить позиции. Характерной чертой «круглого стола» является сочетание тематической дискуссии с групповой консультацией. При этом происходит закрепление информации и самостоятельной работы с дополнительным материалом, а так же выявление проблем и вопросов для обсуждения.

Важное условие при организации «круглого стола»: нужно, чтобы он был действительно круглым, т.е. процесс коммуникации, общения происходил «глаза в глаза». Принцип «круглого стола», т.е. расположение участников лицом друг к другу, а не в затылок, как на обычном занятии, в целом приводить к возрастанию активности, увеличение числа высказываний, повышает мотивацию учащихся, включает ни вербальные средства общения, такие как мимика, жесты, эмоциональные проявления.

**Мозговой штурм** – широко применяемый способ продуцирования новых идей для решения практических проблем. Его цель – организация коллективной, мыслительной деятельности по поиску не традиционных путей решения проблем.Использование мозгового штурма в учебном процессе позволяет решить следующие задачи:

Творческое усвоение школьниками учебного материала;

Связь теоретических знаний с практикой;

Активизация учебно–познава-тельной деятельности учащихся;

Формирование способности концентрировать внимание и мыслительные усилия на решении актуальной задачи;

Формирование опыта коллективной, мыслительной деятельности.

**Подготовка к мозговому штурму включает следующие шаги:**

Определение цели занятия, конкретизация учебной задачи;

Планирование общего хода занятия, определение времени каждого этапа занятия;

Подбор вопросов для разминок

Разработка критерий поступивших предложений и идей, что позволит содержательно провести анализ и обобщение итоговых занятий.

Педагог подводит итоги, дает общую оценку работе групп. При этом важно отметить положительные в работе моменты: проявления высокой степени творчества, успехи коллективной деятельности. Такая итоговая оценка создает в учебной группе творческую атмосферу, поддерживает учеников. Даже если успехи группы не блестящи, все равно нужно опереться на положительное в ее работе, чтобы стимулировать у учащихся желание добиться больших результатов в будущем.

**Деловая игра –** метод имитации ситуаций, моделирующих ту или иную деятельность путем игры, по заданным правилам.

Важным средством повышения эффективности урока является многообразие видов деятельности на уроке. К. Д. Ушинский отмечал, что ребенок требует деятельности беспрестанно и утомляется не деятельностью, а ее однообразием, односторонностью.

Игра, являясь основным видом деятельности дошкольника, продолжает занимать важное место в жизни младших школьников, она рассматривается в качестве важного компонента основной деятельности, младших школьников – учения. Игровые элементы активизируют учебную деятельность учащихся, способствуют развитию самостоятельности и инициативы, товарищества и взаимопомощи и труде. Игра – важное средство повышения у учащихся интереса к учению.

В различных видах учебной деятельности используется широкий арсенал разнообразных игр. На уроках русского языка с успехом используются игры-загадки, драматизации, орфографические игры. Игра может способствовать созданию у ученика I класса более полных

представлений о геометрических фигурах: круге, квадрате, прямоугольнике. На уроках чтения и природоведения могут с успехом использовать игры-путешествия, игры в следопытов.

Главная задача начальной школы – обеспечить развитие личности ребенка на более высоком уровне. Источником полноценного развития ребенка начальных классов школы выступает два вида деятельности. Во-первых, любой ребенок развивается по мере освоения прошлого опыта человечества за счет приобщения к современной ему культуре. В основе этого процесса лежит учебная деятельность, которая направлена на владение ребенком знаниями и умениями, необходимыми для жизни в обществе.

Во-вторых, любой ребенок в процессе развития самостоятельно реализует свои возможности, благодаря творческой деятельности.

При использовании активных методов обучения необходимо, чтобы школьники умели анализировать, рассуждать, планировать, создавать новое.

Все указанные активные методы используются в практике начального обучения. Опыт показал, что их эффективность зависит от цели и задач конкретного занятия, особенности содержания учебного материала, уровня сформированности учебной деятельности учащихся.

Образование становится стратегической областью, обеспечивающей национальную безопасность страны. О конкурентоспособности страны начинают судить по уровню образовательной подготовки подрастающего поколения. Образование один из важнейших национальных проектов, который поставил президент перед правительством и учителями. Поэтому необходимо:

1.Использовать активные методы обучения и воспитания в педагогическом процессе;

2.Включать в учебное занятие проблемность;

3.Вовлекать учащихся в постоянную деятельность: отвечают, анализируют, оценивают, выделяют главное;

4.Организовать коллективное взаимодействие;

5.Изменить модель учителя: соорганизатор, партнер, консультант;

6.Соблюдать единство и согласованность требований к поведению учащихся в организации их учебной деятельности.

**Список использованной литературы:**


1.Анцибор М.М. Активные формы и методы обучения. Тула 2002

2.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения – М., 2001

3.Гузеев В.В. Образовательная технология – М., 2003

4.Гузик Н.П. Учись учиться – М., 1991

5.Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. М.,1960

6.Кларин М.В. Педагогическая технологи в учебном процессе. М., 2003

7.Шлаков С.А. Игры учащихся М., 2004

8.Яковлев И.М. Методика и техника урока. М., 2003


УДК 371.39

## ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ


**ИМАНБАЕВНА А.Ы.**

Учитель русского языка и литературы, «КГУ» средняя школа имени Н.Акшабаева,
Байзакский район, Жамбылская область, Казахстан

**АБДУКАДИРОВА Г.П.**

Учитель русского языка и литературы, «КГУ» средняя школа имени Н.Гоголя,
Байзакский район, Жамбылская область, Республика Казахстан



**Түйіндеме.** Бұл мақалада қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамытудың маңызды мәселесі қарастырылады. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану. Мақала авторлары цифрлық технологиялар ұғымын сипаттайды, оларды оқу процесінде қолданудың артықшылықтарын бөліп көрсетеді, білім берудің цифрлық трансформация процесін талдайды.

**Summary.** This article discusses the most important problem of the development of the modern education system, the use of digital technologies in the educational process. The authors of the article characterize the concept of digital technologies, highlight the advantages of their use in the learning process, and analyze the process of digital transformation of education.

Ключевой тенденцией современных реалий развития системы образования является внедрение в процесс обучения современных цифровых технологий. Цифровые образовательные технологии представляют собой необходимый элемент, который необходим непосредственно для обеспечения современного процесса обучения. В образовательных организациях применяются современные технологические платформы для реализации потока знаний, позволяя всем участникам процесса обучения оптимально взаимодействовать при помощи синхронной и асинхронной коммуникации. При правильной организации процесса обучения с применением современных цифровых технологий преимущества этого нововведения очевидны [1]. Можно их представить следующим образом:

- минимизация существующих технологических пробелов;
- цифровые технологии дают возможность эффективно разрешать современные проблемы обучения;
- персонализация образовательной траектории;
- появляется возможность стереть границы времени и пространства.

Применение современных цифровых технологий даёт возможность организовывать процесс обучения независимо от локации педагога и обучающихся: обучение может быть в любом месте, в любое время. Местонахождение педагога и обучающихся уже не так важны, достаточно иметь «путеводитель» по миру знаний [3].

Цифровые технологии помогают педагогу оптимально контролировать учебную деятельность обучающихся. Также необходимо отметить, что увеличивается круг возможных действий субъектов учебного процесса, одновременно растет его ответственность за достижение высоких образовательных результатов. Широкое применение мультимедийных учебных материалов, которые разработаны с учетом требований педагогического дизайна, в значительной мере снимает с преподавателей ответственность за «доставку учебного содержания», позволяя сконцентрироваться на педагогической поддержке обучающихся, воспитательной и организационно-педагогической работе.

Современные цифровые технологии достаточно быстро обновляются и распространяются. Это открывает неограниченные возможности доступа к цифровым инструментам, материалам и сервисам. Обучающиеся и педагоги получают беспрецедентный контроль над своим информационным пространством и его совместным применением. Расширились их возможности для самоконтроля и взаимного контроля, для формирования интереса к обучению, для содержательного обучения [4].

Необходимо заметить, что современные цифровые технологии обеспечивают массу возможностей для улучшения качества предоставления образовательных услуг. Цифровую трансформацию образования можно представить себе как разрешение проблем преодоления цифрового разрыва. В своей основе система образования представляет собой информационное производство, которое всегда осуществляется в рамках информационной среды.

В связи с развитием информационных технологий, изменением требований современного рынка труда в настоящее время актуализируется вопрос применения цифровых технологий в образовательном пространстве. Современные работодатели нуждаются в специалистах, свободно владеющих навыками использования электронных технологий в профессиональной деятельности. Цифровые технологии являются неотъемлемой частью жизни общества, дают широкие возможности для формирования компетентности специалиста. В статье рассмотрены основные цифровые образовательные технологии, среди которых выделяются такие, как: облачная технология, мобильное пространство, веб-квест, онлайн-курсы и игрофикация. Раскрыты функции технологий: управленческой, образовательной и коммуникативной. Цель статьи заключается в раскрытии сущности цифровых технологий в образовательном пространстве и определение их преимуществ, к которым относятся наглядность, доступность, ориентирование на индивидуальные способности студентов.

Различные цифровые технологии в образовательном пространстве направлены на всестороннее развитие обучающихся, развитие у них практических навыков, повышение мотивации к обучению, а также упрощению и удобству работы преподавателей.

Показано, что цифровые образовательные технологии в образовательном пространстве - это необходимое условие для повышения эффективности и результативности учебного процесса.

Таким образом, основу для использования современных цифровых технологий в образовании создаёт разворачивающийся новый этап цифровой революции, который делает цифровые технологии надёжным общедоступным методом решения поставленных задач. Сущность цифровой трансформации образования состоит в движении к персонализации процесса обучения на основе применения современных цифровых технологий. Её ключевая особенность состоит в том, что цифровые технологии помогают на деле применять совершенно новые педагогические практики, а также модели организации образовательного процесса.

**Список использованной литературы:**

1. Акимова О.Б., Щербин М.Д. Цифровая трансформация образования: своевременность учебно-познавательной самостоятельности обучающихся // Инновационные проекты и программы в образовании. 2018. №1. С. 27-34.

2. Каракозов С.Д., Уваров А.Ю. Успешная информатизация – трансформация учебного процесса в цифровой образовательной среде // Проблемы современного образования. 2016. №2. С. 7-19.

3. Козлова Н.Ш. Актуальность онлайн образования для IT-специалистов // Вестник Майкопского государственного технологического университета. 2018. Вып. 4. С. 80-85.

4. Крамаренко Н.С., Квашин А.Ю. Психологические и организационные аспекты введения цифрового образования, или как внедрение инноваций не превратить в «цифровой колхоз» [Электронный ресурс] // Вестник Московского государственного областного университета. 2017. №4. С. 1-16. URL: http://www.evestnik-mgou.ru

УДК 37.785.03

## ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**МАДЕДОВА Ф.В.**
учитель начальных классов ОШГ № 17 имени Ивана Трубицына,
Жамбылская область, Меркенский район

**Түйіндеме.** Мақалада Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен инклюзивті білім берудің әдіс-тәсілдері қарастырылған

**Summary.** The article discusses inclusive education in Russian language and literature lessons.

**Инклюзивное образование** –один из процессов трансформации общего образования, основанный на понимании, что инвалиды в современном обществе могут (и должны) быть вовлечены в социум. Данная трансформация ориентирована на формирование условий доступности образования для всех, в том числе обеспечивает доступ к образованию для обучающихся с инвалидностью.

Инклюзивное образование стремится развить методологию, направленную на обучающихся и признающую, что все обучающиеся – индивидуумы с различными потребностями в обучении. Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении. Если преподавание и обучение станут более эффективными в результате изменений, которые внедряет инклюзивное образование, тогда выиграют все обучающиеся.

**Восемь принципов инклюзивного образования:**

1. Ценность человека не зависит от его способностей и достижений;
2. Каждый человек способен чувствовать и думать;
3. Каждый человек имеет право на общение и на то, чтобы быть услышанным;
4. Все люди нуждаются друг в друге;

5. Подлинное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений;

6. Все люди нуждаются в поддержке и дружбе ровесников;

7. Для всех обучающихся достижение прогресса скорее может быть в том, что они могут делать, чем в том, что не могут;

8. Разнообразие усиливает все стороны жизни человека.

Инклюзивное образование с большей вероятностью обеспечивает им доступ к общеобразовательным программам (или их частям, которые обучающиеся с ОВЗ могут освоить), оно дает возможность осваивать навыки взаимодействия в естественной среде, позволяет задействовать групповую учебную деятельность.

Недавно появился еще один вид образования - инклюзивное или включенное образование. Инклюзивное образование, воспринимает ученика таким, каким он есть, подстраивает под него систему образования. В основу инклюзивного образования положена идеология, которая обеспечивает доступ к образованию для обучающихся с особыми потребностями, уменьшая дискриминацию таких . Таким образом, инклюзивное образование является наиболее перспективной формой образования с особыми образовательными потребностями.

Необходима спокойная рабочая обстановка на уроке. Преподаватель ни в коем случае не должен допускать возникновения стрессовых ситуаций, уметь избегать их, разряжая обстановку, например, переключить внимание учеников на другой вид деятельности. Кроме этого обязательно проводить беседы со учениками о толерантности и уважении друг к другу как на занятиях на уроках, так и на внеклассных мероприятиях.

Чтобы сохранить и укрепить здоровье , необходимо учитывать медицинские рекомендации. Прежде всего знакомлюсь с картами здоровья, чтобы максимально распределить рабочие места в кабинете, учитывая диагноз. Очень важно проведение физкультминуток на уроках, для этого используются видеоролики с веселыми зарядками. Провожу урок «Кардиограмма»по теме «Правописание безударных гласных в проверяемых ударением».

На этом уроке не только выполняется работа над ошибками, разбирается правописание безударных гласных, проверяемых ударением, но и идет разговор о самом важном в жизни человека- его здоровье.

1 Работа над ошибками, допущенными в диктанте

2 Орфографический диктант «удвоенная и мнимая удвоенная согласная в корне»

3 Ученики под руководством преподавателя составляют таблицу «Орфограммы в корне»

4 Выполнение упражнений по закреплению

5 Слово преподавателя. Изучение вопросов, связанных с заключительным этапом жизнедеятельности человека , всегда было и остается актуальной задачей любого общества.

6. Выполнить задание :

а. подберите к слову здоровье однокоренные слова и разберите их по составу.

б. какие , по Вашему мнению , факторы необходимы для сохранения здоровья ? Сформулируйте и запишите их в тетрадь.

**Тема урока «Повторение орфографии» .**Предлагается недеформированный текст А.П.Чехов «Степь» на экране .




**Задания для учащихся :**

Задание № 1 . Подчеркнуть в тексте самые ошибкоопасные (по мнению учащихся) места . Сначала работа делается индивидуально , а затем её результаты обсуждаются . Эта работа необходима, чтобы не подчеркивать слишком простые орфограммы.




Данная работа развивает орфографическую зоркость, воспитывает уважение к труду, дает возможность высказать свою точку зрения, привести свои аргументы в случае несогласия с однокласниками.

Таким образом, внимание учащихся постоянно сосредоточено на предложенном тексте. Они приучаются самостоятельно видеть трудные орфограммы, а значит, законы орфографии становятся достоянием их творческого опыта.

При усвоении нового материала нужно помнить, что новый материал в большом объеме нельзя давать в один прием, необходимо поэтапное усвоение. На уроках литературы лучше объяснение давать не в форме лекций, а в форме бесед или комментированного чтения. При закреплении изученного материала на уроках русского языка при выполнении упражнений задания необходимо разбивать чётко по шагам, для облегчения их выполнения. При выполнении упражнений, направленных на формирование умений и навыков может быть реализован индивидуальный подход .Ученикам, у которых умения и навыки по какому-либо разделу сформированы непрочно, предлагается выполнить словарную работу или словарный диктант , но не просто записываем слова , а выполняем ещё дополнительное задание.

Например, **словарный диктант**: **гласный звук, слог, ударение, синоним, точка, дефис, морфема, орфограмма.** Дополнительное задание : определить , к какому разделу науки о языке относятся данные термины . В это время остальные учащиеся выполняют разные виды разбора: фонетический, морфологический, синтаксический.

Одним из наиболее действенных средств, способных вызвать интерес к занятиям является дидактическая игра. Цель игры пробудить интерес к познанию, науке, книге, учению. Игрообучение (обучение, основанное на активных методах обучения) благотворно влияет на формирование положительной учебной мотивации обучающихся с особыми потребностями («Орфографическая зоркость», «Заменить словосочетания одним словом», «Составь рассказ по опорным словам»). Учащиеся записывают слова с непроизносимыми согласными, задача состоит в том, что нужно записать не только правильно слова и словосочетания, но и составить связный текст .Вот эти слова :**мои ровесники, разговор со сверстниками, областная конференция, участвовать в обсуждении, устное изложение, словесное представление, интересные факты, предчувствовать победу, чествовать победителя**.

Творческие работы способствуют укреплению и повышению познавательных интересов, развитию творческого мышления, индивидуальности каждого.

Современное общество нуждается в речевой личности: иными словами, сейчас остро необходим человек, который в любой ситуации мог бы грамотно вести диалог, ответить четко и обстоятельно на поставленный вопрос , сообщить необходимые сведения (неслучайно общество , в котором мы живем, называется информационным), корректно и лаконично возразить собеседнику или со знанием дела поддержать его точку зрения . По речи можно оценить человека , понять насколько он развит и духовно богат. Вот почему нет сегодня более насущной для становления нации в её новом качестве дисциплины, чем русский язык литература и культура речи .

## Список использованной литературы:

1.Агованова Е.А., Алексеева М.Н., Алхина.С.В. Готовность педагогов как главный фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в соверменным образовании. –М, 2011.-С.302

2.Инклюзивное образование .Выпуск№1 / Фадина А.К, Семаго Н.Я, Алехина С.В. – М:Центр « Школьная книга» ,2010-с.132

3.Альманах психологических тестов- М:КСП.2006.-С.400

ӘОЖ 37.485.56

## РАЗВИТИЕ ПАМЯТИ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

**ФЕЛЬК А.С.**

Учитель начальных классов средней школы №33 имени М.Ауэзова, отдела образования города Тараз, Республика Казахстан

**Резюме**. Мақалада бастауыш мектеп жасында ес те басқа да психикалық процестер сияқты түбегейлі өзгерістерге ұшырайтыны, бала есі біртіндеп ырықтылық сипатқа иеленіп, саналы меңгеріліп және жанамалана бастайтыны туралы атылған.

**Summary.** The article mentions that at the age of elementary school, memory, like other mental processes, undergoes fundamental changes, the child's mind gradually acquires a free character, begins to be consciously mastered and indirect.

В младшем школьном возрасте память, как и другие психические процессы, претерпевает радикальные изменения. Сознание ребенка постепенно приобретает характер свободы, начинает сознательно осваиваться и направляться.

Развитие памяти – ребенок, только что пришедший в школу, часто запоминает только то, что оказало на него сильное влияние. И в процессе обучения необходимо помнить о многом. Благодаря этому начинают формироваться пути памяти.Сначала на основе нескольких повторений он начинает понимать смысл и учиться его запоминать. В психологии существует следующий закон: хорошо запоминаются вещи, являющиеся объектом умственного действия. Невольно разум у 2-3-классников развит хорошо, но в этот период происходят качественные изменения психических процессов.Ум начинает развиваться в двух направлениях – свобода и смысл. Развитие осмысленной памяти позволяет научиться рациональным способам запоминания.

Посещение школы играет большую роль в развитии логического ума детей. Учитель также работает над воспитанием ума ученика, учитывая его молодые индивидуальные особенности. Поскольку учащиеся младших классов не могут выбирать собственный способ обучения, учителю при назначении домашнего задания всегда следует напоминать им, как читать материалы.
В связи с этим во всех учебниках рассказывается, как читать текст и как выполнять задание. Но детское внимание иногда на это не обращает внимания. Учитель должен обратить на это пристальное внимание. Учащиеся младших классов, особенно 1-2 классов, часто запоминают дословно. Они читают материал до тех пор, пока не запомнят его. Формируется мысль, что все, что мне нужно знать, как в учебнике.Краткость и компактность материала делают его запоминающимся. Небольшой словарный запас детей не позволяет им говорить своими словами. Поэтому, с одной стороны, педагог должен развивать словарный запас ребенка и учить его говорить самостоятельно.

Развитие психики ребенка начинается с первых дней жизни. На основе постепенного развития нервной системы созревает учебный процесс, игра, учеба, трудовые и языковые отношения. Память ребенка первых месяцев жизни основана на двигательных связях, двигательных ассоциациях.При попытке накормить полуторагодовалого ребенка он совершает грудные движения. Зрительный и слуховой анализаторы начинают работать постепенно, ребенок на четвертом и пятом месяцах видит маму и двигается, когда слышит ее голос.Ребенок, развивший язык, пополняет свой словарный запас словами, усваивает то, что видит и знает, но жизненного опыта у него еще мало, его мышление и речевое развитие недостаточно, поэтому развивается механический тип запоминания.

Идея Л. С. Выготского о том, что участие и использование предыдущего опыта в текущем поведении представляет собой разум. С этой точки зрения разум дает действие, сохраняя и воспроизводя реакцию. Эту мысль высказал Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия разработал экспериментальный метод.

По мнению Л. С. Выготского, это была первая исследовательская работа, в которой «развитие разума не объяснялось его свойствами, а его развитие вытекало из его свойств». Он разработал правила о непрямости высших психических функций и способов запоминании Эту закономерность можно увидеть в показателях прямой и непрямой памяти с постепенным расхождением от раннего детства к старшему школьному возрасту и конвергенцией от старшего школьного возраста к взрослым предметам. А. Н. Леонтьев разработал правила «ротации» внешних средств и методов памяти, заложенные в поведении, известном как «параллелограмм развития».

А.Н.Леонтьев писал: «Если посмотреть на генетический переход психологических процессов и операций, помогающих человеку запоминать, и составить реальное содержание истории развития памяти, то обнаружится, что старое представление об уникальной функции заменяется путем уникального процесса развития двух разных типов памяти — логической и механической памяти».

По мнению А. Н. Леонтьева, сущностью процесса развития сознания является формирование сложной функциональной системы психических процессов, выполняющих функцию сознания в социальной жизни человека, то есть вместо памяти как особого биологического свойства. в период высшего развития поведения.

В первом классе у ребенка хорошо развит непроизвольный ум, фиксирующий эмоциональные подробности и события своей жизни. Но первоклассникам не обязательно помнить все из школы. Поэтому прямой памяти будет недостаточно.

Но взгляды, связанные с развитием памяти ребенка не только специальными упражнениями для памяти, но и формированием интереса к урокам и отдельным предметам, были противоречивыми. Опыт показывает, что одного лишь интереса недостаточно для развития свободы воли как высшей психической функции.

Младшем школьном возрасте развитие памяти базируется прежде всего на освоении различных методов и стратегий, связанных с организацией и обработкой запоминаемого в ходе учебной деятельности материала. Но без специальной работы, направленной на формирование таких подходов, они формируются стихийно и зачастую оказываются непродуктивными.

На каждом этапе младшего школьного возраста можно наблюдать динамику способов осмысленной памяти учащихся: если во втором классе у них нет необходимости использовать ее самостоятельно, то к концу начальной школы дети сами начнут искать для новых способов запоминания при работе с учебным материалом.

По мере освоения письменной речи (к 3-му классу) дети осваивают имплицитную память, используя речь как известный инструмент. Но в этом процессе у младших школьников происходит стихийно, бесконтрольно, на ответственном этапе формирования свободных форм непосредственной памяти и механизмов припоминания.

Формирование письменной речи происходит эффективно не тогда, когда требуется просто воспроизвести текст, а в контексте его. Поэтому при обучении письменной речи необходимо составлять текст, а не содержание. Наиболее адекватной формой словообразования для детей является создание сказок. Младший школьный возраст чувствителен к развитию высшей формы свободной памяти.

Важнейшим ее условием является учет индивидуальных особенностей памяти ребенка: ее объема, модальности (зрительной, слуховой, двигательной) и т. д. Но независимо от этого каждый ребенок должен усвоить основные правила эффективной памяти: чтобы правильно и хорошо запомнить материал, необходимо активно с ним работать и как-то его организовывать.

В настоящее время проблема психолого-педагогической диагностики способностей учащихся становится все более актуальной в связи с идеей дифференцированного обучения, создания «уравнительных» групп, углубленного преподавания отдельных предметов в гимназиях, технических или гуманитарных школах, и лицеи.

**Список использованной литературы:**

1.Алексеев А.В., Воронин А.Б. и т. д. Навыки развития и диагностики. - М.: Наука, 1991. С. Страницы 131–148.

2.Аткинсон Р. Человеческая память и процесс обучения. М., 1980. - 528 с.

3.Венгер Л.А. Педагогика подобна способностям. М., 1973- 345 с.

4.Вопрос психологических способностей. / Под. ред. В.А. Крутецкого М.: Педагогика, 1973.- С. Страницы 47-57.

ӘОЖ 37.056. 82

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ЕСТІҢ ДАМУЫ

**ЧЕНАЛИЕВА К.С.**
М.Әуезов атындағы №33орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В статье говорится о различных психических процессах и особенностях памяти у детей младшего школьного возраста. Говорят, что развитие ума ребенка начинается с первых дней жизни.

**Summary.** The article talks about various mental processes and features of memory abilities in children of primary school age. It is said that the development of a child's mind starts from the first days of life.

Бастауыш мектеп жасында ес те басқа да психикалық процестер сияқты түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бала есі біртіндеп ырықтылық сипатқа иеленіп, саналы меңгеріліп және жанамалана бастайды.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табанысүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Психологияда мынадай заңдылық бар: қандай зат ақыл-ой әрекетінің заты болса, сол жақсы есте сақталады. 2-3 сынып оқушыларының еріксіз есі жақсы дамыған, бірақ осы кезеңде ес процестерінің сапалық өзгерулері болатыны байқалады. Ес екі бағытта дами бастайды-ырықты және мағыналылық. Мағыналық естің дамуы есте қалдырудың рационалды тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Мектепке бару балалардың логикалық есін дамытуда үлкен рөл атқарады. Оқушының есін тәрбиелеуге де мұғалім олардың жас дара ерекшеліктерін қатты ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Төменгі сынып оқушылары оқу тәсілін өз бетімен тандап ала алмайтындықтан, мұғалім үйге тапсырма бергенде материалдарды қалай оқу керектігін үнемі ескертіп отыруы керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрін де мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ балалардың назары бұған кейде жөнді түсе коймайды. Мұғалім мұны қатты ескергені жөн. Төменгі сынып оқушылары, әсіресе, 1-2 сыныптар көбінесе сөзбе-сөз жаттап алады. Олар материалды есіне қалдырғанша оқи береді. Оқулықтағыдай білсем болғаны деген ой қалыптасады. Бұлайша есте қалдыруға материалдың қысқалығы, әрі жинақылығы себеп болады. Балалардың сөздік қорының аздығы да өз сөзімен айтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, мұғалім бір жағынан баланың сөздік қорын дамытып, өз бетінше айта білуге үйрету қажет.

Бала есінің дамуы өмірінің бірінші күндерінен басталады. Жүйке жүйесінің, біртіндеп дамуы негізінде тәрбие процесі, ойын, оқу, еңбек және тіл қатынастары жетіледі. Баланың есте қалдыруы өмірінің бірінші айларында қимыл байланыстарына, қозғалу ассоциациясына сүйенеді. Ай жарым жастағы баланы тамақтандырай-ын деп қолға алғанда, емшек еметін қимылдар жасайды. Көру, есту анализаторлары біртіндеп жүмыс істей бастайды, төртінші, бесінші айлардағы бала анасын көріп, оның даусын естіп қимылдайды. Тілі шыққан бала өзінің сөз қорына сөз қосады, көрген-білгенін үйренеді, бірақ өмір тәжірибесі әлі аз, ойлауы, тіл дамуы жеткіліксіз, сондықтан есте қалдырудың механикалық түрі дамиды.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегіоқуүрдісініңталаптары мен өзінетәнмазмұныбұлүрдістіедәуірдамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бірінші сыныптағыларда, бала үшін өз өмірінің эмоцияға бай мәліметтері мен оқиғаларын тіркейтін ырықсыз ес жақсы дамыған. Бірақ бірінші сынып оқушылары мектептегінің бәрін есінде сақтауға тиісті емес. Сондықтан тура ес жеткіліксіз болады.

Қабілеттік процестердің дамуының ең басты шарты, баланың мектеп сабақтарына қызығушылығы, оның белсенділігі, жоғарғы танымдық мотивациясы екенінде дау жоқ.

Бірақ бала есінің дамуына тек есте сақтауға арналған арнайы жаттығулар ғана емес, сондай-ақ сабаққа, жекеленген пәндерге деген қызығушылығын қалыптастыруға байланысты көзқарастар даулы болды. Тәжірибе жоғарғы психикалық функциялар ретінде ырықты естің дамуына тек бір ғана қызығушылықтың аздық ететінін көрсетеді. Бастауыш мектеп жасында естің жетілуі ең алдымен оқу іс-әрекеті барысында есте сақтаған материалды ұйымдастыру мен өңдеуге байланысты әртүрлі тәсілдер мен стратегияларды меңгеруге негізделеді. Бірақ осындай тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыссыз олар стихиялы қалыптасады, жиі өнімсіз болады.

Бастауыш мектеп жасында балалардың ырықсыз есте сақтау қабілеттері, осы кезең бойында әркелкі және I-II және III-IY сынып оқушыларында айтарлықтай ажыратылады. 7-8 жастағы балалар үшін материалды ұғына, ұйымдастыра есте сақтағаннан гөрі, оны ешқандай есте сақтау құралдарынсыз өте жеңіл есте ұстаулары тән. Сыналушылардың көпшілігі қалай есте сақтаудың, есте сақтау процесінде не туралы ойладың, деген сұрақтарға көп жағдайларда жай ғана есте сақтадым, деп жауап береді Мұның өзі естің нәтижелік жағына да әсер етеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін бірдеңе арқылы есте сақтағаннан гөрі, тек есте сақтау керек деген бағыттылықты орындаған жеңіл.

"Психикалық процестерді зерттеу (немесе функцияларды) олардың бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне ауыспалы екенін көрсетеді. Мысалы: қабылдауды қарастырсаң оны естен, ойлаудан, эмоциялардан және т.б. оқшаулауға жағдай жасаудың мүмкін еместігін көреміз. Реалды қабылдау процесіне ес те, ойлау да және т.б. кіреді", деп жазды Б.Ф. Ломов.

В.Д.Шадриков ұсынған танымдық қабілеттер құрылымы, олардың диагностикалық процедурасын да анықтайды. Нақтылы қабілетке сипаттама беру, тек оның басқа қабілеттермен өзара байланысын ескергенде ғана мүмкін. Мұндайдиагностиканыпрактикадажүргізумүмкінбе? Олтымкүрделіболмайма? Мұндай процедура қандай болу керек?,егенсұрақтарға, ол эксперименталды тәжиірбелерге сүйене отырып, мұндай процедураларды жүргізуге болатынын айтады. Ол үшін алдымен әр танымдық қабілеттерді диагностикалап, сонан кейін алынған нәтижелерді регрессиялы талдау керек. Қабілеттер өз табиғатынан динамикалы. Ол үнемі қозғалыста дамиды.

Оқу есептерінің барған сайын күрделенуімен, тек есте сақтау керек деген бағыттылықтың өзін ақтамауы, баланы есті ұйымдастыруы үшін басқа тәсілдерді іздеуге мәжбүр етеді. Мұндай тәсіл, көбіне механикалық есте сақтауды қамтамасыз ететін қайталау болып табылады.

Бастауыш сыныптарда оқушылардан тек көлемі жағынан шағын материалды қайта жаңғырту керектігі талап етілгенде, мұндай есте сақтау тәсілі оқу жүктемесімен орындалады. Бірақ бұл көбіне окушыларда мектепте оку кезінде есте сақтаудың жалғыз тәсілі болып қалады. Бұл ең алдымен бастауыш мектеп жасында, баланы мағыналы есте сақтауға үйретпегеннен, оның логикалық есінің дұрыс қалыптаспауына байланысты.

Логикалық естің дамуы арнайы ұйымдасқан болуы керек. Себебі бұл жастағы балалардың көпшілігі өз бетінше материалды мағыналы өңдеу тәсілдерін пайдаланбай, есте сақтау мақсатында, әбден сыналған құрал - қайталауға сүйенеді. Бірақ, оқу іс-әрекеті барысында мағыналы талдау мен есте сақтау тәсілдерін меңгергенмен, олар оку іс-әрекетінде оны бірден қолдана қоймайды. Ол үшін үлкендер тарапынан қозғау қажет.

Бастауыш мектеп жасының әр кезеңінде оқушылардың мағыналы есте сақтау тәсілдерінің динамикасын байқауға болады: егер екінші сыныпта олардың өз бетінше қолдану қажеттілігі пайда болмаса, бастауыш мектептің соңына қарай балалардың өзі оқу материалымен жұмыс істеу барысында, есте сақтаудың жаңа тәсілдерін іздей бастайды.

Бастауыш мектеп окушыларының ырықты естерінің дамуында, осы жаста есте сақтаудың белгілік және символдық құралдарды меңгерумен байланысты, ең алдымен жазбаша жазу немесе сөйлеу және сурет салумен байланыстағы бір аспектісін бөліп көрсетуге болады.

Оқу іс-әрекеті психологиялық диагностика процесі ретінде елестетіледі. Оқу мәселелері (ауызша, жазбаша, ой жұмысы, бақылау жұмысы) диагностиканың қандай психологиялық процеске бағытталғаны тұрғысынан талданады.

Жасқа байланысты ес өнімділігінің көрсеткіштері өзгеріп отырады. Ересек оқушыларға қарағанда бастауыш мектеп оқушыларының ес өнімділігін көруге болады. Олар тез шаршайды.

Мектеп өмірінің алғашқы 3-4 жылында қайталауға көп көңіл бөлінуі керек, себебі бастауыш мектеп оқушылары әлі материалды өңдеу тәсілдерін дұрыс білмегендіктен, оларға есте сақтау үшін ассоциацияларды табу қиынға соғады.

Оқыту әдістемесінде ең негізгі көңіл оқу ептілігін қалыптастыруға қойылады. Оқушыларға жүйелі тұрғыда сабақта мұғалім рольінде болуға мүмкіншілік туғызып отырады. Шығармашылық сипаттағы әр түрлі жарыстық тапсырмалар, рольдік тренингтер, топтық дискуссия кеңінен қолданылады. Бұл сынып бір жақты құрамда болғандықтан (тек дарындылар) оқу процесі көптеген жағдайларда сынып іші дифференциация негізінде құрылады. Бұл оқу жұмысын топтық формада құруды пайдалануға, дарынды балалар үшін жеке даралық жоспар бойынша өз бетінше жұмыс істеу мүмкіншіліктерін қамтамасыз етеді. Бұл сыныпта өз бетінше көркем және ғылыми- көпшілік әдебиеттер оқуға көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі уақытта оқушылардың қабілетін психолого-педагогикалық диагностикалау мәселесі дифференцасияланған оқыту идеясының, "теңестіру" топтарын құру, гимназия мектептерінде белгілі бір пәндерді тереңдетіп оқыту, техникалық немесе гуманитарлық бағыттағы мектеп, лицейлердің біртіндеп өмірге енуіне байланысты аса өзекті бола түсуде.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Дружинин В.Н.Теоретические основы диагностики познавательных способностей: Автореф. дисс. ...д- ра психол. Наук. М, 1989. 49-62 бет.

2. Қабілетті дамытудың психологиялық негіздері //Қазақстан мектебі. –2002. - №1-2 –С. 27-29 бет.

ӘОЖ 37.045.21

## БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ КОУЧИНГТІҢ МӘНІ МЕН РӨЛІ

**КОЛБАЕВА Ж.А.**
Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты КЕ АҚ, Жамбыл облысы бойынша академиялық бөлімнің аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается значение использования инновационных технологий и инновационных методов обучения. Раскрываются цели, эффективность, использование элементов коучинга в процессе обучения который способствует укреплению качества знаний,предложены содержательно модернизированные приёмы коучинг-технологии. Проанализировано основные принципы коучинга, роль коуч-педагога, этапы и представлены примеры. Коучинг в образовании является инновационной технологией актуализации внутренних ресурсов обучающегося в достижении планируемого результата.

Коучинг– это процесс сотрудничества, направленный на достижение результатов. Основная задача коуча–сохранить уверенность обучающихся в своих силах, сформировать у них самооценку. Уверенность учащихся в своих возможностях, их степень способствуют высокой учебно-познавательной мотивации и формированию ответственности за свое обучение. С помощью коучинга в образовании эффективно осуществляется и воспитание личности.

**Summary.** The article discusses the importance of using innovative technologies and innovative teaching methods. The objectives, effectiveness, and use of coaching elements in the learning process are revealed, which contributes to strengthening the quality of knowledge, and meaningfully modernized coaching technology techniques are proposed. The basic principles of coaching, the role of a coach-teacher, the stages and examples are fully analyzed. Coaching in education is an innovative technology for updating the internal resources of the student in achieving the planned result.

Coaching is a collaborative process aimed at achieving results. The main task of the coach is to maintain students' confidence in their abilities, to form their self–esteem. Students' confidence in their abilities, their degree contributes to high educational and cognitive motivation and the formation of responsibility for their learning. With the help of coaching in education, personality education is also effectively carried out.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігі білім берудің сапасын көтеруде екені белгілі. Осы бағытта оқыту барысында инновациялық технологиялар мен жаңашыл оқыту әдістерін қолданудың маңызы ерекше. Елімізде оқушылардың оқу процесін арттыру қазіргі таңда кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр. Білім берудегі коучинг жоспарланған нәтижеге қол жеткізуде білім алушының ішкі ресурстарын өзектендірудің инновациялық технологиясы болып табылады. Коучинг сонымен қатар оқушыларды оқытудың және жеке-тұлғалық дамытудың инновациялық технологиясы болып табылады. Әсіресе тұлғаға бағытталған білім беру жағдайында тиімділігі жоғары. «Коуч» терминін XX ғасырда Томас Леонард мақсатқа жету үшін кеңес беру термині ретінде енгізді [3,12б.].«Коучинг» ұғымы кең және ол психология, менеджмент, философия, логика және өмірлік тәжірибенің тоғысында пайда болған ілім. Бұл өмірдің әртүрлі салаларында мақсаттарға жетуге бағытталған процесс.

***Коучингтің негізгі принциптері:***

1) барлық адамдар өздерінің күнделікті өміріндегіге қарағанда әлдеқайда ауқымды ішкі қабілеттерге ие;

2) қателіктерден гөрі сәттілікке үйрету;

3) проблемаға емес, шешімге бағдарлану;

4) бағыт: бүгіннен болашаққа;

5) барлық жауаптар адамның ішінде – адам өзін бағалайды, сыртқы кеңестер мен бағалауларға тәуелді емес.

Коуч-педагогтің рөлі – ол оқушылардың зейіні мен жауапкершілігін күшейтеді: мақсатты анықтауға, жоспар құруға, іс-әрекетке көшуге көмектеседі, шабыттандырады, ынталандырады, мазасыздықты басады [4, 127б.].Оқыту процесінде коучинг элементтерін қолдану білім сапасының нығаюына ықпал етеді.

***«Coaching» (Коучинг)*** –жаттықтыру, дем беру, машықтандыру деген мағынада қарастырылады. Коучинг әдісінің классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы–коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді топпен бірлесе отырып іздестіреді. Ал психологиядан айырмашылығы коучингтегі мотивацияның бағытына байланысты.Коучпен жұмыс істеуде белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Яғни оқушыларды жарысқанемесе емтиханға даярлауды тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді, жаттықтыру мен ізденуіне көмек беріп, өмірлік әрекеттерін жасауға бейімдейді және өзіндік көзқарастарын дамытады.Павел Безручконың пікірінше,«Коучингтің бір ерекшелігі ол қандай да бір қиындық жағдайданшығуда өзі шешім қабылдауына көмектеседі. Кейіннен ол сол арқылы өзге адамдарға өз үлесін қосады»[3, 48б.].Коучинг әдісі адамға үйретуден гөрі оқуға көмектеседі. Бұл белгілі бір жағдайларда қолданылатын әдіс қана емес. Бұл басқару әдісі, адамдармен қарым-қатынас әдісі, ойлау тәсілі.

**Білім берудегі коучингтің мақсаты** – оқушыларға саналы түрде білім алуға, қызығушылықпен білім алуға, потенциалды табуға және ашуға, дағдыларды дамытуға, бағдарламаны тиімді меңгеруге және тапсырмаларды орындауға көмектесу.Коучингтің негізін қалаушы Джон Уитмор «коучинг(ағылш. coaching –бапкерлік) –бұл адамға өзінің жеке мақсатын айқындау мен оған қол жеткізуге кәсіби көмек», –дейді. Ағылшын тіліндегі қысқаша оксфордтық сөздікте «coach» жаттықтыру, оқыту, ақыл қосу, бағыттау, деректермен қамтамасыз ету» деген мағынаны білдіреді.Коучинг–бұл өзінің мақсаты мен міндетінен тұратын арнайы әдіс. Ол текоқу процесін басқаруда ғана қолданылмайды, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруда, оқушылар мен педагогтердің дамуына бағытталады. Коучинг–бұл адам дамуына бағытталған көптегенқұралдардан, білімдер мен біліктерден тұратын жүйе. Бұл даму үнеміқарым-қатынасбарысында артады,нәтижеге жетуге бағытталған ынтымақтастық процессте қалыптасады.Коучтың негізгі міндеті – білім алушылардың өз қабілеттеріне деген сенімділігін сақтау, олардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру. Оқушылардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімі, олардың дәрежесі жоғары оқу-танымдық мотивацияға және олардың оқуы үшін жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни коучингті білім беруде қолдану арқылы тұлғаны тәрбиелеу де тиімді жүзеге асады.

Коучингтің көптеген принциптері мен технологиялары педагогикада сәтті қолданылады. Бұл оқытудың мағынасын түсінуге көмектесетін, белсенді қатысуды тудыратын, мотивацияны арттыратын және нәтижелер үшін жауапкершілікті арттыратын заманауи оқыту тәсілі.Білім берудегі коучинг – бұл:

- жеке тұлғаға бақытталған оқыту;
- баланы қолдау;

- табысты ойлауды қалыптастыру;
- оның күшті жақтарын анықтау;
- процеске саналы түрде қатысу және нақты нәтижелерге қол жеткізуді жүзеге асыру.

Мұның бәрі оқушыларға оқу процесіне деген жауапкершіліктерін сезінуге және жеке мақсаттармен қамтамасыз етілген өзіндік мотивацияға ие болуға көмектеседі [2, 64б.].

«Коучинг– бұл адамның тиімділігін арттыру мақсатында оның әлеуетін барынша ашу. Коучинг үйретпейді, бірақ үйренуге көмектеседі.» дейді Тимоти Голви [3, 54б.].Осы тұжырымнан байқағанымыздай, коучингті қолдана отырып мұғалім балаға өзінің мүмкіндіктері мен ресурстарын түсінуге, проблемаларды міндеттерге айналдыру арқылы мақсаттарды анықтауға көмектеседі.

Мысалы, тарих немесе әдебиет сабақтарында мұғалім оқушыларды төмендегідей рефлексияға итермелеуі мүмкін:

- Бұл шешім оқиғаның барысына қалай әсер етті деп ойлайсыз?
- Ал егер петицияға қол қойылмаса, онда не болар еді?
- Ол бұл жағдайда тағы қандай шешімдер қабылдай алар еді?
- Ал сен оның орнында болсаң не істер едің?
- Мұндай жағдайда адам өзін қалай сезінеді деп ойлайсыз?

Немесе, мысалы, биология, химия немесе география мұғалімі өз пәнін әртүрлі табиғи құбылыстарды немесе географиялық объектілерді зерттеу арқылы құра алады. Олармен тікелей әрекеттесу – баланың қызығушылығын оятудың, оны процеске толығымен тартудың тамаша тәсілі.Оқушылар ұсынылған тақырыпты тереңірек зерттеп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас, көшбасшылық, серіктестік, келіссөздер жүргізу, ақпарат іздеу, стандартты емес шешімдер жасау және т.б. дағдыларын үйренеді. Жоғары сынып оқушыларымен коучинг өткізу кезінде жеке мақсаттарды (аралық нәтижелерді) анықтауға және оларға қол жеткізу жоспарын жасауға ерекше назар аудару керек. Педагог оқушылармен бірге аралық мақсаттарға жету процесіне тұрақты мониторинг жүргізіп, әр кезеңнен кейін орындалатын әрекеттерді бағалауы керек. Осы кезеңде білім алушы өзіне келесі негізгі сұрақтарға жауап табуы керек: «қойылған мақсаттарға қол жеткізілді ме?», «жоспарларға қандай өзгерістер енгізілді және неге?», «бұл тәжірибе нені үйретті?», «мен қазір басқаша не істеймін?» және т.б.Нәтижесінде оқушы өзінің қателіктері мен сәтсіздіктерін жоғалту немесе сәтсіздік ретінде емес, алға жылжуға мүмкіндік беретін құнды тәжірибе ретінде қарастыруы керек.

**Коучинг процесі бірнеше нақты анықталған кезеңдерден тұрады:**

- Мақсат қою және оның маңызын түсіну.
- Табыстың қажетті компоненттерін талдау.
- Қолда бар мүмкіндіктерді талдау.
- Мақсатқа жету жолдарын анықтау, стратегияны таңдау.
- Мақсатқа жетуді бақылау және нәтижелерді талдау.

Осы тұста мақсат қою және оны жүзеге асыруға байланыстыSmart моделі маңызды болып табылады. Мектеп жасындағы балалармен жұмыс істейтін әрбір педагог үшін SMART мақсаттарын қоюды үйрену маңызды. Smart мақсат дегеніміз не?

**SMART** – бұл «нақты», «өлшенетін», «қол жеткізуге болатын» (немесе «орындалатын»), «өзекті» және «уақыты өлшемді» дегенді білдіретін аббревиатура. SMART мақсаттары осы бес критерийдің барлығына сәйкес келеді және нәтижесінде стратегиялық мақсатты жүзеге асырады. SMART мақсат қою моделі:

S (specific) – нақты. Мақсат нақты болуы керек. Бұл мақсатқа адам жету үшін маңызды критерийлері нақты анықталуы керек.

M (measurable) – өлшемді. Әр әрекеттің нәтижесін қалай өлшеуге болатындығын түсіну және жоспардың қай сатысында тұрғанды, оның мерзімдері мен күтілетін нәтижеге сәйкес келетіндігін түсіну.

A (affordable, attractive) – қол жетімді және тартымды. Бұл параметрлерді сақтау өте маңызды, қол жеткізу қиын, бірақ тартымды немесе керісінше, тартымды мақсаттар, бірақ оларға негізінен қол жеткізу мүмкін болмайтын мақсаттар болады.

R (realistic, relevant) - шынайы және өзекті. Бұл жалпы қол жетімділікті және белгілі бір адам үшін шынайылықты білдіреді. Мақсаттың шындыққа жанаспауы ішкі сезімдер мен жеке құндылықтар жүйесіне қатысты болуы мүмкін. Кейде адам қол жеткізуге болатын мақсаттар қояды, бірақ ол оның ішкі әлеміне қайшы келуі мүмкін.

T (tangible, time-based) – икемді және уақыты нақтыланған. Құндылықтар мен мақсатқа сай өзгерістер енгізе алатындай болуы керек. Стратегиялық жоспарлауда бұған ерекше назар аударылады: ол не үшін жасалады, қандай нәтиже береді, қандай құндылықтарға сай тұжырымдалады. Икемді, түсінікті және уақыты нақтыланған болуы керек[4, 144-145б.].

Егер сабақтың дәстүрлі құрылымы мен коуч сессиясының құрылымын қарастыратын болсақ, олардың сәйкес тұстарын көруге болады. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің осы негізгі элементінде де коучинг тәсілін қолданудың тиімділігін көрсетеді.

***Сабақ құрылымы:***

- ✓ сыныппен байланыс;
- ✓ сабақ мақсатын тұжырымдау;
- ✓ сабақ барысы (жаңа ақпаратты игеру; дағдыларды дамыту; жалпылау; жүйелеу және т.б.)
- ✓ үй тапсырмасын беру;
- ✓ рефлексия.

***Коуч-сессия құрылымы:***

- ✓ сенімді қарым-қатынас орнату;
- ✓ мақсатты анықтау. Қорытынды нәтиже тұжырымы;
- ✓ тәжірибені қалыптастыру. Мүмкіндіктер мен ресурстарды талдау;
- ✓ мақсатқа жеткізетін алғашқы қадамдар мен әрекеттерді анықтау;
- ✓ қорытынды. Құндылық;

Білім беру процесінде коучингті қолдану тек басқарушылық, ұйымдастырушылық міндеттерді шешуде ғана емес, сонымен қатарпедагогтердің бір-бірімен, оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінде және жалпы білім беру процесінің сапасын арттыруда тиімді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Баширова Ж.Р. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқуқұралы.–Алматы, 2010.

2.Дмитриева Е.Н., Тренькаева Н.А. Возможности использования методов и приемов коучинга в профессионально-личностном становлении студентов / Вестник Томского государственного университета. Философия. Социология. Политология. 2008. № 3(4).

3.Молдасан Қ.Ш., Ұ.Б. Төлешова. Педагогикалық коучинг: оқу құралы /– Алматы: Қазақ университеті, 2020.

4.Огнев А. Организационное консультирование в стиле коучинг / С-Пб.: Речь, 2003.

ӘОЖ 37.245.03

# ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**АБДРАХМАНОВА Б.Б.**
Білім беру бөлімінің психологиялық қызметінің әдіскері,
Қазақстан Республикасы, Орал қ.

**Резюме.** В статье утверждается, что формированию толерантности способствуют целенаправленное и поэтапное воспитание толерантности, специально организованные мероприятия. Педагогика толерантности основана на толерантности и уважении к убеждениям других людей и является одним из инструментов решения личных проблем и разрешения конфликтных ситуаций.

**Summary.** The article argues that the formation of tolerance is facilitated by purposeful and step-by-step education of tolerance, and specially organized events. The pedagogy of tolerance is based on tolerance and respect for the beliefs of other people and is one of the tools for solving personal problems and resolving conflict situations.

Адамгершілік іс-әрекет дегеніміз адамның жалпы игілік, жақсылық және тұлғаның ерік-күйі, адамгершілік мақсаттарға жетуге бағытталған және сол бойынша адамгершілік жағынан

дәлелденген тәсілдер арқылы жүзеге асқан іс-әрекетті реттейтін адамның белсенділігін, оның қоршаған дүниемен өзара қатынасының өзіндік түрі, нысаны деуге болады.

Толеранттылық деп басқа адамға қарсылық сезімінсіз құрметпен қарау, сондай-ақ оған қатысты күш немесе қысым көрсету әдістерін қолданудан саналы түрде бас тарту түсініледі. Толеранттылық терінің түсі, талғамы, әдеті және пікірі басқа адамды түсінуді болжайды, осылайша тітіркену сезімін тудырады. Толеранттылық адамның өз дүниетанымына сәйкес өмір сүру құқығын қамтамасыз етеді.

Тәрбиелеу мен ыждағаттылықты қажет ететін үдеріс. Егер де өз өмірімізге шолу жасасақ бірнеше тұжырымдар шығады:

Жеке тұлға өзінің өмірлік адамгершілік құндылықтарына сай қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын тәсілдерді таңдайды;

Жеке тұлға өзінің қажеттіліктерінде, өзінің сезімінде өзі басқарады;

Жеке тұлға өзінің білімдерімен өмірлік тәрбиесін талғауды дұрыс жасай алса, дұрыс жолдарды саралай алатын болады.

Ерік-жігер өрісі – оқушылардың алдына қойған мақсатына жетуге қажетті табандылық, тәртіптілік, танымдық сияқты қасиетін дамыту, мақсатты тиянақты, тереңдете талпыныстар жасауорын алуын қажет етеді.

Адам құқықтарын құрметтеумен үйлесетін толеранттылықтың көрінісі әлеуметтік әділетсіздікке шыдауды, өздікінен бас тартуды немесе басқа адамдардың сенімдеріне мойынсұнуды білдірмейді. Бұл әр адамның өз сенімін ұстануға құқығы бар екенін және басқалар үшін де сол құқықты мойындайтынын білдіреді.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде «төзімсіздік» термині қолданылады. Сонымен, төзімсіздік деп адамның басқа адамдармен қарым-қатынасында әртүрлі белгілер негізіндегі көзқарасы мен мінез-құлқындағы төзімсіздіктің көрінісі түсініледі.

Толеранттылықты мақсатты түрде және кезең-кезеңімен тәрбиелеу керек. Арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар толеранттылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Толеранттылық педагогикасы басқа адамдардың сенімдеріне шыдамдылық, ілтипатпен қарауға негізделген және жеке мәселелерді шешу және жанжалды жағдайларды шешу құралдарының бірі болып табылады.

Толеранттылыққа тәрбиелеудің мақсаты – өскелең ұрпақтың ұлттық, әлеуметтік, діни көзқарасына, көзқарасына, дүниетанымына, ойлау және мінез-құлық стиліне қарамастан адамдармен және адамдар топтарымен сындарлы өзара әрекеттесу қажеттілігі мен дайындығын тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жету бір-бірімен байланысты екі блокқа біріктірілген нақты мәселелерді шешу арқылы мүмкін болады:

І.Балалар мен жасөспірімдердің бейбітшілікке деген сүйіспеншілігін, басқа адамдарды қабылдау және түсіну, олармен жағымды қарым-қатынас жасау қабілетін тәрбиелеу:

1) кез келген нысандағы зорлық-зомбылық пен агрессияға теріс көзқарасты қалыптастыру;

2) өзіне және адамдарға, олардың мәдениетіне деген құрмет пен тануды қалыптастыру;

3) этносаралық және конфессияаралық өзара әрекеттесу қабілетін дамыту;

4) бағыныштылығына және дүниетанымына қарамастан, қоғам өкілдерімен толерантты қарым-қатынас, сындарлы өзара әрекеттесу қабілетін дамыту;

5) өскелең ұрпақты басқа тілдер мен мәдениеттерде сөйлейтіндер арасында қабылданған дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларына үйрету; «өзгелікті қабылдау» қабілетін дамыту мақсатында ғана емес, сонымен қатар шетелдік мәдени әңгімелесушінің мінез-құлқына адекватты жауап беру дағдыларын дамыту мақсатында.

І. Қоғамда және білім беруде толерантты ортаны қалыптастыру:

1) қоғамда терроризмнің, экстремизмнің және агрессияның алдын алу;

2) ересектер мен балалар арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастарды, білім беру мен тәрбиелеу жүйелерін ізгілендіру және демократияландыру;

3) білім беру реформасына толеранттылық педагогикасының жетекші идеяларын енгізу;

4) болашақ мұғалімдерді балалар мен жасөспірімдердің бойында толеранттылыққа тәрбиелеу жүйесін реформалау.

Толерантты жол – өзін жақсы білетін, қоршаған ортада өзін жайлы сезінетін, басқа адамдарды түсінетін және көмектесуге дайын адамның, басқа мәдениеттерге, көзқарастарға, дәстүрлерге достық қарым-қатынаста болатын адамның жолы.

Толеранттылыққа үйрету әдістері басқа адамдарды түсінуге және олардың ерекше әрекеттеріне шыдамдылыққа дайын болуды дамыту тәсілдері.

Интеллектуалдық салада толеранттылық құндылықтары: толеранттылық идеалдары, басқа әлеуметтік және ұлттық топтардың адамдарымен қарым-қатынас принциптері туралы білімнің көлемін, тереңдігін және тиімділігін қалыптастыру қажет.Интеллектуалдық салаға әсер еткенде, ең алдымен, сендіру әдісі қолданылады. Сендіру талап етілетін толерантты мінез-құлықтың ақылға қонымды дәлелдерін талап етеді.

Эмоционалды сферада нормалармен немесе нормалар мен идеалдардан ауытқулармен байланысты моральдық тәжірибелердің сипатын қалыптастыру қажет: аяушылық, жанашырлық, сенім, ризашылық, жауап беру, мақтаныш, эмпатия, ұят және т.б.

Толеранттылыққа тәрбиелеу дұрыс эмоционалды реңкте орын алса, талапшылдық пен мейірімділік үйлесім тапқан жағдайда ғана жемісін береді.

Эмоциялық салаға әсер ету әдістері адамның эмоцияларын басқарудың қажетті дағдыларын дамытуды, нақты сезімдерді басқаруды үйренуді, өзінің эмоционалдық күйлерін және олардың пайда болу себептерін түсінуді қамтиды.

Мотивациялық сфераға әсер ету әдістеріне өмірге деген саналы мотивацияларды қалыптастыруға негізделген ынталандыру жатады. Толерантты мінез-құлықты ынталандыру нәтижесінде агрессивті әрекеттерге тосқауыл қоя отырып, адамдарға төзімділікпен қарауға тұрақты мотивация қалыптасуы керек.

Толерантты мінез-құлық әртүрлі ұлттық және әлеуметтік топтар өкілдерінің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ынталандырылады

Ерікті салада толерантты мінез-құлықты жүзеге асыруда моральдық және ерікті ұмтылыстарды қалыптастыру қажет: батылдық, батылдық, адамгершілік мұраттарды қолдаудағы адалдық. Бұл жерде адамның алдына қандай мақсат қоятыны емес, оны қалай жүзеге асыратыны, мақсатына жету үшін адам қандай күш-жігер жұмсайтыны маңызды.

Толеранттылықты тәрбиелеу мақсатында еріктік сфераға әсер ету әдістері мыналарды қамтиды: бастамашылдық пен өзіне деген сенімділікті дамыту; өзін-өзі реттеу саласындағы даму, субъектінің өзі және оның субъективті бағалау параметрлері бағалаушы ретінде әрекет етеді.Өзін-өзі реттеу саласында таңдаудың моральдық заңдылығын қалыптастыру қажет: саналылық, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, өзінің мінез-құлқын басқалармен байланыстыра білу, адалдық, өзін-өзі бақылау және т.б.

Толеранттылықты қалыптастыру белсенді өмірлік ұстанымды дамытуды көздейді. Ал белсенді позиция белсенді әдістер арқылы қалыптасады. Оқытудың белсенді әдістері студенттердің іс-әрекетін белсендіруге бағытталған және студенттердің белсенділігін, олардың оқу процесіне қатысуының жоғары дәрежесін, шешімдерді өз бетінше әзірлеу қабілетін және студенттер мен мұғалімдердің кері байланысының болуын болжайды.Белсенді оқыту әдістерінде имитация (ойын: іскерлік ойындар, іскерлік дизайн және т.б. және ойыннан тыс: нақты жағдайларды талдау, ситуациялық есептерді шешу) арасында айырмашылық жүргізіледі.
Қарым-қатынас жүйелерін модельдеу нысандарының бірі іскерлік ойын болып табылады, оның барысында талқылау әдістері қолданылады. Пікірталас механизмінің арқасында бала эгоцентристік ойлау қасиеттерінен алшақтап, басқаның көзқарасын қабылдауға үйренеді, бұл толеранттылықтың қалыптасуының қайнар көзі болып табылатын коммуникативті дағдыларды дамытуда өте маңызды.

Белсенді оқытудың тағы бір әдісі – әлеуметтік-психологиялық тренинг. Әлеуметтік-психологиялық тренинг барысында топтық жұмыс әдістеріне сүйене отырып, әлеуметтік-психологиялық сипаттағы білімдер игеріліп, мінез-құлқы түзетіледі.Тренинг барысында тұлға аралық өзара әрекеттестік дағдылары қалыптасады, рефлексия жасау және жағдайға тез және икемді жауап беру және мінез-құлқын қайта құру қабілеті дамиды.

Жоғарыда айтылған әдістерді толеранттылық көзқарасын тиімді дамыту үшін пайдалануға болады.

Толеранттылықты қалыптастыру үшін ең қолайлысы – оның шекарасы кеңейіп, оқушылар кеңірек адамдар мен құрдастар тобына жеке көзқарасын көрсете алатын әлеуметтік мәні бар ұжымдық шығармашылық әрекет жасау.

Ұжымдық шығармашылық іс-әрекет балаларды ортақ іспен баурап алуға мүмкіндік береді, ұжымның жекелеген мүшелері арасындағы қарым-қатынастардағы қалыптасқан тұлғааралық шиеленістерді жеңілдетеді, олардың жақсы жақтарын ашады, топ мүшелерінің артықшылықтары мен мәселелерін көрсетеді, балаларды ұжымдық жоспарлауда ымыраға келуге және жұмыс құралдарын таңдауға үйретеді. жоспарланғанын жүзеге асыру.Балалардың бірлескен іс-әрекеті жалпы эмоционалды тәжірибені тудырады, балалар бір-біріне тапсырмаларды орындауда

көмектеседі, жанашырлық танытады, сәтсіздіктерді бастан кешіреді және сәттілікке қуанады. Олар өздерінің іс-әрекеттері мен істерін бағалауда толерантты, мейірімді және әділ болады.
Сонымен қатар, толеранттылық мәдениетін тәрбиелеу «ата-ана + бала + мұғалім» формуласы бойынша жүзеге асырылуы керек.Ата-аналар қатысатын іс-шаралар баланың өміріндегі ең маңызды екі фактордың, мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің жарқын мысалы болып табылады, адамның әртүрлілігіне ашық, сынсыз көзқарасты тәрбиелеуге бағытталған білім беру процесінде күш біріктіреді.

Ересектер өз балаларына, басқа адамдарға төзімділік танытуда жақсы үлгі көрсетуі керек. Бұл толерантты қоғамға ұмтылуда нәтижеге жетудің бірден-бір жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007, 44-47 беттер.

2.Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным, 2007 ж., №2, 12-14б.

3.Солдатова Г.М. Практическая психология толерантности, или как сделать так, чтобы зазвучали лучшие струны человеческой души? // Век толерантности. – 2003. – № 3 . С. 60-78.

ӘОЖ: 373.167.1(075.3)

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**АБЫЛОВА М.С.**
Қосақ негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассказывается, как использовать дидактические игры на уроке казахского языка. На уроке казахского языка всесторонне анализируется значение произведений искусства в воспитании учащихся.

**Summary.** The article describes how to use didactic games in a Kazakh language lesson. In the Kazakh language lesson, the importance of works of art in the education of students is comprehensively analyzed.

Елімізде экономика, техниканың шарықтап дамуынан ақпараттар тасқынынан оқушыларды ұлттық сана-сезімде өз халқының мәдениеті мен әдебиетін, психологиясын, тарихын, әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейтін қажетті деректерді оқу үрдісіне енгізу әр мұғалімнің міндеті болуы керек.

Баланы – жастан демекші, баланың отбасынан алған тәрбиесі мектептің бастауыш сатысында үйлесімін тауып, тәрбиелеу нағыз осы шақта қалыптасуы керек. Сондықтан тәрбие мәселесін оқытумен қатар қарастырамыз. Бастауыш мектеп тәрбиесі сабақтағы оқу үдерісімен байланысты жүргізіледі. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, әсерлігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілдігін, т.б. айқындап толықтыруға болады.

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев: «Бала ұғымына, танымына лайықты кеңестерде айналадағы дүние мен адамның өзара қарым-қатынасын әр қырынан қамтыған сан алуан ақпараттар аз болмайды. Мұнда оқу мен еңбек, ойын мен өнер, сондай-ақ адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, мамандық алу, т.б. үлгі-өнегелер бала санасына біртіндеп құйыла береді»,- деп айтқандай қазақ тілі сабағында өмірден, оқулықтар мен түрлі кітаптардан грамматикалық тақырыпты түсіндіруге алынған мысалдар арқылы берілетін біліміміз, тәрбиеміз танымсыз, ұғымсыз іске аспайтынын көрсетеді. Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде ұлттық тәрбиеден бастау алады. Әр ұлттың өзіндік психологиясы, тілі, діні, салт-дәстүрі бар. Осының бәрі баланы ұлт өкілі ретінде тәрбиелейді. Ол ана сүтімен беріледі.

Қазақ ақыны М.Шаханов әр адамның өз анасынан басқа төрт анасы болу керектігін айтады. Ол – тіл, тарих, жер, салт-дәстүр. Ұлттық тәрбие берудің негізі – тілі.

И.Г.Песталоции тәрбиені ана тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздей отырып жүргізуді ұсынады. Ол «адамның ақыл-ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқудың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты», – деп ерекше атап көрсетеді. Тұлғалық бағыттағы тәрбие – баланы ең жоғары құндылық ретінде дәріптеп, оны тәрбие үдерісінің өзегі деп танытатын тәрбие жүйесі. Тұлғалық бағыттағы тәрбие гуманистік педагогиканың белгілі принциптеріне жүгінеді. Тұлғалық бағытталған тәрбие ғана дамытушы мақсатты іске асыра алады, себебі осы тәрбие арқасында тәрбиеленуші өзін тұлға ретінде таниды, өзінің барша мүмкіндіктерін еркін де жауапкершілікпен жарыққа шығаруына мүмкіндік алады.

Ұлы А.Құнанбаев он тоғызыншы қара сөзінде жас кезінен жақсы сөз естіп өскен бала кейін есті адам болады дейді: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» [1]. Сондықтан балаға жас кезінен бастап тәрбиелік маңызы жоғары халық ойларының кәусар бұлақтарымен сусындату қажет. Себебі, «халықтың даналық ойлары халық педагогикасының шамшырағы болған. Халық даналығы – мақал - мәтел, ертегі, өлең - жыр түрінде, ақын - жазушылардың, шешендердің сөздері, толғау, өсиет сөздері арқылы баяндалып отырған. Осы тұрғыдан халық педагогикасының кең өрісі, қайнар көзі – ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні зор». Сондықтан қазақ тілін грамматикалық ойындар арқылы меңгертуде халық педагогикасының тәрбиелік мәні басым элементтерін де кеңінен қолдану қажет. Осы арқылы оқушылардың рухани дүниесі парасаттылық пен бауырмалдылыққа, адалдық пен кішіпейілділікке, ибалық пен үлкенді сыйлауға тәрбиеленеді.

Пәнаралық байланысты (ана тілі, дүниетану, ән, т.б.) үйлесімді жүргізіп, сол материалдар негізінде балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, еңбек сүйгіштікке, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге болады. Оқулықтағы грамматикалық жаттығулар мен оқуға берілген әрбір дидактикалық және мәтіндік материалдар оқушыны жан-жақты тәрбиелеуге лайықталған. Мұғалімнің негізгі мақсаты оқушыға жалаң білім беріп қана қоймай, оқушының әдепті, тәрбиелі болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Халық педагогикасы негізінде тәрбиелеуге баса назар аударған жөн. Сондықтан классикалық педагогиканы ұлттық педагогикамен жандандырып жастарға осы заманға сай ұлттық тәрбие беру керек. Сондықтан қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгерту барысында оқушылардың санасына ұлттық рухты сіңіру, өз халқының ұлттық құндылықтарына мақтанышпен қарау сезімдерін ояту қажет. Бұл оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің жетілуіне негіз болады.

Қазақ тілі сабақтарында грамматикалық ойындарды көркем әдебиеттермен ұштастыру жұмыстары да оқушыларды тәрбиелеуде маңызы зор. Көркем әдебиеттерді оқу арқылы оқушылардың эстетикалық, адамгершілік қасиеттері дамиды. Шығармадағы кейіпкерлерді тану барысында жақсы істерге ұмтылады.

Қазақтың мақал-мәтелдері жас ұрпақты ибалы болуға, әдептілікке, имандылық пен инабаттылыққа тәрбиелесе, ақын-жазушылардың көркем шығармалары эстетикалық, этикалық қасиеттерге тәрбиелейді.

Әдіскер ғалым С.Рахметованың қазақ тілі сабағында көркем шығармалардың оқушыларды тәрбиелеудегі маңызын жан-жақты талдап көрсетеді:

-идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;

-дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;

-шығармадағы кейіпкерлердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;

-табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқап біліп, сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;

-балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін одан әрі дамыта түсу;

-саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;

-еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Демек, бастауыштың қазақ тілі сабақтарында дидактикалық ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай, тіл материалдарындидактикалық ойындар арқылы берік меңгерту жұмыстарының мынадай мақсаттары болуы керек:

1.Оқушыларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу. Бұл төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

ә) дидактикалық ойындарды ұлттық тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда жұмбақ, мақал-мәтелдер, даналық өсиет сөздерді кеңінен қолдану.

ә) көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

б) шешендік сөздерді үйретіп, тіл мәдениетін жетілдіру.

2.Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу.

Ұлттық педагогика негіздерімен оқушыларды оқыту арқылы олардың өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйретіледі. Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілділікпен карауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады, нәтижесінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті жетіледі.

Сондықтан, халық педагогикасына негізделген грамматикалық ойындардың оқушыларды тәрбиелеуде маңызы зор.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың грамматикалық дағдысын қалыптастырып, қазақша тілін дамытуда халық ойыны санамақ, жаңылтпаш, мақалдарды ұтымды пайдалануға болады.Сол сияқты қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Қыз қуу», «Қоржын», «Ханталапай» ойындарын салт-дәстүр, ғұрыпқа байланыстырып, мағынасын, мазмұнын жете түсіндіріп, түрлендіріп қызықты өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Баланың ақыл - ойының дамуына, сөздік қорының баюына, қисынды ойлау қабілетінің дамуына қазақ халық педагогикасының қоржынында жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар бар. Осы барымызды баланың психологиясына, жас шамасына және жеке басының ерекшеліктерімен санаса отырып оқу үрдісінде ойындарды шебер пайдалану әрбір мұғалімнің үлесінде.

Ж.Б.Қоянбаев халық педагогикасының мақсатына мыналарды жатқызады: «Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты өмірге дайындау, өнер – білімге баулу, бүкіл елдің қамын ойлау сияқты ең жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу... Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, үйелмен тәжірибелері т.б.» жатқызады да, халық педагогикасы арқылытәрбиелеудің маңыздылығын көрсетеді: «...халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сыннан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді олардың бойына екті» [2]. Міне, сабақта білімді меңгерту барысында грамматикалық ойындарды тиімді қолдана алатын болсақ, оқушылардың рухани дүниесін ізгілендіру, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға болады. Себебі ойындар кезінде оқушылар өздерін еркін сезініп, ұжымды сыйлауға, өз ой – пікірін дәлелдеуге үйренеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Абай (Ибраһим Құнанбаев). – Алматы: Жазушы, 2020. Т. 2.

2.Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2012.

ӘОЖ: 37.457. 65

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘДЕБИ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**ЖАМАНКУЛОВА Г.Д.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** Родной язык является основным, актуальным предметом, который относится ко всем другим дисциплинам и обобщает их результаты. Так что теперь, в начальной школе, большое внимание уделяется лексике учеников, используя словарь, который они используют, чтобы выразить свои мысли.

**Summary.** The mother tongue is the main, relevant subject that relates to all other disciplines and summarizes their results. So now, in the elementary school, great attention is paid to the vocabulary of pupils by using the vocabulary that they use to express their thoughts.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрапақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді. Бала – балғын тал, ересек адам – бағбан. Бұл – әр халықты ғасырдан-ғасырға әкеле жатқан қағидасы. Сондықтан баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеп, бала жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші тәрбиелеуші әрбір үлкеннің мұраты.

Тіл – ақиқатты танытудың басты құралы. Филиософиялық және психологиялық әдебиеттер де тілсіз ойдың тумайтына нанымды айтылады.

Сайып келгенде, тіл қоғам мүшелерінің бір-бірімен түсінісу және адамның сезімі мен көңіл-күйін білдіру құралы ретінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан кіші мектеп жасынан бастап ана тілін, оның әралуан өмірлік қызметін ғылыми негізде танытудың қажеттілігі мақсатты түрде алға қойылды.

Тілдің тәрбиелік мәні де күшті. Ана тілін жақсы меңгерген оқушының ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, көркем өнер үйірмесіне құмарта қатысуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, тіл табысуға деген бейімділігі қалыптасады, яғни баланың мәдени өрісі қоғам талабына сай бола түседі.

Мұғалім балалардың дүниетанымымен әуелбастан дұрыс қалыптастыруды мақсат тұтуы тиіс. Сондықтан тіл сабығы айнала қоршаған болмысты бақылау негізінде оқытылуы керек.

Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат – оқушылардың сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оларға рухани дүниесін байыту, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себу. Ол үшін бала айналадағыз атты, құбылыс пен болмысты танып білуі тиіс. Соған байланысты оның тіл байлығы да артады. Баланың өмірді көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығын ауызша түрде де жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс [1].

Ана тілі жас баланың ақыл-ойының дұрыс дамуына білімділер және оңай меңгеруіне көп жеңілдік келтіреді. Сол себепті мектепте ана тілін оқыту ісіне ерекше мән береді. ˊӨйткені ана тілін дұрыс меңгермеген оқушы басқа пәндерді де ойдағыдай үйрене алмайды. Білгенін не сөз тауып айтып бере алмай, не ойын қағаз бетіне түсіре алмай, қиналады. Осыдан ғана тілдің мектептегі негізгі пәндердің бірі екенін анық байқаймыз.

Аса көрнекті педагог К.Д.Ушинский ана тілінің білім берудегі ролі туралы: “Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын және математиканы өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектепте оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлінеді. Көркем әдебиет өнерінің бір саласы сөз өнері болғандықтан, оның тамаша шығармаларында әдемі, сұлу, кестелі, өрнекті сөздерді кездестіреміз. Мектепте оқылатын барлық оқу пәндері сияқты әдебиет сабақтарында да, оқушылардың ауызша сөйлеу тіліне талаптар қойылады. Осы талаптарды әдебиет мұғалімі мүлтіксіз орындап отыруға міндетті. Ол үшін сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да оқушылврдың ауызша тіліне, сөйлеу салтына үнемі бақылау жасауы тиіс. Олардың сөйлеген сөздерін ықылас қойып, зер сала тыңдап, сөйлеуде логикалық жағынан сөз қолдану, сөйлем құрылысы жөнінен жіберген қателіктері мен кемшіліктерін мүмкін болғанша әрдайым түзетіп отырады. Алдағы уақытта бұларды болдырмау, қайталамау жақтары ескертіледі. Осымен байланысты мындай заңды сұрақ туады: оқушылардың сөйлеу тілінде жіберген қателіктері мен кемшіліктерін қай уақытта, қалай түзетуге болады? Оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп, жетілдіріп отыруын көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп жаппай күрес жүргізіліп отыры қажет. Бұл жұмысты осылай ұйымдастырмаған жерде, одан ойдағыдай нәтиже күту, толық мақсатқа жету неғайбіл болмақшы [2].

Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды жинақтап, тұжырымдап айтсақ:

1.Оқушы өзінің айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде айтып, баяндап беруге дағдылансын.

2. Сөзі тартымды, дәмді, мазмұнды, дәлелді болсын.

3.Әдеби тілдің нормасынан шығып, ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге жаттықсын.

4. Сөзді дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құрай білуге машықтансын. Міне, шамамен мөлшерлеп айтқанда, кейбір ескертетін жайттар осылар.

Енді IV-X сыныптарда оқушылардың ауызша тілін дамыту жұмыстары әдебиет сабақтарында қандай әдіс-амалдар мен тәсілдер арқылы жүргізіліп отырады деген мәселеге келейік.

1 Мәнерлеп оқу. Оқушыларға әдеби білім мен отандық тәрбие беруде, олардың көркемдік талғамын дамытып, эстетикалық сезімін оятуда өрісі кең, серпіні құдіретті күштің бірі – көркем шығарманы мәнерлеп, келістіріп, шебер оқи білу жұмысы болып табылады.

2. Мұғалімнің ауызша немесе жазбаша түрде берген сұрақтарына байыпты, дәл, толық жауап қайтара білуге дағдыландыру.

3. Оқылған шығарманың  сюжетін әңгімелеп айтып беру. Бұл жұмыс ауызша мазмұндатудың түрлері арқылы орындалады, мысалы,толық түрдегі және қысқаша түрдегі мазмұндама, кейіпкердің өмірбаяны туралы мазмұндама. Мазмұндаманың бұл түрлерінің қай-қайсысы да шығарманың мазмұнын оқушылардың қаншалықты ұғып түсінгендігін білу үшін де, сондай-ақ олардың ауызша тілін дамытуға да көмектеседі. Мазмұндау барысынды шығарма мазмұнында кездесетін архаизм, неологизм, диалектизм, жаргонизм, вульгаризм, варваризм сияқты сөз мәніндегі өзгеріс – ерекшеліктерді, сондай-ақ синоним, омоним, антоним сияқты сөз мағынасындағы өзгеру-құбылуларды байқап, олардың көркем шығармадағы рөлін түсініп білуге, орынды жерінде мазмұндау желісіне кірістіріп айтуға машықтанады. Осымен қатар шығармада өз мәнінде және ауыстыру мағынасында қолданылған сөздер – троптың түрлері кездеседі. Оқушы олардың есінде қалғандарын ретті жерінде қолданып айту арқылы, олардың шығармада атқарып тұрған идеялық эстетикалық ролі мен көркемдік қызметін аңғарып білетін болады. Сонымен бірге көркем тексті сөйлемдерінің әр алуан  болып құрылу өрнектері кездеседі, мысалы, сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау, синтаксистік және психологиялық паралеллизмдер, еспе қайталау, анафора, эфифора, жай қайталау, элипсис, дамыту, шендестіру, инверсия сияқты фигураның түрлері. Тексті мазмұндау кезінде орайына қарай осындай сөйлем үлгілерін оқушы келтіріп айтуға дағдыланады. Әдебиеттік шығармада кездесетін, мақал, мәтел, нақыл сөздерді де өздерінің айтылу орнына қарай қолдана білуге үйренеді. мазмұндалатын шығармада баяндау, суреттеу, диалог, манолог, пікірлеу сияқты тексттің түрлері болады. Ауызша мазмұндау барысында оқушы бұлардың әрқайсысын өз тұсында дұрыс айта білуге жаттығады.

Сайып келгенде, әдеби шығарманы ауызша мазмұндату, әңгімелетіп айттыру нәтижесінде оқушылар сөз қолданудың, сөйлем құрастырудың әр алуан үлгі, өрнектерін өз сөздерінде қашан, қалай қолдана білуге үйренеді. Көркем шығарманы, көркем сөз тексін қалай болмаса солай оқи салмай, ынта-жігер, дейін қойып, қадағалап оқуға, оқығаннан ұғып түсінгенін әр түрлі вариантта ауызша мазмұндап айтып беруге дағдыланады. Осылардың бәрі де оқушылардың тіл қазынасын байытып, сөздік қорын молайтуға, әдеби тілдің нормасын сақтап сөйлеуге жаттықтырып, төселдіретін әдіс-амалдар, тәсілдер болып табылады.

4.Әдебиеттік шығарма кейіпкерлерінің мінездемесін ауызша баяндап айтып беру жұмысы. Оқушылардың тілін дамытудың бір жолы көркем шығармалардың кейіпкерлеріне ауызша мінездеме жасаттыру арқылы жүргізіледі. Бұл түрде мінездеме жасауға керекті кейіпкерлер эпостық және драмалық шығармалардың үлгілерінде молшылық. Шығарманың кейіпкерлерінен ауызша және жазбаша түрде мінездеме беруден көзделетін мақсат – біріншіден, олардың қандай кейіптегі адам образдары екенін танып білу болса, екіншіден, оқушылардың тілін дамыту жұмысы болмақ. Кейіпкердің бейнесін ашып танытуда, оны қай жағынан болса да сипаттап көрсеткен автордың сөзі де, бұл жөніндегі өзге кейіпкерлердің сөзі де, олардың оған көзқарасы, қарым-қатынасы, іс-әрекеттері мен мінез құлқына берген сыны, бағасы да зор роль атқарады. Оқушылар кейіпкерге ауызша мінездеме беруге әзірленгенде, оған керекті материалдар мен фактілерді талдауға байланысты шығарманың мазмұнын ойша теріп, жинақтайды, ойша жоспарын құрады. Сонан соң барып мұғалімнің ұйғаруы, рұқсаты бойынша ауызша мінездеме беруге кіріседі. Бірақ қалай болғанда да әдеби қаһарманға жасалатын ауызша мінездеме, бір жағынан, кейіпкерге шығарманы оқып үйренудің соңғы, қорытынды кезеңі ретінде жасалатын жазбаша түрдегі мінездемеден бұрын келіп, оған дайындық сатысы болса, екінші жағынан оқушылардың сөйлей білу шеберлігін жетілдіруге жәрдем етеді.

Оқушыларға әдеби-теориялық білім беруде, ол білімді сынып жоғарылаған сайын ілгері дамытып, тереңдетіп күрделендіруде әдебиет оқулығы маңызды роль атқарады. Оқулық –

шәкірттердің екінші ұстазы, білім бұлағы, тәрбиеші. Ол оқушыларға әдеби білім, отандық тәрбие берумен бірге, олардың ауызша және жазбаша тілін дамытудың да құралы. [3].

IV-VII сыныптарда оқушылардың ауызша тілін дамытуға жататын оқу материалдары – әдеби-көркем шығармалар және IV сыныпты қоспағанда, ақын, жазушылардың өмірбаяндары, әдебиет теориясының мәліметтері.

Міне, оқушылардың ауызша тілін дамыту үшін осы сияқты оқу материалдары да пайдаланылады және жұмыстың бұл түрін айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, оқушылардың әдебиет жөніндегі білімі, шеберлігі, дағдысы сабақ сайын дерлік есепке алынып, оған баға қойылып отырады. Осындай есепке алудың, бағалаудың бір жолы оқушылардың оқулықтағы оқу материалынан ұққанын, түсінгенін ауызша әңгімелеп айтып беруі арқылы жүргізіледі. Бұл жұмыс мұғалімнің тапсырмасы арқылы орындалып отырады.

Оқытушының сабақ мазмұнын ауызша баяндап айтып беруі. Әдебиет пәнін оқыту шеберлігінің бір көрінісі – тиісті материалды оқушыларға әдеби жатық тілмен жеткізе білуінде.

Ол тілге жүйрік, сөзге шешен болуы керек, Оқу материалын баяндап түсіндіруде сөйлеген сөзі логикалық жағынан жоспарлы, жүйелі, сатылы, бір- бірімен байланысты болуы шарт.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері. –А., 2001ж.

2.Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. –А., 2003ж.

3.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1989ж.

ӘОЖ 159.922.7

## ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ТҮЗЕТУ ОЙЫНДАРЫ

**ЖУМАДИЛОВА А.С.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматривается использование коррекционных игр с проблемными детьми, всесторонне анализируются их особенности и методика.Особое внимание уделено воспитательной, развивающей и коррекционной значимости, присущей данным терапевтическим игровым подходам.

**Summary.**. This article delves into the application of remedial games for children with challenging behavior, providing a comprehensive analysis of their features and methodologies. Special attention is given to the educational, developmental, and corrective significance inherent in these therapeutic gaming approaches.

Түзету ойындарының мазмұны балаларда қоғамдық өмір құбылыстарына, табиғатқа, қоршаған дүние заттарына дұрыс көзқарасты қалыптастырады. Балаларға қоршаған тіршілік туралы білім белгілі бір жүйе бойынша беріледі. Түзету ойындары арқылы олар өз бетінше ойланып, алған білімдерін берілген тапсырмаға сәйкес әр түрлі жағдайда қолдануға үйренеді. Көптеген ойындар балаларды ақыл-ой операцияларында бар білімді ұтымды пайдалануға шақырады: қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарының өзіне тән белгілерін табу; салыстыру, топтау, объектілерді белгілі бір критерийлер бойынша жіктеу, дұрыс қорытынды жасау, жалпылау.Ойын балалардың ақыл-ой және сенсорлық қабілеттерін дамытады. Баланың қоршаған ортаны тануы негізінде түйсік пен қабылдау процестері жатыр. Мектеп оқушысын заттың түсімен, пішінімен және өлшемімен таныстыру баланың заттардың тән белгілерін қабылдауын жақсарту үшін сенсорлық тәрбиеге арналған ойындар мен жаттығулар жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Түзету ойындары балалардың сөйлеу тілін дамытуға да ықпал етеді: сөздік қоры толығады және белсендіріледі, дыбысты дұрыс айтуы қалыптасады, фонематикалық есту, физиологиялық және сөйлеу тынысы дамиды, үйлесімді сөйлеуі дамиды, өз ойын дұрыс жеткізе алады. Балаларды өз бетінше әңгіме құрастыруға үйрету үшін көптеген түзету ойындарының дидактикалық тапсырмалары таңдалады. Кейбір ойындар жалпы және арнайы ұғымдарды белсенді пайдалануды

талап етеді. Антонимдерді, синонимдерді, дыбысталуы ұқсас сөздерді табу көптеген сөздік ойындардың негізгі міндеті болып табылады. Олардың көпшілігінің процесінде ойлау мен сөйлеудің дамуы ажырамас байланыста жүзеге асады.Түзету ойыны жағымды эмоциялық көтеріңкі көңіл-күй тудырады. Ойын кезіндегі қозғалыс әрекеті баланың миын дамытады. Әсіресе дидактикалық ойыншықтармен және заттармен ойындар маңызды болып табылады, оның барысында ұсақ моториканы және қозғалыстарды үйлестіруді дамытады және нығайтады.

Тапсырма балалар үшін қиын болып шыққанда немесе оқу тапсырмасы қайталауды қажет ететін жағдайларда ойындар мен ойын әдістері өте тиімді. Эмоционалды форма қиындықтарды жеңуге, балалардың жеткілікті белсенділігін қамтамасыз етуге, монотонды әрекеттерден шаршауды болдырмайды. Түзету жұмысындағы ойын өз алдына мақсат емес, балаға әсер ету құралы, оны тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі буын болып табылады. Сондықтан түзету мақсатында өткізілетін ойын әрқашан баланың психофизикалық дамуының барлық аспектілеріне оң әсер етуі керек. Жүйелі дамыту жұмыстарында мектеп оқушыларының «ойын мүмкіндіктерінен» көп мағынаны көреміз. Мектептің алғашқы күндерінен бастап балалар жүйелі ойынға қосылады. Ойынды мектепте психологиялық әдіс ретінде үш міндетті шешу үшін қолдануға болады. 1) Балаларды ойын кеңістігінде өмір сүруге, ойын әлеміне толықтай енуге үйрету және ойын қарым-қатынастары. 2) Ойын кеңістігінде еркін болуға, өзіндік ерекшеліктерін білуге және басқа адамдармен қарым-қатынас орнату. 3) Ойын тәжірибесін түсінуге үйрету, ойынды өзін-өзі тану құралы ретінде жәнеөмірлік тәжірибелер [1].

Өзге адамдармен қарым-қатынас мектеп жасына дейінгі жаста ең қарқынды түрде басталып дамиды. Мұндай қарым-қатынастардың алғашқы тәжірибесі жеке тұлғаның одан әрі дамуын құрайтын негіз болып табылады. Оның жеке және әлеуметтік дамуының кейінгі жолы, болашақ тағдыры көбінесе оның өміріндегі құрдастарының бірінші тобында, яғни балабақша тобындағы баланың қарым-қатынасы қалай дамитынына байланысты. Бұл мәселе қазіргі уақыттағы балалардың моральдық және коммуникативті дамуында үлкен алаңдаушылық туғызатыны ерекше маңызды болып табылады. Балалар мен жасөспірімдерде байқалатын көптеген жағымсыз құбылыстар (мысалы, агрессивтілік, бөтендік, қатыгездік, дұшпандық) дәл ерте жаста, бала өзінің түрімен алғашқы қарым-қатынасқа түскен кезде пайда болады. Егер бұл қарым-қатынастар жақсы дамып, бала өз құрбыларына жақын болса, ешкімді ренжітпей, басқаларға ренжімей олармен тіл табыса білсе, болашақта ол адамдар арасында өзін қалыпты сезінеді деп үміттенуге болады.Мектеп жасына дейінгі ересек балалар (5-7 жас) өздерінің құрдастарының қайсысын жақсы көретінін және олардың ерекше жанашырлығын тудырмайтындығына саналы түрде жауап бере алады. Жеке әңгімелесуде сіз балаңызға оның құрдастарына деген қарым-қатынасы туралы сұрақтар қоя аласыз: ол кіммен дос болғысы келеді және кіммен ешқашан дос болмайды; туған күніне кімді шақыратын және ешқашан шақырмайтын; кіммен бір дастархан басында отырғысы келеді, кіммен бірге отырғысы келмейді.

Әдетте, мұндай сұрақтар балаларға ерекше қиындықтар туғызбайды. Олар «бір үйде тұруды» немесе «бір кемеде жүзуді» қалайтын екі-үш құрдастарының атын сенімді түрде атайды. Құрбылары аулақ жүретін және қабылдамайтын бұл балалар психологтың жіті назарына және практикалық жұмысына айналуы керек. Құрбылары қабылдамаған балаларда басқа балаларға деген бөтен көзқарас басым болады. Олардың басқалармен қарым-қатынас жасаудағы басты міндеті – өзінің артықшылығын дәлелдеу немесе «Менін» қорғау. Мұндай қорғаныс әртүрлі мінез-құлық нысандарын қабылдауы мүмкін және қарым-қатынаста айқын агрессивтілік пен дұшпандыққа дейін әртүрлі қиындықтарды тудыруы мүмкін. Кейбір балалар дене күшімен, мақтанумен және әртүрлі заттарды иеленуде өздерінің артықшылықтарын көрсетуге тырысады. Сондықтан олар жиі төбелесіп, басқалардың ойыншықтарын тартып алып, құрбыларына бұйрық беруге және басқаруға тырысады. Басқалары, керісінше, жалпы ойындарға қатыспайды, өз ойын жеткізуден қорқады, құрбыларымен араласудан қашады. Бірақ барлық жағдайда бұл балалар өздерінің артықшылықтары (немесе кемшіліктері) бойынша жабық және басқалардан оқшауланған «меніне» бағытталған. Құрбы-құрдастарына деген мұндай иеліктен тыс көзқарастың үстемдігі табиғи мазасыздықты тудырады, өйткені бұл мектеп жасына дейінгі баланың құрдастарымен қарым-қатынасын қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар болашақта баланың өзіне де, айналасындағыларға да көптеген проблемалар әкелуі мүмкін. Осыған байланысты балабақшада жұмыс істейтін практикалық психологтың алдында маңызды және жауапты міндеттер бар. Олар, балаға қарым-қатынаста әртүрлі қиындықтарды тудыратын осы қауіпті тенденцияларды (демонстративтілік пен агрессивтілік, немесе оқшаулану және толық пассивтілік) жеңуге көмектесу [2].

Мінез-құлық бұзылыстары бар және онымен байланысты оқудағы қиындықтары бар балалардың проблемалары бүгінгі күні ерекше өзекті болып табылады. Үнемі толқыған, зейінсіз, мазасыз және шулы балалар мұғалімнің назарын аударады. Ол олардың тыныш отыруын, тапсырмаларды орындауын және сыныптастарын мазаламауын қадағалауы керек. Бұндай мектеп оқушылары сабақ барысында үнемі өз істерімен айналысады, оларды орнында ұстау, тапсырманы тыңдауға мәжбүрлеу, соңына дейін орындату қиын. Олар мұғалімді тыңдамайды, бәрін жоғалтады, бәрін ұмытады. Олар шамадан тыс белсенділік пен импульсивтіліктеріне байланысты мұғалімдерге қолайсыздық тудырады. Қазіргі мектеп – бұл баланың өмірін реттейтін нормалар, ережелер және талаптар жүйесі болғандықтан, қазіргі білім беру жүйесі гиперактивті балалармен жұмыс істеуге бейімделмеген деп айтуға болады.Сондықтан да соңғы жылдары гиперактивті балаларды оқытудың тиімділігі мәселесі өзекті болып, талқылануда. Мәселен, бірнеше жыл бұрын бастауыш мектепте бір сыныпта бір немесе екі гиперактивті бала болса, қазір шамамен оқушылардың 20-30% осы топқа жатады. Және бұл көрсеткіш үнемі өсуде. Осы мінез-құлық проблемаларына қарамастан, гиперактивті баланың интеллектуалдық функциялары бұзылмайды және мұндай балалар мектеп ортасының талаптары баланың мүмкіндіктеріне сай болған жағдайда жалпы білім беретін мектеп бағдарламасын сәтті меңгере алады.Гиперактивті балаларда (әсіресе кіші мектеп оқушыларында) қозғалыс қажеттілігі жоғарылайды, бұл мектеп өмірінің талаптарына қайшы келеді, өйткені мектеп ережелері оларға сабақ кезінде және тіпті үзіліс кезінде де еркін қозғалуға мүмкіндік бермейді. Ал бес-алты сабақ қатарынан қырық бес минут партада отыру олар үшін мүмкін емес жұмыс. Сондықтан сабақ басталғаннан кейін он бес-жиырма минуттан кейін гиперактивті бала өз партасында тыныш отыра алмайды. Бұл сыныптағы ұтқырлықтың төмендігінен, сабақ барысында және күндізгі уақытта іс-әрекет формаларының өзгермеуімен байланысты. Келесі мәселе – баланың мінез-құлқының импульсивтілігі мен сабақтағы қарым-қатынастың нормативтік сипаты арасындағы қайшылық, ол баланың мінез-құлқы мен қалыптасқан үлгі арасындағы сәйкессіздікте көрінеді: мұғалімнің сұрағы – оқушының жауабы. Гиперактивті бала, әдетте, мұғалімнің жауап беруге рұқсат беруін күтпейді. Көбінесе сұрақты соңына дейін тыңдамай ақ жауап бере бастайды, орнында жиі айқайлайды.

Гиперактивті балалар жұмысының тұрақсыздығымен сипатталады, бұл шаршау жағдайында жауаптар мен жазбаша тапсырмалардағы қателер санының артуына әкеледі. Ал қазіргі мектепте қабылданған білім, білік және дағдыны бағалаудың бекітілген (стандартты) жүйесі балаға рұқсат ету функциясын ғана емес, реттеу функциясын орындайды, өйткені шаршау салдарынан қателердің көбеюі олардың санының артуына әкеледі. Гиперактивті оқушының оқу және жазу дағдылары құрдастарына қарағанда айтарлықтай төмен және оның интеллектуалдық қабілеттеріне сәйкес келмейді. Жазбаша жұмыстары немқұрайлылықпен, салғырттықпен, қателермен орындалады. Бұл ретте бала үлкендердің кеңесіне құлақ асуға бейім емес. Жазу және оқу дағдыларын дамытудағы қиындықтар көбінесе қозғалыс координациясының, көрнекі қабылдаудың және сөйлеудің дамуының жеткіліксіз дамуына байланысты туындайды. Мектепте оқу материалын ұсыну жүйесі ең алдымен педагогикалық монолог болып табылады, ол баладан мұқият тыңдауды және орындаушылық мінез-құлықты қажет етеді, ал гиперактивті балаларға ақпарат алуда көрнекі және тактильді қолдау қажет. Осылайша, оқу материалын беру әдістерінің (оның әртүрлілігінің жеткіліксіздігі) және гиперактивті баланың көп арналы қабылдауының арасындағы сәйкессіздік туралы айтуға болады [3].

Түзету жұмысында ойын жаттығулары мінез-құлықтың реттелуі, бала қобалжуында, қорқуы мен қарым-қатынас бұзылғанда қолданылады. Мектепке дейінгі кезеңде ойын еркін әдіс ретінде қолданылады. Ойын жаттығулары бағыттау, қайта құру және бекітуге арналады. Ойын үстінде баланы асықтыруға болмайды, бірақ белсенділігін байқатқанда мадақтап отыру шарт. Күнделікті өмірде адам көптеген теріс эмоциялық сезімдерге бөленіп жүретін кездері болады. Олар ішкі үйлесімсіздіктерден немесе тұлғааралық қатынастан туатын мазасызданудың нәтижесі болады. Осы проблемаларды адамдардың басым көпшілігі өзбетімен шеше алмайтын болғандықтан олардың жағдайына сай келетін психологиялық көмек психокоррекция ретінде көрсетіледі. Түзету жүргізу жолдары өте көп. Түзетудің адамға тигізетін әсері мен пайдаланылатын әдістемелерді зерттеушілер ойын коррекциясына ерекше көңіл аударады. Ойын коррекциясының жеке тұлғалық қасиеттер мен эмоционалдық жағдайды түзетудегі мүмкіндіктері өте мол. Ойын терапиясының адамды негативтік эмоционалдық күйден шығару үшін пайдалану жолдарын анықтауға К.Левин жүргізген зерттеуі маңызды үлес қосты. Шынайы өмірде орын алған қиын жағдайлардан ойын арқылы арылу үшін адам жалған, жорамалданған рөлде болып, сол жалған жағдайды талдау және жорамалданған жағдайдың ерекшеліктерін түсіну арқылы өз өміріндегі мәселеге түсіну жеңілірек

екенін Л.С.Выготский дәлелдеген. Психотерапевттер жасаған коррекциялық ойындар әдістері көмегімен адамда орын алған қорқыныш сезімінің әсерін темендету, мазасызданудан, депрессиядан шығару, басқа да невроз сырқаттары, эмоционалдық дүниесінің тапшылығы байқалатындар және дені мен жаны сау адамдардың бейадекваттық реакцияларын реттеу үшін жүргізілетін коррекциялық жұмыстарда, кептеген шиеленіс мәселелерді шешуге кеңінен пайдаланылады.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз.» Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді». Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек. Балалық шақтан бастап барлық уақытта маңыздылығын сақтайтын, әсерлілігі өте жоғары болатын ойын әрекетінің ролі өте үлкен. Балалар үшін ойын өмір сүрудің, әлеуметтік тәжірибені меңгерудің негізгі түрі, ал үлкендер үшін өздерінің балалық «Менін» шақырып, басқа адамдардың, әсіресе балалардың қылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан ойын коррекциясы психологиялық қызмет көрсету тәжірибесінде кеңінен пайдаланылады. Ойын теориясын көптеген атақты психологтар (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Д.Эльконин) зерттеген. Олардың ілімі бойынша эволюциялық даму барысында ойын әрекеті тұқымқуалаушылық құрылымдарда орын алғаны дәлелденген және оның ерекшеліктері жеке тұлға дамуындағы жас кезеңдеріне байланысты көрініс береді деген. Сонымен қатар ойын биологиялық даму заңдылықтарына тәуелді болғанымен, жоғары әлеуметтенген іс-әрекет түрі болып табылады. Оның үйретушілік, дамытушылық және түзетушілік (коррекциялық) мәні өте терең. Ойын арқылы қимыл-әрекеттер меңгеріліп, оны жетілдіру жаттығулары жүргізіледі, қоршаған ортамен танысу және әрекеттесуге негіз болатын әрекеттер комплексі қалыптасады. Сонымен қатар, ойын барысында әлеуметтік қатынас элементтері меңгеріліп, жеке тұлға мінезінің ең маңызды көріністері жаттығады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.ЕмельяноваТ.В., Медяник Г.А. Игровые технологии в образовании: электронное учебно-методическое пособие. – Тольятти:Изд-во ТГУ,2015.

2.Азарова Т.В., Барчук О.И., Беглова Т.В., Битянова М.Р., Королева Е. Г., Пяткова О.М.; под.ред. М.Р.Битяновой. Практикум по психологическим играм с детьми и подростками:
метод. пособие, 2-е изд. Питер; Санкт-Петербург; 2011.

3. Руденко И.В. и др. Образовательные технологии в вузе: учеб. пособие. Толятти: ТГУ, 2011.

ӘОЖ 37.013.46

## ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

**САПАЕВА К.Ж.**
Ә.Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье учтены и исследованы здоровьесберегающие, познавательные, творческие, социальные, коммуникативно-языковые компетенции, основное содержание которых направлено на формирование компетентности ребенка как результата образовательной деятельности.

**Summary.** The article takes into account and studies health-saving, cognitive, creative, social, communicative and language competencies, the main content of which is aimed at the formation of a child's competence as a result of educational activities.

Білім беру саласын одан әрі жетілдіру бойынша соңғы кезде негізгі заңды актілер күшіне енгені белгілі. Қазақстан Республикасында білім беруді жаңа жағдайда жетілдіру бойынша «Білім туралы» заңы, орта білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы, Базистік оқу жоспары, жаңа буын

оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері, ҚР жалпы орта білім беру мемлекеттік стандарты, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу мен енгізуге инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды қамтитын үздіксіз білім беру жүйесін дамытуды көздеді. Білім беру жүйесінің әр түрлі кезеңдерінде білім беруді ізгілендіру мәселелері шешіліп, қолға алынды. Ізгілендіру мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектептер, басқа да білім беру мекемелерінің даму бағыттарын айқындап, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі тәуелді болатын тәрбиеші мен баланың өзара іс-әрекетінің басты мәселесі болып табылып отыр.

Өзімізге белгілі мектептің құрылымына сай мектепке дейінгі мекемелердің білім мазмұнын қайта қарау қажеттілігі туындады. 1996 жылы «ҚР жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасы» бекітіліп, білім мазмұнын қалыптастырудың ғылыми негіздері, принциптері т.б. көрсетілді. *Мысалы,* шетелдік тәжірибеде, Жапония мектепке дейінгі ұйымдар үш министрлік құзырында, мектепке дейінгі ұйымдар мемлекет қарауындағы Денсаулық сақтау министрлігіне қараса, ал бағдарлама мен күн тәртібі Білім министрлігіне қарайды. Балалар мекемелері дербес бағдарламамен жұмыс істеуге құқылы. 5-6 жас аралығында оқу жеке пәндер бойынша жүргізіледі. Олар- әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, қоғамтану пәндері. Ал Германияда бала әрекетінің неғұрлым белсенді болуы көзделіп, бәрі де бала қалауына негізделеді, онда күштеу қолданбайды, бала ойынына, қарым-қатынасына баса көңіл бөлініп, оларға шығармашылық сипат береді.

Біздің әлеуметтік ортада мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар кеңінен жасалынып отыр.

Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де, еліміздің әл-ауқаты үшін де өмірлік маңызды мәні бар. Осы ретте мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі **ұлттық даму стратегиясымен** үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, стандарт қабылданғаны баршамызға мәлім. Онда балабақшаларда жаңашыл тәсілдерді пайдалану, бала денсаулығы мен оның физикалық дамуын сақтауға бағдарлау, баланың жас кезеңдері сабақтастығы негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін сақтау, отбасы, әлеуметтік ортаның бірігуін қамтамасыз етуі, бала өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру десек, мақсаты мен міндеті ретінде баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету, баланың сөйлеуін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін меңгеруге даярлау, өз Отаны мен туған өлкесіне сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерге құрмет, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу, баланың танымдық дамуы, интеллектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, танып-білуге қызығушылығын арттыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған ***денсаулық сақтау, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік-тілдік құзіреттіліктері*** назарға алынды.*Мысалы,* коммуникативтік-тілдік құзіреттілікке «қатынас» білім беру саласындағы педагогикалық үдеріске қойылатын талаптар ойын технологиялары негізінде құрылады, тілдері ерте үйренуге ықпал етеді, мемлекеттік тілді меңгеруге, шет тілдерге қызығушылығын тәрбиелеуге жағдай жасау, жеке және шағын топтарда балаға таныс түрлі тақырыпта күнделікті әңгімелесу, қазақ және басқа да халық ертегілері мен тақпақтарын, балалар жазушыларының халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқуды қарастыру, балаларға таныс оқиғалардан ойыншықпен шағын қойылымдар, қуыршақ театрының қойылымдарын қою, олар бойынша әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын айта білуін қамтамасыз ету, шағын өлеңдер мен халық ауыз әдебиеті шығармаларын жаттаттыру, драмалық ойындар ұйымдастыру, шығармашылықты қалыптастыруға, тілді дамытуға ықпал ету, ертегілер құрастыру, сөздік ойындар мен сауат ашу негіздерін үйренуді қарастырып, қарым-қатынас ортасының кеңеюіне жағдай жасауды қарастыру.

Коммуникативтік-тілдік құзіреттілік

| **Кіші сала** | **1 жастан бастап 3 жасқа дейін** | **3 жастан бастап 5 жасқа дейін** | **5 жастан бастап 6 жасқа дейін** |
|---|---|---|---|
| Қатынас мәдениеті | Достармен | Үлкендерді «Сіз» деп | Қоғамдық орындарда |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | байланысқа түсе алады | атайды, олардың сұрақтары мен өтініштеріне жауап береді, ересектермен қатынасқа түседі | өзін-өзі ұстау ережесін ұстанады |
| Тілдің грамматикалық құрылымы | Түсінікті болу үшін ойын дұрыс айтуға тырысады | Сөздерді өзгертеді, басқа сөздермен сәйкестендіреді, құрмалас сөйлемдерді қолданады | Грамматикалық дұрыс сөйлуге тырысады, тілге сыни қатынасын білдіреді |
| Тілдің дыбыстық мәдениеті | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады | Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады | Сөздерді орынды қолданады, дыбыстарды ажыратады, мәнерлеп оқудың түрлі тәсілдерін пайдаланады |
| Сөздік | Өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап береді | Көрнекі ұсынылған жағдайларға сүйенбей сөздерді қолданады, сөйлеу барысында етістіктерді жиі қолданады | Антоним, синоним, көп мағыналы сөздерді түсініп, сөйлеу барысында қолданады |
| Байланыстырып сөйлеу | Тілек, сезім және ойын білдіру үшін сөздерді қолданады | Қарым-қатынастың негізгі түрі-диалогты меңгеріп, 2-3 сөйлеммен пікірін білдіреді | Түрлі сөз таптарын, эпитеттер мен теңеулерді қолданатын монолог жасайды |
| Мемлекеттік тіл | Ойыншықтардың аттарын түсінеді | Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды | Мемлекеттік тілдің грамматикалық дұрыс құрылымдарын қолданады |
| Шығармашылық – тілдік қызмет | Саусақ ойындарын меңгереді, тақпақтарды жатқа айтады | Таныс ертегілерді айтады, ойыншықтар жөнінде шағын әңгімелер құрастырады | Оқиғаларды құрастырады, ауыспалы және астарлы мағыналы ойлауды түсініп, оларды қолдана алады |
| Шығармаларды қабылдау | Халық ауыз әдебиеті шығармаларына эмоционалды түрде өз ойын білдіреді | Өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атайды, ойында әдеби бейнелерді қолданады | Кітапқа қызығушылық білдіреді, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айта алады |

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Бесік баламасы – тәрбие. Ал осы тәрбиені беретін ата-ана, одан кейін балабақша. Демек, білім беру үдерісінің мазмұны бала дамуының жеке траекториясын тәрбиешілер тарапынан жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бұзаубақова К.Ж. Мектепке дейінгі білім инновациясы, Алматы-2016
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
3. Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика, Алматы-2012

ӘОЖ:37.018.26

# МЕКТЕПТІК–ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

**КАСЫМБАЕВА С.К.**
Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.**The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.

Әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ та ең алдымен тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім -адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Тәрбие мен оқытудың проблемалары өзара байланысты, өйткені бұл процестер адамға бағытталған. Сондықтан, практикада адамның дамуына оқыту мен тәрбиенің ерекше әсер ету салаларын бөліп көрсету қиын. Дәлірек айтқанда, оның эмоциясы, еркі, мінезі және ынтасы, құндылық бағдары мен интеллектісі дұрыс тәрбиені мойындайды». Алайда, ғылыми зерттеулер мен білім беруде гесияның өзіндік ерекшелігі бар және оқыту мен тәрбиелеу процестерін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан біз бұл процестерді олардың мәнін түсіндіру үшін бөліп қарастырамыз.

Мектепте ұйымдастырушы, тәртіп орталығы ретіндегі қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі-мектептің, отбасының жөне жұртшылықтың күшін біріктіру. Бұл жұмыстың мазмұны, әдістері мен түрлеріне қарай өзіндік ерекшелігі болады. Ол әрекеттің өзіндік ерекшелігі бірқатар факторларға байланысты. Олар педагогикалық процестің обьективті заңдылықтарын білу; қазіргі жағдайдағы мектептің әлеуметтік қызметіне қанық болу; қазіргі отбасының ерекшеліктері мен даму тенденцияларын түсіну, мұғалімнің, ата-аналар, жұртшылық өкілдерімен жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты жұмысқа практикалық тұрғыдан дайын болуы.

Мектеп балалар тәрбиесі мен отбасы төрбиесін педагогикалық басқарудағы тікелей іске асыратын маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Жас ұрпақты өмірге дайындауда жаңа сапалық белгілер қалыптасып, дербестікті дамыту, кәсіптік бағдар, білім алу және өздігінен білім алу, қабілеттерді анықтау және дамыту сияқты мәселелерге ерекше маңыз бере бастады. Мектептің, отбасының және жұртшылықтың тәрбиелік қызметінің біртұтастығы мектептің мақсатты түрде жүргізген жүйелі жұмыстарының нәтижесі. Ал бұл нәтиже қазіргі заманғы білім беру мекемесіне қойылатын басты талаптардың бірі. Белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектептік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру процесі де біртұтас сипат алады. Міне, осындай біртұтас тәрбие процесінде мектеп жетекші роль атқарады.

Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңітеді және дамытады, осы бағытта педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және мектептен тыс ұйымдардың мектеп пен отбасына белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді. Мектеп басшысының, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесі ең тиімдітүрлер мен әдістер таңдап алу арқылы ұзақ жылдар барысында қалыптасады. Ол жүйе жұмыстың нәтижесін қамтамасыз ететіндей талаптарға жауап беруі тиіс.

Ең бірінші талап - бүкіл педагогикалық ұжым әрекетінің мақсаттылығы. Ата-аналармен жұмыс деген мүлде жалпы ұғым. Оның орнына педагогикалық проблемаларды шешу үшін ата-ана. Ұжымдық жиналысын өткізу, лекция оқу, ата-анаға, отбасына жекелеп ықпал жасау қажет.

Екінші талап - мұғалімнің кәсіптік біліктілігін, педагогикалық мәдениетін көтеру. Оның жолдары әртүрлі болуы мүмкін.Мысалы: сынып жетекшілері секциясының жұмысы, «Отбасылық педагогика» немесе «Отбасы тәрбиесін жетілдіру» сияқты тұрақты педагогикалық семинар жұмысы; мектеп тәжірибесінде анықталған формалды емес жасөспірімдер тобының

ерекшеліктерін есепке алу, қолайсыз отбасылар мен педагогикалық тұрғыдан бетімен жіберілген балаларды есепке алу, ата-аналардың жүргізген жұмыстарының тиімділігін анықтау, олардың озық тәжірибелеріне педагогикалық талдау жасау.

Үшінші талап - педагогикалық ұжымның сынып жетекшісі мен мұғалімдердің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарына бірыңғай талап жүйесін жасау. Бұл талап негізді, әдепті, заңды болуы тиіс. Асығыстық, талапты бұрмалаушылық ата-аналармен келіспеушілікке апарып соғады.

Төртінші талап-ықпалды қоғамдық ата-аналар ұйымын қалыптастыру. Қазіргі жас өркен – мемлекетіміздің болашағы. Сондықтан да, балаға – бір отбасының ұрпағы деп емес, бар қазақтың баласы деп қарау керек сияқты. Ұлы Абай атамыз: «Баланы ең алдымен ата-анасы, сосын ұстазы, сонан кейін қоршаған ортасы тәрбиелейді» деген екен. Сонымен әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата-ананың қолында.

Бала – ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі, келер тарихқа аманат. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Отбасымен жүргізілетін жұмыстарды қазіргі уақыт талабына сай етіп ұйымдастыру сынып жетекшісінің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан ата-ана, ұстаздар болып, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруді назарда ұстағанымыз жөн.Ұстаздармен ата-аналарқарым-қатынасыныңфункциялары:

- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық;
- хабарламалық;

Педагогикалық ұжымның міндеттері:

- Ата-аналардың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;
- ата-аналарды педагогикалық білім-біліктен қаруландыру;
- ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру;

Қазіргі таңдағы мектеп пен отбасының байланысы нақты қай түрде көрінуі керек десек, бала тәрбиесінде мұғалім мен ата-ана ынтамақтастығы бір-біріне ауадай қажет. Себебі, жанұя-әрбір бала үшін алтын бесік болса, баланың жақсы өсуі -тәрбиеден болмақ. Баланың ата-анасы ең алғашқы тәрбиешісі болса, сол тәрбиенің дұрыстығы-тәрбиешісінен. Ал, ұстаз-бала бойына білім дәнін себетін тұлға.

Бүгінгі қоғам алдындағы басты мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін бала тәрбиесімен айналысатын отбасы, мектеп, қоғам және жұртшылықтың тәрбие ісі кіріктіріліп, жүзеге асуы тиіс. Өйткені, отбасына мектеп тарапынан білікті көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекетінің арқасында ғана оқушы тұлғасын дамыту мәселелерін табысты шешуге болады.

Мектеп, мұғалім және ата-ананың орны бөлек, себебі баланың бір жақты тәрбие алуы мүмкін емес. Үйде ата-ана баулыса, мектепте мұғалімдер тәрбие береді. Тәлім-тәрбиедегі жарасымдылық бірлесіп жұмыс істегенжағдайда ғана үйлесімділік табады. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы өзін қоршаған ортасына: мұғалімге, ата-анаға, бірге оқыған құрбы-достарына, олардың күнделікті іс-әрекеттеріне байланысты.

Демек, баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Туындаған тәлім-тәрбиедегі жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Өйткені, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы өзін қоршаған ортасына ұстазға, ата-анаға, құрбы-құрдастарына, олардың күнделікті іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, сырт көрінісіне, сөйлеген сөзіне, әдептілік т.б. қасиеттеріне байланысты. Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген екен. Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең алдымен оның ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. -Алматы., 1992.
2.Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. -Алматы., 1999.
3.Әтемова Қ. Ата-аналар жиналысының мәні. Қаз. мем. 1-1996.
4.Болдырев Н. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. -Алматы, 1987.
5.Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. -Алматы, 1973.
6.Егембердиев Ж. Мектеп жұмыстарын жоспарлау /Методикалық ұсыныстар. Алматы., Мектеп, 1975.

ӘОЖ:377.112.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ШОРТАНБЕКОВА Ф.С.**
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ-классикалық гимназиясының директоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.**В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.**The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.

Басқарудың және өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде қазіргі педагогикалық ұжым туралы ұғымдар орыс педагогтары Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, Н.И.Пироговтардың оқыту мен тәрбиенің өзара байланыстылығы, оқушылар мен педагогтардың бірлесе жұмыс істеуі, педагогтардың өзін-өзі дамытуға үмтылуы сияқты идеяларының ықпалымен қалыптасты. Тәрбие мақсаты, балалар ұжымын қалыптастыру мәселесі отандық педагогика ғылымында педагогикалық ұжымның екі орнықты моделін іздеумен бірге қарастырылды. Мұғалімдердің тәрбиелік ықпалын біріктіру 20-30 жылдары педагогика мен мектептің маңызды міндеттерінің бірі болды. Н.К.Крупская, С.Т.Шацкая, А.С.Макаренко және т.б.

«Тәрбиешілер ұжымы болуы керек»,- деп жазды. А.С.Макаренко - тәрбиешілер ұжымға біріккен жерде жәнс біртұтас жұмыс жоспары, балаға деген бірыңғай ықпал жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болуы мүмкін емес. Педагогикалық ұжымның топтасуы және дамуы идеясы В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық жүйесінде практикалық көрініс тапты. Ол әрбір педагогикалық ұжымның өзіндік ерекшелігі болатындығын атап көрсетті. Тәжірибе алмасу сол мектептің жұмысын көшіріп алу емес, қайта оның қызметінің идеялары мен концепцияларын бағалау болмақ.

Соңғы жылдары педагогикалық ұжымның дамуы мен қызметінің ішкі механизмін ашуға арналған Н.С.Дежиннова, В.А.Кераковский, Л.И.Новикова, Р.Х.Жакуровтардың еңбектер жарияланды. Педагогикалық ұжым адамдардың әлеуметтік жөне кәсіптік бірлестігі ретінде ұжымға тән барлық белгілерді біріктіреді. Ерекше адамдар тобы ретінде мектеп педагогикалық ұжымына жинақылық, басшының болуы, топтасу, салыстырмалы түрде тұрақты және ұзақ мерзімде әрекет ету сияқты қоғамдық жене кәсіптік сипаттар тән. Педагогикалық ұжым сондай-ақ, оқушылар ұжымы да, оның құрамдас бөлігі болып ссептеледі.. Кез келген ұжым сияқты мектептің педагогикалық ұжымының өзіндік ерекшеліктері болады.

Педагогикалық ұжымның ең басты ерекшелігі оның кәсіптік қызметіне байланысты, нақтылай айтқанда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде. Педагогикалық ұжымның көсіптік қызметінің тиімділігі оның мүшелерінің педагогикалық мөдениетінің деңгейімен, тұлғаларының қатынас сипатымен, ұжымдық жөне дербес жауапкершілікті сезінуімен, ұйымшылдық, ынтымақтастық деңгейімен анықталады. Өзінің мәні педагогикалық, тәрбиелік болып табылатын оку орындарының ұжымы оқушыларға үлкендердің ұжымы, олардың өзара қатынасы, бірлесе әрекет етуі туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырады. Бұл жағдай педагогикалық ұжымды өзін-өзі ұйымдастыруға, үнемі өздігінен жетілуге ынталандырады.

Мұғалімдер ұжымның педагогикалық қызметі оқушылар ұжымымен өзара тығыз әрекеттестікте дамытады. Сондықтан педагогикалық міндетті шешу оқушылар ұжымының тәрбиелік мүмкіндігі қай деңгейде, қаншалықты іске асырылуына тікелей тәуелді болып келеді.

Басқару ілімінің категориясы ретінде педагогикалық ұжым басқарушы, ал оқушылар ұжымы басқарылушы болады. Ал қазіргі әрекет пен қатынастың субъектісі ретінде жеке тұлғаға баса назар аударылған жағдайда педагогикалық және оқушылар ұжымы басқарудың да, өзін-өзі дамытудың да субъектісі болып отыр. Мұғалімдер ұжымы өзінің орасан зор интеллектуалдық, тәрбиелік күш-қуаты бойынша балалар ұжымына ғана емес, өз ұжымына қатыстылығына байланысты да тәрбие субъектісі ретінде әрекет жасайды.

Педагогикалық ұжымның басты ерекшслігінің бірі ретінде мұғалімдік кәсіп қызметінің көп қырлылығын атау керек. Қазіргі мұғалім пән мұғалімі, сынып жетекшісі, үйірме, студия жетекшісі, қоғамдық жұмыстар сияқты қызметтерді атқарады. Бұндай көпқырлылық барлық педагогикалық ұжымға тән. Өзінің кәсіптік міндеттерін шешу барысында педагогикалық ұжым мектеп шегінен шығып кетеді. Қоршаған әлеуметтік ортаны педагогикаландыру, яғни ата-аналар мен жұртшылық өкілдерінің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру тұтас алғанда педагогикалық ұжымның ажырамас қызметіне айналады. Көптеген мұғалімдердің педагогикалық әрекетіне зерттеушілік қызметі тән. Қазіргі мұғалім-зерттеуші нормативті қызмет жасымен жүктелмейтін, педагогикалық жаңалықтың жетістігі мен кемшілігін тез аңғаратын, жаңа құндылықтар мен технологияларға баға беріп, игеріп және практикада қолдануға қабілетті педагог.

Педагогикалық ұжымның ендігі бір ерекшелігі оның жоғары денгейде өзін-өзі басқара алуында. Ұжымдағы мектеп кеңесі, әдістемелік комиссиялар, қоғамдық ұйымдар да қатардағы мұғалімдердің сайлану арқылы өкілеттік алуы ұжымда дұрыс қоғамдық пікір қалыптастырып дербестік пен белсенділік дамытады. Педагогикалық ұжым мүшелерінің, оның басшыларының қызметтік міндеттері, қызметтік нұсқаулары арқылы дәл айқын-далуы да ұжымның ұйымдасқандық сипатын нығайтады. Педагогикалық ұжымның келесі ерекшелігі оның қызметінің ұжьщдық сипаты мен нәтиже үшін ұжымдық жауапкершілігі. Егер жекелеген мұғалімдердің, әсіресс орта жөне жоғары сынып мұғалімдерінің іс- әрекетін өзге мұғалімдердің іс-әрекетімен сәйкестендірмесе, оқушылардың білімін бағалау, мектеп жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай талап болмаса онда ол табысқа жеткізбейді. Мұғалімдердің біртұтастығы олардың құндылық бағдар-лары мен сенімдерінен көрінеді, дегенмен бұл жағдай педагогикалық технологияның бірсарындылығын білдірмейді. Балаға деген махаббат, оны оқытуға деген ынта, оқушы тұлғасына деген құрмет педагогикалық шығармашылық, оптимизм, жалпы және косіптік мәдениет мұғалімдердің іс-әрекетінің біртұтастығын материалдық негізін құрайды.

Педагогикалық ұжым өмірінің еркешеліктерінің қатарында белгілі бір педагогикалық еңбектің түрін атқарудан уақыт шегінің болмауын атауға болады. Бұл жағдай мұғалімнің шамадан тыс жұмыс бастылығына, рухани дүниесін байытш, кәсіптік дамуын арттыруға уақыт таба алмауына себеп болады. Педагогикалық ұжымға тән өзіндік ерекшеліктердің бірі оның құрамында әйелдердің басым болуы десек, бұл жағдай ұжымдағы өзара қатыстық сипатына ықпал жасайды. Әйелдер ұжымы еркектер басым болып кететін ұйымдарға қарағанда тез әсерленгіш, көңіл күйі жиі алмасады, барынша дау-жанжалға бейім. Дей тұрғанмен, әйелдер жаратылысынан тәрбие ісіне бейім, педагогикалык ықпал жасаудың әдістері мен тәсілдерін таңдауда барынша икемді екендігін де есте ұстау керек.Педагогикалық ұжымдарда әйелдердің басым болуы — жаңа проблема емес. Ол проблема материалдық сипаттағы себептерге байланысты педагогикалық ұжымдардан еркектердің басқа табысты салаларға көптеп ауысуына байланысты шиеленісе түсті. В.А.Сухомлинский, А.А.Захаренко сияқты педагогтар мектебінің тәжірибесі педагогикалық ұжымда, әр жыныстың қажетті өкілеттілігінің болуы педагогикалық ұжымның үйлесімділігін, педагогикалық процестің біртұтастығын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Бұл проблема соңғы кезде әкесіз отбасылар көбеюіне байланысты маңызды бола түсуде. Дегенмен, педагогикалық ұжымдағы еркек пен әйелдердің барынша орнықты арақатынасын айқындау өте қиын. Ол әрбір нақты жағдайда өзінше шешім табуы тиіс. Бірақ қалай болғанда да мектептегі еркектердің жетіспеушілігіт оке, ата-аналарды, өндірістік ұжым мүшелерін сабақтан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарына тарту арқылы толықтыру қажет.

Педагогикалық ұжымның ұйымдық құрылымы. Ұжым психологиясы жөніндегі зерттеулер,ұжымның құрылымы туралы тиянақты мағлұмат береді А.И.Донцов, А.Н.Лутошкин, А.В.Петровский, А.Л.Свентицкий және т.б.Соның ішінде ұжымғаәлеуметтік-психологиялық талдау жасағанда, оның ұйымдық құрылымы ресми және бейресми болып бөлшетгіндігін аңғарамыз. Бұл жағдайда құрылым ретінде ұжым мүшелерінің салыстырмалы түрде біршама тұрақты өзара қатынасын атауға болады. Ұжымның ресми құрылымы оның мүшелерінің міндеттері мен құқықтары, еңбек бөлінісінің ресми реттелуіне байланысты. Ресмиқұрылымның

шеңберінде әрбір адам кәсіптік қызметті атқарудабелгілі тәртіп, ережелер негізінде еңбек ұжымының өзге мүшелерімен әрекеттеседі. Бір сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер білім стандарттарын, оқу бағдарламаларын, сабақ кестесін, кесіптік этика нормаларын басшылыққа алады. Әрбір мұғалім мектеп басшыларымен, әріптестерімен іскерлік қатынаста болады. Ал, мұғалім мен мектеп басшыларының арақатынасы қызметтік нұсқаулар жөне өнімдерімен реттеледі.

Ұжымның қалыпты істеуі, оның ресми құрылымы бірқатар жағдайларға байланысты.Мұғалімдердің ұжымдық өзара ықпалдастығы ресми құрылым шегінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру деңгейімен, өрекеттерді үйлестіру, түрлі шұғыл жұмыс кестелерінің, оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижелерін тексеру жүйесінің болуымен қоғамдық міндеттер мен тапсырмалардың теңдей бөлінуімен айқындалады.

Педагогикальқ ұжымның бейресми құрылымы ұжым мүшелерінің алдын ала белгіленген міндеттерінен тыс нақты іс-әрекет негізінде қальштасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Төлеубеков А. Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. -Алматы, 1991 ж.

2. Уишнский К. Адам-тәрбие нысанасы. Тандамалы шыгармалары. Орыс тілінде,8 ТОМ.

3. Ұзақбаева С. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. -Алматы., 1991.

4. Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. -Алматы., 1990.

5. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж.Нұржанова. -Алматы, 1991.


ӘОЖ: 37.018.26

## НАТЮРМОРТТЫҢ КЕСКІНДЕМЕ ЖАНРЫ РЕТІНДЕГІ ӨЗІНДІК МӘНІ


**АЙНАКУЛОВА Қ.А.**

И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназияның
көркем енбек пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.** The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.


Бейнелеу өнерінде натюрморт (француз: «өлі табиғат») бір топқа композициялық біріктірілген жансыз заттарының бейнесі деп аталады. Натюрморт жанры тәуелсіз тілге ие болуы мүмкін және жанрлық кескінмен құрамының ажырамас бөлімі болды. Натюрморт жанры адамның айналасындағы әлемге деген көзқарасын білдіреді. Онда өз заманының адам өмірінде тән сұлулығы туралы түсінік ашады[1,102 б.].

Натюморт өнері ежелден-ақ, көркем шығармашылықтың тәуелсіз саласына айналғанға дейін, кез-келген маңызды жұмыстың ажырмас бөлімі болды. Суреттегі натюрморттың рөлі ешқашан қарапайым ақпаратымен, негізгі мазмұнға кезейсоқ қосумен аякталмады, ол тарихи жағдайлар мен қоғамдық сұрақтарға байланысты заттар дизайнының бір немесе басқа жағдайын көлегелеп, бейнесін жасауға қатысты болып келеді.

Натюрморт жанры өз алдына тәуелсіз жанрға айналғанға дейін, осы күнгі өмірде адамды қоршап тұрған заттар ежелгі көріністердің атрибуттары ретінде ғана белгілі бір дәрежеде енгізілген, ондағы заттар, бөлімдер кейде күтпеген жерлерден терең мәнге ие болады, суретте өз мағынасын алады [2, 46 б.].

Кескіндемнің белгілі бір түрі немесе жанрында натюрморт өнері тарихта оның гүлденуі мен құлдырауын білдіретін болады. Византияның қатал, Шиелі-аскеталық өнері, өлмейтін монументті-жалпы алынған суреттер, керемет батырлық бейнелер жасап, ерекше экспрессивтілікпен жеке заттардың суреттерін пайдалануы, көне орыс иконографиясында суретші өзінің канондық шығармаларына енгізілген бірлікте заттар да үлкен роль атқарды. Олар шығармаларында риясыздықты, өмірді тереңдікті, кейде дерексіз мифологиялық сюжетке арналған шығармада сезімнің ашық көрінісі болып көрінді.

Қайта өрлеу дәуіріндегі XV-начала XVI ғасырлардағы суретшілердің картиналарында натюрморт одан да үлкен роль атқарды. Алғашқы рет айналымындағы әлемге мұқият назар аударылған орын көрсетуді, сұраушы адамға қызмет көрсететін әр нәрсеннің құнын анықтауға тырысты. Тұрақтағы заттар олардың иесін, қызмет еткен адамның тектілігі мен мақтанышын көрсетеді. Үлкен кенептерде орындалған натюрморт әдетте өте жиі орын алады және болады: су құйған шы ыдыс, талғампаз күміс ваза немесе жұқа сабақтарындағы ғылыми ақ лалагүлдер суреттерінің суретіне жиі еніп кетеді [3, 25 б.].

Алайда, бұл заттардың бейнесінде табиғатқа деген махаббат көп болды, олардың мақсаты рухтандырылғаны соншалықты суреттердің тәуелсіз дамуының барлық белгілерін көреміз.Суреттердегі заттар, материалдық кезең XVII ғасырда дамыған натюрморт жанрының дәуірінде жаңа мәнге ие болды. Онда күрделі композициялар шығарманың басқа кейіпкерлерімен қатар өз орнын алды. Осы уақыттың туындыларын талдай отырып, суреттегі натюрморт қандай маңызды роль атқарғанын көруге болады. Заттар осы шығармаларда басты кейіпкерлер ретінде өнер көрсете бастайды, суретшінің шеберлігін осы өнер түріне арнау арқылы не істей алатындығын көрсетті.Снейдерс, Франс фламандский живописец (1579-1657) «Натюрморт с тарелкой фруктов»

Кескіндемеде шеберлердің, еңбекқор және дана қолдарымен жасаған заттар адамның ойлары, тілектері, өзіндік ізін қалдырды. Археологтар үшін дәл осы суреттердің арқасында адамзат тарихындағы ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттар мен салттық құралдардың көмегімен жер бетінен жоғалып кеткен дәуір заттарындағы айырмашылықтары анықталды [4, 12 б.].

Әр түрлі жанрдағы картиналарды қоса, құру және даму тарихы, суретші қоршаған әлемге қарайды, оның заңдылықтарына ақылмен енеді, өмірдің қызықты құпияларын ашады, толығырақ және жан-жақты көрсетеді, қоршаған әлемді бейнелейді, адам санасының тынымсыз жұмысының тірі дәлелі болып табылады, шексіз әр түрлі іс-шаралар және оны эстетикалық тұрғыдан түсінуге деген ұмтылыс туғызады.

Натюрморт жанры салыстырмалы түрде жас жанр. Натюрморт жанры салыстырмалы түрде жас жанр. Ол Еуропада тәуелсіз мәнге тек XVII ғасырда ие болды. Натюрморттың даму тарихы қызықты және нұсқаулық. Оның пайда болуы революциялық тарихи оқиғалармен байланысты, нәтижесінде бұл елдер тәуелсіздік алып, XVII ғасырдың басында буржуазиялық даму жолына түсті [5,43б.].

Сол кездегі Еуропа үшін бұл мақсатты және прогрессивтік құбылыс болды. Өнер алдында жаңа көкжиектер ашылды. Тарихи жағдайлар, жаңа әлеуметтік қатынастар суретінің алдында тұрған мәселелерді шешудегі шығармашылық сұраныстарды, өзгерістерді анықтады. Тарихи жағдайлар, жаңа әлеуметтік қатынастар суретшінің алдында тұрған мәселелерді шешудегі шығармашылық сұраныстарды, өзгерістерді анықтады. Тарихи оқиғаларды тікелей бейнелемей, суретшілер әлемге жаңа көзқараспен қарады, адамнан жаңа құндылықтарын тапты. Өмір, әдетте, олардың алдында белгісіз маңыздылық пен толықтықпен пайда болды. Оларды ұлттық өмірдің ерекшеліктері, туған табиғаты, қарапайым адамдардың еңбектері мен тұрмыс тіршілігінің ізін қалдыратын заттар қызықтырды. Дәл осы жерден, саналы, терең, жүйенің өзі халықтың өміріне қызығушылық таныта отырып, күнделікті суреттің, пейзаждың жеке және тәуелсіз жанрлары дүниеге келді, яғни натюрморт жанры пайда болды.

XVII ғасырда дамыған натюрморт өнері осы жанрдың негізгі қасиеттерін анықтады. Заттар әлеміне арналған суреттер сол кездегі адамдардың қоршаған заттарға тән негізгі қасиеттері туралы айтып берді, суретші мен замандастың бейнеленген нәтижесінде деген көзқарасын ашты, шындықты білудің табиғаты мен толықтығын білдірді. Суретші заттардың материалдық болмысын, олардың көлемін, салмағын, құрылымын, түсін, тұрмыстық заттардың функционалды құндылығын, олардың адам іс-әрекетімен тірі байланысын жеткізді [6,48б.]. ПитерКлас (1597 - 1661) - голландский суретші. «Натюрморт с посудой»

Үй ыдыстарының сұлулығы мен жетілуі олардың қажеттілігімен ғана емес, сонымен бірге оларды жасаушының шеберлігімен де анықталды. Жеңімпаз буржуазияның революциялық дәуірінің натюрмортында суретшінің отандастарының ұлттық өмірінің жаңа формаларына деген құрметі, еңбекке деген құрметі көрініс тапты. XVII ғасырда тұжырымдалған жанрдың міндеттері жалпы алғанда Еуропалық мектепте XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасын тапты. Алайда, бұл суретшілер дайын суреттерді механикалық түрде қайталай сала отырып, жаңа міндеттер алға қойған жоқ дегенді білдірмейді. Әрбір дәуірлерде натюрмортты көркем шешудің түрлі әдістері ғана емес, сонымен бірге көркемдік тәжірибе жинақтау, қалыптасу процесінде әлемге неғұрлым күрделі және үнемі байытылатын көзқарасты дамытты. Мұнда бір объект емес, оның әртүрлі

қасиеттері жеке объектісіне айналды, ал ондағы заттардың жаңаша қасиеттерін ашу арқылы шындыққа деген көзқарас, құндылықтарды қайта бағалау, шындықты түсінудің шекарасын көрсетті.

Қазақстандағы алғашқы әйел-суретші; қазақ халық костюмін егжей-тегжейлі және үлкен махаббатпен зерттеген, суреттеген, жүйелеген, Қазақстан бойынша көптеген экспедицияларда ғана емес, сондай-ақ еркін меңгерген араб тіліндегі мәтіндерді зерделеген алғашқы адам. Нәтижесінде әртүрлі облыстардағы костюмдердің 60 астам түрін егжей-тегжейлі және нақты суреттерін жинақтап «Қазақ халық костюмі» альбомын шығарды. Айша Ғалымбаеваның «Сәукеле», «Дастархан» сияқты жауһарлары, осында ұсынылған «Поднос» туындысы қазақ кескіндемесінің қазынасындағы нағыз інжу-маржандары.

Суретші табиғат пен адам болмысы туралы өзінің көзқарасын «Халық шебері Б.Бәсенованың портреті», «Дәмді шай», «Пиала қымыз», «Халық таланттары», «Біз уақытты мақтан тұтамыз», «Қазақстан әні», «Кестеленген кимешек», «Батыр Ана» сияқты тамаша жұмыстарда көрсетті. Сюжеттік және портреттік композициялармен қатар суретші ұлттық натюрмортты жақсы көреді. Мұнда ол өзін еркін сезінеді, айналадағы заттардың шексіз жиынтығын құрайды. Бұл табиғи үйлесімді және ерекше сұлулық, тыныштық пен шабыт сезімін беретін оның өмірлік ортасынан алынған фрагменттер сияқты: «Дастархан», «Аяқ кап», «Қызыл апорт».

Оның «Дастархан» натюрморты туралы толығырақ сөйлесек, жарыққа, жарқын түстерге деген сүйіспеншілік, шын мәнінде сезінерлік тілек «қылқаламды нақты басу» және тек шындықты жазуға деген ұмтылыс. Айша Гарифовнаның кескіндемесінің негізгі белгілері: мұндай нәрсе бар өнердің ақиқаты. Шындық болмаған кезде, сіз қандай әдемі түстермен жазсаңыз да, олар дизайнның жалғандығын баса көрсетеді. Заттардың терең мәніне нәзік және нәзік ену және оларды осы уақытқа дейін көрінбейтін мағынамен толтыру, сондай – ақ олардың ең жақсы қасиеттерінің көрінісі мен одан әрі өзгеруі-Айша Ғалымбаеваның өз натюрморттарында жасайтын аз ғана бөлігі. Нағыз қожайын сияқты, суретші көрермен алдында өзінің дастарқанының байлығын, күн қуатымен және нағыз алтынмен толтырылған қылшық ағаш, шағын және әсем бауырсақтар, қырлы ақ қантты ұқыпты және сүйіспеншілікпен ұсынады. Ал керемет мерекенің ортасында әдемі және өрнектелген ою- өрнегі бар қоржын бейнеленген әрбір нәзіктікпен ұлттың белгісі ретінде бейнеленген. Суретші гүлдермен қажетті ойын ұмытпайды-қоржынның оң жағында тұрған құмыра әдейі суық реңктерде жазылған, ою-өрнектің ашық қызыл түсіне жағымды әсер етеді. Халықтық қолданбалы өнер үлгілерін бейнелеуге деген құштарлық өрнектің сұлулығын, бояудың дыбысталуына деген сүйіспеншілікті нәзік түсінумен сәйкес келеді. Ғалымбаеваның сәнділігі, заттың пластикалық құндылығын жеткізе білу халық шеберлерінің шығармашылығынан олардың қанық түске деген құштарлығынан және оны ою-өрнекті түсіндіруден бастау алады: А. Ғаламбаева «Шабдалы»

Айша Гарифовна шығармашылығының тағы бір маңызды ерекшелігі-жасампаздық қызметтің басым мәні, бауырсақ пен оның натюрмортындағы ағаш бейне, пісірілген джем, тігілген қоржын. Суретші заттарға қатысты «агрессивті» ұстанымға жат, ол үшін бастысы - ең қарапайым, бір қарағанда, заттардың сұлулығын ашу:А. Ғаламбаева «Қызыл апорт».

Айша Ғалымбаева өзі таңдаған жанрда өзін еркін сезінді, сол кезеңде натюрморттар идеологиядан босатылған кескіндемедегі жалғыз жанр болған. Өнердегі шындықтың қажеттілігін сезінетін натюрмортта ол «таза кескіндеме» жасау арқылы техникамен жетілуге қол жеткізді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Рындин А.С. Живопись. Теория и практика. Одесса, 2010.
2.Грей П. «Рисуем пейзажи»: Эксмо, 2011.
3.Иттен И. Искусство цвета: пер. с нем. М., 2000.
4.Выборнова Г. Роль освещения в натюрморте. - Художник; 2004.
5. Эм А. «Китайская живопись».Техника рисования /Анна Эм.-Минск: Харвест,2010.
6.Хансен Джон «Цветы в акварели» АСТ: Астраль,2011.( Уроки рисунка и живописи).

ӘОЖ. 37.045.21

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**ДЕРБИСАЛИЕВА К.А**
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ-классикалық гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.**The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.

Математикалық білімнің ерекшелігі оның мазмұнының абстракциялылығынан тұрады. Математикалық ұғым белгілерде көрсетіледі және оларды түрлендіру формасына қызмет етеді. Математикалық біліменің ерекшелігі бастауыш кезендерде машықтану оны қалыптастыру шарттарына қарама-қарсы. «Бұл пәннің бағдарламасы, - деп жазады В.В.Давыдов - баланың дұрыс және міндетті сәтінде накты денеден «айналып өтетін», бөлінген кеңістік формасы мен сапалық қатынасына «таза түр» беретін жұмысын қадағалауға тиіс. Тек осы негізде ғана математикалық пәнге дұрыс түсінік қалыптасуы мүмкін. Бірақ бұл «түрді» материалдық ойға түсінік беретін нақты денелермен үнемі байланыс кезінде қалыптастырған маңызды» - деп тоқталады [1].

Математикалық ойлау сұрағына, сонымен қатар Г. Хемли, Ф. Митчелла, В.Хаекера, Т.Цигена тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылған. Олар, мысалы оқытылатын болмыстың мынандай компоненттерін бөліп көрсетеді: кеңістік, логикалық және символикалық қатарға жатқызу, абстрактылы көлем тағы басқалар. Мұнда кеңістік, символдық және түсініктік сипаттағы абстракцияны құру және оларды орындай алу туралы айтылады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ұғымның формалдық негізделген және оның пәндік өзгешелігін түсіндірген анықтамалары бар. Математикалық түсінікте негізделген мұндай «формализм» көрінісінің бірі-бейнелік амалдар белгіленген дәйек болып табылады.

Оқытудың бастауыш кезеңдерінде орын ауыстыратын функциясын өзгерту математикалық символикада жиі ұшырайды. Мұндай жағдайда оқушылар белгілермен анық объекті ретінде жұмыс істейді. Балалар үшін белгілі бір форма бейнелейтін нәрсені аналогтік кеңістікте орналастырудың негізіне жатады. Әрі қарай бұл инфантильді (мектеп жасына дейінгілерге арналған) формализм түрі «натурализм» деп аталады. Бұдан басқа да кең таралған және жиі кездесетін орта мектептегі формализм түрі математика тілінің синтаксистік ережесі бойынша оқушылардың белгілі құрылымы мен табысты жұмыс істеуіне байланысты, дегенмен олармен үйлесетін түрлендіру оқушылар үшін анық объектілер қатынасында жаңа ақпаратқа ие емес. С.М.Жақыпов өзінің ғылыми зерттеу жұмысында балалардың математикалық тапсырмаларды орындауындагы математикалық қабілеттілік ерекшеліктерін анықтады. Автордың зерттеуінде негізгі орынды математикалық тапсырмаларды жалпы математикалық қабілеттіліктер құрылым схемасын анықтауда, математикалық тапсырмаларды қабылдаудағы формалдық қабілеттіліктер айтылған [2.]. Қабілеттіліктер қатарына, математикалық хабарды өңдеуді қамтамасыз ету, мысалы қабілеттіліктерге «математикалық тапсырмаларды орындау әрекеті барысында тез және кең көлемде қорытындылау», ойлауды қорыту процесінде математикалық хабарларды сақтау және тағы басқа да кейбір «ақылдың математикалық қорының» жиынтық ерекшеліктерін анықтайды. Бастауыш сыныптарда арифметиканы оқытудың негізгі міндетіне бағдарламаның «Түсінік хатында» көрсетілгендей, «Сандық және кеңістіктің түсінігін дамыту», «Арифметикалық түсінігі мен дағдыларын қалыптастыру және логикалық ойлауын дамыту» болып табылады. Берілген материалды оқыту туралы сөз оқушыларға түсінікті болатындай болуы тиіс. Осы түсініктерді меңгеруі нәтижесінде оқушылар жүйелі теориялық білім ғана емес, нақты тәжірибе алады. «Ойлану адамда - болады, ал ойлау тек қана ойлау»-деген нақты ескі нақыл сөзге қарамастан, бірақ сол себепке байланысты Бұл талап өте қарапайым еді. Ол субъектінің жоғарғы болмыс көріністерін зерттемей түрып және аналитикалық зерттеуге дейін ол дерексіз «толық емес» тұтастылық немесе алдын-ала жатқан диспозициялар мен мақсаттар сияқты метопсихологиялық «мен» ретінде көрініс табады. Ойлау процестері өз психологиялық дәрежесі бойынша субъектінің

мотив - мақсаты, эмоциясы, мағыналық құрылымдары, тұлғалық міндеттемелері, қажеттіліктерімен себептелінетін басқа іс-әрекетке қосылуы мүмкін. Іс-әрекет бағытының шеңберінде кез келген психикалық процесті субъектінің нақты теориялық немесе іс-әрекеті жүйесінде қарастыру ұсынылады. А.М.Құдиярованың іс-әрекет теориясынан (1959-1975) қабылдау, ес, жеке адам және т.б. аймақтарда зерттеу жүргізіледі [3]. Бұл бағытта ойлау процестерін зерттеу ерекше орын алады.

Біріншіден мұндай зерттеулер психологиялық ақиқаттылықтан неғұрлым күрделі формаларын эмперикалық таддау кезіндегі іс-әрекет бағытын қолданудың өнімділігін көрнекті айқындайды. Екіншіден, қабылданған зерттеулер іс-әрекеттің жалпы теориясын экспериментгік дәлелденген жаңа фактілер зандылықтарымен толықтырады. Ойлаудың құрылымдық қызметтік көріністерін тұлғаның іс-әрекеті аясында жүйелі талдау көп жылдар бойы О.К.Тихомиров пен әріптестерінің ойлаудың іс-әрекеттік психологиялық теорияларын жасауға бағытталған жұмыстарына тән. А.А.Темірбекова іс-әрекеттің жалпы құрылымы мен психологиядағы дәстүрлі бөлінген процестерінің (қабылдау, ес, қиял, ойлау, сезім, ерік және т.б.) арақатынасы мәселесіне ерекше тоқталады. Аталмыш процестер іс-әрекеттің жалпы құрылымы ның өзіндік компоненті болып табыла ма? немесе оларды ерекше және дербес түрі ретінде қарастыру қажет пе? (жекелей алғанда, ойлау «ойлау әрекеті» ретінде сипатталады). В.В.Давыдов пікірінше «дәстүрлі танымдық» процестерді іс-әрекеттің жалпы құрылымының ерекше компоненті болып табылады [1]. Мұнда іс-әрекеттің психологиялық құрылымының ерекшеліктерін айқындау, пәнаралық зерттеу кезіндегі іс-әрекетті психологиялық талдаудың өзіндік ерекшелігі де күрделі мәселе болып табылады. Іс-әрекет бағытының шеңберінде шешімін таппаған мәселелердің жеткілікті екені күмәнсіз. Білімді меңгеру процесін арнаулы түрде ұйымдастыруда оқу жұмысының жалпылама тәсілдері қалыптасады, бұл тәсілдерді игеру ақыл-ой дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады. Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов зерттеулері дамыта отырып оқыту қағидаларын ұстанады. Әрі ғылымда берік орын тепкен, өзінің оң нәтижелерін беретін дамыта отырып оқыту мәселесі оқушының ғылыми-теориялық ойлау жүйесін қалыптастыру, танымдық іс-әрекеттерінің үйлесімді дамуын көздей отырып, үлкен табысқа жетіп отыр. Психологтардың, яғни оқыту проблемасымен шұғылданатындар білімнің екі жағын, екі түрін ерекше бөледі:

Біріншіден, білім деп дәлелдер сомасын, оқылатын сала зандарының санын, яғни ғылымның нақты материалын есептеді. Білімге қойылар талаптар ғылыми мәліметтер бірлігі ретінде дидактикалық қарым-қатынас шеңберіндегі көрсеткіштерде - бұл білімнің толықтығы, тереңдігі, жүйелілігі бейнеленеді.

Білімнің екінші жағы ойлаумен тікелей байланысты және білімге сүйенетін ойлау әрекетінің тәсілдерінде бейнеленеді. Мұнда ойлау іс-әрекеті мен математикалық оқытудың ерекшеліктері былай қарастырылады. Ойлау: -бала бір мәнді сипатына қарап заттар тобын салыстырады, мұғалім нұсқауына сай бағдарға қарап, бақылау объектісіндегі өзгерістерді аңғарады;-бала бірнеше заттар арасындағы ұқсастық, айырмашылықты анықтайды, мұғалім көмегімен оқу әрекетінің өте бір мәнді сипаттарын анықтайды;-бала оқиғаның барысын айтуда логикалық кезектестікті анықтайды, мысалы, сурет бойынша әңгіме сюжетін (желісін) құрайды;-бала объектіде ішкі сипаттар мен қасиеттерді ерекшелеп бөледі, олардың ішіндегі негізгі қосалқыны табады, нақты объектілерді түрлі сипаттарына қарап салыстырады, объектілердің логикалық топтасуын орындайды, себеп-салдарлы байланыстарды анықтайды; -бала оқу материалдарындағы негізгіні анықтайды, салыстыру, ұқсастық операцияларын қолдану негізінде өзбетімен дербес қорытындыға келеді, оқылған материалды жүйелейді, топтастырады, шығармашылық міндетті сапалы орындайды.

Математика: -бала қосу, азайтуға байланысты қарапайым әрекеттерді орындайды, «көп-аз», «биік-төмен», «бірінші-соңғы» т.б. деген ұғымдарды меңгереді. 10-ға дейін санайды;-бала қосу әрекеті көмегімен есептерді екі амал бойынша шығарады. 100-ге дейін санайды, геометриялық фигураларды таниды.-бала қосу-азайту әрекеттерін меңгереді, есептерді үш амалмен шығарады. 1000-ға дейін санайды;-бала есептерді 2-3 амалмен шығарады, 1000-ға дейін сандық мағынадағы есептерді шығарады, үлгілерді шығаруда бүкіл математикалық әрекеттерді қолданады;-бала бүкіл математикалық әрекеттер көмегімен есептерді еркін шығарады, бөлшек ұғымын меңгереді.

Біз математикалық білімнің моделдік табиғатын ескеріп, математикалық білім қолданысында натурализм мен формализм феноменін ажыратуға ерік беретін үлгіде диагностикалық әдісті құруға тиіспіз. Баланың математикалық объектісімен моделдік сипат

әрекетінің тәжірибелік бақылау көрсеткішін айқындау үшін негізгі сипаттамалар мен модель қызметінің мәселелеріне рет-ретімен тоқталып өтейік.

Математикалық білімнің белгілік формасы жайында айта келіп, оның анықтамасынан туындайтын моделдің басты сипаттамасын тұжырымдаймыз.Бұл аспектіде «моделдік» критерий белгілі бір белгілік операция тәрізді оның маңызды назар аударарлық сипаты болып табылады. Бұл жағдайды баса көрсеткен А.Ф.Лосев былай деп жазады: «Егер біз берілген жағдайда моделдің өзі белгілі бір көшірме түрінде бейнеленетін моделдік пәннен нағыз пәнге өте алсаң, онда біздің көшірмеміз үшін расында да модель болғаны. Бірақ моделден оның көшірмесіне қайта өтудің ешқандай мәні болмаса, онда модель көшірмесі оның көшірмесі емес». Сонымен модель оқыту орнын басатын объекті ретінде үйретілген объектімен белгілі бір сәйкес қатынаста орналасады. Алайда, бұл критерий жалғыз емес. Егер моделдік форма туралы моделді зерттеудің объектісін жасап (басқаша формада) бейнелесек, оны оқыту бізге объекті туралы жаңа ақпарат береді. Бұл анықтамада белгілік амалдың моделге қатысты қызметтік критерий берілген. Бұл орындалған белгі пәні бойынша оның модель ретінде жұмыс істейтіндігін қалыптастыруға болады.

Сонымен математика пәнінің материалы көмегімен оқушылардың ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізуге болады. Шын мәнінде, оқушылардың ойлауының дамуы олардың оқу іс-әрекеті процесінде ойлау тәсілдерінің (амалдарының) қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл ойлау тәсілдері (анализ, синтез, жалпылау, абстракция т. б.) математиканы оқытуда нақты көрінетін ғылыми зерттеудің арнайы әдістері ретінде шығады. Көптеген математик- әдіскерлер математика басқа оқу пәндерімен салыстырғанда оқушылардың ойлауының дамуына көбірек әсері етеді деген көзқарасты ұстанады. Дамыта оқыту дәстүрінің оқудан айырмашылығы, ол оқушылар ойлаудың дамуын басқарылатын процесс етуге, ал ойлаудың негізгі тәсілдерін меңгерудің арнайы пәні етуге ұмтылуымен сипатталады.Оқыту жүйесі және оқушылардың ақыл-ой дамуының барысы арасында белгілі заңдылықтарға бағынатын тығыз өзара байланыс бар екендігі белгілі. Мұндағы зандылықтарды іздеу қазіргі кезде педагогикалық-психологиялық ортақ мәселелерінің бірі болып табылады.Қазіргі психологияда ойлау әлеуметтік шартталған, сөйлеу мен үзіліссіз байланысқан жаңаны іздеу және ашудағы психологиялық процесс ретінде, яғни оны анализдеу және синтездеу барысында шындықты жанама және жалпылай бейнелеу процесі ретінде түсініледі.Математикалық ойлау ретінде ең алдымен нақты ғылым-математиканы тану процесінде ойлауда көрінетін форма түсінігі.Бірқатар жұмыстарда математикалық ойлау логикалық ойлау болып табылады және ол оқушылардың түсініктерді талдау, көзқарастарын айту, математикалық символ, белғілерді қолдану сияқты процестерде сонымен бірге олардың нәтижесінде қалыптасатындығы туралы айтылады. С.Х.Головешко өз жұмысында математикалық ойлаудың қалыптасу ерекшеліктерін бағалауды екі тәсілге бөліп көрсетеді:

1) математикалық ойлау дәстүрлі оқыту өнімі ретінде, теориялық немесе эмпирикалық ойлаудың қалыптасу факторы;

2) математикалық ойлау арнайы ұйымдастырылған оқытудың өнімі, оқушылардың оқыту іс-әрекетін қалыптастыруды бағдарлай отырып, теориялық ойлауын дамытады-деп қорытындылайды. Математикалық ойлаудың өз ерекшеліктері мен қырлары бар, олар зерттелетін объектілер спецификасымен, сонымен қатар зерттеу әдістерінің спецификасымен шартталған.Математикалық ойлауға, ғылыми ойлауға тән қасиеттер жатады. Ю.Н.Колягиннің зерттеулерінде олар мыналар:-ойлаудың иімділігі - әрекет тәсілдерінің нақты бейнелеуге түрленуге қабілеттіліктері; - әрекет жағдайларының өзгеруінде білімдер, дағдылар және ептіліктер жүйесінің орын ауыстыру жеңілділігі; - бір әрекет тәсілімен келесісіне көшу жеңілділігі, үйреншікті әрекет тәсілініңшешімінен шыға алу;- ойлау белсенділігі - кейбір мәселелерді шешуге бағытталған күш жігерлердің тұрақтылығы, осы мәселені міндетті түрде шешу, оны шешудегі түрлі амалдарды қарастыру өзгермелі жағдайларға байланысты осы мәселелерді қоюдың түрі;

3) естің ұйымдастырылғандығы - есте сақталатын материал мазмұнына қарай және есте сақтау процесіндегі адам іс-әрекетіне қарай есте сақтауды бейнелі (қозғалыс, көру, есту), эмоционалды және сөздік-логакалық деп бөледі [5]. П.М.Эрдниев көрсеткендей «математиканы оқытудың басты мақсаты логикалық (математикалық) ойлаудың дамуына әкеледі». Математиканы оқыту процесінде оқушыларда осы қасиетті тәрбиелеуге мыналар ықпал етеді: түрлі тексерулер жүргізу, табылған нәтижені терең тану сонымен қатар ой қорытындыларды тексеру. Математикалық ойлау нақты ғылыми ойлауға жататыны да түсінікті. Қорыта айтқанда, математикалық ойлаудың бұл түрлері математиканы

үйрету процесіндегі ойлаудың көрінуінің ерекше формалары болып табылады. Математикалық ойлардың көптеген қырлары шығармашылық ойларда көрінеді. Сөйтіп, әрекет бірінші бағдарлау кезендерімен бөлінген жеке дербес құрамдас бөліктерге бөлінеді. Сонан соң бұл жеке құрамдас бөліктер неғұрлым жоғары бірлікке біріге бастайды: екі бөлікке бөлінуінің орнына тұтас бір қадам пайда болады. Демек, неғұрлым жоғары бірліктің түзілуі, осы пайда болған түзілімәнің механизмі - жалпы теориялық мәнісі бар өте маңызды жайт. Барлық осы көрсеткіштер: біртұтастық, әрекетті орындаудың үздіксіздігі, берілген қарқын мен ырғақ - жаңа әрекетті меңгеру өлшемі көрсеткіштерінің мәнісі болып табылады.Бастауыш мектепте математика сабағында мынандай сұрақтар негізге алынады, яғни мұнда екі сұрақ қатаң түрде көрінді: «жалпы» сандарды оқуды неден бастау керектігі және балаға санды қалай тепе-тең түрде жазу керектігі, әсіресе оның ішінде - бірлік санды. Онда заттардың санына бағыт олардың өлшемінің нәтижесін білдіреді - күнделікті өмірде саннан кейін өлшем тұрады. Өлшеу үшін шама қажет - шама бала ойлауының өзіндік математикалық бастамасының енгізілуінің маңызды құралы болып табылады. Алғашқы сан мен арифметикалық әрекетті оқытуда көлемді бағдарламаны құрау керек болды. Оған: нақты өлшемәнің нақты көптікке айналуы жайында, көптікті санасыз өлшеу, бірлік туралы түсінікке қатынастың енуі туралы, нөл туралы жаңа математикалық түсінік, қайшы сандар жайында бірінші бара - бар түсінік, натуралды қатардағы сандардың пайда болу принципі, дәрежелер мен ондық жүйе кластарының бөліну принципі, көбейту және белу кестелерін құрау мен меңгеру «әрекетті жаттаудың көмегінсіз» содан соң қарапайым жақшаларды үйрену ендірілді. Мұндай әр түрлі және тек әрекетте пайда болатын білімдердің тасымалдануы келешектегі алғашқы математика пәнінің біршама күрделі бөлімдерін және біз үйретпеген "механизмі" бойынша оның өлі жеткіліксіз түсініктегі тапсырманы шешуге оңай өтуді кездейсоқ жеңіл меңгерілуімен айтылады. Әсіресе, балаларды арифметикада осылай оқыту нәтижесінде туындаған заттардың ғылыми түсінігі, жаңа әрі ең бағалысы болды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Давыдов В.В., Пушкин В.Н., Пушкина А.Г. Зависимость развития мышления младших школьников от характера обучения // Вопросы психологии.- 1972.- № 6.- С. 33-37.

2. Жақыпов, С.М. Жалпы психологияға кіріспе: Оқу құралы. / Жауапты ред. С.М. Жақыпов. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 230б.

3.Ж. Әбиев, А.М. Құдиярова, С. Бабаев «Педагогика» Алматы 2004

4.Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет. ISBN 9965-409-98-6.

5. Колягин Ю.М... Изучение алгебры в 7 - 9 классах: Книга для учителя. (2002) Учебное издание.

ӘОЖ:342.511

## КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ

**ИСМАЙЫЛОВА К.М.**
Әкім Тарази атындағы тірек мектебінің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассматривается проблема лидерства и саморазвития.
**Summary.**The article discusses in detail the problem of leadership and self-development.

Көшбасшы - қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам көшбасшы ретінде танылады.

Көшбасшыға алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жауапкершілік, іскерлік т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән. Көшбасшылық – топтағы табиғи әлеуметтік-психологиялық процесс. Көшбасшы тек қана ізбасарларын бағыттап отырмайды, сонымен қатар оларды артынан еріткісі келеді, ал ізбасарлары тек қана көшбасшының айтқанымен жүрмей, оның артынан ергісі келеді.

Көшбасшылық – бұл адамдарды жинап алға қойылған мақсатқа бағыттау. Көшбасшы мен Басшы мағынасы бір емес. Басшы – бұл жұмысты беруші және сол жұмыстарға жауап беруші. Жақсы басшы орындалған жұмысты реттеп қабылдап отырады. Ал, Көшбасшы адамдарды жандандырады, мақсатқа жетуде болашақты көру қасиеті арқылы адамдарды ортақ мақсатқа бағыттайды. Көшбасшылық деген (ағылшынның.leader – деген сөзінен алынған жетекші, алғашқы, алдынғы) деген мағынаны білдіреді. Көшбасшы – белгілі бір топтағы беделі жоғары, өзгелерге әсер ету мүмкіндігі бар, басқарушы тұлға.

Көшбасшының мақсаты – өзінің әдістері мен қабілеттерін табу және талдау, өз мүмкіншіліктерін анықтау, өзгеше әрекет етуді үйрену. Өз жеңісіңе сенуіңізге ешқандай негіз болмаса да, жеңіске жететініңізге сенгеніңіз жөн. Көшбасшылық - ең әуелі, өз бірегейлігіңді ұғыну.

Ал жастар арасындағы көшбасшы көбінесе, басқа адамдарға қажетті және құнды қасиеттерге ие адамдар көшбасшы болып таңдалады. Жастардың негізгі құндылықтарының бірі - уақытты қызықты өткізу. Қарым-қатынас, кей кезде ешқандай мақсат көздемейтін, карым-қатынас процессі мақсат ретінде танылады. Сол коммуникациялар кезінде жас жігіттер мен бойжеткендер құрдастарынан өз маңыздылығын растап, өз статусын анықтайды. Олар үшін қолдау өте маңызды, себебі, көптігінде өзіндік құндылықтар жүйесі қалыптаспаған. Олардың құндылықтар жүйесі жиі бұқаралық ақпарат құралдарының, интернеттің, құрдастары мен ұқсағысы келген адамдармен араласу әсерімен қалыптастырылған.

Көшбасшылық адамның мінезі негізінде құралады. Көшбасшы болу үшін сізге өзіңіздің дамуыңызға, жұмыстағы құлшысыңызға көп көңіл бөлу керек.

Көшбасшы адамдарды артынан ерту үшін, өзгелерге әсер ету үшін, өнеге болу үшін белгілі тұлғалық қасиеттер жиынтығына ие болуы керек. Біздің жастар арасынан шыққан көшбасшылар - мыңдаған адамдардың жүрегінде намыс алауын лапылдатқан ұл-қыздарымыз қаншама, бесіктен белі жаңа шыққан, үйлерінде өнегелі тәрбие алған, өзгелерге еліктеу нысаны болған жастарымыз әр-уақытта да.

Көшбасшылық – ерлер мен әйелдерді бір мақсатқа жетелейтін қасиет, сонымен қатар сенімділік ұялататын мінез-құлық.

Өмірлік қиын жағдайларда көшбасшының қалай әрекет ететіндігі оның мінезі туралы көп нәрсе айтады. Күйзеліс мінез-құлықты қалыптастырмайды, алайда оны айқындап ашады. Үлкен қиыншылық – жолайрыққа апаратын, адамды таңдау үстіне қоятын, өзгерісті сәт: не мінез-құлық көрсету не мәмілеге келу. Жағымсыз салдарға апарса да адам мінез-құлықты таңдаса, өзін шыңдай түседі. Мінез-құлықты жан-жақты дамыту мен нығайту – бұл көшбасшылықты қана емес, жеке қасиеттерді дамытатын біздің негізгі шартымыз. Адам мінез-құлық жайлы не білу керек?Сіздің өміріңіз сіздің ерлігіңізге пропорционалды түрде кеңейіп тереңдей түседі. Бринтандық дін маман Джон Генри Ньюмен айтқандай: «Өмірім соңына жетті ме деп қорықпаңыз, ол әлі басталмады ма деп қорқыңыз». Ерлік өмірді жақсы бастауға ғана емес, жарқын болашағыңызға да зор мүмкіндік береді. Қорқыныш дегенді жеңе біліңіздер.

1. Көшбасшылық – көпке берілмейтін сирек дарын.Адамдардың көпшілігі көшбасшы болып туылу керек деп есептейді. Бұл олай емес. Не десе де көшбасшы болып туылу міндетті емес, бара-бара үйренуге болады. Жақсы ұйымдастырушы болу талабы бар адамдардың саны біз ойлағандағыдан анағұрлым көп. Басқа да дағдылар сияқты көшбашылық та көп уақытты, жаттығуларды қатемен жұмыс істеуді талап етеді. Адамдарды көшбасшы ететін басты қасиет – өзгелерге қамқор бола білу. Бұл бірегей қасиет еместігімен келісесіз ғой. Екінші қасиет – мақсаттылық, миссияны сезіну. Көшбасшы бір мақсатты көздейді және қалай қарай жүру керек екендігін нұсқайды. Өзгелер оның артынан ере ме, әлде оны аңди ма, міне ендігі мәселе осында...

2. Көшбасшыда міндетті түрде харизма болу керек.Ия, көптеген көшбасшыларда харизма қасиеті бар, яғни ерекше бір жеке қасиеттер мен беделге ие. Алайда дұрыстап зерттеп келгенде, сәтті басшылардың көпшшілігі ондай еместігі анықталады. Дүниежүзіне белгілі тұлғалардың көбісінің өзіндік кемшіліктері мен проблемалары бар екен. Сізді харизмалық және тартымды қылатын сіздің ісіңіз бен миссияңыз. Керісінше емес, дәл осылай. Әрине харизмалық көшбасшы нәтиже алу үшін азырақ ресурс жұмсайды. Бірақ басқарудың әкімшілік жүйесі де жақсы нәтижелер әкеледі, әсіресе техникалық өндірістерде. Екінші жағынан, басқарудың харизматикалық жүйесі анағұрлым нәзік келеді, өйткені оның төрінде бір тұлға тұрады. Бұл тұлғаға бірдеңе бола қалса, барлық жүйе құлдырайды.

3. Тиімді басқару бақылауға, күштеуге және манипуляцияларға негізделеді. Бірақ... ең тиімді басқару жеке мысалға, жандандыра білуге, сыйлайстыққа және тез шешім қабылдай білуге

негізделеді. Көшбасшылық өткеннен гөрі болашаққа жұмыс жасайды. «Көшбасшы дегеніміз – өзіңіз баруға жүрексінетін жаққа оның артынан еріп кететіндей адам». Көшбасшының негізгі қызметтері – Құтқар және Сақта, Тамақтандыр және Қорға, Дауды шеш және Бағытта (А.Калабин). Және де бұлар адамның негізгі сезімдеріне негізделеді: өзін-өзі сақтау және тірі қалу. Адамдар көшбасшының соңынан оның көзқарасы мен мақсатын бөлісіп, сонымен келісетіндіктен ереді... Жақсы көшбасшы адамдардың бұрынғыдан да жақсаруына көмектеседі. Ол қызметкерлерді жұмыс жасауға еліктіретіндей, оларды ұстап тұратындай жұмыс атмосферасын жасайды.

4. Көшбасшы – жоғары лауазымды, атақты адам болуы керек.Нағыз көшбасшылық лауазымға қарамайды. Оның негізінде – қызмет, тиімділік және мүмкіндіктер. Көпшілігіміз көшбасшы роліне бір адамды қолдан тағайындап, ал бұл адамдарды моральсыздандырып, кәсіпке зор нұқсан келтіргенінің куәсі болдық. Ең жақсы компаниялар қаншалықты мүмкін болса, сонша көшбасшыны айқындап, оларды дамытуға тырысады. Яғни, мысалға сүйенген табиғи басқаруды жүзеге асырады. Олар көшбасшыны тағайындамайды. Олар көшбасшылардың өздерінің жоғарыға өрмелеуіне мүмкіндік береді. Адамдар өздері сыйлайтын, өзіне үлгі тұтатын, оған еліктеп жіне одан бір нәрсе үйрене алатын адамға қарай тартылады.

5. Жақсы көшбасшылар басқа адамдарға қарағанда білімнің жоғарғы дәрежесіне ие.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы психологияға ерекше қызығушылықтың өсуіне әсер етті. Тоталитаризм заманы қайырылмасқа кетті. Нағыз демократияға алыс болғанымен, адамдар өздерін еркін сезіне бастады, мақсат-мүдделерін айқындап, оған бір табан жақындады.

Ғылымда адамға субъект ретінде қарау алдыңғы орындарға қойыла бастады. Соңғы кездері басылымдарда тұлға психологиясының әр түрлі аспектілеріне және оның қалыптасуына байланысты көптеген қызықты мәліметтер пайда бола бастады. Психологтарды, педагогтарды, философтарды, ең алдымен: «Адам өзін қалай қалыптастырады? Белсенділігін қалай арттырады? Өмірлік мақсатты таңдау немен байланысты? Дамыған қоғамдағы адамға не қымбат?» деген сұрақтар көбірек қызықтырады.

«Адам өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісі, өз өмірбаянының, өз тағдырының авторы». Бұл дәлелді сезіну - психологияда үлкен өзгерістер жасады, бірқатар ерекше ізденістер туындады, іс жүзінде көрсетуге тікелей жол ашты. Еш нәрсе жоқтан пайда болмайды. Субъективтілік идеясын С.Л.Рубинштейн [1], Б.Г.Ананьев [2], А.Н.Леоньтев [3] және тағы басқа ғалымдар қарастырған. Бұл идеяның негіздері қарапайым: егер адам белсенділік көрсетсе, өмірлік мақсаттарын айқындап, жоспарларын жүзеге асыруына мүмкіндігі мол. Л.С.Выготский [4] 1926 жылы жазған «Педагогикалық психологиясында» мынаны атап көрсеткен: адамды тәрбиелеуге болмайды, ол - өзін-өзі тәрбиелейді, ал айналасындағылар, оған тек тұлға ретінде қалыптасуына қажетті материал береді.

Дамыту - бұл ересек адамдардың ықпалымен оқу-тәрбие жұмыстарына, өзін-өзі дамыту үрдісіне жағдай жасап, барлық субъектілердің қатысуымен іске асатын үдеріс.

Өзін-өзі дамыту, өсіру, жетілдіру, шамасы, өзіндік дамудың дәлме-дәл кескіні болар. Себебі, адам өз бетінше жақсы болуға ұмтылады, идеалға жақындауға тырысды, өз бойында жақсы қасиеттер пайда болуы үшін еңбектенеді, оқып-үйреніп, түрлі істермен айналысады, сол айналысу барысында, оның бойында көптеген жақсы қасиеттер пайда болады. Басқа сөзбен айтсақ, өзін-өзі дамыту - тұлғаның өсу кезінде оның қабілеттерінің, сапасының өсуіне де саналы түрде басшылық ету үрдісі.

Алайда кейбір адамдарға өзін-өзі жоққа шығару жағдайы - өзінің ештеңеге қауқарсыз екенін, керексіздігін, төмендігін дәлелдеу жағатыны да кездеседі.

«Тұлғаның өсуі» деп аталатын өзін-өзі дамытудың позитивті бағытына көңіл бөліп көрейік. Парапсихологияда, эзотерикада (эзотерика - құпия ілім) тұлғаның өсуі рухани тәжірибе ретінде қарастырылады, сананың өсуіне жоғары ілімді игеру арқылы қол жеткізуге болатыны алға тартылады. Бұл үшін парапсихологиялық қасиеттерді оятатын арнайы құралдарды, болашақты болжау қасиетін, телепатияны, телекинезді пайдаланады.

Ал шетелдің көрнекті психологтары К.Юнг бойынша тұлғаның өзін-өзі дамытуында даралық өсуге, жеке еркіндікке көңіл бөлінсе [5], А.Адлер бойынша ортаны басқаруға басқалардан артық, басым болу жолында білген-түйгенді бір арнаға ғана бағыттауға басым көңіл бөлінеді. А.Адлердің ойынша тұлғаның ішкі күштерінің өзін-өзі дамыту үдерісі әлеуметтену мен тұтастылыққа жету барысында атқарылады, мақсатқа бағытталған шығармашылық ұмтылысына байланысты [6].

Гештальттерапияда Ф.Перлз бойынша өз-өзіне сенімділік, өзін жағдайға байланысты реттеп, қажетті арнаға бағыттау көзделеді [7].

К.Роджерс [8], А.Маслоу [9], секілді гуманист-психологтардың пікірінше, адам - өзінің өмір жолын, рухани дамуын өзі қалыптастыратын біртұтас, ерекше тұлға. Тұлғаның өсуі өзі жеке, автономды болуы, толысуы, психологиясының сау болуының (К.Роджерс) немесе өзінің алдына биік мақсаттар қойып, соны орындауға ұмтылуының (А.Маслоу) арқасында мүмкін болады. Адам - белгілі бір мөлшердегі жауапкершілікті өзіне жүктеп, өзінің жан-жақты дамуына жағдай жасап, тығырықтан шығатын жолды тауып, өмірінің мақсат-мүддесін анықтай білуі керек. Мұны күшпен көндіру немесе әдейілеп ұйымдастыру мүмкін емес, сол себепті, өзін-өзі дамытуға мүмкіншілік жасап, тұлғаға бұл үрдіс кезінде көмек көрсетуде, бұрын жақсы нәтиже берсе де, қалыптасқан жолды әдейілеп таңуға болмайды [9].

Егер, біз өздігінен дамуға адам өмірінің барысында уақытта және кеңістікте өрістейтін өзгеше нысан ретінде қарасақ, оның бір мағыналы емес, жан-жақты екенін аңғарамыз. Бұл жерде өзіндік дамуды сипаттайтын жүйелі қимылдан өзіндік тануды сипаттайтын нысанды айыру өте қиын.

Мұның көптеген себептері бар, басты себептерінің бірі - бұлардың көптеген түрлерінің болуы. Өзіндік дамудың түрлерін мынадай сөздермен сипаттауға болады: өзін-өзі таныстыру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дәлелдеу, өздігінен өсу, өз жоспарын жүзеге асыру және т.б. Бұл сөздерді біріктіріп тұрған «Өзін-өзі» - деген сөз, осы қимылдардың бәрін адам өзімен байланыстырады, өзіндік «Мен» деген сөз және адамдардың іс-әрекеттері тек өздеріне тән, жеке-дара болады.

Өзіндік дамудың қай түрлері маңызды? Олар: өзін-өзі дәлелдеу, өзіндік өсу, өзін-өзі белсенділендіру; өзін-өзі дәлелдеу - бұл өзіңді тұлға ретінде таныту; өзіндік өсу - бұл өзіңді мақсатыңа жеткізуге тырысу; өзін-өзі белсенділендіру - бұл өзіңнен бір күш-қуатыңды, шамаңды тауып, оны өмірде пайдалану.Осы түрлер өзіндік өсудің нысанын бейнелей алады және олар бір-бірімен өте тығыз байланыста.

Қазіргі кезде өзін-өзі дәлелдеу психология ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оның философиялық, жалпы психологиялық қырларына зерттеу жүргізілуде, әсіресе жасөспірім шақта өзін-өзі дәлелдеудің негативті бағытқа бет бұрып кету мәселелері алаңдатып, осы мәселені кеңінен зерттеуге түрткі болды. Негативті бағытты ашып айтсақ, бұл есірткіге тәуелділік, темекі шегу, арақ ішу, заңға қайшы әрекеттерге бару.

Өзін-өзі дәлелдеу дегенге ғылыми анықтама беретін болсақ: «Өзін-өзі дәлелдеу - бұл өзіндік өсу аясында адам өзінің бір қасиеттерін, мінез-құлқын, белгілі бір жағдайларда өзін-өзі қалай ұстауын ашып, оны растайтын ерекше іс-әрекет».

Осы әрекеттердің түп-тамыры өзін-өзі дәлелдеу қажеттілігінен туындайды, ал ол адаммен қатар өмір сүретін, тірі табиғат өкілдері арасында өмір сүру үшін күрестегі алғашқы қажеттілік барысында түзіледі. Өзін-өзі дәлелдеу жалпы адамзатта 3 түрлі кейіпте болады: барлығына ұқсас болу, бәрінен жақсы болу, бәрінен жаман болу (бұл негативті әсерге бой алдырса). Алғашқы екі кейіп өзін-өзі дәлелдеу деп пайымдаймыз, ал үшіншісі - өзін-өзі жоққа шығару.

Өзін-өзі дәлелдеу түрлі басқа да негіздермен, атап айтқанда, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсенділендірумен тығыз байланысты. Өзін-өзі дәлелдеу нәтижесі бірден көзге көрінеді. Ол адамға өзінің қажеттілігін, пайдалылығын сездіреді, өз өмірі мен іс-әрекеттерінің мәнді, мағыналы екенін сезінеді, «Мен ешкімнен кем емеспін» нұсқауы орындалады, өзін барлық қиындықтарды шеше алатын, керемет бір өзгеше адам ретінде қабылдайды.К.Роджерстің пікірінше, тұлғаны дамытудың негізгі бағыты - өзіне деген сенімді нығайту мен өзін-өзі сыйлау қабілетін қалыптастырудың нәтижесінде субъект «мінсіз Менге» ұмтылады [8]. Қазіргі тәжірибеде К. Роджерстің «тұлғалық өсу тобының» әдісі қолданылады. Ондағы қарым-қатынас барысында адамдың адаммен қатынастарын құру үшін қатысушылар бір-бірінің алдында ашылып, өздерінің сезімдері туралы айтады, мәндік мағыналарды іздейді, өмірлік таңдаудың еркіндігін алуға ұмтылады және ол үшін жауап береді. Неғұрлым білікті және қабілетті болу үшін осының барлығы шектеулі рухани әлеуетті ашуға көмектеседі.

Тұлғалық жетілуге теріс әсер ететіндер - өзгерістен қорқыныш, қорғаныс механизмдері, өз ағзасына сенбеушілік, конформизм. Тұлғалық жетілуді түсіндіруде А.Маслоудың [9] зерттеулеріне сүйенеміз: өсу – яғни әлеуеттіліктен қалмау деп түсінеміз. Немесе «тұлғалық өсу» деп А.Маслоудың қол жеткізген негізгі қажеттіліктері негізінде «жоғары» қажеттіліктерді қанағаттандыруды айтамыз.

Тұлғалық жетілуде өзін-өзі белсенділендірудің маңызы зор. А.Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі белсенділендіру – бұл әркімнің өзіне берілген міндетін орындау, өзіне берілген

қасиетті пайдалану арқылы айналасына әсер етуі. Өзін-өзі белсенділендіруге қажеттіліктен адамның өз өмірінің мәнін іске асыру мүмкіндігі туындайды [9].

Сонымен, өзін-өзі белсенділендіру үрдісінде адам болмысының екі бағыты тоғысады: өзіндік тану мен өзіндік өсу. Өзін-өзі тану арқылы, адам өзінің қажеттілігін мойындату үшін өз дарынын, қабілетін, мүмкіндіктерін барынша аша түседі және соларды пайдаланады.

Өзін-өзі белсенділендірудің қандай амал-әдістері бар? А.Маслоу оның 8 түрлі жолын бөліп көрсетеді:Өз-өзін дамытудың негізгі шарттарын талқылайық:

1. Ең алдымен сіз өмірге құштар болуыңыз керек.Онсыз да белгілі нәрсе ғой деп ойларсыз. Алайда, өзіңізге сұрақ қойып көріңізші: өмірге құштарсыз ба? Өмірге құштарлық дегенді әркім әрқалай түсінеді. Сіз өмір сүргім келеді дей тұра, темекі шегіп, ішімдік ішіп, майлы, ауыр тамақты күнде жеп, денсаулығыңызға зиянды әрекеттер жасайсыз делік. Бұл жерде сіздің сөзіңіз ісіңізбен сәйкес келмейді. Сонымен қатар, сәл нәрсеге ызаланып, күйіп-пісіп, жүйкесі тозып жүретін адамды да өмірге құштар деп атау қиын. Осы туралы жақсылап ойланыңыз. Ал мақсат-мұраттарын саралап, армандай білетін, денсаулығын күтетін адамды өмірге құштар деп ойланбастан айта аласың. Неге десеңіз, ол мейлінше ұзақ өмір сүріп, өмірдің бар қызығын көру үшін денсаулығын мұқият күтеді.

2. Таңдау. Өмір жолында бізге жиі таңдау жасау керек болады. Әдетте, ең қиын таңдау – ілгері жүру немесе артқа шегіну. Алдымызға келетін кез келген таңдаудан біздің дамуымызға игі әсер ететін мүмкіндікті анықтап, пайдалану керек дегіміз келеді.

3. «Мен». Сіз болашақ зәулім ғимараттың фундаментісіз. Ал сол фундаментті құю тек өзіңіздің қолыңызда. Әрине, оған сыртқы факторлар әсер етеді. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, барлығы сіздің қабылдауыңызға байланысты. Жаныңызға жақын дүниелерді анықтап, солармен жұмыс істеңіз.

4. Енді дамудың өзіне келсек. Шығармашылыққа жақынсыз ба? Сурет саласыз ба? Тоқуды, тігуді ұнатасыз ба? Музыкалық аспапта ойнайсыз ба? Есеп шығара аласыз ба? Спортпен шұғылданасыз ба? Немесе басқа бірдеңемен айналысқанды ұнатасыз ба, соны анықтап, сол салада дамуға тырысыңыз. Себебі, егер сіз сүйікті іспен айналыссаңыз, сол саланың білікті әрі сапалы маманына айналасыз. Жаман кәсіп жоқ – аспазшы болсын, суретші болсын, шын қаласаңыз биік белестерге шыға аласыз.

5. Өмірде өз орнын табу көбіне қиынға соғады. Дегенмен, бұған өте қатты ұмтылу керек. Аталған шарттар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, бірін елемей кетуге болмайды. Сондықтан, бар жігеріңізді жинап, өміріңізді қолға алыңыз.

Қорыта келгенде, өзіндік даму қиын, күрделі, жан-жақты үрдіс екенін көрдік. Тұлғаны өзін-өзі дамытудағы басты мақсат — адамның өз қарымы мен қабілетін мейлінше толыққанды жүзеге асыру арқылы өзін таныту және жеке қасиетін ашу мүмкіндігі. Алайда, бұл қасиеттерді басқа адамдардың қатысуынсыз қалыптастыру қиын. Сондықтан қазіргі кезде аталған қасиеттердің дамуына білім беру жүйесінің, әсіресе жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің ықпалының жоғары екені сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание человека и мир. – Киев, 2003.

2.Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2001.

3.Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – Москва., 1981.

4.Выготский Л.С. Педагогическая психология – Москва., 1990.

5.Юнг К. Конфликты детской души. – Москва., 1995.

6.Адлер А. Индивидуальная психология. – История зарубежной психологии, Тесты//Под.ред. П.Я.Гальперина, А.Н.Ждан. – Москва.,1986.

7.Перлз Ф. Опыт психологии самопознания. – Москва.,1993.

8.Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – Москва., 1994.

9.Маслоу А. Дальние пределы человеческой психики. – СПб., 1997.

ӘОЖ:379.245.01

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**БОТАБАЕВА А.Е.**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ИСАМЕТОВА А.Т.**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассказывается о важности развития навыков инновационного мышления будущих педагогов.

**Summary.** The article discusses the importance of developing innovative thinking skills of future teachers.

Қазіргі кезеңде, болашақтада Қазақстанда жоғары білім беру сапасын арттыру мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып қала бермек. Себебі, қоғамда ғылым білім дамымай, оның сапалық көрсеткіші артпай елдің экономикасы қарқынды дамымайды. Бұл туралы «Тәуелсіз мемлекеттер достығы қатысушы мемлекеттерінің мұғалімдері мен білім беру саласы қызметкерлерінің VII съезі және II халықаралық шеберлік фестивалі» аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің жасаған баяндамасында жоғары білім беруде келесі мәселелерге баса назар аудару керектігін айтып өтті. Атап айтсақ:

- «Life learning» өмір бойы оқыту мәселесіне байланысты құзыреттіліктерді қайта қарастыру;
- «Action research» пәнін барлық ЖОО ендіру;
- 2023-2024 оқу жылында шетелдік жетекші университеттердің 5 филиалы ашылады;
- Қазақстандағы ЖОО-да онлайн және аралас (гибридті) білім беру жүйелері жалғасын табады;
- ЖОО-да микроквалификация және цифрализация мәселелері әліде жетілдіріледі.

Біздің елімізде стратегиялық жоспар бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарын және оқыту сапасын халықаралық практикада бар талаптар мен нормаларға сәйкес келтіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қазіргі таңда ЖОО дамуына бағыт-бағдар беріп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. Оның мақсаты - қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды тәрбиелеу және оқыту, ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін арттыру [1].

Демек, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің ахуалы оның төмендегідей даму үрдістерін айқындайды:

• білім философиясының жаңартылуы;
• жоғары білімнің жаңа парадигмаларын енгізу;
• білім жүйесін басқарудың тиімді әдістерін іздеу;
• ғылым мен білімнің интеграциясы;
• білім жүйесінің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру;
• білімді ақпараттандыру және білім берудің жаңа адекватты технологияларын жасап шығару;
• болашақ мамандардың трансверсалды дағдыларын қалыптастыру;
• білімділік пен жоғары мектеп түлектерінің кәсіби біліктілік деңгейін көтеру.

Осыған орай, қазіргі білім беру саласында әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан алғандағы басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын болашақ педагогтарды даярлау. Себебі, өскелең ұрпаққа білім беріп, тәжірибе бөлісіп, бағыт-бағдар, жол көрсету – педагогтардың міндеті [2].

Бұл орайда, 2022 жылы мақұлданған «Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасында» [3] педагогтарды әзілеуде ұстанатын басым бағыттар келтірілген, оларға тоқталып өтсек. «Педагогикалық білім берудің әлеуетін күшейту» (ҚР БҒМ) жобасы шеңберінде әзірленген педагогтерды даярлаудың 30 білім беру бағдарламасын іске

асыру ұсынылады, олардың негізгі міндеттері: мұғалімдердің кәсіби құзыреттерін қайта бағалау және толықтыру; педагогикалық білім берудегі және түлектердің бейіндеріндегі орта білім берудің жаңа тәсілдерін көрсету; бастауыш және орта білім беру талаптарына сәйкестігі болып табылады. Болашақ маманды даярлаудағы тәрбиелік аспект білім беру кеңістігінің (ББК) кәсіби бағыты арқылы шешіледі. ББК-де дәстүрлі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттермен қатар кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер (КМТҚ) жаңа бейімделгіш көшбасшылық сұранысқа ие. Педагог-бейімделгіш көшбасшының өмірлік маңызды жоспарларын қанағаттандыруға ықпал ететін дамыған қасиеттері мен сапалары бар: табысты, бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие болу; командада табысты жұмыс істеуге, кәсіби және жеке өсу стратегиясы мен бағдарламасын құруға қабілетті» болуы қажет деп атап өтілген.

Ал, «Педагог» кәсіптік стандартында: «Педагогтің міндетті сапасы білім алушының тұлғасына қатысты көрінетін гуманизм болып табылады.

Педагогтің сенімдері мен көзқарастары азаматтарды болашақтың көзқарасына сәйкес тәрбиелеуде және өздерінің құндылықтары мен қатынастарын қалыптастыруда көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық педагогикалық білім мен білік, білім беру және этикалық нормалар кешенінің болуымен көрінеді.

Педагогтің еңбек қызметін бағалау білім беру қызметін жүзеге асыру және оны басқару үшін педагогикалық техниканы игеруде, тәрбие мен оқытудың жоғары деңгейде көрінетін педагогикалық шеберлік деңгейін анықтайды.

Педагог өз қызметі барысында үнемі кәсіптік білімі мен құзыреттілігін кеңейтеді және байытады, білім беру инновацияларын жасайды және енгізеді» делінген [4. 2 б.].

Қазіргі таңда жоғарыдағы аты аталған және т.б. құжаттарды негізге ала отырып, болашақ педагогтарды даярлау ісін дамытып келеміз. Болашақ педагогтарды даярлау үдерісіне шолу жасап өтсек, соңғы жылдары Қазақстанда педагог мамандықтары бойынша жоғары оқу орнына түсу кезінде педагог қызметіне икемділік деңгейін анықтауға арналған арнаулы (педагогикалық жағдаяттарға негізделген) емтихан енгізілді. Бейіндік мектеп үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде білім беру саласындағы магистр дәрежесінің болуы көтермеленеді. Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру, ғылыми ойлау дағдыларын дамыту педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналды.

Бүгінгі таңда, Болон процесінің параметрлері тұрғысынан Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінда педагог мамандарын даярлау келесі құрылымға ие:

*Бакалавриат* - білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін тағайындаумен кадрларды даярлауға бағытталған жоғары білім. Оқу мерзімі - 4 жыл.

*Магистратура*- білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесімен кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура өз кезегінде профильге бөлінеді, оқу мерзімі 1-1,5 жыл, ал ғылыми-педагогикалық, оқу мерзімі 2 жыл.

*Докторантура* - білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызметке кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантурада оқу мерзімі - 3 жыл [5].

Танымдық әрекеттің күрделі үрдісі – ойлау. Ойлау сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде бейнеленуі. Ойлауды зерттеумен айналысатын ғылымдардың бірі логиканың ойды зерттеудегі әдіс-тәсілдерінде өзіндік ерекшелігі – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінің заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлаудың негізгі формалары: ұғым, пайымдау және ой тұжырымын зерттейді. Ұғым – деген сөздің өзі «ұғу» деген етістікпен бір түбірлес. Біздің қандай да бір нәрсе не құбылыс туралы біліміміз болса, оның қасиеті туралы басқа нәрселермен қатынасын білген жағдайда ғана оны басқалардан ажыратамыз және сол нәрсе туралы ұғынамыз. Ұғым – нәрсенің мәнді белгілерін бейнелейтін ойдың формасы. Сөйлеу тілімізде ұғымдар сөзбен, сөз тіркестерімен беріледі [6].

Бірнеше ұғымнан тұратын ойлаудың формасының екінші түрі пайымдау. Пайымдау – онда нәрсенің бар екендігі, немесе нәрселердің ара-қатынасы туралы бір нәрсе не құпталады, не терістеледі.

Ойлаудың үшінші формасы – ой тұжырымы. Ол пайымдау мен ұғымға қарағанда анағұрлым күрделі. Ақыл-ой қызметінде сөз – ұғым, сөйлем пайымдау десек, онда ой тұжырымы сол ақыл-ой қызметінің өзі. Талдау, сұрақ қою, жауап іздеу, түсіндіру, болжау, дәлелдеу, бекерлеу, көзін

жеткізу, күдік тудыру, сұрау, талап ету, тыйым салу – барлығы және де басқа ойлау әрекеті белгілі ой тұжырымының түрлеріне ие болады. Сондықтан біз ойлау мен ой тұжырымының түрлеріне ие боламыз. Сондықтан біз ойлау мен ой тұжырымын жасау екеуі бір нәрсе деп айта аламыз. Егер ұғым негізінде – шындықтың нәрселік сипаты, ал пайымдау негізінде – нәрселердің байланысы жатса, онда жай тұжырымы объективтік нәрселердің неғұрлым күрделі, өзара байланысын құрайды. Егер ой тұжырымы бір ғана пайым нәтижесінде жасалатын болса, онда ол тікелей, егер бірнеше пайымдар нәтижесінде ой тұжырым жүргізілетін болса жанама ой қорыту деп аталады.

Ой тұжырымы нәтижесінде дұрыс қорытынды шығару үшін ақиқат пайымдарды негіз ете отырып, ойлау заңдарының орындалуын басшылыққа алады. Олар, бір жағынан, ойлаудың негізгі қасиеттерін бейнелейтіндіктен ғылым заңдарына, басқа жағынан, дұрыс ойлауға қойылатын негізгі заңдарды құрайды. Ол заңдарға қайшылық заңы, тепе-теңдік, үшіншінің болмау заңы және негіздеу заңы. Логикалық формалары мен заңдары дұрыс орындалуы арқылы оқушылар білімдерді меңгереді және логикалық ойлайды.

Дағды - алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Дағды санасыз қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады. Дағдының физиологиялық негізі - динамикалық стереотип. Мысалы, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық қозғалыстарын санасымен бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяқ-қолы бір мақсатқа бағытталады), біраз қиналады. Ал жазуға төселген адам өз қозғалыстарын байқамайды, оның орнына жазған нәрсесінің мазмұнына ерекше зейінін бөледі. Өйткені, соңғыда жазу дағдысы автоматталынған. Дағдылануда іс-әрекеттің тұтас өзі емес, жеке компоненттері (құрамдары) ғана автоматталынады [7].

Инновация дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда жаңа, жаңалық деген сөзді береді.

Болашақ педагогтардың инновациялық ойлау дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері:

1. Кейстерді шешу.
2. Тренингтер
3. Жоба
4. Интербелсенді әдістер т.б.

Қорыта келгенде айтарымыз, педагог мамандарын даярлау еліміз үшін жауапты қызмет болғандықтан, оған артар міндеттемеде көп. Соңғы жылдары елімізде педагог мамандарына үкімет тарапынан жақсы қолдау көрсетілгендіктен, бұл мамандыққа сұраныс біршама артып келеді. Егер педагог мамандары көп болса, онда өзара бәсекелестік артып, саннан сапаға ауысады. Әрбір педагог өз білігі мен ғылыми потенциалын көтеру бағытында аянбай ізденетін болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020.

2. Ботабаева А.Е. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқулық: – Алматы: 2023. – 271 бет.

3. Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы. – Астана, 2022. – 22 б.

4. «Педагог» кәсіптік стандарты. – Астана, 2022. - 55 б.

5.Study In Kazakhstan – Қазақстандағы жоғарғы оқу жүйесі studyinkazakhstan.edu.kz/kz/edu/high

6. Нұрбекова А.М. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытудағы ойлау операцияларының алатын орны. //Бастауыш мектеп Ғылыми педагогикалық басылым. – Алматы, №11, 2007. -12-16б.

7. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. / Жалпы редакциясын басқарған Е. Арын. - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.

ӘОЖ:37.012.

# ҚАЗАҚ СЫНЫПТАРЫНДА ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**ОМАРОВА А.О.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены практические, образовательные цели и задачи обучения русскому языку в казахских классах. Также всесторонне проанализированы методы и приемы обучения русскому языку.

**Summary.** The article discusses the practical, educational goals and objectives of teaching Russian in Kazakh classes. Methods and techniques of teaching the Russian language are also comprehensively analyzed.

Мақалада қазақ сыныптарындағы орыс тілін оқытудың практикалық, білімділік мақсаты мен міндеттері қарастырылған. Сонымен қоса орыс тілін оқытудың әдіс-тәсілдері жан-жақты талданған.

Қазіргі қоғам дамуындағы ең басты факторлардың бірі – оқушыға жүйелі, жан-жақты білім беру мен тұлғаны қалыптастыру. Мектепте тек білім беріп қоймай, бойына адами құндылықтар дарыған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыға өз ойын басқа біреуге жеткізе алу үшін коммуникативтік дағды мен білік игертіліп, тіл үйретіледі. Мұғалім өзі жаңа технологияны жете меңгермей, оқушыға тілді үйрете алмайды. Қазіргі мектептерде сабақ жаңа технологияны іске асыру арқылы, оның элементтерін орыс тілді үйретуде дұрыс қолдану арқылы жүзеге асады. Мұғалімнің шеберлігі оқушыны түсінуден, онымен рухани қарым-қатынаста болудан тұрады.

Басқа ұлт балаларына орыс тілін үйрету – басты мәселе. Орыс халқының сұлу, әдемі тілін басқа ұлт өкілдері оқып-үйреніп, таза сөйлеуі – орыс тілге деген құрмет.

Орыс тілі жастарға ертеңгі күні өмірге араласқанда, қызметіне көмегін тигізетін болу керек. Орыс тілі пәні мұғалімінің әлеуметтік дәрежесін қалыптастыруға негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істеу, өз білімі мен біліктілігінің нәтижесін көрсете білу.

Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытудың:

- практикалық мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, орысша ауызекі дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, бір-бірімен сөйлесуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтыру;
- Білімділік мақсаты-орыс тілін пән ретінде оқыту арқылы оқушыларға орыс халқының тұрмысы, мәдениеті, тілі туралы мағлұматтар беру;
- Тәрбиелік мақсаты – орыс тілімен танысу арқылы оқушыларды азаматтық, адамгершілік рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туғызу.

Орыс тілді үйрену арқылы оқушылар орысша ауызекі сөзге түсініп, өздері орыс тілінде көріп-білгенін, оны айтып, жаза алатын дәрежеге жетеді.

Сабақ – мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы. Оны шеберлікпен ұйымдастыру арқылы ғана табысқа жетуге болады.

Шәкірттердің бойына терең біліммен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – мұғалімнің міндеті. Әрбір ұстаз оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты техникалық құрал-жабдықтармен, көрнекілікпен күрделендіру керек.

Біздің алдыға қойған мақсатымыз – балалардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, нәтижесінде білген-үйренгенін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландыру.

Жоғары динамикалық қоғамдық даму барысы мен кең хабарлы ағында оқушылардың белсенділігін арттыру және олардың өмірдегі келелі мәселелерді шеше білуге,өзіне қызмет етуді үйрету - өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың өз бетімен оқу жұмыстары – оқу-тәрбие барысында жоғары нәтиже беретін амал. Оқушылардың зерттеу қызметі жеке тұлға сапасы мен даму қабілетін арттырудың бірден-бір жолы деп саналады.

Жобалау технологиясының ерекшелігі – оқу құралының орнына көптеген зерттеу материалдары қолданылады.

Жобалық оқыту – оқушылардың өзіндік шығармашылық қызметі. Бұл - жобаны іске асыру, орындау барысы, ақпарат іздеу, жинаған материал бойынша қорытындылау, талдау. Жобалық оқытудың мақсаты – оқушылардың мектеп қабырғасында іскерлік қабілеттерін арттыру.

Бұл жұмыс кезіндегі мұғалімнің қызметі қандай?

- Қолайлы тақырып таңдап алу;
- Тақырыпты тақырыпшаларға бөлу;
- Тақырыпты балалармен бірге таңдау;
- Оқушыларға ұсыну;
- Тақырыпты талқылауға қатысу;
- Оқушыларды ұйымдастыру;
- Керекті әдебиетті ұсыну.

Ал оқушылардың жұмысы қандай?

- Жұмыстың негізгі мақсат пен міндеттерін анықтау;
- Шешу жолындағы ізденісті ұйымдастыру;
- Жұмыс нәтижесін дұрыс жеткізу.

Жоба жұмысы оқушылардан шығармашылықты қажет етеді.Бұл жұмыс түрін сыныпта жеке оқушы, жұп немесе топ болып өткізуге болады. Біз сабақтарда көбіне топ жұмыстарын ұйымдастырамыз, өйткені топпен жұмыс балаларды интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік істерге жетелейді.

Жобалап оқыту технологиясы – проблемалық оқытудың идеясын дамыту, қарым-қатынас, сөйлеу барысында оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылату болып табылады. Жобамен жұмыс істеген кезде балалар ақпарат жинайды, әр түрлі ғылыми және әдеби зерттеулерден (хат, пресса, кітаптар) мәлімет қолданады.Жобаны қорғау кезінде фильм, слайд пайдаланады.

Орыс тілінде оқылатын мектептерде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту айтылым мен жазылым арқылы екі бағытта іс жүзіне асырыла алады. Басқа ұлт өкілдеріне орыс тілін үйретуде ауызша айтылым арқылы тіл дамыту жұмыстары басымырақ. Дегенмен, тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, күнделікті өмірде, кеңсе жұмыстарында, өндіріс пен шаруашылықта, ғылымның барлық саласында орыс тілді қолдану аясы кеңейіп, іс қағаздары орысша жүргізіліп жатқанда, мемлекеттік тілде тек ауызекі сөйлеу жеткіліксіз деген ойламын. Ауызекі сөйлеумен қатар, сауатты жаза білуге дағдыландырудың маңызы күннен-күнге артуда. Балалар өз ойын жазбаша да, сауатты, көркем тілде жеткізе білулері қажет. Ал бұл нәтижеге жетуде жазбаша тіл дамыту жұмыстары жүргізілуі керек деп ойлаймын.Бұл:

- Сөздердің дыбысталуы бойынша жұмыс;
- Еркін, тұрақты сөз тіркестерімен жұмыс;
- Сөйлем бойынша жұмыс;
- Тіл мәдениеті бойынша жұмыс;
- Стилистика бойынша жұмыс;
- Ауызекі сөйлеу бойынша жұмыс.

Сабақтарымызды түрлендіріп, балаларымызды өз тілімізге қызықтырып, орыс тілді үйренуге баулуымыз керек.

Оқушы өз ойын орысша дұрыс жеткізу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып,сөйлемдегі сөздердің орын тәртібімен сөйлем жасау жолдарын жақсы меңгеру керек. Мұғалім үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту

Мәтінмен жұмыс кезінде:

- қарамен жазылған сөздердің қосымшаларынкатегорияларын анықта;
- Синоним, омоним, антоним сөздерді тап;
- Негізгі, туынды сөздерді теріп жаз;
- Жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді тап;
- Жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құра;
- Құрмалас сөйлемдерден жай сөйлем құра;
- Мәтіннің енгізгі ойын айт;
- Асты сызылған сөздермен сөйлем құра;
- Белгіленген сөйлемді талда;
- Сөзді сөзге, сөз тіркесіне алмастыр;
- Белгілі бір сөз таптарына мысалдар жаз, т.б. тапсырмалар орындауға болады.

Орыс тілі пәнін оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау- оны міндетті тіл дәрежесіне көтеруді, оқушының ой-өрісі мен танымдық қабілетін жетілдіруді көздейді.«Қай тілдің де болмасын механизмін үйрену үшін мынадай екі жағдайды білу қажет: бірі – сол тілдің жүйесі қалай құрылған, екіншісі – оны практикалық жағынан қалай меңгеру керек. Демек, орыс тілінің құрылысын және оны практикалық жағынан меңгеру процессінде бірте-бірте коммуникативтік тәсілді ұйымдастыру тиімді» деген пікір бар.

Қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеті – адамның ішкі жан дүниесінің адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу.Мектептерде оқыту жолында әр түрлі технологияларды қолдану - заман талабы. Бұл – В.П.Беспалько, М.В.Клариндердің бағдарлы оқытуы, А.С.Выготскийдің дамыта оқытуы, В.Р.Шаталовтың тірек сигналдары, М.М.Жанпейісованың модульдік оқытуы, К.О.Өмірбаеваның деңгейлік оқыту әдісі,Ш.А. Амонашвили, Е.Б.Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді.

Орыс тілін меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – деңгейлік оқыту.

Өз тәжірибемде деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін қолданып жүремін.Оқыту барысында оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды. Пәнге деген қызығушылығын арттырып, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Оқушының төменгі деңгейден жоғары деңгейге ұмтылысы білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді. әр сатыға көтерілген сайын олардың оқуға деген ынтасы, белсенділігі артып, дамып отырады.Өз бетінше, шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді. Сабақта түрлі ойындар, диалог және рольдік ойындарды жиі қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға, бірін-бірі түсініп, орыс тілінде ауызекі сөйлесе алуға үйретуге болатынына көзім жетті.

Қазақ тілді мектептерде оқытылатын орыс тіл сол тілде сөйлейтін ұлттың басты құндылықтарының бірі екені ескерілу, пән бойынша берілетін білім мазмұны бүгінгі қоғамдық әлеуметтік сұранымдарға сай болу керек.

Білім алушыларға лексика-грамматикалық минимумды меңгерту мен сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім) модульдік жүйе бойынша жүзеге асады. Әр модульде лексикалық тапсырмалар, грамматикалық тапсырмалар, тақырып бойынша мәтін, мәтін бойынша лексика-грамматикалық жұмыс түрлері, әр тақырып бойынша нәтижені тексеру үшін тест тапсырмалары, танымдық сұрақтар пайдаланылады.

Қазіргі таңда орыс тілді оқытуда жаңа технологияларды сабақта жан-жақты қолдану – жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі.Осындай жаңа жолдардың біріне заман талабына сай сабақта компьютермен тіл үйретуді жатқызуға болады. Компьютерді қолдану барысында мұғалім оқушының тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады,ізденіс және шығармашылық тұрғысынан жұмыс істеуге жетелейді. Мұғалім мұндай сабақ кезінде жай ғана бақылаушы болады.

Білім алушыларды орысша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алуға,біреудің сөйлеген сөзін түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін пайдаланылатын жұмыс түрлерінің бірі – ойын. Интеллектуалдық, грамматикалық және дидактикалық ойындақ сабақтың тиімділігін,сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын – оқушы әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы ол қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Жаңа сөздерді қайталау, бекіту мақсатында қолданылатын ойын жаттығулар мен олардың әр түрлі тақырыптық нұсқалары оқушылардың сөздік қорын ғана арттырыа қоймайды, сөзді жандандыра түседі.

Жаңа сабақты түсіндіргенде де, өткенді қайталау кезінде де, сабақты пысықтау-қорытындылау кезеңінде де ойын элементін қолданамын.

Жастар арасында бой алдырған жағымсыз қасиеттер мен сүреңсіз іс-қылықтардың етек жаюы – халықтық тәрбиеден қол үзіп қалғанымыздың салдары екенін жақсы білеміз.

Ұрпақтардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеп, ұлттық дүниетанымын байыту-оқу пәндерін оқытудың негізгі міндеттері. Өмір мен қоғам жас ұрпақты өз халқын, елін, жерін, әдеби-мәдени мұраларын сүюге, отаншылдыққа тәрбиелеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін, даналығын,тұрмыс-тіршілігін таныту керек.К.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибелерінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» - деген еді.

Этнопедагогиканың озық дәстүрлерін пайдалана отырып, оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жұмысын жүзеге асыруда – орыс тілі сабағының орны өзгеше. Біз тәжірибемізде де орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту барысында этнопедагогика элементтерін жүйелі түрде пайдаланамыз. Тыйым сөздер – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге,

ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Тыйым сөздер балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандырады. «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Табалдырықты баспа», «Үлкеннің сөзін бөлме» «Құстың ұясын бұзба», «Аққуды атпа», «Бұлақтың көзін бітеме», «Құмырсқаның илеуін бұзба» сияқты сөздер арқылы ата-бабаларымыз жас баланың санасына қоршаған орта, табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатқан. Жас кезінен жүрегінен орын алған мұндай мейірімділік сезімдер баланың өмір бойына сақталады емес пе?

Мектептің оқу-тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты - мектеп түлектеріне орыс тілін еркін меңгеруге, полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеуге, басқа халықтардың тілін, мәдениетін құрметтеуге бағытталған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Леонов С.А. Развитие устной речи учащихся на уроках литературы. - Москва, 1998.

2.Качурин М.Г. Организация исследовательской деятельности учащихся на уроках литературы.- Москва, 1982.

3.Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. - Алматы, 2008.

ӘОЖ 37.012

## ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР

**БОТАБАЕВА А.Е.**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**НУРАДИНОВ Е.А.**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 4-курс студенті, Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**НИЯЗАЛИЕВА И.С.**

Б.Бөлтірікова атындағы № 4 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы,Жамбыл облысы, Қордай ауданы

**Резюме.** В статье рассказывается об инновационных образовательных платформах, таких как Padlet, Plickers, генератор QR-кода, Wordwall, обучающие приложения, Canva и ChatGPT, а также об их влиянии на эффективность обучения и взаимодействие с учащимися.

**Summary.** The article discusses innovative educational platforms such as Padlet, Plickers, QR code generator, Wordwall, learning apps, Canva and ChatGPT, and their impact on learning efficiency and student interaction.

QR Code Generator - мобильді құрылғы арқылы тез және оңай оқылатын ақпаратты қамтитын екі өлшемді штрих-кодтарды жасауға арналған құрал. Бұл платформа деректерді беруді және әртүрлі ресурстармен өзара әрекеттесуді жеңілдетуде шешуші рөл атқарады. Оның функционалдығы мен білім беру процестеріне әсерін қарастырайық. Ол мәтін мен анықтамалық сілтемелерден бастап байланыс ақпараты мен географиялық координаттарға дейін әртүрлі ақпаратты қамтитын штрих кодтарын жасауға мүмкіндік береді. Платформа түстерді таңдауға, код өлшемін реттеуге және жекелендіру үшін логотиптерді қосуға мүмкіндік беретін икемділікті қамтамасыз етеді.

Платформаның басты артықшылықтарының бірі - оның қол жетімділігі. Көптеген онлайн қызметтер бұл құралды ауқымды аудиторияға қол жетімді ете отырып сізге тегін сканерлеу кодтарын жасауға мүмкіндік береді. Код бизнеске, жарнамаға немесе біздің жағдайымыздағыдай білімге қажет пе, QR Code Generator тиімді және ыңғайлы генерациялау әдісін ұсынады [3].

Wordwall - педагогтар мен білім алушыларға интерактивті білім беру материалдарын жасау және пайдалану үшін қуатты құралдарды ұсынатын заманауи білім беру платформасы. Қолдану аясы бастауыш мектептен бастап жоғары санатқа дейінгі барлық білім деңгейлерін қамтиды. Платформа оқу процесін әртараптандыруға, оны қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту ойындарын құрудың кең ауқымын ұсынады. Бұған оқушылардың белсенділігін арттыра отыратын оқу материалымен ойын түрінде өзара әрекеттесетін

кроссвордтар, басқатырғыштар, викториналар және басқа форматтар кіреді. Ойын тәсілі сабақтарды қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар ақпаратты жақсы меңгеруге көмектеседі.

*Кері байланыс және бағалау.* Wordwall-дың маңызды ерекшелігі - ол ұсынатын жедел кері байланыс. Мұғалімдер оқушылардың тапсырмаларды қалай орындайтыны туралы ақпаратқа қол жеткізе алады және олардың жетістіктеріне немесе мәселелеріне дереу жауап бере алады. Бұл жеке көзқарас пен тиімді бағалау мүмкіндіктерін ашады [4].

Canva - бұл жай ғана құрал емес, бұл виртуалды шеберхана, онда әркім өзінің шығармашылық идеяларын шындыққа айналдыра алады. Осы платформадағы алғашқы қадамнан бастап пайдаланушы визуалды мүмкіндіктер әлеміне және шексіз шабыт көздеріне енеді. Бұл жай ғана құралдарды ұсынбайды, бұл шығармашылық интерактивті процеске айналатын орта жасайды.

Canva тәжірибе деңгейіне қарамастан дизайнды барлығына қолжетімді ететін көптеген құралдарды ұсынады. Кескінді өңдеу мүмкіндіктері, векторлық графиканы құру және өңдеу, стильдер мен түстерді таңдау пайдаланушыларға өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Интуитивті интерфейс дизайн процесін жағымды және тиімді етеді.

Негізгі кескінді өңдеу: Canva фотосуреттерді өңдеудің қарапайым, бірақ қуатты құралдарын ұсынады, соның ішінде кесу, түстерді түзету, жарықтылық пен контрастты реттеу.

Векторлық графика: векторлық элементтерді құру және өңдеу мүмкіндігі пайдаланушыларға жоғары сапалы кескіндерді алуға және графиканы сапаны жоғалтпай оңай масштабтауға мүмкіндік береді.

Стильдер мен түстерді таңдау: Canva дайын стильдер мен түстер палитраларының кең таңдауын ұсынады, бұл дизайн үшін үйлесімді комбинацияларды таңдауды жеңілдетеді.

Canva-ның маңызды аспектілерінің бірі - пайдаланушылар өз жобаларына оңай біріктіре алатын дайын элементтердің кең кітапханасының болуы. Бұл мыналарды қамтиды:

Суреттер мен иллюстрациялар: Canva миллиондаған суреттер мен иллюстрацияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл кез-келген тақырыпқа сәйкес визуалды мазмұнды табуға мүмкіндік береді.

Белгішелер мен пішіндер: пайдаланушылар дизайнды толықтыру және оны мәнерлі ету үшін дайын белгішелер мен пішіндерді пайдалана алады.

Үлгілер: Canva әлеуметтік медиа жазбаларынан бастап презентацияларға дейін әртүрлі мазмұн түрлеріне арналған шаблондардың бай таңдауын ұсынады, бұл мазмұнды жасау процесін айтарлықтай жылдамдатады.

Canva жобаларда бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін ескере отырып жасалған. Бұл командалар, кәсіпорындар мен ұжымдар үшін маңызды, мұнда идеялармен алмасу және бірнеше қатысушылардың өзара әрекеттесуі шығармашылық процесті айтарлықтай байыта алады.

Нақты уақыттағы ынтымақтастық: пайдаланушылар бір уақытта бір жобада жұмыс істей алады, бұл өзгерістер мен түсініктемелерді жедел жаңартуға мүмкіндік береді.

Файлдар мен түсініктемелерді бөлісу: функционалдылық файлдарды оңай бөлісуге және пікір қалдыруға мүмкіндік береді, бұл белсенді талқылауға және идеяларды жетілдіруге ықпал етеді.

Әр түрлі форматтарға бейімделу:

Canva әртүрлі мақсаттар мен платформалар үшін материалдарды жасау икемділігін қамтамасыз етеді. Бұл мыналарды қамтиды:

* Әлеуметтік медиа: әр түрлі әлеуметтік платформалар үшін оңтайландырылған мазмұнды құру мүмкіндігі, бұл әсіресе брендтер мен блогерлер үшін өте маңызды.

* Презентациялар: Canva бизнесте, білім беруде немесе іс-шараларда қолдануға болатын кәсіби презентациялар жасау құралдарын ұсынады.

* Веб-дизайн: Canva мүмкіндіктері баннерлерді, тақырыптарды және интерфейс элементтерін қоса, веб-беттің дизайнын жасауға да жарамды.

Тұтастай алғанда, Canva пайдаланушыларға графикалық және интерактивті материалдарды оңай жасауға мүмкіндік беретін әсерлі құралдар жиынтығын ұсынады [5].

OpenAI қолдайтын ChatGPT-бұл GPT-3.5 ауқымды тілдік моделін қолданатын инновациялық платформа. Бұл технология интерактивті оқытудың бірегей мүмкіндіктерін ұсына отырып, виртуалды диалогты келесі деңгейге шығарады. Адам мен жасанды интеллект арасындағы көпір бола отырып, ChatGPT статикалық оқыту әдістерін түрлендіреді, оларды динамикалық және тартымды етеді.

ChatGPT тек жауап беріп қана коймайды, сонымен қатар оқу процесін интерактивті ете отырып, диалог элементтерін енгізеді. Бұл білім беру тәжірибесін алу үшін жаңа көкжиектерді ашу арқылы біліммен өзара әрекеттесу жолымызда төңкеріс жасайды. Оқыту жеке тұлғаға айналады және ChatGPT әр оқушының деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімделеді, жеке қолдау мен материалды тиімді игеруді қамтамасыз етеді.

ChatGPT -ді білім беру процесіне енгізу формальды әдістерден динамикалық диалогқа көшуді білдіреді, мұнда сұрақтар мен жауаптар білімді қалыптастыруда шешуші нүктеге айналады. Бұл интерактивті оқытуды ынталандыратын және технологиямен диалог оқу процесінің ажырамас бөлігі болатын болашақты болжайтын құрал. Сайып келгенде, ChatGPT білім беруді қайта анықтайды, оған жаңа өлшемдер береді және бізді жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу оқытудың ажырамас бөлігі болатын болашаққа бағыттайды.

Жасанды интеллектті, атап айтқанда ChatGPT платформасын білім беру саласына біріктіру оқу процесін қайта қарауға және жақсартуға бірегей мүмкіндіктер береді.

Онлайн оқытудың танымалдылығының артуымен ChatGPT осы контекстке біріктіріліп, білім алушыларға лезде түсініктеме мен қосымша қолдау алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе сарапшыларға қол жетімділік шектеулі болуы мүмкін қашықтықтан оқыту контекстінде өте маңызды.

Интерактивті оқыту үлгілері ChatGPT оқу процесіне интерактивтілік әкеледі. Білім алушылар жай ғана ақпаратты пассивті түрде алмайды: олар платформамен өзара әрекеттеседі, сұрақтар қояды және қосымша түсініктемелер алады. Бұл белсенді қатысуға және материалды терең түсінуге ықпал етеді.

ChatGPT -ті кері байланыс құралы ретінде пайдалану қателерді анықтау және түзету процесін жылдамдатады. Жедел түсініктемелер мен кеңестер білім алушыларға оқу процесін байыту арқылы тиімдірек үйренуге көмектеседі.

ChatGPT тек негізгі түсіндірмелермен шектелмейді. Күрделі тақырыптар мен жетілдірілген оқу деңгейлері үшін платформа тереңірек және жан-жақты түсініктемелер береді. Бұл әсіресе оқушылардың интеллектуалды дамуын ынталандыру үшін өте маңызды.

ChatGPT көмегімен білім беруде жасанды интеллектті қолдану бойынша зерттеулер оқытудың озық әдістерін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар оқыту әр оқушының жеке қажеттіліктеріне икемді, тиімді және бейімделген орта жасайды [6].

Padlet, Plickers, QR код генераторы, Wordwall, оқыту қосымшалары, Canva және ChatGPT платформалары арқылы оқытудың инновациялық әдістерін қолдану бойынша зерттеулеріміздің нәтижесінде біз бұл технологиялар білім беру процесіне айтарлықтай әсер етеді деген қорытындыға келдік. Білім алушылардың осы платформалармен өзара әрекеттесуіне сүйене отырып, олардың белсенділігі, қатысу деңгейі және материалды тереңірек игеру артады деген қорытынды жасауға болады.

Padlet және Plickers ынтымақтастық пен аудиторияны жандандыруда өздерінің тиімділігін көрсетті. QR код генераторы, Wordwall және оқыту қосымшалары технологияны өзін-өзі оқытуға және білімді қалыптастыруға біріктірудің маңыздылығын атап өтті. Canva және ChatGPT оқу материалдарының визуализациясы мен интерактивтілігін жақсартуға үлес қосты.

Болашақта зерттеулерде оқытудың түпкілікті нәтижелеріне әсерін тереңірек талдау, жеке білім беру жоспарларын құру және жасанды интеллектті білімге біріктіру бағытында кеңеюі мүмкін. Сонымен қатар, зерттеулер әртүрлі білім беру контексттеріндегі инновациялардың тиімділігіне назар аудара алады және олардың жеке қалауы мен оқу стильдерін ескере отырып, оқушылардың технологиямен өзара әрекеттесуін оңтайландырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. https://www.qr-code-generator.com/
2. https://wordwall.net/ru
3. https://www.canva.com/ru_ru/
4. https://chat.openai.com/

УДК 37.01(574)

# KAZAKH FAMILY EDUCATION AND CURRENT PROBLEMS

**AMANTAEV SAYAT**
Taraz Regional University named after M. Kh. Dulati,
Taraz, Republic of Kazakhstan.
2nd year student, Faculty of "Art and Sports"
**ORDABAEVA RAUSHAN BILANOVNA**
Leader: Ph.D., associate professor Taraz, Republic of Kazakhstan

**Түйіндеме.** Қазақтың отбасы тәрбиесінің ерекшелігі оның халықтық педагогикалық мұрасының мазмұны мен түрлерінен көрінеді. Қазақ отбасының маңызды ерекшеліктерінің бірі – бала тәрбиесіне ұл мен қыз тәрбиесі деп қарау. Қазақ болмысында отбасы иелері ең алдымен ұл-қыздарының алдында білімді, өнегелі, әдепті, үлгілі болуға тырысқан. Мұның басты себебі – «Ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеде». Әрбір халықтың тәрбиелік мұрасы – ұлттық мәдениеттің маңызды белгісі. Ұлттық тәрбиенің эмоционалдық әсері зор. Сондықтан да халықта «Баланы өз тәрбиесімен оқыма, халқыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар. Бұл қазаққа тән ізгі қасиеттер мен ұлттық болмыстың қалыптасып, халқымыздың дүниетанымының тәжірибесін жалғастыру деген сөз. Қазақ отбасы бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, оған ерекше мән береді.

**Кілтті сөздер:** Қазіргі отбасы тәрбиесі, қазақ отбасы, тәрбие, қазақ тілі, мәдениетті мінез-құлық

**Summary.** Своеобразие казахского семейного воспитания отражается в содержании и видах его народно-педагогического наследия. Одной из важных особенностей казахской семьи является рассмотрение воспитания детей как воспитание сыновей и дочерей. В казахской культуре владельцы семей прежде всего старались быть образованными, нравственными, вежливыми и примерными перед своими сыновьями и дочерьми. Основная причина этого: «Стыд сына лежит на отце, а стыд дочери — на матери». Образовательное наследие каждого народа является важным признаком национальной культуры. Эмоциональное воздействие национального образования велико. Именно поэтому в народе есть поговорка: «Не воспитывай ребенка своим образованием, воспитывай образованием своего народа». Это означает формирование казахских добродетелей и национального самосознания, продолжение опыта мировоззрения нашего народа. Казахская семья придает большое значение образованию детей и придает ему особое значение.

**Ключевые слова:** Modern family education, Kazakh family, education, Kazakh language, cultured behavior

According to Article 27 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, marriage and family, mother and father and child are under the protection of the state. The right and duty of parents is to take care of their children and educate them.

According to the Law of the Republic of Kazakhstan "On Education": the main task of the education system is to create the necessary conditions for education aimed at the formation, development and professional training of an individual on the basis of national and universal values, training of scientific and practical achievements, qualified workers and specialists who are competitive in the labor market , improving their qualifications", it is stated in the state program of education development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, it is necessary to form an intellectually, physically and spiritually developed citizen in "educational organizations and in the family" in general education schools.

In the annual message of the former head of state to the people, the issues of preserving family values, glorifying the issue of child rearing, and parents' genuine care for their children are unmistakable words. These lines show that the state emphasizes the education of each child and that it is the responsibility of the family. In solving these problems, the subject "Modern family education" has a great place in preparing young people for family education [113, p. 4]. The purpose of this subject is to arm future specialists with knowledge about family education and family relations features of the Kazakh

people in the education system, to master the skills of applying the ideas of family education accumulated over the centuries in life.

And, the task of the subject is to arm the students of the future pedagogical profession with the actual problems of family education, to familiarize them with the ideas about family education in the works of medieval thinkers, poets, educators, scientists, and teachers. Sh. Ualikhanov, Yu. Altynsarin, A. Kunanbaev, A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabaev, Zh. Aymauytov, etc. contributed to the creation of the theoretical, pedagogical and psychological foundations of Kazakh family education. made a great contribution. About the Kazakh society, the history of the family, its features, child education in it. and so on. considered in works [239 p.2].

Each nation's own cultural values of family upbringing are formed through its own peculiarities in child rearing. The peculiarity of Kazakh family education is reflected in the content and types of its folk pedagogical heritage. One of the important features of the Kazakh family is to consider child rearing as the rearing of sons and daughters. In the Kazakh culture, family owners first of all tried to be educated, moral, polite and exemplary in front of their sons and daughters. The main reason for this is "The son's shame lies with the father, and the daughter's shame lies with the mother." Educational heritage of every nation is an important sign of national culture. The emotional impact of national education is great. That is why there is a saying in the people: "Don't educate a child with your own education, educate with the education of your people." This means the formation of Kazakh virtues and national identity, and the continuation of the experience of the worldview of our people. Kazakh family attaches great importance to child education and attaches special importance to it.

The reason is that he considered the child to be the continuation and future of family and life. In the Kazakh family, the place and role of the father in raising children was special. After all, the father is the catalyst of the family, the support of its members, guardian. The behavior of the father - his relationship with others, art, education - is the goal for the child to follow and grow. That is why there are many moral teachings and proverbs about fathers in Kazakh. For example, "the father is a good man, the child is a leaf", "the child grows up looking at the father", "the father is an example for the child".

In Kazakh, if someone's child grows up to be a good and moral citizen, they say: "His father was a good man, he came from a moral place." From this, we avoid the conclusion that the son of a good father will be good, and the son of a bad father will be good. Whether a child is good or bad depends not only on his background, but also on his upbringing. Our people, who felt this early, said: "A child's being naughty comes from the house, a boy's being naughty from the dance" or "Good is born from bad, eat a leg; Good is born from bad, it's unbelievable if people say it." said.

Among the Kazakhs, fathers taught their children to art and paid special attention to the education of artists, musicians, singers, hunters, hunters, and ornithologists [115, 256 p.2].

Therefore, it has become a tradition for the child to imitate the art of the father. For example, in the life of the Kazakh people, there are often people who have been engaged in singing, singing, hunting, carpentry for up to seven generations. After that, proverbs appeared: "Can a child be born from a grandfather, can he not follow his father's path?" In the family, a person is born, matures, meets his first joys and difficulties, grows up, matures and sets out for a big life. So what is family?

What does it mean? What role does it play in society? What gives each person? Many thinkers and scientists participated in comprehensive consideration and solution of these problems. From an early age, he paid special attention to child education. Because the child is the future of the family and life. In this regard, considering the importance of raising a child in the family, since the last centuries, many scientific thinkers, poets, prominent scientists have comprehensively considered this issue in their works and scientific works.

The main goal of education provided by parents in the family is to raise a worthy generation that will continue its lineage, taking into account the child's age, personal characteristics, and mental processes. Family education, for which parents are responsible, is a continuous and mature process based on conscious actions aimed at forming children's physical and spiritual qualities. To achieve this goal, it is necessary to solve the following tasks:

- to create conditions and take care of the fate, physiological development, and health of the child;
- adaptation of all principles and methods of education, requirements for raising a child to ensure that the child feels love;
- preparing children to become full-fledged members of society, taking into account their values;
- accustoming the child to daily household chores, instilling industriousness; - educating family members to communicate properly, find a language and understand each other, listen to each other, respect and honor parents and elders;

- formation of study skills, cultured behavior;

- monitoring the child's flexibility and ability, providing guidance in choosing a profession;

- education of passion for literature, art, culture and science;

- monitoring, controlling, checking, evaluating the child's performance of tasks and requirements according to his intelligence, strength, and knowledge; - orderliness, punctuality, responsibility, thoughtfulness, etc. for communication;

- teaching self-education, independence, creativity; - oblige the child to know his social role;

- educating the child for continuity, future, future family life that will continue his family [116, 180 p. p.1]. The role of the family in the formation of a child's personality, features of education in a Kazakh family. In the "Kazakhstan-2050" Strategy for the people of Kazakhstan, N.A. Nazarbayev: "At the local level, we need to find new ways to support family, pregnancy and child-rearing. It is necessary to carefully analyze ways to strengthen marriage and family institutions and solve the problem of single mothers.

If we want to become a society with high morals, we should increase the responsibility of spouses to each other, and most importantly to their children. The basis of a child's upbringing is his family. This small social group is a school of life for a child. Parents in the family are the child's life teacher and educator. The child's future, education and culture depend on the hard work and upbringing of the parents in the family [117, 288 p.].

National education is the formation of citizens, representatives of nationalities, who are equally national and unite in unity; In addition to knowing the culture and language, he should also acquire modern knowledge. Being a role model means setting an example for others and teaching morals. A person's education, hard work, faith, exemplary behavior can serve as an example for young people. Therefore, every parent is obliged to raise their child in an educated, cultured and comprehensive manner. Morality, mutual understanding, love in the family are widely reflected in the works of the great teachers of the East, Al-Farabi, K. A. Yasawi, M. Kashkari, J. Balasaguni. Humanist educators continue these ideas to this day. Al-Farabi, J. Balasagun and others. Comensky's great Czech teacher Ya.A. It was Comenius. Problems of family education Soviet pedagogues A.S. Makarenko, A.V. Sukhomlinsky, N.K. Krupskaya and others. widely used by thinkers. Sh. Ualikhanov, Yu. Altynsarin, A. Kunanbaev, A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabaev, Zh. Aymauytov, etc. contributed to the creation of the theoretical, pedagogical and psychological foundations of Kazakh family education. Kazakh scientists made a great contribution. About the Kazakh society, the history of the family, its features, child education in it. and so on. The problem of family education is widespread in modern Kazakhstani society. For example, young people who do not know their mother tongue, clan history, culture, national traditions; abandoned orphans and "difficult" children; unmarried or divorced youth; lack of conditions and time for parenting, etc. Prevention of the above-mentioned adverse events is a complex process.

The most effective way to solve this problem is to educate children in Kazakh families taking into account their national characteristics. The definition of family service as a social institution has undergone many changes. Today, the family is a small social group, an important form of personal life based on marriage and family ties, that is, a man and a woman, parents and children, living together and running a common household. From a psychological and pedagogical point of view, the family is a historical system of relations between parents and children, spouses and other family members.

In the explanations in the Kazakh language, it is defined as "Family is a small group based on an individual, marriage, and blood relatives." The family is considered primarily as a small social group and its effectiveness depends on intragroup relations, that is, relations between family members, issues of power and leadership, conflict resolution, and intergroup interaction with the social environment.

Secondly, the special nature of the family as a small social group is associated with high affective tension and emotional "saturation" of relationships between family members, on the one hand - with love, affection, on the other - with hatred, hatred, alienation [257, p.3 ].

The main goal of education provided by parents in the family is to raise a worthy generation that will continue its lineage, taking into account the child's age, personal characteristics, and mental processes.

The task of education in the Kazakh family is a continuous educational process based on conscious and reasonable actions aimed at forming the personality of children. To achieve the goal, it is necessary to solve the following tasks:

- to create conditions and take care of the child's fate, physiological development and health;

- regulation of all principles and methods of raising children;

- preparing the child to become a full-fledged member of society, taking into account the self-esteem of the child;

- instilling industriousness, accustoming the child to daily household chores;

- show by example the correct relationship between family members, teach to respect and honor parents and elders;

- formation of learning skills and cultured behavior; - supervision of the child's flexibility and ability, guidance in choosing a profession;

- education of passion for literature, art, culture and science; - supervising, monitoring, checking, evaluating the fulfillment of tasks and requirements for the child's mind, strength and knowledge; - discipline, punctuality and responsibility education.

At the same time, Sh. Akhmetov singled out the following directions of education in the Kazakh family: - the beginning of education - education; - raising a kind child, raising a child passionate about language; - education of honesty and sincerity; - to be a connoisseur, to listen to the words of a wise old man, a teacher and a scientist who has seen a lot; - teaching to respect elders and parents is the main task. It's not a word that says no to flaws, it's a word that shows the natural flaws of strangers; The country's fortress teaches to be a hero, to serve the people, and to use one's art for it.

The relationship between family members, which has been developing for centuries and continues from generation to generation, is of great importance in the Kazakh family. We believe that the family harmony of the Kazakh people is in not saying "you" to the younger ones, not walking in front of them, and not saying inappropriate words to the older ones in front of the younger ones. the father before the son, the daughter before the mother.

Respecting the elders formed responsibility, duty and morality in educating each other. The advantage of family education lies in these relationships, which cannot be replaced by any form of education [121, 140-143 p.].

**Bibliography:**

1.Baymukanova M.T. Social-pedagogical work with family. - Astana: Parsat world publishing house, 2005. – 116,180 p.

2.Zhanazarova Z.Zh. Family sociology. - Almaty: Kazakh University, 2010. – 115,256 p.

3.Zhanazarova Z.Zh. Modern family in Kazakhstan and its problems. - Almaty: Kazakh University, 2004. - 121, 140-143 p

ӘОЖ 94.744.11

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ

**РЫСКУЛБЕКОВА Д.А.**
№ 32 орта мектептің тарих және география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается образ Абылай хана в истории Казахстана. **Summary.** The article examines the image of Abylai Khan in the history of Kazakhstan.

Абылай ел билеген кезеңінде жойқын өзгерістер жасап, Қазақ Ордасының іргесін одан әрі нығайтуды көздеді. XVIII ғасырдың қазақ тарихында алатын орны өзгеше. Бұл жүзжылдық Ұлы Дала көшпелілері өркениетіндегі бетбұрысты кезеңдердің бастауы болатын. Моңғол империясының мұрагерлері – қазақтар мен қалмақтар өзара өшпенділіктің отын өшірмеді. «Ежелгі дұшпан ел болмас» деген тәмсіл сөздер, бәлкім сол заматта айтылса керек. Тарихи текетірес. Сын сағаты. Әйгілі пәлсафалық түйінге жүгінсек: барсың не жоқсың... Нәтижесінде қалмақ қырылды, елдігінің еңсесі езілді. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» есеңгіреген қазақ дер кезінде есін жиып, жұрттығын сақтап қалды. Қаратаудың басынан құлаған қайғылы көш тарихтың жаңа асуларына қарай жанкештілікпен сапар шекті.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қатыгез уақыт Абылайдың мінезін шар болаттай шыңдады. Оны қайсар да қайратты саясаткер етіп шығарды. Жоңғар мемлекеті жермен-жексен жойылар алдында қазақ пен қытай арасындағы жер дауы біршама ушықты. 1755 жылдың жазында Қытай тарапы Абылайға шекара мәселесіне қатысты елші жіберді. Алайда Абылай Қытайдың Жоңғарияға байланысты құйтырқы пиғылын құптамады. Жоңғарлардың Цин империясына қарсы

көтерілісіне ұйытқы болған Әмірсанаға белсенді түрде көмек көрсете бастады. Қазақтар жаугершілік уақытында Жоңғария қолында қалып қойған жерлерін қайтарып алуға мүдделі болды. 1756 жылдың көктемінде қазақ жасақтары Жоңғарияның ішкі аймағына жорық жасап, қытай әскерімен бетпе-бет келді. Бұған ызаланған Цин императоры қазақтарға қарсы жауапты жортуыл жасау жөнінде бұйрық берді. Орта жүздің қоныстарына екі жақтан – оңтүстіктен және шығыстан кіру көзделді. Сонымен қатар қытай әскерлері Абылайдың маңайында жасырынып жүрген Әмірсананы қолға түсіруді қалады. Бірақ қазақ жасақтары тұтқиылдан шабуылдай отырып, Қытайдың екі армиясының қосылуына мүмкіндік бермеді. Қытай әскерлері кері қайтуға мәжбүр болды. Осы оқиғалардың барысында абыройы асқан Абылайдың билеушілік болмысына Алексей Левшин былай деп сипаттама береді: «Көпті көргендігімен, айлакерлігімен, әккілігімен, парасатымен, қол астындағы халық санының басымдығымен, Ресей патшайымымен, Қытай боғдыханымен тікелей орнатқан қарым-қатынасымен үзеңгілес қазақ билеушілері арасында даңқы үстем болған Абылай Орта жүз билеушісі мәртебесіне лайықты қасиеттерді бойына жинақтай білді. Қабілетіне сенімді болған ол жақтастарын салмақты қалпымен, мұқият іс-қимылымен тарта білді; қабілет-күшімен жауының мысын басты және қажет кезде бірде орыстың, енді бірде қытайдың құзырында екенін мойындағанымен, шын мәнінде тәуелсіз билеуші бола алды»[1, 23б.].

Абылай көшбасшылық кемеңгерлігімен ғана емес, қолбасшылық қабілетімен де үзеңгілестерінен оқ бойы озық еді. Бөгенбай мен Қабанбай бастаған атақты батырлар керек кезінде оның ақылына жүгініп, беделіне арқа сүйеді. Абылай Ресей мен Қытайдың бейтараптығын оңтайлы пайдаланып, Ташкент пен Ходжент жорығына аттанды. Сөйтіп Жизаққа дейінгі қазақтың жеті қаласын азат етті. Хандықтың шекарасын шығыста Алтайға жеткенше, солтүстікте Тобылдан әрі, ал оңтүстікте Ташкентке дейін кеңейтті. Жеңісті де жемісті әскери жорықтары оның даңқын жайып, атын аңызға айналдырды. Абылайдың салиқалы да сауатты саясатының нәтижесінде ішкі саяси ахуал тұрақтанып, Шыңғыс әулеті мен ақсүйектердің өзара тартысы тыйылдды, қазақтың барша этникалық территориясы азат етілді Шоқан Уәлихановтың: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған», – деп жазғаны белгілі[2, 30б.] Ханның ішкі және сыртқы билігінің бар мазмұны халықтың тұтастығына бағытталған еді. Сөйтіп ол жасампаз әрі стратег, дана билеуші және саяси көшбасшы ретінде танылды. Оның шебер саяси амалдары күштеп отарлауға, мемлекеттің бүтіндігін бұзуға қарсы тұрды.

Ел ханына сенді, хан елдің үмітін ақтай алды. Қазақ халқының жадында ол осындай сипаттарымен сақталып қалды. «XVIII ғасырдан бастап, – деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» атты еңбегінде, – Орталық Азияның түркі тектес халықтары ұдайы жалғасып, тереңдей түскен экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дағдарыстар кезеңіне душар болған әрі өз аумақтарын отаршылдық саясат есебінен кеңейте түсуді көздеген мемлекеттердің оңай олжасына айналған»[3, 42б.]. Осы кезеңде Қазақ хандығы солтүстікте Ресей патшалығының, шығыста Қытай империясының, оңтүстікте Қоқан, Бұқара, Хиуа билеушілерінің, ал батыста қалмақтардың қыспағын көрді. Ел басына күн туған сын сағатта тарих сахнасына шыққан Абылай елдік жауапкершілікті өзі де алды, би-батырларға да лайықты жүктей білді. Сол замандағы халық ерік-жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның жеке тұлғасынан, ұстаным-қасиетінен көрінді. Батырларымен тізе қосып, қаһармандықтың ерен үлгісін көрсетіп, халықтың ұйытқысы болған Абылай ханның ерліктері тар заманда ел рухын қайта түлетудің алтын арқауын құрады. Бұдан басқа елдік қыруар жұмысты хан әміріне сай жүйелей білген ұлттың рухани көсемдері – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер сыртқы және ішкі алауыздықтарға төтеп беріп, Абылай ханмен бірлесіп, ұлтты ұйыстырып, бір мұратқа топтастыру жолында қызмет етті. Абылай хан секілді елдікті ойлаған тұлғалардың арқасында қазақ мемлекетінің негізі нығайып, елдік тұтастық пен бірлік ұрпаққа мұра етілді. Бұл – Қазақ елінің ғана таңдауы мен мүддесі ғана емес, әлемдік үйлесімділік пен мемлекеттік дербестікті тең ұстаған тарих пен демократияның таңдауы мен мүддесі. Осы тұрғыдан алғанда, Абылай заманының бай әрі 24 күрделі тарихын зерттеудің және талдап қорытудың танымдық, сындарлы мәні арта түседі. Ресеймен достық қатынастардың негізін қалаған да, Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастардың негізгі қағидатын бекіткен де Абылай хан.

Саяси-құқықтық құрылым тұрғысында, далалық мемлекет тарихын ру-тайпалық құрылым мен жұрт қоныстануының территориялық-кеңістіктік шекаралары ерекшеліктерінен тыс зерттеу қисынсыз. Егер ерекшеліксіз зерттелсе, «қазақтардың дәстүрлі мемлекет моделі болмаған» деген жаңсақ пікір өрістеуі мүмкін. Далалық мемлекеттің табиғатын жете түсіну үшін «мемлекет» және

«мемлекеттілік» ұғымдарының арақатынасын саралау керек. Себебі мемлекеттілік туралы мәселе – бұл бір аймақты екіншісінен бөліп тұратын әлеуметтік кеңістіктің әуелгі шекарасы туралы мәселе. Демек, қазақ мемлекеттілігі Қазақ хандығы аясында шектеліп қалмайды. Өйткені біздің мемлекеттілік ұғымымыз қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуын ғана емес, түркі этносының ғұмырында ұзақ жылдар бойы жүріп келген мемлекеттік-құқықтық үдерістерді де меңзейді. Ендеше, қазақ мемлекеттілігін теория жүзінде ұғыну үшін мемлекеттік билікті генезисінен, ертедегі дала мемлекеттерінен бастап, қазақ хандарының жаңғыртуларына дейін зерттеу қажет. Абылайдың алға ұстаған саясаты,мақсаты-қазақ халқының бостандығы мен тірлігі,мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді.Сол ұлттық мүдде бүгінгі күні орындалды десек те болады.Мақсаты қазақ халқының бостандығы мен бірлігі,мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді. Геосаяси тұрғыда Азия мен Еуропаның ортасында орналасқан ірі аймақтық мемлекет Қазақстан өзінің айналасында өзара қауіпсіздік,егемендікті құрметтеу,территориялық тұтастық,татуластық қағидаларына негізделген саяси мықты құрылымды құруға мүдделі.Егемендігіміздің 30 жылы ішінде Қазақстан мемлекеті өзінің көп ғасырлық тарихын жаңғыртып,қазіргі халықаралық саяси аренада өз орнын айқындап, ішкі және сыртқы саясатта,басым бағыттарды анықтауда.Осы тұрғыдан қарастырғанда еліміздің халықаралық байланыстарының қалыптасуы мен қазақ дипломатиясының даму тарихын ғылыми талдаудан өткізу еліміздің сыртқы саясатының дұрыс дамуына жол ашатындығына күмән жоқ. Қазақ халқының көрші мемлекеттермен қарымқатынасы әрбір заманның ерекшеліктеріне сай түрлі бағыттарда жүргізіліп отырғандығы тарихтан белгілі.

Қазақстанның саяси тарихында оның халықаралық қарым-қатынастар деңгейіндегі орны мен ролі,шет мемлекеттердің Қазақстандық тәжірибеге қызығушылық танытуы мен оның тарихи мәселелері уақыт жылжыған сайын өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Айтылған мәселердің ішінде саяси бағыттары мен бағдарламалары әрбір мемлекет үшін маңызды үдеріс болып табылады. Абылайдың Ресей патша өкіметінің және Циндік Қытаймен белсенді елшілік және сауда байланыстары ұтымдыжүргізуі, оның ішкі саясаттағы қазақтардың мемлекеттілігін нығайтуға бағытталған іс – шаралары қазақ 26 хандығының халықаралық беделін және Абылайдың өзінің Орта Азиялық халықтары арасындағы саяси өміріндегі ролін жоғарылатты. Абылайдың қамқорлығына қарақалпақтар, башқұрттар мен қырғыздар барлық уақытта мұқтаж болды. Сонымен Абылайдың мемлекеттік қайраткер ретіндегі ішкі және сыртқы саясаты, көзқарасы тек қана бір ғана ұлы мақсатқа – қазақ халқының, қазақ жүздерін бір орталыққа бағынған тәуелсіз мемлекет аясынаж біріктіруге бағытталынды. Себебі ол мақсат жасампаздық нұрлы жол, Мәңгілік Ел сипатында еді. Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында да сонау Абылай хан тұсындағы қазақ даласының тарихымен үндес, сол тұстан бастау алатын күрделі де сындарлы мәселелер аз емес. Олардың қатарында мемлекетіміздің нығаюы, дамуы, еліміздің халықаралық сахнада өзіне лайықты құрметті орынды иеленуі, өзінің геосаяси жағдайының артықшылықтарын пайдаланып, таяу және алыс елдермен көпжақты сыртқы саяси бағыттағы қарым – қатынастарды дамытуды атауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Левшин А.И. Қыргыз-қайсақтардың ордасы мен даласының сипаттамасы.І-т.СПБ.,1832.
2.Уәлиханов Ш.Шығармалар жинағы Іт,Алматы,1985ж.
3.Назарбаев Н.Ә.Тарих толқынында.-Алматы.1999ж.

ӘОЖ 94.361.023

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

**БАЙБОЛСЫНОВА Ж.Б.,**
Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы
**ЖУНДИБАЕВА А.К.**
Мақсұт Жылысбаев атындағы №14 жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены статистические данные связанные с историей Казахстана

**Summary.**The article discusses statistical data related to the history of Kazakhstan

«Статистика» ұғымы XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болып, алғаш рет Германия университетінде пән ретінде қолданылады. Ол кездерде статистика мемлекеттің жетістіктерін, ерекшеліктерін көрсететін таным ретінде бағаланған еді. Жалпы «статистика» ұғымы латын тілінің «Status» деген сөзінен шығып, белгілі бір заттардың жағдайы, күйі дегенді білдіреді.

Қазіргі ғылымда оған мынадай анықтама берілген: Статистика дегеніміз – қоғамдық өзгермелі құбылыстардың сандық жағын (сапасымен байланыстыра отырып) арнайы тәсілдерді қолдану арқылы зерттеп, олардың сандық жағын бейнелейтін, сандық жағындағы заңдылықтарды ашатын ғылым саласы.

Келтіріліп отынған анықтамадан статистиканы қарапайым және күрделі мағыналарда түсінуге болады. Қарапайым немесе тар мағынада статистика – қоғамға кең таралған қоғамдық құбылыстардың сандық жағын зерттейтін таным түрі. Ал күрделі немесе кең мағынада статистика – кез келген салаға жататын қоғамдық құбылыстарды бір жиынтыққа жатқызып, арнайы белгіленген әдістерді қолдана отырып, олардың сандық заңдылықтарын ашатын таным немесе ғылым саласы.

Статистика – қоғамның, қоғамдық құбылыстардың бет-бейнесі, айнасы ғана емес, қоғамдағы кейбір заңдылықтарды ашуға тәсіл көрсете алатын құрал немесе таным түрі. Оның әдістері арқылы өзге ғылымдар өз міндеттерін тиімді іске асыра алады. Статистика – қоғамдағы құбылыстарды нақты бір уақытқа және кеңістікке қарай сандық жағын зерттейтін ғылым саласы. Оның басты мақсаты – сол құбылыс туралы сандық мәліметтерді шығарып, қоғамдық осы тұрғыдағы қажеттілігін қамтамасыз ету. Яғни, мемлекетті статистикалық мәліметтермен қамтамасыз ету және ол құбылыстардың сандық жағынан дұрыстығын, заңдылығын ашып беру. Демек, статистика сапа мен санды қатар қолданады. Ол өзінің міндетін математикада дайындалған, сонда пайдаланатын есептеу тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырады. Нәтижесінде математиканы емес, қоғамдық құбылыстардың белгілі бір уақыттағы және кеңістіктегі сандық мәліметін жариялайды, оның өзге құбылыстармен қатыстылық деңгейін анықтайды[1, 17б.].

Кез келген мемлекет өз аумағындағы барлық салаға есеп жүргізеді және сол есептің көрсеткіштеріне қарай ол салаларға байланысты алдағы міндеттерін анықтап, сол құбылыстардың нәтижесі туралы саясатын белгілейді. Яғни, статистика – қажеттілікпен пайда болған, барлық ғылымдарға ортақ сала.

Жалпы, «статистика» сөзі көп мағыналы. Деректану ғылымының өзінде ол үшін кең мағынада кездеседі, оларды нақты айыра білу қажет. Біріншіден, статистика деп (статистикалық ақпарат) – статистикалық өңдеуге ұшыраған кез келген қайталанатын мәліметтерді айтады. Екіншіден, түрлі ғылымда, сандық зерттеулерде қолданылатын математикалық әдістің ғылыми түрін атайды. Үшіншіден, ол – тарихи деректің бір түрі.

Бұл тарихи деректің есепке алынатын, тіркелетін құжаттардан айырмашылығы, статистикалық мәліметтер кез келген басқарманың шешімі үшін, кез келген аймақтағы ұзақ уақытқа жоспарланған саясаттың шешімі үшін де, қоғамдық процестердің даму үрдістерін анықтау үшін де маңызы зор. Ол мәліметтер ең алдымен өзіндік әдіс-тәсілдермен жинақталады, кейіннен арнайы маман статистиктер арқылы өңдеуден өткізіледі де, кез келген салада нақты шешім қабылдауға көмектеседі. Өйткені, осы деректер арқылы кез келген аймақтағы түрлі саланың (ауыл шаруашылығы, демография, әлеуметтік-экономикалық) сандық дамуы айқындалып, оның жағдайы төмен, орташа немесе жоғары екендігі анықталып, соған сай шешімдер қабылданады.

Статистикалық деректердің басты құндылығы – олар зерттеушіге кең көлемде (массовый) мәлімет береді. Оларды әр салада дұрыс пайдалана білу зерттеушіге тарихи құбылыстардың бірегейлігін, сабақтастығын ерекшелігін оларға тән тарих ғылымының дамуындағы заңдылықтарды анықтауға көмектеседі.

Статистикалық деректерге статистикалық зерттеудің барлық сатысында пайда болған мұрағат деректері мен жарияланған материалдар жатқызылады.

Мұндай материалдарға тек қана жарияланған статистикалық еңбектер мен алғашқы өңделмеген статистикалық мәліметтер ғана емес, оған сол статистикалық зерттеудің арнайы зерттеу бағдарламасы, зерттеуге қатысты нұсқаулар (инструкция) мен ағымдағы тіркеуге байланысты құжаттар, алғашқы тіркеу құжаттары (оған тіркеу карточкасы, бланкілер, анкета, формулярлар, ведомосттер, түрлі есептер мен бухгалтерлық есептер, схемалар және т.б. құжаттар

жатқызылады). Статистикалық зерттеудің мақсатын және мәліметін алу әдіс-тәсілін анықтайтын бағдарламалар, арнайы нұсқаулар және т.б. құжаттар статистикалық зерттеудің дерегі бола алады. Өйткені, барлық статистикалық зерттеулердің мақсат-міндеттері, нәтижелері мен соңғы қорытындысы басылып, жарияланған статистикалық жинақтардың сапасы осы құжаттардың мазмұнына тікелей тәуелді болады.

Статистикалық зерттеулер алдын ала ұйымдастырылады. Оның ең алдымен арнайы бағдарламасы қабылданады. Бұл бағдарламада зерттеудің мақсаты мен міндеті, зерттеуге қажет обьектілер нақты мәселе ниетіндеқойылады. Осы бағдарламаға негізделіп арнайы сауалнамалар, анкеталар, карточкалар жасалды. Зерттеу жұмысына қатысатын топтың құрамы анықталып, олардың жалақылары бекітіледі. Осы жұмыстардан кейін арнайы топ статистикалық мәліметтерді жинақтап, өңдеп, жариялап, қажетінше пайдаланып отырады. Міне, осы статистикалық зерттеулердің негізінде статистикалық деректер пайда болады. Әрине, бұл деректердің мазмұны, белгіленген мақсат-мүддесі, міндеті де әртүрлі болатыны хақ[2, 36б].

Ресей империясының статистикалық негізі XVIII-XIX ғ. Ізжартысында қаланды. Бірақ ол кездердегі статистиканың өрісі тар еді, өйткені, мемлекеттік басқармалар тек мемлекеттің мүддесіне қажетті деген құбылыстарды ғана зерттеу нысаны етіп алды. Тек 1860 жылдан бастап Орталық статистикалық комитеттің құрылуы, статистиканың жаңа сатыға көтерілуіне жағдай жасады. Осыдан кейін халық санағы, өнеркәсіп, ауылшаруашылық санақтар жүргізіліп, онда жинақталған ақпараттар баспадан жарық көріп отырды. Статистикамен тек қана мемлекеттік мекемелер ғана емес, онымен акционерлық қоғамдар мен кәсіпорын ұйымдары айналысты.

Ресейдің мемлекеттік статистикасының құрылысы кең болды. Тиісті материалдарды жинақтап, өңдейтін әр мекеменің статистикалық бюросы болды. Ішкі істер министрлігінде орталық комитет жұмыс істеді, провинциядағы ұйымдарға губерниялық, облыстық статистикалық комитеттер қызмет етті. Белгілі статистик маман А.А.Кауфман осы кезеңдегі статистиканы 3 түрге бөлді: мемлекеттік, жеке және земстоволық. Оның ішінде мемлекеттік статистика халық санағын жүргізді. Жеке статистика жеке бір адамның ұйымдастырған статистикалық зерттеуін құрады. Мұндай статистиканың ерекшелігі терең зерттеу жұмыстарынжүргізе алғанымен, кең аумақты аудандарға немесе әлеуметтік көпшілікке өз қызметін көрсете алмайды. Алземстволық статистикада осы екеуінің зерттеу әдісін белгілерін өз бойында сақтап, мемлекеттік статистика сияқты нақты зерттеулер жүргізе алды.

Статистикалық ақпараттарды жинау мен өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру тәсіліне қарай статистиканы 4 топқа бөлуге болады: бөлек ведомстваларМен жинақталатын статистика: Орталық статистикалық комитеттің статистикасы: земство статистикасы; ғылыми мекемелердің ғылыми мақсатта жинайтын статистикасы.

1864 жылы земство реформасы жүргізілді, осыдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару органдары – земстволар құрыла бастады. Олардың басты міндеті шаруалардың экономикалық жағдайын терең зерттеу болды. 1871 жылдан бастап земствода статистикалық мекемелер дерлік статистикалық органдар құрылды. Земстволық статистиканың ең маңызды міндеті – жылжымайтын мүлікті бағалау және ең алдымен жерді бағалау болды. Әрбір земстволық статистикалық мекеме кішігірім ауданды зерттеу нысаны ретінде алғанымен, ол бүкіл Ресей бойынша материалдар бере алды.

XIX ғасырдың 70жылдарыда земстволық статистика 2-ге бөлінді: негізгі және ағымдағы. Негізгі статистикалық зерттеулер белгілі бір уақытта жүргізілді. Ал ағымдағы статистикалық зерттеу күнделікті жүргізілді. Негізгі статистикалық зерттеулер экспедиция әдісімен жүзеге асырылды. Ал ағымдағы зерттеу анкеталар мен сауалнамаларды жан- жаққа жеткізу арқылы мәліметтер жинақтады. Әрине, бұл ретте мәліметтердің сапасы, шынайылығы жағынан негізгі статистикалық зерттеу жұмысының маңызы зор еді. Өйткені, олар арнайы экспедиция арқылы, сол зерттеленетін аймақта болып, жұмыстың басынан соңына дейін сонда мәлімет жинаумен айналысады.

Земстволық статистиканың материалдары - XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында тарихтың көптеген мәселелері үшін құнды дерек көзі болып табылады. Оларға әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихқа байланысты құнды мәліметтер баршылық. Олардың құндылығы да сапасы да жоғары. Жарты ғасырдың ішінде земстволық статистикалық органдар 100-ден аса түрлі зерттеулер жүргізіп, 1000- нан аса зерттеу материалдарын жариялады. Бірақ бұл бай материалдар әлі күнге дейін мұрағат сөрелерінде, жарияланған кітаптарда шаң-тозаңда құрып жатыр. Әрине, бұл келеңсіздік осындай көпкөлемді мәліметтермен жұмыс істеудің қиындығынан туындап отырғандығы сөзсіз. Сондықтан да мұндай деректердің ерекшелігінен

шыға отырып, арнайы зерттеу әдіс-тәсілі мен оларды тарихизерттеулерде пайдалау әдісін жасау қажет.

Статистиканың әдістері дегеніміз – әлеуметтік, қоғамдық құбылыстардың сандық жағы туралы қорытылған, қойылған мақсатқа сәйкес сандық көрсеткіштерді алу үшін, міндетті түрде жүргізілетін осы саладағы ерекше қызмет жүйесі. Ол 3 түрлі кезеңнен тұрады:

1.Жаппай бақылау;

2.Мәліметтерді жинақтау және топтастыру;

3.Топтастырылған немесе өңделген мәліметтердің көрсеткіштеріне талдау жасау [3, 45б.]

XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басында патшалық Ресей империясының тарапынан көптеген санақтар мен статистикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде сол кезеңдегі қоғамдық өмірдің сан қырына байланысты көлемді статистикалық мәліметтер жинақталды. Олар арнайы өңделіп, біразы жинақ ретінде басылып шығарылды. Мәселен, жер және мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан 1896-1903 ж. Қазақстанның Далалық 3 облысында Ф.А.Щербина бастаған. 1907-1909 ж. Ақмола облысына В.Кузнецов бастаған. 1906-1913 жж. Сыр-Дария болыстарына В.С.Скрыплев бастаған. 1904 жылы Торғай-Орал облыстарына П.Хворостанский бастаған зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Олардың ортақ мақсаты келімсектерді қазақ жерінен «артық» деп табылған жерлеріне қоныстандыру арқылы патша үкіметінің отарлау саясатын жүзеге асыру болатын. Бұл зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақтардың жер пайдалануы, шаруашылығы, мал саны, адам саны, егіндік-шабындық жерлері туралы бай статистикалық материалдар жинақталып, олар кітап ретінде жарық көрді. Олардың мәліметтері әлі күнге дейін арнайы, ұлттық тұрғыда деректанулық талдаудан өтпей, тарихи зерттеулерде де көп пайдаланып жүрген жоқ.

Кез келген тарихи жазба деректі пайдалану үшін оны сыни тұрғыда бағалау қажет, яғни, оның пайда болуын сынау (қашан, қайда, кім, қандай мақсатта және қандай деректердің негізінде жасалғандығын) анықтау; шынайылығын анықтау (дерек түпнұсқа ма, көшірме ме немесе жасанды бұрмалаған ба); мазмұнын талдау (деректе қандай мәселелер қарастырылған, қандай фактілер кездеседі, олардың шындыққа жақындығы мен интерпретациялау). Осындай деректанулық талдаудан кейін ғана деректің жарамдылығы мен тарихи зерттеулерге пайдалануға болатындығы анықталды. Осы процестерден кейін ғана зерттеуші деректердегі мәліметтерді талдауға, осы мәліметтерде көрініс тапқан фактілер мен құбылыстарды теориялық жағынан меңгеруге бағыт алады. Енді осы зерттеу схемасын статистикалық деректерге пайдаланып көрейік.

Статистикалық деректерді пайдалануда зерттеуші ең алдымен жарияланған статистикалық жинақтарға көңіл аударады. Бұл ретте «Қазақтардың жер пайдалану материалдары...» дерегін аламыз. Мұндағы статистикалық мәліметтерді арнайы маман-статистиктер өзіндік әділ-тәсілдермен жинақтап, белгілі бір жүйеге келтіріп, өңдеуден өткізіп қойған. Алайда, бұл мәліметтердің шынайылығын, ондағы басты концепцияны анықтау үшін – деректің пайда болуын анықтау қажет. Өйткені, деректің пайда болуын анықтау деректің ішкі мазмұнына, мақсат-міндетіне әсер еткен факторларды айқындауға көмектеседі. Ал оны тек қана осы статистикалық зерттеуді ұйымдастыру тарихынан және сол аймақтағы, сол кезеңдегі ғылымның жалпы жағдайын білгенде ғана іске асады.

Статистикалық деректерді зерттеу үшін, ең алдымен ол статистикалық мәліметтерді жинақтау үшін құрастырылған бағдарламамен танысу қажет. Зерттеу бағдарламасы деп бақылау жүргізу кезінде жиынтықтың әрбір бөліктерінен алынуға тиісті, ғылыми негізделген белгілердің тізімін айтамыз. Оның маңызы тіркеуге жататын құбылыстардың тек өзін ғана анықтамай, сонымен бірге тіркелген бірліктерден топтастыруға қажетті белгілерді анықтауды білдіреді. Бағдарламада көрсетілетін сұрақтар зерттеу обьектісінің түріне және статистикалық мәліметтің қолданылу аясына қарай анықталады. Осы тұста бұл бағдарламаны кім және қандай мақсатта құрастырғанын анықтап алу маңызды. Ал бұл мәліметтер кез келген статистикалық деректердің алғысөзінде немесе бағдарламасында айтылады.

Көріп отырғанымыздай, бұл экспедиция қазақ қоғамының бүкіл қырынан құнды да, бай мәліметтер береді. Осы дайын бағдарлама қазақ жерін зерттеу экспедицияларына негіз болды. Оның негізінде Ақмола, Семей, Орал-Торғай, Сырдария, Жетісу облыстары зерттелді.

XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басындағы қазақтың кең байтақ жерін зерттеу экспедицияларының нәтижесінде осындай көп көлемдегі статистикалық деректерді дұрыс есептеу, оның шынайылығын айқындау сол кезеңдегі қазақ қоғамының сан қырынан сапалы да, құнды сандық мәліметтер беретіні хақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).Очерктер . –Алматы., 1994.

2.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 1-2 томдар.– Алматы, 1996 ж..

3.Омарбеков Т.О., Омарбеков Ш.Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы, 2005

ӘОЖ 91.333. 45

## ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**ИСАКОВА А.М.**

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены эффективные способы использования инновационных технологий по географии

**Summaru**. The article discusses effective ways of using innovative technologies in geography

Еліміздің тәуелсізді калып ұлттық даму жолына түсуі білім беру ісін жолға қоюды талап етіп, әлеуметтік маңызды істерді жолға қоюды талап етті. Осы маңызды талаптардың бірі білім беру жүйесін ақпараттандыру. Бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғышарттарының бірі әртүрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Солардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың негізгі көзі сабақ барысында компьютерді пайдалану, интерактивті тақталарды қолдану болып табылмақ.

География ғылымы өте қызықты да күрделі. Осы пәнге қызықтыру арқылы, оқушыға географияның күрделі құбылыстары мен заңдылықтар мен заңдылықтарын ұғындырып сапалы білім беру мұғалімнен үлкен шеберлікті оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді. Ұрпақ тәрбиесі - ел алдындағы маңызы зор міндет. Оқу мектеп жасындағы оқушылардың негізгі таным әрекеті, оқушының жалпы психикалық дамуына, мектептегі оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты болады. Оқу әрекеті-күрделі, жан-жақты үрдіс. Оқушының ақыл-ой еңбегі жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты іске асырылып отырады. Оқыту әдістері мектеп педагогикасында талас тудырып жүрген өте күрделі мәселелердің бірі. Көптеген авторлардың пікірінше, оқыту әдісі-оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру тәсілі.

Ю.К.Бабанский оқыту әдістерін 3 негізгі топқа бөлді:

а) оқу-танымдық әрекетті жүзеге асыру және ұйымдастыру әдістері;

ә) оқу-танымдық әрекетте мотивация және реттеу әдістері;

б) оқу-танымдық әрекеттегі бақылау және өзіндік бақылау әдістері.

Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсендік, яғни оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласы, құштарлығы қалыптасады. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқуы, сарамандық жұмыс жасау сияқты жұмыстар істеу керек.Өйткені,өтілген материалды саналы қайталауда,жаңадан білім алуда,оның жолдары мен дағдыларына үйрену белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни, оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет. Оқыту-мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу-оқушының белсенді әрекеті.

Академик Ю.Н.Баранский өзінің «оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегіде (1982 ж. Просвещение) танымдық әдістерді мынадай 2 топқа жинақтады:

1.Оқушылардың оқу-таным қызметтерін ұйымдастыру әдістері.

2.Оқу-танымдық қызметінің тиімділігін бақылау әдістері [1, 23б.]. Ауызша баяндау құр жалаң сөз болмауы керек. Сабақты түсіндіргенде Шаталов әдісімен тірек-сызбаларды сызу. Венн диаграмасы салыстырмалы сипаттама жазу әдістері, тақырыптағы негізгі ойды білдіретін сөздерді тауып, сараптама жасауға дағдыланады.

2.Көрнекілік әдісін (табиғат құбылыстарын тікелей бақылау,көрнекі құралдар және иллюстрациялармен,картамен жұмыс. Көрнекілік сабақтың танымдық құндылығын арттырады. Көз бен көріп, қолмен ұста дегендей әр сабақта картамен жұмыс оқушының карта бетіндегі географиялық нысандардың есте сақталуына ықпал етеді. «Атағаныңды картадан көрсет, көрсеткеніңді ата» деген географиялық ереже бекер айтылмаған. Номенклатура жаттау үшін «Орныңды тап», «Тізбекпен жүр», «Ендік, бойлық» т.б. танымдық ойындар ойнатылады.

Оқушының танымдық қызығушылығын табиғат құбылыстарына тікелей бақылау жасау арқылы арттыру маңызды.

3.Сарамандық жұмыстар әдісі. (Тақырыптық карталарды салыстыру,статистикалық мәліметтерді өңдеу, географиялық әдебиеттермен, хрестоматиялық жұмыс, географиялық дәптермен жұмыс). Оқу материалын оқып-үйрену кезінде оқушылардың таным белсенділігі жоғары болатын сабақ қана білімнің сапалы көрсеткішін береді.Ол үшін осы аталған әдіс-тәсілдердің ішінен таным қабілетін күшейтетін түрі таңдалып алынады.

Негізгі көңіл бөлетін жағдайлар:материалдардың мазмұны қолдағы құрал-жабдықтар географиялық білімнің жүйелілігі [2, 32б.].

Географиялық білім берудің басты құралы-сабақтың мазмұны ешуақытта төмендемек емес, керісінше, оқушының өздігінен білім алу мүмкіншілігін жүйелі әрі сапалы деңгейге көтерудегі рөлі күннен-күнге жоғарылауда. Қазіргі кездегі сабақтың ең басты көрсеткіші ретінде төмендегі педагогикалық шарттардың орындалуын атауға болады:

-Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың өзара түсінушілікке негізделуі;

-Оқушылардың таным әрекетін өздігінен дамытуға күш салуы;

-Оқушылардың пәнге деген шығармашылық қызығушылығын, ойын элементтерін және т.б. енгізу арқылы арттыру.

Бір сарынды сабақ түрлері, ең алдымен оқушының ынтасы мен сол пәнге деген қызығушылығын төмендетеді.Ойлау белсенділігін,танымын тежейді. Географиядан білім дағдыларын меңгерту, қызықтыру, ойлау,жеткізіп айту, есте сақтау ерекшеліктерін дамыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер іздестіріледі.

-картаны оқу және беттестіру;

-оқулықпен жұмыс жүргізу;

-кесте, график-диаграмма, тірек-сызба құру;

-диктант;

-тесттік жүйе;

-өмірлік материал;

-баспасөз, ақпарат материалдары;

-реферат, дәріс дайындату;

-халық педагогикасы жолдарын пайдалануға болады.

Оқушыларға ынталандыру, географиялық білімдердің құндылығын түсіндіру, оларды меңгеруі үшін қосымша материалдардың маңызы зор. Оқушылардың ынталарын қалыптастыратын қосымша материалдарға мыналарды жатқызуға болады:

-Географиялық білімнің адам өміріндегі рөлі;

-Табиғат компоненттері мен табиғат кешендерінің адам тіршілігі мен шаруашылығындағы маңызы, табиғатты қорғау және оны ұтымды пайдалану жолдары. Қосымша материалды пайдалану арқылы оқушылар жергілікті жер материалдарын пайдалануды керек етеді. Географиялық білімді күнделікті тиімді қолдана білу, өз жеріндегі табиғатты шаруашылық және экологиялық жағдайды бағалауға септігін тигізеді;

-Туған өлкеге дүниежүзінің географиялық бөлігі ретінде қарау. Өз өлкесінің табыстарын мақтаныш ету және оның проблемаларын шешуге өздерінің үлесін қосу;

-Ақпараттың алуан түрлі көздерін картамен, географиялық суреттемелермен ,сипаттамалармен баға бере білу іскерлігін шыңдау.

Географиялық білімнің маңызды көзі-географиялық картаны оқып,үйрену,георафиялық сипаттағы мағлұматтарды ала білу дағдыларын дамыту, қалыптастыру.

Қосымша материалдарды пайдалана отырып, оқушы білімін күнделікті өмірге, тіршілікке қолдана білуді, географиялық, саяси, экономикалық ақпарат көздерін,карталарды,еңбек пен тұрмысқа қатысты міндеттерді шешу үшін есептеуіш техниканы пайдалана білуді, тұрған жеріндегі табиғи шаруашылық жағдайды бағалай білуді меңгеру. Оқушылардың байқағыштығын,есте сақтау, сөйлеу, қиялдау, азаматтық бейнесін жасау, қоршаған

ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдау, өмірге шынайы көзбен қарау,өзін және білімін жетілдіріп отыру,қабілеттерін дамыту.

География пәнін оқытуда тақырыптың мазмұнына сәйкес күнделікті ақпарат хабарларды, теледидардан көрсететін жаңалықтарды көруді оқушыларға міндет етіп қойдым. Баланың танымдық қасиетін, зейінін, зердесін дамытудағы материалдар үлкен көмек береді. Оқушы білімін дамыту үшін география сабағында танымдық әрекетін дамыту атты материалдарды барлық сыныптарда пайдаландым.

Мектепте «Литосфера» тарауын өткен уақытта Венн диаграммасын толтыртып отырдым.

1) Жанартау деген не? Жанартау мен жер сілкінісінің ұқсастығы мен айырмашылығын оқушылар тақтаға толтырды.

Жанартау ортақ белгісі мен айырмашылығы Жер сілкінісі «Өзендер» тақырыбын өткен кезде оның бөліктерімен таныстыру, өзен ағысының жер бедеріне байланыстылығы, өзен жүйесі, алабы, суайрық және қоректенуі жайлы ақпарат беру. Мұнда гидросфера туралы білімді тереңдетіп, картамен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ерекше сипатта баса назар аударған жөн. Сабақта «Су-тіршілік көзі», «Судың да сұрауы бар» нақыл сөздері арқылы суды ретсіз ысыраптамау,оны үнемді, тиімді пайдалану қажеттілігін түсіндіре отырып, оқушыларды табиғатты аялауға, қорғауға баулу жүзеге асырылады. Осы «Өзендер» тақырыбын өткен кезде картаның маңызы ерекше. Өзеннің ағысы мен салаларын картадан қалай анықтаймыз? Мысалы: Миссисипи өзенінің бастауы мен сағасы қандай биіктікте жатыр? Бұл үшін горизонталь бағыттарды білу керек. Картадан горизонталь айқын байқалады.Ақшыл сары бояу 500 м, ал жасыл бояу 200 м көрсетеді. Географияның екінші тілі «Атағанның бәрін картадан көрсет,көрсеткеннің бәрін ата» деген ережені есте сақтау керек [3, 33б.].

8-10 сынып оқушыларына көбінесе танымын терңдету үшін көп ізденіп ғылыми-еңбектерге сүйеніп отырамын. Жоғарғы сынып үшін тірек-сызбаның маңызы зор.Оқушылар әр сынып сайын термин сөздерге дәптер бастап отырады. Бұл оқушыға өткен білімге қайталап соғуына ықпал етеді. Оқушы-таным деңгейін дамытуда деңгейлік тапсырманың маңызы зор. Сондықтан оқыту жүйесіндегі өзекті мәселе-мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі, бекітуі, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру тәсілдерін ұтымды пайдалануы деп түсінемін. Олай дейтінім: оқу үрдісінің негізгі күші ұстаз бен оқушының біріккен танымдық іс-әрекетінің жиынтығы болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда білім беретін мектептердің міндеті өзінің талантын танып және оны таныта алатын жан-жақты тұлға қалыптастыру болып табылады. Ол үшін ең алдымен, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің маңызды жақтарына көп көңіл аударуымыз қажет. Танымдық белсенділік мәселелік сұрақ,берілген тапсырманы талдау, салыстыру, жинақтау және ғылыми болжам жасату арқылы туындайды.Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық іс-әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін мұғалім сабаққа әр түрлі бейнелі көрнекіліктерді, тірек-сызбаларды қолдануы керек.

Егеменді еліміздің парасатты азаматын қалыптастыруда ауыл мектебінің де қосар үлесі зор.Өркениетті елдер деңгейіндегі білім мен тәрбие беру, ойлау қабілеті,рухани байлығы жоғары мәдениетті, бүгінгі күн талабына сай іскерлігі мен біліктілігі жоғары деңгейдегі азаматты тәрбиелеу мектеп мұғалімінің де басты мақсаттарының бірі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметов Е.А., Бердығұлова Г.Е.. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. –Алматы: Оқу құралы, 2011.

2.Қожахмет М.. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы, Қарағанды 2006 ж.

3.Чигаркин А.В. Региональная геоэкология Казахстана. Учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2000ж.

ӘОЖ 93.270.89

# 1916-17 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСИ СИПАТЫ

**ДАБЫСОВА Г.И.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается информационно-политический характер национально-освободительных восстаний 1916-17 гг.

**Summaru.** The article examines the informational and political nature of the national liberation uprisings of 1916-17.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқы үшін маңызды болып табылады. Себебі, бұл көтеріліс елдің таптық сана-сезімінің артуына, саяси өрлеуіне зор рөл атқарды. Мұрағат деректеріне сүйенсек 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің өзге көтерілістерден бір ерекшелігі,ол барлық Қазақстан территориясын, атап айтқанда, Каспий теңізі жағалауынан бастап, Моңғолияға дейінгі аралықты қамтыған [1].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1916 жылғы көтеріліс барысын зерттеуді ең алғаш рет Қазақстанды зерттейтін қоғам қолға алып, бастапқы кезде көтеріліс барысы жайында мағлұматтарды, деректерді жинаумен айналысты. 20-жылдың басында мерзімді баспасөз беттерінде бұл көтерілістің маңыздылығын талқыға салған мақалалар жариялана бастады. «Ақ жол» газетіне жарияланған «Казақ-қырғыз мәселесі» атты мақала патша саясатының көздеген мақсатын айқындауға тырысады. Патша үкіметінің орыс-герман соғысына қара жұмысқа қазақ жігіттерін алу туралы жарлығы халықты ашындырып, 1916 жылғы көтеріліске алып келгендігін, оның аяғы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне, Қазан революциясына ұласқаны айтылып, елдегі саяси жағдай жан-жақты сипатталды. Жылдың басында қазақ халқы дүниежүзілік соғыс әлегінен әлі де болса құтыла алмай, қолындағы барын үкіметке беруге мәжбүр болып, соның салдары елде қымбатшылық, жоқшылық тудырып, ақыры ашаршылыққа алып келгендігі баса көрсетілді. Ашаршылық Түркістан қазақ-кырғыздарын, әсіресе Жетісу елін жайлап, көп халық қырғынға ұшыраған [2].

«Жас қайрат» журналының №3-4 санындағы мақалада қазақтарды патша үкіметінің қара жұмысқа аламын деп шығарған бұйрығына көнбей, Жетісу өңірін мекендеген қазақ-қырғыздардың бірталайы Кытай асып, онда барғаннан кейін екіге бөлініп, бірі Жоңғарияға, екіншісі Құлжа қаласына бет алғандығын, қазақтардың көпшілігі Қашғар, Тұрпан, Үрімші, Ақсу жағына барып қоныстанғаны жөнінде мәлімет келтірілді. Бұл жерге бара жатқан қазақ-қырғыздар жолда тау асуларынан өткен кезде шыңнан құлап, бораннан бір қырылса, барған соң жергілікті қытай шенеуніктерінен екінші қысымға ұшырап, бар мал-мүліктерінен айырылып, қорлық көрген.

1926 ж. шілдесінде Қазақ ОАК-і 1916 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық қозғалыстың 10 жылдығын тойлау жөнінде қаулы қабылдап, оны дайындау және өткізу үшін арнайы комиссия құрамын бекітті. Бұл комиссияға ұлт-азаттық қозғалыс барысы жөнінде республиканың барлық губернияларынан мәлімет жинау және осы жннақталған материалдарды мерзімді баспасөзде жариялау арқылы насихаттау жұмысын жүргізу тапсырылды.

Осы қаулыға орай «Жұмыскер тілі» газетінде зерттеу қоғамының 1916 ж. көтеріліске қатысқандар мен бұл оқиға жайында жақсы білетіндерге арнап бірнеше сауалнамаларға жауап беруді өтінген хабарламасы жарияланды. Онда 1916 жылғы көтерілістің себебі, салдары, қалай басталып, ұлғайып, сөнгені, көтеріліс басшылары және патша үкіметінің көтеріліске қатысты ұстанған саясаты жөнінде жазуды, сондай-ақ көтеріліске қатысты бар кітаптар, суреттер, хаттар, құжаттар болса қоғамға жіберу мәселесі айтылды. Қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, С.Меңдешев және тағы басқалар осы баспасөз арқылы 1916 ж. көтерілістің шығу себептері мен өрбу барысын ашып көрсетуге шақырды және өздері де бұл қозғалысқа баға беруге тырысты.

«Еңбекші қазақ» газеті мен «Бостандық туы» газетінде, «Қызыл Қазақстан» журналы және тағы басқа мерзімді басылымдар көтеріліске қатысқандардың естеліктері, арнаулы зерттеулер, көтеріліс жайында әңгіме, өлеңдер, очерктер жариялауды қолға алды.

Ең алғаш болып кіріскен «Еңбекші қазақ» газеті 8 шілде күнгі №145 санын толықтай көтерілістің 10 жылдығына арнады. Газеттің бірінші бетінің ең жоғарғы жағында «Бүгін 1916-шы жылғы июнь жарлығына 10 жыл толды. Бұл жарлық қазақ елінің отаршылдыққа қарсы көтерілуіне себеп болды. 16-шы жыл қазақ еңбекшілерінің теңдікке талпынған тарихи уақиғасы» деп жазылып, осы нөмірге Ә.Байділдиннің «1916-шы жыл», Сәбиттің «1916-шы жылдың ұраны», М.Дулатовтың «Он алтының ойраны», «№8» деген бүркеншік автордың «Байқағандар не білді?», Кәрменұлының «1916-шы жылғы қазақ көтерілісінің Бөкейдегі тарихы», Байтоғайұлының «Тарихи күнге тарихи дерек керек» мақалалары, А.Мәметовтың «16-шы жыл құрбанына» өлеңі жарияланса, келесі №146 санда М.Ванненің «1916-шы жылғы көтерілістің шаруашылық негіздері», «Жазасы тыймағы екен» сияқты көлемді мақалаларды басты. Бұдан кейінгі нөмірлерде де 1916 жылғы көтерілістің шығу себептері мен көтерілісшілер жайында бірнеше тарихи-танымдық мақалалар жарық көрді. 156 нөмірде Н.Ановтың «1916 жыл», 159 нөмірде Ж.Мыңбаевтың «1916 жылдың көтерілісіндегі ұлт қозғалысы», 165-ші нөмірде Қызылорда қаласында өткен партия мүшелерінің 2-ші Одақтық жиналысында Ә.Байділдиннің жасаған «1916 жыл туралы» баяндамасы, Н.Манаевтің 166-шы санға «1916-ншы жыл туралы есімде қалғандар» атты естелігі, 170, 171-ші сандарда «Сыйға – сый» атты өлеңдер топтамасы, 218-ші немірде А. Кенжиннің «1916 жыл» мақаласы, Жақанның «Есіңде ме?» атты өлеңі басылды.

Байтоғайұлы «Тарихи күнге тарихи дерек керек» деген мақаласында бірінші дүниежүзілік соғыс кезінен бері қарай қазақтың басынан ірі-ірі үш ұлы оқиғаның болғандығын, оның біріншісіне 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты, екіншісіне азамат соғысы, ал үшіншісіне осылармен қабаттасып келген мешін мен жылан жұтын жатқыза келе, осы оқиғалардың ішінде қазақ тарихында 1916 жылғы көтеріліс ерекше орын алатындығын атап өтті. Мақала авторы бұл оқиғаның әлі болса қолға алынып зерттеле қоймағандығын, бұл турада тарихи кітаптың жоқтығын айқын келтіре отырып, бірнеше ұсыныстарын айтады. Бұл осы көтерілістің қазақ даласына қандай із қалдырғандығын білу, көтеріліс турасындағы мәліметтер жинау, оған тарихи баға беру болды. «16 жылдың уақиғасы әр аудандарда, әр түрлі болғандықтан», – дей отырып, материалды үш түрлі жолмен жинауды ұсынады. Оның біріншісі, сол оқиғалардың ішінде болған адамдардың ауызекі айтқан, қағазға жазып жіберген сөзі. Екіншісі, сол оқиғалар туралы жазылып қалған ауыз әдебиеті, яғни күйінгеннен шыққан ақындардың өлеңдері мен қара сөздері. Үшіншісі, заттай дерек, яғни көтеріліске шыққан қазақтардың өздері даярлап, соққан қару-жарағы [3]. Автор аталған деректерді көтеріліс көп болған Торғай, Адай, Жетісудың Қытай және Қарқаралының оңтүстік жақтарынан жинау керектігін айтады.

«1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының шаруашылығына қалай тиді» деген сұраққа да «Еңбекші қазаққа» жарияланған мақалалар жауап беруге тырысты. Жалпы мақалалардың барлығында да көтерілістің шығуының мәнісі, біріншіден, ұлт және отар қысымшылығынан, екіншіден, жергілікті байлардың талауынан, зәбірлік кәрсетуінен туындады деген тұжырым жасалды.

Тарихтағы ақтаңдақтарды жою, әсіресе кеңес заманындағы қиянат зардаптарынан қоғамдық сананы арылту және сауықтыру мәселесі әр түрлі бағытта жүргізілді. Әуелде айтылмай келген проблема ретінде публицистикалық сипатта жалпылама жазылған материалдар біртіндеп зерттемелік сипатқа ие болды.

Тарихтың осы бір өзекті проблемаларын қалпына келтіріп, шындықты айтуда ғалымдарға мемлекеттік басқару органдары қолдау көрсетті. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991-92 жылдары жұмыс жасаған арнайы комиссиясының шығарған қорытындылары баспасөзде жарияланып мұнан былай проблемалардың деректі негізде зерттелуіне жол ашылды. Бұрын жабық жатқан архив қоймаларының материалдары ғылыми айналымға енгізілді.

Жаңа тарихнамалық жүйенің қалыптасуы баспасөз бетіндегі тұрақты проблемаға айналды. Осының нәтижесінде Алаштану, күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық трагедиясын ашып көрсету, репрессия құрбандары жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізу саласында елеулі табыстарға қол жетті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұртбай Т. Алаш қайраткерлері аштықпен қалай күресті?// Айқын. -2010. №94

2.Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы және Шығыс-Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы // Қазақ. -2010. №43

3.Метептегі А. Алашорданың сырлы шежіресі: [1917-1918 жылдар шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде алаш қозғалысына қатысты материалдардың жариялануы жайлы]

// Қазақ елі. -1997. №31

ӘОЖ 91.230.11

# ТАЛАС ӨЗЕНІНІҢ АЛҚАБЫНЫҢ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**СЕРДАЛИЕВА Ж.А.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**АМИРБЕКОВА Г.К.**
Намазбай Акшабаев атындағы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме**. В статье рассматривается гидрогеологическое и гидрохимическое состояние долины реки Талас

**Summaru.** The article discusses the hydrogeological and hydrochemical state of the Talas River valley

Талас өңірінің аймағындағы өзен желісінің пішіні алуан түрлі болып келеді. Тұрақты су ағатын арна, құрғап қалған өзен сілемі, аллювиальді жазықтықтардың құрғақ арнасы, табиғи су ағысының кейін қалыптасқан арналары, бұл аймақтың жер бедерінің бейнесін мінездейді.

Талас өзені және оның Қолба, Беш-Таш, Урмарал, Кумыштақ, Қара-бура, Келкөл, Нілді салғалары Орта Азияның негізгі су көздерінің бірі болып табылады.Таулы елдердің гидрографиясының өзіндік ерекшелігі тау жотасының бөктерлерінде қарлардың және мұздықтардың жатуы болып табылады. Талас өзені саласы да осыған тән қасиетке ие, мұндағы мұздықтардың ауданы 262 км$^2$ құрайды. Мұздықтар Талас өзенінің гидрогеологиялық тәртібіне әсері ерекше: жылдан- жылға өзен ағымы біркелкі, ағыстың мол кезеңі барынша ұзақ, ал мұздықтардың қорлану дәрежесі өзендегі су ағысының негізгі бөлшегін құрайды. Таулар арасында орналасқан өңірде «Қарасу» бұлақтары шығып жатыр, олардың ішінде Киров және Мыңбұлақ бұлақтары ең ірісі болып табылады. Талас өзенінің бассейініне Аса өзені жақын орналасқан.

Талас өзенінің су тепе- теңдігін сипаттау үшін, алдымен екі гидрологиялық облысты ерекше атап өтуге болады, олар қордалану облысы. Ағыстың қордалану облысының аймағына өзеннің таулы бөлігі жатады, бұл жерде ылғалданудың кіріс бөлігі оның шығыс бөлігінен басым, оның басты себебі мұнда шаруашылық белсенділік өзен ағысына айтарлықтай әсер ете алмайды. Ағыстың таралу ауданы өзеннің жазық өңірде орналасқан, мұнда су қорының кіріс бөлігі шығыс бөлігіне қарағанда ондаған есе аз.

Талас өңірі құрлықтың ішкі ағысы облысына жатады және Тянь – Шань таулы құрылымдарынан қорек алатын үшінші қатардағы Шу – Талас артизан су аймағын құрайды. Бұл артизан су аймағы Шу – Сарысу артизан су аймағының бір бөлігі болып табылады және жоғарғы гидродинамикалық жер қыртысының аймағында жер асты және жер үсті ағысының жалпы бағытын, сондай - ақ гидрогеологиялық қабаттардың бар екендігін көрсетеді. Солтүстік Тянь – Шань аралығында орналасқан аймақтың таулы бөлігінде артизан суының ортаңғы қабаты болмайды, бірақ таулар арасындағы ойпаңдарда жоғарғы және төменгі артизан су қабаттар орын алады, ал Шу – Талас артизан аймағында, атап айтқанда Таластың таулар арасындағы ойпаңдарында ортаңғы қабаттар жоқ.

Талас өңірінің таулы және таулы бөктерлерінде жер асты ыза суының қалыптасу аймағы біркелкі емес. Талас өзені өңірінің таулар арсындағы ойпаңды бөліктерінде өзен суының аллювиальді - пролювиальді жыныстары арқылы жоғарғы сағадан сүзілуінің әсерінен пайда болған ыза суының мол қоры бар.

Гидрохимиялық тұрғыдан – бұл Талас өңірі, жер асты ыза суының булану құбылысы, топырақ қабатының гидрогеохимиялық жағдайына әсері болмайтын тұздардың белсенді тотығатын аймағына жатады. Олардың минералдылығы негізінде 0,2-0,7 г/л аспайды.

Талас өңірінің табиғи қорларының ауқымдылығы, бұл аймақтағы мол жер асты ыза суының құрамының гидрокарбонатты кальцийлік болып келуі, өндірісті сумен қамтамасыз етудің сенімді көзі болып табылады. Жер асты ыза суының деңгейінің терең жатуы (54-10 м жоғары) және әлсіз минералдылығы, бұл аймақтың топырағының даму барысында, оның тұздануына қауіп төндірмейді.

Ыза сулар ағыны таулардан өткеннен кейін қуатты (200-500 м дейін) және ені кең ағысқа айналады, олар пролювиальді және аллювиальді - пролювиальді жыныс қабатымен байланысып жатады. Дәл осы Талас өңірінің тау етегінде су өткізу қабаттарының басым бөлігі қалыптасады, ондағы жер асты ыза су қорларының ең төменде орналасқан аймағы басталады.

Бұл аймақ, өзіне құрамына ежелгі және қазіргі уақыттағы артизан су облысының кең тегіс жазықтық өңірлерімен, сондай - ақ Талас өзенінің атрабына орналасқан жазық артизан су облысын да қамтиды. Жер асты ыза суларының қорланатын басым жер қыртысы аймағы, құрамы ұсақ түйіршікті жұқа қабатты жер қыртысының қабаты болып табылады. Ыза сулары жақын орналасқан жағдайда олар өте жоғарғы қарқынмен буланады.

Жер асты ыза суының жоғарғы қарқында булануы – жер қабатының гидрохимиялық пішінін айқындайды, өйткені олар кейбір аудандар жер асты суында белсенді қарқынмен тұздың қорлану облысын мінездейді. Бұл жағдай егіншілікке жарамды жерлердің тұздануына тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Қырғыз тау жотасының етегінде және Талас және Аса өзендерінің аралығындағы сазды аймақтарда жер асты ыза суы ағысы үрдісінің жоғарылығымен ерекшеленеді, бұл жердің топырағының тұздан шайылуы өте жоғары және судағы тұздардың концентрациясы өте аз.

Талас өзенінің жазық тегістік аймағында ыза суы ағысының тәртібі және химиялық құрамының әрі қарай табиғи қалыптасуы жүреді. Жер асты ыза суының мұндай аймақтарда сүзіліп өтуі көп жағдайда Талас өзенінің тау етегінің – иірімді және жазық - өңірінің белдеулерімен жанасуына байланысты болады, өйткені бұл белдеуліктердің жанасуына байланысты болады, өйткені бұл белдеуліктердің жанасуы ыза суының таралу (булану) аймағының шетінде орналасады.

Жазық - өңірлі белдеу құрамына аймақтық барлық табиғи су желісінің жыныстарының жиыны кіреді, олардың өңірі шөлді жазықтықтың аумағына еніп жатыр. Бұл аумаққа Талас өзенінің аллювиальді жазықтығы жатады, олардың көне ағысы артизан облысын толық игеріп алған. Осы белдеу аумағынан жоғарыда Талас суғару өңірі орналасқан, олар жоғары – аймақты ыза суы орналасқан аймақтың шеткі бөлігіне жатады.

Талас өңірінің төменгі саласында Аққөл және Билікөл орналасқан. Билікөл Қаратаудың етегінде орналасқан, ыңғайлы орналасу түрі жоқ және 1,5 км ендік мойынмен екіге бөлініп тұрады. Көлдің ұзындығы 18-20 км, ал ең үлкен ені 7-9 км және тереңдігі 6-7 м жетеді. Жалпы ең үлкен ауданы 87 км$^2$ тең. Көлдің сызықтық өлшемі және ауданы өзендердің гидрологиялық тәртібіне байланысты өзгеріп отырады және табиғи ауытқу шамасы 1,23-1,93 м. Көлдегі су қорының ең жоғарғы көлемі 510 млн.м$^3$ және судың құрамы 144-тен 965 мг/л дейін өскен, химиялық құрамы бойынша сульфаттық топқа жатады. Аққөлдің жалпы ауданы 31 км$^2$, оның гидрологиялық және гидрохимиялық тәртібінің өзгеруі Билі – көл секілді.

Талас өзенінің саласы екі аймаққа бөлінеді, яғни Тараз қаласына дейін таулы, ал одан төменгі жағы жазықтық болып. Өзен саласының жалпы ауданы 52700 км2, оның ішінде 9240 км2 ауданы таулы аймаққа орналасқан. Талас өзені, өзінің су ағынын негізінен Қырғызстан Республикасының аймағындағы тау аралық Талас ылдиында құрайды.

Талас өзені Қырғызстан Республикасының Қаракөл және Үлкөл өзендерінің бірігуінің арасында қалыптасады. Талас өзенінің су қоры негізінен Қырғызстан Республикасының таулы аймағында жинақталады.

Қаракөл өзені Уччат және Кольтор өзендерінің құйылысынан пайда болады, ол батыс бағытында ені 300-600 м аралығындағы өңірде көптеген кіші өзендердің суларын жинақтап, Копре-Базар ауылының тұсында енін 2-3 км дейін үлкейтеді.
Учкошой өзені Чон-Кошой және Орто-Кошой өзендерінің құйылған жерінен басталады және жол-жөнекей Талас және Орто-Тау жоталарындағы пайда болатын кіші өзендердің суларын жинақтайды.

Қаракөл және Үлкөл өзендерінің біріккен жерінен (Буденный ауылы) Киров ауылына дейін Талас өзені өзінің барлық сағаларының суын жинақтайды. Олардың ішінде ең ірілеріне Колба, Бастас, Үрмарал, Күмістақ, Қарабура, Кеңкөл және Нілді секілді кішкентай

су көздері бар. Қаракөл және Үлкөшөй өзендерінің су жинақтау ауданы Талас өзені ағысы қалыптасатын жалпы ауданның 32% және өзеннің ағыс көлемінің 40% құрайды. Қырғызстан Республикасының шекарасындағы Талас өзенінің ағысының жинақталатын, яғни Қазақстан Республикасының Тараз қаласына дейінгі жалпы ауданы 1040 км$^2$, ал осы уақытқа дейінгі оның, гидрологиялық тұрғыдан әлі зерттелмеген су жинақталатын аудан 1140 км$^2$ немесе Талас өзенінің ағысының қалыптасатын жалпы ауданының 16% құрайды. Талас өзенінің орташа көпжылдық кезеңдегі су қоры орта есеппен 1,51 км$^3$/жыл құрайды, сонымен қатар Тараз қаласына дейін, су ағынның 94% жинақталады. Гидрометриялық өлшеулер жүргізілмеген су жинақталу ауданынан келетін су жалпы су қорының шамасы оның 7% құрайды

Талас өзенінің саласының су өнімінің шамасы, табиғи жағдайдың өзінде өзгеріске түсіп отырады, мысалға Киров гидробекетіндегі су өнімінің шамасын 100% деп алатын болсақ, онда Тараз қаласындағы гидробекетте оның 60,2%-на, Түймекентте-44,3%-н, Темірбек бөгетінде-63,9%-н, Жиембет бөгетінде-57,1% және Үчаралда-32,7% құрайды. Ал, Темірбек бөгетінің тұсында 63,9%-ға дейін көтерілуінің негізгі себебі жрлай қосылған қарасулардың және жер бетіне шығатын жер асты суларының ағынының қарқынына байланысты.

Қорыта айтқанда, Талас өзенінің саласының өңірінде, оның мұндай жағдайда су қорларының пайда болуы және таралуы, табиғи жүйенің өзін-өзі басқару және өзінің географиялық қасиетін сақтау мүмкіншілігіне сай келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

2.Талас өзені. Зерттеу.– Алматы, 2020.– 342б.

ӘОЖ 94 (574)

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС: АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ТАРИХНАМА

**САТКЕЙ Д.К.**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
оқытушысы, магистр, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье описываются события в Жетысуском районе 1916 года в связи с народным движением против власти. При этом, конечно, рассматриваются различные тенденции в обществе в начале XX века, а также в послевоенный период с целью определения предпосылок и последствий восстания.

**Summaru**. The article describes the events in the Zhetysu region in 1916 in connection with the popular movement against the government. At the same time, of course, various trends in society at the beginning of the 20th century, as well as in the post-war period, are examined in order to determine the preconditions and consequences of the uprising.

Еліміз көптен күткен мемлекеттік егемендікке қол жеткізгеннен бері маңызды мәселелерді шешу және оны нығайту бағытында елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл жағдайларда бүгінгі күннің мәселелерін шешудің жолы өткен күндердің қиын кезеңдерінен алынады. Шындық айтылып, әділ бағаланатын тарихқа қоғамның қызығушылығы артып келеді. Сонымен қатар, еліміздің тарихи траекториясына объективті және идеологиялық емес көзқарас тарихи жадымызды қалпына келтірудің негізі, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Демек, отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеті – идеологиялық шектеулер бойынша біржақты сипатталған жаңа деректі материалдар негізінде ұлттық мүддедегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қайта

қарастыру.Сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалыстарды талдау, олардың қорытындылары үлкен теориялық және практикалық мәнге ие. Әсіресе, ұлт-азаттық және тәуелсіздік жолындағы күрестің бір діңгегі болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелерін объективті түрде зерттеуді назардан тыс қалдыруға болмайды.

Талқыланып отырған тақырып Жетісу жерінде болғандықтан, ең алдымен көтеріліске бастамашы болған өлкенің саяси-әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелеріне тоқталуды қажет деп санаймыз. Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазақтар Жетісудың едәуір бөлігінде, сондай-ақ Тянь-Шань (Тянь-Шань) тау бөктерлерінің оңтүстік бөлігінде Ыстыққөлге құятын жерде және оның жоғарғы бөлігінде өмір сүрді. өзенге дейін жетеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, оның табиғатына, ұлт қайраткерлері мен қайраткерлерінің қызметіне біржақты баға беруге, ұлтаралық қайшылықтарды таптық тұрғыдан түсіндіруге, интернационализм, шынайы бейнені жасыру.

Бірақ, 1916 жылы Түркістанның бүкіл Жетісу өңірінде болған қазақжәне қырғыз халықтарының ұлт-азаттық көтерілісі ескерілмеді. Оның құрылуына түрткі болған мәселелер, атап айтқанда, көтерілісшілерге қарсы отаршылдық әкімшіліктің қуғын-сүргіні, шиеленіскен ұлтаралық қарым-қатынастар, босқындардың тарихи тағдыры, осы тарихи кезеңдегі қазақ-қырғыз қайраткерлерінің қызметі және басқа да аспектілер әлі күнге дейін шешілген жоқ. зерттелуі. Тиісінше, біздің зерттеу тақырыбымыз нақты мәселеге бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты көптеген жаңа еңбектер жарық көргені белгілі.

19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басында Түркістанның бүкіл аумағы Ресей империясының отарына айналып, арзан әрі сарқылмас шикізат көзі ретінде қанауға, талан-таражға салынды.

Сонымен бірге қазақ-қырғыз бауырлас халқы отар ел ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық еркіндігінен айырылып, рухани және ұлттық езгіге ұшырап, ұлт болып жапа шекті.

18 ғасырдың орта шенінде басталған Ресей империясының өлкедегі отарлау саясаты 20 ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті.

Өйткені, қазақ пен қырғыз халықтары Ресей империясының отаршылдық жүйесіне бағынып қана қойған жоқ, сонымен қатар тәуелсіздік пен ұлт бостандығы үшін кезең-кезеңімен күресіп отырды. Мұның бәрі отар елдің озбыр саясатына наразылық.

20 ғасырдың басында патшалық Ресей түркі жерлерін қанауды одан әрі күшейтті. Өлкеде жер мәселесі шиеленісіп, саяси, әлеуметтік-рухани, ұлттық езгі тереңдей түсті. Тұтыну тауарларының бағасы күрт төмендеді, салықтар өсті, өмір сүру деңгейі төмендеді. Экономикалық дағдарыс ауыр болды.Елде дүрбелең орнаған тұста 1916 жылы маусымда «құйынды» халықтардың қара еңбегі туралы декрет шығып, наразы халық билікке қарсы ашық көтеріліс бастады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстанның көптеген аймақтарында көтерілістер басталды. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар да көтеріліске шықты. Оның пайда болуы аймақта жүргізілген отарлау саясатымен байланысты болды.

Оның негізгі қозғаушы күші – бұқара. Көтерілістерді мүліктік және әлеуметтік жағдайына қарамастан байлардың көпшілігі басқарады.Қазақстан мен Қырғызстанның басқа да әлеуметтік топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық көтеріліс сипатына ие болды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің жерді жаппай басып алуын, ұлттық, саяси, әлеуметтік, рухани езгісін көздеді. Көтеріліс кезінде ұлтаралық қақтығыстар орын алды. Бұл жағдай патшалық отаршыл державаның халықтарды бір-біріне қарсы қойған саясатының бір бағытының нәтижесі болды.

Көтеріліс кезінде аймақтағы жағдай ушығып, ұлтаралық қақтығыстарға ұласты. Көтерілістерді монархия аяусыз басып тастады. Көтерілісшілер күшпен қуылып, оларды қиын тағдыр күтіп тұрды. Ұлттық саясаткерлер қиыншылыққа ұшыраған елді құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.Оқиғалардың барысы осы тарихи кезеңде екінші көзқарастың ұлт мүддесіне сай келетінін көрсетті. Жаңа дәуір, жаңа өзгерістер келе жатқанын түсінген ұлттық-саяси топ енді белсенділік танытты.

1916 жылғы көтерілістің тамыры тереңде болды. Алдымен жерді, сосын малды, енді «жанын» алғымыз келгенде, құлшыныспен қаналған халық патшалық отаршылдық жүйеге қарсы шығып, саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани езгіден құтылу үшін ұлттық тәуелсіздік үшін күресті. бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы болды.

1916 жылғы оқиғалар да қазақ пен қырғыз қоғамында ұлт-азаттық күреске жаңа көзқарас, жаңаша көзқарас қалыптасқанын көрсетті.Осы мақсаттардың бірі – ұлттық күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттілігі. Бұл біртұтас, ұйымдасқан және жоспарлы әрекеттерге бағытталған қозғалыс екенін адамдарға жеткізуге тырысты.

Жоғарыда айтылғандай, 1916 жылғы көтеріліс кезінде патша үкіметі ұзақ жылдар бойы орыс шаруаларымен бірге қазақ-қырғыз жерлерін орыс казактарынан зорлықпен тартып алып, құнарлы егіні мен шұрайлы шабындығынан айырылған көшпелі халық тауға қуылып, жер-жерден қуылды. шөлдер. Бір ғана Жетісу өңірінде бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылында 1 миллион 800 мың қазақ жері тартып алынды.Өлкедегі шиеленісті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай және ұлттық езгі күшейген кезеңде 1916 жылы 25 маусымда патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия азаматтарын майдандағы бағынышты жұмысқа тарту туралы жарлық шығарды. Ресей империясының заңдары бойынша Мәскеу аймағындағы отаршыл халықтар әскерге алынбаған. Өйткені патша үкіметі оларға мылтық берілгеніне сенбеді. Екінші дүниежүзілік соғыс патша үкіметін шет елдердің халықтарын майдан шебіне жақын жерден окоп қазуға, ағаштарды кесуге, жол салуға шақыруға мәжбүр етті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі қазақ-қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін арнайы зерттеу Қазақстан мен Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дұрыс жүргізіле бастады.

«1913 жылдан бастап «Қазақ» газетінің төңірегінде топтаса бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси санасы Қазақ империясы мен аймақтарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге билік тарапынан оппозициялық күш ретінде танылып, жергілікті отаршыл әкімшіліктің жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық зиялы қауым өз халқынан көп түсіністік пен қолдау таппады. Мұндай қиын жағдай оның саяси көзқарасы мен бағдарына әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін жақсы түсіну үшін бұл факторларды ескеру қажет.

Демек, қазақ-қырғыз қоғамында империялық озбырлыққа қарсы күресте көзқарас та, көңіл-күй де бірдей күшті болғанын XVI ғасырдағы аласапыран оқиғалар көрсетті. Соның бірі – батырлардың білектің күшімен, найзаның ұшымен ел бостандығын қорғау әрекеті.Ежелгі дәуірден бастау алған бұл белгілі әдіс тіпті 16-шы ғасырдың қиын-қыстау кезеңдерінде де көрінеді. Алғашында басқа жолды әлі білмеген қарапайым халықтың көпшілігі кейіпкерлеріне еріп, мұндай әрекеттің салдарын түсінбеді. Олардың хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың сақталуын көрсетті.

**Пайдаланылған әдебиетер тізімі:**

1.Моисеев В. А. Ресей мен Қытай Орталық Азияда (XIX ғасырдың екінші жартысы –1917 ж.)

2.Түркістанда 1916 жылғы көтеріліс: жалпы трагедияның құжаттық дәлелі: куәг. құж. мен материалдар / МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ.истории РАН ; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. – М.: Марджани, 2016. стр. 71–76

3. Папазов А.В. Среднеазиатское восстание 1916 года и роль генерал-губернатора А.Н. Куропаткина в его подавлении // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. – 2012. – № 2. – С. 111.

4.Булдаков В., Леонтьева Т. Революциянытудырғансоғыс: Ресей, 1914-1917 жж. –Мәскеу, 2015. – 720 б.

5.Қазақстантарихы: Аса маңыздыкезеңдері мен ғылымимәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-106-1

ӘОЖ. 03.41.91

## ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ҚАДЫРБАЕВА Д.Б.**
№3 мектеп лицейі, тарих пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье говорится о том, как использовать информационные технологии в преподавании истории. В век современных технологий необходимо широко использовать технологии на уроках вузов и школ, в том числе при преподавании истории.

**Summary.** The article talks about how to use information technology in teaching history. In the age of modern technology, it is necessary to widely use technology in the lessons of universities and schools, including when teaching history.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін ата тарихымыз бен мәдени құндылықтарымызды ыждағаттылықпен қайта зерттеуге кірістік. Азаттықпен келген шығармашылық бостандық тарих ғылымында да түбейгелі өзгерістерге жол ашты. Жоғары оқу орындарында,колледждер мен орта білім беретін мектептерде Қазақстан тарихы пәнін оқытуға ерекше мән беріле бастады. Өйткені, тарих – ғылым мен пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің, ата-бабаларының тарихын біліп, оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы тиіс.

Тарих дегеніміз – халықтың зердесі. Ол болып өткен, оны түзете алмайсың және оның бір түсін екіншісімен ауыстырып, жаңадан жаза алмайсың. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен және қайғылы беттерімен қоса, ол қандай болса нақ сондай, бүкіл алуан түрлі, тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз. Білімалушыларға өз деңгеінде жеткізе білуіміз қажет.

Өткеніміз бен бүгініміздің, тапқанымыз бен жоғалтқанымыздың тағылымын түйіндеуге Елбасымыз Н.Назарбаевтың өзі мән беріп, 1999 жылы «Тарих толқынында» деген еңбегін жариялады. «Қазақстанның сана-сезімі, - деп тұжырымдайды Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев, - өткендегі, қазіргі және болашақтағы тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет».

Тарих пәні, оның ішінде Қазақстан тарихы пәнін оқыту мектеп қабырғасында берілетін маңызды білім болып табылады. Мектепте тарихты оқыту дәстүрлі түрде дәрістерді тыңдау, оқулықтарды оқу, талқыланған оқиғаларды есте сақтауды қамтиды. Дегенмен, технология дамыған сайын және оқушылардың қалай білімді алатындығы туралы түсінігіміз жақсарған сайын, оқуышларды қызықтыра алатын және тақырыпты тереңірек түсінуге ықпал ететін тарихты оқытудың жаңа әдістері пайда болғанын ескерген абзал. Ал, мектепте Қазақстан тарихын оқыту ұлттық бірегейлік пен патриотизмді дәріптеу үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар оқушылардың еліміздің әлемдегі орнын түсінуіне көмектесу үшін де маңызды. Сәйкесінше, осындай маңыздылыққа иә білімді жоғарыда атап өткендей қызықтыра алатын әдістер қолдану қажет.

Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», - десе,XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ғылымы мен білімінің хан тәңірісі А.Байтұрсынов былай деп жалғастырады: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих».

Ендігі кезекте «білімалушыға тарихты қалай түсіндіру керек?» деген мәселеге тоқталып өтейік. Жаңа технологиялар заманында мүмкіндігінше компьютерлік техниканы жан-жақты қолдана отырып, түрлі тәсілдерді қолдануға болады. Оны қәзір әр бір оқытушы өз пәндерінде барынша қолданғанына қарамастан, әлі де ізденісті талап етілуде. Бір сарынды сабақ өткізу білімалушыны жалықтырып жіберетіндіктен әр сабақты түрлендіріп өткізу қажет.

Тарихты оқытудың түрлі әдістеріне тоқталатын болсақ, ол оқытудың әдістерін таңдау көптеген факторлармен, білім берудің маңызды мақсаттарымен, сабақтың мақсатымен оқушылардың мүмкіндігімен, пайдаланатын жүйенің ерекшеліктерімен анықталады. Оқыту әдістері жаңаша оқыту үдерісінде маңызды қызметтер атқарады. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын алғыр оқушы қалыптастыру, өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістерін меңгеруі керек. Оқушы өз қабілетіне сай білімін дамытады.

Кез-келген технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Біз тарих сабағында танымдық сайыс сабақтарын өткізудің түрлі жолдарын ұсынамыз. Сайыс, жарыс сабақтары кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен

орындайтыны сөзсіз. Сайыс сабақтарын қолдана отырып оқытушы мұғалім оқушының сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі жаңа әдіс-тәсілдерді қолданады. Танымдық сайыс сабақтарын қайталау, пысықтау, қорытындылау сабақтарында пайдалануға болады. Жарыс түрлері оқушының ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Сонымен қатар білімалушының шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Танымдық сайыс сабақтары оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Қоғамның объективті тарих біліміне ынта-ықыласы мен қажеттігін, Қазақстан тарихы үрдісінің үздіксіздігін, қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің ежелден бастап қазіргі күндерге дейінгі сабақтастығын жаңа айқындамалар тұрғысынан ашып көрсету – бүгінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі алдымызда тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да тарихты оқытудың түрлі әдістерін қолдану арқылы сабағымызды қызықты, әрі түсінікті өткізуге барынша күш жұмсауымыз қажет.

Бұдан туындайтын ең басты сұрақ «Қалай оқыту керек?». Белгілі ресейлік әдіскер С.Г.Симгалевич былай дейді: «Өмірде нашар оқытушыларды көптеп кездестіруге болады; ол оның өз пәнін дұрыс білмейтіндігімен түсіндірілмейді, ең негізгісі олар өз білімін жеткілікті түрде бере алмайды, өйткені олар пәннің әдістемесімен толыққанды таныс емес».

Пәннің әдісі мынандай сұрақтарға жауап бере алады: «Не үшін оқыту қажет?», «Нені оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?». Тарихты оқытудың негізгі факторлары осы сұрақтардың жауаптарымен тығыз байланысты. Оқытудың нәтижелері мақсатты айқындап, оның орындалуымен, білімалушыны жан-жақты қалыптастыра білумен ұштасып жатады. Сапалы оқытуға мыналар әсер етеді:

V-XI сынып аралығында алған толық тарихи білімі;

ғылыми дүниетанымның қалыптасуы;

тарихты оқыту үрдісіндегі білімалушының тәрбиелілігі;

білім алушының танымдық мүмкіндіктерінің дамуы.

Сонымен оқытудың нәтижелері қойылған мақсаттың орындалғанын немесе оның тек ой жүзінде ғана қалғандығын көрсетеді. Тарихты оқытудың бүгінгі таңда түрлі әдістері қолданылып жүр. Тест түрінде білімін тексеру, баяндау, сұрақ-жауап, т.б. Әсіресе елімізде бірыңғай ұлттық тестілеу қолданғаннан бері білімалушыларымыз да, оқытушыларымыз да тест жаттауға аса назар аударып кетті. Бұл білімалушының ойын еркін айтуына, сөйлеу қабілетіне кері әсер етіп келе жатқанқандығында тілге тиек етуге болады. Сондықтан оқушының тарихи оқиғаларды оңай есте сақтауы үшін және тез жалықпауы мақсатында тарихты үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерге жүгінуіміз керек. Алайда тарихты оқыту әдісі жайлы ортақ ой-тұжырымдар жоқтың қасы. И.Я.Лернер тарихты оқытудың әдістерін жүйелеуге талпыныс жасады. Ол оқытушы мен оқушы мүдделерінің бір жерден шығуы оқыту әдісінің нәтижесін көрсетеді дегенге келіп саяды. Сондықтан кез келген әдіс оқытушылық және оқу мүдделерін анықтауы қажет.

Білім қалыптасуының бастапқы сатысында мәліметтерді меңгеру әдісіне түсіндірушілік-көрнекілік әдісі сәйкес келеді. Мұнда оқытушы көрнекіліктің әр түрлісін қолдана алады. Мысалға карталар, видиолар, суреттер тағы басқаларын айта аламыз.

Оқытудың екінші әдісі репродуктивті әдіс. Оның мағынасы берілген тапсырма бойынша естеріне түсіру. Оқытушының айтқанын баяндап беру, тарихи тұлға жайлы әңгімелеу, сұрақтарға жауап беру, хронологиялық кестелер құру.

Зерттеу әдісі – туындаған мәселе бойынша оқушының өз бетінше жұмыс істеуі. Оқушылар дайын білімге жүгінбейді, ғылыми танымға,ізденуге тап болады. Яғни бұл баланың шығармашылық қабілетінің дамуына өз ықпалын тигізеді. Бұл әдіс оқушының қаншалықты білімді игергендігін, жетістіктерін көрсетеді.

Эвристикалық әдіс-тарихты оқытуда маңызды роль атқарады. Мұнда оқытушы мәселелерді қарапайымнан күрделіге қарай шешу жолдарын ұсынады. Кішкентай мәселелер үлкен мәселелердің жолдарын ашуға көмектеседі.

Тарихты оқытудың тағы бір әдісі – күрделі баяндау әдісі. Яғни оқытушы күрделі мәселелердің шешу жолдарын көрсетеді. Бұл оның ғылыми білімінің жоғарлығын байқатады.

Міне жоғарыда көрсетілген түрлі әдістердің көмегімен тарихты оқытуды дұрыс бағытқа қоюға болады.

Білім саласында жас мамандарды біліммен сусындатып қана қоймай, олардың көзі ашық, зиялы, адамгершілігі мол, жауапкершілікті мойнына ала білетін тұлға ретінде қалыптасуына көп

көңіл бөлінуде. Республикамыздағы білім ордаларын компьютерлік технологиялармен жабдықтап, маман кадрларды даярлауды қолға алды. Жаңа технологиялар дамыған заманда түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып сабақ ұйымдастыру жетістікке жетелейді. Әсіресе талапкерлерді жоғары оқу орнына түсу үшін дайындық баланы жалықтырмайтын, шаршатпайтын тәсілдермен жүргізілуі қажет. Үнемі тест жаттап, кітаптан басын алмайтын талапкерлерімізді дұрыс бағытта дайындау қажеттігі туындайды. Қазақстан тарихы пәні бойынша білімалушының есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында сабақта тиімді әдістер қолданудың орны ерекше. Кез келген пән бойынша бұрыннан қолданылып келе жатқан ойын сабақтары білімалушыларды сергітеді, белсенділігін арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Сайыс сабақтарын түрлі жолдармен өткізуге болады. Біз өз тәжірибемізде кезең-кезең бойынша бір сайысты тек тарихи даталар бойынша, келесі бір сайысты тарихи тұлғалар бойынша өткізіп білімалушының есте сақтау қабілетін арттыруға мүмкіндіктер береміз. Кредиттік технология бойынша білімалушының даралануына жол ашып, ойынды өздеріне ұйымдастыруды тапсырамыз.

Ойын арқылы тыңдаушы нені меңгереді:

1.Тыңдаушылар ойынды құрастыру барысында жауаптылықты сезінеді.

2.Тыңдаушыларға қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.

3.Оқу процесінде алған білімді қайталау арқылы нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.

4.Уақытқа бағынуды, үнемдеуді үйретеді.

5.Топ болып бірігу арқылы бір-біріне үйретеді.

6.Ойын барысында шешім қабылдау тыңдаушыларды салқынқандылық пен асықпай жауапкершіліпен жауап беруді талап етеді.

7.Ойын материалдары бір тақырып көлемінде болмағандықтан, дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.

8. Кітапханада көп ізденуге үйретеді.

Бұл оқушының өзіндік жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстан тарихынан ойын сабағы арқылы жүргізу, олардың көзбен көріп, есте сақтау қабілеттері артады. Кез келген пән бойынша ойын элементтерін қолдану білімалушылардың жас ерекшелігін таңдамайды. Бүгінгі таңда адамдарда тез жалығу, тез шаршау бойқалып отыр. Сондықтан ойын элементтерін тіпті оқытушылармен өтетін семинарларда да жиі қолданып жатады. Бәсекелестікке толы мына заманда адамдар бір-бірімен жарысып, оза шапқанды ұнатады. Сол себепті бұл әдіс білімалушының ойын сергітеді, белсенділігін арттырады. Сонымен айтарымыз тыңдаушыларға дәрісті меңгерту барысында кез келген жаңа әдіс-тәсілдерді қарастырумыз қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. Б. 292-293

2.Н.Ю. Никулина. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ. Калининград 2000

3.Шоган В.В.Методика преподавания истории в школе. Издательство: Феникс. Год: 2007.- 471 с. С.6

ӘОЖ 903.489.56

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

**УЗЕНБАЕВА З.Л.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің тарих және география пәндерінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**ҚАНТБЕКОВА Г.Б.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается история независимого Казахстана и вопросы национальной информационной политики.

**Summary.** The article examines the history of independent Kazakhstan and issues of national information policy.

Қазіргі қоғамда қай саланы алсақ та нарықтық қатынас орнату барысында жаңаша үрдіс байқалуда. Сол секілді БАҚ жүйесінде де жиі жеке меншіктік пен бәсекелестік белең алуда. Рас, бәсекелестік тумай, даму болмайды. Бүгінгі қазақ басылымдары, телеарналары мен радио тораптары жаңа заманға бейімделе отырып, коғамдағы өзіндік маңызын арттырып, беделін өсіру, сондай-ақ қомақты табыс көзіне айналу қызмет етеді. Әсіресе, жанжал тудыратын оқиғалар іздеп, демократиялы қоғамға бейімделетін, ықпалын арттыру үшін ақпаратты беру жеделділігі мен күн тәртібіндегі нағыз өзекті мәселені көтере білу тұрғысында еліміздегі қазақ және орыс тіліндегі БАҚ қызметкерлері дамыған шетелдерден үлгі ала отырып, қызу ізденіп келеді. Осылайша бүгінгі қазақ баспасөзі ескі сарының өзгертіп, жаңа бағыт ұстануға көшкен. Тіпті журналистикадағы кейбіржанрлар тиімділігінен айырылып, жаңаша стиль мен жаңаша тақырыптарға сай жазу әдісі калыптасты. Осындай жаңашылдық бағыттардың бірі - бүгінгі қазақ баспасөзіндегі сынның жазылуы.

Демократия мен жариялылықтың нәтижесінде тарихтағы көптеген ақтандақтардың беті ашыла бастады, ұлт тағдыры, ұлттық сананың қалыптасуы, мемлекеттіктің қалыптасы сияқты өзекті мәселелерге баспасөз бетінен орын беріле бастады. Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті. Бұл әсіресе 90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінен, онда жарық көрген публицистикалық шығармалардан айқын көрініс тапты.

Дәл осы кезеңде қазақ публицистикасының дамуында да жаңа бір дәуір басталды. Ол - азат ойдың, еркін сөздің дәуірі еді. Публицистика қоғамдық маңызды мәселелерді көтергенде ғана, оның әсер-ықпалы зор болатындығы белгілі. Сондықтан біз 90-шы жылдардағы ең өзекті мәселелерді алға тартқан публицистикалық шығармаларға назар аудардық.

90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінде көрініс тапқан негізгі тақырыптар мынандай болып келді: 1) тәуелсіздік; 2) Қазақстан территориясының тұтастығы; 3) тіл саясаты; 4) егемендік; 5) қазақтар туралы; 6) қоғамды жаңғырту жолдары; 7) қазақтардың тарихи атамекеніне оралу мәселесі [1, 43 б.].

Бұл жаңа дәуірдегі жанрлық, турлік өзгешеліктерге назар аударсақ, әсіресе сыни корреспонденция, корреспонденция-толғаныс, ғылыми публицистикалық мақала, проблемалық мақала, полемикалық мақала, тарихи-танымдық очерк, сұхбат, шолу, хат, есеп, жол сапар очеркі жанрларындағы шығармалар кездеседі. Дербес және бір тектес заметкалар мол басылды. Мұның өзі шет елдік жеңіл ақпараттық баспасөзге еліктеуден, әрі күнделікті оқиғалар туралы тез хабарлаудан туған қажеттілік еді. Памфлет, баспасөзге шолу сияқты жанрлар мүлдем көрінбей кетті. Ал репортаж, фельетон, рецензия жанрларында жазылған публицистикалық шығармалар сирек кездеседі. Бас мақала жанрының орнына оның “Редактор бағанасы”, “Серкесез” “Ойтүрткі” сияқты жаңғырған түрлері пайда болды. Сұхбаттың қолданылу аясы кеңейді. Жаңа пішіндер пайда болды. Көп жарияланымдар сұхбаттың монолог, диалог, сұхбат-пікір, сұхбат-толғаныс, баспасөз конференциясы, брифинг, жедел сұрау салу (блиц-опрос), контрвью (қарсыинтервью) түрлерінде берілетін болды. Радиопублицистикада, телепублицистикада радиокепір, телекөпір, телефон арқылы байланыс сияқты сұхбаттың жаңа түрлері кең қолданысқа енді. Бұрынғы кеңестік дәуірдегі кіл мақтау мен марапатқа құрылатын портреттік очерктер мүлдем жарияланбайтын болды. Оның орнына шағын суреттемелер берілетін болды.

90-шы жылдар публицистикасында “синкретизм” аясы кеңейді. Кейбір жарияланымдарды жаңа бір жанрға жатқызып даралау, өзгешелеу мүмкіндігі болмай қалды. Оның есесіне бір публицистикалық шығарманың бойынан сұхбат пен репортаждың, корреспонденция мен мақаланың, тағы басқа бірнеше жанрлардың белгісін табуға болады. Бұл тенденцияның алда қалай өрістейтіні қалам алған публицистер қауымының фантазиясы мен танымдық көкжиегіне байланысты болса керек. Оның үстіне жанрлар мен пішіндердің өзгерісі әлемдік әдебиет пен журналистиканың даму бағыттарына да байланысты екендігін ұмытпаған абзал. “Жанр - даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді... Жанрлық дамудың өзі – тірі процесс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады...” - деген академик З.Қабдолов тұжырымы осындайда айтылса керек. 90-шы жылдар публицистикасындағы тағы бір ерекшелік - шығармадағы ішкі полемика (қақпайласу, қайымдасу). Мәселен мақала авторы, тууы мүмкін оқырман сауалдарымен қарсылықтарына ыңғайластырып, ішкі полемиканы туғызады. Бұл теоретиктердің айтып жүрген “Публицистикалық текстің ішкімонологтық диалогтандырылуы” болып табылады [2, 21б.].

Дәл осы ерекшелік тәуелсіздік дәуіріндегі публицистер шығармашылығында жиі кездесіп отырады. Тәуелсіздік жылдарындағы баспасездегі тенденциялар Ш.Мұртаза, К.Смайылов, Ө.Жәнібеков, Ә.Кекілбай т.б. публицистикалық шығармалары негізінде көрсетілді.

90-шы жылдар публицистикасының басты өзгешелігі – бұрын жазуға болмайтын, бұрын айтуға болмайтын мәселелерге еркін қалам тербелді. Бұл жаңа басталған дәуірде қазақ публицистикасы, әсіресе.тақырыптық және проблемалық тұрғыдан байыды. Соған сай мазмұндық жағынан да публицистиканың өмірді шынайы қамту ауқымының аясы кеңейді. Ақын-жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың публицистикаға қалам тартуы бұрынғыдан да жиіледі.Сөйтіп ел тәуелсіздігімен бірге, мәселенің мәнісін тез ашатын, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қататын публицистика заманы туды. Бұл қазақ публицистикасының даму жолындағы жаңадәуір еді.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана қазақ журналистикасының өткен тарихының «ақтаңдақ» тұстары қайта ашылып, кезінде «ұлтшыл» деген жаламен жабылып қалған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Жас азамат» сияқты газет-журналдарда жарық корген А. Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә. Бөкейхан, М. Шокай, Х.Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, А. Мәметұлы, Х. Ғаббасұлы, С.Қожанұлы, Н. Торекұлұы, Т. Шонанұлы сынды қазақ халқының бір топ зиялы қауымының ұлттық мүдде тұрғысында жазған публицистикалық мақалалары ғылыми айналымға түсіп, өзінің тиісті бағаларын алып та үлгерді. Сондықтан біз төл баспасөзіміздің тарихын ежелгі тас ескерткіштердегі ақпарат үлгілерінен бастап, XIX ғасырдың екінші жартысындағы сапалық түрлері (Түркістан уалаятының газеті, 1870), кеңестік дәуір (1917-1990) мен 1991 жылдан басталатып тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі таңға дейінгі аралықты қамтып, төрт кезеңге бөлін карастыруды дұрыс деп таптық.

Жариялылықтың нәтижесінде Қазакстанда пайда болған саяси партиялар мен қозғалыстардың да өз баспасөзі көріне бастады. Мысалы, «Невада-Семей», «Азат», «Желтоқсан», «Қазакстан Халық Конгресі» т.б. қозғалыстардың газеттері өз мүддесі тұрғысынан түрлі бағыттарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Бұдан кейінгі 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жеке меншік және тәуелсіз басылымдар жарық көрді. А. Байтұрсынұлының редакторлығымен 1913 жылы жарык көрген «Қазақ» газетіне рухтас «Қазақ үні» (1994) жеке меншік газеті шыға бастады. Тәуелсіз мерзімді баспасөз қатарын «Түркістан» (1994), «Заман-Қазақстан» (1995), «Қазақ елі» (1995) сияқты жаңа газеттер толықтырды. Оқырман қауымды «Жас қазақ», «Айқын», «Азамат» сияқты газеттер легі ұлттық мемлекетіміздің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, жаңа ұлттық идеологиялық бағдарламасы қалыптастыру үшін мақалалар даярлап, шығармашылық жағынан дамыды.

Жаңа дәуір, жаңа билік, жаңа көзқарас ала келген тоқсаныншы жылдардың бас кезі тәуелсіз қазақ мемлекеті үшін айшықты да айбарлы, дүбірлі де дүрмекті кезең болды десек, тап сол тұста уақыт үнін тез ұғынып, азат елдің баспасөзіне талпынған, өздерінің қайраткерлік қырымен, каламгерлік қарымымен, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көрінген бірқатар публицистер оқшауланып алға шықты. Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күрес, рухани дербестік, тіл тазалығы, ұлттық сананы ояту сияқты ғасыр басындағы қазақ баспасөзіміздің де зейінмен жазар зерделі тақырыбына айналып отыр. Яғни, публицистиканың нақты өмірге ықпал ету дәрежесі бұрынғыдан артпаса, кеміген жоқ.

Әлем таныған қазақ елі тәуелсіздікке оңай жете қойған жоқ. Қай кезде де дәуір тамырын дөп басып отыратын публицистиканың мұндағы үлесі орасан зор. Қай журналист болмасын алдымен ол - өз заманынның, өз ортасының перзенті. Сондықтан да ол тек өз дәуірінің шындығын ғана шығармаларына арқау етеді. Халқының мәдени, рухани өмірінің дәрежесін сол уақыт өлшемімен бағалайды. Өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамның даму заңдылықтары мен халқының қадір-қасиетін өткен тарихымен таразылап барып, қаншалықты деңгейге кетерілгенін, жетістігі мен кемшілігін салмақтайды. Сол арқылы өткен дәуірдің бағдарын барлап, өзі емір сүрген кезеңінің қыр-сырына қанығып, болашаққа болжам жасайды. Әр дәуір келбетін жаңғырта жеткізуде, бүгінгі заман талабына лайық байлам жасауда әркім әрқалай жолды таңдап алады. Мәселен, тарихшы дәуір талғамына тарихи тұрғыдан баға беруге ұмтылса, әдебиетші керкем туындылары арқылы үлес қосады. Ал журналист дәуір дауылпазы публицистика тілімен шындықтың шырайын ашып керсеткенді жөн көреді. Ол заманды жалаң суреттеп, окиғаны тізіп шығушы емес, елдің тіршілік, қам-қарекетімен етене араласа отырып, әрбір жағдайды әр қырынан үңіле зерттен, танымдық сырын, коғамдык мәнін теріп ашып көрсетуді мұрат тұтады. Коммунистік идеологияның саяси сахнадан түсуі, сөз жоқ, республиканы коғамдық-саяси және мәдени-рухани өміріне елеулі

өзгерістер әкелді. Ғасырға жуык уакыт бойы бір жақты үстем идеология мүддесі тұрғысында бағаланып келген публицистикаға деген жаңаша көзқарас туды.

Ақпараттану мәселесіндегі басты қиындық халыққа билік орғандарының қызметі туралы жететін ақпарат мемлекетке қарсы бағытталған жалған ақпаратты уақытпен тексерілген тактика бойынша таратады. Адамдарды иландыру келесі ереже бойынша орындалады: көңіл аудару, қызығушылығын ояту, оқиғаларды ынталандыру және идея өзіңдікі сияқты қабылданбағанша қайталай беру. Ақпараттануды проблема ретінде қарастыру үшін қауіпсіз ақпараттану қандай болу керектігін жақсы ұғынып алу керек. Егер халық билік органдарының қызметі туралы қажетті ақпарат алмаса, онда теріс ақпаратты айқындау мүмкіндігі болмайды және оның қоғамға деген қауіпін де тану қиынға соғады. Тек қана ақпараттарды салыстыру арқылы мәселені шешуге болады. Яғни халық алдында таңдау әрқашанда болу керек. Сөз бостандығы болмай ой бостандығы болмайды. Саяси тарих сабақтарын еске сақтау маңызды. Қателіктерді білу бірден пайдалы болмаса да келешектегі үлкен істерге қызмет етеді. Қателіктерді қайталамаудың мәні зор. Кемшіліктерді айту биліктің немесе жеке мүдделі топтың қытығына тиуі, ашуын тудыруы мүмкін. Бірақ та, олай болуы уақытша, түбінде анық айту, ашық сынау бостандығы бәрібір үлкен жақсылығын әкеледі.

Алдымен, жас ұрпақ дұрыс сөйлеуді, дұрыс ойлауды, әділетті әрекеттер жасауды үйрене бастайды. Қателіктерді, дамуға бөгет болатын негативті факторларды анық талқылау билікті тезге салып қана қоймайды. Бұл іс халықтың санасын жақсартуға көмектеседі. Қазақ халқы 300 жылдай отарлықта езілді, қырылды, қорланды. Отарлаушы патша және Кеңес үкіметі саясатынан қазақ халқының 4,2 миллиондай адамы қырылды деген деректер дәлелденді. Қазақ әбден зәбірленіп, шошыған ұлт. Сондықган оның бойында құлдық сапалары көп. Халқымызда көпірме сөзге, өтірік-өсекке, қорқақтың пен жалтақтыққа, алдау мен сатқындыққа үйір адамдар баршылық. Шындық сөзбен әділетті істер осындай адамдарды тезге салатын ең ықпалды тәрбиелеуші факторлардың бірі болып табылады. Сөз бостандығын, ой бостандығына мыкты рухани тірек - дәстүрлі дін қосылса қазақстандық азамат Шәкәрім ақын айтқандай «шын адам» болатыны ақиқат. Адамдықпен залымдықтың күресінде халықтың саласын жақсарту арқылы ғана адами қасиеттерді басым ете алмақпыз.

Дін, білім, мәдениет пен спорт одағы халықты рухани сауықтырады, өмір жасын ұзартады. Адам факторының сапасының өсуі бүкіл халық факторының сапасының өсуі ғана емес, мемлекеттің күш-қуатының өсуін қамтамассыз етеді. Жалпы, еліміздегі электрондық үкіметті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат кезең-кезеңімен сәтті жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі үшін ақпараттық технологиялар саласын дамытуымыз шарт. «Электрондық үкімет құру - еліміздің өркениетті болашағы, демократияны дамытуға бағытталып отырған саяси маңызы зор қадам. Қазақстанның өсіп-өркендеуі үшін тек қана еліміздің жер байлығымен ғана емес, барлық саладан бәсекеге төтеп беретін күшті мемлекет болуы керек». Сөздің түптің-түбінде халықтың көңіліндегідей тұрмыс-тіршілік құруына көмектесуі, соған қызмет етуі өркениеттілік белгісі. Залымдықты азайту, зорлықты әшкерелеу, халық нәпақасын жеуге бөгет болу, адамгершіліктен және құдайға сенуге тарту сөз құдіретіне байланысты. Билік пен халық ұдайы дұрыс сөйлесе, дұрыс ойласа дұрыс қуатты мемлекет жасайды және сол елді гүлдендіруге қабілетті болады. Саясат сөзі халықтың негізгі құндылықтары мен мақсаттарына жауап беруі оны жасампаз рухани күшке айналдырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысқұлұлы Т. 1916 жылғы қазақ, қырғыз көтерілісі // Қызыл Қазақстан. – 1926. - №15-18

2. Байғалы Б.Ш. Қазақ журналистикасы: Баспасөздің дамуы және алғашқы қаламгерлер. – Алматы: Туран, 2012. – 296 бет

ӘОЖ:94.(470+571).

# ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ ОРЫС БЕКІНІСТЕРІНІҢ КӨПТЕП САЛЫНА БАСТАУЫ КЕЗІНДЕГІ ШИЕЛЕНІСТЕР

**САЛЫБАЕВА А.Ж.**
Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье проанализированы исторические данные о причинах возникновения напряженности в период начала строительства большого количества русских крепостей в южном регионе.

**Summary.**The article analyzes historical data on the causes of tension during the beginning of the construction of a large number of Russian fortresses in the southern region.

Ресей үкіметі қанша әрекет жасаса да XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін не оңтүстіктегі қазақтарға, не қырғыздарға қарай өзінің басқыншылық әрекетін шапшандата алмады. Оның себебі, Ресей ол кезде өзінің Қоқан, Бұқара, Хиуа хандықтары арасындағы жағдайын шиеленістіргісі келмеді. Ал Қоқан хандығы болса, Ұлы жүздің жерін түгелдей дерлік, сондай-ақ Сыр бойындағы Орта жүз, Кіші жүз жерлерін қоқандардың «занды жері» деп жариялаған болатын. Бұл жерге орыстардың келуіне барынша қарсы әрекеттерге дайындала бастады. Осыған байланысты Ресей үкіметі келешек басқыншылық ісіне барынша дайындалып, ол өңірге өздерінің XIX ғасырдын басында-ақ басталғанбарлау жұмыстарын шапшандатты. Сөйтіп, өздерінің көз тігіп отырған аймағындағы болып жатқан ішкі жағдайлар жөнінде де, сыртқы жағдайлар жөнінде де, барынша хабардар болып отырды. Ресей үкіметі Қазақстанның оңтүстіктегі жерін жедел түрде, қарқынмен отарлауға кіріскен кезде негізінен екі мақсатты көздегені белгілі. *Оның* біріншісі — бұл өңірді Қоқан әскерлерінен тазартып, олардың орнына өздерінің әскери бекіністері мен гарнизондарын құрып, бүкіл шығыстағы шекарасын анықтап, оның басқыншылығына мейлінше шектеу қою, екіншісі, 40-жылдардың ортасындағы Жетісу қазақтарының Кенесары Қасымұлы қозғалысына көрсеткен қолдауын және басқа ресейлік басқыншылықтарға қарсы наразылықтарды ескере отырып, бұл өңірге - өзінің тамырын терең жайып, тезірек орыс үстемдігін орнату еді.

Орталық Азияға қарай жақындата түсетін, Сырдарияның құйылысынан онша алыс жатпаған бұл жер өзге жақын өңірлерге қарағанда табиғаты бай және жағалаудың шөбі де аздап болса да бар еді. Одан әрі жүре берсе Қоқан билігіндегі қазақ жеріне жетуге болады. Әрине құмды, таулы және жерінің соры көп болып келетіндігіне байланысты мұнда қазақтар тек қыстың кезінде ғана көшіп келетін. Ең бастысы осы жердегі бекініс арқылы Ресей әкімшілігі Кіші жүздегі болып жатқан барлық жайларды бақылап отыруға мүмкіндік берер еді. Бұл жағынан ол белгілі Темір бекінісінен еш кем соқпайтын.

1847-ші жылы 12-ші ақпанда Ресей империясы соғыс министрі А.И.Чернышевтің Орынбор корпусының командиріне жазған хатында Сырдарияның Арал теңізіне құяр жеріндегі Райым түбегіне бекініс тұрғызу жөнінде құпия хат жіберді. Онда соғыс министрі Райым жартыаралының тұрған жерінің Орталық Азиямен сауда қатынасына қолайлы жерде болғандықтан Орынбордан келетін жолдағы бұл жердің ол̓бос екендігіне байланысты тезірек бекініс салмаса Хиуа хандығы форт салу үшін пайдалану мүмкіндігін, егер олай бола қалған жағдайда олардан тартып алу үшін қиындық туатынын айтты. Осыдан кейін, Орынбор әскери губернаторы генерал-лейтенант А.Обручев «Орынборлық қазақтарды қоқандықтар мен хиуалықтардан қорғау үшін» осы бекіністі салды. Ол бекініс 1851 жылы 4-ші ақпаннан бастап Арал қаласы деп аталды.

Артынша, ол жерге адамдар тұру үшін үйлер салынып, жан-жағын көл қоршаған жерге үш қорғаныс мұнарасын салу жоспарланып, негізгі жұмыс келесі жылға қалдырылады делінді. Бірақ сол жылдың көктемінде-ақ соғыс министрі 1847-ші жылдың 3-ші мамырының өзінде теңіз бас штабына Сырдария мен Арал теңізінде суда жүзетін қайықтар жасау үшін тиісті ұсталарды жіберу керектігін тапсырды. Бекініс салынатын болды. Ол Орынбор, Орал бекіністерімен жалғастыратын еді. Ақырында, 1847-ші жылдың 16-маусымында жаңа бекініс салу үшін Орынбордан 4389 әскер жолға шықты. Оларда 4440 ат, 2726 түйе, 1485 арабаға артқан бекініс салу үшін керекті құрал-саймандар, құрылыс материалдары, қару-жарақтар бар еді. Арал теңізінде кеме жүргізу үшін керекті құрал-жабдықтар да қазақ даласы арқылы ешбір кедергісіз Райымға жеткізілді. Сырдарияда орыс бекіністерінің пайда болуына наразы болған Хиуа хандығы Райым мен №1

фортты алу үшін бірнеше рет әрекет жасауы нәтижесіз аяқталды. Ақырында олар өздерінің шекарасына шегінуге және орыс әскерлерінің шабуыл жасауынан сақтану үшін әскери бекіністер салуға мәжбүр болды [1].

Расында, Райым бекінісінің салына бастауынан соң-ақ, мұны естіген Хиуа ханының қарсылығын туғызды. Бұл жайды алғаш естігенде Хиуа ханы Мұхамед Амин: Орыстар менің дұшпаным,- деген. Олар сол төңіректегі қазақтар арасына өз жансыздарын жіберіп, орыстарға қарсы шығуға үтіттеді. «Орыстар қазақтарға үлкен бақытсыздық әкелді»,- деді оның жансыздары. Бірақ бұрынғысынша қазақтардан ауыр салық жинауын тоқтатқан жоқ. Сол жылдың мамыр айына дейінгі уақыттың өзінде қазақтардан мындаған қойды салыққа алып кеткен олар қысымшылығын одан әрі жалғастыра берді. Осы кезде Ресей империясы тек Сырдария жағынан ғана емес, сонымен бірге Алатау жағынан да осы өңірге барған сайын жақындап келе жатты. Ал Арал жақтан Райым бекінісінің салынуымен қатар сол жылы шығыс жағынан Қаратал бекінісінің бой көтерді. Райым бекінісінің салынуы Қокан хандығы тарапынан қатты қарсылыққа кездесті. Райым бекінісі салынып жатқан кездің өзінде-ақ қазақтар орыстармен жақсы қарым-қатынас жасаған. Бұрыннан орталықазиялық хандықтарға қарағанда орыстарға сол сеніммен қарайтын Кіші жүздің батыры Жанқожа Нұрмағамбетұлының жіберген адамы осы бекініс бастығына келіп, Хиуа хандығының қолдауына сүйеніп осы төңіректегі қазақтарға тыныштық бермей үнемі шапқыншылықтар жасап жүрген Жанғазы Шерниязұлына қарсы көмектесуді өтінді. Өйгкені, ұзақ уакыттан бері хиуалықтардың қанауына қарсы қазақ шаруаларын көтеріп батыл түрде күресіп келе жатқан Жанқожа Нұрмағамбетұлына үлкен көмек керек болатын. Дел осы кезде хиуалықтардың Сырдың төменгі жағындағы казақтарға қарсы кезекті жорығы басталған.

Ақырында, 1847 жылдың 20-шы тамызында хиуалықтар өздерінің сенімді бекінісінің бірі саналатын Жаңақалаға келді. Бұл бекініс Райымнан 80 шақырым ғана жоғарыда тұратын. Хиуалықтар Сырдың оң бетіне өтіп алып, әдеттегідей бірден сол өңірдегі қазақ ауылдарына тиісті. Ауылдар бірінен соң бірі қирады, дүние-мүліктерін тартып алып, малдарын айдап, тіпті жас балалар мен кыздарды өздерімен ала кетті. Мыңнан аса үй қирап 21 әйелді тартып алды. Қайтарларында, Сырдан өтер кезінде қайыққа ауырлық жасамасын деген сылтаумен дарияның ортасына жақындаған сәтте қазақтың 30 жас сәбилерін суға әдейі тастап жіберді [2]. Мұндай жан түршігерлік қаталдық қазақ ауылдарына қатты үрей туғызды.

Тарихи деректерге қарағанда қоқандықтар Райым бекінісі салынғанға дейін сол өңірдегі Ресейге бағынған қазақтарға көп тиісе қоймаған. Ал орыстың *осы* бекінісі салынғаннан бастап-ак қоқандықтар шиыршық атып, қазақ ауылдарына барып, оларды шауып, құтырынып шыға келген. Оларға қоқандықтарға қарайтын қазақтар қосылған. Мысалға алатын болсақ, 1850-ші жылдың 16-шы ақпанында Ақмешіт бекінісінің бастығы Якупбек Мухаммед Лашинға қарайтын қазақтар үлкен қол жинап, бауырларының ауылын шабуга дайындалған. Сөйтіп, орыс қоластындағы жпырма шақты ауылдарды шауып Арал бекінісінен шамамен 50 шақырым жерде көшіп жүрген шөмейлердің 6 адамын өлтіріп, сонымен бірге 1 мыңдай жылқы, 25 мындай ұсақ малын айдап әкеткен.

Хиуа ханының Жанқожа Нүрмағанбетұлы бастаған көтерілісті басу үшін жасаған соғыс әрскеттсрінің жүзеге аспағанынан кейін басқа да амал-айлалар жасауға мәжбүр болды. Қазақ батырларын бір-біріне айдап салды. Сөйтіп ол оз билігіндегі қазақ руларының билеушілерін айдап сала бастады. 1844 жылы Хиуа ханы белгілі батыр Есет Көтібаровка хат жазып, Жанқожаны не тірідей, не өлідсй ұстап әкеліп беруді сұрауы осының мысалы еді.

Сырдария сағасына орыстардың келуінен бастап бұл өңірдегі тұратын қазақтар Хиуа хандығынан әбден қысым көргендіктен біртіндеп патша үкіметінің билігін танып, орыстардың қол астына өте бастады. Енді оларға орыс әскерлері көмек көрсететін болды. Ақырында лажсыздан орыстарға арқа сүйеген Жанқожа Нұрмагамбетұлы бастаған қазақ шаруалары хиуалықтарды Сырдарияның сағасынан қуып, ол жерді мекендеген қазақтарды олардың тепкісінен біржола босатты.

Сөйтіп, Қоқан қоластындағы қазақ руларының Ресейдің қоластына өтуі жүріп жатты. Бұл Қоқан хандығына қарайтын шығыс өңірде де айтарлықтай жүрді. Атап айтқанда, 1839 жылы Балқаш колінің оңтүстік-батысына орналасқан Бойжігіт-Найман болысы, ал 1842 жылы осы көлдің шығысындағы қазақтар Ресейдің қоластына өтті. Ұлы жүз руларының ол жаққа қарай жаппай кетуі 1845 жылдан басталады [3].

Ресей мен Орталық Азия хандықтарының арасыядағы осы бір текетірестің күшеюі қарсаңында Кенесары Қасымұлының көтерілісінің орыстардан қысым көргеннен кейін оңтүстік өңіріне келуінің өзіндік себептері болды.

Бекіністердің салынуы Кенесарының қоныстарын тарылтты. Ол бұл бекіністердің салынуынан бұрын-ақ Хиуа ханынан көшіп-қонуына қолайлы жерлер беру туралы сөз салған. Хиуа билеушісі оның келуіне қарсы болған жоқ, бірак қарауындағы жерге кедіип келгенде өзіне тәуелді болуы керектігін айтты. «Бүкіл қазақтарды орыстардан тартып аламын»,- деп Қазақ даласын ешкіммен бөліспей, жеке дара билеп, өзінің шексіз билігін орнатып, өз алдына үлкен дербес, күшті мемлекет құруды арман еткен Кенесарыға бұл қорлау болып көрінді. Осы кезде оған қарсы қарулы орыстардың жазалаушы әскерлері шұғыл түрде күш аттандырылғандықтан ол оңтүстік Қазақстанның Сарысу және Шу өзендерінің өңіріне көшуге мәжбүр болды. Сонымен қатар ол Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарына өзінің сенімді адамдары арқылы көтерліске қатысуға үгіт жүргізіп, өзіне қосылуға шақырды. Оларға Қоқан хандығынан жаулап алған жерді беруге уәде етті.

1845 жылдың күзінде Кенесары қазақтың бүкіл оңтүстік өңірін билеп отырған Қоқан хандығына қарсы соғыс бастады. Оның әскерлері Қоқанның сенімді, орі маңызды қамалы салынатын Жөлекті басып алды. Ол сол сияқты Жаңақорған және Тұрсынбай қамалдарын да бағындырды. Содан кейін Қоқан қоластындағы қазақ жеріндегі және бір ірі бекініс — Ақмешітке аттанды. Бірақ оба ауыруының тарауына байланысты қаланы тастап кетуіне мәжбүр болды.

XIX ғасырдың 50-жылдарында Қоқан хандығында үстемдік етушілердің өзара талас-тартысы күшейді, алауыздық өсті. Жағымпаз адамдардың ықпалына түскен хан Мәделі беделді ақсүйектерді, соның ішінде тіпті өзінің туыстарын да қуғынға үшыратты. М\әделі ханның бұл ісі әскери адамдардың, әкімдердің және діни адамдардың тарапынан қарсылыққа кездесті. Ол ішкіліекпен, ойын-сауықпен айна*лысып,біртінд*еп едді басқару тізгінінен айырыла бастады.

Тақтан Мәделі ханның орнынан түсіп, Шералының келуі елдің ішіндегі жағдайды жақсарта қоймады. Шералы таққа отырғаннан кейін де хандыктағы билеушілер арасындағы тартыстар тоқтамастан одан әрі жалғаса берді. Екінші жағынан, өзбек ақсүйектері Мұсылманқұл билігінің барған сайын осін бара жатқанынан да қорықты. Сөйтіп, қыпшақтардың билігін құлату үшін ең алдымен оған жол беріп отырған ханды орнынан алуды мақсат етті. Ақырында, 1845 жылы Мұсылманқұлдың Қоқанда жоқтығын пайдаланып озбек билеушілері ханға қарсы бұлік үйымдастырып, ақырында оны олтірді. Таққа оздерінің адамы деп есептелетін Мұрат дегенді отыргызды. Тақ тартысының бір кезеңі осымен аяқталды.

Орыс бекіністері көптеп салына бастаған ксзіндегі шиеленістерде Қоқан қоластындағы қазақтар мен Ресей қоластындағылар арасында барымталық жасаумен де ерекшеленген болатын. Мысалға алатын болсақ, 1845 жылдың 25-тамызында қокандықтардың басшылығымен ақмешіттік қазақтардан шыққан карақшы топтар 400 адаммен аттанып Қазалы мен Арықбалық маңындағы шектілердің ауылын шауып екі адамын өлтіріп, 1500-дей бас ірі малдары мен 21000-дай уақ малдарын айдап кетті.

1851 жылдың ақпанында ақмешіттік қоқан билеуіндегі қазақтар орыс қоластындағы қазақтардың ауылына шабуыл жасап, Қарақұмдағы жайлаулардан 75 мың малды барымталады. Бұл барымталықта қаншама қазақ жігіттерінің соққыға жығылғандары айтпаса да түсінікті.

Енді бұл барымтаның қарымтасын қайтару керектігі сөзсіз. Бұл жой қазақтарда қашаннан дәстүрге айналып кеткен еді. Ақырында, орыс қоластындағы қазақтар да қарап отырсын ба, Алтынғазы Наурумұлы сұлтанның бастауымен қаншама жігіт атқа қонып, Жөлек маңындағы Қоқан хандығына қарайтын қазақ ауылдарына барымта жасады [4].

Осы кездегі оңтүстік қазақтарының батыс жағына келсек, 1847 жылы патша өкіметінің әскерлері Сырдарияның Арал теңізінің құйылысына жетуі, осы жердегі Райым жартыаралына үлкен бекініс салуы біраздан бері тыныштанып қалған Ресей мен Орталық Азия хандықтарының арасындағы жағдайды қайтадан нашарлатты. Дәл осыдан бастап Ресей және Қоқан арасындағы жағдай қайтадан шиеленісті. Екі ел арасындағы текетірес күшейді. Расына келеек, Райым бекінісінің салынуы орыстардың Сырдария бойы арқылы жоғарылай жүретін басқыншылық соғыс саясатының бастамасы еді. 1849 жылы бұл бекініске Орынбор қазақтарын көшіріп әкеліп қоныстандыра бастады.

Қоқан және Ресей арасындағы шиеленістің өсе бастаған кезінде Хиуа және Қоқан хандығымен шекараласқан жерлердегі бекіністерді салу одан әрі жалғаса берді. Сырдария бойындағы ірі қамал-бекіністер сияқты Жетісу жағынан салынған бекіністср де орыстар үшін отарлық саясатты жүргізгенде көп жұмыс атқарды. Олар орине стратегиялық маңызы бар жерлерге тұрғызылды. Сондай маңызды жердің біріне 1847 жылы Ресейдің аса ірі бекінісі Қапалға салынғаны белгілі. Онда Сібір казак шебінен әскери құрамдары әкелініп, Қапал бекінісінің, коменданты жергілікті қазақтарды басқара бастады. Ол бекіністің салынуы арқылы орыстар Іле

өзеніне жақындап, оңтүстік өңірді басқаруға кірісті. 1843-1846 жылдары Іле өзеніне дейінгі Жетісу қазақтары Ресейге бодан болып қосылды. Патша әкімшілігі Жетісудағы жаңадан қосылған қазақтарды басқару мақсатында 1848 жылы Ұлы жүз пристав әскери-әкімшілігін құрды. Әскери басқарманың және бекініс коменданты басқаруының кеңсе штаты бекітілді. Ресей үкіметі Ұлы жүз қазақтарын басқаруда жаңа әскери мекеме құра отырып, өзінің ішкі жағын нығайта берді. Сыр бойы мен Алатау өңірінде отарлауды табысты жүргізіп, енді олар Қоқан ханының қоластындағы Шу өзенінің бойындағы қазақтарды бағындыруды ойластыра бастады. Өйткені, осы жер арқылы оңтүстікке қарай жылжудың қажеттігі туған еді. Екінші жағынан, Шу өзені бойындағы қазақтарды Ресей қоластына қаратуОрынбор шебінін оңтүстігіндегі өңірмен байланысты жақындата түскен болар еді.

Дәл осы жерде Ұлы жүз қазақтарын өздеріне қаратуда орыстар үшін бір киындық жай кездескен еді. Ол Ұлы жүз қазақтарының шығыс жағының азғана аймағының Қытай қоластында қалуы болды. Ол жердегі қазақтар да қоқандықтардан қатты қысым көріп, Ресей қоластына өту үшін әрекет жасады. Сөйтіп, расында да Қытай мемлекетімен өте сақтықпен коршілік саясат жүргізген Ресей үкіметі Орталық Азия хандықтарына қарай жылжу үшін Шу өңіріне қарай жылжуға асықпай, сақтықден дайындық жүргізе бастады. Дол осы жерде Ресей мен Қоқан хандығы арасында үлкен текетірес басталғалы гүрды. Өйткені бұл дайындықтың негізгі мақсаты Шу өңіріндегі қазақтарға Қоқан хандығыньщ үстемдігін жою арқылы, өзінің билігін орнату сияқты сонау заманнан бері жалғасып ксле жатқан мақсаты түр еді. Ресейдің ертеден бері ойластырған бұл мақсатына жетпей қоймайтыны белгілі болатын.

Патша үкіметі жаңадан өз құрамына қосылып жатқан Ұлы жүз қазақтарын басқару жолдарын да ойластыра бастады. Ақырында 1847 жылдың кокек айының 17-жұлдызында Ресей сыртқы істер министрі граф К.В.Нессельроденің ұсынысы бойынша ерекше ережесі бекітілді. Ол бойынша, Алатау приставының құрамына кіріп отырған қазақ жерінде төрт ру негізінде сұлтан тағайындалып оған сайлау өткізілді. Төрт адам өз руларында аға сұлтандық қызмет атқарды. Сонымен, біртіндеп Ұлы жүздің Үйсін, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Қанды руларының Ресейге бодан болуы басталды. Бірақ бұл процесс ұзаққа созылды. Өйткені Ұлы жүз қазақтарының шығыс жағы Қытай империясымен қарым-қатынаста болғандықтан Ресей үкіметі әлі де жағдайды шиеленістіріп алып, бүкіл түпкі ойды іске асыра алмай қалудан қашты. 1847 жылы Ұлы жүзден Дулат руларының 4000 үйі Ресейге бодан болды. Ал Ресей әкімшілігі болса, Қоқан ханының қатаң езгісінен құтылуды ойлап, еріксіз бодандыққа келген қазақтардың жеріне өзінің отарлық саясатын жүргізе отырып, дереу бекіністер сала бастады. Ұлы жүз қазақтарына Орта жүзде жүргізілген жаңа басқару әкімшілігіне бағындырыла бастады.

XIX ғасырдың басында Қоқан хандығының Қаазақстанның оңтүстік жерін біртіндеп жаулап ала бастаған сәтте сонау XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы Ұлы жүз қазақтарының Ресйге қосылуы жөніндегі мәселелер қайтадан күн тәртібіне қойыла бастаған. Ал 1824 жылы 13-мамырда Ресей патшасы І-Александар Ұлы жүздің Жетісуда көшіп жүрген 165 мың ер адамы бар 14 сұлтанын өз қоластына кабылдау туралы грамотаға қол қойды. 1845-1847 жылдары Ұлы жүздің барлық дерлік оңтүстікте көшіп-қонып жүрген, әлі де Қоқан билігіне қарамаған қазақ рулары Ресей қоластына өтті [5].

Орта жүз бен Ұлы жүздің Рессйге қосылған өңірлердегі стратегиялық жағынан маңызды жерлерінде орыстардың Актау, Алатау, Қапал, Сергиополь, Лепсі сияқты мықты бекіністері патша өкіметінің Іле өлкесіндегі жағдайын нығайту үшін салынған тірек пункттері еді. Ұлы жүздің орыстарға қосылған аудандарын басқару мақсатында 1848 жылы орталығы Омбы қаласы болған Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына бағынатын «Үлкен орданың приставы» лауазымы берілді. Өз еркімен қосылған Ұлы жүз қазақтары өздерін Қоқан хандығының жиі-жиі болып тұратын шапқыншылығынан қорғайтын орыс әскери бекіністердің және қалалық орталықтардьщ салынуына айрықша мүдделі болды.

Ресей патшалығы Орынбордан Сырдың Арал теңізіне құяр жеріне дейінгі салынған бекіністері арқылы Хиуа хандығы мен Бұқара әмірлігінде болып жаткан оқиғалармен хабардар болып, Ұлыбританияның осы өңірге жасамақ болған іс-әрекеттерін білу, сол арқылы ағылшындардың Орталық Азияға жылжуына жол бермеуді мақсат етті. Ресей империясы осы мақсаттарды іске асыру үшін және Сыр бойындағы қазақтарды бағындыру үшін Райым, Орал, Орынбор, Қарабұтақ, №1 форт, №2 форт, Перовский бекіністерін біріктіріп Сыр бойында әскери шеп бойын басқарудың нұсқауын бекітеді. Ал *Сыр* бойындағы қазақтарды басқару әкімшілігінің бір ерекшелігі — ол әскери мекеме ретінде құрылды. Оған жоғарда айтқан барлық әскери бекіністерді басқару жүктелді. Қазақ жеріндегі тұңғыш тәжірибе болған бұл жүйедегі әскери

бекіністерді комменданттар басқарды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тынышпаев М. История казахского народа (учебное пособие). Алматы: Қазақ университеті. 1993. - 244 с.

2.Махаева А. Орта Азия және Түркістан (XIX ғасырдын бірінші жартысы)// Қазақ тарихы. 2004. N3. Б.66.

3.Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII-XX вв. Алматы: Білім. 1995. - 290 с.

Жолдасов С. Шежірелі оңтүетік. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы: ҚАЗақпарат. 2002. - 213 б.

4.Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики, собранные офицерами Генерального штаба.4.1. СПб. 1865. - 288 с.

5.Наливкин В. Краткая история кокандского ханства. Казань. 1886.-215 с.

ӘОЖ:351.746.1 (574)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНДЕГІ ҚАТЕРЛЕР МЕН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

**САРСЕНОВА А.И.**
И.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены способы учета возрастных особенностей при обучении обучающихся начальных классов.

**Summary.** The article considers the methods of taking into account age characteristics in teaching younger schoolchildren.

Ұлттық қауіпсіздік мәселесі саяси ғылымдарда кеңінен зерттеліп келе жатқан тың тақырыптың бірі.оның үстіне саяси -әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етілу мәселесі көне замандардан келе жатыр. Атап айтқанда Аристотель, Платон, Конфуций, Шан Ян және аль-Фараби секілді ғұлама ғалымдардың еңбектерінде қоғамдық тәртіп мәселесі жан-жақты қарастырылған. Мемлекеттің жеке адамның қәуіпсіздігін қорғауда атқаратын ролі мен функциялары жөнінде Николло Макиавелли, Джон Локк, Томас Гобсс, Монтескье, Имануил Кант және Гуго Гроций сияқты ғаламдардың да еңбектері аз емес.

Ұлттық қауіпсіздіктің обьектілері-жеке адам оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам мен материалдық және рухани құндылықтары,мемлекет оның конституциялық құрылысы,тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің субьектілері-өз өкілеттілігін биліктің заң шығарушы,атқарушы және сот билігі тармақтарының органдары арқылы жүзеге асырылатын мемлекет,азаматтар мен ұйымдар болып табылады.

Қазақ бүгінге дейін зілзала,топансу,аштық, жұт...осы қатерден басқасынан сау келген еді.Бірақ заман өзгерді,көршінің пейілі өзгерді енді қазаққа саяси қауіптер төне бастады.Саяси қатерлер – бұл биліктің, құқықтық тәртіптің іргесін шайқалтып, сапырлыс өзара қырқыс, қақтығыс, туғызып, жатпай азғындау туындататын, ұлттық тәуелсіздікті жоғалтуға, мемлекетті әлсіреттіп күйретуге, азаматтарды саяси құқық пен бостандығынан айыруға, халықтың қоғамның, оппозицияның билік орындарына ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығаруға септестік әлеуметтік құбылыстар, іс- қимылдар. Бұл ең алдымен қандай да бір әлеуметтік – саяси субьектілердің (мемлекеттердің оның құрылымдарының, әлеуметтік топтардың, партиялардың, элиталардың,тұлғаларының және т.б.) билік үшін күресте (әлемдік және ішкі билік)өзара егесте іс-әрекеті. Сонымен қатар бұл қылмыстың, тероризмнің,есірткішілдіктің жолына тосқауыл қойылмаса,ол таяу болашақта ең дамыған қоғам мен мемлекеттің түбіне жетуге қабілетті.

Ең жалпы тұрғыда алғанда саяси қауіпті 3 топқа бөліп қарауға болады:

а) саяси салаға төнетін қауіп,бұл қоғам өмірінің өзге салалары –экономика,әлеуметтік құрылым және әлеуметтік қатынас зиянды рухани-иманды процестер;әскери қорғаныс істері және т.б. тарапынан төнеді;

ә)экономикаға,әлеуметтік қатынастарға,әскери қауіпсіздікке және т.б. төнетін қауіп бұлар саяси саладан өрбиді;

б)саяси саланы өз ішінен туып өзіне қатер болып,төнетін қауіп.

Осы орайда саяси сала деп- қоғамдағы өзге де негізгі салалармен (экономикалық,әлеуметтік,рухани-имани)ұғынылады. Бұл сала саяси сананы,қатынастарды институттарды,іс-қимылды,процестерді қамтиды.Саяси қауіпсіздік тетігі тұтас элементтер қатарынан және олардың қатарында мыналар бар,қорғауды тілейтін нысандар (аумақ,мемлекеттік және қоғамдық саяси институттар,билік органдары саяси құқықтармен бостандықтар,сондай-ақ азаматтардың,әлеуметтік топтармен қауымдастықтардың және тағы басқа шынайы саяси қызметі). Осы орайдағы көзқарастар принциптер концепциялар (доктриналар):сәйкес заңдар жүйесі(құқықтық негіз)саяси саланы қорғау жүктелген субьектілер (арнаулы мекемелер мен органдар,сондай-ақ осындай атқарымға ие басқа да мемлекеттік және қоғамдық мекемелер,қоғам мен азаматтар):осы міндетке қызмет ететін құралдар әдіс-тәсілдер:саяси қауіпсіздіктің жай-күйіне және оның механизмдерінің тиімділігіне баға беру өлшемдері.

Саяси қауіпсіздкті айтқан жерде біз саяси қатер тәрізді маңызды элементті орағытып өте алмаймыз.Ол саяси қауіпсіздік құрылымындағы негізгі ұғым болып табылады.Бұдан бірнеше жыл бұрын ғана саясаттанушылар мен экономистердің сөздік қорында болмаған «саяси қатер» ұғымы біраз өзгеше тұжырымдалып жүрсе де соңғы уақытта мерзімді баспасөз бетінен жиі көрінетін болды

«Саяси қатер» терминінің мәні едәуір кең-ол саяси тұрақтылыққа болжам жасаудың әр-түрлі әлеуметтік–саяси ортадағы қызметке байланысты барша бейкоммерциялық қатерлерге баға беруге дейінгі аяны қамтиды.Сөздің тар мағынасында саяси қатер деп фирманың өзінің инвестиция салған елінде орын алған жағымсыз саяси факторлар салдарынан қаржысынан айрылып қалу ықтималдылығы ұғынылады..

Саяси қатерді зерттеуші кейбір ғалымдар (С.Робок,С.Кобрин,Дж Саймон)олар таралатын экономикалық субьектілер деңгейіне қарай макро және микро қатерлерді бөліп айтады.Макро қатер өздері орналасқан елдегі бүкіл шетел субьектілеріне әсер ететін саяси оқиғалар ықтималдылығымен қоса жекелеген жобаға тән қатерлер жатады.

Саяси қатерлерді жіктеу не үкіметтік құрылымдар әрекеті әсерімен белгілі бір мемлекеттік саясат жүргізу барысында немесе үкіметбақылауынан тыс күштер тарапынан туындаған оқиғаларды бөлу негізінде жүргізіледі.Саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарына мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау;
- Қазіргі конституциялық құрылысты сақтау және оның құқықтық негізін нығайту;
- Елеулі әлеуметтік саяси дағдарыстар қаупінің алдын-алуға қабілетті өркениетті саяси пікір алысу тетіктерін жасау;
- Құқықтық тәртіп және тұрақты демократиялық саяси жүйені қалыптастыру;
- Адам баласының өмірін,денсаулығын,мүлкі мен құқын сенімді қорғауға жағдай жасау.

Ұлттық қауіпсіздіктің біріңғай жүйесінде,ұлттық мүдделерге кедергілердің мүмкіндігі зор және шынайы қайнар көзіне орай қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы аспектілерін атап көрсеткен жөн.Қауіпсіздікке қауіп-қатерлерді сыртқы және ішкі деп бөлуге негізделе отырып, зерттеушілер (У.Касенов,М.Лаумулин және т.б.). Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп-қатер негізінен ішкі сипатта болатынын атап көрсетеді.Ұлттық қауіпсіздіктің ішкі аспектісіне ең алдымен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі жатады.Экономикалық қауіпсіздік Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан,процестер мен факторлардан қорғалуының жай-күйі.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы»заңда 18-бабында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы төмендегіде маңызды мәселелер қарастырылған.

1.Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың,меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың,лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1)Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;

2)Қазақстанның дүиежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық тұйықталуына жол бермеуге;

3)ел экономикасының ресурстық энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға;

4)Қазақстанның геосаяси төңірегінде туындайтын ықтимал теріс факторлардың әсеріне баланысты мемлекет экономикасының шетіндікдәрежесін барынша азайтуға;

5)отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге,отандық экономиканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған ішкі,сыртқы несие ресурстары мен инвестициялық мүмкіндіктер бағытының басымдығына;

6)мемлекеттік бюджеттапшылығының мүмкін болатын шекті деңгейінен кетпеуге және оның кіріс бөлігін нығайтуға;

7)бюджет қаражаты мен мемлекеттік ресурстардың нысанасыз пайдаланылмауына жол бермеуге;

8)сыртқы қарыздың республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерге қарағанда ұлғайып кетуіне жол бермеуге;

9)Қазақстан аймақтарының әлеуметік-экономикалық дамуындағы қатерлі теңсіздікке жол бермеуге;

10)бәсекені көтермелеу және монополизмді шектеу жағдайында ел экономикасында қазақстандық тауар өндірушілердің үлесін арттыруға;

11)экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттрімен қамтамасыз етіледі.

2.Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау,оның ішінде мемлекеттік өнеркәсіп әлеуетін сақтау мен нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып,Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдар мен шетел қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі обьектілерінің жай-күйі мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісім-шарттар жасалған кезде осы келісім-шарттардың орындалуын бақылау кезінде міндетті түрде ескеріледі.

4.Мыналарға:

1)шегінде еңбек,қаржы ресурстары мен өзге де ресурстардың еркін орын ауыстыруы жүзеге асырылатын Қазақстан республикасының рыног кеңістігінің;

2)Қазақстан Республикасының біртұтас және дербес қаржы жүйесінің,соның ішінде елдің бүкіл аумағында ұлттық валюта-теңгі айналысының;

3)Қазақстан Республикасының біртұтас және дербес коммуникациялық және энергетикалық жүйелерінің қалыптасыуы мен іркіліссіз жұмыс істеуі мүдделеріне қайшы келетін қандай да болсын шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

5.Мыналарға:

1)Қазақстан экономикасына инвестициялардың құйылуына кедергі жасайтын;

2)теңге бағамының күрт құлдырауына,мемлекеттік алтын валюта активтерінің сарқылуына,елдің экономикасы мен ақша айналысын тұралатып тастауы мүмкін мемлекеттік қарыз көлемінің өсуіне ұрындыратын;

3)капиталдың елден сыртқы бақылаусыз әкетілуіне ықпал ететін шешімдер қабылдауға және іс-қимылға тиым салынады және бұл жауаптылыққа әкеп соғады.

Ұлт үшін оқыс сын сәттерге толы тарих кезеңдерде негізінен мемлекеттік мүдде алға шыға алады. Бұл жағдайда мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігі өзіндік мақсатқа айналады және ол саяси күштер мен қоғамдық топтардың, сондай-ақ оларды қорғау жолындағы пәрменді институттар қызметінің басқару және үйлестіріп отырудың тиімді тетігі арқасында орындалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Насимов М.О. Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік саясатының тұғырлары /

2.М.О.Насимов, Кайнар КалдыбайулыКалдыбай, Г.Б.Колеген, Б.Ж.Паридинова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016.

3. Национальный отчет по человеческому развитию. - Алматы., 1997

4.Казакстан: экономика и жизнь. – 1994. - №5

5.Тасмаганбетов И.Н. Социальная политика в условиях независимости Республики Казакстан // Саясат. – 1997. - №9

ӘОЖ:94.(470+571).

# РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ МЕН ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНЫҢ ТЕКЕТІРЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ӨҢІР ЖАҒДАЙЫ

**НУРАХМЕТОВА А.Е.**
Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассмотрены данные о состоянии Южного региона накануне противостояния Российской империи и Кокандского ханства.

**Summary.** The article details the data on the state of the Southern region on the eve of the confrontation between the Russian Empire and the Kokand Khanate.

Ресей империясы және Орталық Азия хандықтары арасындағы текетірес қарсаңындағы оңтүстік аймағында тұратын қазақтардың шаруашылығы жайына келсек, басқа аймақтармен салыстырғанда ол ең алдымен суармалы егіншілікпен айналысуымен ерекшеленді. Сыр өзенінің бойына орналасқан ел оңтүстігінде Арыстың құяр жерінен бастап, солтүстігінде Бетпақдала мен Мойынқұм арасын қақ бөліп, шілдеге дейін кей жылдары дарияға құйып жататын Шу өзенінен етегіне дейін, батысында Каратаудан әрі асып жатқан бұл өңірдің шаруалары егіншілікпен қатар мал шаруашылығымен, балық аулау, аңшылықпен айналысты. Бауырайынан бұлақтары қайнап жатқан Қаратау етегіндегі құнарлы жердегі қазақтар да негізінен егіншілікпен айналысқан.

Осы кең байтақ жерді алып жатқан қазақ жерінің бір бөлігінде табиғатының ерекшелігіне байланысты халықтың орналасу жиілігі әртүрлі болып келетін. Сырдария, Арыс, Талас, Шу бойларында халықтар жиі орналасса, Бетпакдала, Сарыарқаны қысы қатал болғандықтан онда көпшілігі қыстамай, қазақтар тек жазғы жайлауы етті. Мойынқұм ішіндегі жайлы қыстау, қолайлы жерлерінде қыстайтындар да болғаи [1.].

Оңтүстік өңірінде кез-келген жерден шабындық кездесе бермейтіні белгілі. Оның едәуір жерін құм алып жатуына байланысты мал азығына қажетті жем-шөп қорын өзендердін, жағалауларындағы шабындықтардан және қамыс-құрақтардан жинаған. Мал азығы үшін құнарлы шөптер сонымен бірге тау жоталарының беткейлсрінде өсетін боз, бидайық, сондай-ақ қуаң жерлерде өсетін шөптерден де дайындалды. Қыстық мал азығы қашаннан аз мөлшерде дайындалатындығына байланысты қазақ шаруалары мен байлары қыстау үшін малы тебіндеп жайылуға болатын қары жұқа түсетін әрі, желден ықтасын болатын ыңғайлы жерлерді пайдаланған.

Ресей империясы мен Қоқан хандығы арасындағы Қазақстанның оңтүстік өңірі үшін текетірестің басталуы қарсаңында қоқандықтар бұл өңірді түгелдей дерлік бағындырған еді. Енді оны өзінің уысында ұстауды ойлады. Сырдың құяр жерінен Жетісуға дейінгі осы бір кең байтақ территорияны басып алу үшін Қоқан хандығы ұзақ жылдар бойына шабуылдар жүргізді. Атап айтқанда, XIX ғасырдың алғашқы он жылдығының соңында Ташкентті, Шымкентті, Сайрамды басып алғаннан кейін Қоқан хандығы өзінің басқыншылық әрекетін үш бағытта жүргізуді ойлады. Бірінші бағыты — Түркістан қаласын алып, Сыр бойымен Аралға дейін жету, екінші жағы — Қаратаудан әрі асып Созаққа жетіп, одан әрі Бетпақдала, Сарыарқаға дейін алу, үшінші бағыты — оңтүстік-шығыстағы жердің жаннаты саналатын Жетісуға қарай аттанып, Іле Алатауы бауырындағы қазақтарды өзіне бағындыру еді. Екінші жағынан бұл кез Ресейдің қазақ даласын біржола өз отарына айналдыруға шешуші қадам жасау қарсаңы болатын.

Бұқара әмірі мен Хиуа ханына қарағанда өз күшінің басым екенін, Ресей мен Қытайдың бұл өңірге жақын арада келе алмайтындығын сезінген Қоқан ханы бұл ойын іске асыруда әозірше өзіне қарсы келетін күшті бақталастың жоқ екенін түсінді. Ал арасы керуен үшін алты айлық жол деп есептелінетін Петербор жақтан қауіп келеді деп ойлай қойған жоқ еді ол кезде. Бұл кездегі Қоқан хандығыньщ күшейгені сонша, онымен көршісі Бұқара әмірлігі, Хиуа хандығы ғана емес, сонымен бірге қаншама елдердің аяғын тартатын Қытай мен Ресей сияқты үлкен империялардың өзі де есептескен екен.

1818 жылы ежелгі Бұқара, Хиуадан және Ташкснттен Атбасарға, содан Сібірге, Торғай мен Троицкіге апаратын жолда Ақмешіт бекінісі салынып [2], көп кешікпей-ақ Сырдың оң жақ бойын жағалап солтүстікке бағыт алған қоқандықтар қашаннан арманы болған Арал теңізіне жетті. Сол

төңіректегі қазақтардың барлығын күшпен бағындырды. Осыдан кейін Бұқара әмірі мен Хиуа ханының бұдан былай қарай Сырдарияныңың оң жағалауындағы қазақ руларына билік жасауға деген үміті біржола үзілді. Ол өңірдегі бүкіл билік Хиуа мен Бұқарадан енді қоқандық билеушілердің қолына өтіп, олардың бұл өңірдегі қазақтарды коршілерінің ешқайсысына жалтақтамай, енді бір өзінің ғана қалағанынша билеп-төстеуіне барлық мүмкіндік туды. Осымен бірге, суландыру жүйесі, барлық жақсы жерлер өзбектердің отарына айналды.

Қоқан хандығы қазақ жерінен оңтүстігінде бір жағы Сыр бойымен Ресей империясының шекарасына тірелсе, екінші жағынан да Алатау етсгімен шығысқа қарай жүріп отырып, Күйік асуынан асып, ескі Тараз орнына жақындады. Жол-жөнекей қазақ ауылдарын қырып-жойып сол жерлерге басқарып, салық жинап отыру үшін өзінің сенімді адамдарын қойды. Шамамен, 1827 жылы Мухаммед Әли ханның бүйрығы бойынша шығыс бағытындағы сенімді Әулиеата бекінісі салынды . Бұл бекініс- қала сол өңірдегі қазақтардың, сол сияқты аріът жағындағы көрші жатқан орыстар мен кытайлықтардың да арасында болып жатқан қандай бір оқиға болсын біліп, оны тез уақыттың ішінде хандыққа жеткізіп отыратын орталық болуы тиіс еді. Осындай маңыздылығына сойкес Қоқан ханы ол бекініске шұғыл түрде әскерлер жеткізуге бұйрық берді.

Қоқан ханы XIX ғасырдың алғашқы он жылдықтарында қазақ жерінің оңтүстігін жаулауда негізінен екі мақсат қойды. Онын біріншісі — сол кездегі жергілікті феодалдардың және жеке өзінің мүдцесі болып отырған иеліктің жерін көбейту, байлықты өсіру, елді әскери жағынан күшейту болса, екіншісі — ел ішіндегі тұрақсыздықтарды жою, хандық ішіндегі кейбір орын алған таластарды болдырмау үшін жұрттың назарын басқа жаққа, жаңа жерлерді жаулап алу мақсатына бұрып, сонымен бірге кей жерлердегі шаруалардын, наразылығына да тойтарыс беріп отыру сияқты мақсаттар болды.

Расында да Қоқан хандығының сыртқы басқыншылық саясаты ел ішіндегі жағдайды біраз тұрақтандырды. Хан елдің шекарасын кеңейту арқылы көптеген сенімсіз билеушілерді де алыстағы аймаққа жер аударып, өзінің қауіпсіздігін сақтандырды. Қоқан хандығының қазақ жеріне жүргізген жаулау соғыстары тонаушылық сипат алып, енді олар қазақ жерінен өтетін керуендерді тонауға мүмкіндік алды. Қоқандық билеушілер қазақ ауылдарын жиі-жиі шауып, олардың малдарын, дүние мүлкін талап, адамдарын айдап кетіп отыруды мақсат етті. Бұл мақсатты іске асыру үшін олар қазақтар арасындағы бұрыннан келе жатқан ру-ру, тайпа-тайпа арасындағы барымталықты шебер пайдаланды. Өздері қол бастап, қазақтарды бір-біріне талатып, соның арқасында дүние алып отырды.

Әулиеата бекінісінде жақсы бекінген Қоқан әскерлері шығысқа қарай жылжып, Құлан, Меркіні алып, іргслес жатқан қырғыздардың солтүстік жағындағы біраз жерлерін де басып алды. Жетісуға қарай жылжуды шапшандата түскісі келгсн еді, бірақ алдынан орыс бекіністері салынып жатқандықтан одан орі ілгері қарай жылжуын тоқтатуға мәжбүр болды.

Қоқан хандығы басып алған қазақ жерлерінің барлығы Ташкенттен басқарылды. Бір жағы Ақмешіт, екінші жағы Меркіден ары асқан, үшінші жағы Бетпакдалаға дейінгі кең әлкедегі ірі бекіністерді хан тұқымынан шыққан, ханға сенімді деген бектер басқарды. Бектер қызметке тағайындалып, қазақ жеріндегі бекініске келген күннен бастап-ақ жергілікті халықтарға көп қысым жасады. Қазақтардың ғасырлар бойғы пайдаланып келген жақсы жайылымдары мен егіндікке қолайлы құнарлы жерлері біртіндеп солардың қолына өте бастады.

Сөйтіп, Қоқан хандығы бүкіл қазақ даласының оңтүстігінің едәуір жерін басып алды. Қоқан хандығының жері солтүстік-батысында да, солтүстігінде де, солтүстік-шығысында да Ресеймен шектесті. Бұл Ресей мен Қоқан хандығының қазақ жері үшін текетіресінің басталуына алып келді[3.].

Қоқан ханы қазақ билеушілерінің ар-намысын аяққа басып, оларды қазак шаруаларынын көз алдында қорлап, қасақана абыройсыз етіп билікті өз қолдарына алды. Қарапайым халық алдында әбден абыройсыз болып, сөз айтуға арланған қазақ билеушілері биліктен өз-өзінен тартыншақтай берді. Қазақ билеушілерін биліктен осылай абыройсыз ету жолымен тайдырғаннан кейін олар қазақтар ішіндегі беделділеріне арқа сүйеді. Ал оларды айтқандарынан шығармай ұстап отыру үшін әрбір өңірдегі жертілікті беделді қазақтардан, немесе олардың балаларынан Ташкент қаласында аманат ұстап отырды. Жергілікті халықтан шыққан ақсүйектер біртіндеп билік айтудан да шеттетіле бастады. Қазақ билері ру, тайпалардың арасында туған келісімсіздікті, даулы мәселелерді бұрынғыдай өздерінше шешу құқынан біржола айырылды. Ал хан сарайына барып әділеттік таппаған жан сол жерде-ақ жазасын алатын. Оның үстіне ол кезде істің анық-каныгын әділетті шешудің мүмкін еместігі белгілі еді. Қоқан ханы жайдын анық- қанығына бармай, барған адамды кінәлі десе болды басы шабылып тасталатын. Билікті өз қолына алу мақсатында інісі

ағасын, ағасы інісін өлтіріп жататын хандарда адамға деген ешбір мейірім болмағаны беліілі.

Қоқандықтар қазақ ауылдарын тонап, малдарын күшпен тартып алды. Карсыласқандарын аяусыз жазалады. Біртіндеп олар оңтүстік қазақтарының мал-жайылымдарын да өз иеліктеріне ала бастады. Соның мысалының бірі, Сыр өңірінде көшіп жүрген Кіші жүздің Жеті ру тайпасының атадан балаға мұра болып келе жатқан жайылым жерлерін тартып алуы болды. Бұл жер қазақтардан алынып, Қокан отаршылдарына бөлініп берілді. Қоқандықтардың жазалауынан қорыққан қазақтар өздерінің ата-бабаларының ғасырлар бойы пайдаланып ксле жатқан жерін тастап Орынбор өңіріне немесе Қарақұм шөлдеріне қарай көшіп кетті. Қоқан ханы жаулап алған Ұлы жүздің жері мен Орта жүз, Кіші жүздің өз қарамағына алынған жерлерде үйдің бас иесі болып есептелініп, енді осы өңірде озіне жер аламын деушілер оны ханнан белгілі мөлшерде ақша төлеп, қайтадан сатып алуы тиіс болды. Сатып алушыларға оның сатылғандығын растайтын арнайы құжат беріліп отырған.

XIX ғасырдың 30-жылдары қазақтардың арасында жақсы жайылымдар үшін талас-тартыстардың сылтауы ешбір тоқтамай, үздіксіз жалғасып жатқаны белгілі. Атап айтқанда, Жетісудағы Қаратал өзенінің шөбі мол жайылымдары үшін Орта жүз бен Ұлы жүз руларының арасындағы даулар тоқтаған жоқ. Бұл дау-жанжалдар Ұлы жүз қазақтарының Ресейге қосылып жатқан кезде де одан әрі созылды.

Қазақтар қашанда егін көлемін үлғайтып отырған және көптеген жылдар бойы жақсы өнім алған.Мысалға алатын болсақ, осы кез шамасында тек Сыр өңірінде ғана 10 мындай қазақ шаруасы егіншілікпен айналысты [5]. Сауданың өсуіне басқа да жағдайлар әсер етті. Атап айтқанда салықтың заттай емес, ақшалай берілуін талап ете бастағаннан кейін қазақтар еріксіз базарға барып, сауда-саттық жасап ақша табуға мәжбүр болды. Оның үстіне, Қоқан билеуінің басталуынан кейін Орталық Азия хандықтарының бұл өңірдің астығы мен малына деген сұранысы бұрынғыдан өсті.

Сауда Түркістан, Созақ, Шымкент, Әулиеата қалаларында да жақсы дамыды. Бұл қалаларда жан-жақтан саудагерлердің бірі келіп, бірі кетіп, саудагерлердің көптеген дүксндері бірінен кейін бірі ашылып жатты. Ол дүкендердің кейбірінің жанында керуендермен келген жүктерді түсіріп, керуен басы мен онын басқа да қызметкерлерін орналастыратын үлкен керуен сарайлар ашылды. Бұл қалалар Орынбор-Сібір сауда жолында жатқандықтан Жетісу арқылы Шығыс Түркістан, Қытайға, бағыста Петерборға баратын керуендер тынымсыз, бірінен соң бірі өтіп жататын. Қоқан хандығының қоластындағы Ақмешіт. Қазалы бекіністері арқылы бір жағы Тобылға, Сарытау өңіріне екінші жағы, Ертіс пен Бұқара хандығына қарай керуендер тоқтаусыз ары-бері ағылды. Бұл өңірде қолөнер де дамыды. Кен орындарының көп болуына байланысты мұнда қорғасын, мыс қорыту және темірді балқытумен көптеген адамдар таныс болып, ұстаханалар ұстап, зергерлікпен де айналысқан. Олардың жасаған бұйымдары әдемілігі жағынан көрші мемлекеттердегілерден қалыса қоймаған. Ал мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларынан салық алу «зекет» түрінде болғаны жоғарыда айтылды. Ол мал санының немесе оның бағасының қырықтан бір бөлігі мөлшерінде болуы тиіс екендігі белгілі.

Қоқан билеушілері қоластындағы қазақтарға көз аштырмай ауыр салықты бірінен соң бірін салды. Салық жинау әкімшілік орғандары тарпынан бақылау болмағандықтан жаппай зорлық жасау, тонау сипатында жүрді. Сөйтіп, Ресей империясы мен Қоқан хандығы қазақтың оңтүстік өңірі үшін шайқасу қарсаңында түрды. Осы шайқаста жеңу үшін орыс үкіметті қазақ жерін бойлай жаңа әскери бекіністер сала бастады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XV1II-XIX ғғ.). Алматы: Ғылым. 1976. - 329 б.

2.Мұхаметханұлы Н. Шың патшалығы кезіндегі казақ халқы. Үрімжі: Шыңжиаң халық баспасы. 1997. - 198 б.

3.Наливкин В. Краткая история кокандского ханства. Казань. 1886.-215 с.

4.Набиев Р.Н. Ташкентское восстание 1847 г. и его социально-экономическое последствие. Ташкент. 1950. - 80 с.

5.Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XIX гг.). Алматы: Ғылым. 1976. - 329 б.

ӘОЖ 28.53

# ТАРИХ САБАҒЫНДА АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ЕСЕНХАНҚЫЗЫ Ә.**
№37 Ынтымақ негізгі мектебінің 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы
**БЕКТЕНОВА А.А.**
№37 Ынтымақ негізгі мектебінің тарих-география пәндерінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье через использование информационных технологий на уроке истории развивается способность учащихся мыслить критически, приобретать комплексные знания с самостоятельной любознательностью, учиться оценивать свою работу собственным критическим взглядом. Создание и систематизация понятийной базы в случае внедрения информационных технологий в образовательный процесс; развивать творческие и интеллектуальные способности ученика, уметь использовать свои знания в жизни; компьютер и работа, логическое мышление, всестороннее образование, развитие памяти.

**Summary.** In the article, through the use of information technology in a history lesson, students develop the ability to think critically, acquire complex knowledge with independent curiosity, and learn to evaluate their work with their own critical eye. Creation and systematization of a conceptual base in the case of the introduction of information technologies into the educational process; develop the student’s creative and intellectual abilities, be able to use their knowledge in life; computer and work, logical thinking, comprehensive education, memory development.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникативтік технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Мысал үшін Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі ол өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады.

АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Тарих сабағында ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, өз бетінше ізденімпаздықпен жан – жақты білім жинақтау қабілеттерін дамыту, өз жұмыстарына өзіндік сыни көзбен баға беруге дағдыландыру. Ақпараттық технологияны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасақтау және жүйелеу; оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетін дамыту, өз білімін өмірде пайдалануын білу; компьютер мен жұмыс істеу, логикалық ойлау, жан – жақты білім алу, есте сақтау қабілетін дамыту. Оқу барысында АКТ енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқу және оқыту үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады. Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор білім беру үрдісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. Технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да меңзейді.

Сандық технологияларға қатысты алғанда осы білімдер операциялық жүйелер және компьютерлік аппараттық құралдарды білуді, сондай-ақ мәтіндерді теру мен түзетуге, электронды

кестелер құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың стандартты жиынтығын, браузерлер мен электронды поштаны пайдалана алу қабілеті болып табылады.

Технологиялық білім сыныпта АКТ-ні қолдану жөніндегі білімдерді қамтиды. АКТ-ны пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын, білімге деген ынтасын, ізденімпаздық қасиетін, құзыреттілігін артатына, жан-жақты ізденімпаздықпен өз бетінше білім алуына сендім. Сол мақсатта интербелсенді тақта, электронды оқулық, ғаламтор, ұялы телефон жүйесін пайдалуға болады. Ескі әдісті салыстырғанда оқушыларға шынымен де АКТ-ны пайдалану өте тиімді екен. Мысалы ретінде айтсам интербелсенді тақтаның барлық мүмкіндіктерін пайдалансақ, оқушының қызығушылығын арттырады. Интербелсенді тақта мүмкіндігін пайдаланып, ойын арқылы оқытуға болады. Электронды оқулықпен жұмыстың жасаудың мүмкіндіктері көп. Электронды оқулықтарындағы тапсырмаларды орындау, тест жұмыстары, картамен жұмыс, бейнефильмдерді көру арқылы оқушылардың өз бетінше білім алуға ынтасын, қызығушылығын байқадым. Ғалам тормен жұмыс – тақырыпқа байланысты материалдарды тауып, оларды топпен талқылау жүргізу оқушылардың жан-жақты өз бетінше сыни тұрғыдан ойлап, білім алуға, диалогтік қабілетін арттыруға дағдыландырады екен. Оқушыларды тарту және оларды әрекеттерге қатыстыру үшін, оларда біреудің жұмысын өзгертуге және оны өзінің түсінігімен ауыстыруға жеткілікті сенімділігі болуы тиіс. Жұмыстың бұл түрін пайдалануға үйренген сынып, кейін бір-бірінің жұмысын емін-еркін түзете және жақсарта алу мүмкіндігіне ие болды. Менің ойымша бұл олардың wiki-ді дұрыс пайдалануын дамытуға көмектесті. Осы уақытта менің байқағаным оқушылар бір – біріне көмектескенде сөйлеу мәдениетінің дамуына, серіктесінің оймен санасып, құнды екенін түсінді. Сабақтың ұйымдастыру, қорыту кездерінде рефлективтік бейне роликтер көру арқылы, сабақтың тақырыбын анықтау, пысықтау, электронды тест, электронды карточкалар арқылы қорытынды шығару, өте қолайлы және тиімді болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «…Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметінде қол жеткізуге тиіспіз»- деп атап көрсетілді. Мұндағы басты мақсат – білім берудің сапасын жоғары деңгейге жеткізу, Қазақстандағы IT- саласын дамыту, әлемдік ақпараттандыру кеңістігіне ену және білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың – 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында электрондық оқытудың «e-iearning» мақсаты: «… білім берудің үрдісінің барлық қатысушыларының үздіксіз білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету»- деп атап көрсетілгендей бүгінгі күні беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр.

Ақпараттық - коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Орта білім беру жүйесіндегі рөлі ақпаратық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етуде. Мектептегі барлық пәндерін оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Соның бір жолы АКТ-ны қолдану жолдары. АКТ-ны дегеніміз мектеп пәндерін оқытуға ақпараттық – коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін қолдану мен әлемдік – ақпараттық білімдік кеңестікке еркін түрде ену арқылы өздігінен білімдерін жетілдіру қабілеті. Сондай-ақ ақпараттық технологияларды информатика сабақтарында сапалы деңгейде қолдануға және оқыту барысында түрлі бағдарламаларды пайдалануға болады.

Бүгінгі таңда оқушыларды қызығушылығын арттыру мақсатында сабақ барысында түрлі АКТ-ны пайдалануға болады, атап айтар болсақ PowerPoint презентациясындағы көптеген мүмкіншіліктерін пайдануға болады, ондаға гиперсілтемені пайдалануға болады. Сондай-ақ түрлі тест құрайтын бағдарламалар, сабақ түсіндіру барысында Camtaziostudio қолдануға болады бұл сабақ барысын видеоға түсіре отырып және өзіңіз айта отырып көрсетілетін бағдарлама. Тағы да бір АКТ-ның тиімді жағы ол интернетті қолдану арқылы көптеген бағдарламаларды пайдалануға болады, соның бірі Prezi – бұл тізбексіз құрылымда интективті мультимедиялық презентация құруға арналған веб сервисіне тіркелу арқылы қолданасыз. Сондай-ақ графикалық ақпаратты оқытқанда түрлі бағдарламаны қолдануға болады соның бірі ColorDraw,Adobe Photoshop, бағдарламаларын оқытамыз. Бұл бағдарламалар оқушыларды ой-өрісін және шығармашылыққа болуға көптеп әсер етеді. Осы бағдарламалардан басқа түрлі оқушыларды сабақ барысында қазіргі

телефонның мүмкіндіктерін пайдалануға болады, олар смартфондағы слайд жасау және оны монтаждауға болатын көптеген бағдарламаларды қолдануға болады. Оқушылар қазіргі таңда ақпараттың көптеген мүмкіндіктерін пайдалануда. Мысалға алатын болсақ реферат дайындауда оқушылар еш қиналмайды себебі интернет желісін пайдаланады. Сонымен қатар тест жауаптарын жылдам табу бағдарламалары бар. Қазіргі кезде сабақ беру өте жеңіл болды себебі оқушылар тест жүйесімен жұмыс жасау біледі, түрлі презентацияларды дайындауға еш қиналмайды.

Бүгінгі заман талабына сай интерактивті құралдарды қолдануға болады, оларға Activstudio бағдарламасының түрлі бөлімдері бар, тест жасауға болады, слайдттарды филипчатқа аударуға болады сондай-ақ сол бетке тапсырмаларды дайындатып оқушыларды орындатуға болады. Оқушыларға АКТ-ны көптеп қолданса сабақта сәтті шығады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиалық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

-анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже

береді. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Сабақ барысында интернетті қолдану:

-интернет оқушыға материалды асықпай оқып білуге жағдай жасайды,

-интернет алынған ақпаратқа талдау жасауға мүмкіндік береді,

-интернет оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін әдетке айналдыру қабілетін оятады, өзіндік пікірін қалыптастырады.

Интерактивті тақта — бұл мұғалімдерге жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін, көзге көрінетін ресурс.

Интерактивті тақтаның артықшылығы:

-материалды түсінікті , қосымшалар, бейне көріністер,сабақ барысында жасалған жазуларды сақтауға, оны басып шығаруға болады;

Түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қызығушылығын арттырады;

Ұжымдық жұмысқа араласу үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады, жеке және әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді;

-оқытудың түрлі стилдерін қолдануды,сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді;

-өткен материалды қайталау үшін файлдарды сақтауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияның тиімділігі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Демек, компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Ақпараттық технология арқылы жасалатын тест тапсырмалары уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады.

Интерактивті тақтаны қолдану оқушыларды ізденімпаздық дағдыларын шығармашылық жобаларын іске асыру бағытына ауыстыруға үйретеді. Сондықтан да интерактивті тақта- оқу үрдісін құру құрылғысы ретінде , ал компьютер- кітап пен қалам сияқты оқушының жұмыс құралы ретінде қолданылады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасында білім беруді жене ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // Нұр-Сұлтан: 2020 ж.

2.Нұрмағамбетова Ә.М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу үрдісінде пайдалану. // Педагогикалық альманах, №3-4, 2010 ж.

УДК 81'1:81'32

# НЕ ПРОСТОЕ УРАВНЕНИЕ: МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЕРЕВОД КАК СОБСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

**МЕЙРАМ Ұ.Е.**
Студент факультета естественных наук Таразского регионального университета им.М.Х.Дулати, Республика Казахстан, г.Тараз
**ЕЛУБАЕВА М.С.**
Доцент Таразского регионального университета им.М.Х.Дулати, к.п.н., Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме.** Математикалық аударманың лингвистикалық мәселелері әртүрлі тілдер арасындағы математикалық ұғымдар мен белгілердің дәл сәйкестігін, сондай-ақ математикалық терминдерді, формулалар мен дәлелдерді аударудағы қиындықтарды қамтуы мүмкін. Кейбір математикалық ұғымдарда нақты лексика мен өрнектер бар, оларды дәлдік пен семантикалық мағынаны жоғалтпай аудару қиын болуы мүмкін. Аударма кезінде математикалық мәтіндер стиліндегі мәдени ерекшеліктер мен айырмашылықтарды ескеру қажет.

**Summary.** Linguistic problems of mathematical translation may include the exact correspondence of mathematical concepts and symbols between different languages, as well as difficulties in translating mathematical terms, formulas and proofs. Some mathematical concepts have specific vocabulary and expressions that can be difficult to translate without losing accuracy and semantic meaning. It is also important to take into account cultural peculiarities and differences in the style of mathematical texts when translating.

Математический перевод представляет собой уникальный набор лингвистических проблем. Эти проблемы отличаются от тех, с которыми сталкиваются академические переводчики других предметов, поскольку язык и лингвистические структуры в математике отличаются от тех, которые используются в повседневной жизни. По сути, математика - это собственный язык.

Понимание закономерностей, общих для математики, и отличие их от других академических предметов имеет решающее значение для успеха математики и научного перевода. Одна из таких математических закономерностей, о которой должны знать математические переводчики, - это использование нескольких семиотических систем. Математика использует смысла, включая графики, диаграммы, устную речь, письменную речь и символы. Смысл в математике создается путем объединения этих различных семиотических систем. Математическое представление связано с тем, как взаимодействуют эти различные системы и как ими можно манипулировать.

Другая математическая закономерность связана с вербальными конструкциями; они могут включать плотные и длинные именные группы, которые называют и описывают поддающиеся количественному определению, но абстрактные главные существительные (*например, объем прямоугольной призмы со сторонами 12, 15 и 18 см*), прилагательные, которые классифицируют существительное и предшествуют ему (*например, объем*), и уточнения, следующие за существительным (*например, которое можно разделить на три и само себя*). Эти именные группы играют центральную роль в построении сложных смысловых отношений, поскольку они относятся к реляционным процессам.[1, 204с.].

Эти реляционные процессы построены с помощью предложений, в которых используются глаголы иметь и быть; это может представлять собой грамматические проблемы в языках, в которых глаголы образуются на основе идентичности и атрибуции. Например, в испанском языке глагол имеет разные формы и относится к разным смысловым отношениям. Выяснение значения этих реляционных конструкций может стать проблемой для академического переводчика.

Поскольку академический перевод среди этих многочисленных семиотических систем представляет собой значительные лингвистические проблемы при математическом переводе, переводчики должны иметь широкое понимание этих проблем, выходя за рамки знания специальной терминологии, словарного запаса и повседневного неформального использования языка.

Математика придает новые значения повседневным словам. Например, слово «*product*» имеет в математике совершенно иное значение, чем в других контекстах. Математика также использует символы для представления понятий, которые может быть трудно выразить обычным языком или которые выходят за рамки того, что можно выразить обычным языком. Кроме того, союзы в математике имеют техническое значение. Поэтому, например, *When* и *if* используются очень специфическим образом для создания сложных связей между предложениями. [2,21-22с.].

Построение знаний по математике отличается от других учебных предметов. Более того, между объектами существуют неявные логические связи, поэтому доказательства не всегда могут быть сформулированы явно. Математика также уникальным образом использует словосочетания и способы аргументации. Понимание различия между описанием математических знаний и других академических знаний является ключом к успешному переводу.

Поскольку математика представляет собой собственный язык и по-своему использует символы и язык, связное математическое чтение само по себе является процессом перевода. Однако нельзя игнорировать наличие естественного языка в математике; он указывает на взаимодействие между математическим языком и естественным языком, используемым для концептуализации математических теорий, определения и объяснения терминов, перевода вычислений и объяснения последствий доказательств.

Хотя маловероятно, что математика могла бы обойтись без естественного языка, ее возможности значительно ограничены. Например, слово «*prime*» в английском языке имеет много значений, но только одно из них применимо в математике.

Исследование, проведенное Ван Ринсвельдом, Шильцем, Бруннером, Ландерлом и Угеном, показало, что на вопросы общего характера двуязычные люди отвечали по-разному в зависимости от языка, на котором вопросы были заданы. Это говорит о том, что язык перевода может влиять на результат перевода. [3, 265с.].

Ван Ринсвельд, Дрико, Гийом, Россион и Шильц установили, что даже у высококвалифицированных билингвов в сознании происходят разнообразные математические процессы решения задач, которые зависят от языка, на котором они думают. Это подтверждает, что язык действительно играет жизненно важную роль в решении математических задач. Это также предполагает, что академическим переводчикам необходимы специальные математические знания как на исходном, так и на целевом языках, поскольку математический процесс в уме происходит отдельно на каждом языке.

В другом исследовании, проведенном среди билингвов, Венкатраман, Сионг, Чи и Ансари обнаружили, что математические вычисления становятся более точными, если они выполняются на языке, на котором преподавалась математика. Это говорит о том, что на перевод математики влияет язык, на котором переводчик изучал математику; Тогда лучшими математическими переводчиками будут те, чье математическое образование было как на исходном, так и на целевом языках. [4, 64-74с.].

Информация и исследования, представленные выше, имеют важное значение для академических переводчиков, поскольку они подчеркивают следующее:

- ✓ Знания словарного запаса, технических терминов и повседневной грамматики недостаточно для точного математического перевода.
- ✓ Поскольку математика - это отдельный язык, простое ее чтение само по себе является процессом перевода.
- ✓ Математические навыки включают сложные вербальные и лингвистические процессы, которые превосходят навыки перевода, необходимые для других академических предметов.
- ✓ Язык, на котором думает переводчик, влияет на точность конечного математического перевода.
- ✓ Язык, на котором переводчик обучался математике, влияет на точность математического перевода.
- ✓ Научным переводчикам требуются специальные математические знания на том языке, на котором они работают.

- ✓ В математическом переводе очень мало возможностей для творческого мышления и художественной свободы.
- ✓ Естественный язык значительно ограничен при использовании в математике.

Исходя из этого,различия в терминологии, структуре предложений и особенностях языка могут повлиять на точность и понимание перевода математических текстов. Переводчики, обладающие богатым математическим словарем в обоих языках, могут успешнее справляться с такими задачами.Таккак, владение богатым математическим словарем на обоих языках - ключ к успешному переводу математических текстов. Это помогает сохранить точность и ясность выражения математических идей при переводе. [5, 113с.].

**Список использованной литературы:**

1.Б.Г.Мещеряков, В.П.Зинченко. Большой психологический словарь. — 3-е изд., 2002. — 204с.

2.А. Б. Сосинский. Как написать математическую статью по-английски. —Изд-во «Факториал Пресс», 2000. — 21-22с.

3.Van Rinsveld, A., Brunner, M., Landerl, K., Schiltz, C., Ugen, S. Frontiers in Psychology. — Switzerland: Frontiers Media S.A, 2015 — 265с.

4.V.Venkatraman, S. C.Siong, Michael W. L. Chee, D. Ansari. Effect of Language Switching on Arithmetic: A Bilingual fMRI Study —*Journal of Cognitive Neuroscience,* 2006. —64–74с.

5.Н.К.Гарбовский.Теория перевода. —Изд-во Московскогоуниверситета, 2007. — 113с.

ӘОЖ 574.419.21

## АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫНЫҢ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ

**ҚОНЫС Н.Ғ., ТУГАНБАЕВА К.Л.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассмотренаистория создания Аксу-Жабаглинского заповедника.
**Summary.** The article examines the history of the creation of the Aksu-Zhabagly Nature Reserve.

Талас Алатауының батыс бөлігінде қорық ұйымдастыру мәселесін, Орта Азия мемлекеттік университетінің профессоры А.Л.Бродскийдің ұсынысы бойынша,1922 жылы ескі заман ескерткіштерін, табиғатты және өнерді қорғаудың Түркістан комитеті көтерген болатын.Осы комитеттің тапсырмасымен 1922-1923 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің көрнекті ғалымдары профессор Д.Н.Қашқаров, М.Г.Пелов, Е.П.Коровин, М.В.Культиасов, Н.А.Димо, Ақсу мен Жабағылы өзендері ағысының жоғарғы жағында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл өңір табиғатының сұлу көріністеріне, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне таң қалған олар Тянь-Шань тауының осы бөлігін қорыққа айналдыру керек деген қорытындыға келеді. «Жабағылы мен Ақсу өзендерінің жоғарғы жағында қорық боларлықтай біраз артықшылықтар бар: мұнда тек осы өңірге тән, әлі ешқандай кәсіптік мақсатқа пайдаланылмаған өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі тіршілік етеді. Ландшафтысы сондай әсем, сәулетті және ғылыми тұрғыдан алғанда үлгі боларлықтай...» – деп жазды университет профессорлары өздерінің жасаған баяндамаларында.

Тау ормандарының етектеріндегі жерлерді суландырудағы маңызын ескере отырып, ғалымдардың бұл ұсыныстарын ғылыми-зерттеу мекемелері және орман шаруашылығы ведомстволары қолдады. 1926 жылдың 14 шілдесінде Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы ұйымдастырылды. Бұл қорықты ұйымдастырудағы негізгі мақсат – Батыс Тянь-Шаньнің ландшафтын сол табиғи қалыпта сақтап, осы тау жүйесіндегі табиғат комплекстерінің даму заңдылығын зерттеу.

Ақсу атауы (Ақ-су) судың ақтығына байланысты емес, керісінше таудан еріген қар, мұз суымен қоректенуіне байланысты аталған. Қорықтың ең ұзын өзені – Ақсу, Үлкен Ақсу, Кіші

Ақсу, Бұғылытор өзендерінің қосылуымен пайда болған. Оның ұзындығы 120км, ені 20м, судың тереңдігі жарты метрдей, суы тасыған кезде 2 м-ге дейін көтерілетін ағыны катты тау өзені.

Жабағылы өзенінің ұзындығы Ақсуға қарағанда екі еседей қысқа, тасыған уақытта суының түсі сары болады. Кейде ондағы саз қоспаларының әсерінен қызыл түсті де болып келеді. Өзендер басын мәңгі мұз бен қардан алғандықтан, сәуір мен шілде айларында жылына екі рет тасиды. Мысалы, 1959ж. Жабағылы өзені тасығанда, бұрқыраған көшті су ағыны жолындағы бұталы тоғайды алып кеткен. Қыста өзендердің тек жиектеріне ғана мұз қатады[1].

Алғашқы қорық ауданы 30 мың гектер жерді қамтыды, оның шекарасы солтүстікте Жабағылы өзені бойымен және Бұғылытор, Үлкен Ақсу өзендері арасымен, ал оңтүстікте Ақсу өзені каньонының аздаған бөлігін қамтыған. Кейін, 1935-35ж.ж. аралығында қорық территориясында Жабағылы тау жотасының солтүстік баурайы мен адырлары, Бұғылытор, Үлкен Ақсу, Бала-Балдарбек, Балдарбек, Талдыбұлақ өзендерінің алқабы мен Ақсу өзен каньонының 18 км жері қосылып берілді. Бұл уақытта қорық ауданы 72 мың гектарға ұлғайды. Бірақ, мұнан кейін де оның шекарасын түзету және оны табиғи шектеріне жеткізу мақсатымен өзгертулер созыла береді. Сондай түзетулер 1969 жылы қорықта орман отырғызу барысында орын алды.

Ақсу-Жабағылы қорығының қазіргі ауданы Талас Алатауының солтүстік-батыс бөлігінің біразын және оған көршілес Өгем жотасын алып жатыр. Оның негізгі территориясы Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Ленгір, Алғабас аудандары жерінде орналасқан. Сонымен қатар, қорық құрамында екі палеонтологиялық учаскеге кірді. Біріншісі –Қарабастауда, жер көлемі –126 га, екіншісі – «Әулие», жер көлемі - 220 га. Екеуі де Алғабас ауданы территориясынан 120 шақырымдай қашық орналасқан.

Осы күні қорықтың жалпы жер көлемі 85,4 мың га-ға жетті. Алғаш 30 мың га жері табиғат қорғау жөніндегі бұл жаңа мекемені құруда оның бірінші директоры Б.П.Тризнаның еңбегі айрықша болды. Бұдан кейінде қорық меңгерушілері өзгеріп отырды. Е.А.Жирмунская (1941-45ж.ж.), Н.Х. Кармышева (1945-51ж.ж.) – Б.С.Серікбаев (1971-77ж.ж.), А.С.Одинцов (1981-1982ж.ж.) т.б. қорықтың дамуына өз үлестерін қосты.

Алғашқыда Батыс Тянь-Шань тауында құрылған қорық штатында небәрі жеті-ақ адам болды: директор, табиғат жөніндегі нұсқаушы және бес қорықшы немесе бақылаушы.

Негізінде бұл алқаптың табиғатын танып білу XVII ғ. Аяғы XIX ғасыр басында жүргізіле бастады. Батыс Тянь-Шаньның тамаша табиғаты, оның өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемі жоғары дәрежелі ғалымдардың негізгі зерттеу обьектісіне айналды. Атап айтқанда, зоолог маман Н.А.Северцов, Н.А.Зрудный, ботаник Б.А.Федченко, О.Э.Кнорринг, т.б. Бастапқы кезде басым көпшілігі қорықта кездесетін өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтер жинады. Бұл қорықта хайуанаттар жөніндегі алғашқы мәліметтер жинады. Бұл қорықта хайуанаттар жөніндегі алғашқы зерттеуді 1926 ж. А.П.Коровин бастады[2].

Экспедицияның негізгі мақсаты – жануарлардың түр құрамын және олардың жергілікті жерде таралуын зерттеу. Осы экспедиция нәтижесі бойынша құстардың 180 данасы, сүтқоректілердің 80 данасы жиналып мұражайға жіберілді. А.П.Коровиннің бір ғана еңбегі жарық көрді. Ол –«Қызғылт жасымықтың географиялық түрі» деген. Ал, 1931 жылы Ақсу-Жабағылы қорығында Н.В.Павловтың басқаруымен және 1933 жылы Ғылым академиясының Қазақ филиалы мүшелері ботаник И.А.Линчевскийдің, Л.М.Шульпин, Р.Н.Мекленбурцевтің қатысуымен кешенді экспедиция жүргізді. Олар Кіші Ақсу, Жабағылы және Ақсу өзені каньоны маңындағы өсімдік жамылғысын да тыс қалдырмады. Экспедицияның негізгі мақсаты: омыртқалылардың мекен ету ортасы мен құрам ерекшеліктері туралы қолда бар мәліметтерді анықтау. Қорықтың өсімдік әлемі де терең зерттеуді қажет етеді. Осындай ауыр міндет құрамында үш мүшесі бар экспедицияға жүктелді. Экспедиция жұмысының нәтижесінде зоолог Л.М.Шульпиннің басқаруымен құстардың 400 данасы жиналды. Солардыңішінде құстардың осы ауданға тән емес бірнеше түрі кездесті. Осындай орнитологиялық жаңалықтар Л.М.Шульпиннің «Солтүстік-батыс Тянь-Шань тауларының ерекшеліктері» (1936ж) деген мақаласында жарық көрді. Ал, Р.Н.Мекленбурцев сүтқоректілердің 100-ден аса данасын қарастырды. Ол да өз зерттеулерінде осы ауданның жануарлар әлемі туралы бірнеше жаңалықтарға кездесті. Бұл жайында «Орта Азиядағы кейбір жер бетіндегі омыртқалылардың жаңа орын табу белгісі» деген еңбегінде жазды.

Содан соң, 1935-1939 жыл аралығында А.А.Дмитриев, В.С.Корнилова, И.Т.Васильченко және Е.И.Штейнберг, М.В.Культиасов, К.Н.Тараканов, т.б. экспедиция жүргізді. Қорықтың алғашқы меңгерушісі Б.П.Тризна бірде Бүкілодақтық геологиялық комитетке хат жолдап, Ақсу-Жабағылы қорығында көптен бері тек өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зерттеу жұмыстары ғана жүргізіліп келе жатқандығын, ешқандай геологиялық, геотехнологиялық зерттеулер, су

режиміне барлау жүргізілмегендігін айтты. Сондай-ақ ол геологиялық комитеттен 1930 жылдардан бастап Ақсу-Жабағылы қорығында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастыруды өтініп сұрады [3].

Осыдан кейін, бұл корықта зерттеу жұмыстарын жүргізуге геологтар В.Г.Мизин, В.Б.Тризна, патентолог С.И.Сергунькова келді. Бүкіл Одақтық геологиялық барлау баскарудың мүшесі В.А.Николаев бұған дейін тек Солтүстік Америка тауларында ғана сирек кездесетін фергусит минералын ашып, Кіші Қайынды жотасын зерттеуге кірісті.

Сөйтіп табиғат «эталоны» деп қорғауға алынған Ақсу-Жабағылы қорығы көптеген қызметкерлерге ботаниктерге, зоологтарға, геологтарға және басқаларына да үлкен ғалымға жолдама алуына есік ашты. Осы орайда биолог ғалымдар Н.Х.Камешева, б.ғ.к. А:А:Ивашенко, б.ғ.д. А.Ф.Ковшарь, т.б. атауға болады.

Ақсу-Жабағылы қорығы – Қазақстан қорығының ішінде ешқандай реорганизацияға, жабылуға, бір аймақтан екінші аймаққа көшірулерге ұшырамаған қорықтардың бірі. Ақсу-Жабағылы қорығының табиғаты, өсімдігі және жануарлары толық зерттелді деуге болмайды. Әлі де көптеген ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұмаділов Ә., Бекенов А. Қазақстан қорықтары. –Алматы, 1980.

2.Кармышева Н.Х. Флоры и растительность заповедника Аксу-Жабаглы.–Алматы, 1973.

3.Ковшарь А.Ф., Ивашенко А.А. Заповедник Аксу Жабаглы, Заповедник Средней Азии и Казахстана. –Москва, 1990.

ӘОЖ 37.016.26

## IT ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАСАУ

**АМАНОВА Ж.С**
А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ИСАТАЕВА А.**
А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің 4 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В статье анализируются проблемы традиционных методик преподавания информатики в школе, связанные с отставанием содержания обучения от темпов развития IT-технологий. Рассматриваются пути модернизации методик на основе обновления тематики курса, внедрения практико-ориентированных форм обучения, использования цифровых инструментов. Особое внимание уделяется проектной деятельности учащихся, позволяющей получить актуальный практический опыт. Делается вывод о необходимости комплексного подхода к совершенствованию методик преподавания информатики в соответствии с тенденциями цифровой экономики.

**Summary.** The article analyzes the problems of traditional methods of teaching computer science at school, associated with the lag of the content of training from the pace of development of IT technologies. Ways to modernize methods are considered based on updating the course topics, introducing practice-oriented forms of training, and using digital tools. Particular attention is paid to student project activities, which allow them to gain relevant practical experience. The conclusion is made about the need for an integrated approach to improving methods of teaching computer science in accordance with the trends of the digital economy.

Информатика мектеп пәні ретінде үнемі даму үстінде. Ақпараттық технологиялар саласындағы қарқынды ілгерілеу оқыту мазмұнын жүйелі түрде жаңартуды және жаңа тәсілдер мен құралдарды енгізуді талап етеді. Дегенмен, информатиканы оқытудың қолданыстағы әдістері әрқашан бұл өзгерістерге ілесе бермейді. Осының салдарынан оқушыларда IT саласындағы білім

мен дағдылардың заманауи жиынтығы қалыптаспайды, бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Бұл мақаланың мақсаты – информатиканы оқытудың дәстүрлі әдістерінің мәселелерін талдау және ақпараттық технологиялар мен педагогика ғылымының дамуындағы заманауи тенденцияларды ескере отырып, оларды жаңғырту жолдарын ұсыну. Информатиканы оқытудың мазмұнын, формаларын, құралдарын жаңарту бойынша шаралар кешені қарастырылған. Еңбек нарығында түлектерге сұранысты арттыратын тәжірибеге бағытталған тәсілдерді енгізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Білім беру тәжірибесінде қалыптасқан информатиканы оқытудың дәстүрлі әдістері соңғы жылдары цифрлық экономика жағдайында оқушыларды өмірге және еңбекке дайындау міндеттерін толық шешуге қабілетсіздігін көрсетті.

Негізгі мәселелердің бірі – мектептегі информатика курстарының мазмұны IT-технологиялардың қарқынды дамуымен артта қалуы. Көптеген қазіргі трендтер (жасанды интеллект, үлкен деректер, киберқауіпсіздік және т.б.) бағдарламаларда іс жүзінде көрсетілмейді немесе үстірт қарастырылады. Осыған байланысты түлектердің сұранысқа ие мамандықтар мен технологиялар туралы түсініктері жоқ.

Тағы бір мәселе – информатика курсының практикалық бағытының әлсіздігі. Оқушылар ең алдымен теориялық ұғымдарды нақты есептерге қолдану дағдыларын алмай-ақ үйренеді. Бұл мотивацияны төмендетеді.

Ақырында, дәстүрлі әдістер информатиканың пәнаралық сипатын және оның басқа пәндермен – математикамен, физикамен және т.б. байланыстарын жеткілікті түрде ескермейді, соның салдарынан цифрлық технологиялардың оқыту құралы ретіндегі мүмкіндіктері толық ашылмай отыр.

Осылайша, цифрлық экономиканың талаптарына жауап беретін түлектерді дайындауды қамтамасыз ету үшін информатиканы оқыту тәсілдерін жаңғырту қажет.

Мектептегі информатика курсының мазмұны ақпараттық технологияның қазіргі жағдайы мен перспективалық даму бағыттарына сәйкес келуі өте маңызды. Бұл оқушыларға IT саласындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы түсінік алуға және ең перспективалы технологиялардағы негізгі дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл принципті жүзеге асыру ақпараттық технологиялар әлеміндегі үрдістерді жүйелі түрде бақылау мен талдауды, информатика курсының мазмұнын жаңа бағыттарды – жасанды интеллект, үлкен деректер, заттар интернеті, киберқауіпсіздік және т.б. ескере отырып жаңартуды және толықтыруды көздейді.

Информатика бойынша білім беру оқушыларға алған білімдері мен дағдыларын нақты практикалық есептерді шешу үшін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Бұл пәнді оқу мотивациясын арттырады және IT саласында сұранысқа ие жобалық жұмыста тәжірибе жинақтауға көмектеседі.

Практикаға бағытталған тәсілді жүзеге асыру информатика курсына көптеген практикалық және зертханалық жұмыстарды, жобалық тапсырмаларды, хакатондарды және кейстерді қосуды көздейді. Бұл нақты құралдар мен технологияларды меңгеруге және оларды нақты мәселелерді шешуге қолдануға мүмкіндік береді.

Информатика басқа пәндермен – математикамен, физикамен, экономикамен және т.б. тығыз байланысты.Оқушыларға ақпараттық технологияның рөлі туралы тұтас түсінік беру үшін оқыту әдістемесін жасау кезінде бұл пәнаралық байланыстарды ескеру қажет.

Ол үшін информатика курсына сабақтас пәндерде АТ қолдануды көрсететін тапсырмаларды енгізу маңызды. Информатикадан кіріктірілген сабақтарды басқа пәндермен бірге өткізу де тиімді. Бұл оқу құралы ретінде информатиканың білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді [1].

Информатиканы оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыратын заманауи белсенді әдістерді – жобалық әдісті, топтық жұмысты, пікірталастарды, іскерлік ойындарды белсенді қолданған жөн.

Бұл оқушылардың оқу үдерісіне араласуына, олардың шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Белсенді әдістер әсіресе АТ саласындағы практикалық дағдыларды қалыптастыруда тиімді, сондықтан оларды пайдалану информатиканы оқытудың қазіргі заманғы әдістерінің маңызды құрамдас бөлігі болуы керек.

Осылайша, аталған қағидаттарға сүйене отырып, информатиканы оқытудың заманауи АТ деңгейіне және оқушыларды цифрлық қоғамдағы өмірге дайындау талаптарына жауап беретін

әдістемесін жасауға мүмкіндік береді. Осы қағидаларды тәжірибеде жүзеге асыру мектептегі информатика курсын жаңартудың ең маңызды шарты болып табылады.

Саланың даму тенденцияларына сай болу үшін мектептегі информатика курсының бағдарламасы үнемі жаңартылып, жаңа тақырыптармен толықтырылуы қажет. Бұл түбегейлі жаңа бөлімдер немесе соңғы технологиялар мен құралдарды қамту арқылы бар тақырыптарды кеңейту болуы мүмкін.

Информатика курстарына қосудың перспективалы тақырыптарына жасанды интеллект, машиналық оқыту, үлкен деректер, заттар интернеті, кванттық есептеулер, киберқауіпсіздік, ДНҚ есептеулері, блокчейн және криптовалюта кіреді. Ағымдағы бағдарламалық құралдар мен бағдарламалау тілдері де жаңартылған курста көрсетілуі керек.

Онлайн курстар мен мамандандырылған тренажерлар информатиканы оқуға үлкен мүмкіндіктер ашады. Олар практикалық бағдарламалау дағдыларын тиімді дамытуға және нақты бағдарламалық ортада жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Информатика курсында тақырыптық онлайн курстарды және онлайн тренажерларда жұмыс істеген жөн. Бұл оқушыларға тиісті практикалық дағдыларды алуға және арнайы құралдарды үйренуге мүмкіндік береді. Аяқталған онлайн курстар оқушы портфолиосының бөлігі бола алады [2].

Практикаға бағытталған информатиканы оқытудың ең маңызды құралы жобалық әдіс болып табылады. Білім беру жобалары оқушыларға үйренген ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, нақты қолданбалы мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Жобалық іс-әрекеттер шығармашылық қабілеттерін дамытады, топта жоспарлау және жұмыс істеу қабілетін дамытады. Информатика жобаларына қойылатын негізгі талап олардың практикалық маңыздылығы және цифрлық экономиканың нақты мәселелеріне бағдарлануы тиіс.

Практикаға бағытталған оқытудың тағы бір тиімді құралы нақты жағдайларды (жағдайларды) талдау әдісі болып табылады. Оқушыларға IT саласындағы кәсіби қызметтен нақты жағдайлар мен тапсырмалар ұсынылады. Жағдайды талдап, оңтайлы шешім табу керек.

Информатиканы оқытуда кейс әдісін қолдану аналитикалық дағдыларды дамытуға және оқытылатын технологиялардың практикалық қолданылуын көруге мүмкіндік береді. Кейс әдісін тиімді пайдалану жоғары сапалы, тәжірибеге бағытталған кейстерді таңдауды және әзірлеуді талап етеді.

Сонымен, кешенді түрде қолданылатын қарастырылатын құралдар информатиканы оқыту үдерісін жаңартуға мүмкіндік береді. Жаңа мазмұн, тиімді цифрлық құралдар мен тәжірибеге бағытталған әдістер IT саласы үшін жоғары білікті мамандарды дайындаудың кілті болып табылады.

Бағалау критерийлері

- оқыту мазмұнының IT-технологияларды дамытудың қазіргі деңгейі мен тенденцияларына сәйкестігі. Ағымдағы трендтер мен құралдар курста қаншалықты толық ұсынылғаны бағаланады.
- Оқытудың практикалық бағыттылығы. Тәжірибелік және жобалық жұмыстардың көлемі, кейс әдісін және басқа практикаға бағытталған әдістерді қолдану бағаланады.
- Оқушыларды информатика пәнін оқуға ынталандыру. Оқу үрдісіне қатысуы, пәнге деген қызығушылығы бағаланады.
- Пәнаралық байланыстар. Информатиканың басқа пәндермен интеграциясы бағаланады.

Ең маңызды көрсеткіш – жаңартылған әдістеменің арқасында қол жеткізілген нақты білім беру нәтижелері. Оларға мыналар жатады:

- Информатикадан білім мен дағдыны ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижелері. Жаңа әдістемені енгізгенге дейінгі және кейінгі оқу үлгерімін салыстыру жүргізіледі.
- Зерттелетін ақпараттық жүйелермен және технологиялармен жұмыс істеудің практикалық дағдылары мен дағдыларының қалыптасу деңгейі. Практикалық жұмыс арқылы бағаланады.
- Мета-пәндік дағдыларды дамыту: коммуникация, сыни тұрғыдан ойлау, топтық жұмыс.
- Оқушылардың информатикадан олимпиадалар мен жарыстардағы жетістіктері.

Оқушылардан информатиканы оқытудың жаңа әдістемесі бойынша тікелей баға алу маңызды: олардың оқу үдерісіне қаншалықты қанағаттанғандығы, оны пайдалы және тиімді деп санайтындығы. Осы мақсатта оқушылар арасында анонимді сауалнама жүргізіліп, пікірлері сараланады.

Информатикадан білім беру тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – түлектердің оқуын жалғастырудағы және IT саласында еңбек жолын бастаудағы табыстары.

Осы мақсатта IT мамандықтары бойынша қанша түлек оқуға түседі, мамандығы бойынша қаншалықты тез жұмысқа орналасады, жұмыс берушілерден оң пікірлер алып жатыр ма деген талдау жүргізіледі. Бұл критерий еңбек нарығында жаңа оқыту әдістемесі бар түлектерге сұранысты көрсетеді.

Осылайша, барлық төрт критерийді кешенді бағалау информатиканы оқытудың жаңартылған әдістемесінің қаншалықты тиімді және тиімді екенін анықтайды. Алынған мәліметтер әдістемені одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл тәсіл цифрлық экономиканың ағымдағы сын-қатерлеріне сәйкес оның прогрессивті дамуын қамтамасыз етеді [3].

IT-технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында информатиканы оқытудың тиімді әдістерін жасау маңызды педагогикалық міндет болып табылады. Дәстүрлі тәсілдер көбінесе ақпараттық технологияның соңғы тенденциялары мен жетістіктерін көрсете алмайды. Мақалада информатиканы оқытудың қазіргі заманғы тенденцияларын ескере отырып, тәжірибеге бағытталған тәсілдерді енгізу, пәнаралық интеграция және заманауи педагогикалық құралдарды пайдалану негізінде информатиканы оқыту әдістемесін жаңғырту бойынша шаралар кешені ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері информатика бойынша білім беру мазмұнын жаңа тақырыптар мен технологияларды қамту үшін жүйелі түрде жаңарту қажеттігін көрсетеді. Оқушылардың жобалық әрекеттері маңызды рөл атқарады, бұл оларға практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Перспективті бағыт – онлайн курстар мен тренажерларды дамыту.

Мақалада ұсынылған тәсілдер информатика бойынша білім беру сапасын арттыруға, оқушыларда IT саласындағы заманауи білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл олардың еңбек нарығында өзектілігін қамтамасыз етеді. Әрі қарайғы зерттеулер ұсынылған әдістерді сынауға және олардың тиімділігін бағалауға бағытталуы мүмкін [4].

Зерттеудің жаңалығы

Бұл зерттеудің жаңалығы оның IT-технологиялар мен педагогика ғылымының дамуындағы қазіргі тенденцияларды ескере отырып, информатиканы оқыту әдістемесін жаңғыртуға кешенді көзқарасында. Қолданыстағы жұмыстардан айырмашылығы, мақалада әдістерді жаңарту қажеттілігі негізделіп қана қоймайды, сонымен қатар бұл үшін нақты құралдар - жаңа тақырыптар мен онлайн ресурстарды енгізу, жобалық тәсіл, кейс әдісі ұсынылады.

Тағы бір жаңа элемент – ұсынылып отырған өзгерістердің күрделілігі: олар оқытудың мазмұнын, формаларын, құралдарын және оның тиімділігін бағалау тәсілдерін қамтиды. Бұл жүйелі көзқарас бұл жұмысты бар басылымдардан ерекшелендіреді және информатиканы оқыту әдістемесін жаңарту мәселесін неғұрлым толық және тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар

Мақалада жүргізілген талдау негізінде информатиканы оқыту әдістемесін жаңарту бойынша келесі ұсыныстарды тұжырымдауға болады:

- Информатика курсы бағдарламаларының мазмұнын қазіргі заманғы IT технологияларды көрсететін жаңа тақырыптарды қамту үшін үнемі жаңартып отыру.
- Оқытудың тәжірибелік-бағдарлы түрлерін кеңірек пайдалану: оқушының жобалық іс-әрекеті, жағдайлық есептер, зертханалық және практикалық жұмыстар.
- Заманауи цифрлық оқыту құралдарын енгізу: онлайн курстар, оқу жабдықтары, тренажерлар.
- Информатика курсының басқа жаратылыстану-гуманитарлық пәндермен пәнаралық интеграциясын күшейту.
- Информатиканы оқытудың тиімділігін бағалау кезінде IT мамандары нарығында түлектерге деген сұранысты ескеру.
- Информатика мұғалімдерін жаңа технологиялар саласында үздіксіз оқытуды қамтамасыз ету [5].

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру цифрлық экономика талаптарына сәйкес информатиканы оқыту үдерісін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Калабухова Г.В. Білім беру мазмұнын жедел жаңарту жағдайында информатиканы оқыту әдістемесі // Педагогика. 2021. No 3. 45-50 б.

2 Семакин И.Г., Хеннер Е.К. Сандық әлемдегі информатика. 10-11 сыныптар: әдістеме. жәрдемақы. М.: БИНОМ. Білім зертханасы, 2022. 192 б.

3 Джонсон С. Информатиканы тез өзгеретін ландшафтта оқыту // ACM Inroads. 2019. том. 10, №. 2. 30–32 б.

4 Yadav A. et al. Мектептерде информатика бойынша білім беруді кеңейту: мұғалімнің тәжірибесі мен мәселелерін түсіну //Информатика білімі. 2017. том. 27, №. 3-4. 235-254 б.

5 Бай П.Дж. т.б. Орта мектептердегі информатика білімін өзгерту: қолжетімділік, мотивация және әріптестік қолдау // ACM Inroads. 2019. том. 10, №. 2. 52–59 б.

ӘОЖ 004.8:37

# БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

**БОЗЖИГИТОВА Э.Ж.**
Мұхтар Әуезов атындағы №33 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ЖОЛАН НҰРБАҚЫТ**
Мұхтар Әуезов атындағы №33 орта мектебінің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Статья посвящена анализу применения технологий искусственного интеллекта в сфере образования. Рассмотрены основные направления использования ИИ, включая интеллектуальные обучающие системы, адаптивные платформы, системы оценки знаний. Проанализированы преимущества и ограничения внедрения ИИ в образование, в том числе этические риски. Определены перспективные направления: виртуальные наставники, интерактивное моделирование. Предложен комплекс мер для эффективного применения ИИ в образовательной сфере.

**Summary.** The article is devoted to the analysis of the use of artificial intelligence technologies in the field of education. The main areas of use of AI are considered, including intelligent teaching systems, adaptive platforms, and knowledge assessment systems. The advantages and limitations of introducing AI in education, including ethical risks, are analyzed. Promising areas have been identified: virtual mentors, interactive modeling. A set of measures is proposed for the effective use of AI in the educational field.

Жасанды интеллект (AI) технологияларының қарқынды дамуымен оларды білім беруде пайдалану перспективалы бағыттардың біріне айналуда. Интеллектуалды ақпараттық жүйелер оқу процесін сапалы түрде өзгерте алады - оны жекелендірілген және тиімді етеді. Дегенмен, AI-ны білім беруге енгізу үлкен мүмкіндіктермен ғана емес, сонымен қатар тәуекелдермен де байланысты.

Бұл мақаланың мақсаты – білім беруде AI технологияларын қолданудың қазіргі жағдайы мен негізгі бағыттарын талдау, оларды қолданудың келешегі мен мәселелерін бағалау. Этикалық мәселелерге, сондай-ақ білім беру саласында АИ-ді тиімді енгізу жағдайларына ерекше назар аударылады. Жұмыс осы саладағы соңғы жарияланымдар мен практикалық әзірлемелерді талдауға негізделген.

Оқытудың интеллектуалды жүйелері – оқу процесін ұйымдастыру және оңтайландыру үшін жасанды интеллект әдістерін қолданатын бағдарламалар. Олардың негізгі қызметі – оқушылардың білім деңгейін талдау, соның негізінде дербестендірілген оқу жолы қалыптасады.

Мұндай жүйелер әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқу материалдарын таңдай алады. Мысалы, артта қалғандар үшін қарапайым тапсырмалар, ал жетілдірілгендер үшін кеңейтілген тапсырмалар таңдалады. Сонымен қатар оқу стилі мен материалды меңгеру қарқынын өзгертуге болады.

Интеллектуалды оқыту жүйелері мектеп оқушылары мен оқушыларға күрделі тақырыптарды меңгеруде жеке көмек көрсете отырып, виртуалды репетитор ретінде әрекет ете алады. Олардың артықшылығы – әркіммен жеке жұмыс жасап, материалды шыдамдылықпен түсіндіре алады [1].

Белсенді дамып келе жатқан тағы бір бағыт – AI технологияларын пайдаланатын адаптивті цифрлық оқыту платформалары. Олар әртүрлі білім беру ресурстары мен курстарын жинақтайды және оларды белгілі бір оқушыға бейімдей алады.

Мұндай платформаларда жеке білім беру траекториялары жүзеге асырылады, оның барысында материал оқушы үшін оңтайлы қарқынмен және формада беріледі. Жүйе орындалу барысын бақылайды және қажет болған жағдайда қиындықтар тудырған тақырыптарға оралады.

Бейімделетін платформаларды өз бетінше білім алу үшін де, күндізгі оқу процесін қолдау үшін де пайдалануға болады. Олардың артықшылығы - жекелендірілген тәсілді жаппай жүзеге асыру мүмкіндігі.

AI технологияларын енгізу оқу нәтижелерін бағалау саласына да әсер етеді. Әртүрлі тест тапсырмаларының жауаптарын автоматты түрде бағалай алатын білімді тестілеудің интеллектуалды жүйелері әзірленуде.

Олар тек дайын нұсқалардың ішінен таңдамай, еркін жазылған жауаптармен жұмыс істей алады. Табиғи тілді өңдеу әдістерінің арқасында AI жүйелері еркін түрде берілген дұрыс жауаптарды танып, ұпай қоя алады.

АИ қолдану субъективті адам факторын жоя отырып, білімді бағалауда үлкен объективтілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер тапсырмаларды тексеруді айтарлықтай жеңілдетеді, әсіресе жаппай жаттығулар кезінде.

Білім беруде AI пайдаланудың ең перспективалы бағыттарының бірі - репетиторлар мен репетиторлар ретінде әрекет ете алатын виртуалды тәлімгерлер мен көмекшілерді құру. Табиғи тілді өңдеу әдістерінің арқасында олар оқушымен кәсіби деңгейде диалог жүргізе алады.

Мұндай жүйелер оқу материалын беріп қана қоймайды, сонымен қатар жеке негізде күрделі мәселелерді түсіндіре отырып, оқыту барысында сұрақтарға жауап бере алады. Олардың артықшылығы шексіз шыдамдылық пен барлығын өздеріне қолайлы қарқынмен үйрету мүмкіндігіне ие.

Болашақта АИ элементтері бар виртуалды тәлімгерлер педагогикалық кадрлардың тапшылығы мәселесін шеше отырып, оқушылармен жеке жұмыс істеу үшін мұғалімдерді ішінара алмастыра алады [2].

Тағы бір перспективті бағыт – интерактивті тренажерлерді жасау үшін AI-мен біріктірілген виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын пайдалану. Бұл оқушыларды имитацияланған оқу ортасына батырады.

Мысалы, тарихты зерттеу үшін белгілі бір тарихи дәуірдің ортасын имитациялауға болады. AI арқасында кейіпкерлер тыңдаушылармен араласып, сұрақтарға жауап беріп, әрекеттерге жауап бере алады. Мұндай интерактивті модельдеу оқу материалын анық көрсетеді.

Перспективалы бағыт – әрбір оқушының қабілеттерін, қызығушылықтарын және оқу мақсаттарын ескере отырып, жекелендірілген білім беру траекториясын құру үшін AI пайдалану.

Білім беруде жасанды интеллект технологияларын қолдану бірқатар маңызды артықшылықтарға ие:

- Оқытуды жекелендіру. AI әрбір оқушы үшін жеке білім беру траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

- оқытудың тиімділігін арттыру. Интеллектуалды алгоритмдер материалды ұсынудың оңтайлы қарқыны мен әдісін қамтамасыз етеді.

- Қол жетімділік. Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін виртуалды көмекшілер сізге ыңғайлы уақытта жаттығуға қол жетімді.

- Бағалаудың объективтілігі. AI адам факторын жоққа шығара отырып, білімді неғұрлым объективті бағалай алады.

- Күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру. Жасанды интеллект жүйелері мұғалімдердің уақытын босатып, күнделікті функцияларды қабылдайды.

Осылайша, АИ дараландыру, оқытудың сапасы мен қолжетімділігін арттыру арқылы білім беру үдерісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

AI-ді білім беруге енгізу кезінде ықтимал тәуекелдер мен этикалық дилеммалар туындайды:

- Оқушылардың мәліметтерін автоматтандырылған өңдеу кезінде балалардың құқықтарын сақтау.

- Скоринг принциптерін түсіну үшін AI алгоритмдерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

- Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы кейбір әлеуметтік қарым-қатынастың жоғалуы мүмкін.

- Білім беру траекторияларының өзгермелілігін оларды формализациялау кезінде азайту.

-Белгілі бір топтар арасында АИ-де жеткіліксіз құзыреттіліктерге байланысты цифрлық теңсіздік қаупі.

Бұл этикалық мәселелерді шешу AI технологияларын білім беруге қауіпсіз енгізу үшін маңызды [3].

Оқытуда AI қолданудың техникалық шектеулері де бар:

- білім беру деректерін жинау және талдау сапасының жеткіліксіздігі.
- оқытудың нашар формалданған аспектілерін модельдеу қиындығы.
- Білім берудің күрделілігін есепке алмай, нақты өлшемдер үшін AI-ны шамадан тыс оңтайландыру қаупі.

Сонымен қатар, әдістемелік шектеулер бар:

- Кейбір мұғалімдердің AI құралдарын тиімді пайдалануды қаламауы.
- AI оқыту үшін сапалы оқыту мазмұны мен деректерінің болмауы.
- білім берудегі AI жүйелерінің нақты тиімділігін бағалаудың қиындығы.

Бұл шектеулерді жою білім берудегі АИ саласын дамытудың маңызды міндеті болып табылады.

Оқыту процесі туралы деректерге негізделген интеллектуалды алгоритмдер белгілі бір оқушыға материалды ұсынудың оңтайлы жолдарын және оқу қарқынын анықтай алады. Жеке траекторияларды модельдеу оқытуды жекелендіру арқылы әрбір оқушының әлеуетін іске асыруға көмектеседі.

Білім беруде АИ технологияларын табысты енгізудің негізгі шарты педагогикалық кадрларды сапалы дайындау болып табылады. Мұғалімдер АИ саласында базалық сауаттылыққа ие болуы және интеллектуалды алгоритмдердің жұмыс істеу принциптерін түсінуі керек.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оқыту бағдарламаларына АИ технологияларының негіздері бойынша модульдерді енгізу қажет. Мұғалімдерге жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың практикалық дағдыларын беру маңызды, сонда олар оларды оқу процесінде тиімді қолдана алады [4].

Ол сондай-ақ интеллектуалды білім беру жүйесін дамытуда IT мамандарын дайындауды талап етеді. Бұл АИ-мен байланысты компоненттерді күшейте отырып, мамандандырылған білім беру бағдарламаларын жаңғыртуды талап етеді.

Тағы бір маңызды аспект білім беруде АИ қолданудың этикалық және құқықтық стандарттарын реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың дербес деректерімен жұмыс істеу ережелерін және алгоритмдердің ашықтық қағидаттарын біріктіру қажет.

Балалардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін AI технологияларын пайдаланудың этикалық шегі анықталуы керек. Білім берудегі зияткерлік жүйелердің дербестік дәрежесін және олардың шешім қабылдау көлемін реттейтін ережелер қажет.

Мұндай нормативтік-құқықтық базаны құру білім беру секторында АИ қауіпсіз және этикалық енгізуді жеңілдетеді.

Білім беруде AI технологияларын кеңінен қолдану білім беру стандарттары мен бағдарламаларын жаңартуды талап етеді. Оларды AI құралдарын қолдануда оқушылардың дағдыларын дамытуға қатысты ережелермен толықтыру қажет.

Стандарттар әртүрлі пәндік салаларға қатысты АИ технологияларының негізгі принциптерін меңгеруге қойылатын талаптарды қамтуы керек. Бұл оқушыларға AI мүмкіндіктері мен шектеулері туралы дұрыс түсінікті дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар, мектеп оқушылары мен оқушылар үшін АИ негіздері бойынша оқыту курстарын әзірлеу қажет. Бұл өзінің кәсіби қызметінде AI технологияларын сауатты пайдалана алатын жаңа ұрпақты дайындау үшін маңызды [5].

Міне, «Білім берудегі жасанды интеллект: қазіргі жағдайы және болашағы» (1498 сөз) тақырыбына арналған мақаланың Қорытындысы, жаңалығы, ұсыныстары және библиографиясының ықтимал нұсқасы:

Жасанды интеллект білім беру саласында белсенді түрде қолданылуда, оқытудың тиімділігін арттыру мен жекелендіру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазірдің өзінде AI технологиялары бейімделген білім беру жүйесін құруға, білімді объективті бағалауға және мұғалімдерге қолдау көрсетуге көмектесуде.

Дегенмен, AI-ны білімге енгізу кезінде ескеру қажет бірқатар техникалық және этикалық шектеулер бар. Перспективалы бағыттар интеллектуалды тәлімгерлер мен виртуалды көмекшілерді, интерактивті тренажерларды дамытуға қатысты. Білім беруде АИ мүмкіндіктерін тиімді пайдалану оқытуды, сонымен қатар технологияларды пайдаланудың этикалық стандарттарын реттейтін құқықтық базаны құруды талап етеді.

Зерттеудің жаңалығы

Бұл жұмыстың жаңашылдығы жасанды интеллект технологияларын білім беру саласында қолдануды кешенді түрде қарастыруда. Қолданыстағы басылымдардан айырмашылығы, жұмыс АИ қолданудың жекелеген бағыттарын жай ғана сипаттамай, қазіргі жағдай мен перспективаларды, мүмкіндіктер мен шектеулерді жүйелі талдауды қамтамасыз етеді.

Бұл жұмысты техникалық бағыттағы басылымдардан ерекшелендіретін АИ тиімді жүзеге асырудың этикалық аспектілері мен шарттарына ерекше назар аударылады. Зерттеудің жан-жақты сипаты АИ-нің білім берудегі рөлін жақсы түсінуге және одан әрі даму бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

Зерттеу негізінде келесі ұсыныстарды жасауға болады:

- Пәндік салалардың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беруде АИ технологияларын қолдану бойынша қолданбалы зерттеулерді дамыту.
- Білім беру процесінде АИ қолдану стандарттарын әзірлеу үшін этикалық комитеттер құру.
- АИ саласындағы құзыреттерді қамту үшін келесі ұрпақ білім беру стандарттарын әзірлеу.
- мұғалімдерді АИ технологияларының негіздеріне және интеллектуалды жүйелермен жұмыс істеу принциптеріне міндетті оқытуды енгізу.
- Білім беруде AI қолданудың келешегі мен тәуекелдері туралы ашық қоғамдық талқылаулар өткізу.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Асмолов А.Г. Білім берудегі жасанды интеллект: утопиядан шындыққа // Педагогика. 2018. No4. 3-11 беттер.

2.Патаракин Е.Д. Білім берудегі әлеуметтік желілер және виртуалды қауымдастықтар: монография. М.: РАО Білім беруді басқару институты, 2017. 128 б.

3.Солтанбаева А., Т.Қтыбаева М. Жасанды интеллект және білім берудің болашағы // Педагогика және психология. 2018. No2 (55). 56-60 беттер.

ӘОЖ 517.789.23

## МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**СПАНАЛИЕВА А.С., ӘДІЛХАНОВ Д.А.**

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме**. В статье рассмотрены пути формирования информационно-технологии на уроках математики

**Summary.**The article discusses the ways of information technology formation in mathematics lessons

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми - технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.Әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар, интерактивті чаттар және әртүрлі мессенджерлер кездесуге уақыт кетірмей, қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер береді. Бүгін бұл шындық және онымен ешкімді таң қалдыра алмаймыз. Технологияның дамуы адамның өмірін едәуір және бірнеше есе жақсартады, оны ыңғайлы, қарапайым етеді. Бірақ сонымен бірге бұл мәселенің кері жағы да бар.

Біз сөздерді қысқартып жазып, эмоцияларымыздың орнына түрлі смайлдарды қолданамыз. Әсіресе, оқушылар үшін әлеуметтену проблемасы, нақтырақ айтсақ, коммуникативті дағдыларды

дамыту проблемасы туындады. Яғни виртуалды емес, шынайы өмірде басқа адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту проблемасы ерекше өзектілікке ие болуда.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары: а)электронды оқулықтар; ә)телекоммуникациялықтехнологиялар; б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар; в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Коммуникативтік дағдылар – бұл бірлескен қызмет барысында адамдар арасындағы байланыстарды ұйымдастыру үшін қажет көпқырлы процесс және осы мағынада материалдық құбылыстарға жатады. Бірақ қарым-қатынас барысында оның қатысушылары тек физикалық әрекеттерімен немесе материяда бекітілген еңбек нәтижелерінің өнімдерімен ғана емес, пікір, ниет, идея, тәжірибе алмасады. Коммуникативтік дағдыларға бірнеше анықтама беруге болады. Біріншіден, коммуникативтік дағдылар –бұл қарым-қатынас дағдылары, тыңдау, өз көзқарасын білдіру, ымыраға келу, өз ұстанымын дәлелдеу және қорғау. Екіншіден, бұл адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті, алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру, сонымен қатар оны дұрыс беру. Үшіншіден, бұл басқа адамдармен ұзақ және тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндігі.

Оқушылардың коммуникативтік дамуындағы өсу процесінің ең басты қажеттіліктерінің бірікоммуникативтік дағдылар.

Бірқатар тұлғалық коммуникативтік дағдыларға тоқтала кетейік:

1. Серіктестерді тани білу, яғни адамның мінезін, оның психикалық жағдайын анықтау; серіктестердің іс-әрекетін дұрыс түсіну. Әрине, оқушыларға келетін болсақ, бұл дағдыларды меңгеру олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.

2. Серіктестердің жыныстық және рольдік мәртебелеріне сәйкес қарым-қатынас орната білу қабілеті.

3. Қарым-қатынас жағдайларын түсіну қабілеті. Бұл шеберліктің маңыздылығы қарым-қатынас принциптері ол орын алатын нақты жағдайға байланысты болатын негізгі жолмен анықталады. Әр жағдай серіктестер үшін ерекше болғанымен, олардың барлығын кейбір үлкен топтарға біріктіруге болады, олардың әрқайсысы әлеуметтік тәжірибеде бекітілген символдық жүйелермен реттеледі.

«Коммуникативтілік» ұғымы психологияда, психолингвистикада, әдістемеде қарастырылады, бірақ әр ғылымда әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, психолингвистикада коммуникативті іс-әрекет қарым-қатынас қызметі ретінде қарастырылады. Ойды жеткізудің және кері байланысты қамтамасыз етудің тиісті тілдік құралдарын табудың маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Қазіргі әдістемеде «коммуникативті құзыреттілік» термині кеңінен қолданылады, яғни адамның сөйлеу әрекетін оның өнімді және рецептивті түрлерінде, белгілі бір қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды қолдана отырып ұйымдастыра алатын жеке қабілетімен сипатталады.

Коммуникативтік құзыреттілік – тілдік тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі. Тәжірибе көрсеткендей, мектеп бітірген оқушылар әрдайым қарым-қатынас дағдыларын игере бермейді.

Бүгінгі қоғам мен білім салаларының серпінді дамуы оқушылардың жаңа білім алу кезіндегі дербестігін қалыптастыруды және дамытуды көздей отырып, білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Оқушы іс-әрекетінің табиғаты одан дамыған коммуникативтік құзыреттілікті талап етеді, ол тиімді ауызша және ауызша емес қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығын, соның ішінде ситуациялық бейімделу мен мотивацияны еркін

меңгеруді қамтиды. Бүгінгі таңда мектеп бәсекеге қабілетті оқушылар дайындауға бет бұрған. Осыған байланысты білім алушылардың оқу, әлеуметтік және кәсіби жетістіктерін қамтамасыз етуде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту проблемасы ерекше маңызға ие болып отыр[1].

Мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынасқа деген қажеттілік ерекше көрініс табады, тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың да рөлі ерекше [2]. Көптеген психологтар қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты екенін айтады Бір жағынан, оқу іс-әрекеті екі бағыт бойынша қарым-қатынас арқылы байланысты болады: мұғалімдермен қарым-қатынас, сыныптастармен қарым-қатынас. Мектеп жастағы қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен байланысты. Толыққанды оқу іс-әрекетінің қажетті шарты бола отырып, қарым-қатынас балалардың барлық басқа салаларына әсер етеді.

Коммуникативтік дағдылар ұғымы әртүрлі авторлардың анықтамаларында көрініс табады. Көбінесе коммуникативтік дағдылар қарым-қатынас дағдыларын, тікелей және жанама тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді. Дәстүр бойынша, коммуникативтік дағдылар – бұл өз ойын дұрыс, сауатты, айқын түсіндіре білу және байланыс серіктестерінен ақпаратты дұрыс қабылдау. Коммуникативті дағдылар – бұл жеке тұлғаның жоғары теориялық және практикалық дайындығына негізделген саналы коммуникативті әрекеттер кешені, бұл шындықты бейнелеу және өзгерту үшін білімді шығармашылық пайдалануға мүмкіндік береді.

Күнделікті тәжірибеде көрсеткендей, компьютерлік жүйеде қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады.

Мұғалім – сабақтағы негізгі әрекетті тұлға. Сондықтан компьютер мен мультимедиалық құралдарды оқытудың тек инструменті (құрал-сайманы) ретінде қарастыру керек. Бұл инструменттің көмегі өте мәнді.

| Сабақтың параметрі | АКТ-ны қолданатын сабақ | Дәстүрлі сабақ |
|---|---|---|
| ақпаратты беру | оқушылар ақпаратты неғұрлым қаныққан, көрнекі түрде алады | мұғалімнің түсіндіруі, оқулық бойынша параграфты өз беттерімен оқуы, кестелерді қолдануы |
| жұмыс қарқыны | әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді, тапсырмалар мен мультимедиялық құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың сол уақыттағы білім мен дағды деңгейлерін есепке алады | мұғалім сыныптағы оқушылардың көпшілігіне сәйкес келетін жұмыс қарқынын қолданады |
| оқушымен кері байланыс | түсіндіру кезінде, бекіту кезінде іске асады. | ағымдық бақылау |

Бірқатар заманауи авторлар ақпараттық тәсілге сүйене отырып, жетекші ақпарат көздерін коммуникативті дағдыларды топтастыру үшін негіз ретінде алады. Мәтіндер мен нақты объектілер оқытудағы нақты дереккөздер болғандықтан, коммуникативті дағдылардың үш тобы бөлінеді: ауызша мәтінмен жұмыс істеу, жазбаша мәтінмен жұмыс істеу, ақпарат көзі ретінде нақты объектілермен жұмыс істеу.

Біздің ойымызша, коммуникативтік дағдылар мен оқушылардың үлгерімі арасында оң байланыс бар және оқу процесінде оқушылардың коммуникативті саласын дамыту үшін мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыс білім алушылардың үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін.

Коммуникативтікдағдылардың көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, оқудағы жетістік деңгейі соғұрлым жоғары болады. А.В.Мудриктің зерттеулері оқушының ұжымы мен жеке басының қалыптасуына, оның өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына, адамгершілік ұстанымдарына, өмір салтына айтарлықтай әсерін көрсетті. Қарым-қатынас мақсат қоятын және қоршаған ортаның өзгеруіне әсер ететін өте маңызды қызмет түрі деп айтуға болады.

Қарым-қатынас дағдыларын дамытудың жоғары деңгейі вербалды интеллектіде көрінеді. Вербалды интеллект вербалды емес интеллектіге қарағанда оқу үлгерімінің деңгейімен тығыз байланысты. Вербалды интеллект барлық пәндер бойынша, ең алдымен гуманитарлық пәндер бойынша (тіл, әдебиет, тарих және т.б.) оқудың сәттілігін анықтайды. Жаратылыстану пәндерін табысты оқыту үшін кеңістіктік және ауызша интеллектілердің жоғары деңгейі қажет, гуманитарлық пәндер бойынша жақсы оқу үшін вербалды интеллектінің жоғары деңгейі қажет.

Оқу іс-әрекетінің табыстылығы факторы ретінде тұлғалық дағдылар феноменін түсіну оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын қарастыруды да өзекті етеді. Қазіргі заманғы адам өзінің әлеуметтік және кәсіби функцияларын толық орындау үшін дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар оқу, кәсіби және күнделікті іс-әрекетте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникациялық дағдылардың кеңейтілген жиынтығына ие болуы керек. Жасыратыны жоқ, оқушылардың көпшілігінің коммуникативті дағдылары төмен деңгейінде. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру процесі екі фактормен күрделенеді:

1. Жалпы тұлғалық коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың төмен деңгейі;

2.Оқушылардың оқу және кәсіби қызметінде инфокоммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникативтік дағдыларды игеру қажеттілігі. Осыған сәйкес коммуникативтік дағдыларды жоғары деңгейде сәтті қалыптастыру үшін коммуникативтік дағдылардың тұжырымдамасы мен құрамын нақтылау қажет [3].

Коммуникативті саласын дамыту мектеп жасында ең табысты болып табылады, яғни белгілі бір коммуникативті алғышарттар қалыптасып, толыққанды даму үшін негіз қаланған, бірақ сонымен бірге оларды одан әрі жақсарту және жетілдіру үшін әлеует бар. Мектеп жасындағы балалардың негізгі психикалық ерекшеліктері: өзіндік жеке тұлға туралы білімді дамыту; нақты өмірлік жоспарларды қалыптастыру; өз өмірін саналы түрде құруға деген көзқарас; өзін-өзі танудың белсенді дамуы; дүниетанымды қалыптастыру.

Тренингтермен қатар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін көбінесе ойындар қолданылады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту ойындары оқушының басқа адамдармен және жалпы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл ойындарда бәсекелестік принцип жоқ, нәтижесінде құрдастарымен жақындық пен бірлік атмосферасы қалыптасады және бұл қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қатынастарды құру қабілетін қалыптастыруға жақсы әсер етеді.

Коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған ойындар әртүрлі бағытта болуы мүмкін: байланыс орнатуға арналған ойындар; сөйлеусіз ойындар; сөйлеудің экспрессивтілігіне арналған ойындар;жанжал жағдайындағы мінез-құлық ойындары;эмпатикалық мінез-құлық ойындары және басқалар.

Мұндай ойындарда ең тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері қолданылады: практикалық жаттығулар; сөздермен ойындар;әңгімелер мен талқылаулар; жағдаяттарды модельдеу; спорттық тапсырмалар; эмоционалды жағдайларды сахналау; көркем шығармаларды оқу; сахналау, би; мерекелер мен демалыс кештері.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту іс-шараларын балалар мен мұғалімдердің өздері ғана емес, сонымен бірге ата-аналар да қатысады. Балалар қарым-қатынас жасауды үйренеді, ал ата-аналар олармен ортақ тіл таба білу қабілетін жетілдіреді, мамандардан педагогикалық тәжірибе алады және тәрбие туралы барлық сұрақтарға жауап алады.

Бұл ретте мұғалімдердің ерекше рөлін атап кеткен жөн, себебі олардың тиісті білімдері, дағдылары мен құралдары бар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Матьяш О.И. Что такое коммуникация и нужно ли нам коммуникативное образование // Сибирь. Философия. Образование: Научно-публицистический альманах. – Вып. 6. – Новокузнецк: Институт повышения квалификации, 2002(б)

2.Решетова, О.В. Коммуникативная компетентность как фактор успешной учебной деятельности студентов: методические рекомендации / О.В.Решетова. Оренбург: Издательство ГОУ ОГУ, 2005. - 75 с.

ӘОЖ 910. 745. 23

# ТОПЫРАҚТАРДЫ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

**ЕРМЕК З.Л.**
Еңбек орта мектебінің тарих және география пәндерінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
**БІЛАЛОВА А.Ә.**
Николай Гоголь атындағы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены закономерности классификации почв
**Summary.** The article considers the patterns of soil classification

Топырақтар табиғи әрі тарихи дене болғандықтан, ол-арды біліп, түсіну, тиімді пайдалану үшін бір ретке келтіріп жүйелеу қажет. Мұны топырақты классификациялау деп атайды. Топырақты классификациялау жұмыстарының күрде-лілігі сол – ол жүйеленуге тиісті топырақтардың барлық қас-иеттерін, олардың пайда болып, түзілу құбылыстарын, топы-рақ түзуші факторлардың тигізетін әсерлерін, адам қоғамының әсерін, яғни табиғи-тарихи әдістерді қолдану қажет. Топырақтардағы кездесетін комплексті белгілерін тауып, солар арқылы оларды әр түрлі деңгейдегі таксономиялық өлшемдерге бөлу қажет.

Топырақтың қасиеттері мен белгілерге бөлінеді. Мәселен оларды жүйелеген кездерде оның қасиеттері мен белгілерін ажырата білу қажет. Сонымен қатар топырақтардың өздерінің одан да күрделі және жоға-рғы комплекс – ландшафтардың бір бөлігі екенін ескерген жөн. Осыған байланысты топырақтардың көптеген қасиет-терінің өздері оның геохимиялық байланысқан ландшафт-арының қай бөліктеріне орналасуымен анықталатыны түсін-ікті. Бұл жағдайлардың барлығын ескеріп, қамту өте күрделі мәселе. Әлемде осы күнге шейін топырақтардың барлық жағдайларын ескеріп, үйлесімді жасалған классификациясы (жүйелеуі) жоқ. Әр ел (мәселен, бұрынғы КСРО, француздар, американдықтар, канадалықтар, австралиялықтар т.б.) өзін-ше бұл мәселемен шұғылдануда.

Топырақтану ғылымының негізін қалаған В.В.Докучаев болғандықтан, топырақтарды классификациялау да Ресейде дұрыс жолға қойылғандығын дүние жүзі ғалымдары мойындайды. Сондықтан да біз 1886 жылы В.В. Докучаев жасаған топырақтарды классификациялау принциптерін кел-тіреміз. Топырақты классификациялаудағы негізгі таксоном-иялық өлшеміне топырақ тиіп қабылдап, жалпы барлық топырақтарды ол 3 топқа бөлді:

1 топ. Қалыпты зоналық топырақтар: А – құрғақ шөпті топырақтар, оларға төмендегідей 5 топырақ типтері кіреді: а) терістік ашық сұр күлгін; б) орманның сұр топы-рақтары; в) қара топырақтар; г) қара қоңыр топырақтар; д) құба сортаңдау топырақтар, әрі қарай әр тип механикалық құрамдарына қарай бөлінді. Б – құрғақ-батпақты топырақтар – су жайылмаған шалғындардың қышқыл топырақтары, В – батпақты топырақтар – шымтезектер, тундра топырақтары.

2 топ. Өтпелі топырақтар: А – шайылған топырақтар, Б – жер бетіне төселген топырақтар.

3 топ. Қалыпсыз топырақтар: төселінген, өзен мен көлдер аллювилері, жел үйінділері.

Докучаевтың топырақ типі – топырақтарды классифи-кациялаудағы негізгі өлшем болып қалды. Алайда олардың сандары әр заманда әр түрлі өзгерістерге ұшырауда. В.В. Докучаевтан соң топырақ классификациясы мәселелерімен көптеген оның шәкірттері: Н.М.Сибирцев, П.С. оссович,

К.Д.Глинка, К.К.Гедройц, С.А.Захаров, А.Н.Сабанин, С.С.Неуструев, Б.Б.Полынов т.б. шұғылданады.

Топырақты классификациялауда оның барлық қасиет-терін қамту қиын, сондықтан кейбір ғалымдар, мәселен К.Д. Глинка оның негізіне топырақтардың ылғалдану құбылысын ұсынды. А.Н. Сабанин өсімдіктердің өсуіне байланысты топырақты жүйелеуді жөн көрді. Ал, П.С. Коссович пен К.К. Гедройц топырақтардың химиялық құрамын негізге алған классификацияларды ұсынды. Дегенмен олардың ешқайсысы да қолдау таппады.

Кеңестік заманда бүкіл еліміздің топырақтарының ресми классификациясы болып, Ғылым академиясының В.В.Докучаев атындағы Топырақтану институтының ғалымдары профессорлар Е.Н. Иванова, Н.Н.Розов басқар-ған комиссия мүшелері 1960 жылдары бекіткен жаңа классификация есептелінеді (1965-1967 ж.ж.). осы классификация бойынша топырақты жүйелеудегі негізгі өлшем «топырақ типі» болып В.В.Докучаев термині қабылданды. Ғылым академиясы В.В.Докучаев атындағы Топырақтану институтының директоры болған академик Л.И. Прасловтың анықтауы бойынша топырақтың бір типіне жату үшін олар төмендегідей бір тектес жалпы белгілерге ие болуы қажет:

1) органикалық заттардың біртектес түсіп, өзгерістерге ұшырауы, ыдырауы;

2) минералды заттардың біртектес комплексті үгілу процестеріне ұшырауы, олармен органо-минералдық түзіліс-тердің біртектес түзілуі (синтезделуі);

3) заттардың жылжуы мен шоғырлануының біртектес болуы;

4) топырақ пішіні құрамының біртектес болуы, яғни негізгі қабаттары құрамының біркелкі болуы;

5) топырақтың құнарын сақтап және оны арттыру шара-ларының бір бағытта болуы.

Топырақтар типі негізгі топырақ түзілу процестеріне қосымша өткен кезеңнен қалған айрықша белгілері бар топ-ырақ типшелеріне, яғни топырақ зонасы топырақтың кіші-гірім зоналарына – зонашаларына бөлінеді. Мәселен, кең алқапты орманды зонаның күлгін топырақтар типінде: кәдімгі типті күлгін топырақтар типшелерімен қатар, глейлі-күлгінді (күлгінге глейлі процесс қосылса), шымды-күлгінді (күлгінге шымды процесс қосылса) топырақты типшелері кездеседі. Ал қара топырақты тип – негізінен үш зонашаға бөлінеді: терістік мол гумусты, орталық немесе кәдімгі қара топырақты және оңтүстік, аз гумусты зонашаларына (типше-леріне) бөлінеді.

Топырақ типшесі, яғни зонашалары топырақ жақындастығына, туыстығына (род) қарай бөлінеді. Топырақ жақын-дастығы негізінен оның пішінің сапалық ерекшеліктеріне тән. Бұл жағдай топырақ түзуші аналық жыныстардың химиялық құрамына (сортаңды, карбонатты т.б.) немесе топырақ түзілудің өткен кезеңдерінен қалған кейбір белгі-леріне байланысты болуы мүмкін.

Топырақ жақындастығы топырақ түрлеріне бөлінеді. Бұл көбіне топырақтағы негізгі процестердің даму деңгейіне байланысты. Топырақ қабаттарының қалыңдығы, органи-калық және минералдық заттардың топырақта жиналу белсенділігіне, қарашірінді, карбонаттар, тез ерігіш тұздар, күлгінді және гумусты қабаттардың қалыңдығына қарай бө-лінеді. Мысалы, шамалы, орташа және қатты күлгінді, шама-лы, орташа немесе қатты сорланған. Ал қаратопы-рақтар: қалың қабатты, орташа және жұқа қабатты т.б. болып бөлінеді.

Топырақтың әр түрлілігі негізінен олардың механи-калық құрамына байланысты: құмды, сазды, балшықты т.б. болып келуіне қарай ажыратылады. Мәселен, жаңа игерілген, жоғары мәдениленген, эрозияға шамалы немесе қатты шал-дыққан т.б.

Сонымен бұрынғы кезде топырақтардың 100-ден артық типтері, олардың әрқайсысында бірнеше тип-шелер, ондаған жақындастық және түрлері бөлінген. Олар туралы шамалы мәліметтерді әрбір топырақ зоналарына (типтеріне) тоқталған кезде келтіреміз.

Топырақ классификациясы топырақтарды картаға тү-сіргенде, оларды агроөндірістік топтағанда және құнарлығына қарай бағалағанда (бонтировка) қолданылады. Ескер-етін жай кейбір топырақ объектілерін қажеттілікке сай ірі масштабта картаға түсірген кезде, жоғарыда айтылған ірі таксономиялық өлшемдерден (тип, типше, жақындастық, түр және әр түрлілік) басқа да кіші-гірім өлшемдер практикада жиі қолданылады. Топырақтарды практикада қолдану бағы-тына қарай, мәселен: суару, құрғату, тыңайтқыштар енгізу, эрозия және ластанудан қорғау жағдайларына байланысты топырақты классификациялаудың қолданбалы жүйесі пайдаланылады.
Ұсақ территорияларды картаға түсіру және оларды классификациялау кезінде кіші-гірім өлшемдер қолданылса, ал аса ірі аймақтарды картаға түсіріп, оларды классифи-кациялау кездерінде жоғарғы айтылғандарды біріктіріп, тип-тен де жоғарғы өлшемдер қолданылады. Мысалы, профессор М.А. Глазовская әлем топырақтарын классификациялау сызба нұсқасында типтен жоғары топырақ

жақындастығын, топырақ генерацияларын және топырақтың геохимиялық ассоциацияларын ұсынды (1981). Сонымен әлем топырақ-тарының жүйелерінде 40 топырақ жақындастығы, 29 генера-циясы және 12 топырақ ассоциациялары бөлінген. Дегенмен бұл ұсыныс барлық жерде қолдау тапты деп айтуға болмайды. Топырақ классификациясы мәселелері тек әлемде ғана әрбір жеке елдерде де үйлесімді жасалып, барлық сұрақтарға жауап беретін, көпшілікпен қабылданған шаруа емес. Бұл мәселелер әрбір жеке елдер ғалымдарымен қатар, халықаралық топырақтанушылар назарында.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Ковда В,А., Розанов Б.Г. Почвоведение. В 2-х частях. М.: Высшая школа, 1988.
2. Глазовская М.А. Общее почвоведение и география почв. М.: Высшая школа, 1981.


ӘОЖ 88(2Қаз-4Жам)

# МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАҚСАТЫ

**УСИПБЕКОВА Г.А.**
№ 23 мектептің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Данная статья посвящена теме использования информационных технологий в преподавании математики. В ней анализируются цели и задачи преподавания математики. преимущества и ограничения информационных технологий и их влияние на школьников. В статье также рассматриваются новые направления в математике.

**Summary.**This article is devoted to the topic of using information technology in teaching mathematics. It analyzes the goals and objectives of teaching mathematics. advantages and limitations of information technologies and their impact on schoolchildren. The article also discusses new directions in mathematics.

Математиканы оқыту методикасының міндеті математиканы оқыту процесін зерттеу, заңдылықтарын ашу, оны пән ретінде оқыту теориясын жасау болып табылады.

Математиканы оқыту методикасының жалпы міндеттерін көрсете отырып, оның мынадай дербес міндеттерін атап айтуға болады.

Пәннің мазмұны мен құрамы туралы жалпы міндеттер:

1) мектептегі оқу пәні ретінде математика курсының мазмұнын анықтау және оның ғылыми негізін жасау; курс мазмұнының шығуы мен дамуының ерекшеліктері мен алғы шарттарын ашып көрсету;

2) математика курсының мазмұны мен құрылу логикасын ғылым мен техниканың және қоғамымыздың бүгінгі талаптарына сәйкестендіру.

Сөйтіп, бұл міндеттерді шешу – математика пәнәнің мазмұнын анықтау мен жасаудың ғылыми негіздеріне теріледі.

Пәннің мазмұны мен құрамы жөніндегі дербес міндеттері:

1) математиканы оқытудың қазіргі таңдағы міндеттері мен мақсаттарын анықтап, осыған сай пән мазмұнының ғылыми дәрежесін көрсету;

2) математика пәніне керекті ғылыми материалдарды іріктеп алу принциптерін көрсету және оларды оқыту ретін анықтау;

3)шетелдік мектептердегі математика пәнінің мазмұнын зерттеу және кәдеге жарайтындарын пайдалану;

4) оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаудың және оларды одан әрі жетілдірудің ғылыми негіздерін жасау болып табылады.

Математиканы оқыту жөніндегі жалпы міндеттер:

1) Математиканы оқытудың ерекшеліктерін анықтау және оларды ғылыми негіздеу;

2)педагогикалық процестің жалпы заңдылықтарын математиканы оқытудың нақты ерекшеліктеріне қолдану процестерін зерттеу;

3)математиканы оқытудағы озат тәжірибені зерттеу және қорытындылау;

4)педагогикалық жаңалықтар мен жетістіктерді математиканы оқыту процесіне икемдеу және практикаға енгізу техникасы мен методикасын жасау.

Сонымен, бұл міндеттерді шешу ғылыми негізделген, практикада сыннан өткен оқыту методикасы мен әдістерін мектеп өміріне енгізу болып табылады.

Математиканы оқыту жөніндегі жеке міндеттер:

1) оқытуды ұйымдастыру формаларын жасау;

2) оқушылырдың білімін бағалау және оқытудың жеке әдістері мен тәсілдерін жасау;

3) оқыту процесінің тиімділігін тексеру;

4) мұғалімнің сабаққа дайындалуының мәнін ашып көрсету;

5) кластан тыс жұмыстарды жүргізу ерекшеліктері мен мазмұнын ашып көрсету.

Оқу процесінің бұл проблемаларын зерттеу мақсаты оқу және тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мен оның жоғары көрсеткіштерге жетуін қамтамасыз ететіндей оқыту теориясы мен методикасының принциптік негіздерімен қаруландыру.

Математиканы оқыту теориясы жайындағы ілім бойынша жалпы міндеттер:

1) математиканы оқыту процесінде жүзеге асырылатын оқушылардың оқу қызметінің әр түрінің ерекшеліктерін анықтау және талдау, сондай-ақ олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсету;

2) оқушылардың математикалық білімдерін, іскерліктері мен машықтарын жетілдіру мен оларды игеру процестерін зерттеу;

3) математика сабағында оқушылардың творчестволық қызметі мен қабілетін арттыру мен дамытудың тиімді әдістерін анықтау.

Бұл мәселелерді шешу оқушылардың творчестволық қызметі мен пәнге деген қызығушылықтарын қалыптастыруды қамтамасыз ететін, математикалық теориялар мен идеяларды меңгерудің және оқу қызметін тиімді ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін оқыту процесіне енгізуге тіреледі.

Математикаға деген сүйіспеншілік пен қызығушылық дегеніміз – мәселелерді шеше білу дегенді білдіреді. Мәселелерді шешу балалардың өмір туралы идеяларын тереңдетуге және кеңейтуге, олардағы практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселелерді шешу процесі балалардың психикалық дамуына жағымды әсер етеді. Математикада есептерді шешу қабілеті – математика деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі баланың дамуы, оның оқу материалын игеру тереңдігі. Бастауыш сыныпта интерактивті ойындар арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, есептерді шешуден қабілеттері арта түседі. Тапсырмаларды шешу барысында мәселенің шешімі екі–үш оқушының дұрыс жауаптарымен шектеледі, ал қалғандары дайын шешімдерді терең түсінусіз жазып алады. Сыныптағы кейбір оқушылардың математика сабағына деген белсенділіктері азаяды, олар проблемаларды шешуге қызығушылық танытпайды. Жаңа мемлекеттік стандарттың қабылдануы мектептерде математикалық білім беруді модернизациялаудың жаңа әдістерін табу және дамыту қажеттілігін туындатады.

Осыған орай жеке міндеттер:

1) оқушылардың дербес ерекшеліктеріне қарай математиканы оқыту процесінде тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді тәсілдерін анықтау;

2) оқушылардың оқу қызметінің жеке түрлерін жетілдіруге және оларды игеруге ықпал туғызатын тәсілдерді анықтап, оларды зерттеу;

3)теориялық материалдарды игеруде және есеп шығаруда кездесетін қиындықтар мен оқушылар жіберетін қателердің алдын алудың тиімді тәсілдерін табу;

4)оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және зерттеу;

5)оқушылардың абстрактілі ойлауы мен кеңістік туралы түсініктерін жетілдіру жолдарын зерттеу;

6)кластан тыс жұмыстарда оқушылардың творчестволық қабілетін тәрбиелеу жолдары мен олардың математика пәніне ынтасын арттырудың тиімді тәсілдерін анықтау.

Сонымен қатар математиканы оқыту процесінде прогресшіл көрнекі оқу құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын жасау мен зерттеу және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін оқу құрал-жабдықтарын зерттеу міндеті қойылады.

Жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқытудың маңызы мен мақсаты

Математика мұғалімі әрбір адамның өмірі мен ісіндегі математикалық білімнің ұлы күшін терең түсінуі керек және өз оқушыларын оған сендіруге міндетті.

Математика қоғам мүшесіне тән қабілет пен творчестволық ізденіске не жаңалыққа жаны құмар азаматтарға қоршаған ортаны одан әрі жақсарту және жетілдіру сияқты қасиеттерді дарытуда ролі зор. Бұл қасиеттердің нышандары мектеп қабырғасында қалыптаса бастайды.

Ғылым мен техниканың қарқындап өсуі «математикалық биология», «математикалық лингвистика», «математикалық экономика», «математикалық психология» сияқты пәндердің пайда болуына себепші болды. Математика жаратылыстану ғылымдарымен бірге, гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс тапты.

Математиканың мектептік курсы оқушылардың ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады.

Математиканы мектепте оқыту:

а) оқушыларға қоршаған ортаны танып-білудің математикаға тән құралдарын меңгеруді үйретеді;

ә) оқушылардың политехникалық білімін дамытуға және оларды практикалық дайындауға көмектеседі; оқушылардың азаматтық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді;

б) оқушыларды математиканың практикалық қолданымымен таныстыра отырып, олардың ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен маңызын түсінуіне көмектеседі;

в) оқушылардың логикалық ойлауы мен танымдық қызметтерін және кеңістік туралы түсініктерін дамытуға, творчестволық қабілеттерін қалыптастыруға ұйытқы болады;

г) оқушылардың зейіні мен байқағыштығын, ұқыптылық пен дәйектілік, дербестік пен жоспарлылық тәрізді еңбек мәдениетін дарытуға ықпал жасайды;

ғ) математика теориялары мен олардың дәлелдемелерінің әдемілігі эстетикалық тәрбие беруге; математикалық объектілердің материялығы оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызады.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруда ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Күнделікті өмірде біз ақпараттық технологияларды күнделікті қолданамыз. Ақпараттық технологиялар ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату үшін қажетті ресурстар. Ақпараттық технологиялар мыналарды пайдалануды білдіреді: электрондық форматтағы ақпарат (мәтін, бейне, аудио, анимация, сурет), ақпараттық тасығыштар (DVD, CD, флэш-жад), мультимедиа (ойын компьютерлік бағдарламалары, презентациялар және т. б.), аудиовизуалды жабдықтар (компьютер, ноутбук, СК-теледидар, проектор, интерактивті тақта). Қазіргі таңдағы мұғалім ақпараттық комуникациялық технологиялар құзыреттілігіне ие болуы керек. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік ақпаратқа қол жеткізу, оны іздеу, ұйымдастыру, өңдеу, бағалау үшін, сондайақ қалыптасқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты өмір сүру және жұмыс істеу үшін жеткілікті болатын өндіру және беру немесе тарату үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілеті.

Мұғалімнің АКТ құзыреттілігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Интерактивті» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Интер» - «өзара», «акт» - әрекет ету. Интерактивтілік өзара әрекеттесу немесе сөйлесу режимінде болу, бір нәрсемен (мысалы, компьютермен) немесе біреумен (адаммен) диалог жасау мүмкіндігін білдіреді. Демек, интерактивті оқыту – бұл білім алушының оқу ортасымен, оқу тәжірибесінің аймағы ретінде қызмет ететін оқу ортасымен өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту. Интерактивті оқытудың мәні оқу үрдісінің барлық мектеп жасына дейінгі балалардың үнемі белсендіру және өзара әрекеттесу жағдайында өтуінде жатыр. Үздіксіз ынтымақтастық пен өзара оқу бар: мұғалім-бала, бала-бала. Сонымен бірге мұғалім мен бала тәрбиенің тең субъектісі болып табылады. Мұнда тренингке бір қатысушының екіншісінен артықшылығы алынып тасталады. Интерактивті әдістердің көмегімен балалар ойлауға, қарым-қатынас жасауға, шешім қабылдауға үйренеді. Интерактивті оқытудың мақсаттарының бірі – оқушы өзінің жетістігін, өзінің интеллектуалдық өміршеңдігін сезінетіндей оқуға қолайлы жағдай жасау, бұл бүкіл оқу үдерісін нәтижелі және нәтижелі етеді. Интерактивті әрекет диалогтік қарым-қатынасты қамтиды, өйткені ол өзара көмекті, өзара түсіністікті талап етеді және адамдарды мәселелерді бірлесіп шешуге тартады. Интерактивті технология мектеп жасына дейінгі балаларда жаңа қасиеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған ойын, оқыту және еңбек – адамның негізгі қызметі.

Демек, математиканы оқыту барысында ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың үлгерімі мен нәтижелерін едәуір арттыра алады.

Қорыта келе, сабақтарда және сабақтан тыс математика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудағы тәжірибе көрсеткендей, оқушылар қажетті тақырыптарды игере отырып, пәнге өте жоғары қызығушылық танытады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Габдрахманова Ш.Т. Мұғалімнің өзіндік дамуы: педагогикалық рефлексия (электронды әдістемелік құрал). Орал, 2014.

2.Абдраманова Г.А. Рефлексия тәсілдері және олардың тиімділігін бағалау. Астана, 2017

3.Абдраманова Г.А. Саабақты зерттеу – мұғалімнің оқыту тәжірибесін жетілдіру тәсілі. Астана, 2017

ӘОЖ 88 (2Қаз-4Жам)

## МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДАМУЫ

**БАЙБОТАЕВА Л.А.**
№ 23 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Данная статья посвящена истории развития методики преподавании математики и формирования математики как самостоятельной науки. В ней анализируются направления реформы в математическом образовании. В статье также рассматриваются возрастные особенности детей при обучении математике.

**Summary.** This article is devoted to the history of the development of mathematics teaching methods and the formation of mathematics as an independent science. It analyzes the directions of reform in mathematics education. The article also examines the age characteristics of children in teaching mathematics.

Математикалық оқыту әдістерінің қарапайым бастамалары өте ерте заманда алғашқы мектептердің пайда болу кезінен басталғанмен, математика педагогикасы дербес ғылым ретінде тек XX ғасыр қарсаңында қалыптасады.

Халықаралық мектептік білім берудің XIX-XX ғасырлардағы дамуын үш кезеңге бөлуге болады:

1.Европада, АҚШ-та және Жапонияда XIX ғасырда қалыптасқан дәстүрлі мектептік білім беру жүйесі.

2.XIX және XX ғасырлардың шекарасында пайда болған математиканы оқыту жайлы халықаралық реформалық қозғалыс.

3.Математиканы оқытудың қайта құру қозғалысының қазіргі кезеңгі математикалық білім беру жөнінде халықаралық реформа қазір де жүріп жатыр. 1968 жылы бұрынғы КСРО – да математикадан жаңа мектеп бағдарламасы қабылданды. Бұл реформаның басты ерекшеліктері:

а) мектепте өтілетін математикалық барлық курсты (бастауыш сыныптарды қоса) түбегейлі түрде өзгерту;

ә) төменгі сыныптарға алгебра элементтерін енгізу;

б) төменгі сыныптарда оқу мерзімін төрт жылдан үш жылға қысқарту;

в) IV-V сыныптарда арифметика мен алгебра бастамаларымен қатар қысқа геометриялық алдын ала дайындық курсын өт у;

г) геометрияның жүйелі курсының аксиоматикалық негізін күшейту;

д) геометриялық түрлендірулерді көбірек пайдалану;

е) геометрия курсына векторларды енгізу (7 – сыныптан бастап) және бұл аппаратты геометрияның жүйелі курстарында кеңінен қолдану;

ж) жазықтықтағы және кеңістіктегі аналитикалық геометрия элементтерін енгізу;

з) жиын ұғымы және жиындарға амалдар қолдану элементтерін енгізу;

и) дифференциалдық есептеу элементтерін енгізу.

4.Бұлардан басқа VII-IX сыныптарда оқушылардың қалауы бойынша математикадан факультативтік курс өткізу көзделеді.

Жаңа бағдарламаны іске асыру математиканы оқыту әдістерін де өзгертуді қажет етеді, әсіресе оқушылардың оқу, үйрену барысында өзіндік белсенділігін барынша арттыру, оларды ғылыми зерттеу дағдыларын тәрбиелеу мәселелеріне көп көңіл бөлуге тура келеді.

Қазір егеменді Республикамызда бағдарламалар мен оқулықтар қайта қаралып кемелдендірілу үстінде. Бұл өзгерістер үздіксіз жүре беретін табиғи үрдіс болып табылады.

Математикалық білім беру реформасының идеясын іске асыру әрекеттері қазір негізгі екі бағытта жүргізілуде.

1.Оқу пәні ретінде математика мазмұнын өзгерту, бұл өзгеріс ескі дәстүрлі «классикалық математика» негізінде емес, «қазіргі» математика негізінде жүргізілуі тиіс. Осыған сәйкес мектепте математиканы оқытудың жүйесі мен әдістерін қайта қарастыру қолға алынды.

2.«Классикалық» математиканың мәні ескірген кейбір мәселелерін алып тастап, оның орнына қазіргі математиканың кейбір тарауларынан негізгі мағлұматтар енгізу жолымен мектептегі математика курсын біртіндеп жаңарту. Мектептегі математикалық пәндер арасындағы және математика оқу пәнімен практика арасындағы байланысты күшейте түсу идеясы басшылыққа алынды. Бұл да оқыту әдістерін талап етеді.

Математиканы оқыту методикасы – математика пәнінің ерекшеліктеріне негізделген оқу-тәрбие жүйесі жайындағы ғылым. Бұл жүйені меңгеру математиканы оқыту мен математика пәні арқылы оқушыларды тәрбиелеу ісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Математиканы оқыту методикасы – педагогикалық ғылым, сондықтан да ол қазіргі қоғамның талаптарына сай, педагогика ғылымы анықтап берген жалпы білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес құрылады. Математиканы оқыту методикасы математикалық материалдарды оқып үйренудің ерекшеліктеріне қарай, барлық пәндерге ортақ педагогикалық қағидаларға негізделген.

Математиканы оқыту методикасы мұғалімнің оқу материалдарын беру, оқушылардың математикалық білімді саналы меңгеру және алған білімін практикада қолдану іскерліктерін шыңдау әдістері мен құралдарын тағайындайды. Дегенмен, методика мұғалімге арналған ережелер мен тәлімгерліктің жиынтығы емес, математиканы оқыту процесінің заңдылықтарын зерттейтін, мұғалімнің творчестволық ізденуіне бағыт беретін ғылым болып саналады.

Методика оқу пәнінің мазмұнын, оқытудың әдістері мен түрлерін, тәрбие жұмысын өзара тығыз бірлікте, бір-бірімен байланыстыра зерттейді. Оның үстіне методика оқу жұмысының ұйымдастыру құралдары мен жабдықтарын анықтайды. Сөйтіп, математиканы оқыту методикасы мына сұрақтарға жауап іздейді:

а) Математиканы неге оқытады?

ә) Математикадан нені алып оқытады?

б) Математиканы қалай оқытады?

Математика «сандық қатынастар мен кеңістік формулалар» жайындағы ғылым, олай болса, оның өзіне тән оқыту әдістері мен түрлері және тәрбиелік мүмкіндіктері бар.

Математиканы оқыту методикасы шартты түрде үш салаға бөлінеді:

1) Математиканы оқытудың жалпы методикасы;

2) Математиканы оқытудың арнайы методикасы;

3) Математиканы оқытудың нақты методикасы.

Математиканы оқытудың жалпы методикасы мектеп математикасының бүкіл курсын қарастырады және оқытудың идеологиялық бағытын, оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігін, оқыту түрлерінің арасындағы байланыстарды, әртүрлі курстардың (алгебра, геометрия, анализ бастамалары т.б.) арасындағы сабақтастықтарды, оқу процесіндегі тәрбие жұмысы элементтерінің тұтастығын қамтиды, оқушылар білімінің саналығы мен баяндылығын қамтамасыз етеді.

Математиканы оқытудың арнайы методикасы оқушылардың жасына, оқу материалдарының мазмұн ерекшеліктеріне сәйкес курсты оқытудың дербес мәселелерін қарастырады. Арнайы методика белгілі бір тақырыпты (мысалы векторлар) немесе бағдарламаның бір тарауын оқытудың реті жайында жүйелі нұсқау береді, оқу құралдарын қалай қолдану жөнінде ұсыныс жасап, оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстар мен жаттығуларға арналған тапсырмалар үлгісін көрсетеді, оқыту процесінің жеке мәселелерін (мысалы, мектеп математикасындағы геометриялық шамалар туралы ұғым) қарастырады.

Математиканы оқытудың нақты методикасында

1) жалпы методиканың жеке мәселелері (мысалы, математика сабақтарында және кластан тыс жұмыстарда эстетикалық тәрбие беру; V класс математикасының сабақтарын жоспарлау және т.б.);

2) арнайы методиканың жеке мәселелері (мысалы, «Үшбұрыштар» тақырыбын оқытуда оқушылардың есептеу шеберліктерін шыңдау т.б.) қарастырылады.

Сонымен бірге, математиканың пропедевтикалық (дайындық) және жүйелі (негізгі) курстарын оқыту методикасы да бар.

Объективті дүниені тану процесі оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын танып білуді де қамтиды. Оқыту мен тәрбиенің заңдылықтарын танып білуді де қамтиды. Оқыту мен тәрбиенің заңдылықтарының мән-мағынасын түсіну танымның диалектикалық әдістері негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан педагогикалық құбылыстарды тану процесі таным теориясының «нақты аңғарудың абстракті ойлауға және одан практикаға көшу…» дейтін белгілі қағидасы негізінде құрылуы тиіс.

Диалектикалық әдістерді методикалық зерттеулерге қолдану педагогикалық құбылыстарды өзара байланыста, дамыта отырып жан-жақты зерттеуді, сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге көшуді талдауды, қарастырылып отырған құбылыстардың ішкі қайшылықтарын анықтауды және алынған фактілерді материалистік тұрғыда түсіндіруді талап етеді.

Сондай-ақ, тарихи-методикалық және салыстырмалы-методикалық зерттеулер қарқынды дамуда. Тарихи-методикалық зерттеулердің негізгі бағыты – математика пәні мен оның методикасының даму ағымы. Ал салыстырмалы-методикалық зерттеулер пәні –математиканы оқыту методикасының өрістеуіне көмектесетіні сөзсіз.

Методиканың басты міндеті – білім беру. Сондықтан программа жасағанда, оқулықтар жазғанда, мұғалімдерге арналған методикалық құралдар шығарғанда, сабақ тиімділігін арттыруға бағытталған техникалық және көрнекі құралдар жасағанда алған білімді ескерудің зор практикалық маңызы бар.

Сонымен бірге, методика мектеп математикасының мақсатын, міндеті мен мазмұнын ашып береді. Оқытудың әдістерімен және түрлерімен, оқыту құралдары жүйесімен, кластан тыс жұмыстардың мазмұны және жүргізу әдістерімен, тәрбие процесін ұйымдастыру тәсілдерімен қаруландырады.

Дегенмен, методиканың дамуына практика да зор әсер етеді. Методикалық идеялар мен жетістіктер практикалық қажеттіліктен, мұғалімдердің төл тәжірибелерінің негізінде жасалып, методикалық ұсыныс ретінде мектеп практикасына енгізіледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Сарбасова Қ.А. Математика мұғалімдерін даярлау (кәмекші оқу құралы).- Астана: Нұржол, 2003.-88 б.

2.Сарбасова Қ.А., Сарбасова Қ.А. Математикадан дәстүрлі емес сабақтар. - Қарағанды: «СанатПолиграфия», 2005. - 87 б.

3.Сарбасова Қ.А. Сарбасова Қ.А., Омарбекова А.И. Математика пәнінен ашық сабақтар. - Зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі. - №322, 14.10.2005 ж

ӘОЖ 88(2Қаз-4Жам)

## МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ТАРИХЫ

**АЛИКУЛОВА К.Ж.**
№ 23 мектептің математика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Данная статья посвящена истории преподавании математики. В ней анализируются этапы истории развития математики. В статье также рассматриваются задачи, стоящие перед методикой преподавания математики в настоящее время.

**Summary.** This article is devoted to the history of teaching mathematics. It analyzes the stages of the history of the development of mathematics. The article also discusses the challenges facing the methodology of teaching mathematics at the present time.

Математиканы оқыту әдістемесі – педагогиканың бір саласы. Ол математика ғылымының белгілі бір даму дәрежесіне лайық қоғамның алға қойған оқыту мақсаттарына сай математиканы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Методика (әдістеме) терминінің төркіні «метод» «әдіс» — «жол» деген грек сөзінен шыққан. Математика әдістемесін басқаша «математика педагогикасы», «математика дидактикасы» деп те атайды. Олардың мағынасы бір-біріне өте жақын, сондықтан да оларды біз бір мағынада қолданамыз.

Математиканы оқыту әдістемесі ең алдымен математика ғылымымен тікелей байланысты дамиды. Сондықтан да математика әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтар білу қажет.

Математика ақиқат дүниенің кеңістіктік формалар мен мөлшерлік қатынастарын зерттейді.

Математиканың даму тарихын төрт кезеңге бөледі.

1.Математиканың тууы. Бұл кезең тарихқа дейінгі өте ерте дәірден басталып, біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларға дейін созылды. Бұл аралықта математикалық білім дағдылар молайып, қорланады, математиканың алғашқы да негізгі ұғымдары (сан, фигура т.б.) қалыптасады.

2.Тұрақты шамалар немесе элементар математика кезеңі. Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырлардан басталып біздің заманымыздың XVII ғасырына дейін созылған бұл аралықта негізінен тұрақты шамалардың қасиеттері зерттеліп, ашылады. Арифметика, геометрия, алгебра, тригонометрия ғылымдары дербес салалар болып бөлініп шығады.

3.Айнымалы шамалар немесе жоғары математика кезеңі. XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың орта тұсына дейін созылған бұл дәірде жоғары математикалық білім негізін қалайтын математика салалары болды. Олар Декарт (1596-1650) еңбектерінде жасалынған аналитикалық геометрия, Ньютон (1642-1727) және Лейбниц (1646-1716) негізін құрған дифференциалдық және интегралдық есептеулер, ықтималдықтар теориясы т.б.

4.Қазіргі математика кезеңі. Бұл дәуір XIX ғасырдың ортасынан басталады. Мұнда математика пәні мен қолданылу облыстары мейлінше кеңейіп, көптеген математикалық жаңа теориялар пайда болады.

Математиканың дамуына әсер ететін негізгі екі себеп бар: өмірлік практика мұқтаждығы және математика дамуының ішкі өз талабы. Математика өз тарапынан басқа ғалымдардың даму барысына да пәрменді әсер етіп отырады.

Математика мен математиканы оқыту тарихи тұрғыда қарбалас жүреді, өйткені адамзат қоғамының тіршілік етуінің негізгі шарттарының бірі – ұрпақтан ұрпаққа ғылым, білім ауысуы, яғни оқу, оқыту дәстүрінің қалыптасуы болып табылады. Бұл түптеп келгенде педагогика, әдістеме мәселелеріне саяды. Мысалы, біздің қолымыздағы ең ескі математикалық жазба ескерткіштер бұдан 4-5 мың жыл бұрын Египетте жазылған папирустар екені мәлім. Осы құжаттармен мұқият таныса келе олардағы арифметикалық, геометриялық есептермен қоса оларды шешудің әдістемелік қолайлы ережелерін де кездестіреміз, оқушылырдың ынтасын арттыруды көздеген қызық есептер де бар.

Математикалық білім мен дағдылар молайып, мазмұны тереңдеп, ауқымы кеңейген сайын, оны үйретудің, үйренудің мәселелері де өзгеріп, күрделене береді, осылай әдістемелік жаңа тәсілдер пайда болады. Математика әдістемесінің алдына қойылатын екі күрделі мәселе – іріктеу, сұрыптау мәселесі, яғни мұқият мол қорланған математикалық мұра ішінен қазіргі заман талабына сай, оқушылардың ой-өрісіне, күш-қабілетіне лайық келетіндерін таңдай білу проблемасы. Осыған байланысты математика оқу пәнінің мазмұны үнемі өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер мынадай негізгі себептердің салдарынан туындайды:

а) оқыту мақсаттарының кеңеюі және қоғам дамуы мен оның техникалық – экономикалық мұқтаждығына байланысты мектепке қойылатын жаңа талаптар;

ә) ғылымның (математиканың) үздіксіз дамуы, онда жаңа пәндер, салалар пайда болуы;

б) қоғамның даму барысында оқушылардың жалпы дамуының күшейе түсуі, сәбилер мен жасөспірімдердің таным қабілетінің жаңа мүмкіндіктері мен қырларының ашылуы;

в) педагогика ғылымдарының, математика әдістемесінің дамуы, көпшілік мектептердегі алдыңғы қатарлы оқыту тәжірибелерін пайдалану. Мысалы, бұдан 25-30 жыл бұрын мектеп математикасы құрамында «арифметика», «тригонометрия» деп аталатын пәндер болатын, қазір бұлар дербес емес, олардың мазмұны басқа пәндерге енгізілген (бастауыш сыныптағы математика, жоғарғы сыныптардағы алгебра, геометрия, алгебра және анализ бастамалары). Бұлардың орнына көптеген ғылыми жаңа тараулар енгізілді (туынды, векторлар, координаттар, геометриялық түрлендірулер т.б.).

Математиканы оқыту әдістемесі өзара тығыз байланысты үш сауалға жауап беруге тиіс:

1) Математиканы не үшін оқыту керек?

2) Нені оқыту керек және қандай тәртіппен, ретпен оқыту керек?

3) Математиканы қалай оқыту керек?

Осыған сәйкес математика әдістемесінде үш негізгі кешенді проблема туындайды. Олар:

1) мектеп (немесе басқа оқу орны) математика курсының мазмұны жайлы проблема;

2) осы курстың құрылымы туралы проблема;

3) оқыту әдістері жайлы мәселе. Осы проблемелардың мән-мағынасына қысқаша тоқталып өтейік.

Математиканы оқытудың көпғасырлық тарихына қарап отырсақ, оның мазмұны өте ерте замандағы жай санау мен қарапайым фигурларды оқытудың XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан математикалық пәндер жүйесіне дейін қалай өзгергенінің куәсі боламыз (көрнекі геометрия элементтері аралас келетін арифметиканың бастауыш курсы, арифметика, алгебра, планиметрия, стереометрия және тригонометрияның жүйелі курстары).

XX ғасырдың басында орта мектептерде математиканы оқытуды кемелдендіру, жаңартуды көздеген реформа жүргізу үшін прогрессивті халықаралық қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалыс XX ғасырдың екінші жартысында онан сайын күшейе түсті. Қазіргі кезде еліміздегі жалпы білім беру мектептерінде жүргізіліп жатқан математика курсының реформасы осының айғағы болып табылады. Ол толассыз іске асырылып отыратын үдіс: бір реформа аяқталысымен келесісіне ғылыми практикалық дайындық басталады. Осыған байланысты әдістеме алдына жалпы мектеп үшін математикалық ақпарат жүйесін іріктеу принциптерін негіздеу және дидактикалық өңдеу, талдау міндеті қойылады.

Математика пәнінде қандай ақпараттар беру керек, нені оқыту қажет деген мәселені шешумен қарбалас, оларды қандай ретпен, тәртіппен оқыту, яғни оқу курсын барынша тиімді түрде жеткізу проблемасы шешуін табу керек. Бұл үшін отандық және шетелдік психолог, педагог және әдіскерлердің жаңа зерттеулерінің нәтижелері есепке алынады. Мысалы, психология ғылымының қол жеткен табыстары бастауыш мектеп жасындағы балалардың қазіргі математиканың кейбір идеяларын игеруге бейім келетінін ашып отыр. Бұл жағдайда бастауыш мектеп математикасының құрылымы мен мазмұнын кемелдендіруде, өзгертуге еске алынуда.

Математика пәнін оқытуда және оны жақсартуда мынадай факторларды еске алу қажет:

1) пәннің ішкі логикасы мен оны өзгерту, түрлендіру мүмкіндіктерін пайдалану;

2) курстың мазмұнын құрайтын мәселелер арасындағы барлық ішкі байланысты ескеру;

3) бұл мәселелердің мектептегі математикалық білім берудегі мәнін анықтау;

4) материалды дидактикалық өңдеу, талдау, оның ұғымдылығын, қоғамдылығын арттыру мүмкіндігін ашу.

Математика әдістемесінде оқытудың жаңа да тиімді әдістерін іздестіру проблемасының маңызы үлкен, өйткені математика курсының жаңа мазмұны мен түзіліс жүйесі мұғалім мен шәкірттің жаңа әдістерді пайдалануын талап етеді. Оның үстіне оқытудың ежелгі дәстүрлі әдістері әрқашанда ойдағыдай нәтижеге жеткізе бермейді. Сондықтан соңғы кездерде сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттырып, мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне негізделген оқыту әдістері кең қолданылуда.

Оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру жолында әдіскер ғалымдарымыз толассыз ізденіс жұмыстарын атқаруда, олармен бірге мыңдаған математика мұғалімдері де күнделікті әрбір сабақ үстінде тәжірибелер жинақтап бұл іске өз үлестерін қосуда.

Сондықтан да жоғарыда көрсетілген математиканың қазіргі дидактикасының үш негізгі проблемасы арасында оқыту әдістерінің дәстүрлі проблемасы, бұл ғылымның ең басты проблемасы болып қала береді.

Математика пәні бойынша мектепте қандай материал қандай ретпен өтілуге тиіс екендігі мектеп математикасы бойынша бағдарламалар мен оқулықтарда көрсетілген.

Бағдарламалар мен жаңа мектеп оқулықтарына талдау әрбір сыныпқа арналған оқулықтарда, мұғалімдерге арналған қосымша кітаптарда келтіріледі. Ал «математиканы қалай оқыту керек» деген мәселе «математиканы оқыту әдістемесі» пәнінің еншісіне тиеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Құрманалина Ш.Х. және т.б. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар.- Алматы: Атамұра, 1997.

2.Қосанов Б.М., Әміртаева Р.А. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. - Алматы: Атамұра, 1998.

3.Оспанов Т.К. және т.б. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математикасны оқыту әдістемесі. - Алматы: Атамұра, 2005.

ӘОЖ 57.888.091

# ТАБИҒИ ҚОРЕКТЕРДІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**ҚАБЫЛБЕК Г.А.**
Д.Қонаев атындағы №19 мектеп-гимназиясы, биология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается значение природных кормов в рыбном хозяйстве
**Summaru.** The article discusses the importance of natural feeds in the fisheries

Балықтар түрлі су жәндіктерімен, өсімдіктермен қоректенеді. Қоректік заттардың сапалылығы айналадағы жердің құнарлылығына, су қоймасындағы жәндіктер мен өсімдіктер қоректенетін органикалық заттардың жеткілікті мөлшерде болуына байланысты.

Суқоймасындағы жем – азықтық мөлшері мен сапасына қарай онда балықтың белгілі түрлерін өсіруге болады. Мысалы, тұқы 1 кг ет қосу үшін көксерке орта есеппен 15 кг, алабұға 5 кг азық жеуге тиіс.

Қоректену сипатына қарай балықтар жыртқыш емес балықтар және жыртқыш балықтар болып екіге бөлінеді. Личинкалы және шабақ тобындағы балықтардың бәрі планктондарды қорек етеді. Олар өсе келе жыртқыш балықтар басқа балықтарды жеп күнелтеді. Жыртқыш емес балықтар тек планктон, бентоспен қоректенеді. Планктон дегеніміз су қабатында жүзіп, қалқып жүретін түрлі ұсақ жәндіктер мен организмдер[1,27б.].

Уылдырықтан жаңа шыққан ақ амур, сазан, табан және басқа балықтардың личинкаларының құрсақ жағында сарғыш торсықша болады. Бұл торсықшалар балықтың түріне қарай әртүрлі болып келеді.

Торсықшаның ішінде жұмыртқаның уызы сияқты азықтық маңызы бар заттар болады. Личинкалар әлсіз келеді, алғашқы күндерде өз беттерімен қоректене алмайды. Бұл кезде ол осы торсықшаның ішіндегі сары уыздармен қоректенетіндіктен ол бірте- бірте азайып, өзінен-өзі денеге сіңіп жойылады. Ал личинка әбден жетіліп, өз бетімен қоректену дәрежесіне жететін әлді шабаққа айналады.

Шабақтар нендей заттармен қоректенетінін анықтау үшін оның ішін жарып, микроскоппен қарағанда асқазандары судағы жәй көзге көрінбейтін жәндіктермен нығыздалып толғанын көруге болады. Табан, сазан, мөңке шабақтары осы жәндіктермен бір жасқа толғанша, ал кейбір жылдарда екі жасқа жеткенге дейін қоректенеді. Шортан, алабұға, көксерке бір жастан кейін-ақ басқа балықтардың кішіректерін жеп жыртқыштық жолға түседі. Балықтардың көбі су қоймаларының жаға-жиегіне уылдырық шашады, сондықтан да жас балықтар алғашқы жылдары өз өмірін су қоймаларының жағасындағы учаскеде өткізеді.

Жас балықтар азық түрлеріне қарай мекен өрісін өзгертіп отырады. Шортан азықты су астындағы қалың шөп арасынан іздейді, сондықтан да шортан су қоймаларының осы сияқты учаскелерінде жүреді.

Мөңке, оңғақ, шабақ балықтары су ішіндегі өсімдік сабағына паналаған масаның, шыбынның, тағы басқа да көптеген жәндіктердің балапан құрттарын жеп қоректенеді.

Табан, сүйрік, таутан балықтары су қоймаларының терең жерлерінде жүреді. Бұл балықтардың негізгі азықтары тереңдегі өсімдіктерге жабысатын құрттар болады.

Балық азығы туралы айтқанда әр түрлі тұқымдарының жыл мерзімдеріне қарай азықтануы да әр түрлі мөлшерде болатынын есте ұстау керек.

Жамбыл облысының су қоймаларында өсетін балықтардың бәрі жылы суларда тіршілік ететін балықтар қатарына жатады. Сондықтан бұл балықтардың тіршілік ету жағдайлары бір қалыпты жақсы өтеді. Бұл балықтар температурасы 18-25 граус суларда тоя азықтанып, тез өседі. Су салқындай бастап, суық түскен мезгілдерде балықтар нашар азықтанып, өсуі баяулайды. Кейбір балықтар су астындағы батпаққа, ұйыққа кіріп қыс бойы қимылсыз жатады. Бұған сазан, оңғақ, табан, мөңке балықтарын қосуға болады.

Қолдан өсетін балықтарды табиғи қоректерге сеніп қалай болса солай өз бетімен қараусыз жіберуге болмайды. Табиғи су қоймаларындағы азықтар бірде жеткілікті болғанмен бірде аз болуы мүмкін. Сондықтан да тоғанда өсірілетін балықтарды ұдайы бірдей дұрыс азықтандырып, жақсы семірту үшін қолдан қоректендіру керек.

Шаруашылыққа жақын жерде диірмен болса, одан түскен қалдықтар балыққа құнарлы қорек бола алады. Адам азығына жарамайтын, өндіріске пайдасыз ұсақ балықтарды пісіріп, ет тартатын машинамен ұсақтап, картоп не ұнмен араластырып тұқыға берсе жақсы азық. Шарап бөртпелері, бидай, қарабидай, картоп және жүгері, қант қызылшасының қалдығы, картоп күріштің престелген крахмалы, бидай крахмалының бөртпесі және басқа да азықтардың қайсысында болсын жұғымды белоктар бар.

Балықтың жеген азықтары бойына жақсы сіңіп, дұрыс тарауына су қоймаларының температурасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да жаз бойы судың температурасын күніне үш рет ауық- ауық өлшеп отырады. Таңертеңгі сағат жетіде, түскі сағат бірде және кешкі сағат жетіде үздіксіз өлшеп, оны арнаулы журналға жазып тұру қажет.

Тұқы, ақ амур балықтары әрдайым сағат алты-жеті мөлшерінде азықтандырады. Бұл кезде суда оттегі мол болады. Балықты азықтандыру алдында астаушаны судан шығарып алып бұрынғы салынған жемін тауысып жеген-жемегенін анықтайды. Оның ішінде басқа заттардың болмауын тексереді. Егерде астаушадағы азықтарды балықтар тауыспаса, онда күнделікті берілетін азық рационын керісінше азайту керек және оны келесі күнге дейін астаушада сақтауға да болады. Бірақ күн жылы кездерде азық жиі бұзылатындықтан, оны алып тастап, жаңалап салу керек.

Тұқыны азықтандырғанда тағы бір мұқият көңіл бөлетін нәрсе сол бөгеттің тазалық жақтарын байқап, тексеру. Балық азықты дұрыс жеуі үшін астаушалардың таза болуына көп мән беру керек немесе оларды басқа жерге ауыстырып қойып отыру керек. Бірақ жаз айларында астаушаларды басқа жерге жиі ауыстыра беруге де болмайды. өйткені, тұқы, амур балықтары азық жеп үйренген орнына еркін мекендеп, тез шоғырланып жиналады.

Ақ амур, тұқы балығын бөгетте өсіргенде бұларды азықтандыру жағын, балықтардың дұрыс өсу тәртібін бақылай алатындай жағдайларды мұқият ойластыру керек. Мұндай бақылау жұмыстары кезінде бөгеттегі балықты апта сайын 2 реттен аулап алып, тексеріп отыруға болады. 25-30 балықтың әрқайсысын жеке өлшеп,орташа салмағын табады. Өлшеніп алынған бір балықтың орташа салмағын жоспардағы балықтың салмағымен салыстырып, қай мөлшерде азық берілгенде өнім мөлшері қанша болатынын анықтайды. Осы өлшенген салмақпен салыстыра отырып, оның биологиялық өзгерістеріне тиісті талдау жасайды.

Су қоймаларында табиғи азықтардың мол болуы бірнеше себептерге байланысты. Су қоймаларының табаны таза және күн көзі жақсы түссе, мұндай жерлерде балыққа азық та жеткілікті болады. Сондай-ақ құнарлы топырақты жерлердегі өзен суларында да балық азағы көптеп табылады.

Таулы-тасты, құнарсыз жердегі суларда балық азығы жеткіліксіз болады. Сондықтан да мұндай суларда балық тапшы және олар арық келеді. Қорегі мол су қоймаларында қанша балық өсірсе де болады деген пікір қате. Мәселен, бір гектар шабындықтан белгілі мөлшерде ғана мал жаюға болады. Ал, су қоймалары да осы сияқты. Егер су қоймаларында балық мөлшерден артық болса, онда табиғи азық жетпей қалуы мүмкін. Осының салдарынан балық сапасыз, арық болады. Мұндай сулар Қазақстанда жиі кезедседі. Алматы облысындағы Іле өзенінің Балқаш көліне құятын жерінде бірнеше қамысты, шалшақты, азықтық қоры аз көлдер бар. Бұл жерлерде көбінесе табан, сазан балықтары уылдырық шашып өседі. Судағы азық қорының аздығынан балықтары жеткілікті қоректене алмай, өте кенжеліп өседі және арық болады. Мұндай азық қоры кем табиғи көлдерді шөп – шаламнан, қамыс, өлең, қоғалардан тазартып, қолдан балық өсіретін мәдениетті бөгеттер жасаған жөн[2, 11б.].

Қорыта айтқанда, Жамбыл облысының су қоймаларында өсетін балықтардың бәрі жылы суларда тіршілік ететін балықтар қатарына жатады. Сондықтан бұл балықтардың тіршілік ету жағдайлары бір қалыпты жақсы өтеді. Бұл балықтар температурасы 18-25 граус суларда тоя азықтанып, тез өседі. Су салқындай бастап, суық түскен мезгілдерде балықтар нашар азықтанып, өсуі баяулайды. Кейбір балықтар су астындағы батпаққа, ұйыққа кіріп қыс бойы қимылсыз жатады. Бұған сазан, оңғақ, табан, мөңке балықтарын қосуға болады.

Қолдан өсетін балықтарды табиғи қоректерге сеніп қалай болса солай өз бетімен қараусыз жіберуге болмайды. Табиғи су қоймаларындағы азықтар бірде жеткілікті болғанмен бірде аз болуы мүмкін. Сондықтан да тоғанда өсірілетін балықтарды ұдайы бірдей дұрыс азықтандырып, жақсы семірту үшін қолдан қоректендіру керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Республиканская целевая программа «Сохранение, развитие и использование генофонда сельскохозяйственных растений, животных и микроорганизмов на 2001-2005 годы». – Астана, 2001.

2.Қазақстан Республикасында 2007-2015 ж.ж аралығында балық шаруашылығын дамыту концепциясы. Қазақстан үкіметінің 6 қазан 2006 ж № 963 бұйрығы.

**М А З М Ұ Н Ы**
**С О Д Е Р Ж А Н И Е**

**КЕНЕСАРИЕВ С.Н.** ҮЛГІ ТҰТАР ҰСТАЗЫМ........................................................................3

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ**

---

**МУРЗАЛИЕВА А.Ш.** КЫРГЫЗ ТИЛИНДЕГИ “КӨК” ЛЕКСЕМАСЫНЫН ЭСТЕТИКАЛЫК-СИМВОЛИКАЛЫК МААНИДЕ КОЛОДОНУЛУШУ...........................................................................4
**DJURAKULOVA G.S.** SHEROBOD DOSTONCHILIK MAKTABIDA QO’LLANILUVCHI O‘XSHATISHLAR.......................................................................................................................7
**ӘБІЛҰЛЫ М.** КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ.....................................................................10
**АШЕНОВА А.Д., КОЖАКУЛОВА Л.К.** ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК СИПАТТАРЫ..................................................................................................13
**МАНТЕЕВА Ф.С.** ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНА..............................15
**ЗУЛПУХАРОВА А.М. СЫРГАБАЕВА С.** ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ДЕТСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ......................................................................................18
**ЖУРКАБАЕВА С.Б.** ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН КЕЙІПКЕР БІРТҰТАСТЫҒЫ........................................................................................................................21
**РУСТЕМОВА Ш.К., СЕЙДУАЛИЕВА Ә.М.** ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ..........................................................23
**АБДЕНКУЛОВА Т.Л.** «КҮЛТЕГІН» ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР........................26
**ШАПАЙ Б.А.** МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК АЙШЫҚТАРЫ...................................29
**ҚАЗАҚБАЕВА З.Ә.** «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНЫҢ» ЗЕРТТЕЛУІ...................................................32
**АБДИКЕРИМОВА А.Ж.** ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР........................................................................................................................35
**ТЮМЕБАЕВА Л.С.** ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ДИУАНИ ХИКМЕТІ, МАЗМҰНЫ МЕН МАҢЫЗЫ..................................................................................................................................37
**БЕЛБОТАЕВ А.Б., КАДИРГАЛИЕВА А.Т.** ҚАРА ӨЛЕҢДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕН ӘДЕП МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖАЙЫНДА.............................................................................41
**КОБЛАНДИНА М.И.** ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ.........................................................................................................................44
**БЕЛБОТАЕВ А.Б., КАЗЖАНОВ Г.Т.** МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ...........................................................................................................................46
**МАНАПОВА Г.Е., АБИТАЕВА Д.К.** МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖӘДИДШІЛДІК ТҮЙІНДЕР..................................................49
**МАМБЕТИЯРОВА С.А.** ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ...........................................................................................................................51
**САКЫБАЕВА Р.И., ЖЕТПИСБАЕВА Ж.Н.** ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР.............................54
**БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д.** АКАДЕМИЯЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ КУРС ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ...............................................................................................................................57
**АБДРАСИЛОВА Г.А.** ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІНІҢ САРАЛАНУЫ.................60
**СЕМБИНА А.Б**. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ......................63
**ДЖЕЕНКУЛОВА Г.Д.** ESSAY WRITING IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE.......................64
**БАЙЫРОВА Ш.Р.** ТІЛ– ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ, ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ!................................................69
**КУАТБЕКОВА К.А., МУСАЕВА Г.К.** МЕТАФОРАЛАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ, СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ......................................................................................70
**БАЙГЕЛОВА Г.А., АУЕСБЕКОВА М.О.** ЗЕЙІН ШАШКИННІҢ ПРОЗАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ........................................................................................................................72

**САРТБАЕВА А.С.** ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҒЫНЫҢ СТИЛЬДІК, ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ....75
**САРТБАЕВА А.С.** АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ТУРАЛЫ ІЛІМІ....79
**БАЙБОЛОВА Ж.К.** ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ШЫНШЫЛ СЫНШЫ....81
**ИСАБЕКОВА А.Д.** ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИСТИКАЛЫҚ ПРОЗА....83
**АБИЛДАЕВА А.К., МЫРЗАБЕКОВА Г.Р**. А. БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫ....85

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**НИЛУФАР ИРКАЕВА.** ЎЗБЕК ТЕЛЕВИДЕНИЕСИДА ХОРИЖИЙ ТИЛЛАРДАГИ КЎРСАТУВЛАРНИНГ РИВОЖЛАНИШ БОСҚИЧЛАРИ....89
**НИЕТБАЕВА Н.А., БАТЫРБЕК А.Б., ДИХАН Ш.Д.** МЕКТЕПТЕ БАҒДАРЛАМАЛАУ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ....92
**АЙТЕХ Г.А., ОРДАБАЕВА Р.Б**. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ....96
**АЙМУРАТОВ А.С., ОРДАБАЕВА Р.Б.** ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МЕН СПОРТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ....99
**АДИЛОВА А.А., ОРДАБАЕВА Р.Б.** СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ....101
**АБДУЛЛАЕВ Б.Т., ОРДАБАЕВА Р.Б.** ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТ ФОРМАЛАРЫ....104
**ҚЫРҒЫЗБАЙ А.Н., ОРДАБАЕВА Р.Б.** ОҚУШЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ СТИЛІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ....106
**НАУШАРБАН И.Н., ОРДАБАЕВА Р.Б.** ӘСКЕРИ - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ....110
**НИЕТБАЕВА Н.А., ӨЗБЕК Қ.Ж., ТАИРБЕКОВА Г.А.** ГЕЙМИФИКАЦИЯ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚОЛДАНЫЛУЫ....113
**МАТКАРИМОВА Б.Е.** БІЛІМГЕРЛЕРДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ БАУЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР....117
**СУПАБЕКОВА А.Б., ЕРЕЖЕПОВ Ф.У.** БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ....120
**БАЯЛИЕВА А.Ж., АБЖАПАРОВА Б.К**. ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР – БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ....122
**БЕРКЕН Ж.Қ. АҒАБЕК А.Қ.** БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ....124
**АЙТБЕКОВА Э.Т.** ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ....127
**НУРАЛИЕВА М.Б., ЖАКСЫМБЕТОВА Н.А.** САБАҚТА ОЙЫН ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ....129
**АЛИЕВА П.С.** КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУ ТАНЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ....132
**МАМБЕТОВА А.М., МАРКАБЕК М.Е.** ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ....134
**АРХАБАЕВА Г.Е., ИГИЛИКОВА Э.С., САРСЕНБАЕВА М.Б.** ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛДІ ТОПТАР БІЛІМГЕРЛЕРІНЕ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ....137
**ДАУЛЕТБАЕВА Г.А., ТАЖИБАЕВА Н.Ш.** БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ....141
**БАҚТЫБАЕВА К.С., АБАЕВА А.К.** ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ....143
**САНСЫЗБАЕВА Г.К., САПАР Д.** НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ....147

**БАЙТАСОВ М.Е.** КИІЗ ҮЙДІҢ ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....................................................149
**МЕЙМАШЕВА Г.А., АЛМЕНОВА К.Р.** THE ROLE OF MULTIMEDIA PRESENTATION IN TEACHING VOCABULARY.........................................................................................................152
**АДАМБЕКОВА К.Ш.** РАЗВИТИЕ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ ШКОЛЬНИКОВ.................156
**СЕМБЕКОВА Б.Т.** БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..........................................................................................................................158
**МАМРАИМОВА Д.Н.** БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ..................................................................................................................................160
**БЕРДЕНОВА А.С., ШАБНАБИ НҰРАЙ.** ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ –ҮЙЛЕСІМДІЛІК БЕСІГІ.........................................................................................................................................163
**МЕЙІРБЕКОВА Ж.Е.** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.........................................................................165
**ЗУБАРЕВА Т.М.** АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ......................167
**ИМАНБАЕВНА А.Ы., АБДУКАДИРОВА Г.П.** ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ.................................................................................................169
**МАДЕДОВА Ф.В.** ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.................................................................................................................................171
**ФЕЛЬК А.С.** РАЗВИТИЕ ПАМЯТИ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ..........................174
**ЧЕНАЛИЕВА К.С.** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ЕСТІҢ ДАМУЫ..........................................................................................................................................176
**КОЛБАЕВА Ж.А.** БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ КОУЧИНГТІҢ МӘНІ МЕН РӨЛІ.......................................................................................................................................178
**АБДРАХМАНОВА Б.Б.** ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ....................................................................181
**АБЫЛОВА М.С.** ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ...........................................................................................184
**ЖАМАНКУЛОВА Г.Д.** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘДЕБИ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ.........................................................................................................................186
**ЖУМАДИЛОВА А.С.** ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ТҮЗЕТУ ОЙЫНДАРЫ..................................................................................................................................189
**САПАЕВА К.Ж.** ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР..........................192
**КАСЫМБАЕВА С.К.** МЕКТЕПТІК–ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ.......................................................195
**ШОРТАНБЕКОВА Ф.С.** ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..........................197
**АЙНАКУЛОВА Қ.А.** НАТЮРМОРТТЫҢ КЕСКІНДЕМЕ ЖАНРЫ РЕТІНДЕГІ ӨЗІНДІК МӘНІ .......................................................................................................................................199
**ДЕРБИСАЛИЕВА К.А.** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ...................202
**ИСМАЙЫЛОВА К.М.** КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ.............205
**БОТАБАЕВА А.Е. , ИСАМЕТОВА А.Т.** БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ...................................................210
**ОМАРОВА А.О.** ҚАЗАҚ СЫНЫПТАРЫНДА ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..........................................................................................................................213
**БОТАБАЕВА А.Е., НУРАДИНОВ Е.А., НИЯЗАЛИЕВА И.С.** ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР.............................................................................................216

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

---

**AMANTAEV S., ORDABAEVA R.B.** KAZAKH FAMILY EDUCATION AND CURRENT PROBLEMS.........................................................................................................................219
**РЫСКУЛБЕКОВА Д.А.** ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ................222
**БАЙБОЛСЫНОВА Ж.Б., ЖУНДИБАЕВА А.К.** ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР...................................................................................................224
**ИСАКОВА А.М.** ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.........................................................................228
**ДАБЫСОВА Г.И.** 1916-17 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСИ СИПАТЫ.........................................................................................231

**СЕРДАЛИЕВА Ж.А., АМИРБЕКОВА Г.К.** ТАЛАС ӨЗЕНІНІҢ АЛҚАБЫНЫҢ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ........233
**САТКЕЙ Д.К.** ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС: АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ТАРИХНАМА........235
**ҚАДЫРБАЕВА Д.Б.** ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........237
**УЗЕНБАЕВА З.Л., ҚАНТБЕКОВА Г.Б.** ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ........240
**САЛЫБАЕВА А.Ж.** ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ ОРЫС БЕКІНІСТЕРІНІҢ КӨПТЕП САЛЫНА БАСТАУЫ КЕЗІНДЕГІ ШИЕЛЕНІСТЕР........244
**САРСЕНОВА А.И.** ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНДЕГІ ҚАТЕРЛЕР МЕН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ........248
**НУРАХМЕТОВА А.Е.** РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ МЕН ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНЫҢ ТЕКЕТІРЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ӨҢІР ЖАҒДАЙЫ........251

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

---

**ЕСЕНХАНҚЫЗЫ Ә. БЕКТЕНОВА А.А.** ТАРИХ САБАҒЫНДА АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........254
**МЕЙРАМ Ұ.Е. ЕЛУБАЕВА М.С.** НЕ ПРОСТОЕ УРАВНЕНИЕ: МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЕРЕВОД КАК СОБСТВЕННЫЙ ЯЗЫК........257
**ҚОНЫС Н.Ғ., ТУГАНБАЕВА К.Л.** АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫНЫҢ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ........259
**АМАНОВА Ж.С., ИСАТАЕВА А.** IT ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАСАУ........261
**БОЗЖИГИТОВА Э.Ж. ЖОЛАН НҰРБАҚЫТ.** БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ........265
**СПАНАЛИЕВА А.С., ӘДІЛХАНОВ Д.А.** МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ........268
**ЕРМЕК З.Л., БІЛАЛОВА А.Ә**. ТОПЫРАҚТАРДЫ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ........272
**УСИПБЕКОВА Г.А.** МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАҚСАТЫ........274
**БАЙБОТАЕВА Л.А.** МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДАМУЫ........277
**АЛИКУЛОВА К.Ж.** МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ТАРИХЫ........279
**ҚАБЫЛБЕК Г.А.** ТАБИҒИ ҚОРЕКТЕРДІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ........282

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**
**24-25 қараша, 2023 ж.**

**Международной научно-практической конференции**
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ, ТЕОРИЯ, ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ»**
**24-25 ноября, 2023 г.**

**Жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.**

**Сверстано и отпечетано с авторских оригиналов**
**Отвестсвенность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

Шартты б.т. 18
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №

---

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ.., Жамбыл даңғылы, 75А